

12016
1084_к

Зияда Ижанов

АСЫЛ
ҚАЗЫНА

ЗИЯДА ИЖАНОВ

АСЫЛ ҚАЗЫНА

АЛМАТЫ



2015

ӘОЖ 94 (574)
КБЖ 63.3 (5 Қаз)
И 29

Құрастыруушы: *Д. Ижанова*

*Kitap «БАГИС» ЖШС-нің қаржылай
көмегімен шығарылды*

И 29 Ижанов З.

Асыл қазына: / З. Ижанов – Алматы: Экономика, 2015. –
352 б.

ISBN 978-601-225-835-6

З. Ижановтың «Асыл қазына» кітабына Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрафаты құжаттарының негізінде жазылған қолжабаларымен қатар әр жылдарда жарық көрген мақалалары, араб әрпінен аударылған мұрагат құжаттары мен көшірмелері, сұхбаты берілген.

Бұл кітапқа енген Жәңгір хан, Ыбырай Алтынсарин, Абай, т.б. тарихи тұлғалардың өмірінен, Қазан төңкерісіне дейін және Кеңес үкіметінің алғашқы орнаған кезіндегі елімізде шығып тұрған бірқатар газет пен журналдардан, «Исатай батыр» драмасы, әліпби жайында бағалы мағлұматтар береді.

«Асыл қазына» кітабы елдің рухани қажетін өтейді деген ойдамыз.

ӘОЖ 94 (574)
КБЖ 63.3 (5 Қаз)

ISBN 978-601-225-835-6 © Ижанова Д., 2015.
© «Экономика» баспасы» ЖШС, 2015.

Бұл еңбекті немесе боліктерін автордың көлісімінен таратуға және авторлық күкүй жоніндегі нормаларға кайны келетін баста да арекеттерге тыйым салынады:
әрі заң бойынша жағаланады.

Құнарлы топыраққа түскен дән

*немесе Бекей ордасындағы мектептердің
карта бетіндегі мән-мағынасы қақында*

Тарихқа зер салсақ Қазақстанның жас ұрпаққа білім беру ісінің тұсауын алғаш кескен Жәңгір хан екендігіне ешкім дау айтпаса керек. Бірақ отаршыл әкімшілік оның ұсынысына бірден қолдау көрсетпеді. Сондыктан Жәңгір халқым қалайда қараңғылықта қалмасын деп өз құзырындағы әрбір 170 үй есебінен Уфа, Қазан, Орынбор діни оку орындарына қазак жастарын жіберіп, Ішкі ордага 139 молда даярлаған.

Жәңгірдің бұл саясатына отарлаушылар қарсы болды. «Ішкі орда халқын орыстандырудың жолын кесті», - деп шулады.

Оны Бекей ордасында мектеп инспекторы болған А.Е.Алекторвтың: «...Жәңгір хан молдалар мен қожалардың көмегіне сүйеніп, Орда халқы арасында ислам дінін кеңінен енгізе бастады. Шамасы бұл оның жас қүнінен бойына сіңген омірлік тәжірибесі және сенімі болтуы керек. Міне, осы жағдайдан Орда қазактарын айналасындағы орыс дініндегілермен қатынас жасаудан айырды. Өте өкініштісі сол Ордада қай жерде молда болса, сол жерде мектеп ашты. Ол мектептерде балалар татар тілінде оқиды, жазады. Осыдан олардың арасында мұсылман фанатизмі кеңінен алуда. Мұсылманшылықтың бұл зиянды ықпалынаң халқын қандай жағдай болса да құтқару керек», - деген ызгарлы сөзінен айқын көргө болады.

Осындай дабылдың әсері болса керек, 26 наурыз 1870 жылы Император «Бұратаналар мектептері туралы» ереже мен бұратаналар мектептеріндегі орыс тілін міндетті түрде оқуды енгізді. Бұған Ішкі ордадағы мұсылман мектептерінің молдалары елеулі қарсылық көрсettі. Ол қарсылықтың үшін өшіру үшін Орынбор мұфтии Ішкі ордадағы мектептерде міндетті түрде орыс тілін оқыту жөнінде арнайы қаулы алып, оларға жіберді. Осыдан кейін Ішкі орданың барлық мектептерінде орыс тілі оқытыла бастады.

Халықтың діни сауатын ашу жөніндегі Жәңгірдің ойына өмірлің озі ғана емес, отарлаушылар өзгеріс енгізді.

Сондыктан да Жәңгір хан «Заман аунап барады. Жатыңмен жақыныңдай сойлессең ғана кеудендей бастырмассын. Ол үшін оның тілін білген абзап», - деп 1841 жылы 6 желтоқсанда Хан ордасында



Жәңгір хан

УЧРЯВЕНИЕ
ОРЕНБУРГСКАГО
ГЕНЕРАЛЪ-ГУБЕРНАТОРА.

Постанову Упр. дол. Бухаринова Мурзин-
ской Одессы.

ЗАЩЕЖАРІА.

Становіні в'язни.

27. Февраль 1873 года.



Г. Орлов

Въ прошломъ 1878 г., въ губернію Земли
губернатора Чрезмѣской Области, чвдочиъ до
согоднія г. Генералъ Губернатора, что по
мнганію моимъ ездамъ чвдочно участіе
Оренбургскаго Училища въ учрежденіи въ
исланіе Высокочинной боли оспидній
русскаго языка въ начертаніяхъ именъ, то
желѣтъ просить особыхъ означенній. Вы-
сокочинной боли дѣлъ наименований речено
рѣшеній.

Всегда же согласовано по земле пред-
мету с Генералом Адмиралтейства Крим-
носским сношах, и Управлением Ми-
нистровъ Финансовъ. Отъ этого
доказываетъ посланное отъ открытия
предѣлъ мѣстности при изысканіи лѣкти-
и медикесъ состоялось по высочайше ут-
вержденному. 26 Марта 1870 г. журналь
бюлла Министра Народного Просвещеніе
по зему отданіе опискотъ высочайши

новлено: в), недозволено открытие новых
лекарств и медпрепаров иные, кроме их одобренных
смогут начать при низких привилегиях русской
армии/ все срочно склоняются к тому же, что
и в), чиновники надзор за русскими классами
при лекарстве и медпрепарах возложены на
Чиновников по здравоохранению привилегий.

ашылған мектепте мұсылман діні, арифметика, тарих, география, т.б. пәндермен бірге орыс тілін окуды да енгіздірді.

Жәңгір хан өзі өмірден өткенше мектепті жөндеу, окушыларға қажетті оқу, жазу, сызу құралдарының қаржысын, мұғалімдердің еңбекақысын хан есебінен төледі. Жыл сайын окушылардың емтихандарына қатысады, олардың білім дәрежесін, мұғалімдердің сабак беру сапасын анықтауды, окушылардың дәптерін алып тексеруді дағдылы іске айналдыруды. Жәңгірдің бұл қасиеті үлгі аларлық-ақ іс. Жәңгір сепкен дән құнарлы топыраққа түсті. Кезінде Жәңгір хан мектебінде оқып Орынбор, Саратов, Уфа, Қазан, Санкт-Петербург қалаларындағы университеттер мен гимназияларға, Неплюев атындағы кадет корпусына барған окушылардың ішінен білікті де білімді мамандар, мемлекет, қоғам қайраткерлері есіп шықты. Олардың қатарында: күйші Дәүлеткерей Сығайұлы, ақын Шәңгерей Бекейұлы, генерал-лейтенант Ғұбайдолла Жәңгірұлы, Орыс императорлық қоғамының мүшесі, Ш.Уәлиханов пен Семенов-Тянь-Шанскийдің досы, ғылымға сәбігі сіңгені үшін күміс медальмен марапатталған тұңғыш қазақ Мұхамедсалық Бабажанұлы, дағыстандықтарға «Әліппе» жазып берген Мақаш Досмұхамедұлы, Тарғын, Қалмақ, Қамыс-Самар бөлімдерінің билеушілері – О.Атаниязұлы, Мендіғали Мұқанұлы, Мұқанғали Шынтемірұлы, Жаһанша Досмұхамедұлы. Халел Досмұхамедұлы, Ғұмар Қарааш секілді әйгілі тұлғалар бар.

Ішкі ордадағы халық агарту жұмысын Ішкі орданы басқару жөніндегі Уақытша кеңестің төрағасы, этнограф, коллеж-кеңесшісі И.Иванов¹ мынадай үш кезеңге бөлген:

Бірінші, 1841 жылғы 6 желтоқсанға дейінгі² Ішкі ордадағы мұсылман мектептері. Бірақ бұл мектептер және онда оқыған окушылар туралы нақты дерек жок.


Ал екінші кезінч, 1841 жылғы Жәңгір мектебінен (училище) 1868 жылғы қазан айында Ішкі ордада орыс-қазақ мектебінің ашылуына дейінгі мерзім.

Үшінші, 1868 жылдан кейінгі Ішкі орданың әр бөлігіндегі мектептерде орыс тіліндегі сыныптардың ашылып, орыс тілінің етек алуы.

Жәңгір мектебі халықтың көзін ашты. Сондықтан олар жергілікті жерде мектеп санын қөбейтуді талап етті. Мектеп құрылышына қаржы жинады.

¹ Коллеж-кеңесші – ҰІ сынып азаматтық шен.

² Жәңгір мектебі ашылғанға дейін – З.И.



А. Воскресенский дің картасы, 1898 ж.

Халықтың тегеуірінді талабына тосқауыл қоюдың зиянын сезген Үақытша кенес терағасы полковник Герн Орданың әр бөлігінде мектеп ашу мәселесін үкімет алдына қойды. Бұл ұсыныс 1866 жылы 17 қазанда қолдау тапты. Орданың жеті болігінде 7 мектеп ашуга шешім қабылдады, қаржы бөлді. Ол мектептер: Шолақ қопа өзені жанында (Тарғын), Шонғай маңында (Қалмақ), Талов форпостысы жанында (Талов), Глининск форпостысы тұсында (Қамыс-Самар), Ұялыштың құмында (Нарын), Кокорев кордоны төңірегінде (I-Примор округі), Бакалеев кордоны маңында (II-Примор округі) салынғаны біз әңгіме етіп отырган карта бетінде көрсетілген.

Картада тағы бір назар аударапты дерек Ішкі ордада 1883 жылдан бастап ашылған орыс-қазақ қыздар мектептері мен 1894 жылы 14 қарашада Қараой мен Шонғайда (Қалмақ), Толыбайда (Нарын), Қарасу мен Тоқбас көлде (Талов), Қоспак айдынында (Қамыс-Самар), Ұзынқұлақта (II-Примор) старшындық мектептердің ашылғаны белгіленген.

Бұлармен қатар Ішкі ордада 1892 жылы Хан ордасында ашылған татар мектебі, Жаңа Казанкадағы орыс сыныбы бар медресе, 1894 жылы желтоқсанда қазақ қыздары үшін ашылған Хұсни Нұралыханованаң мектебі, Жақып Бұзауовтың, Ганюшкино және Хан ордасында екі сыныпты орыс-қазақ мектептерінің, Қамыс-Самардағы орыс-қазақ қыздар мектебі мен орыс тілін оқытатын сыныбы бар медреселер мен мектептердің орналасқан жерлері картада айқын көрсетілген.

Карта бетіне жазылған деректердің қай-қайсы да назар аударуга тұрарлық деп білеміз. Өйткені, Ішкі орданың жеті бөлігі бойынша әр бөліктің жер көлемі, ондагы үй және жан саны (барлық қазақ 229445), жерінің пайдалы, пайдасыз (тау, көл, сортан) мөлшері нақты жазылған.


Бір ескертпесінде: 1890 жылы Хан ордасы айналасынан Тарғын бөлімінің №1, 2, 3, 4, 5, 7, 12 старшындықтарынан 120 мың дес. жерді Нарын орман шаруашылығына кесіп берді деген сөз қажетті деректің бірі екендігі сөзсіз. Ол жер арнайы белгімен берілген.

Картада 2 приход мектебі, 2 сыныпты орыс-қазақ мектебі, 1 сыныпты 3 орыс-қазақ мектебі, 1 сыныпты 2 орыс-қазақ қыздар мектебі, старшындық 11 мектеп, 49 медресе мен мектеп, орыс сыныбы бар 4 медресе белгіленген.


Бұл деректі мектептердің жайы туралы жоғарыда айтқан зерттеушілер «Ішкі ордада 1393 адамнан 1 оқушы оқығанын, 32857 халыққа бір мектеп ашылғанын» тілге тиек еткен.



Хан ордасындағы
1 сыныпты
1-ші орыс мектебі



Хан ордасындағы
1 сыныпты
1-ші қыздар мектебі



1 сыныпты Тарғын
мектебі



Хүсени Нұралыхановың
мектебі



Жәнгір мектебі

Нақты жағдайға талдау жасасақ Ішкі орданың Уақытша көнеспә тәрағасы көрсеткен мерзімде Ішкі орданың мектептеріне төрт инспектор басшылық жасаған. Оларға қызметке тағайындалар алдында басты үш міндег қойылған. Біріншісі, қазақ тілін білуі. екіншісі, қазақтар арасындағы оку жүйесін жетік менгеруі, үшіншісі, қазақтар арасындағы училище, мектеп жұмысын басқару, бақылау кезінде кездейсоқ болатын жағдайды жеңу, қындыққа төзу. Міне, осы міндептерді орындауга лайықты деп 1879 жылы қыркүйек айында Қазан дін академиясы Н.А.Муравьевті тағайындаған. Оның орнына 1 желтоқсан 1883 жылы А.Н.Альбанов инспектор болып тағайындалған. Ол 1886 жылдың 6 қазанына дейін еңбек еткен. Оның орнына 1886 жылғы 6 қазаннан 1894 жылдың 1 тамызына дейінгі аралықта А.Е.Алекторов, оның орнына 1894 жылдың 1 тамызынан бастап А.А.Воскресенский инспектор болып тағайындалған.

Біз осы Воскресенскийдің Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағатында сақталған, 1898 жылғы деректер бойынша жасаған, бұрын еш жерде жарық көрмеген картасын әңгімемізге арқау еттік.

Жоғарыдағы ойларды тиянақтағанда бұл картадан Жәңгір хан ашқан жалғыз мектептен кейін 60 жылға таяу мерзім ішінде 60-қа жуық оку орны ашылғанын білдік. Бір қарағанда бұл көңіл қанагаттандырады.

Бірақ, біріншіден, тарихи деректерге жүгінсек Ішкі орда халқына білім беру ісіне отарлаушы басшылардың ынталы болмағаны байқалады. Оған дәлел Ішкі ордамен сұы да, жері де шекаралас, шаруасы да шамалас Астрахан облысы Қалмақ даласында 760 адамға бір оқушыдан, 22 мың адамға бір мектептен келсе, Ішкі ордада 1393 адамға бір оқушыдан, 32857 кісіге бір гана мектептен келгенін жоғарыда айттық.

Екіншіден, Ішкі орда мектептері де қажетті педагогикалық маманмен қамтамасыз етілмеді. 60-қа жуық мектеп пен училищеде тек 2 гана педагогикалық білімі бар мұғалім болды.

Үшіншіден, 1864 жылдан бастап бұрын оқытылып келген араб. парсы тілдерін оку бағдарламасынан шығартып таstadtы.

Төртіншіден, Тарғын училищесін Хан ордасындағы училищеге. Нарын мектебін Қамыс-Самар мектебіне, I-Примор мектебі мен II-Примор мектебін қосып жіберді. Бірнеше участекіл мектептерді жауып таstadtы. Барына шүкіршілік деуге еріксіз көндірді.

Қолжазба
«Ана тілі» газеті
19 маусым 2003 ж.

Ақ патша заманындағы қазақша іс қағаздарының бастауы

1876 жылы Ресей Халық агарту министрі граф Дмитрий Андреевич Толстой Орынбор округіне қарайтын оку орындарын аралауды мақсат етіп, Уфага аттанды. Одан Қазан қаласына соғып, сондайы бұратана мұғалімдер мектебінің директоры, шығыс тілінің маманы Н.И.Ильминскийді жолсерікке алып, Орынбор округі оку орындарын аралады. Осы сапардың қорытындысы бойынша Орынбор генерал-губернаторы мәжіліс өткізді. Мәжіліске губернатордың кеңе ісін басқарушы, Торғай облысының менгерушісі, округтің оку ісі жөніндегі қамқоршысы³ және Н.Ильминский де қатысты. Осы мәжілісте граф Д.А.Толстой «мемлекеттің шешімдерін, іс қағаздарын қырғыздардың⁴ өздері оқи алмайтын, түсіне білмейтін татар тілінде емес, орыс алфавитімен, таза қазақ тілінде жүргізуіді» ұсынды.



Д.А. Толстой

Орыс әліпбійн енгізіп, қазақ тілінде іс қағаздарын жүргізуде мүмкіндіктің бар екендігіне мәжіліске қатысқандардың көзін жеткізу үшін генерал-губернатордың жанындағы ғалым татар мен Н.И.Ильминский екеуіне орыс әліпбіймен қазақ тілінде бір мақаланың мәтінін дайындаатты да, Орынбор гимназиясында оқып жатқан бірнеше қазақ жастарын шақырып оқытты. Одан кейін сол жастардың өздеріне басқа бір дайындалған мәтінді қазақша орыс әріптерімен жаздырды. Балалар бұны да шапшаң және женіл түрде жазып шығып, қазақ тіліне орыс әліпбійн қолдануға болатындығына мәжіліске қатысқандардың көзін жеткізді. Орынбор генерал-губернаторы Крыжановский мәжіліс үстінде «Кеңе істерін қазақ тілінде, нағыз, қазақ тілінде жүргізу үшін облыстар жанында айрықша үкіметтік орган құру керек», - деп шешті.

Д.А.Толстой Орынбор округінен нәтижелі іс тындырып оралғаннан кейін, Орынбор сапары жөнінде Императорға есеп берді. Бұл есепте, «...2 миллион қазақ фанатик мұсылман емес, оларды фанатик мұсылман болуға итермелеп отырған – татарлар. Қазақтардың өз ана тілінде жазбасы, әліпбій жоқ. Өздері жек көретін, түсінбейтін татар тілінде жазылған үкіметтің шешімдерін қазақтар түсінбейді.

³ Бұлардың аттары көрсетілмеген – З.И.

⁴ Бұдан ері қазақ деп жазылады – З.И.

Оның үстіне мұсылман діні орыстар үшін зиянды, татарлардың қазақтар арасында аудармашы, хат жүргізуі қызметтерін атқаруы қазақтардың келешек фанатик мұсылман болуына әкеліп согады». Сондықтан, біріншіден, қазақтарды мұсылмандыққа итермелейтін татарлардан қорғау және орыс әліпбімен қазақ тілінде іс қағазын жүргізу, екіншіден, осыдан кейін қазақ арасындағы татарлар мен башқұрттарды хат жүргізуі және аудармашы қызметінен шығарып, оларды нағыз табиғи⁵ қазақтармен ауыстыру мәселесін Императордан сұраған. Император осы ұсыныстың тұсына оз қолымен «Келісемін» деп бұрыштама соққан. Граф Д.А.Толстой «Мен бұл мәселе жөнінде Ішкі істер министрімен де түсіністім», - деген.

Көп кешікпей Ресей Ішкі істер министрі болып тағайындалуына байланысты, әрі Императордың «келісемін» деген шешімі болғандықтан, іс қағаздарын қазақ тіліне көшіруге батыл кірісті.

Сонда да, 1879 жылы Ішкі істер министрлігіне әлгі генерал Крыжановский әліптің артын бағып, «қазақтар орыс тілін жете білмейтіндіктен әзірге тек орысша сауаты бар, орыстары көп Николаевск (Қостанай), Елек уездерінің бірсыптыра болыстарында ғана іс қағаздарын қазақ тілінде бастап отырмын», - деп сұлтауратты. Алайда, Ішкі істер министрі тарарапынан талап қүшейген-нен кейін, Торғай облысының генерал-губернаторына ол: «...доставьте мне Ваше заключение о том, к какому сроку, с соблюдением необходимой осторожности, можно обязательно ввести киргизский язык, вместо татарского во всех деловых бумагах...с изображением киргизского текста русскими буквами», - деп мөнтеңдегі бастады (ҚРОММ 1 тізімдеме, 25 кор, 2022 іс, 3 п.).

Орынбор округіне Крыжановскийден кейін генерал-губернатор болған Константинович те іс қағаздарын қазақ тіліне көшіруге ықыласты болмады. Бірақ, Ішкі істер министрінің тегеурініне ол да төтеп бере алмады. Оны 1882 жылы тамыздың 1-інде Константиновичтің І.Алтынсаринге жазған мына хаты айқын дәлелдейді:

Мархабатты мырза!

Менің Қостанай мекенінде болғанымда Сіздің тамыздың аяғында Орынборға келермін деген ойыныз бар еді. Таяуда мен Ішкі істер министрінен жарлық алдым. Онда менен барлық іс қағаздарында орыс әліпбійн қазақ тіліне қолдану жөнінде толық есеп, тиянақты



Н.А.Крыжановский

⁵ Құжатта «природный киргиз» деп жазылған – З.И.

мәлімет беруді талап етіпті. Оның үстіне бұл мәселені кейінгे қалдыруға ешбір мүмкіндіктің жоқтығын да көрсетіпті. Сондықтан Сіздің бұл айтылған мәселені талқылауға қатысуыңыздың пайдалы екендігін мойындаң, мүмкіндігінше, айдың аяғына қарамай Орынборға тезірек жетуінізде ізеттілікпен сұраған болар едім.

Сізге құрметпен Константинович
(КРОММ 25 қор, 1 тізімдеме, 2022 іс, 36-37 п.)

«Осы хатты қазақ мектептерінің инспекторы Алтынсаринге қолма-қол тапсыры» деп Николаевск (Қостанай) уезінің бастығына міндеттеген.

Осыдан бастап іс қағаздарын қазақ тіліне қошірудің түйіні біртіндеп шешіле бастады. Константиновичтің өзі Елек уезінде өтетін үш болыстың билер съезіне қатысып, 1876 жылы граф Д.А.Толстой жасаған тәсілді бұл да қолданды. Съезге қатысқан болыс басшылары мен аудармашыларға, орыс тілін шала білестін беделді қазактарға, орыс қарпімен дайындаған қазақ тіліндегі мәтіндерді оқытты. Истің нәтижелі болғандығы сондай, Елек уезінің бастығына «Енді қалған болыстарға осы тәсілмен өзің іс қағаздарын қазақ тілінде жүргізе-сің», - деп тапсырма берді. Оның үстіне 1883 жылы ақпанның 17-інде (№889) «Мұнан былай қажет болған жағдайда мекемелер мен ұйымға, жалпы қауымға қатысты мәселелерде нағыз қазақ тілінде орыс әліпбійн қолданып, жазба түрде сойлесемін», - деп жазды (КРОММ 25 қор, 1 тізімдеме, 2022 іс, 128 п.).

Сөйтіп, қазақ тілінде іс басқару жұмысына пайдалану үшін Орынбордағы Неплюев кадет корпусында, Орынбор азаматтық гимназиясында, Троицкі гимназиясында және Ыргыз, Торғай қалаларындағы екі қласты орыс-қазақ мектептерінде оқығандардың тізімін жинастырды. Осыдан кейін уез басшылары іс қағаздарын қазақ тіліне қошіруге жаппай кіріскең. Олар да генерал-губернатордан көрген тәжірибелерін, әдістерін қайталапты. Тіпті, істің тезірек аяқталуы үшін, Червицкий секілді құпия істерді жүргізушілердің өзі де бұл жұмысқа белсене қатысты.

Соның нәтижесінде, 1883 жылы сәуірдің 24-інде (№1889) генерал-губернатор Ішкі істер министрлігіне: «Мен оз тарапымнан орыс оқу орнын бітірген қазақ жастарын облыстың барлық уездеріндегі кеңсе ісін жүргізу жұмыстарына дайындауға және хат жүргізу ісіндегі татарлар мен башқұрттарды, шала сауатты, өмірде шала мас жүрген орыстарды ауыстыру шарасын қолданым», - деп хабарласа, 1883 жылы маусымның 24-інде «Торғай облысының барлық уездерінде орыс әліпбіймен қазақ тілінде кеңсе іс қағаздарын жүргізу енгізілді. Қазір болыстарда хат жүргізетін бірде-бір татар,

не башқұрт қалған жоқ. Ол қызметтердің бәріне орыстар немесе қазактар орналастырылды», - деп рапорт берді (ҚРОММ 25 кор, 1 тізімдеме, 592 іс, 17-19 п., 2121 іс, 162 п.).

Соның үстіне 1883 жылы ақпанның 19-ында Елек уезінің бастығы «Маған Ақтөбе болысы №7 ауылдың қазағы Ақмырза Нұсирманов арызын орыс қарпімен қазақ тілінде тапсырды. Бұл үкімет тапсырмасының халық тараҧынан орындалып жатқанын көрсетеді» деп Торғай облыстық генерал-губернаторына хабарлады (ҚРОММ 25 кор, 1 тізімдеме, 2022 іс, 133 п.).

Ал енді, сол кездегі іс қағаздарынан қандай құжаттар қазақ тілінде жазылды, олардың ішінде халқымыздың тарихына қатысты құжаттар бар ма дегенге келсек, 1879, 1882, 1883 жылдары көтөрілген мәселенің корытындысы болып табылатын 1891 жылдың 1 қаңтарынан бастап қазақ тілінде орыс әліпбіймен «Торғай облысы ведомосының» жарық көргенін бастава жөн.

Генерал-губернатордың 1891 жылы Императорға жазған есебінде «1891 жылғы қаңтардың 1-інен бастап «Торғай облысының ведомосы» шыға бастады. Онда қазақ тілінде орыс әліпбіймен қазақ халқына қатысты маңызды жарлықтар басылады» деп көрсеткен (ҚРОММ 25 кор, 1 тізімдеме, 966 іс, 22 п.).

Бұл «Ведомостың» оңайлықпен өмірге келмегенін тарихи құжаттар айқындаиды. Орынбор генерал-губернаторы Ресей Ішкі істер министрлігіне жазған 1879 жылғы желтоқсанның 11-індегі №4507 санды қатынасында: «Орыс әліпбіймен қазақтарды оқыту жөнінде өзім басқарып өткізген кеңесте... құпия кеңесші Лавровский «орыс әліпбіймен қазақ тілінде газет шыгарылса, қазақтарға патша үкіметінің жүргізіп отырған саясатын олардың тезірек түсінуіне күшті әсер еткен болар еді» деген ұсыныс енгізді. Бұл ұсынысты осы кеңесте Орал, Торғай облыстарының генерал-губернаторлары да қуаттап, өздерінде баспа органдарының жоктығы іс басқаруга елеулі қындық келтіріп жүргендігін тілге тиек етті. Шындығында қазақтардың өз праволарын білуіне, тұрмыс, әл-ауқатының жаксаруына патша үкіметінің жасап отырған қамқорлығын түсінуіне, бос хабарға әуес қазақтардың өсекке сенбеуіне, тыныштық сақтауға облыстардың жанында ведомостының ашылуын мойындаймын. Осыған байланысты екі бөлімді: орыс тілінде және орыс әліпбіймен қазақ тілінде шығатын ведомостының үлгісін жолдаймын», - деп Крыжановский хабарлаған. Ал, бұған дейін мұндай өтініштерге Ішкі істер министрлігінің баспа бөлімі «Ішкі істер министрі мырза «Торғай облысы ведомосын» шығаруды қазіргі жағдайда қолайлы деп таптайды» деп жауап беріп отырған.

Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрагаты қорында қазақ тілінде орыс қарпімен жазылған құжаттардың бірі – патшаның таққа отыру салтанатына байланысты 1883 жылы 16 мамырда Орск мұғалімдер мектебінің оқушылары Смағұл Тоқмұхамедов пен Шотаевтың (есімі көрсетілмеген – З.И.), Бөлебай Сарыбатыров пен Садақбай Айымқұловтардың 97 жол патшаға арнау өлеңдері. Осы екі өлеңді орысшаға аударып, қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндерін мектеп директоры Г.Бессонов Орынбор губернаторына, ол Ішкі істер министріне, министр патшаға табыс еткен. Патша өз қолымен өлең бетіне «Алғыс» деп жазған. Ішкі істер министрі өлең авторына «патшаның алғысын жеткізіндер» деп Торғай облысының генерал-губернаторына 4.IX.1883 жылы №18378 қатынаспен хабарлаған.

Торғай облысының генерал-губернаторы Константинович: «Жастардың патшаға бұл ариау өлеңі бүкіл қазактың ой-пікірі, ықылас-сезімі. Сондыктан бүкіл облыс көлеміндегі қазактарға таратып, оқытындар», - деп 90 дана етіп көбейтіп, Николаевск (Қостанай), Елек, Торғай, Ыргыз уездерінің бастықтарына жіберді (ҚРОММ 25 кор, 1 тізімдеме, 2022 іе, 166-169, 173-174 п.).

Қазак тілінде орыс қарпімен жазылған республикамыздың тарихына қатысты тары екі құжат бар.

Оның біріншісі, ІІ. Алтынсариннің 1883 жылы Орынбордың дөкери генерал-губернаторы қызметін уакытша атқарушы вице-губернатор В.Ильнігे тапсырылған өзінің 1868 жылғы жана Ережеге байланысты орыс тілінде жазған «Қазак зары» деген пікірі және 171 жол өлең. Бұл өлеңді ІІ.Алтынсарин өз қолымен жазған. Бірақ оз туындысы емес. Авторы белгісіз.

Екіншісі, 1883 жылы шілденің 1-інде патша үкіметі тарапынан Есеп Көтібарұлына жылтына 300 сом зейнетакы тағайындалғандығы жөніндегі шешімді хабарлаған Ыргыз уездінің бағызы Редъкинге Есептің ізгі иниеті мен ықыласын білдіргені туралы құжат.

Ал енді граф Толстойдың іс қағазын қазак тіліне көшірудегі қазак арасында жүрген хат жүргізуі, аудармашы татарлар мен башқұрттарды қызметтөн қууының сырьы неде дегенге келсек, бұл біріншіден, қазактарға жасалған шынайы камкорлығы емес. Бұл Д.А.Толстойдың өз сөзімен айтқандай, басты мақсат – қазактарды мұсылман дінінен шыгару, орыстандыру болды. Оған далел, қазак арасында (дікіме болып отырған Орынбор округі бойынша) хат жүргізуілер мен аудармашылардың жалпы саны мемлекеттік әрежеге көтеріп, патшадан көлікім алатындаи көп емес және олардың көзектерді мұсылмандауқса ерікей үтремелегендігі жөнінде

дерек жок. Торғай облысына қарайтын 4 уездегі 37 болыстың хат жүргізушилерінің басым көшілігі орыстар (31), қалған 6 болыста – 2 қазак, 3 татар, 1 башқұрт болған.

Екінші, татарлардың фанатик мұсылман еместігін дәлелдейтін дерек Торғай облысындағы қазақ ісін басқарушысының 1884 жылғы 8 ақпанда Ресей Ішкі істер министрлігіне жолдаған №2065 санды мына қатынасы да айғақ: «..Орск қаласында 878 татар бар. Ол жалпы тұрғындардың 29%-ін құрайды. Оның мұсылман мектептеріне қауіп төндіруі мүмкін емес. Ал, Қазандағы татар оқытушылар мектебінің оқытушысы Багаустдинов дін саласында белгілі молда. Бұл окуорны оқушыларын тікелей медреседен алады. Окуорынан татар фанатизмінің аз да болса белгісі еш уақытта сезілген емес. Мектеп басшылығына күні бүгінге дейін жоғары класс оқушылары немесе бұрын бітіріп кеткен оқушылар тарапынан фанатизмінің ізі білінген жок».

Д.А. Толстойдың арам ойы тереңде. Оған 1883 жылы наурыздың 8-інде Торғай облысы генерал-губернаторына жолдаган мынадай сөзі дәлел: «Конечная цель правительства состоит в том, чтобы этим чисто административным распоряжением пресечь мусульманской пропаганде путь в среду киргизов, и что для этого прежде всего необходимо безотлагательно заменить в местных управлениях переводчиков и письмоводителей из татар и башкир природными киргизами, воспитавшимися в русских заведениях или настолько знающими русскую письменность, чтобы с пользой занимать эту должность» (ҚРОММ 25 қор, 1 тізімдеме, 2022 іс, 144 п.).

Ол Торғай облысы генерал-губернаторына жіберген №136 санды қатынасында да ойын ашық айтқан, «...что главнейшая цель правительства в отношении киргизских степей заключается в том, чтобы принять возложенные меры к охранению киргизов от татаривания, составляющего первый шаг на пути к мусульманскому фанатизму... удержать киргизское население от татаривания, могущего иметь весьма неблагоприятные для России последствия, в политическом отношении, необходимо было, не теряя времени принять все нужные противу сего меры».

Бұл саясатты жүзеге асырудың бірден-бір жолы қазақ тіліне орыс қарпін енгізу, орыс окуорындағы қазақ балаларын оқыту, мұсылман медресесе, мектептерін бірте-бірте ығыстыру екенін орыс саясаткері жақсы біледі. Қазақтың зиялды қауымы да бұл саясаттың түпкі мақсатын сезбей қалған жок. Алайда, араб қарпіне қарағанда, орыс қарпі жеңіл, балалары тезірек сауаттанатынына қазактардың көзі жетті. Сондықтан балаларын орыс мектептерінсіз берсе бастады.

Дідай казакъ аурбасъ, путьта жарсанын
къзыл чішіктиң кокуда үстүрлөнъ үрсендарда,
а үйләрденъ казакъ тұрғынъ төзің үшінде.

Эндің шығармасынан күнде, көзінде үйнешкес-
рекемдесін, жаңы қарнайдағы орын ғанаңдан үзене-
чарға шығадынан өздөргөн.

Зійді аударе күр ұшынға көсіп таңдағанға жардам.
Кончың ұшынғат, шенін әмбара, шенін жерде
екархынса ұжанғарас ішкібб, түшінше үзін, шаланға-
са шиғиңшін үшкін жерде жағындағанға жардам.
Денес тиңд.

Китчуу күрөштүрүлүп тарабынан көрдүйн майдасында, бир-
дей, бир болоттада, бир чүнчүлүк күрөштүрүлүп, барып бир
шаштаракт. Гөштүү, бирчукт жүзени көйтө, текең өрөттөмү.
Сапарбай күчүнүз? Толоң, Чынгарин көркөнчө китчууда
түшүнүнгү күрөштүрүп, тирек күрөштүрүп күчтөн иштөөрүтт.
Рес Сары, иштөөрүттүү үчүнди күрөштүрүп күрөштүрүп, тирек
күрөштүрүп күрөштүрүп тиши.

Челнуковъ чинъ, я. пашъ иш чинъ, я. пашъ
кыч чинъ жаре кесендей-тигүчөл пригауярбара,
кесендей тирич жердамъ чигене санынъ шайы
тиюч ишс азаси жердакъ чинъ чинъ. Азас
тигүч чинъ, я. пашъ иш чинъ.

Торғай облысы бастығының ауыл, болыс басшыларына жерді қалай пайдалану, агаш егу туралы орыс ерімемен қазақ тілінде жазған нұсқау хаты

Қазактарды орыстандыру саясатында отарлаушы саясаткерлер қазақ қыздарына үлкен үміт артты.

«...Орыс мектептерінде қазақ қыздарын оқыту жоғары нәтижелі жемісін береді...Себебі, қазақ қыздары орыс мектебінен алған орыс тәрбиесімен өз отбасына, кейін баласына әсер етеді», - деп жазды генерал-губернатор Барабаш 1888 жылғы Императорға жазған есебінде (КРОММ 25 кор, 1 тізімдеме, 2121 іс, 190 п.).

Бұл ойды толықтыратын тағы бір дерек – Торғай облысы генерал-губернаторының 1894 жылғы есебіндегі «...мұсылман фанатизмі – Ресей үкіметінің қас жауы. Сол үшін жалпы жауға бірлесіп күресу үшін қазақ қыздарына Ресей заңы көмекке келуі керек... Қазақ қыздарын орыс-қазақ гимназиясына оқуға тарту жөніндегі қолайлы жағдайда жарты жолда қалмай, оларға білім бере беруіміз керек. Өйткені олар мұсылман фанатизмімен күресу жөніндегі біздің бірден-бір тірегіміз» деген сөз (КРОММ 25 кор, 1 тізімдеме, 966 іс, 59 п.).

Орыс отарлаушылары әуел бастап-ақ қазактарды орыстандыру үшін қазақ медреселері мен мектептерінің, мешіттерінің еріс алуына мүмкіндік берmedі. Үнемі тосқауыл қойып отырды.

1891 жылғы Торғай облысы генерал-губернаторының есебінде «...жалпы мұсылман оқу орындары деп аталатын медресе, мектеп дегендер орыс көзқарасымен қарағанда зиянды, қажеті жок», - деп мәлімдеді.

1883 жылдың басында Торғай уезінін Наурызым болысының тұрғыны Хұсайын Өтеубаев өз қаржысына мешіт салу жөнінде облыс генерал-губернаторына арыз берді. Ол тәртіп бойынша арызын Ішкі істер министріне жолдады. Бұл етінішке Ішкі істер министрі 1883 жылы желтоқсанның 7-інде №5831 қатынаспен Толстой «...ввиду постоянного стремления правительства к ограничению дальнейшего развития исламизма среди киргизов, находят построение для них новых мечетей нежелательным», - деп жауап берген.

1890 жылы Николаевск уезінің (Қостанай) Мендігара болысының №1 ауыл азаматы қажы Мұхамед Кешубаевқа да дәл осы жауапты қайтарған. 1899 жылғы наурыздың 3-інде Торғай қаласында өзінін үйін медресе жасап, балаларды тегін оқытқан молда Байту Асановты «мемлекеттің рұқсатынсыз бала оқытуын заңсыз». - деп жауапта тартқан.

Отарлаушылар қазактарды орыстандыру жолында әр түрлі тәсілді пайдаланды. Қазақ даласында көшпелі мектептер ұйымдастырыды. «Орыс тілін коршілеріңе, туған-туыстарыңа, руластарыңа үйрет», - деп тапсырма да берді. Қызықтыру үшін ақша сыйлады.

«Қазақ даласында, - деп көрсетті Д.А.Толстой, - орыс тілін білетін адамдардан арнаулы контингент үйымдастыру жөн. Ондай қызметте ерекше көзге түскендердің, орыс тілін игеруге ынта білдіргендердің біршамасын 1876 жылғы Заңың (I-том) 786 және 794 баптарын басшылыққа алып медальға ұсыну керек. Мұндай жағдайда менің тарапымнан ешқандай қарсылық болмайды» (КРОММ 25 қор, I тізімдеме, 592 іс, 17-19 п.).

Патша үкіметі кезінде орыстан әйел алған қазақтардың бағын жандырып, лауазымын өсірді. Тіпті, қылмысты болған жағдайда оларға женелдіктер берді. Отарлаудың отбасына жеткендігі соншалықты, патша заманында қазақ қызметкері үйлену үшін генерал-губернатордың атына арыз жазып, сонан рұқсат алғаннан кейінғана үйленуге құқылы болды.

1868 жылғы жаңа Ереже бойынша қазақ болыстарының барлығына бір-бір орыстан өкіл қойылды. Бекей ордасындағы кеңес, барлық округтердегі приказдар жанындағы аға сұлтандардың басшылары қазақ болғанымен, олардың орынбасарлары орыстан тағайындалды.

Патша үкіметінің қазақтарға орыс тілін ендіру жөніндегі арманын Коммунистік партия асыра орындал, діттеген мақсатын орындаады. Қазақстан Орталық атқару комитеті мен Халық Комиссарлар кеңесі 1938 жылы сәуірдің 5-інде қазақ мектептерінде орыс тілін міндетті түрде оқу туралы (№65) қаулы алды. Ол кейін мектеп оқу жоспарларынан қазақ тілі мен әдебиетін біртіндеп ығыстыруға, қазақ тіліндегі бала-бақшалар мен мектептердің жабылуына, жиналыстар мен кеңестердің орыс тілінде өтуіне, қатынас, арыз-шағым, жеделхаттар орыс тілінде жазылмаса қабылданбайтын жағдайға әкеп сокты.

Ендігі жерде бір-ақ нәрсе керек. Ол – биліктен үміткерсің бе, билік тұтқасын ұстағың келе ме, онда мемлекеттік тілде сөйлей біл, жаза біл, мемлекеттік тілде істі жүргізе біл, мемлекеттік дәрежеде ойлай біл деген талап қойылуы керек. Сонда мемлекеттік тілге деген қажеттілік туады. Қажеттілік тумай нәтижеге қол жету мүмкін де емес.

«Ана тілі» газеті
22 қазан 1998 ж.

Алтынсарин – білікті зангер

Қазақтың тұнғыш ағартушы-галымы, белгілі әдебиетші, тарихшы-этнограф Ұбырай Алтынсаринді оқырман қауымга таныстырылып жату артық болар.

Мектеп оқулықтарын былай қойганда ол жөнінде жазылған әдебиеттер де, ғылыми зерттеу еңбектер де аз емес. Сонын ішінде тек 1955, 1957 жылдары Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, профессор Б.Сүлейменовтің құрастыруымен Алтынсариннің таңдамалы шыгармалары, 1975-1978 жылдары А.Нұсіпбековтің, С.Кенесбаев пен Б.Сүлейменовтің редакциялық тобымен оның үш томдығы, сондай-ақ 1975 жылы Та什кенттің Ғафур Гулям атындағы әдебиет және өнер баспасынан К.Жұмағұловтың «Ұбырай Алтынсарин» атты колемді зерттеу еңбегінің жарық көргендігін айтсақ та жетіп жатыр.

Алайда, Ұ.Алтынсарин кең жүртшылыққа тек педагог, тарихшы, этнограф ретінде ғана танымал болғанымен, оның Торғай уезінде төрт рет сот қызметін атқарғандығын екінші бірі біле бермейді. Аратұра кейбір еңбектерде «Торғай уезінде сот қызметін атқарды» деген қысқа жолдар ғана ұшырасып қалатыны болмаса, бұл туралы басқа ешбір накты дерек айтылмайды.

Таяуда Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві корынан Торғай уезінің бастығы А.П.Яковлевтің Ұбырай Алтынсарин тұлғасының жаңа қырларын айқындал, айшықтай түсетін, 1875 жылғы 24 акпанда Орынбор генерал-губернаторына және 9 наурызда Торғай облысы әскери генерал-губернаторы мени вице-губернаторына оны сот қызметіне тағайындауға ұсыну жөніндегі жазған хаттары табылды.

Әрине, бұл хаттарда Ұбырайдың сот істерін жүргізу degi тағылымды тәжірибесі мен білім-біліктілігіне, іскерлігі мен қабілетіне жогары баға беріле тұрса да, Алтынсарин бұратана халықтың өкілі болғандықтан ғана оны Торғай уезінің соты қызметіне тұракты бекіту жөніндегі уез бастығының өтінішін патшалы Ресейдің Зан министрі аяқсыз қалдырығанына таңдануға болмас.

Десек те, мұның өзі ұлы ағартушы омірінің жарқын беттерін ашып, ұбырайтану ғылымына елеулі үлес болып қосылары анық. Сондықтан бұрын-сонды жарық көрген еңбектерде бұл хаттар



Ұ.Алтынсарин

жарияланбағандықтан және Ұбырайдың білікті заңгерлік қызметінің айғағы ретінде оларды оқырман назарына ұсынуды жөн көрдік.

Орынбор генерал-губернаторы
Ұлы мәртебелі мырзаға

Далалық облыстарды басқарудың жаңа Ережесі шыққаннан бері Торғай уездік сот қызметін атқарып келген Кориннің екі айға демалыс алып кетіп, онан кейін Түркістан өлкесіне қызметке ауысқан кезінде бұл қызметті Торғай уездік басқармасының хат жүргізуші, хорунжий Алтынсарин атқарды.

Онан кейін сот Плотников мырзаның алдымен екі айға демалыс алып, онан кейін алты ай науқастанып қалуына байланысты мамыр айынан бері сот жұмысын хорунжий Алтынсарин жүргізіп келеді. Жалпы алғанда Алтынсарин мырза ұзак мерзімді үш рет уездік сот қызметін ешбір сыйлық талап етпестен, негізгі жұмысының еңбекақысымен атқарды.

Алтынсарин уездік сот қызметін атқару кезінде істі жан-жақты, жете білетіндігімен, өзіне тапсырылған қызметті ынта-жігерімен, асқан жауапкершілікпен сезініп, үлгілі атқаратындығымен ерекше көзге түсіп танылды. Іс жүргізу, тергеу, тексеру, үкім шығару саласында облыстық басқарма, сот палатасы, бітістіруші сот және басқа да құқық корғау мекемелері тарарапынан оның жұмысына бірде-бір ескерту болған жоқ.

Ұлы мәртебелі мырза, Алтынсариннің елеулі қызметін, зор қабілетін, ерен еңбегін бағалауды өзімнің міндетім деп санай отырып, Сізден Торғай уезінің бос тұрған сот қызметіне Алтынсаринді тағайындауға тілектестік білдіріп, ізгі ниет көрсетуізді және ықпал етуінізді Сізге бас ие отырып сұраймын. Ойткені бұл жан-жақты білімді, дарынды Алтынсариннің атқарған қызмет ісіне, оның мансапқа жету жолына жасалған зор сыйлық болып табылар еді.

Торғай уезінің бастығы
полковник А.П.Яковлев

24 ақпан 1875 жыл

(КРОМА 25 қор, 5 тізбе, 2 байлам, 34 іс, 1-2 б.)

Торғай облысының әскери вице-губернаторы
Статтық кеңестің толық мүшесі және кавалер
Н.П.Георгиевскийге

Жоғары мәртебелі Николай Петрович!

Торғайда уездік басқарманың іс жүргізушісі Алтынсарин мырза 1860 жылдан бері тұрады. Ол бұрын қырғыз (қазақ – З.И.) мектебінде мұғалім, уез құрылғаннан бастап уездік басқармада хат жүргізуі қызметін атқарды. Аталған офицер өзіне тапсырылған іске адал, ақ ниетімен, асқан ақылдылықпен, саналылықпен, еңбек сүйгіштікпен, батыл жігермен кірісетіндігімен танылды. Ол алғаш рет қырғыз балаларының орысша сауатын ашып, бұл істе жергілікті халыққа бага жетпес қызмет көрсетті. Оның ыждағаттылығы нағијесінде қоптеген қырғыздар орыс тілін сауатты әрі жақсы біледі. бірсыныраштары ғылымды жан-жақты менгерген. Бұл адамдар жан-жақты білімді, сауатты, түсінік ұғымы мол болғандықтан уезге пайдалы қызметкер болғандығы сөзсіз.

Далалық өнірде қын да күрделі іс – жана Ережені орындау кезінде жалғыз адам атқара алмайтын осы ауыр жұмысты жеңілдеткен, маған ең пайдалы, тұлтеп келгенде, ең жақын жалғыз көмекшім, жәрдемшім осы Алтынсарин мырза болды.

Уезді басқарудың тиімді жүйесі жасалмағандықтан жаңа Ережені енгізудің алғашқы 2-3 жылды өз бетімен еркін есken халықты басқару оңай болған жок. Бұл шама жетпес, колдан келмес іс болды. Ел арасында өсек-аяң, алып-қашпа қауесет туғызбай, заңды жүзеге асыру қоптеген шеберлік пен қамкорлықты, ақылды қажет етті. Несін жасырайын, Алтынсарин мырза жергілікті жағдайды жетік білетіндігімен және екінші жағынан патша үкіметінің ойы мен ниетін жақсы сезінетіндігімен маған ең пайдалы көмекші бола білді. Оның іскерлігі мен қабілеті кейін бастықтарға да белгілі болды. Сондыктан да оны бірнеше рет маған аға көмекші және уездік сот қызметін атқаруға жіберді. Қазір ол уездік сот қызметін он айдан бері атқарып келеді. Меніңше, оның сот істерін жүргізу жөніндегі білімі мен тәжірибесі аз деп облыстық басқарма айта алмайды.

Алтынсарин мырзаның қадірін білгендіктен оның қызмет дәрежесін көтеру, жалпы оның келешекте қызмет бабында өсуіне жол ашу жөнінде басшыларға бірнеше рет талап қойып, ізденушілік ниет білдірдім. Бастық та менің өтінішімे барлық уақытта ізгі ниетте болғанымен, оның еңбегіне және қабілетіне лайық дәрежелі қызмет бермеді.

Өткен жылы Алтынсарин басқа қызметке ауыстыру жөнінде сұрай бастаған соң осы жағдайларды әскери губернатор мырзаға айрықша хат арқылы баяндадым.

Ұлы мәртебелі мырза, келешекте босаған қызмет орны болса ең бірінші Алтынсаринді еске алу жөнінде уәде берген. Қазір бізге қадірлі Плотников мырзаның қайтыс болғандығы туралы мәлімет алғып отырмын. Оның қызмет орны қазір бос. Осыған байланысты жоғарыда айтылғандардың барлығын Лев Федорович мырзаға жазып баяндауды. өтініш жасауды өзімнің міндетім деп санадым.

Мәртебелі мырза, Алтынсарин мырзаны Торғай уезінің соты қызметіне тағайындау жөніндегі бас иіп сұраған менің өтінішімді қайсыбыр тиісті жоғары лауазымды басшылардың алдына қойып шешүуге көмектесіп, нақты кірісуінде сұраймын.

Алтынсарин дербес жауапкершілігі бар қызметке тағайындалса, ол онан сайын пайда келтіретіндігіне, бұқіл Торғай облысы уезіндегі басқару орындарында отырған лауазымды қызметкерлердің қай-қайсысынан да кем болмайтындығына және олардың ең соңғысы болмайтындығына, Мәртебелі мырза, Сіздің алдыңызда кепілдік беремін. Нәтижесі жөнінде мені хабардар етуге қарсылық жаса-массыз.

Жоғары мәртебелі, Сізге шын беріліп, қызмет көрсетіп бас июші қызметшінің полковник А.П.Яковлев.

9 наурыз 1875 жыл
(КРОМА 25 қор, 5 тізбе, 2 байлам, 34 іс, 3-4 б.)

Ұлы мәртебелі Торғай облысы әскери губернаторы
Генерал-майор Лев Федорович Баллюзек мырзаға

Ұлы мәртебелі Лев Федорович!

Мәртебелі мырза, өткен жылдың басында мен басқарған Торғай уездік соты қызметін атқарып келе жатқан уездік хат жүргізуши Алтынсарин мырзаға дербес қызмет беру жөнінде өтініш жасаған едім.

Мәртебелі мырза, менің бұл өтінішімді жақсы ниетпен қабылдап, Алтынсарин мырзаның жан-жақты білімі мен көп жылғы еңбегін ескеріп алғашқы босаған қызмет орны болса оны еске алуға игі ниет білдірген едініз. Қазір бізге қадірлі Плотников мырзаның қайтыс болғандығы жөнінде мәлімет алғып отырмын. Менің Сізге жазған хатыма байланысты үзіліп қалған ізгі ниетінде жалғастыруға


уездегі сот қызметінің бос орны ашылды. Осы қызмет орнына Алтынсарин мырзаны тағайындауға, Мәртебелі мырза, Сізге бас иіп, алғыс айта отырып, енді еркін сұрауға батылдығым жетіп отыр. Бұл қызметте Алтынсарин мырзаның пайда келтіретіндігі жөнінде Сізге мениң баяндан жатуымның өзі артық. Себебі ол Сіздің жеке өзіңзге бұрыннан белгілі және сот қызметін атқаруы бұл тек бірінші рет ғана емес, оның үстіне сот істерін жүргізу жөнінде тәжірибесіз еместігі облыстық басқармада мәлім.

Тек қосымша айтارым, сеніп тапсырылатын бұл қызмет оған бұрыннан таныс болғандыктан, әрі елдің тұрмыс жағдайын, жалпы пайдалы бағыт-бағдарын жетік білетіндіктен Алтынсарин дербес қызмет атқарғаннан кейін Сіз басқарған облыс қөлеміндегі ең пайдалы азаматтардың бірі болатындығын мәлімдеймін.

Сіздің қайырым шапағатыңыз берілген қызметшіңіз полковник Яковлев.

Ұлы мәртебелі мырза, Сізді зор құрметтеуші және Сізге шын берілген қызметшіңіз полковник Яковлев.

9 наурыз 1875 жыл
(КРОМА 25 қор, 5 тізбе, 2 байлам, 34 іс, 6 б.)



Торғай уезінің бастығы А.П. Яковлевтін
Торғай облыстық басқармада жазған рапорты, 1869 ж.

«Ақиқат» журналы
№12, 1996 ж.

Ыбырайдың кесімі

Халқымыз «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ», - деп бекер айтпаған. Сондай тура бидің бірі Балқожа би немересі Ыбырайдың қабілетін, зеректігін ерте сезіп, осындай билікке жасынан баулыған. Табан астында ұтымды, өткір шешім айтуға тәрбиелеген. Топқа салып, қанатын катаитқан. Ыбырай да атасы Балқожа бидің сенімін актайды. Тура билік айтуымен көп құрметіне ие болады. Ол биліктері, әсіресе Торгайда сот істерін жүргізу кезінде айқын көрінеді. Алайда, Ы.Алтынсариннің бұл қыры зерттеушілер тара-пынан қағыс қалып келеді.

Халқымыздың белгілі ақыны Мәриям Хакімжанованаң Ғылым академиясының сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар қорына тапсырған жазбаларынан Ыбырайдың биліктерін жүртшылық наза-рына ұсынуды жөн көрдік. Мәриям Хакімжанова бұл сөздерді 91 жастағы Әбдірахман Жанаевтың айтуынша жазған (К-397 қор, №2 дәптер, 1947 ж.):

«Алтынсарин Ыбырайдың ұлы атасы Балқожамен бірге туған Ханқожа деген кісі болған. Ханқожадан Ақдәulet, Қылышбай деген екі бала туады. Қылышбай бері келгенде еліне болыс болады.

Қылышбайдың болыс кезінде ағасы Ақдәulet інісіне өкпелеп Бағаналы Байырға көшпек болыпты. Елдің бас адамдары жиналып көшпе десе, Ақдәulet көнбепті. Сол кезде Ыбырай окуды жаңа бітіріп келген кезі екен. Ақдәulettің хабарын естіп Ыбырай келеді. Келе Ақдәuletке сәлем беріп жай-күйін сұрап отырғанда айтқан өлеңі екен дейді:

Мұнан барсаң баарсын,
Бағаналы Байырға.
Нарынды берген тамырға.
Жаяменен жал салып
Берерсің тоқал қабырға.
Төсекті қалың төсерсің
Отпестей қылып сауырға.
Ағаннан өзің барған соң
Жая менен жал түгіл
Зар боларсың қарынға.
Малыңа азық жинауға
Жарамассың шабынға.
Тұбек тимей өзектен,
Малыңды қыс күн бағуға.
Қона алмассың қалыңға

Жазғытұры болғанда.
Жаялмайсың малынды,
Жайсаң бар қағылға.
Асығарсың сонда аға,
Көшемін деп қайтадан
Ағайын-туған бауырга.
«Өз түяғы тұлпардың,
Өзіне дәрі» деген бар
Қайтыңыз аға ауылға!

Ыбырайдың сөзіне тоқтап, Ақдәulet көшін түсіріп, қайта қонады.
Мал сойып қонақасы әзірлеп жатқанында Үбекен Қылышбайға
сәлем бере барып айтқаны:

Уа, Қылыш-еке, Қылыш-еке!
Бақыт қонды басыңа.
Көтере алмай бақытты
Аққан судай тасыма.
Қастасқаның Ақаң ба,
Білгендігің осы ма?
Ағаң қонды қасыңа
Ерулікке тай сойып,
Шақырыңыз асыңа.
Қоса шақыр Жұзбайды.
Жұзекем келсін жиынға
Іштің сырын қозгайды.
Жұзбайдың айтқан билігін
Нешкім сыйнап бұзбайды.
Әр ауылдан бір кісі ал,
Сөз тыңдарлық саналы,
Сонда халқың азбайды.
Ыскыра берсен сұрланып,
Өсек-аяң қоздайды.
Жаннан жанның артығы жоқ,
Сендері артық тек бақыт
Бағыңа ешкім қолын созбайды, - депті.

Қылышбай сөзден жеңіліп, тайын сойып, Жұзбайды, Ақдәuletті шақырып татуластырган екен.

Бір бұл емес, Үбырай дауды осындай әдіспен бітіретінін жүрт-шылық көп айтады, оған дәлел мынау төмендегі екі сөзі.

Балқожаның жақын ағайыны Айтоқа, Байтоқа деген ағайынды екі кісі болыпты. Мұның Айтоқасы душной болыпты. Байтоқа ит жүгіртіп, құс салыпты. Атақты аңшы болыпты.

«Ұрыспайтын іні болмайды, керіспейтін келін болмайды» дегендай бір күні осы ағайынды екеуі болмашы жерден керісіп, Байтоқа ағасына өкпелеп, Қарабалық Наурызбай биге көшпек болады. Дәл сол кезде Балқожа би ел аралап келе жатып ағайындарына келсе, жоғарыдағы жанжалдың үстінен шығады. Балжекенің қасында жасөспірім балаң Үбырай (жазғы демалысқа келген кезі екен) бар екен. Үге түсіп жай-құйді білгеннен кейін Балжекен: «Үбырайжан, мына Байтоқаға бірдене деші», - депті. Сонда Үбырайдың айтқаны екен:

Уа, бай-еке, тыңдасаң,
Біздің сөзді ұғарсың.
Итің менен құсынды
Сонарда алып шығарсың.
Аңынды алған байласаң
Наурызбай биге ұнарсың.
Жекіріп айтса бір сөзді
Құлағынды мықтап тығарсың.
Бөденедей бұғарсың
Ішінен судай тынарсың.
Нұралы ердің ұрпағы ең
Оған қалай шыдарсың?
Қой аға-еке, көшуді
Дұшпаның күйіп ішінен,
Достарың естіп қуансың, - депті.

Сол жерде Байтоқа ашуын тоқтатып, Айтоқамен табысып, Үбырайға бір жорға тай мінгізіпті.

Осы жолы Балжекен көп дауларды Үбырай арқылы бітірген. Бірақ басқаларын біз таба алмадық».

«*Ана тілі*» газеті
24 сәуір 2003 ж.

Өсиет

Үбырай Алтынсариннің бұл өлеңін ақын Мәриям Хакімжанова Қазақстан Ғылым академиясының мұра жинаушылары құрамында 1947 жылы Қостанай, Торғай өңірлеріне барған сапарында Сейтқали Төлегенұлынан жазып алғып, академияның сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар қорына тапсырған екен.

Сейтқали текті тұқымнан шыққан, көргені мен түйгені мол, құйма құлак қарттардың бірі болған. «Сейтқалидың ұлы атасы Көтібар, - дейді Мәриям Хакімжанова, - Балқожамен бірге туады. Балқожаның тоқал шешесінен туған. Екеуінің әкесі Жаңбыршы деген кісі. Сейтқалидың айтуына қарағанда, Ыбырайдың көпшілікке ұсынылып отырған бұл өлеңін «Қостанай, Торғай өңіріндегі елдер «Өсиет» өлең деп атайды екен. Менің бар білетінім осы. Бұл өлең ұзақ еді. Өлеңдің мұнан кейінгі аяқ жағында Аргын мен Қыпшақтың бас адамдарының жауыздығын, жемқорлығын қатты сынап, сөккен жерлері бар еді. Аяқ жағын ұмытып қалыптын», - депті қолжазбада.

Бұл өлең – бұрын баспа бетін көрмеген, Ыбырайдың жаңа бір қырын ашатын құнды еңбек. Сондықтан араб әрпі таңбасынан көшіріп, оқырмандарға ұсынып отырмын.

Құдай-ая, сыйынамын, иә Рахман,
Сыйынған құдіретінде исі хайуан.
Қасіретсіз бұл дүниеде пәнде болмас
Керек бай, керек жарлы, би менен хан.

Құдай-ая, рахым айла бұл пәндене
Шырмалған пітнаңмен шермендеге.
Хан болсын, хакім болсын бұлай болса
Бір адым мен біреуден кеммін деме.

Жарлы ойлар бір бес қара болмады деп,
Тартсамда қанша мекнат оңбадым деп.
Қарызға патшаларға миллион берген
Өлшенет (Һарун Рашид) жаһит айтқан
толмадым деп.

Дүниеге патша болған Зұлқарнайын
Не алса көңіліне болған дайын.
Хакімі бұл дүниенің болсадағы
Мәңгіге қалмадым деп қылған уайым.

Бір адам дәүлетке бай, бақ тілейді
Бір адам бөтені сай, бас тілейді.
Жан жоқ деп менен сорлы болар айтса,
Не дейміз миллиондаған көп кедейді.

Ақ көңіл алаң-бұлаң адамдар көп
Бір қасық берे көр деп ас тілейді.
Сыргыма, сумандаған адамдар көп,
Өтірік айтып, ар сатып адам жейді.

Жаратқан осылайша ғазауажчал⁶
Адамзат осыларға ілтипат сал.
Әрқашан көңілінді басса қайғы
Осындан өткендерден ғибрат ал.

Тұтқасы байшылықтың бірауыз сөз,
Жамағат, ынсапсыздан қашыныз тез.
Шатасқан қиялменен бір жүһит
Ғалидың құзырына келіпті кез.

Сен де көп Ғали қайрат, айла, - деді
Не нәрсе қиялыңа пайда, - деді.
Дүниеде һешбір көңілім тына алмады
Көрсетші дәүлет деген қайда? - деді.

Ғали айтты: – Қанағат ретпенен ете білсен,
Асылына айтқан сөздің жете білсен.
Сол болар дәүлет деген, ей жүһит,
Қанағат бар нәрсеге ете білсен.

Һешбір бай қанағатсыз баймын демес,
Мұрадым хасыл болды, жаймын демес.
Семірген бұл нәпсініз табысымен
Жисаң да күніне мыңнан пайда бермес.

Азбаған тамиги іске бұрынғы ерлер
Таныған Құдай жолын кеменғерлер.
Адамзат хакім болса өнері сол,
Біріне-бірін соғып қақысын жер.
Солардағы Құдайды таныдым дер
Бар болса Құдай оған қалай сенер.
Ғаріп – қасер, нашарға қамқор болсан
Сол нашарлар күндерде көмек берер.

⁶ Ғазаужчал – арабша «құрмет иесі, Алла» - деп, түсінік беріпті М.Хакімжанова.

Қайырлы болар ақыры енше Алла,
Бес күнгі рахатты есепке алма.
Ақыры кемдікті көрмей қалмас
Осылай ете келген Хақ Тағала.

Үміт бар тәубе еткен мұсылманға
Рахматты жалғыз Тәңірім исі жанға.
Туралық, риясыз жолға түссең
Қалдырmas ілтипатсыз сені Алла.

Құдай-ау, ете алмадым қызметінді,
Білмедік бізге берген құрметінді.
Жазығым адамзатқа көп жоқ еді
Етпедім өзіме хас міндетінді.

Жүрмекке ылайық емес ер азықсыз
Құдай-ау, рахмет айла жол жазыппыз.
Тәнірге жазсан жазғыр деген сөз бар
Жүре ме иесіне құл жазықсыз.

Ғафу етсе ғажап емес құдіретке
Жаратқан шарапатпен жер мен көкті.
Пәниден неше қатар ерлер өтті
Соның қайсысы мұратқа тәмам жетті.

Данышпан кешегі өткен Ахмет сұлтан
Хан еді екі жүзде қадыр сұбхан.
Жан таппас, ақыл жетпес әрбір ісі
Таңданды орыс, қазақ қалды қайран.
Халиқсан⁷ сол сұлтанның заманында
Қайғы деген бар ма еді хабарында.
Билері, ханы ғаділ, түзік болса,
Ол халықтың кемдік көрмес жаманы да.

Арғыннан ол күндерде Шеген шықты,
Халайық айбынынан қойдай ықты.
Азуы алты қарыс сан Арғынның
Қойдырды тентектігін, бұзықтықты.

⁷ Халиқсан – арабша «егерде» деген сөз.
М. Хакімжановың ескертпесі.

Өткізді қылышынан талайларды
Дегендер неше менмен сыйгайларды.
Мың үйін ақүйлеткен тоздырыпты
Атанған хан Жәке деп Жанайдарды.

Бірімжан, Қазыбек би балалары,
Арғынның атбасындаған алары.
Жігіттер болған ерге тасыр етпе
Жақсының жер менен көк аралары.

Жазы би Төмен шекті Обағанда
Ақылмен жол көрсөтті би мен ханға.
Орынбор, Сібірменен жерін бөлді
Ісіне орыс, қазақ қалды таңға.

Ол кезде біздің Қыпшақ заман еді
Ханымыз Ахмет сұлтан аман еді.
Ту алып, түлпар мінген сол ерлердің
Бұл қазақ басқан ізін табар ма енді.

Қыпшаққа би Балқожа аға болды,
Ағасы Ханқожа би дана болды.
Айбыны аш арыстан секілді еді
Көрсөтті сан қазаққа тұра жолды.

Үш жүзге Құсмұрында билік айтты
Әр сөзін хатқа жазып, бетіне айтты.
Тоқтатып жалғыз ауыз сөзбен жүртты
Қалайық риза боп, елге қайтты.

Деуші еді Ахмет сұлтан қылман уайым
Би бергелі Балқожадай бір Құдайым.
Мен түгіл үш алашты сүйреп өтер
ТАР жолда, тайғақ кешу болған сайын.

Жеткен соң билігінің кемеліне
Халықта тоқтап болған шақта өтерінде:
Қыпшаққа Наурызбайым аға болсын, -
Деп еді ғазиз атам өлерінде.

Ол еді Танабұға Наурызбай би
Осындаі бір-біріне істеді сый.
Кеменгер Наурызбай би дүлдүл еді
Ақылын шамалауга жетпеді мый.

Ол күнде Найман болды Көлдененде
Құс ұшып қонар еді сөйлегенде.
Көп тентек Көлдененде басын қосып
Жеткізді сол кеменгер қатар елге.

Көршіміз қашаннан-ақ Керей руы
Көп болды заманында сүм мен қуы.
Бекентай, Шотай болып бір күндерде
Себеппен азгана күн алды туды.

Туыпты Бекентайдан Жүсіп мырза
Жігіттер, туысына халқы риза.
Адамдық, мырзалығы қатар болды
Көркейтті Керей елін неше жылға.

Жігіттен бақыт ұшса халыққа жақпас,
Береке кетер шақта ақыл таппас.
Бір інідей Арғын, Қыпшақ болып еді,
Ежелден мынау жатқан Алтын, Жаппас.

Жаппастан әуел шықты Алтыбайы
Мықтыбай, дәулеті асқан Жарасбайы.
Баласы Төлегеннің Жанқабыл ер
Жар болған тар жерлерде бір Құдайы.

Құданың Кенеханға берген бағы
Қан тамып қылышынан тұрган шағы.
Жанқабыл жұз кісінің бірден қырып,
Жалғыз-ақ сол кісіден сынды сағы.

Мұнан соң шықты Алаша Бермұхамет
Салтанат Сұлтан ерді етті құрмет.
Мырзалық, жомарттығы қатар болды
Көрсетті Жаппасына артық қызмет.

Осындай ерлер өтті жігіттерім,
Сендерге үлгі етіп реттедім.
Өздерің өз жұртына дұшпан болып
Бозбала, жараспайды жүрістерің.

Жігіттер дүние кең, тарылмаңыз,
Даулы болып көрінгенге жалынбаңыз.
Ғұмырдың бас-аяғы қаншама жер
Өзіңіз есепте де шағындаңыз.

Фаріпке мейірбан бол, зор болмаңыз,
Алысып бір-біріңмен қор болмаңыз.
«Дұшпанға коспа Құдай» деген сөз бар
Аз күнгі петнаға еріп өр болмаңыз.

Бір жүрсөң қор болмайсың, һеш болмаса,
Ар, намыс, ақыл, ойың кем болмаса,
Береке халықта болса сізде болар,
Талығын Тәңірім беріп, өзі оңдаса.

Осындай ерлер өтті, ойлап қара,
Петналық ойламандар екеу ара.
Ерлердің ғұмыры өтті, бізден де өтер
Таупик қыл, енсан етіп, ей бишара.

Сахара Арғын, Қыпшак жайлар еді,
Сан малды Сары арқага айдар еді.
Ақ орда аккүмбездей қатар тігіп
Биені шалқар көлге байлар еді.

Айнала мал жайылып қыбырлаған,
Көлінде қаз бен үйрек жылырлаған.
Қымызға қызып алып, қызық іздел
Бозбала атқа мініп қырындаған.

Шаруалар Сары өлеңге малды салып,
Ұмтылған талапты ерлер найза қағып.
Шығушы ед қыз, бозбала серуенге
Көш болса тамашалап әнге салып.
Бозбала үлкен айтса ұғар еді
Қорыққансып, әдеп сақтап бұғар еді.

Ишарат ақсақалдар еткен жерде,
Жақұттай жарқырасып шығар еді.
Ол күндер қайтіп келмес біздің жұзғе
Үш-төрт-ақ би бар еді Орта жүзде.
Саны көп, сапасы жоқ, сапырылысқан
Он үйге бір би болған келді кезге.

Ұмтылып оқу, білім, өнер іздел
Халыққа қарап тұрсам бізден өзге.
Замана бір де тұлкі, бір де қасқыр
Һәр нәрсе болды ылайық пиғылымызға...

Мәриям, 1947 жыл.

(ҚР ҰҒА кітапханасы К-397 қор, №2,
Ыбырайдың баспаға шықпаган өлеңдері,
3-12 беттерінен)

Қолжазба
«Ана тілі» газеті
13 ақпан 2003 ж.

«Шоқынды», «крест тақты», «әйкәпір» деп...

Жақында біз Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар бөлімінен (К-372, №2, 23 б.) Ы.Алтынсариннің бұрын еш жерде жарияланбаған төрт шумақ өлеңін таптық. Өзін жөнсіз «шоқынды», «кәпір» деген жел-ауыздарға ағартушы қатты қапаланып, ішкі назасын өлеңмен төгіпті:

...Аласы ағайынның аландатты,
Көре алмай көп ішінен
жамандатты.
«Шоқынды», «крест тақты»,
«әйкәпір» деп,
Аузына келгенді айтып бақты...

Надандық қандай «қызық» қарап
тұрсаң,
Көнлі соқыр көрмейді көзге ұрсаң,
Бабын қалай табарсың бұл
қазақтың,
Басқа тебед жаныңды құрбан қылсаң.

Бар айыбым баласын оқытқаным,
Орыстың біліміне тоқытқаным,
«Білімсіз кеңілмейді кереген» деп,
Айтқанымнан атаным
«кәпір-залым»...

Білдірген де сен едің білім жолын,
Шалқыған жалындай боп көкірегім,
Қаларсың өзің жанып, өзің сөніп,
Ғұмырдың аяқтасаң текірегін...

Сирек кездесетін қолжазбалар бөлімінде сақталған құжатқа қарағанда, Қазақ КСР Ғылым академиясы 1947 жылы арнағы экспедиция үйымдастырып, Торғай өнірінен Ыбырай Алтынсарин-нің мұралары мен оған қатысты деректерді жинаған. Бұл ғылыми экспедицияның құрамында ақын Мәриям Хакімжанова да болған.

Жоғарыдағы өлеңді де М.Хакімжанова жазып алған. Өлең толық емес. Бұл жөнінде М.Хакімжанова былай дейді: «Өлеңнің басы, аяғы жоқ. Айтушының есінде қалғаны осы». М.Хакімжанова бұл өлеңді Мендіқара ауданы, Қарақоға ауыл кеңесіне қарасты «Күзек шок»⁸ колхозында тұратын Ахмет Жансақалұлының айтуынан жазып алған. Ахмет Жансақалұлы мұны кезінде Жақып ақынның (руы – Балта керей) айтуынан жаттаған екен. Жақып ақын 1941 жылы соғысқа аттанған да, қайтып оралмаған.

*Түсініктемені жазып,
олеңді араб харпінен кошірген З.Ижанов*

*«Жас Алаш» газеті
15 қазан 2002 ж.*

⁸ Мәтінде осылай – З.И.

Алтынсарин өмірінің кей сәттері

Ұбырай Алтынсарин туралы бұл естелік Казакстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар қорынан алынды (К-397). Оны ақын Мәриям Хакімжанова 1947 жылы Қаз КСР ҰҒА-ның үйымдастырыған экспедициясы құрамында болғанында жинап, араб таңбалы әріппен жазып, қорға тапсырган екен. Естелікті Ұбырайды көрген, бірнеше рет үйінде, елге шыққанында сапарлас болған. кезінде араласып, дәм-тұзы жарасқан 91 жастағы Хасен Сәбитов карттың өз аузынан жазып алған.

Естеліктің артықшылығы сол – Хасен өз көзімен көріп, араласқандықтан, Ұбырайдың жүртшылыққа беймәлім тұстарын қолға ұстатқандай нақты деректейді. Ұбырайдың үйін, әйелін, ояздың Ұбырайды қонақ етіп күтуін суреттейді.

ІІ.Алтынсариннің ояз Крейсмерді қонақ етуі

Мен Ұбырайды 22 жасымда көрдім. Ол кезде Қостанай қаласында Крейсмер деген ояз болды. Мен сол ояздың атын жегіп жүрдім. Одан кейін сенімді болған соң бір жаққа шыққанда салт атпен қасында жүрдім. Соның қарамагында көп уақыт қызмет еттім. Ол ояздың ұлты орыс емес, кошқар тұмсық, қарасұр адам еді. Осы күнде ойлаймын, сол еврей болар деп. Бірақ анық еврей деп айта алмаймын.

Мен сол оязда істеп жүргенімде Ұбырай оязды үйіне қонаққа шақырды. Ұбырайдың үйі Қостанай қаласынан 3 шақырымдай жоғары тұратын, 12 болмелі әдемі ағаш үйі бар екен. Есіктің басқышына дейін сырлап тастаған. Терезениң алдына еккен агашы бар екен. Сол агаштың бұтағының бәрі құстың ұясы екен. Мен өзім соған таң қалдым. Қаптап жатқан адамнан корықтай қалай ұлады екен деп. Ұядан агаштың бос жері жоқ. Ұбырайдың Тобылдың жағасында еккен агашы бар екен. Ояз оған да барды. О да сондай құстың ұясымен майысқан. Біз көрген агаштардың бәрінің де айналасы кертеленген қоршалып. Сол кертенің бәрін де көк сырмен сырлатқан екен. Адам кіріп шығатын есіктері бар. Далага шыққанында, Тобыл бойына барғандарында мен бірге жүрдім.

Ал, үйге келгенде олар залда болатын да, мен – көшір, басқа қонақтар қонақ үйде болдық. Ұбырайдың барлық бөлмесін көрдім. Бір бөлмесін қарағасам, жайнатып кілем төсеп тастаған. Шайы көрпе

төсеп, ақ жастықтар діңкиген. Бір бөлмесін ашып қарасам, қыз, келіндері отырган бөлме екен. Ол кезде қыз, келіндер отырган бөлмеге әуес кезіміз фой. Бөлменің іші сондай жасаулы. Граммофон дегенді тұнғыш рет сол Ұбырайдың үйінде көрдім. Аузы кең бір машина, бірде күліп, бірде өлең айтты, бірде айқайлап сөйлеп тұрды. Онда біздіңше оның ішінде шайтан бар дейміз. Граммофон мен тұрған оязной үйінде де жоқ еді. Онда болса көремін фой. Бірінше рет сол Ұбырайдың үйінен көрдім.

Осыдан кейін ұзамай арғын Сақау болыс қонаққа шақырды. Ояз сонда бармақшы болды. Ол кезде Тобыл тасып, сабасына түспеген кез еді. Бұл замандағы паром дегенді онда білмейміз. Ондағы пароммыңız он бес шакты үлкен бөшкені арқанмен тізіп, соның үстіне үлкен қайықты қойып, сонымен откіздік ояды. Сол жылы оядың осындай жүрісіне деп қыстай 60 атты семіртіп шыққанбыз. Сол 60 аттан таңдал, 6 атты екі пауескеге жегіп, ояды алып жүрдік. Осы жүрісті басқарып, үйымдастырыған мен едім.

Оядың қасында Қаржастың Хамзасы бар. Хамза оязда письмолдаушы болып істейтін, әрі Ұбырайга құда болатын. Хамзаны да, мені де сүйреп жүрген Ұбырай. Өйткені, Ұбырайды оязной бағалайды. Қазак арасындағы дауды Ұбырайсыз бітірген емес. Ал, Хамза екі бастан құдасы. Ұбырай оязға екеуімізді тапсырады. Мені «шала қазак» деп күлетін. Олай дейтіні, менің сөзімнің көбі орысша жүреді білем.

Ояз Қостанайдан шықкан күні Араның ішіндегі Қожық Елубай деген байдың үйіне конды. Жердің жаңа көктеген кезі еді. Ояз келеді деп 5-6 ерте құлышындаған биесін байлап, қымызын жинап отыр екен. Бір кезде ет келді. Жас ғойдың етінің үстіне кос қазы, жая салып асқан екен. Етті мен турадым. Мен етті турап болғанинан кейін жүрт ет жеуге кіресті. Сонда ояз Елубайға: «Ет жақсы, етті қаладағылар да жақсы көрет. О да есінізде болсын», - деді карқылдал құліп. Оядың сөзін Хамза қазақшалап Елубайға түсіндірді. Елубай: «Әбден, тақсыр, әбден», - деп, қолын қусырып, басын иді. Ояз, Хамза, Елубай үшеуі ет жеді. Еттің артынан қымың ішіп барып жатты. Тұнде ұзак уақыт сейлесті олар. Келесі күні ертенгі шәй келгенде күміс табакпен әдемі қуырдақ қуырып экелді. Содан кейін сәске кезінде жүріп кеттік. Сақау болыстың қонысы Обаган бойында болатын. Барған соң онда бір жеті жаттық. Сақаумен болыстыққа таласқан Сауытбай дейтін Шақа болатын. Осы сайлауда Сақау болыс болды. Сондықтан, Сауытбайдың елінен шақыратын адамдарға мен барып тұрдым. Бірақ тек жауап алғаны болмаса, бұл жолы ешқандай сиез болған жоқ. Сол кезде оядың жасы 60-қа келген кісі еді. Ал, Хамза

45 шамасында болар. Өйткені, самайына бірен-саран қылан өз кіре бастаған сияқтанды.

Алтынсаринді ояз Крейсмурдің қонаққа шақыруы

Ыбырай Алтынсаринді алғаш рет ояздың үйінде көрдім. Алтынсарин келеді деп ояздың үйі дүрлікті кеп бір күні. Қораның іші-сыртын, басқыштарды жудырды. Ат қораның тақтайларын жудырып, әбден састь. Мен келетін кісіні қазақ деп жүргенім жоқ.

Бір кезде үш күрөн төбел жеккен ақ пауескемен қоныраулатып келе қақпаға кірді. Ояздың қатын, баласы, өзі бәрі далага жүгіре шықты. Пауескеден көтеріп алатында жабырласып жатыр. Ыбырайдың алдындағы әдемі ерек баласын ояздың өзі көтеріп алды. Ыбырайды баласы сүйеп түсірді. Эйелін қызы сүйеп түсірді. Ыбырайдың әйелі кәдімгідей сол кездегі орыс халқының киімін киген. Басында жерге сүйретіліп жатқан ақ шәлісі бар екен.

Әйелімен екеуінің қатар отырғандағы қияптын қандай шешендердің тілі суреттеп жеткізе алмас мен түгіл. Бізге олардың үстіне кіру қайда онда, кешке дейін қонақ болды. Ояздың үйі бес-алты қаз, үйрек сойдырды маған. Неше түрлі тамактар әзірледі. Ыбырайдың әйелінің екі көзі тостағандай, екі беті алмадай, екі иығына екі кісі мінгендей зор адам екен. Бір кезде тысқа шығып, ерек баласын қақпаның алдына карай жетелеп жүрді.

Мен құдықтан су тартып жатыр едім, бала су сұрады шешесінен. Содан кейін менің қасыма баласын жетектеп келіп, «шырағым, сен қазакпсысың?» - деді. Мен олардың қазақ екенін сондағана білдім. Содан былайтын жерде баласы менің қасымда жүрді. Мен кешке дейін ояздың баласы мен екеуін ояздың ат арбасына мінгізіп алып, Тобылды жагалаттым. Олар сол күні кешке қайтты.

Мен содан бастап олармен араласып жүрдім. Жаз қымыз алуға жалғыз барып, келіп жүрдім. Сөйтіп, араласып жүріп Ыбырайға әбден жақтым. Содан бір жылдары сайлау болғанда ауылнай болдым. Биге кандидат болдым. Жарықтық, Үбекен қайдағы нашар адамды сүйейтін еді ғой. Міне, сол жақсылардың арқасында кісі қатарына кіріп отырғанымыз мынау...

Ыбырай мен Ахметбек

– Шырағым, мен Қылышбайдың Әлімін де көрдім. Оған да жолдас болдым. Бір бала сол Әлімдей-ақ туар. Қөнілі түскенді жарылқау қолынан келетін еді. Қаны қарайған кісісін қарғау да қолынан

келетін еді. Ол өмірде екі айтпайтын адам еді. Ыбырай өлгенде Қараман Қебектің үйі құлагандай болды. Қараман Қебек емес, бүкіл Орта жүз бол кайғырды гой. Ыбырай қайтқанда. Намазға арнап шақырылған ел былай тұрсын. Қостанайдың орыс казактары мен татарлары қала мен Ыбырай ауылының екі арасына сыймай кетті гой. Сонда Әлім, Омар қажы дегендерінді кісі танымай қалды. Ең жанашыр ағайындары гой. Сабаздың екеуіндегі күйінген адам болмаған шығар. Ыбекен қайтын деп қалаға хабар келгенде сол кездегі орыс төрелерінің қайысқанын көрсөніздер. Қашан Ыбырайды жерлеп болғанша, кенседе қызмет істеген адам кем болған-ақ шығар.

Ыбырайдан кейін жұлдызып шығып келе жатқан ол тұқымда Ахметбек деген жігіт болды. Ахметбек заң окуын бітіріп, содия болды. Қошқар деген қалага. Онда тұрганда денсаулығы кеми бастап Клушевой поселесіне келіп тұрды. Онда да содия болды. Сол кезде әжептәуір сырқат еді. Олардың тұқымына сондай сырқат душар болды. Сол Ахметбектің сүйегі осы Орынбор қауымында қалды. Ахметбек дертке шипа іздел, Қазанға кетті. Жылға жақын Қазанда жатып содан қаралып, әбден жанынан құдер үзгенде қайтады. Қазаннан келе жатып өзімен бірге бітірген, бірге оқыған бір орыс жолдасына тоқтайды.

Сапа молда деген кісі болады. Сол Сапаның кімнің баласы екені есімде жок, әйтеуір Алтыбас дейді. Сапаны үйіне жібереді де, барып кел деп, өзі сол досының үйінде қалады. Сапа елге барып, қайтып келерінен үш күн бұрын Ахметбек қайтыс болады. Бірақ өзі орыс жолдасына барлық жағдайды айтып түсіндіріп, Сапа келгенше қойма деп сұрайды. Сапа келгеннен кейін алға орыс жайлап ескертіп, содан кейін өзінің айтуынша мұсылманышылап татар қауымына қояды, сонан жазған Сапаның өлеңі бар еді. Ол өлең кезінде елге түгел жайылған болатын. Бірақ ұмытып қалыптын. Сапаның сол өлеңінде Ыбырайды да әдемі, орынды атап кетеді.

Алтынсары өлгеннен кейін Ыбырайдың шешесі Айман деген байбішені Қошан деген кісі алады, Қошаннан Оспан деген бала туады. Сол Оспанның баласы болатын Ахметбек. Ахметбектің бір кезі қысықтау еді.

Ерлердің бәрін аттандырып, тоқсаннан асып отырған жәй бар, шырағым. Бізге берген зайғы жасты кешегі Ыбырайларға берсейші, жасаған. Қайран сабаз 46 жасында өлді. Ер адамға ол жас па? - деп Хасен қарт әнгімесін аяқтады.

«Оз аузынан жазып алған Мәриям


«Ана тілі» газеті
21 қараша 2002 ж.

Абайдың қолтаңбасы

Жақында біз Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағатынан (ҚРОММ 369 кор. I тізімдеме, 871 іс) Абайдың өз қолтаңбасын таптық.

1903 жылы 25 сәуірде сол кездегі Семей уезінің шенеуніктері Навроцкий және тағы басқалар Абайдың үйіне тінту жүргізіп, артынан акт жасапты. Міне, осы актының соңына Абайдың өзіне қол қойғышыпты. Акт орысша жасалғандықтан Абай да өз қолын орысша қояды.

Абай өз қолын «Ибр. Кунанбаев» («Мих. Лермонтов» деген сиякты) деп қойған. Және көнігі қол қойғыштар секілді фамилиясының соңын шиырып тастапты.



«Қазақ әдебиеті» газеті
24 қараша 2000 ж.

Тағы да Абайдың қолтаңбасы турали

Абайдың қолтаңбасы турагы осы жылы 24 қарашада «Қазақ әдебиетінде» және 27 қарашада «Хабар-2» телеарнасындағы сұхбатымда халықта жариялап хабардар еткен едім. Ол игілікті істердің жүзеге асыруға мүмкіндік жасаганы үшін «Қазақ әдебиеті» газеті мен «Хабар-2» ұжымына алғыс ниетімді білдіремін.



Бірақ, «Қазақ әдебиетінің» 1 желтоқсанындағы №48 санында «Суретінің астына қолтаңбасы қойылды» деген мақаладағы «Абайдың атынан басқа біреу қойған емес пе?» деген құдік те бар» деген сөз бүл тақырыпқа қайта оралуға мәжбүр етті. Әділдігін айтқанда, Абайдың қолтаңбасын еріккеннен, не кездейсоқ мақтан үшін көпшілікке ұсынған жоқтыз. Өркениетті елдерде ел басқарушылардың, әлемге есімі танымал ақындар мен жазушылардың қолтаңбасын зерттеу бұрыннан қалыптасқан. Бүл тарихи, құнды құжаттар қатарында есептеледі.

Губернатор
Оренбургской Границы
и Казахстана.

СОВЕРШЕННО ПУТЕВИКА

и

ГУБЕРНАТОР

ОФИЦИАЛЬНОГО

ДИПЛОМАТИЧЕСКОГО

ГЕНДЕРЛИН

ГИМНАЗИЯ

С.С. 354.

1. Оренбург

5 Августа 1844 г.

- 1844.

(Всемилостивые отеческие
силы на счастье Государственной
Городской Думы города Чебоксарского
приказана Пограничной Комиссии
отдела 39^о утверждено Адмиралтей
н. 3562, въ заседании члену бывшему
Губернаторскому Комиссии Чебо-
кской Думы по делам Орен-
бургской губернии города Чебоксары
о воспроизведении Казанской и
Оренбургской пограничной
и Башкирской волостей до
брояльных селен с Киргизами,
расположенных сюда, для соединения

02728 39^о утверждено Адмиралтей
н. 3562, въ заседании члену бывшему
Губернаторскому Комиссии Чебо-
кской Думы по делам Орен-
бургской губернии города Чебоксары
о воспроизведении Казанской и
Оренбургской пограничной
и Башкирской волостей до
брояльных селен с Киргизами

Ал, бізде, Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағатында, арғы жағын айтпағанда, Жәнгір ханнан бастап ел басқарушылардың (жергілікті болыстар мен билердің) қолтаңбалары мен мөр бедерлерінің көпшілігі сақталған. Оны зерттеу, халықта таныстыру, насиҳаттау колға алынбай отыр.

Абайдың болыс, тәбе би болып ел басқарған кездеріндегі құжаттарда қолтаңбалары қалмады ма еken деген ой бізді де мазалады. Сонымен іздеуге кіріскенде 1885 жылы мамыр айында өткен Павлодар, Қарқаралы, Семей, Өскемен, Зайсан дуандарының жақсылары мен жайсаңдары жиналған Қарамола съезінде қабылданған қазак тарихындағы түңғыш Ереже-Занға кездестік. Оған патша шенеуніктерінен басқа 45 адам кол койған деп көрсетілген. Өкінішке орай, бұл құжат көшірме болғандықтан, ол әлгі 45 зиялды азаматтардың қолтаңбалары болмай шықты (ҚРОММ 64 қор, I тізімдеме, 2093 іс, 7-45 п.).

Оның үстіне Абайдың болыс, тәбе би болған кездеріндегі құжаттар қолда болмағандықтан оның араб әрпінде қойылған қолтаңбасы да кездеспеді. Тек Семей уезінің бастығы Навроцкийдің 1903 жылы 25 сәуірде Абай (Ибраһим) Құнанбаевтың үйіне тінту жасаған кезіндегі қаулыдағана оның «Ибр.Кунанбаев» деп ширатып қойған қолы көзімізге ыстық көрінді.

Ал енді, оқырмандарға түсінікті болуы үшін «Ибр.Кунанбаев» деген қолтаңбаның орысша қойылу себебіне келсек, оны былайша ұзатынқырап әңгіме етеміз.

Тарихи деректерге, мұрағат мәліметтеріне қарағанда патша үкіметі әу бастан-ақ қазақтарды мұсылман дінінен бездіруді өздерінің басты саясатына айналдырғанына көз жетеді. Қазақтарды жекелеп емес, үй-ішімен, ауылымен шоқындыруға кірісті. Башқұрттар мен татарлардың қазақтармен қызы алып, қызы беру рәсімдеріне тыйым салды.

Қазақтарды мұсылман дінінен бездіру үшін 1876 жылдан бастап қазақ болыстарындағы татар, башқұрт тілмаштар мен хатшыларды еріксіз ығыстырып, олардың орнына орыстарды қойды. 1876, 1877 жылдары қазақ болыстарының іс-қағаздарындағы араб графикасының орнын орыс графикасымен ауыстырды. Іс қағаздарын жоғары орындарға тек орыс тіліндеғана жазуды міндettеді. Мектептер мен мешіттерді салуды, қажылыққа баруды шектеді. Діни мекемелер жабылды.

Бұлардың барлығы халықтың намысына тиді. Намысты, жігерлі, қызу қанды азаматтар бұған шамданды. Оның бірден-бір дәлелі 1903 жылы Қекшетау уезінен Ресей Ішкі істер министрлігіне жазылған

В. П. И.

ОРЕНБУРГСКАЯ
ДУХОВНАЯ
КОНСИСТОРИЯ.

Chand 3

26. September 1880.

J. P. K. 1894.

С. ОРЕНБУРГЪ

P H. J. Schenckius M. D.



Г. Жапалаков шоқынғанаш кейін «Георгий» есімін
адғанын хабарлаган күжат, 1880 ж.

мына арыз-шағым: «...1901 жылдан бастап тыныштықтан айырлық, бәлеге душар болдық. 19 сентябрь күні Троицкий дейтін ояз Көкшетау өніріндегі жеті болыс елдің болыстары мен билерін жинап алғып, мынадай жарлыкты оқыды: «Сендер, қырғыздар, бұрын мұсылман дінінің заңы – шаригат бойынша өмір сүріп келген едіндер. Мұның өзі әбден ескірген устав... Енді шаригат заңын уағыздаушы молдалар жауапка тартылады» дегенді айтты» (ҚРОММ 64 кор, 1 тізімдеме, 938 іс, 137 п.).

Міне, осындай қатыгез саясатқа қарсы үн көтергендердің бірі Шәймерден Кошығұлов еді. Ол өзінің үкімет алдына қойған ұсынысын қолдатқызу, мұсылман дінін қорғау үшін мұсылмандардың жиынын өткізу жөнінде ақылшы, қамкоршы болады деп Абайға, Садуақас Шормановқа, Кеншинге хаттар жазды.

Бұл хаттар Ақмола, Семей облыстарының әскери генерал-губернаторлары мен полицмейстері тараپынан елеусіз қалмады. Оларға хаттың қай күні жазылғаны, қай жерге барғаны, кімге тапсырылғаны белгілі болып тұрды. Мәселен, Семей полицмейстері қызметін атқарушы Бухартовский Семей облысы әскери губернаторының 1903 жылғы 10 сәуірдегі №97 жолдауы бойынша Ақмола облысынан 7 наурызда жіберілген хаттың Ибраһим Құнанбаевтың атына «№802 хат келді. Ол 18 наурызда Арқатқа жеткізілді» деп мәлімдеді (ҚРОММ 369 кор, 1 тізімдеме, 871 іс, 144 п.).

Ал уез бастығы Навроцкийге Семейдің генерал-губернаторы 1903 жылы 18 сәуірде №111 хатпен Құнанбаев Абайдың тұратын үйіне тезірек аттанып, оның үйіне мұқият тінту жүргізуді, онан алынған барлық хаттарды озіне жеткізуді тапсырды (Аталған істің 42 п.).

Міне, осы тапсырманы алған Семей уезінің бастығы Навроцкий сәуірдің 25 күні Ибраһим Құнанбаевтың қыстауы мен үш киіз үйін және Абайдың балалары Магауия мен Тұрағұлды, Шынғыс болысының болысы Рызықбай Құдайбердинді, уез басқармасының бастығының хат жүргізушісі Оспановтарды күә есебінде қатыстыра отырып, тінту жүргізді. «Көкшетаудан алған хаттар қайда?» - деген Навроцкийдің сұрағына ақылман Абай: «Осыдан екі күн бұрын Тұрағұлға бердім», - деп жауап берген. Ал, Тұрағұлға: «Әкеп берген хат қайда?», - дегенде, ол: «Шылым орау үшін Шынғыс болысының болысы Рызықбай Құдайбердинге бердім», - деген. Сол жерде Рызықбайды тінтігендеге оның бешпетінің жан калтасынан хат табылған.



Ш. Кошығұлов



Абай (Ибраһим)



Тұрагұл



Магауия

Семей уезінің бастығы Навроцкий осы жағдайдың бәрін анықтап, сол үйдің ішінде сол күні, яғни, 25 сәуір 1903 жылы, тінтудің корытындысына қаулы шығарады. Оған тінтуге қатысушылар әрі күәгер ретінде Абай, Тұрагұл, Магауия және Рызықбай мен Навроцкийдің өзі қолдарын қойған.

(КРОММ 369 қор, I тізімдеме, 871 іс, 145-146 п.)

Навроцкий

Біздің Абайдың қолтаңбасы деп танығанымыз осы тінтудің корытынды қаулысына қойған Абайдың өз қолы. Бір ескеретін жай қолтаңбалардың бәрі анық.

Абай – «Ибр.Кунанбаев» деп шиырса,

Ибр. Кунанбаев

Магауия – «Магавий Ибрагимов»

Магавий Ибрагимов

деп сұлу жазған,

Тұрагұл – «Турагуль Ибрагимов» деп,

Турагуль Ибрагимов

Рызықбай – «Құдайбердіұғлы» деп, арабша

Рызықбай

қол қойған.

Шатыстыратында, не көміскіліктен күмән келтіретіндегі еш нәрсе жоқ. Абайдың өз қолтаңбасы деуіміздің тағы бір дәлелі Семей әскери генерал-губернаторының тікелей тапсырмасымен келіп тінту жүргізіп отырган Навроцкийдің Абайдың орнына екінші біреудің колын қойдыруы мүмкін емес. Бұл ой ақынга сыймайды. Карга

қарғаның көзін шұқымайды. Генерал-губернатордың тапсырмасына жалғандық араластыруға, облыстық бастықтың көзін бояуга баруға уез басшысы еш уақытта бармайды. Оның үстіне хат иесі бұл кезде абақтыда жатыр. Хаттың арты тергеу, сот болатынын Навроцкий білмейді емес.

Міне, осыларға сүйеніп қаулыға қойылған қол Абайдың өзінің колы деп берік айта аламыз. Ал. Абай неге «Ибр.Кунанбаев» деп орысша койды дегенге келсек. ол түсінікті жағдай. Абай болыс, төбе би болған кезде іс қағаздары орыс тілінде, ал қазақша іс қағаздары орыс графикасымен жүргізілді. Оның үстіне жоғарыдағы қаулы орыс тілінде. Сондықтан Абай бұл қаулының уезден асып, облыстық әскери губернатордың колына тиетіндігіне зердесі жетті. Оның үстіне Абай 1876-1877 жылдан бастап қазақ бولыстарының іс қағаздарының орыс графикасына көшкендігінен толық хабардар. Сондықтан бұл жерде Абайдың бұл қолтаңбасын орысша емес, қазақша қойылған қолтаңба деп ұғуымызға толық негіз бар.

Айналып келгенде айтарымыз, бұл қолтаңбага күмәнданатын негіз жок. Біз әнгіме етіп отырған құжат 353 парапттан тұрады. Ол 1903 жылды 16 наурызда басталып 1905 жылды 7 желтоксанда аяқталған.

Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағатында 97 жыл сақталған бұл құжатты 1969 жылға дейін канша адамның қарал пайдаланғаны бізге белгісіз. Өйткені ол жөнінде дерек жок. Ал 1969 жылдан бері 19 адам қараған екен. Олардың ішінде профессор да, ғылым кандидаты да, жазушылар да, тілшілер де, зерттеушілер де бар. Бірақ көрү бар, көрсету бар. Жазу бар, жариялау бар. Пайдалану бар, пайдаға асыру бар. Бұл сөздердің айырмашылығын жүрт жақсы біледі.

Рас, жоғарыда аталған құжатты пайдаланушылардың ішінде С.Байжанов та, Б.Байғалиев те қолдарын қойған. Марқұм Сапар Байжанов өзінің «Абай және архив» («Ғылым», 1995 ж.) кітабында: «Абайдың «Ибр.Кунанбаев» деп орысша жазған қолтаңбасы ...оз кезінде орыс тілінде шығып тұрған көптеген газет-журналдарын жаздырып алғып оқыған Абайдың орысша сауатты, орысша әріптерді әліптеу мәнері жайында бұлтартпас далел болатын тарихи, ғылыми баға жеткісіз дерлік айғактың бірі», - дейді. Бұған қосымша жоғарыдағы пікірімізді толыктырып дайектеу үшін С.Байжановтың осы кітабынан тағы бір деректі көлтіруді жөн санадық. Ол Абайдың 1898 жылды 18 маусымда Мұсажан Әкімғожиннен көрген забіріне байланысты Сенатка жазған шағым хатының Петербург мемлекеттік тарихи мұрағатынан табылғанын айта келіп: «Мұндағы қолтаңба да

Республика архивінде сақталғаны бізге мәлім Абай қолтаңбасына өте-мөте дәл келеді» деген пікірі (86 б.). Міне, көріп отырсыздар, «Ибр.Кунанбаев» Абайдың өз қолтаңбасы екендігін осы деректер толық дәлелдейді деп білеміз.

Бір сөзбен айтқанда, Абайдың қолтаңбасына күмәндандының орнына бізге мұра болып қалған бұл қолтаңбаны тәу етіп, оған қуанып, марқайып, мактануымыз, насиҳаттауымыз керек.

«Қазақ әдебиеті» газеті
8 желтоқсан 2000 ж.

Махаббатсыз – дүние бос емес, дос

Осы жылдың 26 маусымында Н.Рсалиеваның «Ана тілі» газетінде жарияланған «Баспа мен баспасөзге сөз» деген көлемді мақаласындағы 2002 жылы «Жазушы» баспасынан шыққан Абай шығармаларының екі томдық толық жинағының I-том 120-бетіндегі тілге тиек еткен екі шумақ өлеңге байланысты пікір айтуды жөн көрдік. Автордың сілтемесі бойынша «Ұлы Абайдың толық жинағы да бір көзін қысып шығыпты» деуге итермелеген сөздерге көз жеткізу үшін деректер іздестірдік.

Оларды Абайдың әдеби хатшысы Мұрсейіт Бікеұлының қолжазбасымен салыстырдық. Сонда мына жағдайларға көз жетті. 1961 жылғы Абай шығармаларының біртомдық жинағында (алғы сөзін жазған Мұхтар Әуезов, редакциясын қарап, түсініктерді, жана материалдарды толықтырып баспаға дайындаған Әбіш Жиреншин):

...Махаббат – өмір көркі рас

Өлген ол да үн демес.

Махаббатсыз – дүние бос

Хайуанға оны қосындар. - деп жазылған.

(Аталаған жинақтың 170 б.)

Осы жерде ескеретін бір мәселе Ә.Жиреншин «Кейде есер көніл күргірын» өлеңіне берген түсініктемесінде: «1909 жылғы жинақ және Мұрсейіт қолжазбалары негізінде басылып отыр» (590 б.) дегенімен жоғарыда біз астын сыйған сөздерді өзінше өзгертип, кате жазған. Ә.Жиренишиннің осы қателері 1976 жылы «Жазушы» баспасынан шықкан «Абай өлеңдер жинағына» да (алғы сөзін жазған М.Әуезов, редакторы А.Ахметов) түзетілмesten, түсінік

берілместен енгізілген. Оның үстіне бұл қателер 1987 жылғы Абай өлеңдерінің «Мектеп кітапханасы» айдарымен «Мектеп» баспасынан шыққан (алғы сөзін жазған М.Әуезов, пікір жазған С.Макпиров, редакторы Нұрпейісова) Абай өлеңдері жинағында жоғарыдағы екі басылымда «Кейде есер көңіл құрғырың» қалай жазылса сол күйінде көшірілген.

Баспаларға да, зерттеушілерге де, жүртшылыққа да әділ қазы, жүгінерлік нақты нысана Абайдың әдеби хатшысы Мұрсейіттің қолжазбасы. Жоғарыдағы айткан ойымызды нақтылау үшін енді Мұрсейіттің қолжазбасын қаз-қалпында тындалап көрейік:

Кейде есер көңіл құрғырың = Махаббат ізден талпынар =
 Ішем деп бейнет сузынын = Асая жүрек алқынар =
 Тартқан бейнет өткен жас = Жүректің отын сөндірмес =
 Махаббат өмір көркі рас = Өлген соң ол да үндемес =
 Махаббатсыз дүние дос = Хайуанға оны косындар =
 Қызықтан өзге қалсан бос = Катының, балан, досың бар =
 Жүргі жұмсақ білген құл = Шын дос таптай тыншымас =
 Пайда мақтан бәрі тұл = Доссыз ауыз тұшымас =

Абай өлеңіне тыныс белгі койылмаған әрі әр тармақ алдына = белгісін қойып жоғарыдағыдан тізбектеліп жазылған. Бұл Абай шығармаларының кейінгі жинақтарында қалыпқа түскен, тармақтар бойынша орналастырылған.

(FA кітапханасы, 1395. Абай өлеңдерінің қолжазбалары. 1905 ж. 1920 сейф. Абай Құнанбайұлының өлеңдері. «Кейде есер көңіл құрғырың» өлеңінің соңына (37 бет) «1890 г.» – орысша, «1890» – арабша мерзімі көрсетілген.)

Мұрсейіттің қолжазбасындағы әңгімеге арқау болып отырған өлеңдегі «Өлген соң ол да үндемес», «..Махаббатсыз – дүние дос» тармақтары озгерілместен біз караган Абай жинақтарының 1948 жылғы Абай (Ибраһим) Құнанбаев шығармаларының толық жинағында (редакциясын) карагандар: филология ғылымының доктор-

лары Н.Сауранбаев, М.Сильченко, проф. М.Әуезов, Е.Смаилов, жазушылар: С.Мұқанов, Ф.Мұстафин, жауапты редактор Н.Сауранбаев); 1954 жылғы жинағында (текстерін қолжазбамен салыстырып, зерттеп, шығармаларға комментарий жазғандар: З.Ахметов, И.Дүйсенбаев, Ф.Әбетов); 1957 жылғы Абай өлеңдері (1-том) жинағында: (редакторы М.Әуезов, мүшелері: С.Кеңесбаев, З.Ахметов, И.Дүйсенбаев); 1986 жылғы жинағына (шығарушылар З.Ахметов, М.Қаратаев) енгізілген. Тек 1986 жылғы жинақта «Махаббатсыз – дүние бос» деген сөзге «дүние қоңыз» деп түсініктеме берілген. Дау тудырып отырған бұл екі тармақ Абай энциклопедиясына және 2002 жылғы жарық көрген 1-томға да каз-қалпында алынған.

Сондықтан Абайдың 150 жылдық мерейтойына арналып шыққан Абай энциклопедиясында «Кейде есер көніл құрғырың» өлеңіне берілген түсініктемені жүртшылық назарына ұсынудың артықшылығы болmas. Өйткені «Махаббатсыз – дүние дос» болуы сонда толық түсіндірілген. Тыңдалап көрелік:

«Абайдың 1890 жылды жазған өлеңі. Туынды ақынның кемеліне келген кезінде жазған, махаббат такырыбындағы шоқтықты шығармаларының бірі. Оның пайымдауынша адам «қартайып, қайғы ойлаған» заманда да махаббат адам көркі, оны көніл құрғырдың іздеуі заңды. Қазақ қоғамының бар бітімін бажайлап, жақсылық жамандықтарын байсалды парықтаған ақын адамды куанышбақытқа бастар бір жол – махаббат деп біледі.

Ақын кырық жастың жуан ортасына шықса да бастиқпаган асау көнілді есерге тенейді. Мұнысы әдемі жарасым тапқан, жағымсыз есер туғызбайды. Қайта «тартқан бейнет, өткен жас жүректің отын сөндіре алмайды» деген корытындыға келеді. Махаббатсыз адам хайуанмен бірдей, оған дүние ғана дос. Өмірдегі екінші бір қызығың – «қатының, балаң, досың». «Пайда, мактан бәрі – тұл, доссыз ауыз тұшымас» деген корытынды ойды жөн көрдік».

(Абай энциклопедиясы, 274 б.)

Осындай деректерге, тұжырымдарға сүйеніп «Жазушы» баспасынан шыққан Абайдың бірінші томына енген жоғарыдағы өлеңге берілген түсініктемеде «өлеңнің басылуында кеткен қатесі түзетілді» дегені дұрыс, мақалада айттылған «құмәнді» сөздер түпнұсқамен сәйкес, оған өкініш білдіретіндей еш нәрсе жоқ, жүртшылықты адастырып жүрген жоғарыда аталған басылымдар демекпіз.

Махаббатсыз – дүние «бос» емес, «дос» болғаны дұрыс.

Қолжазбада
21 шілде 2004 ж.

Мұрағатта 100 жыл

жатқан мұра

Ақат Қарымсақов санаулы зиялды қауым болмаса елімізге жеткілікті танылмаған есім. Оның бірнеше дастандары, өлеңдері кезінде баспа орындарынан жарық көрсе де, бірнеше тілді жетік менгерген діни ғұлама болса да Семей, Қарқаралы, Шығыс Қазақстан, Алтай өнірлерімен шет елдегі қандастарымыздан басқаларға әлі күнге кең тарамаған.

Сондықтан Ақат өмірінен оқырмандар хабардар болуы үшін У.Қыдырханұлының дерегін толық келтіруді жөн көрдік.

«Ақыт Үлімжіұлы Қарымсақов (А.Алтайский) 1866 жылы Шыңжан өлкесі, Алтай аймағы. Көктогай ауданында туған. Араб, парсы, түрік, орыс, монгол тілдерін білген ақын. 1907 жылы Меккеге барған. 1912 жылы Керей еліне қазы сайланған соң мешіт салдырып медресе ашқан. 1939 жылы Гоминьдан үкіметі тұтқынға алып, мешітін талқандап, кітаптарын өртеген. Өзін 1940 жылы түрмеде азантап өлтірген....1891-1914 жылдары Санкт-Петербург, Қазан баспаларынан Ақыттың «Жиһанша», «Сейфіл-Мәлік-Бәдігүл-Жамал», «Абият-ғаһидия», «Сейіт батталғазы», «Ишан Махмуд» аталатын кітаптары жарық көрген. Оның шығармалары «А.Алтайский» деген бүркеншік атпен «Айқап» журналына да жарияланып тұрған. Ақыт өлеңді алуан ырғакта насиҳат, назира, ғаклия түрінде жазған. Ой толғауда Абай мәнеріне ден қояды. Абай өлеңдерін үлгі ете отырып «Ақыл түбі» өлеңдер топтамасын жазып шықкан. «Адамның жасы», «Асан ата», «Керей шежіресі» кезінде ел арасында кеңінен тараған».

(«Қазақстан» энциклопедиясы, 236 б.)

Бұл деректерге караганда Ақаттың қазақтың әдебиет тарихында күні бүгінге дейін есімі аталауы мүмкін емес. Амал не, танымал болмаган. Оның бірнеше себебі бар.

Біріншіден (ең бастысы да осы болуы мүмкін), Ақат Қарымсақов орыс отарлаушыларына карсы өлеңдер жазған. Бірден-бір дәлелді дерек оның 1892 жылы жарық көрген «Сейіт Жағыпар қиссасы мен ғазалы» деп білеміз. Бұл пікірімізді осы кисса мен ғазалыға байланысты Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағатында «Ішкі істер полиция департаментінің күпия циркуляры» деген 1901 жылдың 15 кантарында анылған іс дәлелдейді (КРОММ 15 қор. 2 тізімдеме, 359 іс).



А. Қарымсақов

Мұрагатта 100 жылға жақын сақталса да беті ашылмаған бұл қиссага байланысты бұл іспен танысқанымызда «Сейіт Жағыпар қиссасы мен Ақат Алтай ғазалы» кітапшасы Карқаралы уезінің сол кездегі бастығы капитан фон Киництің колына кездейсоқ түседі. Себебі, Киниц жергілікті халықтың тілін оқып жаттығу үшін өз кеңесіндегі аудармашы Бекметовке қазақ тілінде басылған кітаптарды тауып беруді тапсырады. Бекметов Киницке қазақ тілінде, араб әрпінде жазылған 22 кітап әкеліп береді.

Соның ішінде патша цензурасының рұқсатынсыз басылған Ақат Қарымсақовтың жоғарыда аталған кітабы Киництің назарына ілігеді. Ол бірден Бекметовке, кейін аудармашы Д.Шевелевскийге осы кітаптың мазмұнын аудартады.

Д.Шевелевский: «Кітапша 1892 жылы 7 августа жарық көрген. Кітап Өр Керей руынан шыққан Ақат Қарымсақовтікі. Ол – мұсылман дінін, қазактар арасындағы әдет-ғұрыптарды түсіндіруден бастап қазақ даласында кәпірлердің (орыстардың) қалалары мен селоларының көбеюі, олардың үстемдік етуі, билеп-төстеушілігі, малды, жанды, мұлікті тізімге алуы халықты еркінен айырады, дінінен, тілінен, әдет-ғұрпынан бездіреді. Сондықтан мұсылман дінін қалпына келтіріп, кәпірлердің (орыстардың) үстемдігінен күтылу үшін барлық ру болып күреске шығуымыз керек деген үндеу кітап» деп аударып берген (ҚРОММ 15 қор, 48 б.).

Отқа май құйған бұл сөздер ішкі істер полициясының департаментіне, Қарқаралы уезінің бастығы капитан фон Киницке, Семей облыстық генерал-губернаторы Ницкевичке жай оғынданай әсер етті. Жаны шығып, жер-жерге тыңшы жіберді. Сезіктілерді іздестіруге кірісті. Ницкевич 1901 жылы 18 қазанда Қарқаралы уезінің бастығы Киницке №165 санды құпия хат жазып: «Бұл кітапшаны кімнен, қашан тәркіледіңіз, авторын жауапқа тарту үшін оның кім екендігін, кітапшаның қазактар арасында таратылу тәсілін маган тез хабарла» деп бұйрық береді (аталған істің 49 б.).

Онан шұғыл түрде қанағаттанарлық жауап ала алмаганинан кейін генерал-губернатор сол жылғы 11 желтоқсанда (№197) қайталап сұрауга мәжбүр болды.

Бірақ, генерал-губернатор қаншама зәрін тігіп, іздестіруді тез-деттуді тапсырғанымен, Киниц ешбір иетиже шығара алмады. Ақыры 1901 жылы 20 желтоқсанда Семей облыстық әскери генерал-губернаторға: «Шығыстан келетін барлық зат дүкендерін, Ботов жәрменкесіндегі кітап сататын лавкаларды өзім тікелей актарып карадым. Бірақ цензурашың рұқсатынсыз басылған қазақ, татар тілдеріндегі кітап табылмады. Мүмкін менен бұрын оларды тығын

тастаған болар. Қаржы тапшылығынан тыңшылар арқылы іздестіруге мүмкіндік жоқ. Тыңшылыққа бұрынғы поручик Бекметовті пайдалануға болар еді, бірақ ол, өкінішке орай, фанатик мұсылман. Ол сенімді актайды деп айту киын» деген өте құпия рапорт тапсырады.

Бекметов те бұл кітапшаның саяси астарын кезінде түсінбей Киницке тапсырғанмен, оның аяғы жақсылыққа апармайтынын сезген және оның барысынан қауіптенген болар. Сондықтан ол берген барлық жауаптарында «туыскандарымның, таныстарымның бәрін арапап шықтым, кітапты шашылып жатқан жерден жинадым. Кімнен, қандай жағдайда алғанымды білмеймін» деген сөзден танбаган. Сондықтан: «...Бекметовтың сыртынан тыңшы қойдым. Қазак болыстарындағы казак тілін біletтін орыс хатшылары мен тілмаштарына арнайы тапсырмалар берілді», - деп хабарлады Киниц генералға. Бұл кітапшаны іздестіру мұнымен тынған жоқ. 1902 жылы Қоянды жәрменкесіндегі кітап дүкендеріне арнайы тыңшы шенеуніктің тінту жүргізгені тегін емес (КРОММ 15 кор. 53 б.).

Ақаттың қазак арасына есімі кең тарамаған деуіміздің бұл бірінші себебі болса, екінші себебі – бұл кітапша. У.Қыдырханұлы айтқандай. Ресей баспаларында басылмаған.

Олай дейтініміз – Э.Жиреншинің «Қазак кітаптарының тарихынан» (Алматы, 1971 ж.) Мәскеу, Санкт-Петербург, Қазан, Та什кент, Уфа, Бұхара қалалары мен Қазақстан аймағындағы баспалардан шыққан кітаптардың қашан, қайда шыққаны, олардың авторлары, баспа иелері, кітапты жинаушылардың тізімінде Ақат туралы де-ректің берілмеуі деп білеміз. Өйткені, У.Қыдырханұлы айтқандай, «Сейітбаттал» Қазан баспасында басылған болса, жогарыда аталған тізімдерге енгізілмеуі мүмкін емес. Ол тізімдермен қазақ әдебиетінің тарихын зерттеушілер де, оқырмандар да хабардар.

Сондықтан У.Қыдырханұлының «Сейітбатталғазы киссасы Ресей баспасынан шықты» деуі ағаттық. Олай дейтініміз – «Семей әскери генерал-губернаторы Ницкевичке Қаркаралы уезінің бастығы Киниц 1901 жылы 20 желтоқсанда жазған құпия рапортында: «...Бұл кітапша Константинопольде басылған болуы керек» деп көрсеткен. Оның үстінен Ақаттың бұл кітапшаны бастыру жөнінде қайта-қайта есіне алып отырған нөгайы Ыбырайхан Сапарғалиұлы Санкт-Петербург, Қазан баспа қызыметкерлерінің тізімінде кездеспеді.

Тағы бір дәйекті дәлеліміз: 1865 жылғы 6 сәуірдегі Баспа жөніндегі заңының III-тарауының 12-бабы және цензура жөніндегі 79-бабы мен 1865 жылғы 10 тамыздағы Баспа ісі жөніндегі Баспа қарманың циркуляры. Бұл құжаттарда баспадан шыққан кітаптар

(тек кітаптар ғана емес, жарнама, хабарландыру, афишалар да – З.И.)
Ішкі істер министрлігінің Бас басқармасына жіберу міндептелген.

1870 жылы 20 қазанда бұл заңдардың баптарымен баспаларға өзгеріс енгізілді. Ресей Ішкі істер министрінің Баспа ісі жөніндегі бас басқармасының менгерушісі генерал-майор Шидловский: «...Баспа бастығы бұданбылай кітап басылмастан бұрын қолжазбаны цензураға жіберсін. Цензура тексеріп рұқсат бергеннен кейін ғана басылатын болсын», - деп Ресейдің барлық губернаторларына тапсырма берді.

Олай болса, бұл кітапша Ресей құзырындағы баспаларда жарық көрсе, ол баспаның, цензураның назарынан тыс қалуы, не тәркіленбейі, басшыларының жауапқа тартылмай қалуы және кітапша жарық көргеннен кейін 9 жылға дейін цензураның көзіне түспеуі мүмкін емес. Сондықтан кітапша шетелде басылып, қазақ даласына жеткілікті тарамаған деп ойлаймыз.

Оның устіне қазак арасына Ақат мұрасының бірлі-жарым таралғанына, әсіреле Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағатында бір ғасыр бойы жатқан бұл кітапшаның жүртқа белгісіз болуының басты себебі Коммунистік партияның саясаты екенінде ешбір дау жоқ. Себебі, жоғарыдағы аталған істе көрсетілгендей, бұл кітапша орыс отарлаушыларына, дінді кудалаушы коммунистерге тікелей қарсы жазылғандықтан, зерттеушілерге де, оқырмандарға да жарылуға дайын тұрған қауіпті бомбадай әсер еткендіктен оған назар аударылмаған.

Ақат Қарымсақовтың есімі елімізге жете таныс болмағандықтан, «Қазақстан» энциклопедиясындағы (Алматы, 1998 ж., 1 т.) У.Қыдырханұлының деректеріндегі кейбір ағаттықтарды да айта кетуді жөн көрдік.

Атап айтқанда, У.Қыдырханұлы «Ақыт Үлімжіұлы Қарымсақов 1866 жылы туған» деп көрсетеді.

Бізше, бұл жаңсак. Оған Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағатындағы «Сейд Жагыпар Әулие Сұлтан Сейд қиссасы мен Ақат Алтай ғазалының» тілге тиек етеміз.

Себебі, біріншіден, Ақаттың өзі жоғарыда аталған қиссасының ең соңғы бетінде:

...Қолыма алдым қаламды,

Үлгі қылдым заманды.

Файып етпе жарапдар,

Жиырма алты жасымда жазылды.

Румияның 1894 жылы 7 авгусында. - дейді.

Бұған қарағанда Ақат 1866 жылы емес, 1868 жылы өмірге келген.

Екіншіден, Семей полиция департаментін, Қарқаралы уезінің басшысы Киницті, Семей генерал-губернаторы Ницкевичті де алатайдай бұлдіріп, артына қызыл бұрыш қыстырган Ақаттың бұл қиссасы жөніндегі 1901 жылдың 15 қантарында ашылған іске қараганда, кітап 1892 жылы Константинопольде басылған. Сонда Алтай мен Константинополь арасы атшаптырым, не айлық жер емес, қыырдағы Константинопольге қолжазба 1892 жылы жетіп, бірден баспа бетін көруі екіталай. Бізше, Ақат қолжазбасы 1892 жылдан бұрын жеткізілген. Өйткені, Ақат бірде қиссаны «жиырма-ак жасымда», бірде «жиырма алты жасымда жаздым» дейді. Жиырма жасында қисса жазса, Ақат 1864 жылы туған болады.

Осы жерде айта кетерлік бір керегарлық – Ақаттың «Қиссаны Румиянның 1894 жылы 7 авгусында жаздым» деуі. Олай болса, қисса баспадан шыққаннан екі жыл кейін жазылған болып шығады. Бізше, бұл 2-ні 4 етіп жазған әріп терушінің қатесі болуы керек. Кітаптың қолжазбасынан екі жыл бұрын Константинопольде басылуы ақылға сыймайды.

Тағы бір айта кетерлік мәселе – У.Қызырханұлы жоғарыда аталған «Қазақстан» энциклопедиясында «Ақыт Үлімжіұлы Қарымсақов» деп көрсетуінде де дәлдік жоқ дейміз. Бізше, есімі Ақыт емес – Ақат, әкесінің аты – Қарымсақ, атасы – Үлімжі деп білеміз.

Оған дәлел мынау: біріншіден, қиссада да, ғазалда да өз есімін *Сәф*/ деп жазған. Олай болса, бұл есімде «Ы» емес, «А» әрпі оқылуға тиісті.

Екіншіден, біз әнгіме етіп отырған «Қисса Сейіт Жағыпар» кітапшасының 12-бетінде:

...Ұрығы ер Ғалидың Сейітбаттал
Жазарға Ақат фақыр болар жүйрік.
Фарібің мұны жазған Ақат атты
Баубекте Үлімжі атам мұақы затты,

- деп Үлімжі оның әкесі емес, атасы екенін айқындал тұр.

Үшіншіден, осы кітапшаның «Ақат Алтай ғазалы» атты бөлімінде:

...Мұны жаздым бір күні
Үш жүз он үш бү жылы
Атым Ақат Өр Керей
Қарымсақ байдың ұғылы,

- деп әкесінің кім екендігін соқырга таяқ ұстатқандай етіп көрсеткен.

Төртіншіден, Д.Шевелевский: «Кітапшаның авторы Өр Керей руынан шыққан қазақ Ақат Қарымсақов» деп дәлдеп нақты жазған.

У.Қыдырханұлы жоғарыдағы макаласында: «ой толғауда Абай мәнеріне ден қояды» деп жазады. Әрине, біз Ақаттың барлық туындылары қолымызда болмағандықтан кесіп пікір айта алмаймыз. Ақат шығармасына жан-жактЫ баға беру – зерттеушілердің үлесіндегі іс. Тек қолда бар ғазалына қарғанда. Абайдан гөрі Ақаттың Шортанбай мен Дулатпен сарындас екені айдан анық екенін айтуды жөн көрдік.

Қорыта айтқанда, бұлардың барлығы Ақаттың шығармашылығын зерттеуге дүре тимегендігін, егемен елімізге оның есімі әлі жете тарамағандығынан туып отырған жай. Ол – қазақ әдебиетінде өзіндік орны бар, зерттеуді қажет ететін мол қазына, халықтық мұра, ауқымы кең дүние. Сол мол қазынаның бірі – «Сейд Жағыпар Әулие Сұлтан Сейид қиссасы мен Ақат Алтай ғазалы»...

«Ана тілі» газеті
8 қараша 2001 ж.

«Шын қазақ ұлы» – Орынтай Құрымбайұлы кім?

Біз әңгіме еткелі отырған кісі ағайынды Кәрімовтердің Қазандағы баспаханасынан қазақ тілінде жарық көрген 115 кітаптың бірі – 1900 жылы «Насихат әл қазакия» деген атауымен шыққан еңбектің авторы – Орынтай Құрымбайұлы.

1924 жылы «Қызыл Қазақстан» журналының №4 санында «Қазақ баспасөзінің тарихынан» деген макалада: «Насихат әл қазакия» кітабы, оның авторы Орынтай Құрымбайұлы туралы...» деп келеді де: «...Орынтай жасында оқыған. Сол оқуының арқасында Меккеге де барып дүние көрген адам. Заманына қарғанда кітап әдемі харіппен, тұзу емлемен, көрнекі болып басылған. Кітапты жазушы «Шын қазақ ұлы». Қазақ болғандықтан сөз түзілуін тәуір шығарған... Қазакты дүние жинауға, өнер-білім алып, жұрт қатарына қосуға көп күш жұмсаған». - деген жақсы баға берген.

Бірак сол «шын қазақ ұлы», қазақтың өнер-білім алына көп күш жұмсаған есіл ер Орынтайдың есімі бүгінге дейін ескерусіз қалып келеді. Өкіншішті-ақ, өйткені кітаптың жарық көргеніне 100 жылдан асса да күні бүгінге дейінгі жазылған казак әдебиеті тарихының

очерктерінде, әдебиет тарихында, оқулықтарында «Насихат әл қазакия» кітабы да, оның авторы да аталмайды. Ә.Жиреншиннің 1800 жылдан 1917 жылға дейін Ресей мен Қазақстан аймағында казақ тілінде жарық көрген 400 атаумен шыққан кітаптардың қашан, қай жерде басылғанына, қай баспаханада кімдердің шығарғандарына, авторларына талдау жасаған «Қазақ кітаптары» гылыми-зерттеу енбекінде де (1971 ж.) бұл кітап пен оның авторы жөнінде ләм-мим сөз жок.

Кітап ат сабылтып іздейтін жерде емес, Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасының сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар қорында сақталып тұр. Ол жоғарыда айтылғандай көркем, әдемі харіптермен «Насихат әл қазакия» деп жазылған да оның астындағы жақша ішінде «Қажы Орынтай bin Құрымбай Қылышақ» деген сөз тұр. Онан кейін «Петербург цензурасы тарарапынан 1900 жылды 26 маусымда басууга рұқсат етілген, кітап Қазан қаласында ағайынды Қәрімовтердің баспаханасында 26 желтоқсан 1900 ж., Хижра есебімен 1318 ж. басылған», - деп көрсетілген. Жинақтың алғашкы беті: «Бисмилла әль рахманни рахим», - деп басталып Құдайға, Мұхаммед. Әбубекір, Ғұмар, Ғұсман шатиярларға мадак, құлышылық ету мұсылмандық парыз екендігін өсінет етеді. Соナン әрі автор өзі өмір сүрген заманды, оның саясатын:

Сенім жоқ бұ заманның адамына,
Басып жаншып салғандай табанына, - деп сипаттайды.
Секілді біздің қазак жетім бала
Сен де бір оянсаншы, ей бишара, - деп күйінеді.

Бұл күйіну М.Дулатовтан он жыл бұрын ел басқарушы би, болыстарға: «Бар болса көңілінде адамшылық, халықтың қамын ойлау адамшылық» деген сөздермен «жұртынды өрге сүйре, қамкоршы бол, өнер-білімге ұмтылдыр», - деп үндейді.

Би, болыс, мырзалар сізге айтамын
Халқыңа қызмет қыл ашпай-тальмай...
Жан ашып зарлап айтқан сөзді тында,

Тұрғанда қымылдап қал қызмет қолда, - деп ел агаларының наымысын қайрайды.

Халықтың ауыр халін айқын баяндайды. Қабырғасы қайысады. Ел мұңын жырлайды. Осы кемшілікке бірден-бір кінәлі ел басшыларын:

Ойлаган елдің қамын біреуін жоқ
Сіздерден бас адамдар күдер үздім, - деп түйіндейді.
«Насихат әл қазакияның» кей тұстары Абайдың ой-жүйесімен сарындағас.

Мәселең:

Бай болып арманы жоқ тойса тамақ,
Бұ дүниеден мінез ғафіл біздің қазақ.
Мұншама қасиетсіз неден болды,
Өнері көп халыққа болып мазақ.
Мақтанған жалғыз пигылы қонақасы,
Тоқтатты мұны дағы бір парасы.
Парызын бойындағы ада қылмай
Мактансып ат шығармақ ықыласы, - деп сыйнайды.
Қазағым намыстансаң баланды оқыт,
Жақпайды құлағына айтқан үтіт.
Һаделі туlamактан мөңки берсін
Сейлемей тұра алмаймыз онан қорқып, - деп ашынады.

Орынтайдың табиғатты суреттеуі де Абаймен астасып жатқанын мына өлеңі дәлелдейді.

Адамзат сайран етер көnlі жай,
Секіріп ойын салар құлын мен тай,
Қой маңырап, сиыр мөніреп, шат болады
Тасиды күркіресіп өзен мен сай.
Аяғын маң-ман басып түйе шығар,
Жаратқан мұнша паңғып патша Құдай.
Аспаннан алуан-алуан жауар нөсер,
Нөсердің қуатымен несібе өсер.
Көкорай жердің жүзі шалғын болып,
Жан-жануар, адамзат бауырын төсер.
Һамма зат рахат тауып тұрмак үшін,
Ұжмақтан хош иісті желдер есер.
Шығады киік, құлан тау мен қырға,
Қуанып ықыласымен келген жылға.
Алыстан мұнарланған ақ сағымдар
Шакырып құліп тұрар кел деп мұнда.
Қар кетіп, көл бұзылып, қойнын аша.
Қаңқылдан қонар оған каз бен тырна.
Қуанар бұл шаттыққа жас пен кәрі,
Берді деп мұнша рахат жанға дәрі.
Ойда орман, жер жүзінде бәйшешектер
Шуылдан зікір айттар мұның бәрі.

Бізше, Орынтай өз дәүіріне сай көктем суретін табиғи қалпымен әдемі суреттеген.

Орынтай «Насихат өл қазакияда» түрік тарихына аз да болса талдау жасайды. Онда назар аудаرارлық деректер де барышылық.

Мақаласының аяғында өзінің қажы екендігін, руы – Қыпшақ, оның – Жантілес тармағы болатынын баяндайды.

Кітаптың соңында «Қазактың қарттарынан қалған мақалдар» деп 118 мақалды тіркеген. Бұлардың ішінде күні бүгінге дейін қазақ мақал-мәтелдерінің ішінде кездесе бермейтін:

Шаруаның өмірі бес, жортуышының ғұмыры һеш;

Бай жарлының азығы, жарлы байдың қазығы;

Ел ірігенде досын болсын, жер ерігенде қосын болсын;

Кілемге бергісіз алаша бар, болысқанға бергісіз араша бар;

Көп жасаған құрдасынан айырылар,

- деген мақалдарды оқуға болады.

Қорыта айтқанда Орынтайдың «Насихат әл қазақия» еңбегі жалғыз болмауы керек. Жазылып басылмай қалғандары, ел арасында ауызша тарағандары да болуы мүмкін. Оларды еске алмағанда осы жалғыз кітабымен-ак казак әдебиеті тарихына енуге құқы бар тұлға. Оның «Насихат әл қазақия» кітабы ногай, башқұрт, татар сөздерімен шұбарланған. Кітап араб харпімен жазылған.

«Қызыл Қазақстан» журналы 1924 жылғы №4 санында: «Қостанай уезіндегі азаматтар Орынтайдың шежіресін жазып шығарар, басылмай қалған өлеңдері де бар шығар, хабарласар деп үміт етеміз» деп хабар салған. Сонан бері 77 жыл өтіпті. Бірақ әлі дерек жоқ. Оған ауылды кенестендіру, байларды тап ретінде жою, мемлекеттен дінді бөлу, саяси құғын-сұргін, 1941-1945 жылдардағы сұрапыл соғыс бұл есімді ел жадынан шығаруға елеулі әсер еткені сөзсіз.

Сондықтан еліміз егемендік алып, өшкеніміз жаңып, өлгеніміз тіріліп жатқан кезеңде Орынтай есімін жүртшылық назарына қайта ұсынуды жөн көрдік. Елім деп еңіреп өткен ер іздеусіз қалмасын, ағайын.

«Егемен Қазақстан» газеті
3 қыркүйек 2001 ж.

«Нәзипаның өлімі»

Қазақ даласында Қазан төңкерісіне дейінгі жарық көрген әдеби жанрлардың көбісі ерлік пен махабbat тақырыбы болғаны даусыз. Олардың кейіпкерлері шығыс ертегілері негізінде, не жазушының, ақыниның, жыршының өз қалауы бойынша алынғандығы анық.

Біз әңгіме еткелі отырған «Нәзипаның өлімі» деген поэманиң оқиғасы бұларга керегар. Ертегі емес. Оқиға ойдан шығарылмаған. 1912 жылы нақты болған. Поэманиң кейіпкерлері – Нәзипа, оның ата-анасы Жұматай мен Ұмсындық, азулы бай Құлгара, дүмше молда Оспан, арамдығына найза бойламайтын болыс Ырысбек өмірде нақты болған адамдар. Нәзипа махаббат құрбаны емес, надандық құрбаны.

Осыдан 90 жыл бұрын жазылғанмен поэма да, оның авторы да күні бүгінге дейін халқымызға беймәлім. Сондықтан жұртшылыққа түсінікті болу үшін ең алдымен поэма мазмұны туралы баяндай кеткенді жөн санадық.

Оқиға Танабай руының белді де беделді, азулы ақсақалы Құлгара байдың 1912 жылы наурыз айы туысымен Телікөлдегі қыстауынан: «Қыстай мал тұғы шиырлады». - деп казактың ырым-жырымын жасап, көктеуге көшуге дайындығынан басталады. Екі жерге от жағып, екі от арасынан: «Алас-алас, бәледен қалас», - деп бар малын айдал өткізеді. «Мал кешпеген, ит ішпеген, таза мөлдір суы бар, жерүйік жерге қондырамын», - деп Құлгара ауылын үдерес көширеді. Қас қылғандай, ондай жер Құлғарага кездеспейді. Ауыл адамдары ұзак жүрістен қажиды. Малдары да қалжырайды. Айсыз қаранғы түнде қақ суынан пайда болған бір көлшік жағасына лажсыз тоқтайды. Құні бойы ұзак жүрістен әбден шаршаған жұртта, айдалған мал да сүре құлайды. Сол көлшіктің екінші басында койдан қоңыр, жуас, аз ата Бадана руының екі ауылы отырғанын білмейді.

Ал Бадананың бұл екі ауылы шілдехана жасап, жастар өлең айтып, утап-шулап жүргенде үстеріне Құлғара бай ауылының конғанын да сезбейді. Түнгі мал да дыбыс бермейді. Таң саз бере көнілді жастар тиісті жол-жоралғыларын алып, шілдеханадан тарайды. Еш нәрседен қаперсіз, шілдеханадан көнілденіп ел еркесі, айдарлы сұлу 15 жасар Нәзипа жалғыз келе жатады.

Малдан басқа тілегі жок Құлғара бай өмірде сәждеге басын іп көрмеген жан. Тек құдасы дүмше молда Оспанның үйретуімен жасы алпыстан асқанда тақуа болған. Дәрет алуға шыққан Құлғара сыланадап келе жатқан Нәзипаны көзі шалады. Сонда құдасы Оспанның: «Таң сәріде шайтан сұлу қызы болып, Құдай сүйген күлді азғырады. Егер сәті түсіп ондайды көрсөн, бірден ұстап ал да шықшытын езіп, буындырып, жүзігін ал. Жүзігін алсаң, сен түгіл, сенің кейінгі түкімьына да шайтан жоламайды». - деген акылы Құлғараның есіне сап ете түседі. Ол бұл сәті түскен іс болды деп андаусыз келе жатқан Нәзипаны шап беріп колынан үстайды. Құдасы Оспанның

үйретуі бойынша Нәзипаны жығып салып, қос бұрымын білегіне орап алып шықшытын езеді. Жұтқыншактан буындырады. Баскөзіне қарамай тепкі астына алады. Нәзипаның: «Әкежан», - деген жан дауысымен жылағанына қарамай: «Ей, шайтан, атаңа жұзігінді бер, ойбайың мен байбайын неге керек. Мені ұйықтатып азғыруға, намазымды қаза қылуға келдің той ертеп», - деп екілене тепкілайді. Аппақ алқымын күшімен езгілейді. Ішіне тебеді. Басын тасқа согады. Нәзипа:

...Әкетай, бұл не сұмдық, олдім той мен,
Мұндай қүйге мен ұшырап қалдым неден?
Бұл қай жер, қайда келдім, қайда жүрмін?
Айналып аспан мен жер дөнгеленген, - деп зарлайды.

Оны тыңдайтын Құлғара ма? Қайта екілене, өршелене түседі. Ару Нәзипа талмаусырап жатып шілдехана иесі берген жүзікті Құлғарага: «Мә, алыңыз», - деп өліктей сылқ етеді.

Құлғара өз ісіне мәз. «Шайтанды ұстап, жұзігін алдым, келіндер, көріндер!» - деп ауыл-аймағына айқай салады. Жұрт жиылды. Алдарында шайтан емес, шашы жұлынған, басы жарылған арудың сұлап жатқанын жұрт көреді. Аң-таң қүй кешті. Олар: «Осы қақта Бадана отыр деуші еді, болмасын соның қызы осы құрғыр», - деп шуласады. Болар іс болды. Құлғара састы. Қызды көтеріп апарып үйге тыкты. «Көрдім, білдім демендер бірде-бірін», - деп Құлғара ауылына әмір қылды. Ол бұл «бәледен» құтылу, көзін жою жолын ақылдасты. «Бір амалын тапсын», - деп туысы болыс Ырысбек Қайбарұлына шұғыл кісі шаптырды.

Ырысбек ат сабылтып барған адамға:

...Қорықпа Баданадан, жеме уайым,
Жалғыз-ак қызды құртып көм аулаққа.
Аузына бекем болсын ауыл-аймақ,

Тұбінде жан иманға сөз байланса, - деп кенес беріп, шабарманды кері қайтарады.

Жұрт Құлғараның арам ниетіне бас шайқағаннан басқа ештеңе дей алмайды. Өйткені Құлғарага ашиқ карсы сөз айту өмірмен коштасу екенін олар ұқты. Бірақ күнәдан пәк, он екіде бір гүлі ашылмаған өрімдей жастың Құлғараның жауыздығына ұшырағына жандары ашыды, қүйінді. Көздерінен жас сорғалады. Іштен тынды, жүректері елжіреп, езілді, егілді. Дыбысын шығаруға дәрмені жоқ. Құбірлесті, сыйырласты. Қас, қабағымен ымдасты. Ақыры Нәзипаның ауылына хабар жеткізуге сөз байласты.

Түйекеш түйесін жиыстырған, қайырған кісі боп жүріп, кездескен әйелге болған сұмдықты:

...Мен айтты дей көрме, қызың жатыр

Өлімші, жүк артында соры қайнап, - деп баяндады.

Нәзипаның әкесі – Жұматай да, анасы – Ұмсындық та «Бұл не сұмдық?» - деп ойбай салды. Бүкіл ауыл құлактанды. Бадананың жасы-кәрісі. әйел-ері, жігіттері, телі-тентегі бірі қалмай Құлғара ауылына жүгірді. Құлғара: «Көрмедік те, білмедік», - деп безектеді. Ант-су ішті. Сұрланды. Қаны қашты.

Ұмсындық үйге кірді шыдай алмай. Ұмтылды кірген жерден жүкке қарай. Үйдің астан-кестенін шығарды. Жиуолы төсек-орындарды, кебеже, сандықтарды ашумен лақтырды. Нәзипа ыңырысып: «Апажаным!», - деген сөзді да айтуға шамасы келмеді. Ұмсындық қызын құшактап зарлады.

Құлғара қарабет болды. Нәзипаның астына кілемін төсеп, үйіне апарып салды. Құлғара мұнан кейін «үй» деп есін жиды. Баданаға қыздың жайын хабарлаушыны іздестірді. «Отыз тістен шыққан сөз, отыз рұлы елге жайылады». Баданаға хабарды жеткізген түйекеш екендігі анықталды. Ол аяусыз өз сыйбағасын алды.

Құлғара берген қошқардың Нәзипага септігі тимеді. Соққы жеген денеде дерт ұлғайды. Нәзипа алты-жеті ай сүзіліп, сүлесок жатты. Азапты қундер мен тұндерді көз ілмей өткізді. Оналудың орнына жүдеді. Ілгері баспады. Дерт мендеді. Ақыры ару Нәзипа пәни өмірден аттанды. Қара жер аруды бауырына алды. Бадана-лықтардың белі бүгілді. «Ой, бауырымдан!» жыласты. Күніренді. Нәзипаның ата-анасы ботасын жоктап, анырады. Нәзипа арудың қасіретті, азапты, қайғылы өлімі әлсіз, аз ата баданалықтарға ауыр тиді. Кектің оты тұтандып, маздады. Ел көтерілді. Намыс қозды. Боз қасқа сойылды. Құлғарадан Нәзипаның кегін қайтарып, құнын алуға ант-су ішісті. Бір тұнде сойыл соғар 30 жігіт аттанып, Құлғараның 90 жылқысын қуып алды.

Танабай мен Бадана арасы жауыкты. Екі рудың да ішкен асы бойға тарамады. Бейсаут адам көрінсе: «Аттан!» - деп шабатын болды. Ел азаматтары ұйқыдан безді. Бозбала күн мен тұнді ат үстінде өткізді. Құныкер құн іздеді. Құлғара мал даулады. Ел арасында сөз таситын текешіктер көбейді. Жұрт іргесі сөгілуге бет алды. Сондықтан екі руды бітімгершілікке келтіріп, дауды шешетін билер іздестірілді. Дау шешілетін межелі жер – Ақтасқа үй тігілді. Екі жақтан да қыруар мал сойылды. Құда-жекжат, ілік-шіліктің бәрі шақырылды. Құлғара билік айтуға өз туысы, Танабай руының болысы қиқар, елбезер Ырысбек Қайбарұлын әкелді. Баданалықтар тілге жүйрік, қара қылды қақ жаратын Шыңғысбай биге өкілдік берді.

Ырысбек болыс:

...Ежелден бұрын-соңды шықпаушы ма ед,
Төбеге би шыққанда, төскейге мал.
Өуелі малды қайтар, сөзден бұрын,
Артынан қыздың құны бола жатар, - деп киқарлыққа басты.
Жан беру керек болса, Шалабайым жан береді, - деп кергіді.

Сонда Шыңғысбай би:

...Бұл салған кергіш сөзің тимес оңай,
Қолға алып құнның сөзін бітірелік.
Құрыған малдар болса, келер орай.
Мұндай дау ел ішінде талай болған

Жолдары бәрінің де болған солай, - деп, бүйтіп қиғаш тарта берсен, ашынған Бадана Танабайды қансоқта жасайды. Мұндай кергудің аяғы соған апарады дегенді ескертті.

Билер ыргасты. Дау үш күнге созылды. Эрі итеріп, бері жықты. Ырын-жырын, құбір-сыбыр қөбейді. Қорытындысында Ырысбек сөзден ұтылды. Шыңғысбай би билік жасады. Кесім айтты.

Нәзипаның құны – белі жуан қырық жылқы, он түйе, елу қой болып кесім жасалды. Құныкерге билік тимеді. Би шешімі бойынша қыз әкесіне жеті кара тиді. Қалған малдарды кесім жасаған би, ауыл ақсакалдары, бит терісінен кит терісін жасайтын пысықай, жандай-шаптар бөліп алды. Билердің кесімінде Нәзипаның тағдырын Баданаға хабарлап, бір көзі шығып, басы жарылып, тісі сынған түйекеш байғұс атаусыз қалды. Ең болмаса, бір ауыз мұсіркеген сез де айтылмады. Қайта: «Өз пейіліңнен тауыпсың, сазан», - деген табалаган сез естіді. Поэманның ұзын-ыргасы осы.

Шығарманың бетіне жазылған Мұстафа Оразаев шығарманың авторы ма, әлде откізуші кісі ме, деген мәселені шешу үшін бір-сызыра деректерді қарастырдық. Поэманиң жазған Оразаев болса, кезінде сауатты адам болғандықтан, Алаш съездеріне қатыспауы мүмкін емес деген оймен делегаттар тізімін тексердік. Съезд делегаты Оразаевтың есімі басқа болып шықты.

Содан кейін Түркістан өлкесі құпия істер жөніндегі мекеме басшысы Сизихтың Ресей үкіметі полиция департаментіне, Түркістан генерал-губернаторына 1913 жылы 4 және 9 тамызда (№5809 және 6039) жолдаған қатынастарына көз салдық. Өйткені Сизих Уфа, Қазан, Орынбор медреселерінде оқып жатқан казақ жастары мен Қазақстан, Өзбекстан жерлерінде діни орындардың адамдарының есімдерін сол қатынаста нактылап жазған. Сизихтың қатынасында екі Оразаев көрсетілген. Екеуі де Ақмешіт уезінен, бірінің есімі – Мұхамедғали, екіншісі – Құлмағамбет.

Оразаев Мұстафа поэма жазған кісі болса, онда сол кездегі «Айқап» пен «Қазакқа» қатыспай жүрүі мүмкін емес деген оймен «Қазақ» пен «Айқапты» да актартуға тұра келді. Еңбек босқа кетпеді. Оразаев Мұстафаның «Досмайыл қажыға» хаты («Айқап», 1913 ж., №19). Оразаев Қожахмет, Оразаев Мұстафа.



М. Оразаев

Бәйменов Жүсілбектің «Жұрт жақсыларына ашық хаты» («Қазақ», 1916 ж., №172), т.б. материалдарының жарық көргеніне, Ә.Бекейханов, М.Дулатовтармен пікірлес болғандығына, мұсылман фракциясына 2000 сом қаржы аударғандығына көзіміз жетті.

Сондыктан Алашорда басшыларымен пікірлес болған Оразаев Мұстафаның бұл поэмасына зерттеушілер батылдық жасамаған деген ойға келдік. Бұны Ү.Субханбердина да куаттайды.

Оймыздың түйіні – Алаштың белгілі азаматы, қазак қаламгерлерінің алғашқы буындарының бірі – Мұстафа Оразаевтың «Нәзипаның өлімі» поэмасы – Қазан төңкерісіне дейінгі әдебиеттіміздің тарихына қосылатын сүбелі мұра. Оның авторы да, әдеби мұрасы да зерттеуге, әдебиеттіміздің тарихына енгізуге тұрады. Поэмага ешбір кірме сөз енгізілмеген. Таза қазақ тілінде, қара өлең үйқасымен жазылған. Тілі жатық.

«Нәзипаның өлімі» Мұстафа Оразаевтың біз білетін тұңғыш туындысы. Ол осы поэмамен шектеліп қалмаған болар. Басқа шығармалары болуы ғажап емес. Оларды іздестіру, толықтыру, мұраларын баспадан шығару, қаламгер есімін көпшілікке таныту шаралары колға алынса, нұр үстіне нұр болар еді.

«Егемен Қазақстан» газеті
29 қараша 2002 ж.

Атадан қалған асыл ой

Қазан төңкерісіне дейін және Кеңес үкіметінің алғашқы орнаган кезінде елімізде «Қазақ», «Ауыл», «Бостандық туы», «Ұшқын», «Алаш», «Ұш жұз», «Ақ жол», «Қызыл Қазақстан», «Таң», «Сана», «Темір қазық» атты және басқа да бірқатар газет, журналдар шығып тұрған.

Бұлардың бәрі мемлекеттің тарихын толықтыратын, қоғам, мемлекет қайраткерлерінің өмірінен бағалы мағлұматтар, халқы-мыздың басынан өткен килем-килем замандардың айнасындай.

Сол басылымдардың біркатарына қысқаша шолу жасар болсақ мынадай:



«Сана» журналы – екі айда бір рет Ташкенде шығатын Түркістан мемлекет білім кеңесінің тілі. Шыгарушы – Қазак-қыргыз білім комиссиясының төбе ағасы Халел Досмұхамедов, мүшелері: Мағжан Жұмабаев, Әбубекір Диваев...

Халел Досмұхамедов «Сананы» «тәрбие, білім, әдеби мақалалар жинағы» деп санаған. Оның қамтыған мәселелері олқы емес. «Сананың» тәрбие, мәдениет майданы, ойын-сауық, мектеп, білім, тарих тұрмыс, жалпы білім деңгегі жеті бөлімі, 130 беті болған. Кейін көркем әдебиет, халық әдебиеті деп екеуін ажыратып, тәлім-тәрбие бөлімі, білім, тарих бөлімі деп біріктіріп, сын бөлімін ашкан. Журналдың №1 санының сол жақ бұрышына «1923 жыл. ианвар» дегеннің астына жазылған «1341 жыл, ит жыл» деген сөз келесі сандарда жок. «Сананың» таралымы 1000 дана.

«Ақ жол» – шыгарушы Тоқтыбайұлы. Бастыруши – Түркістан коммунистік партиясының кіндік комитеті һәм Түркістан кеңестік кіндік комитеті. Таралымы көрсетілмеген.

«Темір қазық» – айна бір рет Мәскеуде шығатын саясат, шаруашылық, білім, әдебиет журналы. Шыгарушы – Нәзір Торекұлұлы. Бастыруши – Ұлт комиссариаты жаңындағы Құншығыс баспасөзі. Таралымы көрсетілмеген.

«Таң» – Семей губ. РК(б)П комитеті мен губаткомының және кәсіпшілер комитетінің тілі. Журналдың шаруашылық бөлімі, білім,



тәрбие бөлімі, әдебиет бөлімі, аймақтану бөлімі, кейін Отантану бөлімі, ресми бөлімі ашылған.

Алғашқы шығарушылар: Токжігітов, Асғат Сайдалин. Шайхы Жантілеуов, кейін жауапты редактор болып Уали Забирұлы тағайындалған. Тараптамы 700 дана.



«Жетісу әйелі» – Алматыда айна бір рет шығатын саясат шаруашылық, әдебиет, білім журналы. Журналдың саяси бөлім, шаруашылық бөлім, әдеби бөлім, тәрбие бөлімі, жастар бөлімі деген бөлімдері болған. Тараптамы 200 дана. «Журналдың һәр саны 1922 жылғы ақшамен санаганда 3 миллион, басқа сұраушыларға 4 миллион сом» деп бағасы көрсетілген. Тұрган жері – Алматы қаласының Гоголь көшесі мен Қапал көшесінің қиылсында.

Коммунистік партияның саясатына кәміл сенім артқан азаматтар Қазақстанда алғаш рет Кеңес үкіметі орнауын қызу қолдады. Халықтың сана-сезімін оятуға белсene кірісті. Осы мақсатта газеттер мен журналды көптеп шығарды. Онда өз мақсаттарын айқын көрсетті. Жарық көрген басылымның барлығын да ел қуана қарсы алды. Бұл жағдайда «Темір қазық» былай көрсетеді:

«...Біздің баскармaga елден, жергілікті азаматтардан журналының тілекестігін білдірген әдеуір хат келді. «Темір қазыққа» түгел басып окушыларымызды таныстыруға, көптің сөзі де, көнілі де бір болғандықтан, лайық көрмедік. Сондықтан хаттардағы сөздерден іріктең қана басып отырмыз.

Ел казағы Ескендір Шынтасұлы хатында жазады:

Қайырлы құтты болсын «Темір қазық»,
Саналы, аңсағанға бұл бір азық.
Етеді жол басшылық, жоң көрсетіп,
Адассақ бағыт ауып жолдан азып.
Қазактың кемдікте есken айнасы бұл,
Өз мінін өзіне айтар тергеп, қазып.
Аз сөзбен елден көніл білдіремін
Сүйелді қолдарыммен өлең жазып.

Ахмет Жантілеуұлы, Мұқан Әлімбетұлы, Сабыр Жамантайұлы деген ел казақтары да ел атынан осы сықылды сөздермен тілекестіктерін білдіреді. Тәшкен, Орынбор, Қызылжар, Кекшетау, Кереку, Қарқаралы, Омбы, Қостанай, Орда азаматтарынан келген

хаттардың сөздерінің қорытындысы ғып Керекуден жазылған Уәлихан Омарұлының сөзін келтіреміз: «...Темір қазықты» оқып, қуаныстық. Өмір жасы ұзақ болып, қадам жолы, ұстаган беті жүгымды болсын! Бар әлімізше барымызбен «Темір қазыққа» жәрдемдес болуға біз әзірміз».

Мұндай жүрек жарды тілектер Қазақстанда кеңес дәуірінде алғашқы жарық көрген баспасөздің бәрінде де айтылған. Бірақ, ол баспасөздердің өмірі ұзақ болмады. Кеңесшіл саясат олардың бірінен кейін бірін жауып, тек коммунистік саясатты жақтайтын, соның айтқанына көніп, айдауына жүретіндерін ғана ұстады. Алайда, сол жабылған газеттер мен журналдардың қай-қайсысы да тек ұлт мұддесін, ел тағдырын, оның мұн-зарын нақты көрсеткені болмаса, тікелей Кеңес үкіметіне қарсы саясат жүргізбегені айқын. Оны төмендегі макаладан да айқын аңдауға болады.

Мәселен, «Сана» журналының (1923 жыл, №1) негізгі мақсатын Қазақ-қыргыз білім комиссиясы (төбе ағасы Халел Досмұхамедов) былайша айқындаған:

«...Заманымыз – мәдениет заманы. Мәдениетке білім жеткізеді. Білім оңайлықпен колға түспейді. Білім алуға көп еңбек, аса сабыр керек. «Сарғайған жетер мұратқа» деп атамыз айтқан. Білім мысқалдан кіреді. Білімді болу үшін көп сарғаю керек. «Еңбек етсең – емерсін». Еңбек қылмай, білім жоқ. Еңбексіз агартып тезден елді мәдениетті қыламын деген ой – ауысқандық. Мәдениетті боламыз десек, жолымызды дұрыстап түзеп алып, бетімізді бір бағытқа салып, азық-түлігімізді түгендер, ұзақ сапарға шығу керек. «Асықпаған арбамен қоянға жетеді».

Анау бәлен болды, мынау түген болды деген күншілдікті де қою керек. Күншілдік мұрат емес. «Тайлының аттыға еріп таңы жыртылады». «Аяз, әлінді біл, құмырсқа, жолынды білді» естен шығармай, айқайламай, шуламай білімді болып мәдениетке жетудің жолына белді байлау керек.

Білім алудың жолы көп, жолдың ішінде ең төтесі – жақсы мектеп, білімді мұғалім. Мұнан қалса, ел ішіне көпке түсінікті болып жазылған білім кітаптары. Мектеп жақсы болу үшін құралдары түгел, саймандары жеткілікті болу шарт. Құралды-сайманды, құралсыз да бізде мектеп жоқ. Сондықтан, мектеп түзеу ең бірінші жұмыс. Білімді мұғалім бізде тағы жоқ. Мұғалімдеріміздің шала-шарпы білімі бар. Ұлардың көбі ел ішінде бір-екі жыл тұрса осы шала-шарпысынан да айырылып қалады. Себебі, оқитын кітабы жоқ, алыстан барып білімін толықтыруға өзінің және халі жоқ. «Ауруын жасырған – жазылмайды». Мектеп пен мұғалімдердің нашар екен-

дігін ашық айтып, анық түсіну керек. Нашарларға жәрдем беріп, жоқты бар қылу бәріміздің міндетіміз. Мұны ұмытбасқа керек.

Жұрттымыздың сөзге әуестігі бәрімізге мәлім, біздің жұрт сөз айтпай, сөз тындаамай отыра алмайды. Бұрынғы заманда жұрттың айтатыны, тыңдайтыны өзінің ата сөздері еді. Ертегі, жұмбак, өлең, толғау, терме, жыр, тақбақ, айтыс, жылау, жоқтау, түрлі тарихи әңгімелерді бұрынғы уақытта екі кісінің бірі сөйлейтін еді.

Елдің салты, тіршіліктің қалпы өзгерген сайын сөз айтушылардың саны азайып сапасы кеміді. Ел ішіне молдалармен бірге жазу, сыйзу білетіндер пайда болды. Ел жазба сөзге мұқтаждана бастады. Бұл мұқтаждық дін кітабын оқу, ағайын түріктердің кітаптарын оқытқызыды. Пайдакүнем саудагерлерге жұрттың өз сөзін түрлі шатастырып, бастырып, кітап қылып сатуға жол берді. Қазанда басылған қиссалар шықты. Арабтың «Мың бір тұн» секілді ми кептіретін ертегілерінен алынған сөздер жайыла бастады. Елдің мұндай мұқтаждығы ескерілмеді. Ой жағынан, ел жағынан пайда беретін кітаптар таратуға саналының колынан келмеді, санасыздың ойына келмеді. Түрлі себептерден ауыз сөз айтушылар тіл ішінде құрыды. Дін кітаптары да, қазір де қиссалар да бітті. Бірақ бұлардың орнына лайықты нәрселер тумады. Төңкерістің алғашқы кезінде баспасөздің төтенше екпінді жұмыстары болды, бұрылуға еркі болмады. Осы күні жұмысты мықтап, негізгі қылып істейтін заман туды. Халық ағарту жұмысы алға қойылды. Баспасөз надандықпен күреске салынды. Жайымыз бұлай болған соң баспасөзді елге жақыннату, түсінікті қылу, мәдениет жолындағы ауыр жұмыстың бірі болып шығып тұр.

«Сананы» шығарғандағы мақсатымыз аз да болса жоғарғы айтылған кемшіліктерді жойып, аңсаған елге, алактаған мұғалімдерге, жасаспірім шәкіртерге түсінікті сөз беру. Бұл өте ауыр жұмыс. Дегенмен де кіріспеске амал жок. Заман тоқтамайды, гулеп өтіп барады.

Журнал шығарғанда біздің ұстанатын жолымыз мынау:

1. Ең негізінен бастап әр пәндерден түсінікті қылып жалпы білім беру:

- 1) Ғылым-хисап (математикі);
- 2) Физикі, химия туралы түрлі мағлұмattар беру;
- 3) Дүниенің жарапу түзелісімен, аспандағы жүлдыздар мен жердегі болатын жауын-шашын секілді өзгерістермен таныстыру;
- 4) Жануарлармен жер жүзіндегі ағаш-шөп секілді түкпенен тас топырақпен таныстыру, жер қалай жаралғанын, неден түзелгенін білдіру;

5) Бұрынғы өткен халықтармен, олардың мәдениетімен, салтымен таныстыру, бұрынғыдан қалған тамтықтарды қалай іздеу жайымен, қалай пайдалану туралы баяндама беру;

6) Қай жүртта қандай шаруа бар, қандай заны бар, қандай тұрмыс тіршілік бар – сонымен таныстыру;

7) Жер жүзіндегі елдермен, жерлермен таныстыру;

8) Санак туралы баяндама беру, жер жүзіндегі елдердің туысының, өлімінің, оқуының, сауатсыздығының, түрлі қажетінше жұмсайтын бұйымдарының санагын беру;

9) Адамның, малдың аурулары туралы, саулық сақтау туралы маглұмат беру;

10) Харіп тұзу, баспахана түзеу, кітап бастыру, сүгіret туралы маглұмат беру.

2. Қазақ-қыргыз жұртының тарихы мен салтын, әдетімен, тұрған жерімен таныстыру. «Жеті атасын білмеген мұртет» деген мақал бар. Өз еліміздің өткен, кеткені туралы, басынан кешкен дәүірлері туралы, бұрынғы, осы күнгі мекендері туралы колдан келгенінше толық маглұмат беру. Ата-бабаларымыздың істерімен танысып, өткен жаңылыстарына күйінп, жақсылыктарына сүйінп, гибрат алмақ адамға сана береді.

3. Қазақ-қыргыз жұртының тілі мен әдебиетімен жақсы таныстыру. Тіл – жұрттың жаны. Өз тілін өзі білмеген ел – жойылады. Өз тілін өзі білмеген ел – ел болмайды. Мәдениетке ұмтылған жұрттың алдымен тілі өзгермекші, тілі бұзылмақшы. Тілінен айырылған жұрт – жойылған жұрт... (*Осыдан кейінгі сойлем түспей қалған – З.И.*). Жұрт әдебиетінен, көркем әдебиеттен үлгілер көрсетіп өрнекті тұрлерімен таныстыру.

4. Білім таратып елдің қолын мәдениетіне жеткізетін мектеп. Сондықтан мектептің тарихы, тұрларі, түзелісі, оқу, оқыту реттері, мұғалімдердің, шәкірттердің күй-жәйі туралы, оқу құралдары, кітаптары туралы толық баяндама беріп тұру.

5. Адамның табигаттағы бір мінезі ойын-сауық қылып, қызықтар көру. Ойнамайтын адам жоқ, құлмейтін адам – адам емес. Ойын-сауықтың пайдасы да зияны да көп. Салтымызға, тұрмысымызға қарай түзелген елімізде көп ойындар бар. Бұларды менсінбей ұмытып барамыз. Бұл жарамайды. Біздің кейбір ойындарымызға Европа (*Осыдан кейінгі сойлем және келесі жесті қатар сөз түспей қалған – З.И.*) ...бір міндеті өз еліміздегі ойындармен бөтен елдердегі ойындармен ...таныстыру...

6. Бұл дүниеде адам баласы танданатын іс қылыш өткен ірі адамдар бар... адамдардың аттары атадан балаға ұмытылмай келе

жатыр. Түрлі данышпандар...шешендер, шеберлер, батырлар, ақындар, билер тағы басқалар көп өткен. Осындай адамдар өзіміздің қазақ-қыргыз арасында аз болмаған. Өз жұртына жұмыс қылып еңбек сінірген адамдарды қадірлеу елдіктің белгісі. Сондықтан ең алдымен өз жұртымызда болған, сонан соң шет елдерде болған ірі адамдармен таныстыру.

7. Мәдениет майданы деген «Санада» бір бөлім бар. Бұз бөлімде елдің мәдениеті туралы істелінген істі, үлгілі мектеп-медреселердің күйі-жәйін, мәдениет, білім ұйымдарының тірлігін, хұқиметтің мәдениет-білім туралы бұйрық-жарлықтарын тағы сондай басқа нәрселерді жазып тұрмақпзы.

8. Қазақ-қыргыз тілінде, ия қазақ-қыргыз туралы бөтен тілде шыққан кітаптарды тізіп және де бұлар туралы сын беріп тұрмакшымыз.

Жоғарғы корсетілген жолмен «Сананың» әрбір санында сиганынша, қолдан келгенінше мағлұмат беріліп тұрмақшы. «Көніл шабады, жүрек талпынады», бірақ қолда қуат кем. Жәрдем беретін, көмек қылатын кісі аз. Қанат, құйрық болмай...(түстей қалған – З.И.) тіреу болмай жұмыс көркеймейді.

Сондықтан білімі бар саналы азаматтарға, әсірессе, мұғалімдерге жәрдемші болып сүйендер деген өтініш айтамыз. Ақшамен болсын, жазумен болсын жәрдем беріңіз. Жазушыларға ескертетін нәрсе мынау: әрі болса қара халық үшін, бері болса ауыл мектептеріндегі мұғалімдер түсінетін сөздер жазуга, жазған сөздерің қойыртпак болмай, таза, татымды болсын. Сырты бар, іші жоқ, құр тізілген харіптің керегі жоқ. Әрбір жазылған сөздің журналымызға лайық мағынасы болсын. Кей мағынаға оза жайылып кең сөйлеудің керегі жоқ.

«Сана» – шындығында, журнал емес, бөлек басылып шығатын уақ білім сөздерінің жиынтығы. Оқу кітабын жазу қын жұмыс, ұзаққа созылатын жиі шығарып тұру қолымыздан келмегендіктен білім беретін уақ сөздерді жиып журнал ретінде шығарып тұруға ойладық. Журналымыз екі айда бір шығып, жылына алты кітап болып шығып тұрмақшы. «Сананың» бірінші саны нағыз ойлаганымыздай болмады. Біраз кемшіліктері бар.

Бұған бірінші себеп – істің жаңалығы, бұрынғыдан үлгі болмағандығы, екінші себеп мынау болды: көп адам сөз жазбақшы болып уәде берісті де, бірқатары уәдесінде тұрмады, бірқатары журналға лайықты сөз жаза алмады. Журналымызға сөз жазған кісілердің бірен-сараны болмаса ақы алғаны жоқ. Білім кеңесінің берген ақшасы журналдың техника жұмыстарынан артылған жоқ.

Халық ағарту комиссерлігінің жарлығын ойға алсақ, болашақта да ақша мол болады деген үміт аз. Бұл оқушы мен жазушының есінде болсын. Еңбегін сатпай, халық үшін бос қызмет қылған азаматтарға Алла жарылғасын айтамыз».

«Ана тілі» газеті
22 қаңтар 1999 ж.

Қазақ басылымын қолдау туралы құжат

«Ақиқат» журналының 75 жылдық мерекелік санын әзірлеу үстінде қажетті материалдарды, оның таралымына байланысты деректерді жинақтаған кезімде «Қызыл Қазақстан» журналының 1922-1924 жылдар аралығындағы сандары Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінен, Ғылым академиясының кітапханасы мен Орталық Ұлттық кітапхана корларынан да кездеспеді. Оны әр түрлі жорып, өзімізше топшылан жүріп, акыры таяуда соның сырын ашудың да сәті түсті. Атап айтканда, Қазақстан Республикасы Президенті архивінде табылған дерек бойынша (139 кор, 1 тізбе, 266 іс, 177, 179 б.) білгеніміз – Киробком (Қазатком – З.И.) төралқасының (№46, 28.XI.1922 ж.) каулысымен қаржы мәселесінің тапшылығынан қазақ тілінде шығатын «Қызыл Қазақстан» журналын шығару уақытша тоқтатылған екен.



А. Асылбеков

Сондықтан да оны оқырман назарына ұсынып отырмыз. Оқырманға, есірессе қазақ оқырманына бұл шагын дерек ой салар, сонау кенестік жүйе бастауында да қазақ басылымын сақтап қалу үшін

قىزىل Қازاқ قىستىن

Біздің назарымызды аударған мәселе обкомның қаулысы емес, сол қаулыға ашық қарсылық білдірген мемлекет қайраткері. журналдың алғашкы редакторы, Абдолла Асылбековтың ерекше батыл пікірі болды. А.Асылбековтың төралқа мәжілісі үстінде жазған бұл пікірі бүгінгі күнмен үндесіп жатыр.

Сондықтан да оны оқырман назарына ұсынып отырмыз. Оқырманға, есірессе қазақ оқырманына бұл шагын дерек ой салар, сонау

күрескен зиялымыздың, өткен жылы тұғанына 100 жыл толып, мерейтойы атаусыз қалған тұлғамыз алдындағы перзенттік парызымыздың бір өтеуі болар деген ойдамыз.

Ерекше пікір

«Қызыл Қазақстан» – бүкіл Қазақстан бойынша қазақ тілінде шығып тұрган партиялық жалғыз журнал. Тіпті аз уақытқа болса да қаржы жоқтықтан оны жабу – бұл соған деген кез келген партиялық сипаттағы жұмыстан бас тарту деген сөз.

Әрбір губком және губатком өздерінің газет, журналдарын орыс тілінде шығарып жатқанда обком қаржы тапшылығынан шығудың жолы деп қазақ тіліндегі өзінің жалғыз журналын шығаруды тоқтатып отыр. Осы өлкелік комитет⁹ болып құрылған күннен бастап съездер мен халық комиссариаттарының кез келген есептері мен үндеулерін орыс тілінде жарияладап, қазақ тілінде еш нәрсе, ең болмаса, партия бағдарламасын шығармаудың себеп-салдарын айқын да ашық көрсетуде.

Қазақ даласындағы саяси жұмыс бір жағынан тек қана баспасөз, ал екінші жағынан ауызша үгіт және практикалық жұмыспен жүргізілуі мүмкін. Бұлардың екіншісін қазақ қызметкерлерінің болмауынан, біріншісін қаржы жоқтығынан тиісті молшерде дамыта алмай отырғанда практикалық жұмыс жөнінде ойлаудың қажеті де жоқ. Мұндай жағдайға алда төзуге болмайды.

Осылардың негізінде мен, біріншіден, обком тәралқасының қау-лысына қарсылық білдіремін және журналдың шығуын тоқтатпай, оны басқа басылымдармен өзге жұмыстар есебінен шығаруды ұсынамын. Шаруашылық комиссариаттарына жалпы қазақ тілінде шығатын басылымдарды, оның ішінде мерзімді басылымдарды қолдауды ұсынамын. Саяси-партиялық сипаттағы әдебиеттерді басып шығару мәселесінде «қаржы жоқ» деген сылтаулармен қол сілтеуге мүлде тыйым салуды жолға қою керек.

Егерде мұны істей алмасақ, онда қазақ арасындағы барлық жұмыстарда өзімізді-өзіміз алдаумен айналыспай, дәрменсіздігіміз Ben әлсіздігімізге қол қоюымыз керек.

А. Асылбеков

Орынбор қаласы, 28.XI.1922 ж.

«Ақиқат» журналы, №3, 1997 ж.

⁹ Обком деп ұғынған жөн, себебі өлкелік партия комитеті 1925 ж. құрылды – З.И.

Жанайқай

1922 жылы көктемдегі мәлімет бойынша Қазақ Республикасында (Түркістан АССР-іне қараған Сырдария мен Жетісү губерналарын қоспағанда) 2 830 000 адам аштыққа ұшыраған. Бұл мәселе туралы әлі де нақты зерттеу жасалған жоқ. Аштық пен жалаңаштық, елді жаймаған эпидемиядан қазақ қынадай қырылды.

Оған нақты дерек Денсаулық сақтау халық комиссариатының мәліметі бойынша 1921 жылдың аяғы, 1922 жылдың басында, былайша айтқанда 8 айдың ішінде Қаз АССР-не қарасты жеті губернениң төртеуінде (Орынбор, Орал, Ақмола және Ақтөбе) аштықтың салдарынан 37657 адам өлген. Ал, Қостанай губернесінде аштыққа, эпидемияға ұшырагандар саны 264900 адамға жетіп, оның 75%-ке жуығы өмірмен қоштасты, сүйектері көмусіз қалды. Жүргүре халі жеткендер ел кезіп, босқындыққа ұшырады, қайыр сұрады. Ата-ана бауыр еті баласынан безді. Бір үзім наан үшін өмірін қиды. Қазақ халқын қара шыбындай қырган, қолдан жасалған бұл апатты «Байғұс неғып жүр?» деген өлеңнен айқын көруге болады.


Өлең «Шолпан» журналының 1922 жылғы санынан (№2-3, 106 б.) араб әрпінен көшіріліп ұсынылып отыр.

Құйрығы жоқ, жалы жоқ
Құлан байғұс неғып жүр?
Аяғы жоқ, қолы жоқ
Жылан байғұс неғып жүр?

Мың сан малдан айрылып
Малсыз байғұс неғып жүр?
Ішер астан айрылып
Әлсіз байғұс неғып жүр?

Көлеңкеден қорқатын
Қоян байғұс неғып жүр?
Алдырып қолдан мал, затын
«Оян» байғұс неғып жүр?

Уыс астық үнем жоқ
Тамағы аш байғұс неғып жүр?
Іліп алар киім жоқ
Жалаңаш байғұс неғып жүр?



Қам көнілді, қайғылы
Зарлы байғұс неғып жүр?
Қайықтай қалмай қалтылы¹⁰
Жарлы байғұс неғып жүр?

Қонар көлге мұз қатып
Сұнқар байғұс неғып жүр?
Төрт түяққа мұз қатып
Тұлпар байғұс неғып жүр?

Балақадыр

Колжазба

«Ауыл тілі» газеті

Жалау Мыңбаев Қазақ Өлкелік орталық атқару комитетінің төрағасы болып сайланғаннан кейін, 1926 жылы «Ауыл тілі» газетін Қазақстан өлкелік партия, Кеңес комитеттерінің, Қәсіпшілер одағының, Сырдария губром мен губаткомының атынан шығаруға кірісті. Қындықтар мен жоқшылыққа қарамастан ол мемлекеттікі зор жауапкершілікті қызметінің үстіне осы газеттің редакторлық міндетін де өз мойнына алған.

«Ауыл тілі» оқырмандарына түсінікті, нағыз қарапайым қазақы тілмен жазылды. Ол тек Қазақстанның ішіндегі ғана емес, бүкіл Кеңес Одағындағы, шетелдердегі болып жатқан жаңалықтармен, өнер-білім жетістіктермен оқырмандарын жан-жақты хабардар етіп отырган...



**«Ауыл тілі» өмірлі бола ма?
(Мыңбайұлы Жалау жолдаспен сөйлесу)**

Жалпы Қазақстан Ақсақалы Мыңбайұлы Жалау жолдастан «Ауыл тілі» газеті өмірлі бола ма? «Еңбекші қазақ» сықылды

¹⁰ Мәтінде осылай жазылған – З.И.

Ордада күн сайын бір үлкен газет шығып тұрганда, жетіде 2-3 рет шығатын губерне газеттері барында жетіде бірақ шығатын «Ауыл тіліне» жүрт ұмтыла ма еken? - деп сұрадым.

- Біз бұл газетті көрсө қызырлықпен шығарып отырғанымыз жок, күн бұрын ойлағанбыз. Сіз айтып отырған газеттерде міні болған. Бірақ, «Ауыл тілінің» орны басқа.

Әуелі әңгіме газеттің жін-сирек шығуында емес, оның маңызында, мазмұнында. «Еңбекші казакты» алсақ ол жалпы саясат жөнінде жетекші – басшы газет. Губернелік газеттер болса, олардың әрқайсысы өз губернесінің аймағынан асып кете алмайды.

Ал, бүкіл Қазақстанның калың кара бұкарасына ортақ, кілең ауыл шаруашылығы тіршілігі жайынан үлгі-орнек беріп, ауылды кеңес-партия құрылсыы жайынан бірыңғай жөн сілтеп отыратын, түсінікті, женіл тілде жазылған, өзі шаруаның калтасына да ауыр сокпайтын бір газет керектігі белгілі еді.

Газетіміз әбден төсөліп алғаннан кейін бұдан гөрі жиірек те шығар. Әзірше, «акырын жүріп, анық бас, еңбегің кетпес далага» дегендей өзімізге-өзіміз келіп алғанша жетіде бір рет гана шыгара түрмакпыш.

- «Ауыл тілі» қалалық жерлерде де тараар деп ойлайсыз ба?

- Әбден тарайды. Бұл газетті қалың шаруа алуының үстінен орталықтағы ірі қызметкерлерден бастап, аяғы ауыл кеңестің мүшелеріне шейін алып отырады деп сенемін. Өйткені біз ауылдың жайын, ауылда не болып жатқанын білмей отырып, еңбекші елге түк пайда келтіре алмаймыз.

«Бетті ауылга бұрудың» мәнісі ауылдың қымызын, қырдың таза ауасын көксеу емес, ауылдың мұң-мұқтажын біле отырып, кемшилігін түзетуге кірісу, шаруашылығын ішгері бастырып, ауылда шың кеңес жұмысын жүргізу деп түсінеміз. Олай болса біз ауылмен «Ауыл тілі» арқылы хабарласып отырамыз.

Сондықтан «Ауыл тіліне» оқушы табылады да, «Ауыл тілі» өмірлі де болады деп сенемін.

Мадьяр (*M.Дулатов*)



Ж. Мынбаев

«Ауыл тілі» газеті №1, 27.07.1926 ж.

«Ана тілі» газеті
24 маусым 1999 ж.

«Маңғышлақ» журналын кім біледі?

Мен жақында Манғыстау облыстық мемлекеттік архивінен уездік «Қосшы» одағының төрағасы Сейтқазиевке жазған Адай уездік ревкомының төрағасы Ахмедовтың хатын таптым. Ол хаттың жазған мерзіміне зер салсақ, қазақ халқының басындағы ең ауыр кезеңде жазылғаны анық. Адай уезіндегі халықтың дәстүрлі жүйесі күйреп, ашаршылыққа, жұтқа ұшырап, естілердің өзін есендіретіп, қайғы-қасіреттің шаш етектен келіп жатқан шағында ақша, қағаз тапшылығына, қымбатшылыққа қарамай, халықтың келешегін ойлап «Маңғышлақ» атты журнал шығаруды ұйымдастыруды ойластырудың өзі ерлік. Жасыратыны жоқ, ол кезде жүрттың езуінен май ағып, ішкені алдында, ішпегені артында тұрган кез емес. Қайта бар қымбатшылықтың белен алған заман екені аға үрпаққа да, тарихқа да белгілі.

«Қосшы» одағының төрағасы Сейтқазиевке! Қымбатты жолдастар!

Шевченко атындағы клуб басқармасы «Маңғышлақ» журналын шығаруға кірісті. Журналда мүмкіндігінше уездің құнделікті тыныс тіршілік өміріне байланысты материалдар жарияланады.

Уездің тарихында журналдың бірінші рет жарық көруін ревком өз тарапынан құттықтайды және мұндай жақсы бастамаға өз тарапынан қолынан келген көмегін көрсетіп, бар жақсылығын аямайды.

Кімде кім журнал сапалы да жақсы шықсын, онда уез өміріне байланысты мәселелер кең түрде жариялансын дейтін болса, әрбір азамат оған қолынан келгенінше комек көрсетуге қатысуы қажет. Мұның ең дұрыс жолы – оның оқырманы болу, журналға жазылу болып табылады. Негұрлым журналға жазылушылар көп болса, соғұрлым ол жи шығарылады және оның көлемі де ұлғая түседі. Журналда ревкомының және жергілікті халыққа қатысы бар жоғары үкімет орындарының жарлықтары жарияланатын арнаулы белім болады.

**Жолдастық сәлеммен ревком төрағасы Ахмедов
(МОМА 83 қор, 1 тізбе, 17 іс, 56 б.)**

Міне, көрдіңіздер ме, не деген керемет ой, кеменгерлік іс ұйымдастыруға үйтқы болуды көздеген аға үрпақтар.

Алғашқыда жасыратыны жок, бұл сырымды жариялауға асык-пайдым. Өзімше іздестіріп табуға әрекеттендім. Бірақ нәтиже әзірге шықпады. Қазақстан туралы Қазан тәңкерісіне дейінгі және онан кейінгі баспадан шықкан газет, журнал, кітаптар тізбесінен таппадым. Оған енбеген. Мен қараган архив құжаттарында дерек жок. Біледі деген көзқырқтылардан сұрастырығанымда онан хабарсыз болды. Ақыры іштегі сыр сыртқа шығуға тұра келді.

Бұл хаттағы бір айтылмаған нәрсе: журналдың шығу мерзімінің, көлемінің, қай тілде шығатындығының, редакция алкасының кімдер екендігінің және баспадан шығу мерзімінің көрсетілмеуі. Әзірге деректін ұшын ұстауға қындық келтіріп тұрғаны да осы.

Ал менің жоғарыда айтқан ашаршылық, жұт кезі деп айтуымның себебі бар. Өйткені архивтегі материалдар бойынша Сұлтан Ахмедов 1925 жылы ревком төрағасының орынбасары, 1927 жылы (нағыз жұт жылы) Адай ревкомының төрағасы қызметтерін аткарған.

Сондықтан осы жылдар кезінінде «Маңғышлақ» журналы үйимдастырылды-ау деген жобам бар.

Сондықтан кадірлі ағайындар! Мен сіздерге мұны тек катардағы бір жарнама сияқты қарамауларынызды сұраймын. Ол журнал шықпай қалуы мүмкін емес сияқты көрінеді де тұрады маган...

Тағы да айтамын жолдастар, «Маңғышлақ» журналын іздестіруге атсалысыныздар. Сіздерге рухани қазынамызды табуға үлес қосады деп сенім білдіремін. Ел іші алтын қазына, біреуде болмаса, біреуінде сақталуы мүмкін.

«Маңғыстау» газеті
22 маусым 1993 ж.

Отыз бестің тағдырын кім біледі?

«Еңбекші қазактың» осыдан 70 жыл бұрын (1927 ж. 27 нараша №272) 1000-ынши саны әсем де көркем болып жарық көрген. Басылымның бұл нөмірін Казақстан Орталық партия комитеті, Орталық атқару комитеті республика көлемінде үлкен



мереке – той етіп өткізген. Онда М.Дулатов, Б.Майлин және тағы басқа айтулы азаматтардың ой-толғаулары, партия, кеңес орындары мен қоғамдық ұйымдардың, Өзбекстан, Қыргызстан, Эзербайжан, Башқұртстан, Татарстан республикалары баспасөз органдарының құттықтаулары басылған. Сонымен бірге «Еңбекші қазактың» сол кездегі 492 тілшілерінің ішінен таңдал 35 тілшінің фотосуреті аты-жөні көрсетілмей жарияланған. Олардың кім екені, неге бұлай еткені де белгісіз.

Сондыктан еліміз егемендік алып белгісіз, елеусіз, атаусыз кеткендерді тарихымызға қайта оралтуға мысқалдан болса да сол кемшіліктің орнын толтыру мақсатында 35 тілшінің фотосуретін оқырмандарға таныстыруды жөн көрдік.

Ел іші – алтын бесік. Құйма құлак, зерделі азаматтар, бұл өмірден өткендердің ұрпақтары, туган-туыстары, жақын-жекжаттары әзірге бізге белгісіз жандардың кім екенін олардың тағдыр-талайын, мекен-жайын анықтап білер және олардың қандай бүркеншік аттармен макала жазғаны туралы хабар берер деген үмітіміз зор. Осы бір фотосуреттер дерегінен туындағын тарих қазақ журналистикасы мен «Егемен Қазақстан» газеті және Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві үшін құнды материал болатындығы сөзсіз. Біз сіздердің көмектерінізben осы 35 тілші тарихтан өз еншісін алып оралады деп сенеміз.





«Есемен Қазақстан» газеті
27 қараша 1997 ж.

«Жаңа әдебиет» журналы

ÇАҢА ӘДЕВІЈЕТ

«Жаңа әдебиет» көркем әдебиет және сын журналы 1928 жылдың қаңтарынан бастап айына бір реттен, таралымы 3000 данамен 1931 жылдың аяғына дейін Қызылорда қаласында шықкан. Журналдың алғашқы алқа мүшелері: Әбдірахман Байділдаұлы, Молдағали Жолдыбайұлы, Шаймерден Токжігітұлы болған. Кейін F.Мұсірепұлы, I.Жансұгірұлы, Бейімбет Майлышұлы, Хамза Жұсіпбекұлы, Жанайдар Садуақасұлы, Фаббас Тоғжанұлы, Есіркеп Қалымбетұлы, Халел Есенбайұлы, Үміт Балқашұлы, Мұстафа Қайыпназарұлы, Сәбит Мұқанұлы, Жақан Сыздықұлы алқа мүшелері болып енбек еткен.

«Жаңа әдебиет» журналы 1923-1925 жылдары шықкан «Тан» және «Шолпан» журналдары «...еңбекші жазушыларды сыртқа теуіп, олардың бетін тырнағаны, теріс бағыт ұстаганы үшін жабылғаннан кейін» «...байшыл бағытқа есік жабу, байшылдық иісі бар ақын-жазушыларға жол бермеу, олармен құресу, олардың бұрынғы «сұлу» тілдерінің сырын ашу, кім екендіктерін еңбекшілерге таныту үшін»... таптың сойылын согатын ақын-жазушыларды тәрбиелеу, өсіру максатында тап құралы ретінде шығарылған («Жаңа әдебиет». Мықты майдан. 1928 ж., 5 б.).

«Жаңа әдебиет» журналында алғашқы жылы көркем әдебиет, айтыс-сын, үйрену-үйрету, құлқі-сықақ болімдері болған. Кейін халық әдебиеті бөлімін қосқан.

Көркем әдебиет бөлімінде С.Мұқанұлы, F.Мұсірепұлымен қатар құні кешеге дейін «халық жауы» аталған, шығармалары ел жадынан өшуге айналған, есімдері атауға тыйым салынған Сәкен Сейфоллаұлының, Бейімбет Майлышұлының, Жұсіпбек Аймауытұлының, Мәжит Даулетбайұлының, Фаббас Тоқжанұлының, Тоқжігіт Шаймерденұлының, Ілияс Жансұгірұлының, Галым Малдыбайұлының, т.б. туындылары жарияланған.

Үйрену-үйрету бөлімінде қаламы төсөлгендердің шығармалары және олардың өздері жазуды қалай үйрәнгені, қалай жазу керектігі жөнінде ақыл-кенестері берілген.

Ал халық әдебиеті бөлімінде Қазақ төңкерісіне дейін халық жадында сакталған ақындардың жырлары, билердің сөздері, батырлардың ерлігі мен тарихи орындар жөніндегі деректерді жариялаған.

Айтыс-сын, құлқі-сықақ бөлімдерінде сол кездегі саяси идеологиялық саясатқа байланысты ақындар мен жазушылардың


шығармаларын талдаған, батыл сынаған. Мұның өзі 1937-1938 жылдардағы саяси қуғын-сүргінге Коммунистік партияның алдын ала дайындағанын айқындайды. Коммунистік партияның саясатына алданған аңғал ақын-жазушылар қолды қақпайды. Кімге құрап, кімге құрық салып тұрғанын кезінде сезбекен. Оған «Жаңа әдебиеттің» айтыс-сын бөлімінде жарияланған материалдар айқын көз жеткізеді.

«Таң-Шолпан» журналы
№1, 2004 ж.

Тіл жүмған ауыз ішінде

...1924 жылы наурыздың 17-інде Сәкен Сейфуллин қазак тілін мекемелерде жүргізу туралы Қазақстандың барлық губернелік һәм уездік Совет комитеттерінің төрағаларына ашық хат жазды («Еңбекшіл қазак» газеті, №80).

Ол хатта қазіргі жағдай ашық та айқын жазылған. Сондықтан ашық хатты толық келтірудің артықшылығы болmas...



Қазақстанда, мекемелерде казак тілін жүргізуге енбектеп кірісіп жатырмыз. Бірақ, бұл істі көнілдегідей қылып, тез бітіріп тастауға болмайды.

«Қазақ тілін жүргізу керек» деп құр бұйрық жазып қана қоюмен іс бітпейді. Бұл істі жүргізу жолында көп бөгет бар.

Кей қызметтегі адамдар сыртынан «иә, әбден қазақ тілін жүргізу керек» десе де, бұл іске шындал күш жұмсамайды.

Кей қызметтегі адам «қазақ тілін жүргізуге не қылып жатырсын» десек, «ақша керек, ақша» дейді.

Ал, кейбір қызметтегі адамға «қазақ тілін неге кіргізбейсін» десек, «қазақша һәм орысша жазуды жақсы білетін кісі болса еken, сонда қазақ тілін кіргізер едік... Мен қазақ тілін кіргізуге құмар тамын, бірақ іс білетін қазақ жок, бір іс білетін қазақ тауып берсеңізші...» дейді. Қысқасы, сылтаудың саны жоқ.

Сөйлесе кетсек, қызмет басқарып отырған адамдардың, мекемені билеп отырған адамдардың, һәм бірі қазақ тілін мекемеге кіргізбеймін дейтіні жоқ.

Бірақ, кейбір азғантай жерлерде гана болмаса, қазақ тілі әлі де қазактың өз аузында.

Кей жерлерде тілін кенсеге кіргізбек түгіл қазақ азаматы аузын ашатын емес. Тіл жұмған ауыздың ішінде.

Рас, шынында да бұл істің өзі оңай да емес. Бірақ қазіргі Қазақстанда һәр мекемеде қызмет қылышп җүрген азаматтар һәм қызметтөн тыс азаматтар жалпы жұмыла бұл іске кіріссе, бұрынғы патшалардың замандарынан бері жұмылған ауызда болып келген қазақ тілі совет мекемелерінде кіру керек. Жалпы, жігер керек, жалпы, ынта керек. Коммунист партиясы һәр Совет үкіметі азаматтарды осыған шақырып отыр.

Біздің қазақ коммунистің кейбіреулері қазақ тілі туралы қатты кірісуге: «Біреу ұлтшыл деп айтады» деп бой тартады. Бірақ ол құлық коммунистік құттық емес, ол – карьершілік, жағымпаздық.

Коммунист партиясының орталық комитеті бұл туралы соқырға таяқ ұстатқандай айдан ашық айтып отыр. Сол тәрізді бұл іс көп бөгеттерге, көп кесірлерге ұшырап отырар да анық және біреуі мынау: кейбір сасық, жалмауыз демагог өзін жақсы коммунист екен деп айтсын деп қазақ тілін екпіндеп кіргіземін деп жүрген адамдарды «анау ұлтшыл, мынау ұлтшыл» дер. Бірақ ондай сасық демагогтар Коммунистер партиясының орталық комитетін «ұлтшыл» деп айта алмас. Олардың мақсаты белгілі.

Енді менің сіздерден сұрайтыным мынау. Һәр губерниядағы, һәр ояздағы қазақша, орысша жазу білген адамдардың тез есебін алыңыздар. Һәр кандай адам, кандай қызметке жарайтынын анықтаңыздар және олардың һәр қайсысының жасы нешеде, білімі қанша екенін анықтаңыздар. Қазақ тілін шындал кенсеге кіргізу ретінде 3-4 мың қазақша жазуды білетін, кеңсе істерін тәуір білетін, һәм орысша білетін адамдар керек. Бірақ сонша адам табылғанша қазақ тілін кеңсе істеріне кіргізу жұмысын токтатып қоймай, үсті-үстіне істей беру керек.

Жоғарғы қазақша-орысша жазу білетін адамдардың тиісті анықтамалары мен тізімдерін мұнда бізге жіберіңіздер. Бұлардың ішінен ең алдымен жастарын қызметке алу керек. Өйткені, Николайдың заманында отаршылдықта бой ұсынып қалғандардың көбі орысша жақсы білсе де қазақшаны білмейді.

Міне, осыған тығыз кірісулеріңізді өтінемін. Қазақ тілін сіздер төмennен жоғары қарай жүргізіңіздер, біз жоғарыдан төмнен қарай

жүргізейік. Міне, сонда ғана қазақ кедейлері өз тілінде жазылған бұйрық, жарлық, декрет, закондарды, жобаларды, нұсқаларды яки өзі оқып, яки тыңдар, өз мұнын өз тілінде айтып, қатарға кіре алады.

Істерінізді күтемін.

Жолдастарыңыз Сәкен

*Араб әрпінен кириллицага аударған З.Ижанов
Колжазба*

Әліпби туралы мұрағат құжаттары не дейді?

Құжаттар сөйлейді...

Латын әліпбінен көшү туралы әңгіме Қазақстанда 1923-1928 жылдар арасында айтыс-тартыспен іі қанған мәселе еді.

Бірақ соңғы кезде ол қайта жаңғыра бастағандықтан Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағатындағы құжаттарды ақтаруға тұра келді. Әңгімеміздің арқауына мұрағаттың 81, 83, 141, 740, 929, 1692 қорларындағы 1, 2, 231, 244, 307, 309, 330, 488, 953, 1140, 1223 істерін және «Қазақстандағы тіл саясаты» құжаттар жинағын (Алматы, 1997 ж.) пайдаланды.

Латын әліпбінен көшү былай басталды. Бұл мәселе 1923 жылдың аяғында Мәскеу, Орынбор, Ташкендең зиялы азаматтар мен сол қалалардағы оқу орындарында оқып жүрген қазақ жастары тара-пынан көтерілді. Олар өз ойларын баспасөзде жарияладап, Байтұрсыновтың араб әліпбін өзгерту жөнінде білімпазлардың алдағы болатын съезінде талқылауды талап етті.

Бұл съез 1924 жылы 12-18 маусым аралығында Орынборда етті. Съез араб әліпбі жөнінде А.Байтұрсыновтың, латын әліпбі жөнінде Н.Төрекұловтың баяндамаларын талқылады. Латын әліпбі жөнінде үш жоба – Н.Төрекұловтың (Мәскеу), Мурзиннің (Орынбор), Х.Досмұхамедовтың (Ташкент) талқыға түсті. Талқылау барысында Н.Төрекұловтың жобасы мақұлданды. Жобасын өткізе алмаған Х.Досмұхамедов: «Айналадағы желігүдің салдары тиіп, мен латынша әліптің жобасын жазып едім. Құдайға шүкір, енді ақыл кіріп өз жобамнан қайттым», - деп жазды.

Латын әліпбіі туралы мәселе қойылудың басты себебі – ол кезде бүкіл Қеңес Одагындағы түркі тілдес республикаларда түркі әліппесіне көшу дүрбелені басталған еді. Осыған байланысты және оларға басшылық жасау мақсатында Бүкілодақтық Орталық атқару комитетінің жанынан Жалпыодактық түркі жаңа әліпбійінің орталық комитеті құрылды. Оны Агамалығұлы басқарды. Оның құрамына әлемге белгілі түрколог-ғалымдар енді.

Осы комитеттің ұйымдастыруымен 1926 жылы наурызда Баку қаласында Түркі тілі білімпаздарының I-съезі өтті. Ол съезге Қазақстаннан А.Байтұрсынов, Е.Омаров, Т.Шонанов қатысты. Съезде «Түркі тілдерін зерттеу және оның басқа тілдермен байланыстары туралы», «Түркі жаңа әліпбіі», «Түркі тілдерінің орфографиясы жөнінде», «Түркі тілдерінде ғылыми терминология жүйесінің мәселелері жөнінде», «Ана тілін оқытудың әдістемесі жөнінде», т.б. мәселелер қаралып, тиісті шешім алынды. Ол шешімдерде Әзербайжан, Якутия, Қыргызстан, Қарашибай-Шеркеш, Балқар, Қабарда, Ингушетия, Осетия, Шешен, Башқұрт, Түркіменстан, Өзбекстан, Адыгей-Шеркештердегі латын әліпбійіне көшу қозғалыстарының жұмыстарын онды деп тапты. КСРО-ның түркі тілдес басқа республикалары мен облыстары бұлардың тәжірибелерін зерттеп өздеріне енгізіп деп шешті.

Съездің бұл шешіміне қазақстандықтар да белсене кірісті. Алғаш рет 1927 жылы Қызылорда қаласында Жаңа әліпбішілер қоғамы (ЖАҚ) құрылды.

Кейін Қазақстан Халық Комиссарлары кеңесінің 1927 жылғы 19 қарашадағы қаулысымен Қазак жаңа әліпбійінің орталық комитеті құрылды. Бұл комитетті Халық Комиссарлар кеңесінің төрағасы Н.Нұрмаков (комитет төрағасы), мүшелері: К.Токтабаев, О.Жандосов, Ә.Байділдин, Ә.Ермеков, Ғ.Тогжанов, Т.Шонанов, Орманбаев, Малдыбаев басқарды.

Осыдан кейін барлық губаткомдерде ЖАҚ-тың бөлімшелері, «Еңбекші қазақ» бетінде «Латыншылар бұрышы» ұйымдастырылды. ЖАҚ-тың жарғысы қабылданды. Латын әліпбійіне көшудің жоспары бекітілді.

1927 жылы тамыз айында Жалпыодактық жаңа түркі әліпбійінің бастығы Агамалығұлы Қазақстанға келіп, жаңа түркі әліпбійінің мәселелері жөнінде кеңес өткізді.

Бұл шаралар 1924-1928 жылдар арасындағы арабшылар мен латыншылардың аяусыз күресі мен айтысын күшетті. Бұл айтысқа ақын-жазушылар, журналистер, ғалымдар, зиялды қауым белсене араласты.

Араб әліпбій қорғаушылар тобында А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы, Қ.Кеменгерұлы, М.Жұмағабайұлы, Ж.Аймауытулы, Е.Омарұлы, С.Садуақасұлы болды. Олардың дәлелдері:

- Қазактың осы уақытка дейінгі тарихы, әлеуметтік саяси жағдайы, әдебиеті мен мәдениетіне қатысты материалдар, жырлар араб әліпбіймен жазылды. Келешек үрпақ осы бай мұраларды оқудан шет қалмауы керек;
- Латыншылар – желікке ерген демагогтар;
- Латын – баланың ермегі;
- Латын әрпін аламыз деу – бұрынғы миссионерлердің жолын күү;
- Мұсылман молдалары қарсы болады, елді молда басқарады, халық молданы қолдайды;
- Латын әрпін алсақ жүргіттың бәрі хат танымай, надан болады;
- Латын әрпін алуға әлі ерте;
- Латын әрпін өмірге ендіруге көп қаржы кетеді;
- Қазактың өндепген араб әрпі – қазақтың тұма әліпбій, латын әліпбій қазаққа жат;
- Қазіргі араб әліпбійндегі кемшілікті өзгертуге болады. Сөз басында, ортасында, аяғында және жеке жазылатын әріп таңбаларын есептегендегі 100 таңба бар. Соның 58-ін алып тастасақ 42 таңба қалады. Сонда жазуға да, баспаға да кемшілік келмейді.

Міне, арабшылардың пікірі осы. Бірақ олар араб жазбасындағы басты бір-екі кемшілікті көрсетпеді. Соның біріншісі – араб жазбасында бас әріптің болмауы еді. екіншісі – «а», «ә», «ы», «і» әріптері мен әріп иректерін қысқартып жазу еді. Осы жағынан араб жазбасы тез жазылатын еді.

Сондықтан ага буын, әсіресе, Ә.Тәттібаев, А.Тоқмағанбетов, Ә.Әбішев, С.Мұқанов, І.Омаров, М.Ғабдуллин, т.б. күні кешеге дейін араб әрпін қолданып келді.

Бірақ сол қысқарған иректер мен түсіп қалған әріптер сөздің мән-мағынасын айыруға қындық келтіретін.

Латыншылар тобында Н.Төрекулов, Т.Шонанов, Ә.Ермеков, Ғ.Токжанов, Н.Нұрмаков, Қ.Токтабаев, О.Жандосов, Малдыбаев, т.б. болды. Арабшыларға қарсы оладың пікірлері:

- Араб әрпінің біреуі төрт түрлі (сөз басында, ортасында, аяғында, жеке тұрғанда) жазылады;
- Араб әріптері бірімен-бірі ұқсас, шымшытырық ирек сыйзық, асты-үсті толған ноқат, жазуда иректің не ноқаттың бірі жазылмай не қойылмаса сөздің мағынасы өзгеріп кетеді;

Сөз басындағы дауысты дыбыс алдынан әліп жазып қою дұрыс емес;

Дыбыс басына бір-бір әріп қойылуы керек. Араб әліпбійнде бір дыбысқа 4 таңбадан келетіні 14 үйір, 2 таңбадан келетіні 8 үйір, 3 таңбадан келетіні 2 үйір, сонда бәрі жиылып 80 таңба болады. Біздің тілімізде 24 дыбыс бар. 80 таңбаны үйретуден 24 таңбаны үйрету әлдекайда женіл;

Араб әріптері оңнан солға қарай жазылады, окуға қолайсыз, баспа орындарына зияны мол. Әсіресе цифрларды орналастыру қындық туғызады. Себебі бұрынғы оңнан солға қарай жазылған мәтінге цифрды солдан онға қарай орналастыру керек;

Араб әрпі біркелкі емес, оны тенестіру үшін араларына сыналар тықпаланады. Соңан әріптер мыж-мыж болып сыйнады, тез тозады және жазу мәшинелеріне үйлестіруге келмейді;

Музыка ноталарында сан белгілері солдан онға қарай жазылады, мәтін оңнан солға қарай оқылады. Соңда сан мен мәтінді қарама-қарсы оқу, музыка аспаптары мен баспахана құралдарына араб әрпін орналастыру қындық туғызады;

Алгебра, геометрия, физика, денсаулық сактау кітаптарындағы барлық формулалар. рецептер әлемдегі мемлекеттерде тек латын әріптерімен жазылады:

Бір нөмір қазақ газетін баспадан шығару үшін 15-20 пұт араб әрпі керек. Ал латын әрпінен 2-2,5 пұт әріп кетеді. Әріп терушіге араб әрпінен 15-20 пұт әріп жинап, терудің орнына 2-2,5 пұт латын әрпін жинау, теру көш женіл, әрі оңай. Баспаханаға 15-20 пұт араб әрпін сақтаудан 2-2,5 пұт латын әрпін сактау тиімді. Баспаханалардың әрқайсысында араб әрпі үшін 174-200 әріп ұясы болса, латын әрпі үшін әрі кеткенде 44 ұядан аспайды. Араб әрпін теру жұмысы – өнімсіз, бейнетті, норма бойынша әріп теруші орыс тілінде 7500 әріп терсе, француз, поляк, неміс, татар тілдерінде 5500 әріп терсе, араб әрпімен 3000 ғана әріп тереді. Бұл олардың еңбекақысына тиімсіз;

Араб әрпінде жұмсалатын шығын көп. 15-20 пұт араб әрпін сатып алушдан 2 пұт латын әрпін сатып алушын айырмасы – 800 сом. Өйткені араб әрпінің әр пұты – 60 сом, латындықі – 50 сом тұрады. 12 кегель латын әрпі 20 сом 80 тиын болса, осы мөлшердегі араб әрпі 56 сом. Экономикалық жағынан тиімсіз;

- Араб әліпбійн аздаған елдер қолданады әрі олардың мәдениеті төмен. Ал латын әрпін неміс, ағылшын, француз, т.б. өнерлі, мәдениеті жоғары елдер қолданып отыр. Оның үстіне сол елдермен жуықтасып, олардың жақсылығынан үлгі алып, мәдени табыстарын пайдалануға, олардың жаманынан сақтануға жол ашылады. Соңғы кезде Түрік, Иран, Ауган, т.б. елдер араб әрпін тастап латынға көшуде. КСРО құрамындағы түркі тілдес республикалар мен облыстар да латын әрпін қолданып отыр;
- Ең бастысы араб әрпіне қарағанда латын әрпі дауыс, дыбыс ерекшеліктерімізге сәйкес қолдануға, жазуға ыңғайлыш. Солдан онға қарай дұрыс жазылады, емлесі онай, әріптері аз, еліміздің сауаттануына ең төте, қолайлы жол.

А.Байтұрсыновқа карсы пікір айтушылардың бірі – Құдайберген Жұбанов болды. Ол өзінің «Қосар ма, дара ма?» деген мақаласында былай деп жазды:

«...Араб әрпінің...өзін қазақ тілі дыбыстарына үйлестіру шаrasы қалам ұстағандардың арасында көптен қозғалған, теория түрде емес, практикада ертеде қолға алынған іс болатын. Осы құнгі «ы», «і» дыбыстарын таңбалau үшін бұлардың өзін әріппен белгілемей, алдындағы дауыссыз дыбыс әрпінің үстіне үтір қою... жиі кездесетін. Сондықтан араб әліппесіне Байтұрсынұлы енгізген өзгерісті араб әрпін жасаудың басы деп санау – тарихи кате. Оны бұл жөнінде болып келген өзгерістердің сірге жияры, соны, тұйықталып тынған жері деп қана түсіну керек.

...Ильминский, Мелиоранский, Радлов сияқты оқымыстылар, Ронгинский, Алекторов сияқты миссионерлер орыс әрпімен таңбалап қазақ әліппесін шығарғанда осы Байтұрсынұлы «тапты» деп жүрген дыбыстардың бәрі де ашылған болатын-ды. Ахметтен көп бұрын қазақ тілі мен оқу құралдарын шығарғандар «а» мен «ә», «о» мен «ө»-лер барын немесе «з» мен «т»-лардың жуан, жіңішкесінен әріп алудың керексіздігін Ыбырай Алтынсариндер Ахметтен үйренбegen-ди. Егерде осы құншығысшылар мен миссионерлер шығарған әліппе болмаған болса, Байтұрсынұлы әліппесі де болмайтын еді.

...Байтұрсынұлының араб әрпіне кіргізген өзгерісі бірқатар әріптердің үстіне үтір, мәт қою, арабтың әмзесін дәйекшілікке алу, қосар әріп енгізу. Міне, осы үшеуінің ішінен шынымен Байтұрсынұлы шығарды деуге жараптығы – қосар әріптер. Өйткені үтір қоюды алдымен Түркияда Шамсидин Сами шығарған. Онан кейін Татарстанда Қоюм Насири, мұның артынан Нади Махсудов шығарған. Мәт пен әмзе таңбаларын да, жуан «а» мен жіңішке «ә»-ні

алу да солардан қалған-ды. Сүйеу таяқ болса да бұл бұрыннан бар болатын. Бұл Қожа Ахмет Иассауде де, шағатай жазуларында да болған. Дауысты дыбыс алдынан сүйеу «а» қою әдеті арабша жазуға ескі ұғыры әліппесінен калды деуге толық қақымыз бар. Өйткені ескі ұғыры жазуында сөз басында дауысты дыбыс алдына «а» қою бар-ды. Сонымен, Байтұрсынұлының сыйбағасына еркін тиетіні – жалғыз-ак қосар әріптер» (ҚРОММ 81 қор, 3 тізімдеме, 74-75 б.).

Қызу айтыстың үстінде М.Жұмабаевка, Ж.Аймауытовқа байшыл, діншіл, ұлтшыл деген айдар да тағылды.

Кейбіреулер қызына-қызына (Малдыбаев) арабтан да, латыннан да безіп, бірынғай орыс графикасына көшуді ұсынды.

Латынға көшіру қалай іске асырылды?

Арабшылар мен латыншылар арасындағы айтыс әбден қызған кезде бұл іске Қазақстан Компартиясы өлкелік комитеті араласып, билікті өз қолына алды. Жаңа әліпбиге көшу жөніндегі бейберекет жұмысты бір ізге салу мақсатында партия қызметкерлері Ә.Байділдин, К.Токтабаев, Ф.Тоғжанов, Х.Жүсіпбеков секілді азаматтардан топ құрды.

Өлкелік партия комитеті 1928 жылдың сонғы айларында латын әрпіне көшу мәселесін бірнеше рет қарады. 12 қарашадағы бюро шешімінде «арабшылар қарсылығы негізінен тойтарылды» деп шешім кабылдады. «Жаңа әліпті (латынды – З.И.) қолданбағандар үкімет әліпбін аяққа басқандар деп табылып жауапқа тартылсын, оны бақылау прокуратурага тапсырылсын» деген шешім мәселені шүғыл өзгерту. Осы тегеурінді думпуден кейін барлық газеттерде латын әліппесінен сабактар ұйымдастырылды. Мекемелерде, ұйымдарда, оку орындарда үйірмелер құрылды. Әрбір баспахана үш баспа табаққа жететін латын әріптерімен жабдықталды.

Қазақ АКСР Өлкелік атқару комитетінің IV сессиясы латын әліпбіне көшу туралы шешім қабылдады. Сөйтіп латын әліпбі 1929 жылдан бастап, 10 жыл өмір сүріп, 1940 жылы ығыстырылды.

Орыс графикасына қалай көштік?

Кеңестік орыс графикасына көшу мәселесі шүғыл түрде бас-аяғы бір ай шамасында, дәлірек айтқанда, 1939 жылдың 20 желтоқсаны мен 1940 жылдың 15 қантары аралығында шешілді. Осы аралықта Қазақстан Республикасының барлық аудандарында, облыстарында, ірі ұйымдарда латындандырылған казак жазбасын орыс графикасына көшіру қалай іске асырылды?

сына көшіру жөнінде партия, комсомол, қасіподак ұйымдарының активтері өткізілді. Оны ұйымдастыруға орталыктан арнаулы өкілдер жіберілді. Осы жылдың 4 қарашасында Қазақ КСР Жоғарғы Кенесі «Латындандырылған қазақ жазбасын орыс графикасы негізіндегі жаңа әліпбиге көшіру туралы» Қазақ КСР Халық Комиссарлары кенесі төрағасының орынбасары И.Шәріповтің баяндамасын талқылады. Сөйтіп, бас-аяғы 5-6 сағатта 7 адамның сөз сейлеуімен заң қабылданды.

Жасалған баяндама мен сессияда сөйлеген азаматтардың орыс графикасына көшу жөніндегі келтірген дәйектемелеріне күлкің келеді. Мәселен, «тіл мамандарының зерттеуінше «Социалистік Қазақстан» газетінің әр жылдардағы бас мақаласындағы әр 1000 сөзге есептегендегі 1924 жылы – 14, 1930 жылы – 18, 1940 жылы – 236 орыс сөзі кездеседі еken. Бұл – қазақ тіліне баға беруде критерий болуы керек» деген дәйектеме жасалған. Ал сол мақтап отырған орыстың әр мың сөзіне ағылшын, француз, неміс, латын, араб, түркі сөздері орта есеппен қаншадан келеді еken? Ол туралы ешкім ештеңе айтпайды.

Сөйтіп, Қазақстан Орталық партия комитеті, Қазақ КСР Жоғарғы кенесі, Халық Комиссарлар кенесі 1940 жылдың аяғында елді орыс графикасына көшірді...

Әліпбійміздің өзгере беруінің сыры неде?

Араб графикасынан латынга, латыннан асығыс түрде орыс графикасына көшірудің астарында құйтұрқы саяси мұдде жатқанды. Араб графикасынан латынға көшіру ең алдымен мұсылмандар көркениетінен халықты бөлу үшін керек болды. Ол максат орындалды. Халық Қазан тәңкерісіне дейінгі дінінен, мәдениетінен айырылды. Жұзделеген жылдар бойы түйнектеп жиналған тарихты, әдебиетті оқудың жолы кесілді. Бұл максатқа жету үшін зиялы қауымды өзара айтыстырып, отарлаушылар халықты алдады.

Ал асығыс түрде латыннан безіп, орыс графикасына көшу – Коммунистік партияның орыс империясының отарлау саясатын одан бетер терендету максатынан туғандығы айқын. Қазақ тіліне орыс графикасын енгізу алғаш рет Ресей Оқу министрі, кейін Ішкі істер министрі болған граф Толстойдың кезінде-ақ қолға алына басталғанды. Ол 1876 жылы: «қазақтар арасында башқұрт, татар тілмаштары тұрғанда олар мұсылмандықтан қол үзбейді, орыс саясатын қазақтарға дендеп ендеру, оларды орыстандыру үшін орыс графикасын қазақтың іс қағаздарына енгізу керек», - деп шешті.

Сөйтіп, граф Толстой екі қоянды емес, үш қоянды бір оқпен атып түсірді. Ал, Коммунистік партия орыс патшаларының, граф Толстой сияқтылардың отарлау жөніндегі саясатын іс жүзінде біржолата аяқтап шықты. Қазақ тілі мемлекеттік тіл дәрежесінен ығыстырылды. Орыс тілін білмегендер қызметтен, оку орындарынан шеттетілді. Қазақтың салт-санасы, әдет-ғұрпы, жастардың мінез-құлқы орыс-стандырылып, бүкіл халықтың этникалық бутіндігіне жік салынды...

Бізге латын әліпбін керек пе?

Соңғы кездे қазақ әліпбін өзгерту жөнінде аз айтылып жүрген жоқ. Әсіресе Елбасымыз Н.Назарбаевтың аузынаң бұл мәселе туралы сөз шыққаннан кейін пікірталас онан сайын өрбі түсті. Осыған байланысты кейбіреулер араб әрпіне көшуді, енді біреулер орыс графикасында қалуды, бірқатары латын графикасын қабылдау жөнінде пікірлер айтып, дәлелдеуде.

Бізше, латын әрпіне көшу қажетті әрі пайдалы да тиімді, қолайлы. Оған ең алдымен түркі тілінің белгілі білгірі Радловтың: «Латын әліппесін алу керектігін маңызды бір себебі – бұл әліппе – Батыс Еуропа мәдениетінің әліппесі. Еуропа мәдениеті әлі көпке дейін жер жүзінің мәдениетті жарысында бәйгенің алдын бермеуі анық. Сондықтан бір әліппе бүтін жер жүзіне әсерін тигізеді десек, сол әліппе – латын әліппесі» деп көрегендікпен айтқан сөзін тілге тиек етеміз. Латын әліпбінен берілген бұл баға күні бүгінге дейін маңызын жойған жоқ. АҚШ, Англия, Франция, Германия, Италия, т.б. өркениетті елдер латын графикасын пайдаланудан кемдік көрген жоқ. Кеңес үкіметі кираган бойда Әзербайжан, Түрікмен, Өзбекстан республикалары жалтақтамастан латын графикасына көшті. Біз әлі ойланып, толғанып, ыргалып-жыргалудамыз. Біз тездетіп латынға көшуіміз керек. Кешіксең ұтыламыз. «Күні бүгінге дейінгі орта, кейінгі буындар латын әрпінен хабарсыз, кеңестік кездегі 60 жылдық тарихымызға, мәдениетімізге әдебиетімізге иұқсан келеді, пайдаланудан қалады» деу – орынсыз. Себебі, олар мектепте, жоғары, орта оку орындарында ағылшын, неміс, француз тілдерін оқыды.

Латындаандырылған жаңа әліпбиді қабылдаудан ұтпасақ, ұтылмаймыз. Өйткені латын әліпбін бізді әлемдік оркениет елдермен тоғысуға, еркін катынаска, байланысқа жол ашады.

Екіншіден, бұрынғы КСРО-ға қараған түркі тілдес республикалар түгелге дерлік латын әрпіне көшіп жатқанда біздің орыс графикасына таңылуымыз – баяғы таз кепешті тастанау деген сөз. Онан қол үзу керек.

Үшіншіден, келешекте компьютерсіз күн жоқ екені белгілі. Компьютердің латын әрпінде екенін ескерсек, латынға көшкенде сауаттану, компьютерді менгеру тездетіледі.

Төртіншіден, латын графикасын жасау бізге киындық келтірмейді. Бұрыннан дайын әліпбидің негізі бар. Қазіргі жағдайға тек бейімдеу ғана қажет.

Бесіншіден, қазіргі күн латынға көшсек, қазақтың, басқа да ұлт өкілдерінің қазақ тілін білетіні де, білмейтіні де жаппай оқуға кіріседі. Оның үстіне шет елдердегі қандастарымыздың көвшілігі орыс графикасын білмегендіктен қазақша оқи алмай жур гой, оларды да бұл киындықтан күтқарамыз. Олардың көвшілігі латын әрпінде сауатты.

Ең сонында «латын әрпіне көшуге ерте, оны кезендей енгізу керек» деу – іске кеселдік, сөз бүйдага салушылық. Оған 1927-1928 жылдардағы еліміздің латын әліпбійне көшкен тәжірибесі нақты дәлел. Оның үстіне халқымыз түгел сауатты. Тек газет, журналдар беттерінде, телехабарларда латын әліпбійне жүртшылықтың көзін жаттықтырып үйретуді бастасақ ар жағы реттелетініне еш күмән жоқ. Латындандырылған әліпбиді қабылдау – бүгінгі өмір талабы. Сөзден іске тездетіп көшкен жөн.

«Қазақ әдебиеті» газеті
7 шілдеде 2000 ж.

Қаулылар не дейді?

Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағатында сақталған мұрағат құжаттарына сүйеніп жасалған «Қазақстандағы тіл саясаты» деген жинақ Қазақстандағы тілдердің тағдыры жөнінде нақты дерек, құнды еңбек.

Жинаққа 1921-1990 жылдар арасында Қазақстан Халық Комиссарлар кеңесі, Қазақ ССР Орталық атқару комитеті, Жогарғы Кеңес, ҚКП(б) Орталық комитеті, т.б. басшы органдардың тілдер мәселесінен байланысты қабылданған 117 құжат енген. Атап айтқанда қазақ тілін жақсарту жөнінде – 16, орыс тілі жөнінде – 15, араб әліпбі мәселе-сіне қатысты, орыс графикасына көшуге байланысты – 16, іс қағазын қазақ тіліне көшіру жөнінде – 18, орыс және қазақ тілдерінде қатар жүргізу мәселе-сіне қатысты – 3, республикадағы неміс,

корей, дүнған тілдері жөнінде бір-екіден, 1989 жылғы Тіл заңына қатысты 5 рет талқыланған мәселелердің құжаттарын жинақта табуға болады. Бұл құжаттарға қарағанда қазақ тілінің өркендеуіне қоңіл бөлінбеді деп айтуға дәлел жок.

Мұрагат құжаттарымен және сол кездегі баспасөздерде, әсіресе, «Еңбекшіл қазақ», «Советская степь» газеттері беттерінде жарияланған материалдарға қарағанда қазактың маңдайына біткен жүлдyzдары С.Сейфуллин, А.Байтұрсынов, Х.Досмұхамедов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, Ә.Бекейханов, С.Садуақасов, Ж.Садуақасов, М.Тынышбаев, Е.Омаров, Х.Болғанбаев, Б.Сәрсенов, т.б. қазақ әліпбій жасау, қазақ тілін мекемелердің іс қағаздарына енгізу, ұлт кадрын даярлау мәселесіне атсалысқанына қозіміз жетеді.

Бұл мәселелер жөнінде олардың арасында қызы пікірталастар, айтыс-тартыстар аз болған жок. Бірақ, олардың негізгі мақсаты бас араздық емес, бұған дейінгі байлаулы тілдің тұсауын кесу, қазақ тілінің тұракты әліпбі мен емлелерін жасау, қазақ тілінде окулықтар шығару, оны тұрақтандыру, қазақ тілін мемлекеттік тіл дәрежесіне көшіру, қазақ кадрларын мемлекет басқару ісіне шұғыл әрі батыл араластырып, орыс тілін ығыстыруға күш салу болды. Тіл жөніндегі бұл саясат 1926 жылға дейін созылды.

Мұрагат құжаттарына жүгінсек, «Даудың басы Дайрабайдың көк сиры» дегендегі, олар өзара дау-дамаймен жүргенде, басшы органдар тарапынан 1921 жылдың өзінде-ак қазақ тілі орыс тілінің шылауына тіркелді. Патша заманындағы қазақ даласына төңкеріс жасалғанымен, орыс тіліндегі іс қағаздарына төңкеріс жүргізілмеді, қайта қазақ тілі орыс тілінің қанжығасына берік, бекем байланды.

Оған Қазақ АССР-ы Халық Комиссарлар кенесінің 1921 жылғы ақпанның 2-сіндегі «Республиканың мемлекеттік мекемелерінде орыс, қазақ тілдерін қолдану туралы» №19 Декреті нақты дәлел.

Декреттің:

1-бабында: ҚАССР аймағын құрайтын Семей, Ақмола, Орынбор, Торғай, Орал және Бекей губерниясы және Адай уезіндегі мемлекеттік мекемелерде орыс және қазақ тілдері тең құқықта қолданылады.

2-бабында: ҚАССР Орталық, губерниелік органдарынан шығатын декреттер, үкімет актілері, нұсқаулар, циркулярлар, міндетті қаулылар мен басқа да заңдар мен жалпы принципті мәселелер қазақ және орыс тілдерінде бір мезгілде жарияланады және басылады.

3-бапта: Республиканың барлық орталық губерниелік мекемелерінде қағаздары және өзара қатынас орыс тілінде жүргізіледі, - деп нақты көрсетілген.

Міне, осы Декреттен бері 77 жыл өтсе де, тек аймақ аттары болмаса, қалған мәтін қаз-қалпында сакталып келеді (ҚазАССР Орталық атқару комитеті, Халық Комиссарлар кеңесі декреттерінің №1 жинағы, 174-175 б.).

Соған қарамастан, еліміздің С.Сейфуллин, Н.Нұрмаков, М.Жолдыбаев, А.Кенжин, т.б. азаматтары іс қағаздарына қазақ тілін пайдалану жөнінде 1923 жылдан бастап-ақ кірісті.

1923 жылғы шілденің 11-інде сот-тергеу істерінің органдарында қазақ тілін енгізу жөнінде Н.Нұрмаков барлық халық соттары мен халық тергеушілеріне хат жолдады (ҚРОММ 1380 қор, 2 тізімдеме, 48 іс, 117-118 п.).

Осы жылы қазанның 27-інде Республика прокуроры, Әділет халық комиссары М.Жолдыбаев іс қағаздарын қазақ тілінде жүргізу жөнінде республиканың барлық партия комитеттеріне үндеу жолдады (ҚРОММ 1380 қор, 1 тізімдеме, 9 іс, 186 п.).

1923 жылы желтоқсанның 6-сында іс қағаздарын қазақ тілінде жүргізу жөніндегі Қазақ Орталық атқару комитеті жаңында құрылған комиссияның ережесін С.Мендешев бекітті (ҚРОММ 5 қор, 4 тізімдеме, 18 іс, 75 п.).

Осы комиссияның тәрағасы Кенжин Халық Комиссарлар кеңесінде іс қағаздарын қазақ тілінде жүргізу жөнінде ұсыныс жасады (ҚРОММ 30 қор, 1 тізімдеме, 348 іс, 156 п.).

Мұндай игі бастамалар нәтижесіз қалған жоқ. ҚАССР Халық Комиссарлар кеңесі 1924 жылы сәуірдің 3-інде барлық комиссариаттарға «Құжаттарды қазақ тілінде тапсырmasa, дайындалған жобалар кері қайтарылатындығы» жөнінде №1131 жарлық шығарды (ҚРОММ 1380 қор, 2 тізімдеме, 53 іс, 31 п.).

ҚАССР Орталық атқару комитеті мен Халық Комиссарлар кеңесінен бастап барлық орталық, губерниелік, уездік мекемелерге дейін қазақ тілін біletін кадрлармен толықтыру, оқу курстарын ашу, қазақ тіліндегі машинкалармен қамтамасыз ету шаралары қолға алынды. Жазғы демалысқа шыққан студенттерді бұл күрделі жұмысқа пайдаланды (ҚРОММ 30 қор, 1 тізімдеме, 348 іс, 156 п.; 427 іс, 43 п.; ҚРОММ 774 қор, 1 тізімдеме, 62 іс, 29-55 п.).

ҚАССР Халық Комиссарлар кеңесі 1927 жылы қантардың 12-сіндегі мәжілісінде «Европалық қызметкерлердің қазақ тілін оқу курсы туралы» мәселе қарап, «...Европалық қызметкерлердің қазақ тілін оқуға тілек білдірушілердің ықыласына сәйкес советтік барлық шаруашылық жеке кооператив ұйымдары оздерінде істейтін европалық қызметкерлердің қазақ тілін оқу курстарын қантардың 15-нен бастап ұйымдастыруға кіріссін. Ол курстар мекеменің,

шаруашылық органдардың есебінен ұсталсын. Европалықтар үшін казак тілі курстары туралы ереже бекітілсін» деп қаулы алды (ҚРОММ 81 қор, 1 тізімдеме, 1223 іс, 54-56 п.).

Сөйтіп, қазак тілін менгеруге мемлекет тараапынан ұйымдастыру шаралары жүргізілді. Бұған елдің, бұкараның ынта-ықыласы артты. Бұған қосымша ҚАССР Халық Комиссарлар кенесі 1927 жылы мамырдың 11-нде Қазакстанға қарайтын өлкелік және шаруашылық мекемелердің аппарат қызметкерлерін жергілікті ұлт өкілдерімен толықтыру жөнінде құпия хатын барлық өлкелік шаруашылық мекемелерге жіберіпті. Ол хатта әр айдың 5-іне орналасқан және жұмыстан босатылған қазактар, қазак тілін білетін басқа ұлт өкілдерінің мәліметін тапсыру бірінші басшыларға міндеттелді (ҚРОММ 83 қор, 1 тізімдеме, 244 іс, 5 п.).

Мамырдың 15-інде мәжіліс (№31) «...ҚАССР-інің бірыңғай қазак тұратын уез. округтерде іс қағаздарын қазак тілінде, ал, арапас халқы бар уездер мен округтерде қазак және орыс тілдерінде катар жүргізілсін» деп қаулы қабылдады (ҚРОММ 5 қор, 8 тізімдеме, 5 іс, 135 п.).

1933 жылы мамырдың 17-інде ҚАССР Орталық атқару комитеті және Халық Комиссарлар кенесінің қаулысы қабылданды, онда: «...Халық Комиссарлар кенесі. Орталық атқару комитеті, Халық ағарту, Денсаулық сақтау. Әділет, Әлеуметтік қамсыздандыру халқомдері, РСФСР прокуратурасы. Халық сотының қазак бөлімдері 1933 жылғы маусымның 1-іне дейін іс қағаздары мен қатынас қағаздарын қазак тіліне көшірсін, тамызың 1-інен бастап ҚАССР аймағындағы барлық байланыс бөлімдерінде жеделхаттарды қазак тілінде қабылдайтын болсын, жыл аяғында милиция органдары бүйрек командаларын қазак тілінде беретін болсыну» деген иғілікті жұмыстардың негізін қалау қөзделген сияқты болды (ҚРОММ 1 іс, 877 қор, 1 тізімдеме, 67-73 п.).

Осы жылы қыркүйектің 1-інде қазак тілін білетін мамандарға женілдіктер белгіленді (ҚРОММ 5 қор, 14 тізімдеме, 31 іс, 1 п., 16 тізімдеме, 236 іс, 13 п.).

Қазак мемлекеттік Терминком құрылды (ҚРОММ 81 қор, 3 тізімдеме, 678 іс, 1-4 п.).

1934 жылы сәуірдің 14-інде «қазақ емес мектептерде қазақ тілін міндетті түрде оқу» деген алдамшы қаулы қабылданды (ҚРОММ 5 қор, 17 тізімдеме, 21 іс, 2, 3 п.).

Бұл шешімдер аз уақытқа көз бояу, жүргтты алдарқату үшін алынғандығы кешікпей белгілі болды. Бұл қаулылар кейін күшін жойды. Жаңа әліпбиге көшу ылаңы тағы басталды. Бұл жолы 1938

жылға дейін қазақ интеллигенциясының бар қаймағын қалқып алып, атып, жер аударып, көзін жойғаннан кейін кириллицаға көшуге даңғыл жол ашылды. Бірынғай орыс тілін оқуға бетбұрыс басталды.

1941 жылғы шілденің 14-інде ҚазССР Халық Комиссарлар кенесі қазақ тілін біletін басқа үлт өкілдеріне берілетін жеңілдікті, желтоқсанның 19-ында Терминкомды жойды (ҚРОММ 1137 кор, 6 тізімдеме, 7 іс, 212 п., 22 іс, 164 п.).

Іс қағаздары қайтадан орыс тіліне көшірілді. Қаз ССР Орталық атқару комитеті мен Халық Комиссарлар кенесі 1938 жылы «...Қазақ мектептерінде орыс тілін міндettі түрде оқу туралы» қаулы алып, қыркүйектің I-інен бастап барлық қазақ мектептерінде орыс тілін оқуды міндetteді (ҚРОММ 1692 кор, 1 тізімдеме, 19 іс, 3-5 п.).

Сәуірдің 13-інде Қазақстан аймағында бұған дейін жұмыс істеп келген неміс, корей, дұнған, түрік, болгар, татар, шубаш, армян тіліндегі мектептер жабылып, бірынғай орыс тілінде оқитын мектептерге айналдырылды (ҚРОММ 1692 кор, 1 тізімдеме, 3 іс, 25-27 п.). Сөйтіп, Қазақстанда тұратын аз ұлттардың ана тіліндегі мектептерді жойып, бірынғай орыстандыруға бет алды.

Қазақ ССР Халық Комиссарлар кенесі 1940 жылғы қарашаның 2-інде «...Еңбекшілердің тілегіне сәйкес және қазақ жазба жұмысының латыннан орыс графикасының негізіндегі жаңа әліпбіге көшірудің саяси және мәдени зор маңызын есепке ала отырып...» деген кісіні еліктіретін, жүрекке жылы тиетін, бірақ негізгі арам ой мен мақсатын ішке бұккен қаулы қабылдады. Бұл қаулы 1940 жылғы қарашаның 13-інде ҚазССР Жоғарғы Кеңесінің сессиясында бекітіліп, Заң қабылданды (ҚРОММ 1692 кор, 1 тізімдеме, 307 іс, 32-33 п.).

Сөйтіп, айтыс-тартыс, даумен араб харпін ығыстырып, талай азаматтың өмірін жойып келген латын әліпбі өз орнын орыс графикасына беруге мәжбүр болды.

Осындай орыстандыру саясатының эсерінен 1955 жылы маусымның 4-інде ҚазССР Халық Комиссарлар кенесі «СССР Министрлер кеңесінің 1955 жылғы мамырдың 9-ындағы №3147 жарлығына сәйкес орыс мектептерінде міндettі түрде қазақ тілін оқытудан босату туралы» №450-р жарлық шығарды (ҚРОММ 1137 кор, 1 тізімдеме, 346 іс, 159 п.).

Бұған керісінше, қазақ мектерінде орыс тілін міндettі түрде оқыту қүшійе түсті. Орыстандыру саясатындағы бұл шара онан әрі тереңдептіліп, мектепке дейінгі балалар мекемелерінде орыс тілін міндettі оқуға шара жасалды. Осы мақсатта СССР Министрлер кеңесінің 1979 жылғы №1502 жарлығына сәйкес ҚазССР Министрлер кенесі барлық облыстық, қалалық, аудандық кеңес атқару

комитеттері мен ҚазССР Халық агарту министріне 1980 жылғы кыркүйектің 1-інен бастап, мектепке дейінгі балалар мекемелерінде жетісіне 2 сағаттан, жалпы білім беретін ұлт мектептерінің дайындық кластарында 3 сағаттан орыс тілін оқыту жөнінде №350-р жарлығын жариялады (КРОММ 1137 кор. I тізімдеме, 6861 іс, 41 п.).

Мұндай саясаттар орыс тілісіз өмір сүрге болмайды деген ұғым түдырды. Себебі бұған дейінгі жағдайларда оған түрткі болды. Өйткені бұған дейін ұлт үшін жүргегі сыздап, қабыргасы қайысқандардың бері айдалды, атылды, көздері жойылды.

Екіншіден, араб харпінен тез бездіріп, латынға алдан көшіріп, асығыс түрде орыс графикасына шұғыл ауыстырды. Халық орыс тандырудың етек алғанын сезді. Орта, жоғары оқу орындарына кабылдау емтихандары тек орыс тілінде жүретіндіктен, қазақ халқының негізін құрайтын ауыл тұрғындарының балалары окуға түсе алмады. Жалпы білім беретін мектептерде орыс тілі мен әдебиеті пәннің сағат саны күрт көбейіп қана қойған жоқ, кайта әр кластарғы окушы саны 25-ке толса, олар екі топқа белініп оқытылды. Оның есесіне, қазақ тілі мен әдебиетінің сағат саны кестеден екі есеге дейін қыскарды.

1989 жылдың караашаның 22-інде ҚазССР-і Жоғарғы Кеңесінің кезектен тыс он төртінші сессиясы «Қазақ ССР-індегі тілдер турали» Занды қабылдап, тұнғыш рет «Қазақ ССР-інде мемлекеттік тіл – қазақ тілі» деп 1-бапта жазылып, ұлттық тіліміздің аты аталды. Еліміз қуанып, мереіміз есті. Бірак, осы Зандың 2-бабында «Қазақ ССР-інде орыс тілі ұлтаралық катынас тілі болып табылады» деп жазылып, ұлттық тіліміз орыс тілінің қанжығасына бұрынғының үстіне енді занды түрde байланды. Олай дейтініміз, орыс тілінің көлеңкесінде казақ тілі қалды. Оған Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің ұлт саясаты жөніндегі тұракты комиссияның 1990 жылғы шілденің 3-індегі қаулысында: «...Барлық мемлекеттік, когамдық және басқа мекемелер мен ұйымдардагы алқа мәжілістері, кеңестер, жиналыштар және басқа да шаралар орыс тілінде откізіледі. Нормативтік құжаттар, хаттамалар, бұйрықтар, қаулылар мен жарлықтар тек бірақ тілде шығарылады» деген сөзі накты дәлел («Языковая политика в Казахстане», 288 б.).

Соның салдарынан халықаралық катынастарда, елшіліктер мен кездесулерде, парламент мәжілістерінде, сессияларда, алқалы жиындарда қазақ тілі есіктен сығалап қарайтын мүшкіл халге ұшырады. Осында көлеңсіздіктердің салдарынан телерадио хабарларында, жарнамаларда койыртпак сөздер етек алып, ұлттық тіліміздің ажары кеткен үстіне кетіп барады.

Осы орайда үстіміздегі жылғы тамыздың 14-індегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік органдарда мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту туралы №769 қаулысына үлкен үміт артамыз. Осы қаулы шешуші қаулы болғай...

«Ана тілі» газеті
26 қараша 1998 ж.

Өлеңмен өрілген тарих

Біз әңгіме еткелі отырган Ілияс Жансұғіровтың «Жұт – жеті ағайынды» өлеңі 1921 жылы «Ақ жол» газетінде (10 желтоқсан, №49) «Қаптағай» деген бұркеншік атпен жарық көрген. Әдебиет тарихына елеулі үлес қосқан Ү.Субханбердинаның айтуы бойынша Ілиястың «Қаптағай» деген бұркеншік есімі де болған. Бұркеншік есімге сол кездегі жағдай итермелегені сөзсіз.



I. Жансұғіров

Поэзияның құлагері халқымыздың басынан өткен қасіретін, бірнеше ғасырлық тарихын балаларға арналған ертегідей тілге жеңіл етіп өрген. Халық ұғымына жақын мақалды арқау өткен. Олардың әрқайсысының аузына лайыкты сөздер салған. Бір сөзбен айтқанда, өлеңнің басты мәйегі – Қызыл империяның отарлаушылық саясатын әшкереңде, Кеңес үкіметін патшалық Ресейдің отарлау саясатын жалғастыруышы ғана емес, оның ұйымдастыруышы, жүргі, халықтың қан-сөлін сорушы деп ұққан.

Бұл шығарма ақынның өзі айтқандай, «Орысша құрсақ «пропалды» білмейтін, білімнен қасқа кедей кезінде», кеңестік идеологияны жат деп таныған шагында жазылған («Жаңа әдебиет», №67, 29 б., 1921 ж.). Сондықтан да кейін коммунистік идеяға бет бұрған кезде 1931 жылы «Мен қалай жаздым» деген мақаласында: «...Совет үкіметі орнап жатқан кезде жазылған сол кездегі жақсы-жаман қылыштар туралы біраз еңбектерім бар... Бұл еңбектердің ішінде соғыс коммунизмінің кезі, ол дәүірде қазақ елінің бастан кешкен жағдайының өзгешеліктері, жазушының өзінің өнеріне, өсуіне сәйкес нәрселер табылады», - деп еске алады (I.Жансұғіров туралы естеліктер, 1994 ж., 10 б.).

Ілиястың «Жұт – жеті ағайынды» секілді шығармаларына сын жазғандар Жансүгіровке «Жолбике» деген айдар тақты... Оның кеңестік идеологияға осындай жат көзқарасына, дүниетанымына байланысты батыл сын айтты. Бірақ «Жұт – жеті ағайынды» өлеңінің әр тармағы, әр сөзі тұнып тұрган тарих. Солай болса да бұл шығарма («Қайтсең көсем боласын» деген өлеңі де) Илияс жинақтарының бірде-біріне енбеген. Оның анық өзіндік себептері де бар. Реті келсе, өз алдына әнгіме етерміз.

«Жұт – жеті ағайынды» өлеңінің қысқаша мазмұны жұртшылыққа толық мәлім емес. Оның үстіне тарихқа тікелей қатысты болғандықтан сөздерін қысқартпастан ұсынуды жөн көрдік.

Ең алдымен, жеті ағайын кімдер екенін айту ләзім. Ол жұттың бастығы – *отарлауши орыс*, оның сыйбайластары: *ашарышылық, жұт және оба*, көмекшілері: *қазақ-мансанқор, нағандық* және *ырың-жырың*. Олар бастары құралып, жұрт көзінен таса, Бетпақтың кең даласында кенес өткізеді. Кеңестің негізгі мақсаты – осы кезге дейін қазаққа кімнің қандай кесірі мен зияны тигенін анықтау және келешекте қазақ тұқымын құртудың жоспарын жасап, бекіту болады.

Тәртіп бойынша торага сайланып, кеңесті басқару отаршылға тапсырылады. Ол торагага лайық қалыптен байсалды түрде сөзді былай бастайды:

*Айт десеңдер айтайып, шырақтарым,
Алныс жыл Сарыарқада тұрақтадым.
Алатай, қырың бар ма, сырың бар ма
Дәм татып, бәрінен де су ұрттадым.
Қазақты қыргызбенен арагадым,
Орнышан тырп етпес қып жарападым.
Нұрлы жер, сұлы озен, жайлы қоныс
Бәрінен жұрдай қылып тазаладым.
Қыргызды құдым таудың саласына,
Қазақты қызыл құмның арасына
Көкорай шалғып, самал шалқар көліп
Әнердің коккозіміңің баласына.
Айдадым шопке түскен танаңдай қып,
Айдадым асқа айналған баладай қып,
- деп, бір демалады.*

Бізде оның үзілісін пайдаланып тарихи деректерге көз жіберейік. Тарихи деректер бізді XYI ғасырға назар аудартады. Әлімсактантан қазақтың тіршілігі төрт түлік малға байланысты болған. Ал малдың есіп-өнүі, оның иесіне ет, жұн, сүт беруі жерге байланысты. Жер

болған соң оның шөбі, сұы, кең өрісі болмаса оған мал тұрақтамайтыны да бесенеден белгілі. Сондықтан да «Қазақ» газеті: «...Қазіргі қазақ мәселелерінің ең зор мәселесі – жер мәселесі. Бұл қазактың тірі, не өлі болу мәселесі» деп айқын көрсетті.

Міне, Ресей отаршылары қазакты осы күн көрісінен айыру үшін Қазақстанның батыс бөлігін 1529 жылдан бастап отарлауға кірісті. Соңан бері қарай қазақ даласына, халқына да тыныштық болмады. Отарлаушылар бірде жонғарларды айдалап... бірде башқұрттарды, бірде казактарды айдалап салып, ара-тұра өздері де тиіп қашып бірде ымдал, бірде мұштап елімізге бақытсызықтың есігін аша бастады.

Осы мақсатпен Абылайдың мирасқоры Уәли ханның саясаты Ресейге қолайсыз болғандықтан оны биліктен ысыруға әрекеттер жасады. Ақырында 1819 жылы Уәли хан қайтыс болғаннан кейін Орта жүзде хандық жүйені жойды.

«Сібір қырғыздары туралы» ережеге сүйеніп И.М.Сперанский әзірлеген отарлаудың жаңа жүйесін енгізді. Ұлы жүз қазактарының қоныстары Сібір қырғыздарының жері атанды. 1839 жылға дейін басқару орталығы Тобыл, кейін Омбы болып Батыс-Сібір генерал-губернаторлығына бағындырылды.

Кіші жүзде 1821 жылы Арынгазының, 1824 жылы Шерғазы Айшуақовты хан тағынан кетіруге құйтұрқы саясат қолданды. Кіші жүздегі мемлекеттік дәстүрді жоюға жол ашты. Кіші жүз хандығын жойып, Орта, Батыс, Шығыс бөлік деп үшке бөлді. Оларға отаршылдың тапсырмасын бұлжытпай орындайтын билеуші-сұлтандар тағайындағы. Бұл үш бөлікте 57 дистанция құрылды. Оны билеуші сұлтанның ашса алақаны, жұмса жұдырығы болатын дистанция басшылары басқарды.

Оның үстінен Гурьевтен (қазіргі Атырау) Орынборга дейін Жайық бойымен – 744 шақырым, Орынбордан жоғары Жайыққа дейін – 561,5, онан Звериноголов – Үйге дейін – 753, Омбы – Преснегорковқа дейін – 641, Өскемен – Єртіске дейін – 950 шақырым жерге желі тартты. Оңтүстік жағы Жетісу, Сырдария желілерімен түйістіріліп, осы желілер бойына әскери бекіністер, фортпостылар, күзет пункттерін салып, қазак даласын айнала қоршады, құрсаулады (ҚРОММ 30 кор, 9 тізімдеме, 19 іс, 7 б.).

Бұл желілер мен бекіністерде, фортпостыларда, бекіністердегі казактарға қазактардың ең шұрайлы жерлерінен 20 миллион десятина жерін тартып алғып берді. Малының өрісін, қатынас жолын қысқартты. Сөйтіп, отарлаудың темір ноқтасын қазаққа мықтап кигізді. Мұндай қанқұйлы әрекеттерге қазақ хандары, батырлары қол қусырып, мойынсынған жоқ. Халқының муддесімен бостандығы

үшін талай қанды шайқастар жасады. Бірақ отарлаушылардың айлалы тәсілі талай рет оларды торға түсірді, алдады, ақыры ойлаган мақсатына қондіре бастады.

Бұл кездегі тарихи, әлеуметтік жағдайларды жіті білген Ш.Уәлиханов «ХVІІІ ғасырдың алғашқы он жылдақтары қазак халқының өміріндегі кияметті кезең болды. Жонғарлар, Еділ қалмақтары, Жайық казактары мен башқұрттар жан-жақтан килігіп, олардың ұлыстарын талқандады. Малдарын айдал алып, адамдарын тұтас отбасымен тұтқынданап алып кетті». - деп айқын көрсетті (Ш.Уәлиханов. 4 т., Алматы, 1985 ж., 111 б.).

Бұл өресекел басқыншылық, тонау жыл санап тереңдей түсті. Қазакты, қазак жерін сырттай басқару отарлаушыларды қанағаттан-дырымады. Қазактардың ұйыған бірлігін бұзу, ішінен іріту үшін ішкі Ресейден қазактың кең даласына өз қандастарын – қарашекпенділерді қоныстандыруды ойластырды. Сөйтіп, екі қоянды бір оқпен атап түсірді.

Оның біріншісі, қазактардың тарапынан бекіністер мен желілерге дүркін-дүркін болып тұрған шабуылдармен отарлық бұғауға бас иғісі келмегендердің бас көтерулері туа қалса казактар мен қарашекпенділердің бірлескен құшімен басамыз деген шешімді жасады.

Екіншісі, қарашекпенділерді қазак ортасына ендіргеннен кейін қазактың салт-санасын, дәстүрін ірітуге жол ашылады деп білді.

Үшіншіден, ішкі Ресейде крепостнойлық құқықты жойғаннан кейін жерсіз, күйсіз жүрген қарашекпенділердің тарапынан болатын көтерілістің ісін ерте сезіп, оның жолын кесу қажет деп тапты.

Отарлауши саясаткерлердің бұл ойларының дұрыстығын тарих дәлелдеді. Қарашекпенділерді қазак жеріне қоныстандыру үшін жоспарын белгіледі. Арнайы ереже қабылдады. Осы ереже негізінде Ақмола, Орынбор, Қостанай, Торғай, Ақтөбе, Семей, Түркістан, Сырдария өнірлерінде қоныстанушылар орналасатын жерлерге арнайы экспедициялар жіберіп, келешек поселкелердің карталары жасалды. Қанша отбасы орналасатынын анықтады. Орыс поселкелерінің шұрайлы жері, сұзы, шабындығы мол болуы көзделді.

Осындай дайындық жұмыстарын жүргізгеннен кейін қазак дала-сына қарашекпенділерді тогытты. Қазақ жеріне көшіп келгендерге үй салуға, егін егіп, мал ұстауға, құрал-жабдық, мал сатып алуға мемлекет тарапынан каржы бөлді. «Қазактардың шабуылынан қорғану үшін» деген сылтаумен оларды қару-жаракпен қамтамасыз етті. Шын мәнінде бұл қару-жаракты қарашекпенділерге отарлаушылар қазактардың Ресей үкіметіне қарсы әрекеттері бола қалса жергілікті жерде дайын әскер, қару болады деген арам пигылмен берді.

Олардың бұл ойы дұрыс болып шықты. Әсіресе, 1916 жылғы үлт-азаттық көтерілісі кезінде айқын көрінді. Қарашекпендерлер жазалаушы отрядтармен қосылып қазақты қанға бөктірді.

Қазақ өлкесін билеу жөніндегі бұрынғы ережеге 1893 жылы өзгеріс енгізілді. Өздеріне қолайлы баптармен толықтырды. Жан басына 15 десятинадан жер беру казактардың байырғы ата қонысынан, жері құнарлы, сұзы мол. шабындыққа, еgestікке ыңғайлы орындардан алуды заң жүзінде бекітті. Сөйтіп, тек Ақмола облысының 251779 десятина, Семей облысының 33064 десятина жер тартып алынды. Казактар мен отарлаушы шенеуніктерге сүйенген қарашекпен мұжықтар құлағымен ін қазды. Желкесін күжірейтіп мемлекет тарапынан алған жерлерін місе тұттай өз беттерімен казактардың малдарын тартып ала бастады.

Оған «Қазақ» газетінде жарияланған Досымжан Қылышбай қажының мына сөзі дәлел: «...Өткен жылдарда Есіл бойындағы атабабаларымыздан бері мекен етіп келе жатқан қыстаулық, жайлаулық, егіндік жерлерімізді мұжықтарға тартып алып берді. Өзімізді тақыр дағаға айдал шыққаннан кейін ол жерде малымызға, жаз жайлау, күз күздеу болмай арық болып қырыла бастады. Екінші жагынан хохолдар жайылып жатқан малымызды өз жеріне айдал барып, «жерімізге түсті, пәлендей ақша бересін, болмаса, малынды бермейміз» деген соң амалсыз өз малымызды өзіміз сатып алатын болдық. Оларға қарсы келуге біздің шамамыз келмейді. Хохолдар бір ағайынымыздың үш адамын өлтіріп кетті... мінген ат, артқан түйе, айдаған қойымыздан айрылдық. Малымыздан айрылған соң ішуге азығымыз болмай, сатып алуға пұлымыз болмай ашаршылыққа ұшырадық» («Қазақ» газеті, 23 қантар 1914 ж., №47).

Отарлаушылар еркінсіп халықтың мұндай жанайқайын естуге құлағы керен, сөйлеуге мылқау, жағдайын көруге соқыр болды. Оған тілші Наурызбайдың: «...Облыстық әкімдерге сенім жок. Олар өздерін тым еркін сезінеді» деген сөзін тілге тиек етеміз («Тургайская газета», 1898 ж., №16).

Бұл деректер отарлаушылардың қазақтарға жасаған қияннаттарының мыңынан бір көрінісі.

Енді отаршылдың өзі айтқан тұрақтаған 60 жылда нендей кесаптарды жүзеге асырды дегенге келсек, оны қысқаша былай топтауға болады. Бұл жылдары отарлаушылар қазіргі Өзбекстан, Қыргызстан, Түркіменстан, Тәжікстан мемлекеттері мен Қазақстанның онтүстік облыстарын түгел бағындырыды. Хиуа, Бұхар хандықтарын қиратты. Отаршылыққа қарсы құрескен самарқандықтарды, казактардың 1916 жылғы үлт-азаттық көтерілісін аяусыз басып-

жанышты. Қарсы шықтың деп жерін тартып алып, көккөздеріне берді. Олардың үрпактары бұл жерлерді өздерінің әкелерінен қалған мұрасындағы әлі күнге рахатын көріп келеді. Қазактар шөл, сортаң жерлерге, тау-тас, сай-салага ығыстырылды.

Жазалаушы отряд бастығы Лаврентьев пен Түркістан генерал-губернаторы Куропаткин Торғай. Семей, Ақмола, Жетісу, Ферғана өнірінде 1916 жылғы көтеріліске катысқандарды қансоқта жасады. Куропаткиннің бүйрығымен Түркістан өлкесінде 347 адамды аттырды. 168 адам каторгалық жұмысқа айдалды. 129 адамды абақтыда шірітуге үкім болды. Жазалаушы отрядтың қысымына шыдай алмай, 300 мыңдай жетісулық Қытайға босты.

Бұл қырғындарда жеті жұттың бірі – мансапшылдықтың қанды колының болғанын тарихи деректер накты көрсетеді. Олар мансапқа жету үшін пәлен иттерін күшіктетті. Мансапшылар патша заманындағы күшіктерін кеңестік кезенде еселеп күшіктетті. Олар «ағасына» (еліміз тәуелсіздік алғанша оларды «ага» деп жалпақтадық қой) сүйеніп бұрынғыдан да бетер елірді, желікті. Ел іргесін шайқалтты. Мансапшыларды ОГПУ, НКВД органдары онтайлы пайдаланды. Мансапшылар, әсіресе ауылды кеңестендіру, ұжымдастыру, жер мен шабындықты бөлу, ку жақ Ф.И.Голощекиннің «Кіші қазан төңкерісін ұйымдастыру», И.В.Сталин ойластырыған «троцкийшілдер, зиновьевшілдерге қарсы қурес» кезінде көріктерін қатты басты. Қазак арыстарының көзін жоюға белсене қатысты.

Сөйтіп, қазакты «Мына кара, тауық жұмыртқасынан балапан шыкты» деп қуанатын мәңгүрттікке әкелуді ойлады. Мансапқордың сатқындығын, құлқын Ілияс тамыршыдай білді.

Сондықтан да кеңесте мансапқорды былайша сөйлемті:

*...Отаринылдан кем емес менің бағам,
Мен інісі, ол менің туган ағам.
Ол мүзісіне қазақты, сырт жағынан
Шешек болып мен іштеп жасатып алғам...
Мен шыққалы қазағың есекіреп
Аяғын баса алмайды әлтек-тәлтек,
- деп тоғін ұрды.*

Ақынның бұл сөздері де тарихи деректерге негізделген. Осындай мансапқорлардан қазақтың көрген азабы мен қорлығы, басынан кешкен зұлмат аз емес. Сырымды, Исатай мен Махамбетті, Қенесарыны, Жанқожаны, Есепті. Досанды мансапқорлар сатты. Оның бер жағында 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісті қиратты.

Мансапшылардың сұқсаусағын шошайтып көрсетуімен 1929-1933 жылдар арасында Қазак Автономиялық Республикасының

Біріккен саяси бас басқармасының өкілетті өкілдігінің үштігі 9805 іспен 22933 адамның тағдырын шешті. Олардан 3386 адам атылды. 13151 адам 10 жылға дейін абақтыға жабылды. Немесе, кеңестік саясатқа қарсы 1929-1931 жылдар арасындағы Созак, Ырғызы, Қарақұм, Балқаш, Сарқан, Шұбартай, Қастек, Маңғыстау, Шыңғыраулау, Қармақшы, т.б. жерлерде болған 372 көтеріліске қатысқан 80 мындаи адамның 5591 сотталды, 883 атылды.

1937-1938 жылдардагы саяси қырғынның еріс алуына да, оның отын үрлеп тұтандыруға да мансапқұмарлардың белсенделік көрсеткенін тарих еш уақытта жоққа шығара алмайды. Мұның қорытындысы әлі толық емес. Солай болса да И.Афанаев: «...Қазақстанда 103 мың адам «халық жауы» болды. Оның 25 мыңы атылды десе (Батыс Қазақстан облысы, «За Уралье» газеті. 02.06.2001 ж.), академик, ғалым М.Қозыбаев: «...30 мыңнан астам адам атылды» деп Афанаевтың деректерін толықтырады. Бұл деректер құғын-сүргін өртіне аз адам шарпылмағанын көрсөтсе керек. Оның үстіне Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кенесінің «Жаппай саяси құғын-сүргінге ұшырағандарды ақтау туралы» қабылдаған Заңына сәйкес 1994 жылға дейінған қылмысты деп танылған 45595, әкімшілік жолмен құғынға ұшыраған 92006 адамды ақтауы назар аударарлық дерек деп білеміз («Народ не безмолвствует», 1995 ж., стр. 172).

Ақын мансапқордан кейін кеңесте ашарышылықты сойле-теді, ол:

...Болғанда ақтабанды шұбырынды,
Қазаққа кесе келіп кім ұрынды?
Орта жолдан мен келіп килгіп ем,
Тұмсығы қазағыңың тұжырылды.
Айттай-ақ онан бергі істерімді,
Батырган әр бір жерге тістерімді,
Өздерің-ақ мінекей коріп тұрсың,
Мешін-тауық, шт жылғы күштерімді.
Торғайды Оралменен Ішкі ордасын,
Семейді, Ақмоладай жолдасымен
Елін ойран, жерін шаң топырақ қып
Қайырыши қылышп қойдым қатырып,
басы, мыйын.
Күніне қазақ мыңдаған вліп жатыр,
Тұқымы сағат сайын кеміп жатыр.
Өз баласын өзі үйтіп, сирагын жеп,
Кор азабын тірілей көріп жатыр,
- деп мақтанды.

Оның мақтанатындаған реті бар. Ашаршылықтың айтқаны рас. Мадақтап жүрген кеңестік кезеңде 1921-1923, 1931-1932 жылдары екі ашаршылық болды. Орынбор өлкесінде – 445 мың, Қостанай губернесінде – 225 мың, Оралда – 400 мың, Ақтөбеде – 360 мың адам аштықтың азабын тартты.

Ашыққан мысық, ит, тасбақа, шөп жеу былай тұреын адам етін жеді. Солай болса да, олар өмірін сактай алмады. Қара шыбындай қырылып, сүйектері кебінсіз, көмусіз қалды. Бұл өлім халқымыздың санын күрт кемітті. 1914 жылғы есеп бойынша 4 811 622 қазақтың алғашкы ашаршылықта 30 пайызы қырылды. Кейбір елді мекендерде «...100 пайыз түгел сол өз мекендерінде қырылды» деп көрсетеді 1920-1923 жылдары Қазақстанда жерге орналастыру мөлшерін анықтайды экспедицияның бастығы С.П.Швецов. Солай болса да, бұл ашаршылықтың болу себептері туралы жазылған бірлі-жарым мақаладан басқа нақты бага берілмей келеді. Ал, 1931-1932 жылғы ашаршылық халқымыздың қабырғасын күйретті. Демограф-ғалым М.Тәтімовтың мәліметі бойынша 2 миллион 200 мыңның үстінде немесе ұлттымыздың 52 пайызы опат болды десе («Қазақстан» ұлттық энциклопедия, 1 т., 1998 ж., 552 б.), ғалым М.Қозыбаев: «...Осы екі ашаршылықта 3 миллион қазак қырылды» дегенді тілге тиек етеді.

Кеңестік солақай саясаттың кесірінен туған бұл екі ашаршылықтың зияны халқымыздың өсуін соңғы 30 жылға елеулі әсер етті. Мұны 1959 жылға дейін республикада казақ 20 пайыз, яғни 474 мың адамға ғана өссе, орыстар 62 пайыз немесе 1 миллион 523 мың адамға, былайша айтқанда, республиканың атына ие байырғы халықтан үш еседен астам ескендігі нақты дәлелдейді. Бұл қазақ халқына кеңестік саясаттың келтірген зияны екені даусыз.

Коммунистік солақай саясатка, ашаршылыққа, қысымға шыдамай 1930 жылдың басынан 1931 жылдың ортасына дейін, яғни бір жарым жылда 281230 шаруа қожалығы М.Тәтімовтың мәліметі бойынша 1 миллион 030 мың адам шет елге босып кеткендігі де халқымыздың өсуіне елеулі нұқсан келтірді.

Осы жерде қазақ даласын отарлау жөніндегі патшалық Ресей саясатын Кеңестік үкімет каз-қалпында жүзеге асырғанын айта кеткен жөн. Байырғы халқы қысымға, аштыққа шыдамай, есі ауып жатқан Қазақстанға 1930-1931 жылдары Ресейден 46091 отбасын көшіріп әкеліп, оларды құнарлы, шаруаға қолайлы жерлерге орналастыруды. Мемлекет тарапынан қамқорлық көрсетті. Бұл қазақты өз жерінен еріксіз қуып, орынғы ресейліктермен толтыру саясаты екеніне еш күмән жоқ.

Қолдан жасалған ашаршылыққа ұшырағандар, күн көрісінен айрылғандар ұрлық пен тонаушылыққа еріксіз барды. Олардан 1929 жылы – 5549 адам сottалды, 1931 жылы – 7808, 1932 жылдың тек бірінші тоқсанында – 2634 адам сottалды, бұл жығылған үстіне жұдырық болды.

Екіншіден, патшалы Ресей Қазақстанды Ресейге сыймаған баскесерлер мен саяси қылмыскерлерді жіберетін аймақ етсе, Кеңес үкіметі мұны да өзгеріссіз іске асырды.

Бұл жөнінде ҚазАКСР Орталық атқару комитетінің төрағасы Е.Ерназаровтың, Әділет халқомы Айтмағамбетовтың БОАК Президиумына 1932 жылы жазған баяндау-жазбасындағы: «...Сottалғандарды жіберетін аудандар қатарында болмаса да Қазақстанға ОГПУ тарарапынан РСФСР-дің әр облыстарынан 1931 жылы Алматы пунктіне – 314, 1932 жылдың басынан 20 шілдесіне дейін – 4087, онан тыс Милиция бас басқармасы тарарапынан 1390 баскесерлер мен ұрылар жіберілді. Сондықтан БОАК Президиумынан алдағы уақытта РСФСР Милиция бас басқармасына, Әділет халқомына, ОГПУ алдына Қазақстанға қылмыскерлерді жіберуге тыйым салуды тапсыруды сұрайды» дегені жоғарыдағы ойымызды дәлелдесе керек (ҚРОММ 5 қор, 21 тізімдеме, 95 іс, 34 п.).

Жемі ағайынның кеңесінде жұт:

...Жолдастар білесіңдер қайратымды.

Көрсеткен неше түрлі айбатымды.

Ашаршылық мырзага жолды ашип,

Қазақтың торт түлігі жайратылды,

- деп сөзіп аяқтады.

Жұттың қазакты тұралатуға елеулі үлес қосқанын Илияс ақын дерекке сүйеніп, әдейі көрсетіп отыр. Тарихи дерекке сүйенсек, 1914 жылмен салыстырғанда Қазақстанда ірі қара мал – 2,1 миллион басқа, жылқы – 2 миллион, қой-ешкі – 6,5 миллион, түйе – 0,3 миллион басқа, яғни төрт түлік бойынша – 10,8 миллион басқа азайды.

Жұт тек мал басын жалмап тынған жоқ. Ұңырағы айналып, әбден жүдеп, қауқары қалмай еккен аз егіндері жазда күйіп кетіп, актақырға айналды. Мұның ақыры жоғарыда айтқан екі ашаршылыққа әкелді.

Кеңесте кезекті созді оба алып, отарышылға жақсатты болып корінуі үшін атқарған ісін:

...Ашаршылық, жұтқа аян менің жайым,

Әрдайым қызметіне болдым дайын.

Мен-дагы өз жайымша көмектестім,

Бұл екеуі қазаққа келген сайын.

*Мойныма алған әр түрлі міндеттімді,
Тынымды қып жүргіздім құдіреттімді.
Биылғы жыл Шұбарташ уезінде,
Қазақтың қақ жарартысы күйретілді,
- деп баяндады.*

Аштық пен жұт жүрген жерде обаның қоңсы қонатыны занды. Қайыршының сүйген асын кім берсін? Аш-жалаңаш жүрген адамға жуынып-шайынуға, бел шешіп төсекке жатуға қолайлы жағдай қайдан болсын? Жетіп құлаған жеріне қисая кетеді. Құл-қоқысты актарғанда қолына не түссе, соны жеп жүргендерді оба жұтпағанда кім жұтсын?

Обаның қектен іздел, құдайынан қол жайып сұрайтыны да адамның жұдеп-жадап, азып-тозуы ғой. Мешін-тауыктың ашаршылығы қазақты обаның тілегеніндей жағдайға келтірді. Қазақтың қанын шығармай-ак топ-тобымен о дүниеге аттандырып жатты. Бұл жөнінде Тұrap Рыскұловтың И.В.Сталинге жазған хатынан мына үзіндін келтірудің артықтығы жок.

«...Торғай сияқты аудандарда, - деп жазады Тұrap, - қазақтарды аштық пен індет жайлап алды. Аш-арыктар – төгілген қоқыстарды ақтарып, тамақтан өтетіннің бәрін талғажу етіп жабайы өсімдіктердің тамырларын, ұсақ жәндіктерді жеп қүнелтуде. Сол мандағы ит пен мысық атаулы түгел желінген. Қазактар тұратын қостардың айналасына иттердің, мысықтардың, ұсақ жәндіктердің ақкемік болғанша қайнатылған сүйек-саяқтарынан көз сүрінеді.

Аудан орталығы Торғайдың өзінде ғана 728 адам шешекпен ауырады... Жергілікті органдардың деректері бойынша Торғай және Батпаққара аудандарында халықтың 20-30 пайызы қырылып қалды. Қалған елдің дені көшіп кетті» деп ашына жазғаны бір Торғайға емес, бүкіл қазақ даласына ортақ көрініс.

Енді Глияс Жансүгіров «кеңеске» қатысушылардың сұрауы бойынша надандыққа да соз берді:

*...Айт десеңдер, айтайын өңшең қалқам,
Шалқығапың бәріңің менің арқам.
Мен егер қатыспасам бәріңді де,
Қаз-екең қылар еді-ау талқан-талқан.
Қазақты соқыр қылып көзін алдым.
Аузынап сөйлейтұғын сөзін алдым.
Сендерге можсан-топай конбіс қылып,
Қатарына түсердім айуан-малдың,
- деп өзінше ірі тұрап, төтесінен кетіп,
тосін соқты.*

Ілияс надандықтың аузына бұл сөздерді тегін салып тұрған жок. «Халық неғұрлым сауатсыз болса, соғұрлым оны басқару оңай болады» дейтін саясатпен отарлаушы патшалы Ресей қазакты қара танытпай, сауатсыз етті. Білімнен, өнерден соқыр қылды. Ескіден бойға сіңген өнер мен білімді жоюды қолға алды. Өз құқығын қорғайтын сөздеріне тоқсауыл койды. Екі елі аузына төрт елі қақпак қойып, ашылмайтын құлып салды. Тағдырдың салғанына ризамын деп, мойны салбырап отыра беретін можан-топай қөнбіс халге келтірді. Тілі кісенделді. Отаршыл оң жағына ұрса сол жағын тоса-тын мәңгүртке айналдырыды.

Соның салдарынан Ресей отарлаушыларына қарсы күрескен Сырымның, тама Есеттің, Исадай мен Махамбеттің, Жанқожа мен Кенесарының, Амангелді Имановтың көтерілістеріне де, кеңестік солақай саясатқа қарсы 372 көтерілісте де бүкіл халық басы бірігіп көтеріле алмады.

Кеңес үкіметінің күштеп ұжымдастырыуна қарсы болған 100 мыңнан астам адам жазаға тартылып жатқанда селт етпеді («Қазақстан очерктері», Алматы, 1994 ж., 327 б.).

1000-нан астам байлардың табан ет, маңдай терімен жинаған малдары мен мұлқін тартылып алып жатқанда былқ етпедік.

Тіпті, 1937-1938 жылғы саяси құғын-сүргін ауылдық, аудандық, облыстық, республикалық деңгейдегі барлық басшыларды «халық жауы» деп қасапханаға айдаған малдай топ-тобымен сотталып, атып жатқанда да көзімізді тас жұмып, құлағымызды тығындалп отыра бердік. Республика бойынша құғындалғандардың дерегін алмағанда, бір ғана Торғай өнірінде 464 адам «халық жауы» атанып, «үштіктің» қармағына ілініп атылғанда да 1916 жылғыдай сілкініп шыға алмады.

Жоғарыдағы отаршыл айтқан халықтың қеудесіндегі шыбын жаңын шығару мұнан артық не болсын? Қызыл империя халықтың қаймағын сыпырды. Қанатын қырықты. Отарлауды мәдениетті түрде жүргізді. Ресей саясаткерлері Павлик Морозовты өмірге келтірсе, оған солақай қазақ саясаткерлері «Батыр бала Болатбекті» тудырыды. «Үлкен үйге» қарап, ыржиятын болды. Өлеңіміздің жартысын орысша, жартысын қазақша айтып, будан етіп, бодандығымызды «мәдениетті» түрде мойындаатты.

Отаршыл – торага алдында жетінші ағайын – ырың-эсірың да осал корінгісі келмеді. Қазақты аздыру-тоздырудагы «адал» қызметін:

*...Белгілі бәріце де менің сырым,
Қазақпен біте қайнап, бірге жүрмін.*

*От тастап арасына ошпейтүгүн
Балғамді тоз-тоз қылдым, жырым-жырым.
Өмірде берекеге келмес болды,
Тура жолга ńеш уақыт ермес болды.
Не бауыр, не баласы, не әкесі
Бір-бірінің сөзіне қонбес болды,
- деп желпінді.*

Ақын ырың-жырыңды отарлаушылардың қазақ болмысына, тұрмысына, өміріне сінірген әрекеттерінің жиынтығы етіп алған. Патшалық дәуірді айтпағанда жүрегі жара, басына түскен тауқыметі мол анғал, анқау қазактың ақ пен қызылды айыруға қабілеті жетпеді. Қаны сорғалаған қылышын онды-солды жарқылдатып, айқабақтай құн сайын құбылып тұрған жылтырақ саясатының қатпарын түсіну қазактың сауатсыз қалың бұқарасы емес, сауатты зиялышарын да адастырды. Содан да халық тапқа, руға, партияға, топқа бөлінді. Коммунистік саясат тәтті сүттей тату халықты тапқа бөліп арала-рына жік түсірді. Таптық өмірге көзқарасы ала-құла болды.

Ірың-жырың Ахмет Байтұрсынов пен Құдайберген Жұбановты айтыстырып, төл әлілбімізді жойды. Кейін латыншыл Қ.Жұбановтың көзін жойғаннан соң кириллицаны қабылдап орыстануға бірың-гай жол ашты.

Осы ырың-жырың қай кезде де халықтың басын біріктіруге зор кеселдік келтіргені тарихтан аян. Мұның негізін отаршылар ерте калады. 1876 жылы Ресей Оку министрі, кейін Ішкі істер министрі граф Толстой қазакты жұмсамай, қысым көрсетпей-ақ ұлттық сана-сезімінен, дәстүрлі салтынан айыратын, отарлауды отбасына жеткізетін төте жол араб харпін жойып, орыс графикасын ендіру, балаларын, әсіресе, қыздарын орыс мектебінде оқыту керек деп ұсынды. «Сонда, - дейді граф Толстой, - әкесін – ұлы, анасын – қызы, енесін – келіні, ағасын – інісі тындармайтын болады. Қазактың мінез-құлқы, орыс психологиясына бейімделеді», - деп ұғындырды. Толстойдың бұл ұсынысы Ресей отарлаушыларының тарапынан колдана тапты. Бірақ өрістей алмады.

Арада 70 жылға жуық уақыт өткенде отарлаушы граф Толстойдың ұсынысын кеңестік идеологтар мойнымызға қамыт қып ілді. Бұл кеңестік отарлаушылардың сенімін ақтады. Халқымыздың мінез-құлқын, әдет-ғұрпын, кадыр-қасиетін түгел өзгертті. Бұл мерездің қасіретін кезінде Бұқар, Шортанбай, Дулаттар біліп жар салды. Солардың қатарында көпшілігімізге әлі күнге дейін беймәлім Ақат Қарымсақов (Үлімжі) ақынның да жанайқайын жұртшылықтың есіне салуды жон кордік:

...Кәпірge болып кіріптар,
 Мұсылмандан ерік кетті.
 Алатұрын тендік жоқ,
 Барынды кәпір жеп кетті.
 Жерің түйік болған соң,
 Амалдайтын еп кетті.
 Сүттен тәтті ағайын,
 Сыйлықпенен сеп кетті.
 Бұрынғы күнде ағайын
 Мінеді екен ат майын.
 Ендігі жанда ұят жоқ,
 Ата бөлек жат дайын.
 ...Ала болды ағайын,
 Ат мінбектен тай қайда?
 ...Кер кайырға жұмсасаң
 Балаң тілді алмайды.
 Қасиеті азайып,
 Шашы ағарған үлкенді.
 Қадыр-құрмет қылмайды.
 ...Адал сүт емген зайып жоқ
 Алған ерін сыйлаған.
 Атаны күткен бала жоқ
 Эмір сөзін тыңдаған.
 ...«Сіздер» деген келін жоқ
 Сыйлап күткен атасын
 ...Әуре сарсаң заманның
 Қатынында билігі...
 ...Ұлы, қызың тіл алмас,
 Жақсылығың бола алмас.
 Бала атадан ұялмас
 Аға тілін іні алмас.
 Тату болып жүре алмас,

- деп, Ресей отарлаушыларының халқымыздың әдет-ғұрпын, салт-санасын ірітіп, байырғы тәрбиесінен айырғандығын айқын көрсетті. Ақаттың біз үзінді алып отырган кітабы 1892 жылы Константинопольде басылған. Ресей Ішкі істер департаментінің жандармериясы Ресей саясатына қарсы деп 1902 жылы тәркілеген. Соңан бері Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағатында жатыр (ҚРОММ 15 қор, 2 тізімдеме, 359 іс).

Ресей отарлаушылардың бұл зиянды саясатын кеңестік саясаткерлер балабакшадан бастап жас буынға орыс мінез-құлқын

мәдениетті түрде сінірді. Ана сүті аузынан кетпей тұрып қырық бүйрек болуды үйретті. Осы жағдайды көкірек көзімен білген Илияс ырың-жырынды жеті жұттың бірі деп өте ұтымды пайдаланған.

Ақын жетің жұттың кеңесінде мансапиылдың, ашарышылықтың, жұттың, оба мен нағандықтың, ырың-жырыңың есептерін тыңдағанинан кейін қорытынды сөзді отарышылға ұсынады:

...Разымын, жолдастар бәріңе де,
Ага-іні, үлкен-кіші, кәріңе де.
Қызметтерің істеген тым-ақ үлкен де,
Бірталай жұмыс жасатыр алі де,
- деп ризашылығын білдіреді отарышыл.

Сонан кейін қазақтың тұқымын құрту багытындағы келешек жұмыстарына быттай багыт-багдар сілтетеді:

...Қазақты әлсіреттік жылжымастай қып,
Аяғын жсан-жагына бұрмастай қып.
Кеудесінде сонда да шыбыны бар,
Жаншу керек жәден оны тұрмастай қып.
Қолында азын-аулақ мал қоры бар,
Әттең дүние, соны алсан талапай қып,
Қимыл қылсақ осылай аумай-талмай,
Береке мен бірлікпен жікті жармай
Отыз жылда қазақтың бітуіне,
Мен кепіл жер үстінде бірі қалмай.
Мансапиыл, нағандық нен ырың-жырың,
Тырысыңдар үшеуің бізден бұрын.
Басқалардан сіздердің икемің бар
Қазақта әсакынсың гой анағұрлым,
- деп қорытындылайды отарышыл.

Кеңеске қатысқандардың бәрі бір ауыздан бас шұлғын:

...Дұрыс, дұрыс, осы сөз тапқан ақыл,
Баріміз бұл ойыңды дейміз мақұл.
Отыз жылда қазақты бітіреміз,
Пәлі, пәлі, ұзақ емес о да жақын!
- деп жетің жұттың бәтүа жасассты.

Қазақты құртуудың жоспары белгіленді. Қазақты құртууды, оның іргесін шайқалтууды отарышыл қазақтың өздеріне тапсырды.

Ойланып көрейікші, отарышыл айтқап жогарыдағы өлеңнің әр тармағы, әр сөзі қазақтың сонғы отыз жылда өткен тұнып түрған қаралы тарихы емес пе. Осы отыз жылда халқымыз басынан небір сұрапыл қайғылы зұтімат өмірді кепірмеді? 1921 жылдан бастап

отыз жылда өтетін ойранды алдын ала көкірек көзімен болжаған Елиясты көріпкел әулие емес деп кім айта алады?

Енді айтқандарымызға көз жеткізу үшін отаршыл айтқан отыз жыл қаралы, қайғылы тарихқа көз жіберіп көрейік.

Жұз жасаған Жамбыл теңеу таптай қиналған күн көсемі И.В.Сталин мен ку жақ Ф.И.Голощекин, Н.С.Хрущев отаршылдың казактың тұқымын құрту жөніндегі тапсырмасын айтқанынан да асыра орындағы. Олардың сойкандықтарын, халқымызға салған жарасын бәрін бір макалаға сыйғызы мүмкін емес.

Бірақ мыналарды айтпасқа болмайды. Отаршыл айтқан қазактың қолындағы азғана мал корын талапайға салуды Ф.И.Голощекин 1923 жылы наурызда өткен III партия конференциясында қозғал, ақыры 1928 жылы Е.Ерназаровтың қолымен жүзеге асырды. Ірі байларды тәркілеу науқанымен 696 отбасын ойрандап, олардың табан ет, маңдай терімен жинаған ірі қараға шаққанда 145 мың бас малын, бағалы мұліктерін тартып алды. 619 отбасын тұрган жерінен басқа облыстарға, қалғанын республикадан тыс жерге аударды. Тарихи дерек, яғни мұрагатта сақталған құжаттар тәркілеуге ұшыраған 696 отбасы емес, оның саны мұнан бір жарым есе артық екенін дәлелдейді.

«Асыра сілтеу болмасын, аша түрк калмасын» ұранын көтерген Ф.И.Голощекиннің белсенділері ауылды ұжымдастырамыз деген желеумен жарлы-жақыбайлар мен орташалардың қолындағы мал жұқанасын сыйырды. Оған қарсылық көрсеткендер бай-кулак саналды. 1930-1931 жылдары олардан 6765 адам республикадан тыс жерге айдалды («Қазақстан тарихының очерктері», 1994 ж., 324 б.).

1941-1945 жылдардағы қырғында «Сталин үшін! Ура!» деп 410 мың қазақстандық боздақ опат болды.

И.В.Сталиннің тікелей басшылығымен қазак даласы атом, термоядролық бомбаларды сынайтын тәжірибе алаңына айналды. 1949 жылдың 29 тамызынан бері қарай 26 атом бомбасын жер бетінде, 87 атом бомбасын ауада. 354 атом бомбасын жер астында жарды. Бұл жарылыстар мен Байқоңыр гарыш алаңынан ұшкан ракета-кемелер қазак даласының ауа райын, қазак ағзасын бұлдірді. Қазақ тұқымын аздырды. Оның зардабын әлі тартып келеміз. Ұлтымызға, жерімізге орны толmas зиян келтірді. Отаршылдық айтқан отыз жылдың шамасы айдай анық болды.

1953 жылғы Орталық комитеттің «Тың және тыңайған жерлерді игеру туралы» қаулысы қазақ жерін отарлаудың жаңа түрі болды. Олай дейтініміз, тынды игеру – патшалық Ресейдің қазак даласына переселендерді орналастыру саясатының тікелей копірмесі.

Оны жазушы Сәбит Мұқановтың естелігіндегі мына үзінді нақты дәлелдейді. «...Тыңға, - деп жазады Сәбен, - екі жүйе кадр келді:
а) Адал, ынталы, совет адамдары, көпшілігі комсомолдар;
ә) Осы жұмысқа жіберу үшін тұрмеден әдейі босатылғандар, көбі бандит. ұры, ауыр қылымыстылар. Бұл тыңгерлердің тең жартысы.

Соңғы жүйе келе сала кісі өлтіріп, тұргын халықтың малын, мүлкін тонап, әйелін зорлап, техникаларды қиаратып әлек-шәлек қылды. Бұлардан қалай құтыларын білмей халық зар қақты. Келгендер үш айдың өнбекақысында кетерме ақша алды. Тегін құрылыстар алады да кетерінде қымбат бағаға сатады. 1961 жылы Тың өлкесінің өн бойында іске жааралық 40 мың мотор қарап тұрды. Техниканы бұлдірушілердің ешқайсысы жазага тартылмады. Тың өлкесін жыл сайын аралаганда мен ешбір совхозда 2-3 жылдан артық тұрақтаған жұмысшыны көрген жоқпын» («Ақиқат», 1992 ж., №8, 63 б.).

Міне, біздің саясаткерлердің «Тың – өмір мектебі», «Тың – достықтың лабораториясы», т.б. деп әспеттеп аспанға көтерген тыңының сиқы.

Салыстырып көрініші – патша үкіметі Қазақстанға Ресейге сыймаган бұзакыларды жіберсе. Хрущев те тыңға дәл сондай қылымыскерлерді тоғытты. Переселен келімsectер қандай зорлық жасаса, тыңгерлер де казактарға сондай киянат жасады.

Переселен қарашекпенділерге Ресей отарлаушылары үй салуға, мал-мүлкін алуға ақша берсе тыңгерлер де дәл сондай қамқорлықта болды. Қайта олардан артық дайын үйге орналасты, келерінде қалтасы қампиып ақшага толды, кетерінде үйді, вагондан тасыған астықты сатып еркінсіді. Бауына ашық жол ашты. Соган қарама-карсы Н.С.Хрущев бұл кезде жүрттың үйін тінтіріп басы артық малымен үйіндегі бір-екілі қап ұнын сыпыртып алып әшкөрелеп жатқан шак еді.

Переселен қарашекпенділер өздерінің келген жерінің атын қоныстанған жеріне қойса, тыңгерлерде қазақ даласының байырғы жер, су, мекен атын өшіріп, өздерінің келген жерінің атына совхоздар ұйымдастыруды. Бұл жерде тыңгерлердің қазақтың сайын даласын бұлдіріп тоздырғаны, халқымыздың атамекенін, атақонысын, қасиетті орын – қорғандар мен зираттарын тегістеп жібергені туралы деректерді көлтіруді артық санадық.

Тың – ұлттық тілімізді, мектептерімізді жоюдың негізін қалады. Оған жалпы Қазақстанға ортақ деп Солтүстік Қазақстан облысындағы нақты жағдайды көлтіруді жөн кордік. «...Солтүстік Қазақстан облысында. - деп жазады «Казахстанская правда» газеті. - 60 мың

халық тұрады. Оның 63 пайызы орыс, қазағы – 18 пайыз, украин – 7 пайыз, т.б. Осында қазақтардың, україндықтардың, немістердің ана тілі жоғалып барады. 25-30 жастагы казактар қазір өз ана тілін білмейді. Ақырында үлтyn айтып мақтана алмайтын жағдайға келді» (1990 ж., 5 қантар).

Оның үстіне Н.С.Хрущев патша үкіметінің Қазақстанды бөлшектеу саясатын онан әрі тиянекты ету үшін солтүстік облыстарды Ресейге, оңтүстік облыстарды Өзбекстанға. Манғыстауды Түрікменстанға қосуға белсеніп кірісті. Ол үшін алдымен республиканы округтерге, өлкелерге бөлді. Облысты облысқа, ауданды екінші бір ауданға біріктіріп елді бөріктірді. Бір ауданды, бір облысты «селолық, өндірістік аудан, облыс» деп екіге бөліп, әкімшілік басқару жүйесін бүлдірді. Басқару басшылық, халық екіге жіктелді. Партия органдарын ауыл шаруашылық, өндірістік басқарма жанындағы партия комитеті деп өзі басқарған партияның беделін түсірді.

Ана тілімізді, ана тіліндегі мектептерді жоюға күш салды. Жержерде қазақ мектептері жойылды. Нәтижесінде отаршыл Ресей, оның мұрагері Коммунистік партия жүргізген соракы саясат қазақты тілі мен дінінен, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрінен айыруға әкеп тіреді. Түрі қазақ болғанмен тілі мен діні, іс-әрекеті, ойлау жүйесі, мінездүкілік орыстанды.

Ілияс Жансүгіров осы пәлекеттердің бәрін «Жұт – жеті ағайынды» өлеңінде бүкіл қасіретті тарихымызды өлеңмен өрнектеп қазақ үлтты тұрғанда өшпес мұраны артына қалдырыды. Халқымыздың Ілиясты «Күлагер – ақын» атауының негізі осындағы өлеңдерінде жатса керек.

Осы жерде ақпейіл, аңқау қазақ арасына жеті деген пәлені кім әкелді? Негізі қайда? Қайдан пайда болды? - деген занды сұрау қоюшылар да болар. Оған патшалық Ресейдің отарлаушылық саясаты мен оның мұрагері Кенес үкіметінің саясаты деп бір ауыз сөзben жауап кайтарамыз. Соган дәлелін қайсы дегендерге 1808 жылдан бастап казақпен етene арапасып, тілін менгерген, Сібір генерал-губернаторы болған генерал-майор С.Б.Броневскийдің 1830 жылғы «Отечественные записки» журналының алты кітабына жарияланған «Киргиз-кайсаки Средней орды» деген еңбегіндегі мына үзіндіні көлденең тартамыз. Оқып көрейік:

«...Күнарлы тамактан, уақыттарын үнемі далада, таза ауада өткізетіндіктен қыргыз-қайсактың арасында асқынған, тұқым қуған дерт жоктың қасында. Тегі. осының арқасында болуы керек, мен даладан жасы жүзден аскан карттарды көп кездестірдім. Ал екінші бірі жетпіске жете береді. Далада кісі олтіру мен үрлик жок. Ен

ұлken қылмыс – барымта. Бұл халық қонақжайлылық көрсетуде адамның шеніне қарамайды... Қыргыз-қайсақ арасында ұлken кісіге тіл тигізуден асқан айып жоқ және сол үшін қатты жазаланады. Бұл ізетті де игілікті әдettі кімге де болсын үлгі тұтуға әбден болады» (К.Исабаев, «Ана тілі», 1993 ж.).

Міне, Ресей отарлаушыларының қазақ даласына сұғына кіріп отарлауды негіздең тұрактағанша қазак халқы С.Б.Броневский көрсеткендей тәртіпті. өнегелі, адаптациялық болған. Қазіргідей ұрлық-қарлық, алдау-арбау, біреуге пәле салу, бақ үшін таласу, бірін-бірі сату, ата-анасына кол жұмсау, жезөкшелік, т.б. зұлымдық әрекеттерден аулақ болған. Мұндай соракылық әрекеттерді ұлты-мызыға жат деп санаган. Сондықтан Илияс Жансүгіров айтқан «Жеті жұт» Ресей отарлаушыларымен бірге келді. Кеңес үкіметі етімізден өткізіп, сүйегімізге сіңірді деп нық айта аламыз.

Бірақ, халқымыз қаншама зұлмат пен қасіретті жылдарды басынан өткізе де ак жүректігінен, ак пейілінен айнымады. Алладан бас бостандығын ак тілегімен тіледі. Абырой болып тілегі қабыл болды. Бостандыққа қолы жетті. Егемен мемлекет болдық. Он жыл тәй-тәй басып, енді аршындалап аяқ басып келеміз.

«Ақиқат» журналы
№10, 2003 ж.

Құнды кітап кемшіліктен арылуы керек




Т. Шонанов
құйыншына үшырап
укімімен 27.02.1938 жылы атылды. Тек оны Казакстан Республика-

Дарынды зерттеуші ғалым, білікті тіл маманы, көрнекті тарихшы, тамаша педагог, шебер аудармашы әрі ұйымдастырушы, халқымыздың біртуар азаматы Телжан Шонанұлы кейінгі ұрпаққа көптеген өшпес мұра қалдырды. Ол барлық құш-жігерін, ақыл-парасатын, талантты мен білімін халқының мұддесіне аяусыз жұмсады. Ұлттық мұддені ту етіл көтерді.

Жарық дүниедегі аз ғана ғұмырында (43-ақ жыл өмір сүріп, сталиндік құғын-сүргіннің КСРО Жогарғы Соты асқери коллегиясының

сының прокуроры айыптау құрамы жеткіліксіз деп тауып 18.09.1992 жылы ақтады) қазақ тілі мен әдебиеті, тарихы және методика саласында 32 кітап жазды, жүзге жуық ғылыми зерттеу мақалаларын жариялад үлгірді.

Солардың бірі «Қазақ жері мәселесінің тарихы». Мұны қазақ жерінің тарихы жөніндегі ең қоекейкесті мәселелерді бұкпесіз, ашық, айқын нақты деректермен дәйектеген тұнғыш еңбек деуге болады. Бұл еңбек 1923 жылы Орынбор қаласында жазылып, сол жылдары «Қызыл Қазақстан» журналының бірнеше санында басылған. 1926 жылы араб әрпімен 27 тарауға топталып 224 бет болып Қызылорда қаласында басылып шыққан.



Кітаптың құндылығы сонда, ол әсіресе қазақ жерін патшалы Ресейдің отарлаушы патшалары мен генерал-губернаторларының, заң шығаруышы органдарының қазақ халқын езіп, тонау, құлдықта ұстай үшін жасаган саясатын әзәзілдік айла тәсілдерін, ептерін, әрекеттерін өздері шыгарған зандарамен, жарлықтарымен, бұрықтарымен шебер тілмен, уитты зілмен әшкерелейді, міндейді, талдау жасайды, бұлтартпас басқа да дәйектермен зерделейді де «Қазақ жерінің тарихы Ресейдің қазақ жерін иемденудің, талаудың, отарлаудың тарихы» деген қорытынды жасайды.

Т.Шонанов бұл құнды зерттеу жұмысын өте қын, ауыр кезеңде жазған. Олай дейтініміз бұл Азамат соғысы аяқталғаннан кейін республиканың ауыл шаруашылығы ойсыраған, экономикасы құлдыраған, ұлт республикаларының шекарасын межелеу жөнінде республика ішінде губернелерді, аудандарды біріне-бірін қосу, алу жөнінде мемлекеттік реттеу актілерінің жүзеге аспай, мән-мағынасы жағынан олар бұлдірушілік актілер болып табылған және жерді тапқа, ұлтқа бөлу басталып, еріксіз отырышылықтың етек алуы сияқты барлық қайшылықтардың тоқайласқан кезі еді. РСФСР құрамына Қазақстанның бірқатар аудандары мен округтерін қосу жөнінде шовинистік әрекеттерден тұган дау-дамайлар көтеріліп, Батыс Қазақстанның бірқатар округтері Астраханға, Қостанайдың екі ауданы Челябі губерниясына, Павлодар мен Петропавлдың бірқатар жерлері Сібір ревкомына беріліп, халықтың ашу-ызасы күштейіп тұрған.

Оның үстіне, автордың жаңына бататын ең ауыр жағдай, бұл кезеңде ол ОГПУ-дың құғынында, әр басқан қадамы аңдуда болды. 1921-1922 жылдары Ырғыз түрмесінде қамауда отырды. 1923 жылы «Алаш» қозғалысына катысқандығы үшін заңсыздық құғынға түсті. Сол құғынның әсері болуы керек кітаптағы таблица, цифrlарында аздаған көтөліктер жөндөлмеген. Шамасы оларды кайта қарап жөндеуге мұршасы келмеген-ау.

Сондықтан ол цифrlарды қай жерден қыскартып, қай жерге косу бізге белгісіз болғандықтан әрі тарихи кезең таңбасы ретінде ол цифrlарды жазылған күйінде өзгеріссіз жібердік (43-47 б.).

Бірақ осы аласапыран кезеңде қайыспай, саясаттың дауылына қарсы тұрып «Қазақ жері мәселесінің тарихы» гылыми зерттеу ең-бегін жазды. Бұл кітаптың бір көреметі сол кездегі бұқара халықтың ұғымына лайыктап, қазақтың байырғы сөздерімен жазылуы деу керек. Мәселен, «отаршылдардың тұтынатын ебі мен күшін орысша «колонизаторство» дейді. Қазақша «отаршылдық» дейді, немесе отаршылдар тегеурініне түсіп жем бола бастаган жерді европаша «колония» дейді. Қазақша «отар» дейді» деп соқырға таяқ ұстат-қандай ұғындырады, әрі Ресей отарлаушыларының бет-бейнесін жырта ашады.

Сол кездегі Қазақстан басшыларына ең алдымен кімді қоныстардың қажет, оларды қалай қоныстарды керек, шаруа турін қалай өзгерту көзінде жөн, қазіргі қындық туғызып тұрған тығырыктан қалай шығу керектігіне де ғылыми тұрғыда жол-жоба, ұсыныспікірін дәлелдей айтады. Бұл сол замандағы халқы үшін басын бәйгеге тіккен ғана емес-ау, халқының мұддесі үшін өзін құрбандақташа шалатын ерлердің ғана қолынан келетін батыл қадам, ерлікке тәң ұсыныстар.

Т.Шонанұлының бүл ғылыми зерттеу еңбегі араға 69 жыл салып 1995 жылы «Жер тағдыры – ел тағдыры» деген атаумен Алматы қаласындағы «Санат» баспасынан екінші рет басылып шықты. Басылымды дайындалған, соңғы сезін жазғандар тарих ғылымының докторы, профессор Ә.Тәкенов, КР ҰҒА-ның ғылыми қызметкері Б.Байғалиев, араб әрпінен кириллицаға көшірген Г.Жүгенбаева. Әлілдігін айтканда бүл азаматтар есесінде тұндырылған. Оку орын-

فلاجی خدرو ملسلسیتک نظریہ

дарымыз оқулыққа зәру кезінде Қазақстан Республикасының Білім министрлігі қөмекші құраДал ретінде ұсынған. Бұл құлтарлық мәселе. Алайда соңғы шыққан (1995 жылғы) басылымында (бұдан әрі соңғы) 1926 жылғы араб әрпімен шыққан басылымды (бұдан әрі түпнұсқа) салыстырып оқығанымызда елеулі олқылықтар кеткеніне көзіміз жетті.

Атап айтқанда, біріншіден, соңғы кітаптың көлемін ықшамдау мақсатында ма, болмаса баспаға дайындағандар қажетсіз деп санады ма, ол жағы бізге белгісіз, түпнұскадағы кейбір жеке сөздерді ғана емес, тұтас сөйлемдерді, тіпті бірнеше абзаңтарды, тұтас бергтерді алғып тастаған. Мәселен, түпнұскада «Атты казакка жер бермеске ұмтылып, қонысын қызғышша қорғап, тартыс-талақ шығарған шекті Есет, Жанқожа, байбакты Сырым, екі жүзде Кенесары, Бекейде Қайбалды, Исадай, Жоламан көтерілістері, Торғайда Шеген бидің Ахмет сұлтанға жазған хаты, Ертісте Құлеке, Малайсарылардың атты казактармен соғыстары қоныс үшін талақ болатын» (33 б.) деген сөйлемдегі «Шекті», «Байбакты» деген ру атаулары, «екі жүзде» деген сөз тіркестері және «Бекейде Қайбалды, Исадай, Жоламан көтерілістері» деген тұтас сөйлем (32 б.) соңғы басылымда түсіп қалған.

Сондай-ақ, «Сұлтан мен лауазым иелеріне қара шаруадан жер екі есе артық берілсін деді заң» деген сөйлем оқырмандарға қажетті болса да, 1995 жылғы басылымға енбеген (40 б.).

Әсіресе тарихымызға, зерттеушілерге, оқырмандарға аса қажетті дерек беретін төрт бет суреттің 1995 жылғы шыққан кітапқа енгізілмеуі түсініксіз. Олар:

1. 1896-1915 жылдар арасында Ақмола, Торғай, Семей, Орал губернияларына келген келімсектер (151 б.).
2. 1906-1916 жылдарға шейін мемлекеттік ормандық қоры, оброчная статья, айрықша керекті т.т. мақсаттарға кесіп алғынған жерлер (155 б.).
3. Отарлау толқыны кезінде атты казактар, қарашекпенділер мен қазақтардың Ақмола, Торғай, Орал, Семей губернияларында орналасуы 0% есебімен (160 б.).
4. 1906-1912 жылдар арасында Орал, Торғай, Семей, Ақмола губернияларына Ресейдің қай губернияларынан келген келімсектер есебі 0% есебімен (162 б.).

Екіншіден, кейбір тарихи деректерді соңғы басылымды дайындаушылар жәнсіз өзгертуken, не дұрыс бермеген. Мәселен, түпнұсқадағы «Абылай Сайрам колдің жағасында Ілеин Ҷан Цзионімен сойлесіп» (Қытайдың генерал-губернаторлық науазымы) деген

сөйлемдегі (28 б.) «Іленің» деген сөз мәтінге кірмей қалғандықтан Абылайдың қай жердегі, қай елдің генерал-губернаторымен сөйлескені белгісіз болып қалған.

Бұл бұл ма осы бетте «Өзі (Абылай) Түркістанда тұрып, 1871 жылы қайтыс болды» деп Абылайдың қайтыс болған жылын жаңсақ көрсеткен. Шындығында Абылай 1781 жылы қайтыс болғанын тарихи деректер айғақтайды емес пе?

Сондай-ақ тұпнұсқадағы Анненко-Бернадтың өлеңмен жазған орысша «Бекет» драмасындағы «Арыстанды Бекет өлтірді» деген сөздер кате. «Жантөрені өлтірген Қаратай болатын» деген сөйлемдегі (35 б.) 1995 жылғы басылымда Қарақай болып өзгертиліп, оқырманға теріс ұғым берген.

Ушіншіден, соңғы басылымда автордың өз қолымен жазылған сөйлемдерді, деректерді өздерінше «түзеткен», «жөндеген».

Мәселен, «Ертіс бойына талас» тарауында (35 б.) автор «Мұнан 175 жылдай ілгері Орта жүз Омбыдан бастап Ертіс басына дейін сол жағаны қоныс қылып отырды» деп жазса, соңғы басылымда оны «150 жыл» деп жөндепті. Осында «жөндеуден» автордың «сол он шақырымдық ені бар құндызың Өскемен тұсынан басталып, Омбыға дейін барады, ұзындығы 200 шақырым шамасы» деген сөйлемін (41 б.) соңғы басылымда «осы ені 10 шақырым құндызың Өскемен тұсынан басталып, Омбыға дейін 910 шақырым» болып түзетілген (39 б.).

Мұндай қысқартулар, жөндеулер, түзетулер кітаптың өнбояуында аз емес. Олардың бәрін тізе беру мақсат та болмас. Сонымен қатар, автор пайдаланған қазақтың байырғы сөздерін соңғы басылымда өзгертуken баламаларын, немесе, орыс тіліндегі терминін алуын да құптамадық. Мәселен, автор тұпнұсқада өлшем бірлігін қазақ атауымен «саржан» деп пайдаланса, соңғы кітапта ол сөз «сажень» болып жазылған.

Ойымызды қысқаша қорытқанда, соңғы кітаптағы мұндай ағаттықтарды инені жілкө тізгендей ету ретсіз болғанымен ол аталған кемшиліктер авторға қиянат болады, оқырмандарды адастырады деп шештік. Құнды кітап кемшиліктен арылуы керек.

Сондықтан Телжан Шонанұлының «Қазақ жері мәселесінің тарихы» ғылыми зерттеу енбегін 1926 жылғы араб әрпімен шыққан калпында мәтіні, стилін өзгерпестен жариялауды жөн санадық.

Жазушы Мұхтар Әуезов ағартушы Үйбырай Алтынсаринді өсектен қалай қорғады?



М. Әуезов

Кемел ойдың кеменгері Мұхтар Әуезов кеңестік саяси құрсауга толық мойынсұнбай тұрган кезінде, яғни 1923 жылы «Шолпан» журналының 6-7-8 сандарында «Ы.Алтынсарин» деген көлемді мақала (26 бет) жариялаганы жөнінде көпшілік хабарсыз.

Оның себебі – бұл еңбек Мұхтар шыгармашылығын зерттеушілер мен ғалымдардың, жазушының жинақтарын құрастыруышылардың көзіне түспеді, немесе назарға алынбады.

Кезінде бұл мақалага ғылыми пікір де айтылмады. Соның салдарынан тарихи шындыққа қиянат жасалды.

Олай дейтініміз, Ы.Алтынсариннің таңдамалы шығармаларын құрастыруышылар (Алматы. «Ғылым». 1994 ж.) «...Ы.Алтынсарин шығармаларының бағаланып жариялануы әр алуан окулықтардан басталады (?). Бұл орайда Д.Әбілов, А.Тоқмағанбетов, Ф.Балғымбаев, М.Сармурзина, Ш.Ахметов, М.Дулатов кітаптарын ең алдымен атаған жөн (?). ...40-шы жылдардан бастап (?) Ы.Алтынсарин мұрасының прогрестік сипатын танып (?), оны ірі қоғам қайраткері деп дұрыс бағалау (?) орын тебе бастады (?). Бұған С.Мұқанов, Қ.Жұмалиев, Е.Ысмайилов окулықтарындағы материалдар мұрындық болды (?)» деп көрсеткен (238 б.).

Бұл негізінен теріс пікір. Өйткені, Ы.Алтынсариннің шығармаларына талдау жасал, оған тиімді бағасын беріп, оны қоғам қайраткері ретінде тану, шығармаларын жарыққа шығару жөніндегі кемел ойын Мұхтар Әуезов 1923 жылы «Шолпан» журналындағы «Ы.Алтынсарин» деген мақаласында көтерген. Онда Мұхтар Әуезов: «...Үйбырай жайында бірауыз баспасөз жүзінде басылып, жалпақ окушылар алдына түскен жоқ. Біздің ойымызша бұл зор кемшилік», - дейді.

Мұхтар Әуезов мұнан кейін Ы.Алтынсариннің жүртшылық үшін істеген қызыметіне, ағарту саласындағы еңбегіне, әдеби шығармаларына талдау жасайды. Ағартушының діни көзқарасын сараптайды. Оған «Үйбырай қара қазақтан шыққан бірінші адам», «Үйбырайдың «Сөз басы» олені қазақ халқының жасоospірім, жас үланга салып кеткен азаны, ұраны», «қазақтан шыққан шыны қазақ ақыны»,

«Ыбырай бірінші ұлтшыл әлеумет қызметкері», «барып тұрган ұлтшыл», «ұлт мектебінің іргесін қалған бабасы» деген бағалар берді. Олай болса, Ыбырайды халқына таныстыру, оның енбегін бағалау 40-жылдардан басталған жоқ және жогарыда аталған азаматтар гана емес, ең алдымен бұл мәселені көтерген М.Әуезов екендігіне дау жоқ. Әділдігін айтсақ, Мұхаңның Ы.Алтынсаринге берген бағаларынан артық баға берушілерді әлі кездестіре қойған жоқтыз.

Бұл мақаладан жұртшылықтың хабарсыз болуының екінші себебі мынау: Мұхаңның өзі 1922-1925 жылдар арасында «Тан» және «Шолпан» журналдарында жарық көрген «Қыр суреттері», «Оқыған азамат», «Заман еркесі», «Қайғылы жетім», «Қаралы сұлу», «Ескілік көлеңкесінде», «Қазақ қызы» шығармаларын кайта қарап, кейбір сөйлемдері мен сөздерін кеңестік саясатқа бейімдеп өзгертулер, толықтырулар енгізген. Кей тұстарын қысқартқан. Бірақ жазушы осылармен катар жарияланған «Ы.Алтынсарин» мақаласын сүзгіден өткізбеген. Қаламының ұшын тигізбеген. Тек 1950 жылы жарық көрген «Ыбырай Алтынсарин казак әдебиетінің зор қайраткери» деген мақаласында: «...Біздің кейінгі ұрпағымыздың бәріне Абай қандай қадірлі болса, Ыбырай да өз орны, өзінің арналы мұрасымен ыстық.... Олар кейде баяғыдан бері өткен шөл ғасырлардың соңғы дәүіріндегі зор мұнарадай көрінсе, кейде енбегі, бағыты айқасып аққан қос өрімдей шөл өлкені суарып, дән бітіріп, айқасып ағып келе жатқан қос өзендей танылды», - деп 1923 жылғы ағартушыға берген бағасын онан әрі өрбітіп сабактастырып. Ыбырайды Абаймен катар койды (19 т., 245-247 б.).

Ал енді Мұхаңның өзі және ғалымдар мен зерттеушілер 1923 жылы «Шолпан» журналында жарық көрген Ы.Алтынсаринге неге жоламады, дегенге келсек оның өзіндік себептері бар.

Біріншіден, кеменгер жазушы социалистік өмірдің, коммунистік саясаттың ерте ме, кеш пе өзгеретінін күні бұрын сезіп білді. Сол ушін Ы.Алтынсаринге 1923 жылы берген бағасын өзгеріссіз сол қалпында қалдыруды жөн санады деп ойлаймыз. Әйтпесе, басқа шығармаларымен катар басылған Ы.Алтынсаринге дарынның көзі түспеуі мүмкін емес.

Екіншіден, Ы.Алтынсарин жоніндегі Мұхаңның ойлары, сөздері коммунистік идеологияға көреғар болғандықтан бұл мақалага ғалымдар да, зерттеушілер де жоламады. Оны талдауға, жұрт назарына ұсынуға батылдары жетпеді. Мақалаға үрке қарады.

Оның себебі, біріншіден, Мұхан бұл мақалада: «...Ы.Алтынсарин Орта жүз Қыпшак руы, қазактың жуан ауылы, бестамғалы шын-

жыр қатарлы орынның бірі. Ұбырайдың ауылтын атасы бүкіл Орта жүзге белгілі, өткен замандағы қазақтың қара қылды қақ жарған әділ, дана, шешен билерінен Балқожа деген кісі басқарған», - деп Ұбырайдың ата-тегі осал адамдар болмағанын паш етті. Биді, руды дәріптеу кеңестік саясаттың шиқанының аузын алу екенін кезінде Мұхан да, ғалымдар да, зерттеушілер де жақсы білді.

Екіншіден, макалада қазақ даласын отарлау жөніндегі патша үкіметінің зымияндық саясатын жазушы, былай сипаттайты: «...1868 жылдан кейін хұқимет қазақ даласын шын бағындыру жұмысына батыл кірісті. Көздеген мақсатқа жету үшін қазақтың елін бастайтын басшыларының балаларын оқыту керек деп тапты. Басшылардың балаларын орысша оқытып, төре қылып, шен беріп, шекпен кигізіп, хұқмет адамы қылып, ел арасына жіберіп, солар арқылы ел мен хұқиметті жақындастырып елді кіндігінен арқандамақшы болды». Мұхаңның бұл сөздері «Қазақ Ресейге өз еркімен қосылды. Орыс үкіметі қазақ халқына, оның балаларын оқытуға зор камқоршы болды», - дейтін кеңестік идеологияға қарсы еді.

Үшіншіден, кеменгер Мұхан осы макалада отарлаушылардың карапайым қазақтың мыйын улап, саяси тәсілді қалай іске асырғанын былай әшкерелейді: «...Патша Николай I заманында ашылған мектепке қазақ халқы бала беруге сенімсіз көзбен қарады. Мұны школды ашушилар да білетін еді. Сондыктан Россия патшалығы «дін қарындаас», «бәріміз мұсылман баласы» дейтін ногайларды қазаққа кару қылып жұмсады. Школдағы балалардың тұрмысын мұсылманша жасады. Ногайша кім, баста тебетей, шаш алдыру, намаз оқыту, жұма сайын мешітке апару, дін сабағын оқыту, ногайша жаздыру, тамақ ногайша, оқытушы басында табақтай сәлдесі бар ногайша молда... Балалардың бойы үйреніп, елдегі ата-аналарында балаларын «шоқындырмайды» деген пікір көбейген сайын ногайшаны азайтып, окуды, тұрмысты орысшаға қарай айналдыра берген». Мұхаңның бұл сөздері кезінде қазақ мектептерін жауып, жаппай орысша білім алуға көшірген кеңестік саясатқа қарсы насиҳат екені белгілі.

Төртіншіден, қазіргі күнге дейін Ильминскийді ғалымдар мен зерттеушілер тарапынан Ы.Алтынсариннің ғана емес, бүкіл қазақ халқының жана шыры, досы ретінде көрсетушілік басым. Ал Мұхтар Әуезов Ильминскийді: «...орыстың атақты қара журек сиқыршысы Ильминский» деп оның ниеті арам адам екенін айқын көрсетті. Ильминский туралы Мұхтар Әуезовтың бұл сөзі орыс пен қазақ арасындағы «достыққа» ол кезде атқан оқ. қазақ пен орыс арасына қағылған сына болып көрінді.

Соңғы мәселе, Ы.Алтынсаринге қандай өсектер тағылды, ол өсектердің шығуына не себеп болды, ондай қанку сөздерден Мұхтар Әуезов Ыбырай Алтынсаринді қалай корғады? Өсектің пайда болуының басты себебінің бірі Көтібаров Мұхамбетжанның естелігінде көрсетілген: Ыбырайдың өзі барлық жағдайын орыс тәрбиесіне айналдыруы, балаларын орысша киіндіруі, орысша оқытуы, өзінің және балаларының орысша шаш қоюы, орыстар арасында Иван Алексеевич атануы еді (Казакстан Республикасы Ғылым академиясының кітапханасындағы сирек кітаптар мен қолжазбалар корындағы №397 іс).

Екіншіден, «Дала уалаяты» газеті 1889 жылы (№33) «Оренбургский листок» газетінен Ы.Алтынсарин туралы қазанаманы көшіріп жариялауы өсекке май құйды. Өйткені, онда: «...Орыс ісіне Алтынсариннің өлімі катты-ақ қырсық...», «...Полковник Яковлев ақкөніл, анық орыс мінезді Алтынсаринге көп-коп пайда келтірді», «...Ыбырай Алтынсарин Россияға пайдалы бір қызметтегі адам еді», «...Халықтың (қазақтың – З.И.) Россияға ықыласын ашқан бір артық жан болды», - деп жазды.

Міне, Ыбырайдың өз отбасын сырт көзге қазақы болмыстан, тұрмыстан өзгертуі сол кездегі қазактарға «шоқынды» іс болып көрінді. Ал, «Дала уалаятындағы» сездер «орысқа сатылған, орыс мүддесін жақтаушы, Ресей миссионерлік когамының сойылын соғушы, қазақ балаларын шоқындырығысы келді» деген дақпырт өсектерді өршітті. Оның үстіне қазалы күндері Ы.Алтынсариннің қолжазбаларын салып жүрген сандықты орыс шенеуніктерінің алып кетуі «оның ішінде Ыбырай сактаған орыс крестері бар» деген қанку сөзді онан әрі өршітті. Жасыратын несі бар, Ыбырай айналасындағы бұл өсектердің ұшығын жаңғыртушылар әлі де ұшырасады.

Кеменгер Мұхан педагог-ағартушы Ыбырайды бұл жаладан осыдан 80 жыл бұрын корғады. Өсектің себептерін байыпты дәлелдеді. Енді оған көз жеткізу үшін Лұқпан хакімнің өз аузынан естіген сез жақсы демекші Мұханың дәйектемесін оқырмандарға ұсынып отырымыз.

Ыбырай Алтынсарин (үзінді)

...Қазақ-қырғыз халқында элеумет қозғалысы, саяси сезім кіре бастаганына 20 жылдай болып қалды. Бір жұрттың тіршілігінде отken өмір талқысын еске түсіріп, үстіндегі тұрмыстың ағымын аңдатып, келешекке көз жіберіп, жол-жөн сілтейтін шырақшысы –

газет, журнал, түрлі әдеби, мәдени істер, талаптар. Өзгерістен бұрын казақ-қыргыз елінің газет, журналдары болды. Оナン үлкен өзгеріске жетті. Осыны бастан кешірген халқы да осы уақытқа шейін «Еңбекшіл газеттің» бетінде Ыбырай Алтынсары баласы «шоқыншық», «поп» болыпты дегеннен басқа. Ыбырай жайында бір ауыз сез баспа жүзінде басылып, жалпақ окушылар алдына тускенін біз білмейміз. Біздің ойымызша бұл зор кемшілік дейміз. Өйткені, бұл күнде біздің заманымызда өтіп кеткен Ыбырай Алтынсары баласы тарихи адам, жақсы болса да, жаман болса да. Ыбырай жайында осы күнге шейін тым-тырыс болып келе жатқанның себебі бар шығар. Ол себеп Ыбырай жайындағы ел арасындағы алып қашпа өсек.

Ол өсек қысқасынан айтқанда мынау: «Ыбырай орысқа сатылды. Шен алып, шекпен киу үшін Ильминский сияқты қаражүректермен жақын болды. Ақысина қазақ жұртын шоқындырып бермекші болды. Тірі күнінде осы бағытта қызмет қылды. Өлгенде үйінен бір сандық крес шықты. Өзі шоқынған. Орысша аты-жөні Иван Александрович (*мәтінде осылай делінген – З.И.*) еді...» деген.

Ыбырайға жабатын жаланың түрі осы. Ыбырайдың тірі күнінде істеген ісін қысқаша жогарыда жазып, окушыларымыздың алдына салып отырмыз. Ол істеген істеріне қаралғанда ыбырайға баға берер.

Бұл жерде бір азырақ қана өсектің қайдан шықкан тамырын көрсетпекшіміз.

1) Жогарыда жаздық: қазақ даласы Еуропа мен Күншығыс маданиятының түйіскен майданы болды деп. Ыбырай қазаққа Еуропа маданияты жол деп құшті солай қарай бастады.

2) Ыбырай бірінші қазактан шыққан ұлтшыл әлеумет қызметкері дедік. Ногай ағайындардан қашаннан бері «Руссияға қарайтын түрік балалары», «мұсылмандар» ногай болуы керек һәм «ногай қыламыз» деген пікір осы біздің заманымызға шейін болып келді. Бұл пікір Ыбырай заманында өте құшті болды. Оған Ыбырай: «жоқ, қазақ өз алдына ел, тарихи болашағы батыр, аулак жүр. Қазақ һеш уақыт ногай болмайды», - деді.

3) «Ыбырай жазған кітаптарын орыс харпімен басты», - дейді. Бірінші, Ыбырайға хұқімет кітабында «орыс харпімен басасын» деді. Екінші, Ыбырай орыс харпімен баспаса кітабы дүния жүзіне шықпай қалар еді. Үшінші, кітабын орыс харпімен басты деген маңызды сөз емес...

4) Ыбырай кара қазактан ат аркасына мініп, даражаға жетіп, қазақ жұртын бастаймын деген бірінші адам. Ол заманда орысша оқып, қанжыгаласып сл билеу ісіне қатынасқандар торе тұқымда-

рынан болған. Бұлардың ішінде бақкүндестік туды. «Жуан қоныш, сасық қазаққа не қылған адамишылық», - дегендей. Ұбырайдың тұрған облысына дабысы күшті, ел оны әулие қылыш ұстай бастады. Бұл бұрыннан қазақ елін билеп, меншіктеп қалған төрелерге ұнамайды.

5) Ұбырай қазақ арасындағы шеттен келген надан молдаларға карсы болды. Міне, Ұбырайдың досы көп болса, дүшпаны да болған. Ұбырайдың ноғайдан, төреден, азған қазактан шықкан дүшпандары ұрандасып, ел арасына айтылмыш өсекті таратқан. Ол өсек орынсыз. Өйткені, Ұбырай арқылы Ильминский бір қазақ баласын шокындыра алмады. Ильминский сияқтылармен жақын болғаны рас. Бірак ол заманда Ұбырай қазақ жұртына пайда келтіру үшін осылармен жақын боп істі бітірем деген ойын ол азды-көпті жүзеге шығарды да. Ильминский Ұбырайдың жазған хаттарында, істерінен, жазған хаттарынан «казақ иісі анқып», хаттарында, істерінде патша хұқіметіне жылы сез, қолайлы ісі болса Ұбырайдың хайла-шарғысы. Ол Ильминскийлерді алдан, адастырған әдісі деп қараудан басқа орын жоқ.

6) Ұбырай өлгенінде үйінен бір сандық крес шығыпты-мыс. Оны орыстар алып кетіпті-мыс, - деген өсек. Ұбырай өлген соң Ұбырайдың бір сандық кітаптарын, қағаздарын үйінен алып кетіп, ол сандық Ильминскийдің жолдасы, Торғай облысында оқу ісінің басында жүрген Васильев дегеннің қолына түскен. Сонымен Ұбырайдың өзінен кейін үйінде бір жапырак қағаз қалған емес. Не болса да, сол ана сандықта кетулі. Дүшпандардың бір сандық крес дегені осы бір сандық қағаз.

7) Ұбырайдың аты Иван Алексеевич (*шетінде осылай жазылған* – З.И.) дегені «шоқынған», «поп» болғанының кетпес таңбасы деп қарауы да орынсыз. Ол біздің сүм заманымызда құнсыз, құлаққа алғысыз сез. Орыстардың ішінде жүрген басқа үлттың азаматтарының кайсысының аттарының, экелерінің бас харіптерін алып ат қойып алмайтыны кем бе еді? Орыс ішінде жүрген азаматтарға жеңіл болсын деп орыс жолдастарының орысша ат қойғандарын «шоқынды» деп айтуға бола ма?

Мақаламыздың аяғында айтатын қорытындымыз мынау: Ұбырай Алтынсары баласы өткен тарихи адам, оның істеген істері де тарихи істер. Біз бұл мақалада Ұбырай жайында толық мағлұмат бердік. Осымен тоқталып Ұбырайды қазактан шықкан әулие демекші емеспіз. Біздің мақсатымыз: Ұбырай жайында сез котеріп, жүртқа

қалқы (мәтінде осылай – З.И.) болу. Қазақтан шыққан білгіштер Үбырайдың ісіне тарихи баға беріп, жабылып жүрген жаланың ақты-қарасын айырып, жалпақ жүртқа айтылуы керек дейміз.

Қазақ-қырғыздың маданияты Үбырай сияқты адамдарды сөз қылмай, ескерусіз тастай алмайды. Бұ қүнге шейін сөз болмай келген болса да мұнан былай келешекте оның жайын майданға салады. Бұл тарихтың заңы. Соның үшін біздің ұсынысымыз: – Үбырайдың жайын тексеру:

1. «Шоқынды» деп білмеуіміз керек. Ол жабылған орынсыз жала болса, Үбырай қазақтан шыққан адап азамат болатын болса, ол қазақ-қырғыздың маданият тарихында тиісті орын алуы керек;
2. Үбырайдың өмірін, ісін толық қылышпаз жазып, жазған кітаптарын, хаттарын қазақша бастырып шығару керек.

М.

(*Мұхтар Әуезовтың бүркенишік есімі – З.И.*)

«Шолпан» журналы

№6-7-8, 193-196 б., 1923 ж.

«Егемен Қазақстан» газеті

28 тамыз 2002 ж.

Ахмет Баржаңсының бағы ашыла ма?

Мақал-мәтел – халық қазынасы. Онда адамның, жер мен елдің тұрмыс-тіршілігі, мінез-құлқы, әдет-ғұрпымен қатар салт-сана мәселелері тиянақты, тұжырымды, тілге жеңіл, ұтымды түрде қамтылады. Кезінде бұл сөз мәйегін қазақтың данышпан, ақылгой абыздары ой елегінен өткізіп шығарса, кейін олардың кейбіреулері халықтық мұрага айналды. Оларга заманы мен дәуірі, адам мен қоғам алтын арқау болды. Сондықтан халық өз өмірінде оны үнемі «ердің құнын екі ауыз сөзбен шешетін» қын сәттерде қолданып, уақыт керуенінің алдын орап отырады...

Халық аузындағы мақал-мәтелді 1917 жылғы Қазан төңкерісіне дейін де және онан кейін де жинастырып, рухани иғілікке айналдырушылар болды.

Солардың бірі – 1913-1914 жылдары ел арасындағы мақалдарды жинап, қыруар еңбек сінірген азамат Ахмет Баржақсы баласы.

Оған дәлел ретінде оның Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архив қорында «Мың бір мақалдың» араб әрпімен қазақ тілінде жазылған қолжазбасы сақтаулы (ҚРОМА 329 іс, 544 қор, I-а тізбе, 32 байлам, 48 б.).

Оның үстіне оның 1923 жылды Мәскеуде Үлттар комисариаты жаңындағы «Күншығыс» баспасынан жарық көрген «Мың бір мақал» кітабы Қазақстан Республикасы Үлттық мемлекеттік кітапханасында сирек кітаптар қорында есепте (396 қор, 5-б (25 РК). Осы «Мың бір мақал» 1993 жылды «Мың бір мақал және 23 жоқтау» деген атпен «Қазақстан» баспасынан жарық көрді.

Алайда, Ахмет Баржақсының осы «Мың бір мақалын» «Жұлдыз» журналы 1993 жылды №2 санында оқырмандарға теріс түсіндіреді. Осы «Мың бір мақалды» Ахмет Байтұрсынұлының 120 жыл толуы айдарымен журналдың әдеби мұра бөліміне филология ғылымының кандидаты марқұм Балтабай Адамбаевтың алғы сөзімен жарияланғанын оқып таңғалмасқа шара жок.

Себебі, біздер Ахмет Баржақсының қолымыздың негізімен қатар «Ана тілі» газетінің 1991 жылғы №19-23 сандарында Ахмет Баржақсының «Мың бір мақалының» 160 мақалы жарияланғанынан бұрын хабардар болатынбыз. Оның үстіне «Жұлдыз» журналы «Мың бір мақалды» жинаушы Ахмет Баржаксин» деп 35-бетінде өзі ап-айқын жазып тұр.

Солай болса да редакция өзі жазып отырған осы тұжырымға да, 1991 жылды «Ана тілінде» жарияланған мақалдарға да жеткілікті мән бермеген. Қалай дегенмен де басылым Б.Адамбаевтың негізсіз кате пікірі, елді шатастыратын алғы сөзін жариялады: «Ақан (Ахмет Байтұрсынов) ...кейбір ауыз әдебиетін бүркеншік атпен құрастырган. Солардың бірі – «Мың бір мақал» (?)... Жинаққа Л.Троцкий алғы сөз жазған (?)... Қазақшаға кім аударғаны белгісіз (?) ...Басылымда әдеттегі алфавиттік тұзу орнына мәғына, мазмұнына қарай 10 бөлімге топталып, бөлім ішіндегі мақалдар тақырыппен берілген (?).».

Бұл негізінен жогарыда айтқанымыздай, үшқары ой, жаңсақ пайым, ер еңбегіне ешқашан қиянат жасауға болмайды. «Мың бір мақалды» жинаушы да, құрастырушы да Ахмет Баржақсы баласы. Оған дәлел аз емес.



А. Баржақсан

Біріншіден, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архив-тің корында араб әрпімен қазақ тілінде жазылған «Мың бір мақалдың» негізгі нұсқасы Ахмет Баржақсы баласынікі. Осы мақалдың жинақ болып шығуына жазылған рецензияда: «...қазақ тілінде араб әрпімен Баржақсіннің жинаған қазақтың мың мақалы қаралды. Жинаушы мыңға жеткізу максатында мазмұнына жеткілікті көніл аудармаған, өз ойын беру басым, ойды қайталау көп. Дұрыс ұғым бермейтін мақалдар, қайталаулардың асты сызылып көрсетілді. Бұл жағдайда жинақ етіп шығаруға болмайды» деп АҚ орталығының төрағасы Жолдыбаев 7 мамырда (жылы көрсетілмеген) қол қойған. Бұл шамасы 1923 жылға дейін жазылған рецензия болуы керек. Алайда осы рецензияда жинаушы да, құрастыруыш да Ахмет Баржақсін екендігі таңба басқандай дәлелденіп тұр.

Екіншіден, осы Жолдыбаев рецензия жазған алғашқы нұсқаның өзін құрастырган Байтұрсынов емес, Ахмет Баржақсін 10 бөлімге, 61 тақырыпқа болген. Бұларды тәптіштеп дәлелдеуіміз «Мың бір мақалды» Ахмет Байтұрсыновқа қимағандықтан емес, бағы жаңбаған Ахмет Баржақсін еңбегіне қиянат жасалғаны жан ауыртады.

Б.Адамбаев айтқандай «А.Б.» деп жазылғанның бәрін Ахмет Байтұрсынов деп ұғыну түбінде сан соктырады.

Шындығына келгенде Ахмет Баржақсы баласы да асыл мұраны жинаумен жиі шұғылданған. Оған дәлел 1914 жылы «Бірлік» партиясын ұйымдастыру туралы қазақ жастарының 1 жинальсында жиналған жүз шақты өкілдер алдында «Ахмет Баржақсы баласы қазақ әдебиетін жинау жайынан сейледі» деп көрсетеді тарих ғылыминың кандидаты Бабан Елкеев Омскі өлкетану музейінің архивінен алынған материалдарында.

Үшінші дерек, жоғарыда аталған Мәскеуде жарық көрген (1923 жылы 10000 данамен) «Мың бір мақал» кітабы. Осы кітаптың сыртқы мұқабасы мен ішкі бетінде «жинаушы Ахмет Баржақсы баласы» деп қазақ тілінде араб әрпімен айқын, анық жазған.

Н. Төрекұлұлы алғы сөзде Л. Троцкийдің «Тұрмыс мәселесі» деген кітабының 25-28 беттерінен кей жерде дәйектеме келтіріп кететіні рас. Алғы сөзде «Мақал – ер, ел, әдебиет қазынасы, тұрмыс айнасы. Сондықтан «Мың бір мақал» қазақ, қыргыз ерекшеліктерінің ойы есіп, санасы ұлғаюы үшін түсінікті, жатық, тілі таза болуы керек» деп көрсеткен.

Бір таң қаларлық жағдай, осы жалғыз дана кітаптан басқа Орталық мемлекеттік архивте де, Кітап палатасында да. Кітаптар музейінде де, не Ғылым академиясының кітапхана корында да бірде-бір данасы жоқ. Қолда бар осы жалғыз дана кітаптың 16, 58-бет-

терінде басылған мөрдің бетінде «Түрікменстан дәulet кітапханасы» деген сөз латын харпімен, «Туркменская государственная библиотека» деген сөз орыс тілінде жазылған. Сонда бұл кітап Түрікменстанға қалай барды, онан Қазақстанға қалай етті, қандай жасырын себептер бар және ол кітаптың басқа даналары неге сақталмаған, Қазан төңкерісінен кейін жарық көрген кітаптар тізіміне неге енбекен деген сан салалы сұрақтар өз-өзінен туындейді.

Бесінші уәж – накты дерек Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының кітапханасында сақталған 147 беттік «Қазак мақалдары мен мәтеддері» деген №1100 папкадағы «Ахмет Баржақсіннің 1913-1914 жылдары жинаған мақалдары». Бұл құжат екі бөлімді. Оның 1-2-ші бетінде Ахмет Баржақсіннің 1915 жылғы шығарған «Мың бір мақалының» бірінші бетінің көшірмесі деп жазылған. Осы құжатта «Мың бір мақалды» жинаушы Ахмет Баржақсы баласы» деп қазақ тілінде, «Ахмет Баржақсін» деп орыс тілінде корсетілген. «Осы, бұрынғы мақал кітабына мен өзім жинақтағаннан басқа мына жазушылар жинаған қазақ мақалы қосылды: Н.Пантусов, У.Фангарин, Милеранский, Хаханов. Лаптев. Максимов. Бұлардан алынған мақал кітапта жұлдызшамен таңбаланды», - дейді Ахмет Баржақсы баласы өзі алғы сөзінде. Осы құжаттагы көңіл қойып, назар аударлық мәселе – «басқалардан» деген тұжырым. Онда: «Мақалдың қазақшасын қарап, түзеткен Ахмет Байтұрсын баласы һәм Омар Жанұзак баласы һәм кітапты қарап бастырған осы екеуі. Орысшаны түзетіп бастырған мен Галихан Бекейхан» деп арабша харіппен қазақ тіліндегі басылым.

Бұл деректерге қарағанда «Мың бір мақал» алғаш рет 1923 жылы емес, 1915 жылы жарық көрген. Оған тілге тиек етер тағы бір дерек мынау: өйткені, 1923 жылы Мәскеуде жарық көрген «Мың бір мақалдың» мұқабасының бірінде «Елу жылда ел жана, жұз жылда – қазан» (мақал), «Атаның баласы болма, адамның баласы бол» (Абай) деген сөздер жазылса, жоғарыда айтылған «Мың бір мақалдың» бірінші бетінің көшірмесінде: «Орамал тон болмайды, жол болады», «Даренный платок не ценность, а символ», «Шаригат ағып жатқан бұлақ, бұрынғының сөздері жағалай біткен құрапқ», «Шаригат есть бегущий родник, окружающая его зелень есть изреченье старины» деп екі тілде және «1915 жыл» деп араб харпімен қазақша тұжырым жасалады.

Бұндағы «Шаригат» созі Қазан төңкерісіне дейін қолданылmasa, Кенес үкіметі орнаганнан кейін кітап бетінен орын алып, көрнекті түрде жазылуы мүмкін емес, жоғарыдағы «басқармадан» деген тұжырымдамада «іәм кітапты қарап бастырған осы екесуі (Ахмет

Байтұрсын баласы, Омар Жанұзақ баласы) және «корысшаны түзетіп бастырган мен Әлихан Бекейхан» деген сөздер негіzsіз емес деп ойлаймыз. Әлихан жалаң сөзге, бос мактан, жеңіл ойға үйір адам еді деп ешкім де айта алмайды.

Бізше, оның жоғарыдағы өз қолымен жазған сөздері берік байлам, тұжырымды тиянақ. Жоғарыда аталған 1100-ші папкада «1100 казахские пословицы и поговорок» деген құжат көз жаздырмайтын темірқазық. Бұл құжаттағы мақалдар мен мәтелдер орыс тілінде жазылған. Ол 22-бөлімнен (тақырыптан) тұрады. Аударған Ш.Бекмұхамедов. Барлық нөмірленген мақал – 2258. Бірақ «с 1285 по 1524 номер утеряны» деп көрсетілген, оның үстіне VIII-тарау (Құдай, дін жөнінде) жазылмаган. Құжат 145-бетпен аяқталып тұр. Қөптеген нөмірлерде мақалдар жазылмай, тек нөмір қойылған.

Біз бұл жерде Ахмет Баржақсы баласының «Мың бір мақалының» мән-мазмұнына, стиліне талдау жасаудан аулақпыш. Алайда бағы жанбаган А.Баржақсы баласының «Жұлдыз» журналында жарық көрген «Мың бір мақалының» кейбіреулерінің өзі өзгертіліп, теріс мән беріп тұрғанына ренжуге тұра келеді. Мысалы, кітапта «Сом темірге балға бар, ұмысынғанға Алла бар», «Патшаның құлқыны кен, құрығы ұзын», «Ел өтірік айтпайды, ер өтірік айтады» деген мақалдар «Жұлдызда»: «Сом темірге балға бар, самсынғанға (?) Алла бар», «Патшаның қолтығы (?) кен, құрығы ұзын», «Ер өтірік айтпайды, ел (?) өтірік айтады» деп теріс ұғым тудырған. Мұндай кемшиліктер аз емес.

Қолда бар деректерге қарағанда А.Баржақсы баласы тек мақал мәтел жинаумен ғана айналыспаған. Ол әр түрлі тақырыптарға қалам тартқан. Оның әйел мәселесі жөнінде 1917 жылғы 8 қантарда «Сарыарқа» газетінде (№17) «Уш миллион күн» деген мақалалары тарихи деректермен, 1913 жылы шыққан Ф.Павленконың энциклопедиялық сөздігінен алынған дәйектемеге негізделіп, Бельгия, Болгария, Румыния, Сербия, Черногория мемлекеттеріндегі жер көлемі, халық саны, әйелдер өмірімен салыстырып, дәлелденіп, тұжырымдалып жазылған. Ол мақалада қазак қыздары мен әйелдерінің ауыр хали жанашырылқепен, көркем тілмен өрнектелгендейгіне қарағанда Ахмет Баржақсы баласының қаламгерлік қабілетінің молдығы байқалады.

Ахмет Баржақсы баласының Ұлттық мемлекеттік кітапханасы мен Ғылым академиясының кітапхана қорында Мәскеуден орыс тілінде 1927 жылы жарық көрген, әрқайсысы 4000-5000 данамен таралған «Елге шаруа кооперативі мен тұтыну кооперативінің қайсысы қолайлы?» (28 бет) және «Тұтыну дүкенінің ісін қалай

жүргізу керек?» (36 бет) деген кітаптары соған дәлел болып сақталып тұр. Бұлар да зерделі зерттеуді күтіп тұрған еңбектер.

Ахмет Баржақсы баласы қолда бар деректерге қарағанда саясат ісімен де айналысқан. Бірақ басты кемшілік елге оның өмірі, қызметі, әдеби мұралары әлі күнгे белгісіз. Белгілі болғанының тағдыры жоғарыдағыдан жаңсақтық шылауында жүр.

«Жігітті жолдасына қарап таниды» деп қазақ бекер айтпайды. Ахмет Баржақсы баласы кезінде Ә.Бекейханов, А.Байтұрсынов, С.Сейфуллин, Н.Нұрмаков, М.Жұмабаев, т.б. белгілі адамдармен бірге қызмет атқарған болатын. Қолда бар деректерге қарағанда ол С.Сейфуллин, Н.Нұрмаков, М.Жұмабаевтармен бірге «Бірлік» партиясын ұйымдастырған. Ахмет Баржақсы баласын Әлихан Бекейханов казақтың зиялы азаматтары қатарында майданға алынған жігіттерге қызмет етуге Минскідегі комитетке шақырыған.

Тағы бір деректе (17 көкек 1918 жылы) Ақмола облысының казақтары съезіне арнап шақырылған 34 адамның бірі де осы Ахмет Баржақсы баласы. Ол тізімде Садуақас Сейдалин, Әділбек Майкотвтан кейін №6 болып тізімге тіркелген және шақыруыш комиссия: «Бұл мырзаларды ел сайламаса да сайланғандармен правосы бірдей болады» деп олардың беделін көтеріп, абыройын арттырған.

Бұған қосымша «Ана тілі» газетінде (1993 ж.) «Ахмет Баржақсин менің ұстазым», «Мың бір мақал кімдікі?», «Троцкийдің ешқандай қатысы жоқ» деген Әбдуәлі Карагұловтың, Хамза Абдуллинің, Қанжарбек Сәрсенбаевтың мақалалары жарияланды.

Быттай қарағанда Ахмет Баржақсы баласы жөнінде бірсыныра деректер бар секілді. Бірақ, жетіспей тұрғандары аз емес.

Біріншіден, Ахмет Баржақсы баласының қай жылы туған, атқарған қызметі (Омбыдағы жұмысшылар факультетінен басқа), саяси партияларға, одактар мен ұйымдарға қатысы, саяси көзқарасы жөнінде нақты деректер айттылмайды.

Екіншіден, Хамза Абдуллин «Ахмет Баржақсы 2-3 айда бір пьеса жазатын. Ол пьесаларын өзіміздің клубтарда қойып отыратынбыз» дейді. Бірақ сол пьесалардың аттары, мазмұны қандай еді? Ол пьесалар жарық көрді ме? Ел ішінде сол кездегі шәкірттеріне, замандастарына жазып берген кітаптары, пьесалары немесе қолжазбаларынан сақталғандары бар ма деген сұраптарға жауап жок.

Өкініштісі, кезінде баспадан бірнеше кітаптары жарық көрсе де (жарияланбағандарының қанша екенін кім біледі) «Алаш», «Бірлік», «Үш жүз» партияларының басшылары оны кезек-кезек өздеріне қызметке шақырса да, оның есімі, еңбегі, көзқарасы елге беймәлім. Біздің шамалауымызша, Ахмет Баржақсы баласы әдебиетке де,

саясатқа да қызу араласқан, ат салысқан азamat. Мағжанның досы болу екінің бірінің маңдайына жазыла бермесе керек еді. Сондықтан да 1935 жылы жендеттер оны ең басты нысанага алып, қымет құрбаны еткені тегін емес.

Қалай десек те ел іші – алтын бесік. Бағы жанбаған Ахмет Баржақсы баласы кім? Оны білетіндердің әрбір дерегі, тапсыратын құжаты, айтатын хабары Ахмет Баржақсы баласына орнатар ескерткішінің бір-бір кірпіші болатынына дау жоқ. Көзайым хабардың бәрі сіздерден болсын!

«Егемен Қазақстан» газеті
10 қыркүйек 1996 жс.

Баржақсин Ахмет (1894, Ақмола обл. Атбасар у. Жезді болысы – 1935, Омбы) – қоғам қайраткері, ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы, аудармашы.

Атбасар қаласындағы 2-сыныпты орыс-қазақ мектебін, мұғалімдер семинариясын (Омбы, 1918), Омбы ауыл шаруашылық институтын (1922), Мәскеу әдебиет институтын бітірген (1926).

«Бірлік» мәдени-ағарту үйімін құруға атсалысқан.

1920 ж. Ақмола уездік ревкомы қазақ бөлімінің, 1921 ж. Ақмола губ.атқару комитетінің, губерниялық ауыл шаруашылық кооперация одағының басқарма мүшесі, 1923-1924 ж-ры Қазак тұтынушылар одағының төрагасы, 1925 ж. ОАК жанындағы Ұлт бюросының нұсқаушысы, Орталық тұтынушылар қоғамы одағының («Центрсоюз») Берлиндегі өкілі, 1928 ж. Ақтөбе облыстық ауыл шаруашылық банкінің менгерушісі болды.

1928 ж. желтоқсанда большевиктер партиясы қатарынан өз еркімен шықты.

1929 ж. сәуірде «партия беделін төкті», «троцкийшіл» деген айыппен Батыс Сібірге жер аударылды.

1933 ж. жазасын өтеп келіп, Омбы ауыл шаруашылық институтында оқытушы болып орналасты.

1934 ж. 15 наурызда ОГПУ «үштігі» РКФСР Қылмыс заңының 58-бабының 10, 11-тармағына сәйкес Баржақсінді 2 рет Батыс Сібірге 5 жылға жер аударды.

1935 ж. ОГПУ «үштігінің» үкімімен атылды.

Әлеуметтік төңкерістер заманында өмір сурген Баржақсин өзінің қысқа ғұмырында артына мол әдеби, ғылыми мұра қалдырды. Ол 1913-1914 ж-ры қазақтың 1710 мақал-мәтелін жинап, соны ірікте 1915 ж. тұнғыш рет «Мың бір мақал» кітабын қазақ, орыс тілдерінде шығарды. Оқу-агарту мәселесі, әйел тенденсі жайлар мақалалары мен әңгімелері «Қазак», «Алаш», «Сарыарқа», «Үш жүз» газеттерінде, «Айқап» журналында басылды.

Л.Н.Толстойдың әңгімелерін аударып, «Айқап» журналында, «Ертерек білсең жасырма» атты мақаласы Орыс географиялық қоғамының «Жазбаларында» жарияланды (1916 ж., 28 т.).

1927 ж. «Елге шаруа кооперативі мен тұтыну кооперативінің қайсысы қолайлары?», «Тұтыну дүкенінің ісін қалай жүргізу керек?» деген кітапшалары жарық көрді.

1937 ж. Баспахана мен әдебиет жөніндегі Бас басқарма «Мың бір мақал» деген кітабын халыққа зиянды кітаптар қатарына қосып, пайдаланудан шығарды. Баржақсин мұралары әлі толық зерттелмеген.

«Қазақстан» ұлттық энциклопедиясы
2 т., 150 б., 1999 ж.

«Исатай батыр» драмасын кім жазған?

Іздей берсе Қазақстанның кең даласынан Исатай мен Махамбет туралы әлі де тың деректер табылатынына күмән жоқ. Мәселен, жақында біз Махамбеттің ЮНЕСКО тарапынан тойланғалы отырған 200 жылдығы мерекесінің қарсаңында «Исатай батыр» деген үш перделі драма туралы Қазақ ағарту халық комиссариатының Ғылым және ғылыми-методикалық кеңесінің 1927 жылды 18 қыркүйектегі №38 санды хаттамасын таптық. Хаттама бұрын-сонды жүртшылық-ка таныс болмагандықтан оны қаз-калпында көрсетуді жөн көрді:

«...Тындалды: Қажым Басымовтың «Исатай батыр» пьесасы туралы¹¹.

Қаулы етті: Қажым Басымовтың Қызылорда қаласында 1926 жылды бәйгеге түскен және бәйгенің қазылар алқасы айтқан ұсы-

¹¹ Кім баяндаганы корсетілмеген – З.И.

ныстарына байланысты қайта жөндеген, бәйгенің үшінші жүлдесіне лайықты деп танылған «Исатай батыр» пьесасын басу үшін және Басымов жолдасқа төлеу үшін Қазақ Орталық атқару комитетіне жіберілсін».

(ҚРОММ 81 қор, I тізімдеме, 1314 іс, 22 б.)

Бұл кеңеске М.Жолдыбаев, Т.Шонанов, С.Мұқанов, Корнеев, Махониндер қатысқан. М.Жолдыбаев тәрағалық еткен қаулыға қол қойған.

Міне, бұл құнды құжат Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағатында ұзақ уақыттан бері бірде-бір зерттеушінің назарына ілікпеген. Құжаттың құндылығын арттыратын тагы бір жағы 1938 жылға дейін Исатай мен Махамбет туралы «І.Жансүгіровтің «Исатай», М.Ақынжановтың «Исатай-Махамбет» пьесаларынан басқа пьеса жазылған жоқ» дейтін зерттеушілердің пікірін жоққа шығаруы.

Осыдан кейін қазақ әдебиеті тарихында өзі де, пьесасы да белгісіз, зерттеушілерден қалтарыс қалған Қажым Басымов деген кім? «Исатай батыр» драмасын жазуға оны қандай жағдай итермеледі деген сауалдың соңына түстік.

Бұл сауалдың шешілүіне жазушы Бейбіт Қойшыбаевтың «Ұлт театры шаңырағын көтеруші» деген бүгінгі М.Әуезов атындағы Қазақ академиялық театрының тұңғыш директоры, «Алаш» ісі бойынша 1930 жылы Мәскеуде Жүсіпбек Аймауытов, Әбдірахман Байділдин және Ахмет Сафа Юсуповтармен бірге 21 сәуірде 30 жасында атылған Дінше (Дінмұхамед) Әділов туралы жазған кітабы төте жол сілтеді. Кітап деректері бізге «Еңбекші қазақ» газетінің 1926 жылғы наурыз-сәуір айларындағы сандарын ақтаруға бағыт берді. Сөйтіп, тек «Исатай батыр» драмасы ғана емес, басқа да пьесалардың жазылу себептеріне көзіміз жетті.

Қыскартып айтқанда, 1926 жылты театр сахналарына койылған барлық пьесалардың өмірге келуіне бір ғана жағдай әсер еткен. Ол Азамат соғысының зардабынан, НЭП-тің (жана экономикалық саясаты) әпербакан аласапыранынан, 1922-1923 жылдардың сұрапыл аштығынан есін жинаған қазақ елі ана тілінде театр құрылуын, онда қазақ тілінде жазылған пьесалардың қойылуын аңсағаннан тұған халықтың бұл әділ тілегін сол кездегі Ағарту халық комиссары Смағұл Сәдуақасов күп алғанда, қазақ тілінде жазылатын жақсы пьесаларға бәйге жариялаган екен. Бұл хабар қаламының желі, тілінің ебі бар, ойы жүйрек қаламгерлерді дүр сілкіндірген. Олардың шығармашылық таланттының козін ашып серпіліс берген. Жазушылар арасында пьеса жазу еткек алған.

1926 жылғы сәуір айының ортасына дейін бәйгеге 18 пьеса түсіп, театр сахнасына қойылған. Қойылатын пьесаның қайсысы қай күні, қай сағатта театр сахнасына шығатыны «Еңбекші қазак» газетінің бетінде күні бұрын жарияланып тұрған («Еңбекші қазак», №72). Мәселен, 3 сәуірде Мемлекеттік білім ұлт театрында үш перделі «Исатай батыр» тарихи драмасы, 4 сәуірде бес перделі «Шернияз», 11 сәуірде бүретті үш перделі «Қарнакөз», 22 сәуірде қарақалпак тұрмысынан жазылған төрт перделі «Пірнияз» драмасы, 25 сәуірде Бейімбеттің «Ел мектебі мен шашары» сахнада ойнаптыны хабарланған. Осы хабарландыруларда назар аудараптық екі мәселе тұр.

Оның біріншісі – жарияланған бәйгеге қатысуышылардың көп болғандығы. Сондыктан бәйге комиссиясы сол жылғы 15 сәуірден бастап бәйгеге түскен пьесаларды қабылдамаута шешім жасаған. Олай дейтініміз комиссия төрағасы Смағұл Сәдуақасовтың 11 сәуір 1926 жылы «Еңбекші қазак» газетінің №77 санында «Бәйгеге 18 пьеса түсті. Енді 15 сәуірден кейін түскен пьесаларды комиссия қарамайды» деген хабары жарияланған.

Екіншісі, бәйгеге түскен пьесалар алдын ала оқылып, сыннан, талқылаудан өткізілмей бірден сахнага қойылып болысымен, көрермендер мен сыншылар талқысына салынатындығы. Комиссия көрермендердің пьеса жөніндегі әсерін, пікірін, пьесаның артық, кем тұсын, әртістердің шеберлігі туралы ауызша айтЫп, жазбаша сұраулар берілуін ұйымдастырыған және бәйге комиссиясы тарапынан жеті-тоғыз кісіден әр пьесаға сыншылар тобын құрған. Мәселен, «Исатай батыр» тарихи драмасына сыншы болып Смағұл Сәдуақасұлы, Бейімбет Майлұұлы, Ораз Жандосұлы, Молдагали Жолдыбайұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Насанов (есімі көрсетілмеген, үйғыр жазушысы Хасанов болуы мүмкін – З.И.), Жұсіпбек Аймауытұлы, ал «Пернияз» төрт перделі драмасына Қалыбек, Шәкітай, Әзиза, Сайфолла, Мәжит, Елубай, Мұқажан. Құсайын, Рахым қатысқандығы газетте көрсетілген.

Бұл «темірді қызыған кезде сок» деген сол уақыттың талабы, әрі істі көппен ақылдаса отырып тезірек жетілдірудің тәсілі болғандығы сөзсіз.

Осыдан кейін сол кезде бәйгеге қатысан 18 пьесаның авторларының келешек тағдыры қалай болды, олардың әдебиет тарихы-мызға қайсысы енді деген сауал да ойга оралады. Бізше, бұл келелі бір әнгіме. әлі де зерттеуді, зерделеуді қажет етеді, ең бастысы зерттеушілер мен театр мамандарының үлесіндегі іс деуді жонкордік.

Енді әңгімемізге арқау еткен, өзі де, пьесасы да күні бүгінге дейін беймәлім болып келген пьесаның авторы – Қажым Басымов кім? деген сауалға жауап беріп көрейік. Қазақ зиялышарының арасында үш Басымов бар екені бізге белгілі. Оның екеуі Орынбор облысының, ал үшіншісі Батыс Қазақстан облысының қазағы. Олардың мекен-жайын, қызметтерін, білімін салыстыра келіп «Исатай батыр» драмасының авторы Қажым Басымовқа тоқтағанды жөн санадык.

Оған итермелеген жағдайдың біріншісі – Қажым Басымов Исатай мен Махамбет тұған өнірден. Жас шамасы Исатайдан 31 жыл, ал Махамбеттен 23 жыл кейін өмірге келген. Бұл қос батырдың ерлігін өз көздерімен көрген, Махамбеттің жырларын құлағымен өз аузынан естіген құйма құлак карттардың мол кезі. Эрі Исатай-Махамбет бастиған көтерілістің қызуы басылмаған шағы.

Сондықтан Қажым Исатай мен Махамбеттің отарлық езгіге, хандық қанауга қарсы құресінің Махамбеттің өршіл жырларының, тарихының кәусар бұлағынан жас шағынан мейірін қандырған абзал азамат болғандыктан, бәйгенің жарияланған қысқа мерзіміне бұрыннан ойға ұялаған, санаға сіңген оқиғаларды пьесага айналдырған деп ұқтық. Асығыс жазылғанмен бәйгеге түскен 18 пьесаның «Исатай батырдан» басқа бірде біреуі жүлдеге ие болмағандығы осының айғағы.

Екіншіден, даусыз шындық мынау: Қажым Басымов мол білімді, казақ тілінің тұңғыш профессоры дәрежесіне ие болған. Қазақ тілі құралын жарыққа шыгарған. Қазақ тілінің емлесі жөнінде «Латын әрпіне негізделген жаңа емлеміздің құрылышы», «Қазақ тіліндегі түрлі сөздердің жазылуы», «Жаңа әріппен жаңа емле және қазақ дыбысының жіктелу сырлары», «Қазақ грамматикасы қалай құрылу керек?», «Қазақ тілін өркендедүдегі ұнді-европашылдыққа қарсы», «Тұрлаулы сөздердің жазылуы», т.б. мақала мен ғылыми еңбектердің авторы.

Үшіншіден, Қажым жазумен ерте айналысқан. Қаламы төсөлген. «Тілші» газетіне, басқа да басылымдарға өлең, жұмбақ, ертегі, әңгімелер жариялаған.

Бірақ тағдыр оған білім, атак-дәреже, шығармашылық жағынан сыйын аямаганмен өмірін қамшы сабындағы қысқа бергендігі өкінішті. Ақыл парасаты толысқан, қаламымен халқына мол мұра, казыналарын үйіп-төгіп қалдырап кемел шағында, 43 жасында жарық дүниеден өткен.

Жоғарыдағы деректерге қарағанда Қажым Басымовтың қазақ әдебиеті тарихында, есірессе Исатайдың бұған дейінгі откен 100, 150, 200 жылдық мерей тойларын атап оту кезінде зерттеушілер

мен Жазушылар одағы тарапынан ескерусіз, елеусіз қалуға тиіс емес сиякты еді. Алайда, Қажым Басымов деген жазушы, ғалым өмірде болмағандай, есімі еш жерде аталмайды.

Жә, Басымовтың мұрасы, өмірбаяны олардың қолына түспей-ақ қойсын, мұрағат құжаттары көзге шалынбасын-ақ дейік, ал «Еңбекші қазак» газетінің бетінде бірнеше ай бойы жарияланған бәйге туралы материалдардың назарға ілікпеуі, әрі кезінде жүлде алған «Исатай батыр» драмасының 1926 жылдан бері сахнада қойылмауы бір жұмбак сырдың ұштығын көрсетіп тұргандай ма, қалай, әйтеді ақылға сия бермейді. Сондықтанда Қажымның өзі де, оның «Исатай батыр» драмасы да ізсіз, атаусыз кетіп барады. Оның үстіне Қажымның өзі де, оның «Исатай батыр» драмасын мұрағаттардан кездестіре алмадық. Оның себептері де бимағлұм.

Қажымның «Исатай батыр» драмасын іздестіріп, ғылыми айналымға түсіріп, қазақ әдебиеті тарихына қосу ләзім. Өйткені, қолымызда «Исатай батыр» драмасы болмаса да бұл туындының отанына, еліне, туған жеріне жастардың сана сезімін оятар, патриоттығын өсірер шығарма екені даусыз. Олай дейтініміз, пьесаны сынауга құрылған комиссия мүшелері де, оны үшінші жүлделі сыйлыққа ұсынушылар да халқымыздың болашағына жаны ашитын, салиқалы кісілігі мол азаматтар. Олар жеңіл-желпі шешім жасады деп ойлаудың кисыны жоқ. Пьесаның танымдық, тәрбиелік қасиеттеріне, оқиғаның анық шындығына көздері жеткен соңғана ұсынған болуы керек.

Екіншіден, «Исатай батыр» пьесасы І.Жансүгіровтің «Исатай», М.Ақынжановтың «Исатай-Махамбет» пьесаларының тілі, стилі, оқиғалары мен кейіпкерлерімен салыстыру үшін де қажет. Өйткені, І.Жансүгіров, М.Ақынжанов қос батырдың тұлғаларын тек жазба деректер бойынша сомдады. Кейіпкерлерін өз аттарымен енгізді. Ал Қажым сол өңірде туып, қан майданда Исатай мен Махамбетпен бірге жүргендерден, оқиғаларды нақты білген әрі құжаттарға енбеген кейіпкердерді енгізуі мүмкін. Және пьесаны қыры мен сырын жетілдіру максатында батыс өңірдің сол кездегі тіл байлығын, бояуын кетірмей, кеңінен пайдаланған болар деп ойлаймыз.

Бір сөзбен айтқанда, Қажым Басымовтың өмірін, «Исатай батыр» драмасын және басқа да шығармаларын іздестіру, табу ұрпақ алдындағы біздің борышымыз...

«Ана тілі» газеті
28 тамыз 2003 ж.

«Исатай батыр» драмасының авторы

*Профессор Қажым Басымовтың мұраларын іздестіру,
оны ғылыми айналымга түсіру үрпақ алдындағы
біздің нарызымыз*

Бізге белгісіз себептермен оның қазақ әдебиетінің, мәдениетінің, тілінің тарихынан 1939 жылдан бері бір дерегі жоқ, із-түзсіз жоғалған. Әділдігін айтқанда, шықкан тегінен де, атақ дәрежесінен де, жазушы ретінде де атаусыз кетіп, елеусіз қалатын кісі емес.

Бірақ тағдырға шара бар ма? Әңгімені алдымен тегінен бастасақ, Қажымның атасы Басым сауатты адам болған. Оның есімін Бөкей училищесінің инспекторы А.Воскресенскийдің 1898 жылы өзі әзірлеген «Бөкей қазақтарындағы мектептер» деген карта бетіне жазылған: «Саралжын медресесінің молдасы Басым» деген сөзден кездестіреміз. А.Воскресенскийдің бұл көрсеткен Саралжыны Қажымның туған жері әрі оқыған мектебі, ал молдасы Басым – Қажымның атасы екені айдан анық (КРОММ 68 қор, I тізімдеме, 39 іс. 1 б.). Соған қарғанда, Қажымның әкесі Аманғали да сауатты адам болған. Өйткені, медресе молдасы өз баласы Аманғалиды оқытпауды мүмкін емес.

Бұл отбасының сауаттылығын толықтыратын тағы бір дерек – Қажымның туған ағасы «...Халиолла Воронеж ауыл шаруашылығы институтының түлегі болған» (М.Тәжімұратов «Шәңгерей», 2002 ж., «Өлке», 220 б.).

Міне, есіп-өнген ортасына қарғанда, жоғалуға тиісті емес дейтініміздің бір дәлелі осы. Ал өміріне, атқарған қызметіне келсек дәлеліміз, дерегіміз мұнан ғері қомакты.

Қажым Аманғалиұлы Басымов 1896 жылы Батыс Қазақстан облысы Саралжын мекенінде (кей деректе Орынбор облысы Бөрте ауданы) өмірге келген. Ауыл мектебінде оқыған. Уфадағы «Фалия» медресесіндегі, кейін Орынборда білім алған.

1913-1918 жылдары Саралжында, Орынбор, Торғай, Орал облыстарында, Ташкент қаласының мектептерінде мұғалім, 1921-1930 жылдары Қапал педучилищесінде, Қостанай халық ағарту институтында, Ақтөбе ауыл шаруашылық мектебінде оқытушылық қызметтерін атқарған. Қазақ кеңес педагогтарының алғашкы көрнекті өкілдерінің бірі.



К. Басымов

«Бір жылдық тіл құралы» оқулығының «Латын әрпіне негізделген жана емлеміздің құрылышы», «Қазақ тіліндегі түрлі сөздердің жазылуы», «Жаңа әріппен жана емле және қазақ дыбысының жіктелу сырлары», т.б. мақалалар мен «Қазақ грамматикасы қалай құрылу керек?», «Қазақ тілін өркендетудегі үнді-европашылдыққа қарсы», «Тұрлаулы сөздердің жазылуы», т.б. ғылыми педагогикалық, методикалық 50-дей зерттеу еңбектердің авторы. Осындай күрделі педагогикалық ғылыми-зерттеу еңбектеріне байланысты кезінде доцент, кейін профессор атағы берілген. Ғылыми еңбектері мойындалған, жүртшылықта танылған. 1937-1938 жылдары Қазақ КСР Халық ағарту комиссариатында еңбек еткен. Қазакстанның бірқатар орта, жоғары оқу орындарын ашуға белсене қатысқан. Қазақ тілінің тұңғыш профессоры (БҚО энциклопедиясы, 177 б., Қазақ кеңес энциклопедиясы 193 б.).

Міне, қазақ тілі саласындағы ғылыми еңбектерге, жинақтарға ғалым, маман ретінде Қажым Аманғалиұлының енуіне тосқауыл болатындағы ешбір кінәрат жоқ. Тіл білімі саласында есімі атаусыз кетіп, жоғалатындағы себеп-салдар көрінбейді.

Қазақ әдебиеті саласында жазушы-драматург ретінде тануға да деректер бар. Мәселен, Қажым Басымов «Садақ» журналы мен «Тілші» газетіне «Саралжын», «Алаша» деген бүркеншік есімдерімен өлең, жұмбак, ертегі, әңгімелер жариялад тұрган (БҚО энциклопедиясы, Қазақ кеңес энциклопедиясы, М.Тәжімұратов «Шәңгерей»).

Бұл деректерді онан әрі біз тапқан Қажым Басымовтың 1923 жылы жазған «Өнегелі батыр», «Айалы конактар», 1926 жылы жазған «Исатай батыр» пьесалары толықтырады. Бұл туындылар, әсіреле, «Исатай батыр» пьесасы қазақ әдебиеті мен театр тарихтағына аса қажетті құнды еңбек. Мұның құндылығы сонда, «Исатай батыр» драмасы 1926 жылы сол кездегі Қазақ Халық ағарту халқомы Смағұл Садуақасұлының тікелей ұйымдастыруымен бәйгеге түскен, Қызылорда қаласында сахнага қойылған 18 пьесаның ішінде үшінші жүлдеге ие болған (бірінші және екінші жүлде ешкімге берілмеген) жалғыз пьеса болуында.

Екіншіден, бұл пьесаның артық, кем тұстарын талқыладап, сараптауға, әртістердің шеберлігін бағалауға жеті кісіден құрылған комиссия, төрағасы Смағұл Садуақасұлының өзі болса, комиссия мүшелері – Бейімбет Майлұұлы, Ораз Жандосұлы, Молдагали Жолдыбайұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Жүсілбек Аймауытұлы және Насановтардың қатысуы тарихи жағынан да бағалы екендігінде («Еңбекші қазақ», 1926 ж., 3 сәуір, №72).

Осы жерде «Бір жоқ, бір жоқты табады» дегендей, Қажым Аманғалиұлының «Исатай батыр» драмасының құндылығын артыратын біз тапқан тағы бір деректі айта кеткен жөн. Ол – Қазак Халық агарту комиссариатының Ғылым және ғылыми-методикалық кеңесінің 1927 жылғы 18 қыркүйектегі №38 хаттамасы.

Сонда: «Қажым Басымовтың Қызылорда қаласында 1926 жылы бәйгеге түскен және бәйгенің казылар алқасы айтқан ұсыныстарына байланысты қайта жөндеген, бәйгенің үшінші жүлдесіне лайықты деп танылған «Исатай батыр» пьесасын басу үшін және Басымов жолдасқа аталған жүлделі сыйлықты төлеу үшін Қазак Орталық атқару комитетіне жіберілсін» деп көрсетілген. Бұл кеңеске М.Жолдыбайұлы, Т.Шонанұлы, С.Мұқанұлы, Корнеев, Махониндер қатысқан. Хаттамаға М.Жолдыбайұлы қол қойған (ҚРОММ 81 қор, 1 тізімдеме, 1314 іс, 22 б.).

Бұл да тарих үшін қажетті дерек. Өйткені, 1938 жылға дейін Исадай мен Махамбет бастаған көтеріліске байланысты И.Жансүгіровтың «Исадай», М.Ақынжановтың «Исадай-Махамбет» пьесаларынан басқа дүние жазылмаған деген зерттеушілер тараптынан кеткен олқылықты түзеді.

Екіншіден, қазақ театрының сахнасы М.Әуезовтің «Қарагөз» пьесасымен ашылды» деген пікірдің үшқары екендігін дәлелдейді. Олай дейтініміз, «Енбекші қазақ» газетінің 1926 жылғы №72 санындағы хабарға қарағанда. Қажым Аманғалиұлының «Исадай батыр» драмасы «Қарагөзден» бұрын, яғни 1926 жылы 3 сәуірде, ал «Қарагөз» 11 сәуірде койылған. Олай болса, бұл екі дерек те театр мен әдебиет тарихында назар аудараптың дерек емес пе?

Ал, Ұлттық кітапхананың сирек кітаптар мен қолжазбалар корындағы Қажым Аманғалиұлының жогарыда біз айтқан «Өнегелі батырлар», «Айлалы қонактар» пьесалары кеңестік саясат салдарынан қазақ халқының басына түскен тауқыметті, зобаланды көрсеткен. Ауылды кеңестендірудің аласапыранын. Үлт тілін және салт-санасын жою әдістерін суреттеген.

Міне, қолда бар деректерде (табылмағаны қаншама?) Қажым Аманғалиұлын қазақ әдебиеті тарихында жазушы ретінде танытуға жеткілікті. Өкініштің сол, «Өнегелі балалар» мен «Айлалы қонактар» пьесасынан басқа Қажым Аманғалиұлының тіл білімі саласындағы ғылыми-зерттеу енбектері, әдеби мұралары («Исадай батыр» драмасы да), ғылыми бағыттагы мақалалары да М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты мен А.Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институтының кітапханаларында. Ұлттық орталық кітапхана корларында. Орталық мұрағатта кездестеді.

Ол ол ма, 1939 жылдан бері қазақ тілі мен әдебиеті тарихын бақайшығына дейін шакқан, бірнеше том ғылыми жинақтар шығарған зерттеушілер тарапынан ғалым Қажым Аманғалиұлының еңбектері зерттелмеген. Оған лайықты баға берілмеген. Тіпті бұл саладағы институттың зерттеушілері мен мамандары шығармаларын білмек түгелі, ондай ғалымның Қазақстанда болып, өмір сүргенінен хабарсыз болуына таңдандық. Бұл – қазақ тілі мен қазақ әдебиеті саласында елеулі еңбегі бар ғалымның ізсіз жоғалуы емес пе? Олай демеске лаж жок. Бірак бұл жағдайға реніш білдіру, ғалымдар мен зерттеушілерге кінә артуға да болмас. Оның әр түрлі себептері болуы мүмкін. Бізше ол себептер мынадай:

Біріншіден. Қажым Аманғалиұлы саяси-құғынның құйынына ұшырап, соның құрбаны болуы ықтимал. Олай дейтініміз жоғарыда айтқан «Өнегелі балалар» пьесасында Жарқынай деген дуалы ауыз кемпірдің аузына: «...Қолда бар малды балшабайлар (большевиктер дегені) алып жатыр... Балшабайлар садақа беруге қарсы... Заман бұзылды ғой... Ондап садақасын бере алмаған соң дүниеде тұрдың не, тұрмадың не? ...Садағаң кетейін, бұрынғы окуға не жетеді десенші... Бұғінде орысша үретеді, дейді ғой... Балаң осы күнде жақсы болғанымен есе бара орыстың құлқына еліктеп кетпей ме деп қорқам... Ана Жантемірдің песр (*тикарь дегені*) баласын көремісін? Осы күнде намаз жок, ораза жок, басында ұзын шашы, аузында шылымы, Құдайдан безіп жүргенін. Тек бара-бара сондай болып кете ме деп қорқамын...» деген сөздерді салған («Өнегелі балалар» 5-7 б.). Бұл қыска үзіндіден Қажым Аманғалиұлы 1923 жылдың өзінде-ақ коммунистік саясаттың түп мақсатын сезіп, оны көкірек көзімен көре білгенін көрсетеді. Кезінде І.Жансүгіровтің, М.Жұмабаевтың, А.Байтұрсыновтың, М.Дулатовтың, Б.Майлииннің, т.б. шығармаларындағы кенестік идеологияны әшкерелеген мұндай сөздер олардың басын жұтқаны тарих куә. Соның бірі Қажым болуы да мүмкін.

Бұған қосымша жоғарыда айтылған А.Воскресенский картасында «Молда Басым» деп көрсетілген дерек жазалаушы органның, не коммунистік саясаткерлердің назарына ілігіп, молданың тұқымы ретінде қудаланып, жазага тартылуы да ғажап емес. Өйткені, кенестік кезенде діни қозқарастың тамырына балта шабылды. Оның тұқымын құртудың бар әрекетін жасады.

Сондықтан бұл екі жағдайға байланысты зерттеу институттары да, ғалымдар да, зерттеушілер де Қажымның өзінен де, шығармаларынан да, еңбектерінен де бөзді. Болесінен аустақ деп қорқып жүргендеге естен шыкты, ұмытылды.

Осыдан барып Қажымның «Исатай батыр» драмасы 1926 жылдан бері ешбір жерде қойылмады. Тіпті Қазақстан әдебиеті мен өнерінің Мәскеуде өтетін онкүндігіне апаратын дайын пьеса болмай сол кезде жазушылар мен композиторлардың, үкімет басшыларының қаншалыкты әбігерге түскенін тарихтан білеміз. Сол қысылтаяңда да «Исатай батыр» драмасы ұлт-азаттық тақырыпқа жазылғанына да, жүлде алғандығына да қарамастан, ауызға алынбады.

Бізше бұл жерде беріш боп катқан, әлі қүнге ашылмай келе жатқан құпия сыр бар сияқты. Оның түп төркіні жоғарыда айтқан әңгімеге саяды.

Екіншіден, Қажым шын мәнінде құғын-сүргінге ұшыраған адам болса (бұл жөнінде шығарылған жинақтарда есімі кездеспеді) оның еңбектері тиісті органның қолына түсті де олар өртеп жіберді, не өз мұрагатына өткізді. Абырой болып, ол еңбектер органның мұрагаттарында сакталып қалса, үлкен қазына табылған болар еді. Ол ғылыми айналысқа түсіп, ғылыми-зерттеулер жасауға септігін тигізер еді.

Үшіншіден, Қажым Аманғалиұлының келмеске кеткендігін, көзі жойылғандығын білген біреу оның барлық еңбектерін, қолжазбаларын «иемденіп» кетуі де мүмкін. Мұндай жағдай Шәкәрім қажының тарихынан белгілі. Дәл осындаи болғанда әлгіндей әрекет екінің бірінің қолынан келмейді. Ол тек билік тұтқасын ұстаған, жалғанды жалпағынан басқанның ғана қолынан келетіндігі белгілі.

Төртіншіден, Қажым құғын-сүргіннің өртіне шарпыла қалса, оның отбасы ғана емес, тұган-туыстары да аман қалған жок. Жазаланды, кудаланды, жер аударылды. Осындаи «байтал түгіл, бас қайғы» шакта Қажым еңбектері, қолжазбалары жоғалды. Мұндай ойға итермелейтін екі нәрсе, Қажымның қайтыс болған жері бір құжатта Мәскеуде, екінші бір деректе Алматыда деп көрсетілген болса, еліміз егемендік алғаннан бері Қажым туралы хабардың болмауы, елеусіз, атаусыз қалуы.

Қажым Басымов туралы оймызызды түгендей келгенде айтаратымыз: қалай болғанда да ол іздеуге тұрарлық, әдебиетіміздің, мәдениетіміздің, тіліміздің тарихында елеулі орын алатын еңбегі бар тұлға демекпіз. Ендеше, өмірін, еңбектерін, мұрагатын, қолжазбаларын іздестіру, табу, жариялау. ғылыми айналымға түсіру келер үрпақ алдындағы біздің парызымыз.

«Егемен Қазақстан» газеті
31 желтоқсан 2003 ж.

«Алматы деп аталуы орынды әрі ережеге сәйкес...»

«Ана тілі» ұлт газетінің осы жылғы 44, 46-сандарында жарияланған академик Әбдуәли Қайдардың «Алма-Ата емес, Алматы» және тарих ғылымының докторы, профессор Уахит Шәленовтің «Алматы қаласының атын өзгертуге негіз жоқ» деген мақалаларын оқығанда халқымыздың «шортанның өзі өлсе де, тісі өлмейді» деген мақалы ойға оралды. Екі ғалым орынсыз әрекеттерге тарихи деректермен тойтарыс берген. Олардың ой-пікірлерін біз де толық қуаттаймыз. Қос ғалымның жоғарыда аталған мақалаларындағы дәйектемелерін толықтыратын бір тарихи құжат Республикалық Орталық мемлекеттік мұрағаттан шықты.

Бұл тарихи құжатқа жүгінсек, Алма-Ата атауын өзгерту мәселесі тек бүгін гана көтерілмеген еken. Отарлаушылар бұрмалап қойған Алма-Ата қаласы мен Алма-Ата уезінің атауын Алматы деп өзгерту туралы ең алғаш мәселе көтерген Жетісу губернелік атқару комитетінің сол кездегі төрағасы Элиаскар Әлібеков. Ол қала мен уез атауын өзгерту жөніндегі ой-пікіріне академик Бартольдтің енбектерін және тарихи анықтамаларды арқау еткен.

Бұл жөніндегі ұсынысы мен дәйектемелерін Қазақстан Орталық атқару комитетіне тапсырған. Қаз ОАК 1927 жылы 19 желтоқсанда «Алма-Ата қаласының атауын Алматы деп өзгерту туралы» мәселені президиумда қарап, Ә.Әлібековтің ұсынысына қорытынды пікір айту үшін бар материалдарды Қазак Халық ағарту комиссариатының Ғылым және ғылыми-әдістемелік кеңесіне жолдаған. Ғылыми-әдістемелік кеңес корытынды пікір айтуды А.Байтұрсынов пен Т.Шонановқа жүктеген. Олар Ә.Әлібековтің ұсынысы дұрыс, оған қосымша Алматы атауын тіл білімі саласында талдан, өздерінің қорытындысын ұсынған. Бұл ұсыныс Ғылым және ғылыми-әдістемелік кеңесінде талқыланып, Халық ағарту комиссариатының 1927 жылғы 29 желтоқсанда өткен Алқа мәжілісінде бекітілген. Онда Байтұрсынов пен Шонановтың қорытынды пікірлері дұрыс, қаулы қабылдау орынды деп көрсетілген (КРОММ 81 қор, 1 тізімдеме, 313 іc, 32, 35 п., №30 хаттама).

Сондыктan, Алматы атауы айналасындағы дауды котерушілерді онан әрі есіртпей есін жинату, таубасына келтіретін құжат ретінде



Ә. Әлібеков

Байтұрсынов пен Шонановтың қорытындысын жүртшылыққа ұсынуды жөн көрдім.

**Алма-Ата қаласының және Алма-Ата уезінің атын
Алматы деп өзгерту туралы Жетісу губернелік
атқару комитетінің қорытындысы туралы**

Алматы қаласы мен Алматы уезінің атын өзгерту жөніндегі Жетісу губернелік атқару комитетінің төрағасы Ә.Әлібековтің түсіндірме хатына тіркелген барлық дәйектемелері мен ұғымы назарға алуға тұрарлық. Оның аса беделді түрколог ғалымдарының бірі академик Бартольдтің пікіріне жасаған сілтемесі және басқа тарихи, тұрмыстық анықтамаларға сүйенуі негізді.

Жетісу губернелік атқару комитетінің бұл пікіріне қосымша мыналарды қосқан жөн:

Зат есімнің соңына қазіргі қолданып жүрген -лы, -лі орнына қатаң -ты, -ті-ні койса түркі тілдеріне, оның ішінде қазақ тіліне тән сын есім пайда болады.

Сонымен бірге, «ты» үлгісіндегі сөзжасам тәсілі басқа формаларға қарағанда қазақ тілінің ең көнесі боялып табылады.

«Ты» жалғауы, ең бастысы судың, есімдіктің, жануарлардың және басқа тұтыну заттарының молшылығын немесе бір нәрсенің көп екендігін көрсетеді. Сондықтан «ты» ежелгі мекендердің атауларында жиі кездеседі. Оның бірден-бір мысалын мекендер мен өзендердің қазіргі атаулары айқын анықтайды. Мәселен, Чыдыр-ты (қазіргі Чыдыр-лы орнына), Өлен-ті (қазіргі Өлен-ді орнына), Қалдығай-ты (қазіргі Қалдығай-лы орнына), Бұлдыр-ты (Бұлдыр-лы орнына), Мойын-ты (Мойын-ды орнына), т.б.

Бұл сияқты жалғаулар Қазақстанның барлық губернелеріндегі мекендерде бүгінгі күнге дейін сакталған, әсіресе Жетісу губернесінде жиі кездеседі. Мысалы, «Тобыл-ты», «Бұғы-ты» (Жаркент уезіндегі мекен атауы), «Соге-ты» (Алматы уезінде), «Ырғай-ты» және «Рау-ты» (Талдықорған уезінде).

Мұндай мекен атауларынан басқа бұл жалғаулар қазақ тілінде п, б, г, к, ш, с дыбыстарының соңынан жалғаса келуі күні бүгінге дейін сакталған. Оған дәлел: шаш-ты, бас-ты, шөп-ті, т.б.

Сонымен тіл білімінің деректері және өлкеміздегі мекен атаулары Алматы сөзінің (алмалы, алмасы мол) пайда болуының заңдылығын накты дәлелдейді.

Казіргі казақ тілінің емле ережесі тұргысынан қараганда Алма-Ата сөзі жазуымызға қолайсыздық туғызады. Өйткені, қазіргі казақ

тілінің жазу ережесі бойынша Алма-Ата деген екі сөз қосылып, бірге жазылуға тиіс. Қазақ жазу емле ережесі бойынша бір сөзде екі дауысты дыбыс қатар кездеспейді. Оның үстіне Алма-Ата деген мағынасы бөлек екі сөзді бөліп жазу телеграфтық қатынастарға, хаттарға да ынғайсыз болады.

Сондықтан, қала мен уез атауын Алма-Ата демей, Алматы деп аталуы орынды әрі ережеге сәйкес деп санаймыз.

Ғылым және ғылыми-методикалық кеңестің мүшелері:

А.Байтұрсынов, Т.Шонанов

29.XII.1927 ж.

«Ана тілі» газеті

27 қараша 2003 ж.

Петропавл атауы неліктен өзгермей қалды?

Петропавлдің «Қызылжар» деген ежелгі атын қайтып беру жөнінде «Ана тілі» газеті қайта-қайта көтеріп жур. Бірақ, әзірge Petrопавл атауы өзгеріссіз тұр.

Әрине, бұл атауды өзгертіп, қаланың өз атын беру жөнінде Кеңес үкіметінің отызыншы жылдары да әрекеттері болған. Атап айттар болсақ, қолда бар тарихи дерек бойынша Петропавл атауын өзгерту қақында (жергілікті баспа сөздерде) 1929 жылға дейін бірнеше рет көтерген. Одан нәтиже болмағаннан кейін 1929 жылдың 1 сәуірінде өткен Петропавл округтік кеңестер сиезінде бұл арнайы мәселе етіп қойылған.

Сиезде: «Петропавл округі мен Петропавл қаласының атауын өзгерту туралы Мастерковтың баяндамасы бойынша «Аудандардан келген делегаттардың табанды түрде қойған талаптары мен округ еңбекшілерінің айтқан тілектерін және Преснов аудандық кеңестер сиезінің қаулысын ескере отырып, Петропавл округі мен Петропавл қаласының атаулары өзгерілсін. Бұл қаулыны бекіту жөнінде тиісті орындарға ұсыныс жіберу ократкомге тапсырылсын» деген тұжырымды қаулы қабылданды.

(КРОММ 5 кор. 9 тізімдеме, 23 іс, 17 п.)

Бұл қаулы Қазақстан Орталық атқару комитетіне 1929 жылы 6 маусымда (№11315) мынадай мәтінмен жіберілді:

«Петропавл қаласының атауын өзгерту туралы бұрынғы Ақмола губерниясы еңбекшілерінің талабы жергілікті баспасөздерде бірнеше рет көтерілген. Бірақ, күні бүгінге дейін ол туралы нақты шешім алышбай келеді. Қала атауын өзгерту қажеттілігін туғызып отырган бірқатар себептер бар.

Атап айтқанда:

1) Екі қаланың бір атаумен аталуы (Камчаткадағы Петропавл және Ақмоладағы Петропавл патша заманында қойылған атаулар қалыптасқан әдет бойынша қазірде де сақталып келеді) пошта байланысында қызын жағдайларға соктыруда, әсіресе, Ақмоладағы Петропавлға келуге тиісті телеграфтағы хат-хабарларды және жедел, тіпті өте шұғыл жетуге тиісті хаттарды қателесіп Камчаткаға жібереді.

2) Христан діні әулиелерінің мерекесі құрметіне қойылған қала атауы қазіргі уақытта көшілік бұжарға басын айналдырган діннен құтылуға бет алған, қазірдің өзінде діннен сырт айнала бастаған шақта еңбекшілердің, әсіресе, қазактардың наразылығын туғызуда. Бұл атау патшалық шовинистік саясатты, күшпен орыстандыру, ұлтты езудің жеккөрінішті кезеңін олардың есіне түсіріп тұр.

Осы жағдайларды ескере отырып, округтің 700 мың еңбекшілерінің, мәдени қызметкерлердің және окушылардың пікірін қуаттап, Округ кеңестерінің бірінші сиезі округтің және қаланың атауын өзгертіп, пролетариат тәңкөрісінің көсемі Молотов жолдастың есімімен атауға қаулы алды.

Округтің атқару комитеті сиез шешімін орындай отырып сиездің бұл қаулысын бекітуді және Бүкілодактық Орталық атқару комитетінің Президиумына ұсыныс беруді сұрайды.

Окрагком төрағасы Бураев»

(Атаған қор мен істің 118 п.)

Оқырмандар байқап отырган болар мұндай ашы да, өткір тұжырымды айта білу ол заманда ерлікпен тең іс. Сондықтан, осы қатынасқа қол қойған Бураев кім екендігі кімді де болсын қызықтыруы мүмкін. Кейін зерттегенімізде Бураев 1937 жылы сталиндік қуғын-сүргінге ұшырап, 1938 жылы атылған. Есімі – Оразғали. 1898 жылы Сырдария облысы Қазалы уезі Заңғар болысы №2 ауылда туған. 1927-1929 жылдары «Қазақ ет онімдері» баскармасының бастығы.



О. Бураев

Көкшетау, Петропавл ократкомдарының төрағасы, кейін Қазак КСР Егін шаруашылығы халкомының орынбасары, Қазақ КСР Әділет халкомы болып қызмет атқарған.

О.Бураев жіберген қаулы мен ұсынысты Қазақстан Орталық атқару комитетінің Президиумы макұлдан бекітеді де, істің онан ері шешімін табу үшін белгіленген тәртіп бойынша Бұқілодақтық Орталық атқару комитетіне (БОАК). БОАК жаңындағы Қазақстаның өкілдепті өкілдігіне. БОАК-нің Орталық әкімшілік комиссиясының қарауына 24 шілде 1929 жылы жіберді (atalған қор мен істің 101, 103 п.).

Алайда. Бураев бастаған ісін тиянақтап бітіргісі келді ме, әлде бұл мәселенің шешімін табу аяқсыз қалады деп қауіптенді ме, әйтеуір, шыдамсызданып Қазақстан Орталық атқару комитетіне: «Петропавл атауын өзгерту жөніндегі 6 маусымдағы өтінішіміздің қорытындысын жеделхатпен хабарлаңыздар» деп сұрау салыпты. Онан кейін қала атауын өзгерту жөніндегі сиез шешімінің ұзаққа созылуынан жергілікті халық құдіктеніп дабыл көтерген болар, Бураевтың орнына келген жаңа бастық А.Зологин де 31 шілдеде Бураев жазған мазмұнда Қазақстан Орталық атқару комитетіне жеделхат жазып, істің нәтижесін сұрапты (atalған істің 99 п.).

Арада екі жарым ай өткенде, яғни, 16 қазан 1929 жылы Қазақстан Орталық атқару комитетінің Петропавл атауын өзгерту жөніндегі Президиум қаулысы мен ұсынысы БОАК-нің Әкімшілік комиссиясының мәжілісінде қаралды.

Бұл комиссия бұған косымша Қазақстан Орталық атқару комитетінің «Петропавл округі мен қаласының атауын өзгерту» деген сөзінен кейін олар «Омбы теміржолындағы Петропавл стансасының атауы да қоса өзгертілсін» дегенді енгізіпті де БОАК-нің қарауына жіберіпті. Қошірмесін Қазақстан өкілдігіне жолдапты.

Бізше, БОАК-нің жаңындағы Әкімшілік комиссиясының бұл шешімі «Қазақстаниң Петропавл атауын өзгерту туралы түсken ұсыныс қаралды» деген есепке тіркеу үшін алынған сияқты. Ондай ойға итермейлейтін құжат – Мәскеуден Қазақстан Орталық атқару комитетінің 1929 жылты 27 қазанды жіберген жеделхаты.

Вот袍 с деревом в гор.Петропавловске в Гражданский год подпись первым Петропавловским окружным советом г-на Сидорова и подписью архитектора:

1. Железное городо-Петропавловск - это деревня в честь, тех же земель "Сырткалы" Логи - Тала, в это время что название совершенно не соответствует с профессией революционной (революция и строительство) работы. Это деревня должна соответствовать название деревни, в частности деревни деревенского населения. Для этого необходимо подлежащую о неместности российским образом, об эпохе национального гения и наследственного образства.

2. Существующие двух городов с одинаковыми названиями (Петропавловск Казахской АСР и Петропавловск в Гражданский) необходимо создать значительно недоработанные в области наименования - корреспонденты, которые до сих пор, одобряют название Петропавловску "погодного" АСР, следовательно на них.

П. Рекомендую целиком поддерживать название деревни в Петропавловского округного суда заявки и прокуратура регистрирует гор.Петропавловска в Гражданский по санкам. Слово в руках прокурора, референта, т.е. В.В.Жигулева и Петровского суда г-на Балыкова.

(Күжаттарда бірде Балағаев, бірде Балғабаев болып жазылып жүрген сол кезде БОАК-де Қазақстанның өкілетті өкілі қызметін атқарып жүрген Қадырқұл Тұтқабайұлы Балғаев болуы мүмкін. Ол Самарқанд облысында 1895 жылы туған. Қазан төңкерісіне дейін Бұхар әмірінің орыс әкімшілігі жанындағы аудармашысы болған. 1928-1929 жылдары БОАК Президиумы жанындағы Қазақстанның өкілетті өкілі, 1932 жылы Шығыс Қазақстан облаткомы төрағасы болған.)



К. Балғаев

Сол жеделхатта: «Петропавл атауын өзгерту мәселесі мақұлданды (Әкімшіліктің сөзін малданған болуы мүмкін – З.И.). Бірак, қазіргі тірі басшының есімін жаңа атауға алу кедергі туғызыуы мүмкін. Пікірлерінді жедел жіберініздер» деп жазылған.

Мәселе Президиумда қаралмай тұрып «тірі басшының» деген сөздің шығуы қауіпті екені айдан анық. Бұл кедергі жасаудың істі аяқсыз қалдырудың жолы болар деп ұқтық. «Тірі адам» деген екі ауыз сөзді сылтауратып осы округтегі 700 мың адамның тілегін аяқ асты етіп отырған сол кездегі саясат кандай сайқал деп айтуга мәжбүрміз.

Әйтпесе, округтік сиездің Қазақстан Орталық атқару комитетінің қаулысы мен ұсынысын жүзеге асyrмауы қалай? Олай дейтініміз – бұған дейін Донбастағы Сталино, Еділ бойындағы Сталинград, Оралдағы Молотовск етіп өзгерктен кезде Сталин де, Молотов та о дүниеге аттанып кеткен жоқ еді гой. Ресейді айтпағанның өзінде, Қазақстанда О.Исаев, Т.Рысқұлов, О.Жандосов, Ф.Голощекин, И.Құрамысов, т.б. есімдері артельдерге, оку орындарына, ұжымшарларға жаппай қойылып жатқан жоқ па еді? Сондықтан «Тірі адамның» есімі жаңа атауға кедергі келтіреді деген бос сөз.

Бір көніл аударатын нәрсе – Петропавл атауын өзгертуді талап етушілердің аузына «Қызылжар» атауы түспеген. Бізше, Қазақстан Орталық атқару комитетінің «Петропавл қаласы мен Петропавл округінің атауын өзгерту туралы» қаулысы күні бүгінге дейін күшін жойған жоқ. Әйткені, оның күшін жою туралы БОАК-нің, не заң орындарының қаулысы шықпаған. Ондай дерек мұрагаттық құжаттарда кездеспеді.

Солай болса да, қазіргі күні тәуелсіздік алып, егемен мемлекет болсақ та Петропавл атауына тісіміз батпай тұр-ау.

Отыз үйден құрылған аудан



F. Мұсірепов

Еліміздің маңдайына біткен ерен тұлға Фабит Мұсіреповтің Бейімбетті жау санап өзеурегендерге: «Бейімбет халық жауы болса, мен де жаумын», - деп қызыл саясаттың өкпесіне тепкенін, халық басына түскен қасіретке қабырғасы қайысып, «Бесеудің хаты» мен «Екеудің хатын» жазғанын бұрыннан білетін едік. Ол кезде қарымды қаламгердің мұндай жанкешті жағдайга қалам тербел. хат жазбауы мүмкін емес еді.

Дәл осы хаттардағы F.Мұсірепов ойының жалғасын оның 1930 жылғы 14 шілдедегі округтік «Сыр бойы» (№86) газетінде жарияланған «Аламесек не күтеді?» деген мақаласынан кездестірдік. Онда көрсетілген Аламесек жалпы жұртқа бұрыннан белгілі мекен емес. Патша заманында да, кенестік кезеңде де халық көп шоғырланбаган. Көшпелі елдің 30 үйі орналасқан шағын ел ортасы.

Олай болса F.Мұсірепов сонау Алматыдағы Қазақ баспасы мекемесіндегі басшылық қызметінен ат арытып Қызылқұммен шектесіп жатқан елеусіз жерге неге келді, оны не итермеледі? Мақсаты не? Оның басты себебі мынау: құні кешегі кемелденген социализм ұранын көтерген Н.С.Хрущевтің патшалық саясатты қайта қалпына келтіру максатымен қазақ даласын өлкелерге бөліп, көршілес республикаларға таратуға жасаған әрекетін айтпағанда, Коммунистік партия мен Кенес үкіметі әу бастан-ақ қазақ жерін бөлшектеуді көзделген еді. Мұны зерделі Фабит жақсы білді. Өйткені, РСФСР Халық комиссариаты «Қазақ өлкесін басқару жөніндегі төңкеріс комитеті туралы ереже» бойынша (1919 ж. 10 шілдеде бекітілген) кең байтақ қазақ жерін екіге бөлді. Құрамында Орал, Орынбор, Қостанай, Ақтөбе, Ақмола, Семей облыстары мен Адай уезі бар Қазақ республикасын құрды. Бірак «бөлшекте де билей бер» дейтін партиялық саясатты қолданды. Орал облысын Астрахан төңкеріс комитетінің, Ақмола мен Семей облыстарын Сібір төңкеріс комитетінің билігіне берді. Кейін Қостанай уезін Ресейдің Челябі уезінен қосып жіберді.

Қазақстанның екінші ажырамас бөлігі – Жетісу, Сырдария облыстарын Түркістан республикасына қости. Осы бөлісте біз әңгіме еткелі отырған бұрынғы Перовск уезі және оған қараған Аламесек елді мекені Түркістан республикасына берілді. Шаруашылыққа жері шүрайты, сүй мол, ауа райы қолайлы Жетісу мен Сырдария

облыстарындағы 7 уез қарауындағы 148 бөлістың негізі байырғы ұлт екендігін есепке алмады. Дұрысы – назарға алғысы келмеді. Бұл бөліс ел берекесін кетірді. Мұндай солақай шешімге зерделі азаматтар қарсы болды.

Сондыктан солақай саясат иелері Орта Азия республикаларын ұлт құрамы жағынан қайта бөлу дегенді ойладап тапты. Оның жобасын жасап, бекітті. Сөйтіп, Әулиеата (25 бөліс), Ташкент (10 бөліс), Мырзашөл (2 бөліс), Самарқан (6 бөліс) және Ақмешіт, Қазалы, Түркістан, Шымкент (125 бөліс) уездері есебінен Сырдария облысын қайта құрды. Оны Қазақ республикасына қости. Бірақ 25 бөліс елді Өзбекстан мен Қыргыз республикаларында қалдырыды. Осылайша РК(б)П Орталық комитеті мен БОАК тұтас қазақ өлкесін әрі итеріп, бері жығып, бірнеше рет бөлшектеп, халық тағдырын ойыншиққа айналдырыды.

Перовск (Қызылорда) уезінің іргесі бірнеше рет сөгілді. Ажыратты, таратты, қайта ұйымдастырыды. Осы аласапыран кезде «Жоқтан бар жасаймыз!», «Құдайдың бермесін тартып аламыз!», «Әр отбасындағы аспазшы әйел мемлекет басқарады!» деген өзегу-реген ұранды басшылыққа алып, «Көшпелі, жартылай көшпелі елді жаппай отырықшыландырамыз!» деген бастамамен 30 үйлі көшпелі ел ортасында Аламесек ауданын ұйымдастырыды. Аламесек ауданын құрғанда аудандық мекемелерге қажетті ғорын, басшы кадрлар 30 үйден шықпайтыны ешкімнің каперіне кірмеді.

Бір ғажабы, ауданды ұйымдастыруға ықылас білдірген Қазак Өлкелік партия комитеті де, Өлкелік атқару комитеті де, атынған ұсыныстың дұрыс, терісін қадағалап, басшылық жасайтын РК(б)П Орталық комитеті де, Бүкілодақтық Атқару комитеті де Аламесек ауданы құрылғаннан кейін екі жыл бойы оның тағдырына назар салмады. Ондай ауданның өмірде бар екендігін естен шығарды. Өйткені, ауданды Бүкілодактық Орталық атқару комитеті 1928 жылдың 3 қыркүйектегі қаулысымен бекітті.

Содан 1930 жылдың екінші жартысына дейін ауданды тек бір хатшы басқарды. Аудандық партия комитетінің бюро, пленум мүшелері, бөлім басшылары сайланбаган. Бұған қараганда, асыра сілтеу кезінде аудандық партия комитетінің хатшысы тек иек қагумен сайланған, аудандық партия комитетінің ұйымдастыру пленумы өткізілмеген-ау деген ой келеді. Ұйымдастыру пленумы болса аудандық партия комитетінің пленумы мен бюро мүшелері, бөлім басшылары сайланып, бекітілуі тиісті.

Дарынды Ғабит ел ашысын құырған қызыл саясаттың, өктем биліктің тамыры согып тұрган жері Аламесек ауданы екендігін жаксы

білді. Сондықтан әлімсақтан іргесі қаланған, кеңестік биліктің қос тізгінін еркін ұстауға қалыптасқан, өнеркәсібі өркендерген, немесе, шаруашылығы ілгері басып, арқа-басы кеңіген ауданға бармады. Аны өмірден зарықкан, судыр саясаттан тарықкан, жалған сөзге еліктеп, арқа еті – арса, борбай еті – борша кедей батырақтар басқарған ауданның халін өз көзімен көруді мақсат етті.

Сөйтіп, ол өңкей қызыл сирак кедей басқарған Аламесек ауданына келді. Аудан басшыларының ақыл-оыйы, қабілеті, жетпеген тұстарына кеңесіп, қомегін берді. Мұнда орын алған кемшіліктерге аудандық басшылар кінәлі өмес, оған кінәлі Коммунистік партия мен Кеңес үкіметінің басшылары деп түйіндеді. Осының негізінде халық тағдырын ойыншық еткен Коммунистік партия мен Кеңес үкіметінің асыра сілтеу, кесірлі де кесапатты, алақұйын саясатын «Аламесек не күтеді?» деген шағын мақаламен тас-талқан етті. Шіреніп тартқан батыр садағының оғындан қазақтың байырғы карапайым сөздерімен өз ойын діттеген нысанана дәп тигізді.

Бір таңғаларлығы «Аламесек не күтеді?» кезінде Ғабиттің соңына түсіп, тырнак астынан кір іздеушілердің де, Ғабит творчествосын зерттеушілердің де назарына ілікпеген. Оның сырьы – мақаланың округтік баспасөзде жариялануы. Әйтпесе, бұл мақаладағы басқару, ұйымдастыру саласындағы кеңестік алақұйын саясатты Ғабиттің өзіне тән тәсілмен әр сөздің тігісін жатқызып, сынап-мінеуі, кекетуі қызыл белсенділер мен желөкпе бәлеқорлардың, саясаткерлердің назарынан тыс қалуы ол кезде мүмкін өмес еді.

Бір өкінішті мәселе – Коммунистік партия мен Кеңес үкіметінің басшылары Ғабит көрсеткен кемшілікті түзеп, ауданды аяғынан тік тұрғызып, қалпына келтірудің орнына мақала жарық көргеннен кейін екі жетіде, яғни 1930 жылғы 23 шілдеде Бұқілодақтық Орталық атқару комитеті Аламесек ауданының шаңырағын ортасына түсірді. Ол қараған Қызылорда округінің іргесіне іріткі салды. Аламесек ауданын жойды. Қызылорда округін аудан етіп құрды. Аламесек ауданын таратып, оны жаңа ұйымдастырылған ауданға қосты. Бұрын Қызылорда округіне қараған Теренөзек ауданын екіге бөлді, бір жартысын Қызылорда ауданына, екінші бөлігін Қармақшы ауданына берді. Шиелі ауданын Жаңақорған ауданына біріктірді.

Сөйтіп, ел тіршілігін быт-шыт етті. Аламесек орны үйінді-үйінді тәбебе айналды.

Осы жағдайды қекірек көзімен ерте көрген Ғабиттің «Аламесек не күтеді?» мақаласын жүртшылыққа ұсынып отырмыз.

Аламесек не күтеді?

«...Істің көбі ауданда. Аудан күшейсін!»... деген ұлы ұрандардың бір де бірі көз қырын салмаған ауданды іздесең Аламесекке кел. Кемшіліктің неше түрі керек болса, олар осы ауданнан іздемей-ақ табылатын. Қазақстанды түгел алғанда қазақ аудандарының ісі нашар келетін болса, Аламесек солардың ішінен көрнекті орын алатынына ешкім таласатын емес.

Іс ауданда. Қүш қайда? Қүш ауданда емес, әсіресе, Аламесек ауданында емес. Осы күні құйырқ тістесіп келіп жатқан көп науқан бар. Науқанның басы қимылдайтын жері де аудан. Сол науқандарды өткізуге Аламесек те міндettі. Міндettісі былай тұрсын, жұртпен катарап орындалап та жатыр.

Ал енді сол істі орындастын Аламесектің қызметкерлеріне келсек, еріксіз құрсініп жібересін. Райком хатшысы – жана жоғарылаған батырақ. Колхоз бастығы – жаңа жоғарылаған. Кооператив те солай. Бөлім бастықтары солай. Тісқақкан белсенділері жок. Жетекші, тәрбиелі қызметші жок. Жалғыз аудандық атқару комитетінің бастығынан басқасының бәрі балдырған жас қызметші. Оның үстіне саны аз. Райкомда жалғыз хатшыдан басқа бір жан жок. 30-шы жылдың басқа белімдері болмаган аудандық комитетті осында көрдік. Жаңа ғана жоғарылаған райком хатшысы қай іске жетсін. Ісінің көбі-ақ ұйқысы келіп, қалғып тұр. Егер жаңа жоғарылаған батырақ белсенділерімізге осынша істі жүктеп қойып, оның үстіне бүкіл ауданға жетекші бол десек, ондай батырақты ұзамай-ақ бұрынғы күйіне түсіріп, бұрынғы үйіріне қосуымызға дау бар дейсін бе? Мұндай батырақтарды оңай-ақ мыйқата қылып алармыз деймін.

Аудан істемеймін демейді. Бірақ кей жерде толық күші келмейді. Бір істі істесе, күші жетпегендіктен екінші ісі тоқтап қалады. Екі-ұш істің басын қосып бірге жүргізуге аудандағы жұмыс ат үстінде болады (Бұл округтік кеңседе керіліп отырып істейтін қағаз беті емес, кәдуілгі тартысты істің өзі!). Аудан қызметкерлерінің көп істі бірге жүргізуге күші де келмейді. Жағдайы жок.

Аламесектің орталығы Қызылордадан 70-ақ шақырым жер. Бірақ округтен жіберілген қатынас қағаз ең жылдам келгенде 12 күнде, жаяу жүрсе (жайлай жүрсе дегені болса керек – З.И.) 21 күнде келеді. Телеграмм, не телефон, не пошта, не басқа түрлі тез қатынас әлі күнге жок! «24 сағатта орында!», «Үш күннің ішінде орында!» деп бұйрық жазатын округ сол қағазды жазып отырғанда несінің кай жерімен ойлат отыратынына біз түсіне алмадық. Мүмкін, ең қадірлі жерімен-ақ ойлайтын шығар.

Бірақ пайда не? Сол тығыз қағаздың ауданға тығыз жетуін ойлайтын бір мүшесі шамалы жетіңкіремей тұрган сияқты.

Мысалы, шөп науқанын алайық: округ ауданға жоспар береді. «Тығыз орында», - дейді. Шөп науқаны туралы колданатын жөнжоба ауданға келмейді (Жолшыбай жүретін 21 күні тола қоймағасын қайдан келсін!). Аудан ала салып тығыз орындауга кіріседі. Ойдағы-қырдағы цифрды тауып алып «ауданның малына жетер-ау!» деген жоспар жасап, округке ұсынады. Округ шап етіп жабыса кетеді. Көшпелі ауылдарға да шөп шаптырып, олардың малын қамсыздандыру жағы да ескеертілмейді. Шабындық жер бөлініп кетеді.

Ауданға келіп бұл қатені көргенсін тезірек түзетуге кірістік. Аудан қайтсін, катесіне бас ііп, жауши-жалам қайтадан іске кірісті. Мойыны катып калған тоңмойын қызметшілер емес, істің тілегіне карай қайтадан катарын түзеді. Қатені түзеуде жүріп жатқан жұмысты тоқтатып тастаған жоқ.

Міне, бұл қате аудан тез арада жөн-жоба ала алмағандықтан, округ тез катынасууды жөнге қоймағандықтан, іскер қызметшінің аздығынан болып отыр. Қазір үстіміздегі үш науқан қатар ойнектап жүр. Соларды үздіксіз орындалап, кезінде басқалармен қатар келуі үшін Аламесектің кемшіліктерін жетістіру керек. Округте отырып «24 сағатта бітір» деген қағазың ауданға ең жылдам жүргенде 12 күнде келсе, істің орындалу қарқыны қалай болатыны айқын нәрсе!

Аламесек ауданы округпен қатынасты жиілетіп, тұрақты қызметкерлерін күштейтуді күтеді...

F.Мұсірепұлы

«Сыр бойы» газеті
№86, 14 шілде 1930 ж.

«Егемен Қазақстан» газеті
25 қараша 2002 ж.

Аламесек – көне мекен орны. Қызылорда облысы Жалағаш ауд. орталығынан 45 шақырым жерде. Аламесек көлінің жағасына орналасқан. Іргесі XIX ғасыр акырында қаланған. 1928-1930 жылдары аудан орталығы болды.

Жері құнарлы, шебі шүйгін, балық, ан-құсы мол болғандықтан, бұл аймақтың халқы аниаршылыққа ұрыптаған.

Шымбай, Төрткөл, Қазалы уездерінің саудагерлері Аламесекте сауда жарменкелерін өткізіп, «Жана базар» аталып кеткен.

1900 ж. Аламесекте 220 үйдегі қазақ, 50-60 үй өзбек, 20-30 үй ногай тұрган. 2 сынылтық орыс-казақ түземдік мектебі (1898), кірпіш зауыты (1903), касапхана жұмыс істеді.

1925 ж. Аламесек болысына 44 ауылдық кенес қарады.

Аудан орталығы болып тұрган кезде мектеп, интернат, аурухана, кітапхана, клуб, астық қабылдау пункті жұмыс істеді. Аламесек МТС-ы ұйымдастырылды.

1932-1933 ж-ры Теренөзек ауданының жетім балалар үйі, 1941-1944 ж-ры Украина мен Белоруссиядан әкелінген балалардың мектеп-интернаты болды.

Аламесек көліне құятын сулар бөгеліп, көл табаны құргаган соң, Аламесектен ел еріксіз кешіп кетті.

«Қазақстан» ұлттық энциклопедиясы
1 т., 241-242 б.

Ескерусіз қалмаса екен

Халық ақыны Төлеубай Үркімбаев 1898 жылы Қызылорда облысы Жалағаш ауданы қазіргі Бұхарбай ауылында туған. Жастайынан жетімдіктің, кедейліктің таксіретін мол тартып, оның үстіне ауыр науқасқа шалдығып 1928 жылдан бастап бір көлінан айырылады, тілден, құлактан қалады. Адаммен катынас тек қағаз бен қаламга ауысады.

Бірақ, тума талант Төлеубай жасынан ауыл молдаларынан хат танып, шығыс әдебиеті хиссаларын, Сыр сүлейлері Балқы Базар, Тұрмағанбет Ізтелеуов, Шораяқтың Омары, т.б. ақын-жыраулардың өлеңдерін жаттап, кейін өзі де олең, жыр жазумен айналысады.

1935 жылы 12 желтоқсанда «Социалды Қазақстан» газеті «Талант» деген тақырыптен Төлеубайға арнап арнаулы бет берді. Онда: «...Үркімбаев қалың бұкараның ішіндегі талант, халықтың бел баласы, халық жырышы! Әттеген, науқастық ауру самсаған



Т. Үркімбаев

қолдан, шаршы топтан озатын жүйріктің аяғына ақау түсіріпті. Бірақ, Төлеубай ақын тәсек тартып жатса да қолынан қаламы түсіп көрген емес. Ол Ұлы дәүірдің ұлан асыр дүбіріне елегізіп, еті қызған санлақты жүйрік. Ол әлі талай шабысқа түсем дейді, соған қаламын қайрайды», - деп зор баға берген.

Шындығында Төлеубай талант. Оның баспа бетін көрген көптеген өлеңдерін, айтыстарын айтпаганда «Сатанның сары атаны» деген ұзак жыры орта мектепке арналған қазақ әдебиеті оқулығынан соңғы күнге дейін түскен жок. Оның Б.Қасқырбаймен айтысының өзі тұнып тұрған шындық, өмір көрінісі.

Төлеубай шығармалары негізінен үгітке, шаруашылықты өркендешту, жалқаулар мен жемқорларды әшкерелеу, партия мен үкіметтің саясатын халықта түсіндіруге бағытталған.

Төлеубай «Қазақстанның 15 жылдығы» значогі, «Құрмет белгісі» орденімен наградталды.

Соғыс жылдарында Қазақстан Республикасы ақындарының Қызылордада өткен айтысы Төлеубай Үркімбаевтың «Кел, ақындар келіңдер!» деген ұзак толғаумен ашылды. Тіл мен құлақ, кол кемістігіне байланысты бұл толғауды жергілікті жырау Әбділда Жүргенбаев жиналған ақындар алдында нөсерлете төккен. Бұл жөнінде марқұм Әбекен: «Мен күндіз-түні үйқысыз өткізіп толғауын бір күнде жаттадым. Басқа мүмкіндік болмады. Сөйтіп, Сәбең бастаған ақындар айтысын Төкенің толғауымен ашып, абыройға ие болдық», - деп еске алғатын. Бұл толғаудың сөзінің шүрайлы, өмірдің шындығы айқындығына байланысты соғыс жылдарындағы Қазақстанның аралаган әртістердің концерттік бағдарламаларына енгізілді. Кез келген ауылда жырланды.

Төлеубай мұралары сакталмаган. Себебі, Төлеубай қолынан кезінде Қ.Әбдіқадыров пен А.Тоқмаганбетов «жинағынды шығара-мыз» деп алғып кеткен де, «Құдай қорлағанды, пайғамбар асасымен тұртедінің» керін келтіріп, құрдымға жіберген. Сондықтан Төлеубай Үркімбаев ол екеуіндеңі шығармаларын іздеп, әрі «Социалды Қазақстан» газеті редакциясынан жәрдем сұрап «Жауап бермеушілер мен жалтарушылар» деген шағым жазуга мәжбүр болды. Бірақ, редакция Төлеубайға жауап та бермеді. Осындай салқын қандылықтан республикамызға белгілі Төлеубайға (Е.Смаиловтың «Ақындар» монографиясына, «Қазақ әдебиеті тарихының» I-томына, «Қазақ әдебиеті» оқулығына енген еңбектері ескерілмей) 1956 жылы қайтыс болғаны жөнінде еліміздің баспа беттерінде хабар да бұйырмады. Тірісінде оз шығармасының жинағын жарыққа шыкканын көре алмады.

Кейін Төлеубай шығармаларының жинағын шығару жөнінде әрекет жасадым. Жазушылар одағы, баспа орындары, Ғылым академиясы жазушылардың облыстық бөлімшесінен, аудандық партия комитетінен «ұсыныс әкел» деген уәж білдірді. Ол кезде Асқар Тоқмаганбетов жазушылардың Қызылорда облыстық бөлімшесін басқаратын еді, бұл мәселені тындауға ықыласты болмады. Ал, аудандық партия комитетінің хатшысы Б.Тасыбаев «Бұның қаншалықты қажеті бар?» - деп қағазымның бетінен бұрыштама соғып берді. Сонымен іс тынды...

Биыл Төлеубайдың туғанына 100 жыл толып отыр. Біз өз тарапымыздан ақынның аруагы риза болсын деп Қазақстан астанасының Орынбордан Ақмешітке көшіп келуіне байланысты Түркістан облысы партия бюросы мен обкомның һәм облыстық «Қосшы» бөлімінің тілі «Ақ жол» газетінде жарияланған «Қоныс құтты-ақ» (14 мамыр 1925 ж., №570) деген өлеңін араб харпінен аударып оқырмандарға ұсынып отырмыз.

Өлең мәтіні Сыр бойы ақындарының үйкас қуу үлгі-тәсілімен жазылған. Ең маңыздысы – ел басшыларын бүтіншілікке, халықты татулыққа шақырғандығымен бұл өлең құнды деп біліміз. Бұл өсiet қүні бүгін де қажет...

Қоныс құтты-ақ -

Орнады Қазақстан Ақмешіттен
Ортаға жаңа келіп, алыс шеттен.
Қайырлы қонысыныз, құтты болсын
Ордаңыз, отауыңыз жаңа тіккен.

Деген сөз «Бірлік болмай тірлік болмас»
Бұл нақыл келе жатқан арғы түтпен.
Бірлесіп жұрт болудың қамын ойлап,
Үш Алаш бас қосып түр зор үмітпен.

Лениннің әділ тәртіп-дәулетінде
Енші алып жаңа шықтық үкіметтен.
Жиһаннның жарық түрі жаңа кірді
Халық едік қапастағы тұн күзеткен.

Жуасып жуан жұдьрық босқа қалды
Бозарып өлімтікше іші кепкен.
Дариға қайта айналып келер ме деп
Заманға өкінеді бұрынғы өткен.

Қаз тұрды кембагалдар бойын билеп
Тайлақша азат болған ауыр жүктен.
Шартарап өркен жайып өсуіне
Айырылма, азаматтар бұл тілектен.

Бозторғай қой үстіне жұмыртқалап,
Алғысты тегіс берсін Алаш біткен.
Ту көтер, халық билеген қаһармандар,
Күн туды тұлпарларға бәйге түскен.

Хан сайлап қазақ жұрты мұнан бұрын
Төрт рет жиылыпты ер кезекпен.
Жая алмай зорлығымен зомбылығын
«Сейсенбай» «Бите» менен тозып кеткен.

Максаты бірін-бірі талап жемек
Залымдар неғып оңсын бұл ниетпен.
Жанышылып қара табан еңбекшілер,
Зорлардың қорыққаннан қосын жеккен.

Момындар көкшіл көмір боп құлшылықта,
Зар еңрең жылай-жылай өмірі өткен.
Олардың бастан кешкен кемшілігін
Адам жоқ ада қылып айтып біткен.

Сол жолдан аулақ болып, Қазақстан
Ескеріп шылбыр жина ертеректен.
Тату бол үш Алаштың азаматы,
Сиысып су ішкендей бір шүмектен.

Үміт бар жаман жолды жояр деген
Жан жолдас іс басқарған ақ жүректен.
Орталық Қазақстан қауымына
Жай алды жаңа қоныс кең түбектен.
Қайырлы құтты болсын айтпак үшін
Сөз жаздым білгенімше бұл реттен.

Төлеубай Үркімбаев

Колжазба
10 қараша 1998 ж.

Мирзоян домбыра сыйлаған Нағима кім?

Қазақ коркемонері құлпырыш, түрленуде

Қазақстан Кәмесерлер кенесінің 193*¹² жылғы ғинуардың 14-дегі қаулысы бойынша Қазақтың мемлекеттік филармониясы құрылды. Филармония бұдан байлай озды өлкеміздегі, қалды астанамыздағы ән-куйдің кіндігі болады. Филармонияның қарауында қазір Қазатком атындағы ұлт оркестрі, 60 кісілік қазақ әндерінің хоры, 50 кісілік орыс әндерінің хоры бар, жеке әншілер және бишілер бар.

Қазақстанның Халық ағарту кәмесері осы жылғы ғинуардың 15-нен бастап Қазақтың мемлекеттік филармониясы қосылды деп бүйірік берді. Сөйтіп, филармонияның шымылдығы ашылды. Филармония содан бері екі рет концерт жасады. Соның соңғысында осыны жазған қalamның иелеріне де болуга тұра келді.

Қазақтың драма театрының үйі. Лық толған халық. Театрдың шымылдығы әдетінше сыр етіп ашылды.

Жиылған халықтың алдында қазақтың ұлт оркестрі. Оркестрдің адамдары – саусагына қырық түрлі күй ілінген өңшең шеберлер. Оның ішінде топтан озған атақты жүйрік домбырашылар, көркем-өнердің үстасы болуга даярланып жатқан жас келіншектер де бар. Оның ішінде қазақ әйелдерінен жеке-дара шыққан домбырашы Нағима да бар. Оркестрді басқарушы қазақтан шыққан бірінші дирижер Ахмет те бар. Оркестр алғашқы нөмірлерінде қазақтың «Ақшолак», «Қара бас», «Балбирауын» сияқты атақты күйлерін тартты. Шертімпаз қол мен қарағайдың һәзік қылымен шыққан үн театрдың сахнасын кернеп барып, асқақтап асып, залдың ішін билеп, менгеріп алды. Күй жанға жайлы тиіп, бойды балқытып, көрушілердің жүргегінің қылын шерткендей болды. Құлағының құрышын қүйге төсеп, тым-тырыс отырған халық домбырашылардың саусақтары соңғы пернелерді басып өтіп, шекке соңғы рет сермегенде қарап отырып ду көтерілгендей болды. Қол мен аяқ бірдей соғылды.

Оркестрдің орнын бишілер, әншілер басты. Музыка-драма техникумында оқып жүрген жастар жер жүзілік балет (би) өнерінің көп тараган үлгілерін көрсетті.

¹² Мәтінде соңғы цифр түстелей қалған – З.И.

Республикамызға еңбегі сіңген әртістер – Құләш пен Қанабек «Шұға», «Қыз Жібек» сияқты күйлі пъесаларымыздың қаһарманда-рының ариясына айналған әндерді салды.

Қарқаралы округінің даңқы шыққан домбырашысы Қасенұлы арқаның «Дайрабай» мен Тәттімбеттің¹³ «Былқылдағы» деген күйле-рін тартты. Бұрын жеке домбыра сахнаға қол емес деп келуші едік, жок олай емес екен. «Қалауын тапса, қар жанады» екен. Домбыраши шебер болса халыққа жеке домбыраның күйін де тыңдатады екен.

Филармонияның 60 кісілік қазақ әндерінің хорын да тыңдадық. Бұл хор жаңа ұйымдастырылған хор ғой. Бұрынғы хормен айтылып жүрген әндерді ғана үйреніп үлгеріпті. Ол әндерді ұйымдастырып түрде жақсы айтты. Сонымен бірінші шымылдық жабылды.

Ән-күйдің салтанатты мерекесі

Екінші шымылдық асыққандай жиыла жөнелді. Концертті басқарушы халыққа: «Қабылұлы Ілияс жолдас бір-екі ауыз сөз айтады», - деді. Біз ойын залының соңғы жағында отыр едік. «Сөз айтады» дегенін естінкіремей қалып, көркемөнердің қызығына қыза-қыза келе Ілияс жолдастың өзі де бір-екі ауыз ән салып береді екен деп қалдық. Бірақ, Ілияс жолдас одан да қызықтырақ қуаныш айтқалы келген екен. Сол күні Өлкелік партия комитеті бюросының мәжілісі болып жатқан. Ілияс жолдас: «Мені сіздерге Өлкелік партия комитетінің бюросы, Мирзоян¹⁴ жолдас жіберді. Мирзоян жолдас күннен-күнге құлпырып, гүлденіп келе жатқан казақ көркемөнері-нің ән-күй дүкенін құттықтауға жіберді. Оған Өлкелік комитет бюросының, Мирзоян жолдастың – мені, менімен бірге жіберген Қазақстанның Халық ағарту көмесерінің орынбасары Жантілеуұлы Шайқы жолдас куә. Мирзоян жолдастың өзі қол қойып жазған қағазы куә», - деді.

Жұбанұлы Ахмет жолдасқа

Қазактың ұлттық музыкасының талапты, жігерлі ұйымдастыру-шысына және шеберіне, қазақтан шыққан бірінші дирижерге, ұлт көркемөнерін, әсіресе, қазактың опера театрын дамыту жолындағы белсенді іскерге – Жұбанұлы Ахмет жолдасқа өзіме арнап істелген қазақ музыкасының ұқсатып, өндеген аспабы – домбырамды сыйлаймын.

Л.Мирзоян

¹³ Тәттімбек деп жазылған – З.И.

¹⁴ Мәтінде барлық жерде Мирзоян деп жазылған – З.И.

Ілияс жолдас төрт шекті, үні кен, әдемі, шешен домбыраны Ахметке ұсынды. Қазактың ұлт оркестрі «Интернационал» күйін ойнады. Соғылған қол, құрметтеген дауыс залды басына көтерді. «Қазақтың ұлт көркемөнерінің шын қамқоры, түрі ұлттық, мазмұны социалдық мәдениетіміздің қолдаушысы, бастаушысы Мирзоян жолдас жасасын!» деген дауыс бірнеше жүздеген халықтың «Уралаган» айқайына ұласты.

Нагима Ергалиқызы жолдасқа

Қазақ әйелдерінен шыққан тұнғыш домбырашы, қазақтың ұлттық музыкасының шебері Нагима Ергалиқызы жолдасқа өзіме берілген домбырамды сыйлаймын.

Л.Мирзоян

Ілияс жолдас екінші домбыраны Нагимага ұсынды. Оркестр тағы «Интернационал» ойнады. Жұрт орындарынан тұрып, пролетариаттың таптық күйімен бірге қазақ әйелдерінен үздік, жеке-дара шыққан домбырашы Нагиманы құрметтеді. Ұлт көркемөнерінің сый алған, мақтау алған ардакты шеберлерінің жауабы біреу болды. Ахмет пен Нагима қазақтың көркемөнерін бұдан да асырып, гүлдендіріп, түрлендіру жолына, түрі ұлттық, мазмұны социалдық мәдениетімізді Кеңестер Одағындағы алдыңғы қатарлы республикаларға тенеу жолына барлық күштерін, бойындағы жігерлерін, жаратылыстың берген қасиеттерін сарп етеміз деп Мирзоян жолдасқа серт берді. Көркемөнердің сонда жиылған қызметшілері Мирзоян жолдасқа телеграмма арқылы жауап берді. Сөйтіп, филармонияның концерті қазақтың ұлттық көркемөнерінің салтанатты мерекесіне ұласты.



Ұлт аспантары оркестрінің алғашқы құрамы
Орталда – А. Жұбанов

Филармонияның мактау алған, сыйға тойған қуанышты тобың концертінің кейінгі нөмірлеріне бұрынғыдан да құлшынып, мың құлпырып, шеберлене кірісті. Оркестрдің ойнаған «Адай» күйі көрушілердің құлағының құрышын, жүргегінің айызын қандырды. Күйшілер мен әншілер домбырасын көкке сермен, аспанға өрледі. Бишилдер жорғалай басып, қол аяғы майысып, қулаш ұрып, қарыштап алға басты.

Қазақтың ұлттық көркемөнері құннен-қунге құлпырып түрленуде.

Әнші, күйші, биши жолдастар!

Табыстан табысқа!

Өнердің биік шынына!»

«Социалды Қазақстан» газеті

1935 ж.

Латын әртінен көшірген – З.Ижанов

Қазақстан Орталық партия комитетінің бірінші хатшысы Л.Мирзоянды халқымыз Мырзажан деп атағанын қазіргі жастардың біле бермеуі мүмкін. Сондықтан оған қысқаша тоқтала кеткен жөн секілді.

Тарихи деректерге жүгінсек Л.И.Мирзоян Қазақстанда қоғамдық, әлеуметтік, саяси-экономикалық жағдайдың әбден титықтап, тұралап түрған кезінде келді.

Бұл 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс кезінде патша үкіметінің жазалаушы отрядтарының халқымыздың денесіне салған жарасы әлі жазылып болмаған әрі ұлт-азаттық көтеріліс пен соңғы екі ашаршылықта шетелге тозып кеткен ағайындардың еліне толық оралмаған кезі еді. Оның үстіне, бұған дейін кеңестік әпербақан саясат пен қу жақ – Голощекиннің «Кіші қазан төңкерісінен» туган әрекеттерден ел арасында береке-бірліктің ушықкан шағы. Осындай солақай саясаттың салдарынан әлеуметтік қарама-қайшылық шиеленісті. Өндіріс, шаруашылық, экономика күйреді. Ауылды кеңестендіру, ұжымдастыру, байларды тап ретінде жоюдың ақыры екі миллионнан астам қазақты жағтаман аниарнайтынса скеллі. Соған қарамастан, етаппандық қызыл идеология бұз анаттап аман қалғандарды тарихи



Л. Мирзоян

зердеден, салт-санадан, әдет-ғұрыптан, ұлттық рухтан, байырғы тілі мен мәдениетінен айыру шаралары жасалып жатты.

Міне, осындай шаруашылығы, экономикасы, мәдениеті барлық жағын шатқаяқтап, тұралап тұрған шакта келген Л.И.Мирзоян қалайша бірден халық құрметіне бөленді деген сауалға жауап іздеуге тұра келді. Іздестіру барысында діттеген жауабымызды таптық. Оның тамаша іскер, қайратты, шебер үйымдастырушы, көптеген іргелі, күрделі істердің бастаушысы, қазақ халқының жанаширы болғанына көзіміз жетті.

Л.И.Мирзоян көптеген ірі өнеркәсіп орындарды, теміржолдарды, зауыт-фабриктерді салуға белсene қатысты. Халықтың әлеуметтік, мәдени тұрмысын көтеруді қолға алды. Ашаршылыктan әбден еңсесі түсken елдің есін жинау үшін оларға несиеге мал бергізді. «Малсыз отбасы болмасын!» деген ұран көтерді. «Байы, әлден, мал өсір», - деді. Сондықтан да, оны қазақ халқы Мырзажан атады. Еңсесін көтерген, қисайған шаңырагын түзеген Мирзоянды Мырзажан деп атамағанда кімді атауга тиісті.

Мирзоян тек елдің экономикасын көтеріп қойған жоқ, ол ұлттық мәдениетті, ұлттық рухты, тілді де көтерді. Оның қамкоршысы, жанаширы да болды. Бұл мәселелерді республикалық беделді конференциялар мен сессияларда, пленумдарда бірнеше рет көтерді. Қызмет бабымен барған жерлерінде нақтыладап айналысты. тиісті тапсырмалар берді.

Мәселен, 1935 жылғы маусым айының 16 күні Гурьев (қазіргі Атырау) қаласына барған сапарын-ақ алайық. Ол «Ембімұнай» тресін, мәдениет үйін, балық консерві комбинатын, мұнай кәсіп-орындарын, жұзбелі балық зауыттарын аралап жүргенде, көбінесе, мәдениет мәселесіне баса назар аударған. Балық консерві комбинатының консерві қалбырлары жиналған қоймаға дейін аралаган. Сонда консерві сыртындағы кағаз этикеткасын қазақ тілінде жазбагандығы үшін комбинат директорына қатаң ескерту жасап, оны тездетіп қазақ тілінде жазуға тапсырма берген құжатты көргенде таң қалдық. Оның бұған дейін баспасөз қызметкерлерімен, партия үйім басшыларымен откізген бір кенесінде: «Сендер теміржол бойындағы разъездер мен стансалар атауларының, ондағы ұрандар мен жарнамалардың қай тілде жазылып тұрғандығын білесіндер мей?», - деп сұрақ қойып, мұны «Тездетіп жөндеу керек, қазақ тілінде жазу керек», - деп нұсқау бергенінен бұрын да хабардар едік.

Бұл екі жағдай Мирзоян қазақ тілін екінші қатарға қоймаған, оған үсақ-түйек мәселе деп қарамаган, қазақ тілінің қамкоршысы болды деген үйымды берсе керек.

Оған қосымша Мирзоянның қазақ көркемөнерінің Мәскеуде өтетін онкүндігіне дайындалып жатқан кезінде өзі алыс шетелде жүрсе де «Мәскеуге қазактың қарт ақындарының бірін тауып апарындар» деген тапсырмасы қазақ ұлтына деген оның ақ жүргегін аңғартса керек. Бұл қазақ мәдениетіне, әдебиетіне жасалған зор қамқорлық болды. Шындығына келгенде, Жамбыл осы онкүндікке қатысқаннан кейін өмірге қайта туғаны рас қой.

Айтпаса сөздің атасы өледі. Л.И.Мирзоян қазақ әліпбійн латыннан орыс графикасына көшіруге қарсы болғаны да күні бүгінге дейін айтылмай келеді. Бұл деректі де сол іздестіру кезінде таптық. Мәдениет майданы қызметкерлерінің Бүкілқазақстандық бірінші сиезінде сөйлеген сөзінде Мирзоян орыс графикасына көшуді «керексіз реформа» деп тауыпты. «...Онда реформаларға әуес болмау керек... Бұл ретте өте сақ болу керек, байқау керек. Бұл мәселеге жи ұмтылып жүргендігін айтқаныма Жұбанұлы жолдас та, Аманжолұлы жолдас та өкпелемес деп ойлаймын», - деп ескертіпті. Көріпкел емес пе? Амал қанша, республикамыздан Мирзоянның өкшесі қөтерілуі орыс графикасының өріс алуына кен жол ашты.

Енді Мирзоянның тақырыбымызға байланысты ұлт рухын, ұлт мәдениетін қөтерудегі енбегінің бір қырына тоқталайық. Ол үшін Мирзоянның 1933 жылы маусым айында өткен Өлкелік партия комитетінің пленумындағы мына сөзін тыңдап көрійік:

«...Қазақ еңбекшілерін (Қазақстан еңбекшілері демей, қазақ еңбекшілері деген сөзге баса назар аударып тұрғанын көріп тұрсыздыр ма?) социалды мәдениетке баулу үшін мәдениетті қазіргі басты міндет дәрежесіне қөтеру керек...Мәдениет жоспарын орындау құнәсі шаруашылық жоспарын орындау құнәсінен артық соқпаса, кем соқпайды. Сондыктан ендігі жерде мәдениет жоспарын орындауашылармен катты курсу керек... 1933-1934 жылдары әрбір облыста бір-бірден ұлт театры үйымдастырылысын», - деп туйіндепті.



А. Жұбанов

Бұл тұжырымының тарихи мәні зор. Өйткені, Қазақстанның көптеген облыс орталықтарында 1933 жылдан кейін ғана ұлт театры үйымдастырылғанын ешкім бекер дей алмайды. Оның үстінен, Мирзоянның осы сөзінен кейін Қазақстан Халық Комиссарлар кенесінің Қазақстанда тұнғыш ұлт аспаптар оркестрін үйымдастыру жөніндегі қауалысы қабылданды.

Қауалыла оркестрді үйымдастыру жауапкершілігі Ахмет Жұбанұлына жүктелді.

Жауапкершілігі мол бұл жұмысты көптеген қындықтармен атқарғандығын Ахметтің сөзінен аңғардық. Оナン аңғарғанымыз, Ахмет байырғы қазакы домбыраның пернелері оркестр талабына қиғаш келгендейдіктен оның санын жиырмaga жеткізіпті. Домбыра тартуда оң қолдың соғу техникасын өзгертілті. Домбырашылардың музыкалық сауатын ашып, нотамен тартуга жаттықтырыпты. Жер-жерден талантты, тандаулы қүйшілерді жинастырыпты. Сөйтіп, құрамында 33 кісі бар қазактың тұнғыш ұлт аспаптары оркестрін ұйымдастырып, 60 кіслік қазак әндерінің хоры, 50 кіслік орыс әндерінің хоры және жеке әншілер мен бишілер тобының басын қосыпты. Сонымен, көзіргі Құрманғазы атындағы ұлт аспаптар оркестрі 1935 жылы 15 қантарда сахна шымылдығын көтеріп алғашқы концертін көрсеткен екен. Бұл концерттің қалай өткені жөнінде сөз қозғауды мақсат етпедік. Өйткені, сол концертке қатысқан Насыр мен Әбітайдың жазғанын оқырмандарға қалпын өзгерпестен жариялауды жөн көрдік. Өйткені, бұл екі азамат сол концертке қатысқан. Концерттің қалай өткенін өз көздерімен көріп, құлақтарымен тыңдаған, алған әсерлерін көркем суреттеген.



Н. Ергалиқзы

Сондықтан, негізгі тақырыбызга оралып, көз алдарыныңда маңдайы жарқырап, үш шекті домбыра тартып отырған қазақ қызы туралы әнгіме қозғамақпаз.

Ең алдымен, айтайық дегеніміз, Мирзоянның өзі бұл концертке қатыса алмаса да, оның ұлт оркестріне деген жанашырлығы мен қамқоршылығы. Дәл сол кезде Қазақстан Өлкелік комитетінің бюросы өтіп жатты. Бюорода талқыланып жатқан маңызды мәселені тастап (әділдігі керек, ол кезде бюро, пленум, конференциялар қызу айтыс-тартыссыз өтуі мүмкін емес) концертке кетүте ар-ожданы жібермеген болар. Бірақ, сондай күрделі мәселені талқыладап жатса да, ол қазақ ұлт оркестрін естен шыгармаңы, слеусіз қалдырмаңы.

Ілияс Қабылов пен Халық ағарту комиссарының орынбасары Шайқы Жантілеуұлын көрермендер мен оркестр ұжымын өз атынан құттықтауға жіберуі және өзіне арнап жасалған екі домбырашы Нагима Ерғалиқызына сыйлауы жоғарыдағы айтқан ойымыздың бірден-бір дәлелі болса керек.

Екіншіден, домбыра ұстап отырган қыз суретінің астына «Қазақ әйелдерінен жеке-дара шыққан домбырашы Нагима Ерғалиқызы» және Мирзоянның «қазақ әйелдерінен шыққан тұнғыш домбырашы, қазактың ұлттық музикасының шебері» деп берген бағалары тура-лы пікірмізді ортага салмақпыз. Өйткені, біз қараған құжаттарда Нагима Ерғалиқызы жөнінде жеткілікті дерек берілмеген екен. Оның кім екені, ата-тегі, қай жақтан келгені белгісіз. Біз бұл жерде Нагиманы руга не жергілікті бір аймаққа бөлу, не телу ниетіміз жоқ. Бұған бізді итермелеген жағдайлар болып тұр.

Оның біріншіе – қазақ музикашылары мен домбырашы-күйшілерінің өміrbаяндary. қызметтері жөніндегі жазылған әдебиеттерде Нагима Ерғалиқызы деген есімді көздестірмедік.

Екіншісі – қазақ музикасы саласын зерттеген, домбырашы-күйшілерді біледі деген бірқатар мамандармен хабарласқанымызда ондай есімді естімегендіктерін білдік.

Бізге бір нәрсе айдан анық. Ол – Нагима Ерғалиқызының шебер күйші екендігі даусыз. Олай дейтініміз – талғамы мол, қазақ музикасының тарланбозы, дирижері Ахмет Жұбанұлы Нагиманың шебер домбырашы екендігін мойындаған, таланттын, шеберлігін, күйшілігін жете таныған. Сонан кейін, жоғары мәртебелі адамның сыйлығына Ахмет Жұбанұлы ұсынған десек кім дауласа қояр екен? Оркестр мүшелерінің шеберлігін, қабілеттің Ахметтен артық кім бағалайды? Оның үстіне мемлекеттік жоғары лауазымды адамның сыйлығына лайықсыз, кез келген адам ұсынуға кімнің батылы жетеді? Ал, Мирзоянның өзі көріп білмеген (концертке қатыспағаны өз алдына) Нагима Ерғалиқызына өзіне арнап жасаған домбырасын «сен қазақ әйелі екенең» деп сыйлай салуы ақылга конысыз. Оның үстіне «жаленшеге берейік» деп сырттан тон пішушілерге де Мирзоянның сый ұсына салуы мүмкін де емес.

Сонда жұмбак болып тұрған Нагима Ерғалиқызы кім? Тұнғыш оркестрдің үйімдастырылғанына 80-жылға таянып келеді. Сонан бері ел жадынан, зерттеушілер назарынан неге тыс қалған есім деген сауалдар бізді тұйыққа тіреді. Оны іздестіріп, дабыл қағуға итермеледі. Сондайқтан алғын да өз ойымызды да ортага салуды жөн көрдік

Бізше, Нагима күй атасы Құрманғазының шәкірттері Батыс Қазақстан мен Атырау өніріндегі танымал күйшілер – Мәмен Ергалиұлының, әлде Ерғали Есжанұлының қызы болуы мүмкін. Өйткені, тақыр жерге дән өнбейді. Талант негіzsіз болмайды. Киелі өнер текесіз қонбайды.

Екіншіден, Нагиманың шашын қырқуы, киімі батыс үрдісіне ұксайды. Соған қарап Нагима Бекей ордасындағы не Атырау облысының бұрынғы Теңіз жағалауы 1, 2-округтеріндегі орыс-казақ мектептерінің бірінде оқып-тәрбие алған болуы мүмкін деген ойга жетелейді. Олай дейтініміз. Атырау, Батыс Қазақстан облыстарында сол кездегі іске араласқан, оқыған қазак қыздары Алма Оразбаеваға еліктеп шаштарын келтелеген. Қазақстанның басқа өнірлерінде бұл үрдіс едәүір кеш енген. Сондықтан басқа өнірден келген қыз болса Нагимадан ғөрі шашы өзгешелеу болуы тиісті дейміз.

Бізді ойландырған тағы бір мәселе – суреттің астына жазылған «казак әйелдерінен шықкан тұнғыш домбыраши» деген сөздер. Бұл сөздерге қараганда Ахмет Жұбанұлы да, Л.И.Мирзоян да бұл кезде Динадан хабарсыз болған. Тарихи дерекке сүйенсек, Ахмет Жұбанұлы 1937 жылы гана Смағұл Көмекбаевты жіберіп Динаны Алматыға алдырған. Ал. Нагима Ергалиқызының сахнага шығып «тұнғыш» атануы будан екі жыл бұрын.

Оған косымша айтарымыз. Дина 1937 жылы Халық өнерпаздарының республикалық байқауына тұнғыш рет қатысып бірінші жүлдеге не болды. 1939 жылы Мәскеуде откен Халық музика аспаптарында орындаушылардың бүкілодактық байқауында бірінші орын алды «Домбыраның Жамбылы» атанды. Дина есімі осы екі байқаудан кейін Атырау, Батыс Қазақстан өнірінен асып бүкіл Қазақстанға жайылып, елге танылды.

Сондықтан біз Нагима Ергалиқызын ұтт оркестріндегі кәсіби домбыраши ретінде 1935 жылы тұнғыш әйел болды деп ойлаймыз.

Бұл біздің «Дина тұрғанда Нагима қатайша казак әйелдерінен шықкан тұнғыш домбыраши болады?» деп сұраушыларға берер жауабымыз. Әрине, казак арасынан шықкан Дина мен Нагимадан басқа, қазак қыздарының есімдерін біз ұмытып отырғанымыз жок.

Ең соңында айтайық дегеніміз – Нагиманы іздестіру мәселесі. Біз ол жөнінде қаншама мұрагаттық құжаттарды, әдебиеттерді актарсак та, ол жөнінде бір ауыз сөз кездеспеді. Қыскаша айтқанда. Нагима Ергалиқызы ісіз жоғалған, елеусіз, ескеруесіз қалған. Тағдыры жұмбак. Ақкан жұлдыздай омірден откен секілді. Бізше. олай болуға тиісті емес. Өнердің белгілі шамширығы жаңғай жатып соңді деуте аузын бармайды.

Қалай десек те, Нагиманың тағдырында жүртшылыққа беймәлім құпия сырлар, жасырын жұмбақтар, қияпattyқ әрекеттер жатуы мүмкін деп ойлаймыз. Тіпті Дина Нұрпейісова сияқты Нагима атасының, не күйеуінің есіміне телініп кетуі де ғажап болмас.

Ендігі сенеріміз – ел. Бәріміз жабыла іздең кезінде дара шыққан өнер саңлагы Нагима Ергалиқызының өмірін, жұмбақ тағдырын анықтап, оны ұлттық мәдениетіміздің бір кірпіші етіп қалап, өз орнын тауып беруіміз керек.

«Ана тілі» газеті
23 қыркүйек 2004 ж.

Қайдасындар, көсемнің тебіренбес жүрегін елжіреткен өнерпаздар?

Бүкілодақтық ауыл шаруашылық көрмесі 1939 жылы шілде айының ортасында Мәскеуде ашылғаны тарихтан белгілі. Қолда бар дерекке сүйенсек, Қазақстанның сол кездегі басшылары бұл көрмеге апаратын мал шаруашылығынан қойылатын заттарды ғана дайындау ісімен шектелменті. Олар көрменің ашылу салтанатында ауыл шаруашылық саласында еңбек етіп жүрген өнер саңлақтарын дайындауды да естен шығармаған.

Республика бойынша топтан озған үздік домбырашы-қүйші, бұлбұл дауысты әнші, мың бұялған бишилерді жинап, солардан екі жүзден астам өнерпаздарды іріктепті. Бұл өнерпаздар алғашында Қазақстан павильонын көруге келген мәскеуліктерге «Қара торғай», «Өсеміз», «Жасасын, Конституция», т.б. әндерді құрамында 95 кіслік хормен шырқапты. 45 кіслік домбыра оркестрі «Сарыарқа», «Адай», «Көбік шашқан», «Қарасай» күйлерін күмбірлетіпті. Бишилер «Кізіз басу», «Колхоз биін» билепті.

Сейтіп, өнерпаздар казактың әндері мен күйлерін Мәскеу аспанауда аскактатып, бишилер жүртшылықтың таңдайын қақтырыпты. Қазақ өнерпаздарының танымал болғаны соншалық, олар мұнан кейін КСРО павильонының орталық алаңында, Мәскеу балалар театрында, Зеленый театрда, т.п.т. Үлкен театрда концерттерін қою абыройына ие болған. Соңғы Үлкен театрда өткен концертке И.В.Сталин бастаған партия, үкімет басшылары катысқан. Олар

қазақ өнерпаздарының творчестволық еңбектеріне риза болған. Әсіресе, оркестр орындаған Құрманғазының «Сарыарқа», «Көбік шашқан» күйлеріне И.В.Сталин қатты сүйсінген, жаны жадырап қатты қол соққан.

Міне, сол «Күн көсемнің» тебіренбес жүргегін елжіреткен сан-лақтардың қыз берін жігіттің суреті кездейсоқ жағдайда қолымызға түсті. Қыз – Дүсіпова Жұмағызың, бұрынғы Гурьев облысы Бақсай ауданы, «Путь Ленина» ұжымшарының мүшесі де, жігіт – Қаби Жұмағанбетов, әнші, қазіргі Атырау, бұрынғы Гурьев облысы Есбол ауданы «Улкен шағыл» мал серіктестігінің төрагасы.



Ж. Дүсіпова мен К. Жұмағанбетов
1939 ж.

1939 жылдан бері қаншама үлкен өзгерістер болды. Қанды қырғындар өтті. Аласапыран құйындар соқты. Соның салдарынан талай өнерлі, ардақты есімдер естен шықты. Ізсіз жоғалды. Олардың бір кездегі өнер саңлақтары екенін ілде біреу ғана біледі.

Мына суретті елімізге танымал, өнер зерттеуші Кәрима Сахарбаеваға көрсеткенімізде, ол Жұмағызды бірден таныды да: «Жұмағыз егде тартқанына қарамастан Құрманғазы мен Махамбеттің күйлерін керемет шебер орындастын күйші еді. Күйлерді өзгеріссіз қалыпта ойнайтын», - деп мақтады.

Кәрима Жұмағызды өзінің «Атырау – ән-күй мұхиты» деген еңбегіне енгізіп, бағасын беріп, музика тарихына жоғалмайтын белгі койған екен. Мадақтауга тұрарлық іс.

Сахарбаеваның жоғарыдағы сөзіне қараганда, көрмеге концерт беруге қатысқан өнерпаздардың қай-қайсысы да осал болмаған гой. Олай болса, 1939 жылғы Бүкілодактық ауыл шаруашылық көрмесіне концерт беруге қатысқан екі жүзден астам өнерпаздардың өмір жолдарын, суреттерін іздестіруге тұрады деп білеміз.

Амал не, бұлардың бізге тек есімдері белгілі болып тұрғандары Жұмағыз Дүсіпова мен Қаби Жұмағанбетовтен басқа Дәрібаева мен Қонаршиев (бұлар да атыраулықтар).

Сондықтан Бүкілодактық ауыл шаруашылық көрмесіне концерт қоюға қатысқандарды (өздері хабарласса құба-құп) білетіндер олардың өмірі мен еңбек жолдарынан деректерін, мүмкіндігі болса суреттерін жіберулерін сұраймыз.

«Ана тілі» газеті
16 желтоқсан 2004 ж.

Бір сурет, екі тағдыр

«Ана тілі» газеті 2004 жылы (16 желтоқсан №51-52) «Іздеу саламыз» айдарымен «Қайдасындар, көсемнің тебіренбес жүргегін елжіретken өнерпаздар?» деген материал жарияланған. Онда 1939 жылдың шілде айында Бүкілодактық ауыл шаруашылығы жетістіктері көрмесінің тұнғыш рет ашылу салтанатына концерт беруге Қазақстан көркемөнерпаздарының құрамында қатысқан Жұмағыз Дүсіпова мен Қаби Жұмағанбетовтің суреті жарияланып, «Бұлар кімдер, қай жерлік? Олардың өмірі мен еңбек жолдарын, деректерін білетіндер редакцияға хабарласса, мүмкіндігі болса суреттерін жіберсе» деген едік.

Мақала жарияланғаннан кейін, көп ұзамай редакцияға Жұмағыздың Алматы қаласында тұратын туған сіңлісі Зылиха Дүсіпова телефон шалды. Апасы Дүсіпова Жұмағыздың Атырау облысы Махамбет ауданында тұратындығын, газette жарияланған хабарды оларға жеткізетіндігін айтты.

Артынша Жұмағыз Дүсіпованың баласы Марат пен қызы Гүлшара Ещеновтар телефон арқылы хабарласты, кешікпей олардың хаттары да жетті.

Жұмағыз Дүсіпова 1920 жылы туған. Мектептің жеті сыныбын бітіріп, мектепте аға вожатый, бастауыш сынып мұғалімі, селолық кеңес атқару комитетінің хатшысы болған. 1941 жылдан бастап он екі жыл үзіліссіз Бақсай селолық кеңес атқару комитетінің төрагасы болған. 1940 жылы Ещенов Барыс деген жігітпен (ол 1984 жылы өмірден өткен) отау құрган. Алты баланың анасы (төрт қыз, екі ұл).

32 немеренің, 12 шөберенің, 3 шөпшектің әжесі атанған қадірлі қария. Балаларының бәрі де жоғары білімді.

Өз өмірі жөнінде Жұмағызы: «...Соғыстың ауыр жылдарында әйел адамға кеңес төрағасы қызметін атқару қынға соқты. Халықтың жағдайын білу үшін жауын-шашиң, қарлы боран мен ми қайнатар алтапты құндерде үнемі атқа мініп, ел аралап әр үйге өзім бардым. Баласын, қүйеуін соғысқа аттандырған, ішер асқа, киер киімге мұқтаж халықпен тіл табысу қайдан жеңіл болсын!? Сол қындықтарды жеңу үшін құн-тұн демей төраға ретінде ел араладым.

Ж. Дүсіпова

Жұдеген көңілдерін демедім. Қолымнан келген қамкорлығымды аямадым. Мен Сталин алдында домбыра тартып, бірнеше күй орындағым. Оған Сталин мейірлене қол соқты» деп жазыпты.

Жоғарыда айттылған суретте Жұмағызын бірге отырған Қаби Жұмағанбетовтің тағдыры, өмірі Жұмағызы Дүсіповаға карағанда ауыр да қасіретті болыпты. Қаби туралы Атырау облысы Индер ауданы Кулагин ауылынан зейнеткер Шамұрат Сапаров екі рет хат жіберіп хабарласты. Енді сол хаттарды қысқаша оқып көрейік.

«...Жұмағанбетов Қаби 1908 жылы Есбдл ауданы (казіргі Индер) Толыбай ауылы Нарын құмында дүниеге келген. Қаби ағамыз шебер әнші болуымен қатар, асқан мерген де еді. Бала кезінде Қаби ағаның атын ерттеп, қолына су құйып, әндерін талай тыңдаған едім.

Ағамыздың дауыс екпіні жоғары, ырғағын өте шебер келтіретін. Домбыраны әннің тек басталар кезімен аяқталар сәттерінде ғана сүйелмелге алушы еді. Саусақтары домбыра пернелерінде өте жеңіл, әдемі жорғалайтын. Қебіне Мұхиттың «Үлкен айдай», «Кіші айдай», «Зәуреш», «Айнамқөзін», халық әндерінен «Жалғыз арша», «Қара торғай», Қадыкеннің «Айтолқынын», Сейдекештің «Ақкайынын», Біржанның, Ауқаттың, Ергали Аязбаевтың әндерін айтатын.

Ағамызбен ең соңғы рет 1942 жылдың қантар айының бас кезінде кездестім. Майданға шакыртқан әскери комиссариаттың қағазы болса да, біздің үйге қонып жиналғандарға ән салып еді. Қаби ағамыз 1936 жылы Қазақстан өнерпаздарының онкүндігіне қатысқан. Сонда республикадағы өнер басшылары Қаби ағаны Алматыда қалуын, өнерін жалғастыруды сұраған. Бірақ отбасы жағдайына байланысты Алматыда қалуга мүмкіндік таппай елге оралып еді ол. Мұраларын ол кезде жазып алатын құралдардың елде болмағандығынан қанша әнлердің топыракқа мәнгі көмілгейніне көзір жаңымыз удай ашиды.



Қаби майданнан оралмады. Хабарсыз кетті. Ондағы тағдыры бізге белгісіз. Қабидың әкесі Жұмағанбет Мұсаұлы кедей шаруа, әнші, мерген адам болған. Анасы Салиха ауылдастарына беделді бәйбіше атанған. Қабидың зайыбы Мағрипа 1945 жылы сүзек ауруынан Гребеншик селосында қайтыс болды. Қабидың үлкен ұлы Жанұзақ 1950 жылы Жайық өзеніне суға кетті.

Сонан кейін Қабидың анасы Салиха Қабидың Шайхы, Аbat деген балаларын Батыс Қазақстан облысы Чапаев ауданы (қазіргі Ақжайық) «Алғабас» ұжымшарының Карагай ауылында тұратын ағайындарына кешіріп алып кетті. Сонда барғасын Қабидың кіші баласы Аbat қайтыс болды. Ортаныш баласы Шайхы 28 жасында (1964 ж.) өмірден кетті. Шайхыдан Капила, Жәрдем, Гүлнар, Тұяқ деген балалар қалды. Қазір олар сол Қарағай елді мекенінде тұрады» деп нақты деректерді жазыпты.

«Іздеу саламыз» айдарымен берілген мақалаға үн қосып, нақты деректер берген Зылиха Дүсіповага, Марат, Гүлшара Ешановтарға, Шамұрат Сапаровқа рахмет айтамыз.

«Ана тілі» газеті
9 маусым 2005 ж.

Осы сурет өмірдегі Біржанға қатты ұқсайды...»



Біржан салдың суретшілер салған әр түрлі суреттері бар екені баршаңызға да мәлім. Ал енді көз алдарыңыздығы Біржанның мына бейнесі жөнінде жақындаған Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрагатынан қызықты бір дерек, яки Біржан салдың өмірін зерттеумен ұзак жылдар айналысқан Қарта Қантарбайұлының ақын Әбділда Тәжібашевқа жолдаган хатын таптық (ҚРОММ 1724 кор. 586 іс).

Енді осы хатты оқырманлар назарына көз-камында ұсынуды жөн көрдік.

Қарағым, Әбділда!

Біржан салдың атағы айдай әлемге белгілі ғой. Біржанның бейне суреті қалмағанына ешкім күмән қылмас.

Сондықтан Біржанның суретін салдыруды, қалай, неге сүйеніп пайдалануды қарастырып, Біржанның балаларының бейне суретін іздел, 1962 жылы Степняқ қаласында тұратын адамдардан сұрас-тырып жүргенімде, ертеден дос, таныс Евдокия Евсеевна Бирюкова деген жеңгейден Біржанның балаларының суреті табылып, ол кісі маған 1924 жылы бірге түскен екі болек фотосын сыйлады.

Іздегенім табылып, жеңгейге көп алғыс айтып едім. Сол фотолар қолыма түскен соң Біржанның бейнесін салуды бейне салатын өнерпаздарға ақылдасып, ертедегі таныс адам, суретші Қастеев Әбілхан жолдасқа тапсырып едім. Әбілхан жолдас көп еңбек етіп, уәдесін орындаپ, салдың бейне суретін мына суреттегідей етіп салып шықты. Осы сурет өмірдегі Біржанга қатты ұксайды.

Біржанның артында екі ұл баласы қалған болатын. Олармен 1916 жылдан бастап танысып, бірге өсіп, біте қайнадық. Олармен бірге түскен фотоларымыздан салақтық етіп айрылып қалдық.

Біржанның ұлken ұзын Теміртас туралы: Теміртастың дене бітісі ұзын бойлы, еңгезердей сида, қара торы жігіт еді. Фотосуретін қараныз (*Бірақ, бұл фото істе жоқ – З.И.*). Оны жүрт «шешесінә тартқан» дейтін.

Біржанның әйелі Әпіш ұзын бойлы, ашаң өнді, ақыл иесі адам екен. Біржанның бір өлеңінде:

Үш кезге бойың жеткен биік аршың,

Үш жүзден таңдап алған ғашық жарсың.

Именбай ақ төсіңнен аймалатшы,

Ііскең шыбын жаным сая тапсын, - деуі тегін айтылмаған.

Біржанның кенже баласы Қалкен орта бойлы, ажарлы, дөңгелек жүзді, қағылез, сұлу жігіт еді. Фото суретін қараныз (*Бұл сурет те оқінішке орай істе жоқ – З.И.*). Қалкенді көрген қарттардың: «Япырай, салдың аузынан түсіп қалған. Дене бітісі, бет ажары, қасы мен қабағы, еріні, мұрны, сақал-мұрты нағыз салдың өзі!» - деп таңырқап отырғанын талай көрдік те. Ол адамдардың біразы қазір де бар. Қастеев Әбілхан жолдас Біржанның мына суретін сол Қалкен-нің фотосына қарап отырып салды.

Біржанның енді киген киімдері туралы: Біржанның суретіне, бірінші, Қалкеннің суретін пайдаландық. Екіншіден, жасы 35 пен 40-тың арасы, толық кәмелет кезі, домбыраға сүйеніп өлең айтқан, он салған. Салдықпен елден ерекше киген форымы осылай болар деп отырмыз.

Үшіншіден, Біржан мен Сара айтысында Сараның былай дегені бар:

Кәмшат бөрік, күдері белбеуі бар,
Көк торғын шапанды адам қарсы жүрді.

Солайша күдері белбеу, көк торғын қаптал шапанды алдық. Ал Біржан ән салғанда мойнына ақ торғын орамал орап алушы еді деушілер көп, соны пайдаландық.

Қорытып айтқанда, Қастеев Әбілхан жолдастың мына салған бейнесі жақсы салынды деп ойлаймын. Пікірізді айтсаңыз.

10.01.1964 жыл

Сәлем айтушы, Біржанның тарихын, өмірін, өнерін зерттеп жүрген қарт пенсияндер Қарта Қантарбайұлы.

«Қазақ әдебиеті» газеті
15 желтоқсан 1999 ж.

Ескерусіз қалған «Қазақстанға еңбегі сіңген әртіс»

Қазақтың «Өлдің Мамай – қор болдың», «Өлі арыстаннан – тірі мысық артық» дейтін мақалдарының мазмұнына ой жіберіп, талда-сақ бір романға, повестке, не іргелі әңгімелеген арқау болатын үфым екендігіне таяуда көз жеткіздік. Бұл тұжырымға итермелеген жағдай Қызылорда облысы Жалағаш ауданынан жетпіс желкесіне мінсе де, өкпесін сүйретіп іздел келген Энни Айтбалаевың (қыз кезінде Дүйсекова) егіліп, өкініп айтқан сөздері.

«Атадан алтау, анадан төртеу, жалғыздық көрер жерім жок» деп Абай атамыз айтқандай табиғатымызда әкеден жалғыз болмасам да (жастай бақылышқ өмірге кеткендерін есепке алмағанда әкемізден қазір 5 қыз, 3 ер бала бар), бірақ, әкеміздің мол мұрасын жарияладап, мәңгіге қалдыруға қаржым да, мүмкіндігім де болмады. Әкеміздің ер баласы да, қыз баласы да, киімді балалары – күйеулер де баршылық. «Үйден шыққан қыз, шиден тысқары» болды. Ер балалар келін-дердің ығын есті, күйеулерден сүйеушілік, демеушілік көрінбеді. Өзімнің қолымнан бар келгені әкемнің жарыққа шықпаған бірнеше кітап боларлық әндері, пьесалары, әңгімелерін, хаттарын сонғы өтей шешеміздің таставан жерінен жинастырып алдым. Қолга түспегені.

шашылған бүлінгені де қанша екенін де білмеймін. Өйткені жазған өмірбаянының 77-беттен кейінгі беттері жоқ. Онда не жазылғаны белгісіз», - дейді.

Ал енді қазіргі жастарға белгісіз Ғали Дүйсеков деген кім? - деген заңды сұраққа оның өз қолымен жазған қолда бар 77-беттік өмірбаян мағлұматы қысқаша мынадай:



F. Дүйсеков

Ғали (Мұхамедғали) Дүйсеков 27 желтоқсан 1900 жылы бұрынғы Семей облысы Жарма ауданында Бейсенұлы Дүйсектің отбасында өмірге келген. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісін, актар мен қызылдардың шайқасын, Қытайға қарай елдің босуын өз көзімен көрген. Ауыл молдасынан арабша хат таныған. Әншілікті Қондыбай деген әншіден үйреніп, тәлім алған.

1919 жылы Семейде 15 күндей, 1927 жылы 9 айлық мұғалімдер курсын бітіріп Семей өніріндегі мектептерде мұғалім болған. 1932 жылы Алматыға келіп ҚазПИ-ге түскен.

«Бұлақ көрсөң – көзін аш» дегендей Есмағамбет Исмаилов пен Жасақбаев Ғалидың таланттын танып, елімізге белгілі композитор Ерзаковичпен таныстырыған. Ерзакович Ғалиды атақты әншілер Иса, Құләш, Әміре, Жұсіпбек, Ибрагимова, Куан Лекеровтермен бірге радиога әнші етіп қабылдаған.

Кейін Дүйсековтың актерлік қабілетін сезген F.Мұсірепов – F.Дүйсековты театрға шақырған. Ол Алматыда алғаш ашылған Музыкалық драма театрында F.Мұсіреповтың «Айман-Шолпан» пьесасында Арыстанның, «Арқалық батырда» Шұбай батырдың рольдерін ойнатпabyroyғa ие болған. Радио мен опера және балет, драма театрда сахна саңлақтары – Құләш, Құрманбек, Иса, Әміре, Жұсіпбек, ағайынды Абдуллиндер, Қадиша Бекеева, О.Жұмабеков, Г.Қазақбаевалармен бірге сибек етіп, олардың ыстық ықыласына боленген.

Ғабит Мұсіреповтың театрдан жібермеймін деген қарсылығына қарамастан білімін жетілдіру мақсатымен Ленинград театр училищесіне түсіп, оны 1938 жылы бітірген. Ленинградта жүріп «Махаббат және зұлымдық», «Чапаев», т.б. пьесаларды екі тілде дайындағы опера театрында қойған.

Кейін үкімет қаулысымен жаңадан ашылған Шымкент облыстық драма театрына Ғалиды әртіс етіп жіберген. Өмірінің бар саналы жылдарын сол театрда өткізген. Осы театрдағы табысты еңбектері үшін Қазақ ССР Жоғарғы Кенесінің Құрмет Грамотасымен және 1944 жылы «Қазақ ССР-ның еңбек сінірген әртісі» деген атақпен маралпатталған. Алайда осындай дәреже алған өз замандастары әнциклопедияға енгізілсе. Дүйсековке бұл абырой бұйырмалты. Ол өз өмірінде тек адалдық үшін күрескен. «Тура айтсан туғаның да жақпайсың» дегендеге есейген шағында оны қудалаушылар да болған. Сондықтан Павлодар қаласындағы туыстарына көшіп кетіп сол жақта 20 маусым 1982 жылы қайтыс болған.

Қысқа қайырганда – Дүйсеков тұма талант. Шебер ұйымдастырушы. Олай дейтініміз оны арнайы білімі болмаса да Ерзакович бірден әнші етіп қабылдаса, Ф.Мұсірепов: «Сен оқымаған тұа біткен талантты әртіссің, училищеге бармай-ақ қой», - деп окуга жібергісі келмеді. Ленинградқа барған бойда, мұнда бұрын оқып жүрген казақ жігіттері Дүйсековты бірден «Казземлячество» төрагасы етіп сайлады. Дүйсеков сол землячество жаңынан Қазақ драма үйірмесін ұйымдастырып, Ленинградтағы завод-фабриктерге бірнеше рет концерт берді. Ленинградтағы «Шығыс халықтар үйі» жаңында аз ұлттар үшін ашылған мектепте қырғыз балаларына дәріс оқыды.

Ал енді Ғалидың өнерге құштарлығы, сахналық танымы, актерлік өнері, сазгерлігі қандай дегенге келсек ол да жүрдім-бардым айта салатын нәрсе емес. Ең алдымен актерлік таланттың айтар болсақ, ол тапсырылған рольдерге аса жауапкершілікпен қарайтын, сөздерін шешен тілмен анық айтуға ұмтылатын, әр сөздің астарына үніліп, мазмұнына мән беретін, өмір бойы ізденетін. қызу қанды, жігері жалын ататын актер болған.

Бұл сөздерді Шымкент театрының директоры Л.Берещук пен бас режиссер Г.Хайруллинаның Ф.Дүйсековке берген мінездемесі нақты дәлелдейді. «Ол, - дейді мінездемеде, - «Махаббат пен зұлымдықта» – Буырманың, «Қозы-Көрпеште» – Жантықтың, «Қызы Жібекте» – Шегенің, «Шоқан Уәлихановта» – князь Чернышевтың, т.б. образдарының жаңа қырларын шебер шығарды».

Екінші бір дерек бір қойынымда бір әртістің үш рольді бірдей ойнап, көрмермендерді таңдаңдыруы театр тарихында болмаған

жағдай. Мәселен, «Абай» пьесасында бір койылымда бірде Бөжей, бірде Тәкежан, енді бірде Біржан сал болып үш рет кімін, сонша рет мінез-құлқын өзгертіп театр сахнасының тарихына жаңалық енгізген. Бұл жағдай тек бір-ақ рет қайталанбаған. «Айман-Шолпанда» – Көтібар, Әлібек, Арыстан секілді бір-біріне керегар үш батырдың образын жасаса, «Еңлік-Кебекте» – Кенгіrbай. Қебей билер мен Абыздың образдарын әп-сәтте құбылтып, олардың ой-тұжырымдарын, іс-әрекеттерін сахнада сан құбылтып бейнелеу тәсілдерімен айшықтаған. Бұндай дарын екінің бірінің маңдайына бұйыра бермейтін оқшau көрініс.

Бір сөзбен айтқанда М.Әуезовтың, Г.Мұсіреповтың, С.Мұқановтың туындыларымен қатар әлемге әйгілі Островскийдің, Гогольдің, т.б. жазушылардың пьесасында 55 рольді ойнап, театр тарихында елеулі із қалдырган.

Сонымен қатар жазушылық, ақындық, сазгерлік саласындағы еңбегі де атап өтуге тұрарлық. Алғашқы кітабы – «Тұған өлке» 1975 жылы жарық көрген. Қазіргі күн «Ақыл мен тіл алып тауды жығады» деген төрт актілі 16 картиналы музикалы комедиясы қолда сақтаулы. Сонымен бірге 275 әңгіме жазған, оның 75-і Қазақстан Фылым академиясының қорына тапсырылған.

Фали 70-ге жуық әннің авторы. Бір назар аудараптық мәселе «Қош бол көргенше», «Тамаша», «Жан жарым», «Жынды көбелек», «Күлім көз», «Мен сүйсем» әндерін еліміздің белгілі композиторы Ерзакович нотага түсірген. Бұл әндер Фалидың өзі жазған мәтіні де, әуені де көркемдік жағынан талапқа сай болғандықтан көп уақыт радиодан беріліп тұрған. Бірқатар өлеңдері «Казахские советские песни» жинағына (131 бет) енген.

Фалидың бұдан басқа айтылмаған қырлары да болуы мүмкін. Ол зерттеуді қажет етеді.

Алайда еліміздің театр саласындағы майталмандарының бірі Фали (Мұхамедғали) Дүйсековтың күні бүгінге дейін еңбегі еленбей естен шығарылуы ең алдымен Қазактың Абай атындағы опера және балет театры мен Шанин атындағы Шымкент облыстық драма театрының ұжымдары мен туган елі семейліктерге, мәңгілік тыныс тапқан орны павлодарлықтарға, саналы омірін жұмсаған шымкенттіктерге, қала берді театр, өнер саласын зерттеушілеріне сын.

Олай дейтініміз, «біреулер атының басын теңгеріп жүрсе, енді біреулер атасының басын өңгеріп жүреді» дейтін қазакта сөз бар. Сол секілді қазіргі кездегідей атасының басын өңгеріп дәрежеге жетіп жүргендегер сиякты емес. қенестік кезеңде талай сүзліден отін атының басын теңгеріп, тіпті атының басын өздіратьындар-

дың ғана қолы жететін «Қазақ ССР еңбек сінірген әртісі» деген құрметті атақ алуы неге тұрады?

Оның үстіне ол кезде СССР Мәдениет министрлігінің Бүкілодактық «Мелодия» грампластинкасына туындысын шығаруға екінің бірінің қолы жетпейтіні белгілі. Бірақ бұл дәрежеге Ғ.Дүйсеков ие болған. Оның М.Т.Ташмұхамедов атындағы Бүкілодактық «Мелодия» грампластинка зауытынан өз орындауында «Ақ Баян», «Күлім көз», «Неге жуық келмейсін», «Әнші қарындас», «Сырлы көз», «Туған өлкө» әндері пластинкада жазылып шығарылған. Бір назар аудараптық мәселе өзінің өмірбаяндық 77 беттік жазбада әр әндерінің туу себептерін нақты жазған. Оны арнайы әңгімеге арқау етерміз.

Реті келгенде айта кетейік, Гали Дүйсеков таланттын кезінде тек қазақстандықтар ғана емес, көршілес өзбек ағайындар да зор баға беріп, оны қазақстандықтардан қолқалап сұраган. Оны Өзбекстанға алдыруға Өзбекстанның атақты әртісі Қалима Насырованы да араға салған. «Филармонияға басшы етеміз, әсем үй, жоғары мөлшерде еңбекақы береміз», - деп те қызықтырган. Бірақ оған кезінде қазақстандықтар Галидың жолына тоскауыл қойған.

Алайда Галидың 80, 90, 100 жылдық мерейлі мерекелері атаусыз қалды. Тіпті оның бақылық болғаны туралы мәңгілік тыныс тапқан жері Павлодардан, туған елі Семейден, қызмет еткен орны Алматы мен Шымкенттен қазанама да берілмегені де өкінішті. Біз бәріміз де пендеміз. Мәңгі ешкім де тұрмайтыны әлімсақтан белгілі емес пе. Қазір бұл фәниден өтлейтіндей болып жүрген белгілі, беделді азаматтарды бақылық болғаннан кейін есімізден шығарып, ескерусіз қалдыра берсек, келешегімізге сын, адамгершілікке мін емес пе?!

Бізше, Гали Дүйсеков сынды тума таланттың театр саласында лайықты өз орнын, бағасын алуға, әңгімелері мен жинақтары баспадан шығуға тиісті. Оған оның сінірген еңбегі лайық. Оның үстіне тұрған үйіне, қызмет атқарған ғимараттарына ескерткіш тақта орнатса несі айып? Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі, «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру жоніндегі қогамдық кенес Дүйсековтың мұраларын шығаруды жоспарға енгізсе, қалталы азаматтар бұл жөнінде өз үлестерін қосса нұр үстіне нұр болмас па еді?

«Ана тілі» газеті
23 ақпан 2006 ж.

Ой орнектері



К. Құзембай

Қабылхан Құзембай өзі айтқандай:
...Дегізбеспін ақындық мінбесіне,
Тағы да бір жүр екен күйкі ұмтылып,
- деген шайпау сөзді естімеу үшін әдебиет әлеміне сертпен келген ақын.

Оның өлеңдеріндегі өмірге деген інкәрлік, көңіл қайнарынан шымырлап шыққан шумактар соның күәсі.

Кезінде қазақ кенес әдебиеті шаңырағының алтын уықтары саналған Қ.Бекхожин, С.Мәуленов, Қ.Шаңғытбаев, М.Макатаев, Қ.Ыдырысов, т.б. Қабылханның ақындық таланттың таныған, онды пікірлерін жазған.

Сондықтан біз ақынның кезекті жарық көрген «Азаттықтың оралуы» деген өлеңдер жинағына оқырман ретінде назар аударуды жөн көрдік. Ақынның бұл жинағы «Алтын кітап» және «Азаттықтың оралуы» деген екі бөлімнен тұрады. Екі бөлімге екі жүздей өлеңдері, толғаулары енген.

Қай өлеңін оқысаңыз да ақынның өз ұлтын жан-тәнімен сүйгендігіне көзініз жетеді.

Мәселен, «Қазақстан – анам сен» деген өлеңінде:

..Қазақстан – анам сен, көтеремін төбеме,

Жолында өлсем шейітпін, карыз деп құн төлеме,

- десе, енді бір өлеңінде:

..Қазақ демесем қаны бір

Жауыз де мені жаны кір,

- деп ашына айтса, енді бірде:

...Мен тұтас халқымдікі, бөлінбеймін,

Халқым деп от жүрегім тұр алаулап! - дейді.

Міне, ұлтының киелі қасиеттерін, тәлім-тәрбиесін бойына терен сінірген ақынның ғана жүрегі халқым деп осылай соғып, «алаулап жануу» мүмкін.

Қабылхан «Шамырқану» атты бір өлеңінде:

...Дүниеге келген жоқсың көбейтуге,

Өмірдің топасы мен тоғышарын,

- десе, енді бірінде «ұлтын сүймеген ұл өмес» деп, азаматтардың ұлттық намыс-жігерін қайрай түседі, жар салады.

Қабылхан өлеңдерінің тақырыбы алуан түрлі, сан қырлы, көркем, кестелі. Ақынның «Алтаймен коштасу» деген оленин тұған жерді аялаудың жоғары көрінісі деуге болады. Әсіресе, «Жүрегімнен

өргендей қымбат еді әр малың» немесе «Құрық керек болса да, қимашы едім кесуге» деген сөз тіркестері «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламадағы» ел зарымен жалғасып жатқанына шұбә келтіре алмаймыз.

Қазақ даласының әсем табиғатын, жыл мезгілдерін, аңдары мен құстарын, өлең-жырларына арқау етпеген ақындар кемде-кем. Солардың бірде-бірінің назарына ілікпеген борсық, бүйі, қарақұрт, қарашіркей Қабылхандық уыздай сезіммен суреттелген. Олар оқырманның көкейінен шығатындаі әлеуметтік-қоғамдық мазмұнға құрылады. Мәселен,

...Төрт аякты борсықтан

Елге келер зиян жок...

...Екі аякты борсықтың,

Бітпейді жұртқа залалы,

- десе, келесіде осы ойын онан әрі жалғастырып:

Біреулер бүйіден де жаманырақ,

Еліміз, жерімізге тор құрады, - дейді.

Немесе, «Аман жұрсін қаракұрттарым» деген екі-ақ шумак өлеңіне қашама ой сыйғызғанын оқып көрейікші:

...Үдетіп қаракұрттан да қап-қара қаралықтарын,

Тілейтін алмас көздердің қарауытқанын,

Қаныпезер, қаскөйлер құрысын,

Зиянсыз анға, құска да

Аман жұрсін қаракұрттарым, - деп түйеді.

Шеберлік деген осы емес пе? Шын мәніндегі терең ойдың бүлкүнисі осылай болса керек, осындай терең ойдың толқыны әкелген өлеңнің бірі – «Қара шіркей». Біздің жерімізге, ұлттымызға, ұрпағымызға жоғарыдағы бүйі, борсық, қаракұрттан да ең қауіптісі қарашіркей сындылар екенін байлай ескертеді:

...Қаптаған қара шіркей быжынап,

Құртпаса бір күн дүниес-ай, үрімбұтак-тұқымды,

- деп жүрегі тітіркенеді, келешек апаттан сескенеді.

Бұл қысқа тіркестермен ақынның нені мензеп, нені тұспалап отырғанын жіліктеп, талдаудың қажеті болмас.

Жинакқа енген бірқатар өлеңдер қазіргі замандағы экология зардалтарына ақын жүргегінің сыздайтынын айқын көрсетеді.

...Тозақ болып барады, жердің беті қарадай...,

...Алақанмен жамар кім, шұрқ тесік төбені?! - деп аландаиды.

«Еліктің еніреуі» деген өлеңінде:

...Елігім деп еркелстетін ел жок.

Жер жок, сыймадық тауга да, тасқа да.

Ойда – қамыс, қоғага да.

Алла-ай, Алла, Алла-ай, Алла!

- деп, еліктің өзіне тіл бітіріп, панасыз, қамқорсыз қалған жетім баладай зарлатады.

Біз Қабылханның шығармашылығына толық талдау жасауды мақсат еткен жоқпыз. Ол зерттеушілердің үлесіндегі мәселе. Солай болса да реті келген соң жинакка енген өлеңдері мен толғауларының көркемдік бітімі, тілі, суреттегу тәсілдері жөнінде өзіндік ерекшеліктері бар екенін тілімізге тиек еттік.

Қабылханның сөз бейнелеуінде де ерекшеліктері бар. Мәселен, «қайыс бет», «қайыс кеуде», «акша бұлттар шудасы желкілдеген, атандардай аспанда бүйдаланған», «гүл көрпеге сөзімді көп орадым», «арыстан қорықканнан арыстанның табанын жата қалып жаламайды», «қара жерде де жетеді, жалмаңдаған акула», «қалай айтам жанымда, адам жоқ деп ит басты», «қара тастың да жүргегін идіріп», «Абай – ми мен ақыл емшісі» деген ой ірімдері, азаматтық асқақ ой өрнектерімен кестеленген. Қабылхан кестелеген өрнектер өз оқушысын табатыны сөзсіз.

«Қазақ әдебиеті» газеті

23 желтоқсан 2005 ж.

«Ана тілі» газетінің ұш сұрағына жауап

1. Қазіргі реңми қазақ тарихы ақиқат па?

Қазақ тарихын ақиқаттан алшаш деп кесіп айтута болмайды. Тек ақиқат сүрлеуінің көмескі ізі ғана бар. Оған дәлел:

Біріншіден, қазактың төл тарихын қазақ ата-дәстүрін жүргегіне сақтамаған, қазақ халқының мұң-зарын, қайғы-қасіретін сезінбеген өзге ұлттар жазды. Қазақы қаны жоқ кісі ұлт тарихын тебіреніп жазбайды.

Екіншіден, қазақ тарихын күні бүгінге дейін жасап жүрген кейбір қазақ ғалымдары төл тарихымызды орыс тілінде жазды. Коммунистік идеологияның сыйығынан аттай алмады. Қазақ тарихын зерделеп жазуга «сиянайның» ғалымдардың батылдығы мен табандылығы жетпеді.

Үшіншіден, коммунистік идеология сүйегіне өтіп кеткен кейбір ғалымдар: «Маркс, Энгельс, Ленин армандаған социализмді қорғаймын, оларды жоққа шығарушылармен келісе алмаймын» деп жүр. Мұндай көзқарас тарихты жасаушыларға «әлі де байқандар» деп ескертетін сиякты.

Төртіншіден, бізде тарихшы ғалымдар жеткілікті. Бірақ, олардың барлығы дерлік кезінде қорғаған тақырыптарының айналасын шиырлаудан әрі аса алмай жүр.

Бесіншіден, шетелдердегі және таяу шетелдердегі архивтердің қазақ тарихына қатысты материалдары жеткіліксіз болса да бір-жақты, тек Коммунистік партияның көздеген саясатына нұқсан келмейтін жақтары ғана іріктеліп алынған.

Алтыншыдан, тарихтағы әділдікке көз жеткізу үшін ағын да, қарасын да қаз-қалпында көрсетіп жазу жетінкіремейді. Егер қаз-қалпында көрсетіліп жазылса, тарихи шындық сонда ғана ашыла туследі.

Жетіншіден, ғалымдардың көвшілігі орыс тілінен басқа шетел тілін жетік біле бермейді. Сондықтан төл тарихымызды жасауда ертеректегі аудармашылардың еңбектерімен қанағаттануда. Бұл тұргыда аудармашының ойы, түйсігі, ұлтқа көзқарасы, т.б. ескерілуі туіс.

Сегізіншіден, соңғы кезде ауызекі әңгімеге негізделген, ешбір құжатпен дәлелденбеген «бәленше батыр, түгенше шешен, хандар откен еді» деп кітаптар жазу етек алуда. Бұл тарихты шатыстыруы ғажап емес.

2. Ақиқат болмаса, сіздің көзқарасыңыз?

Салихалы, зерделі қазақ тарихы болу үшін Англия, Египет, Арабия, Венгрия, Қытай, Монголия, Америка, Испан, т.б. шетелдермен Санкт-Петербург, Қазан, Мәскеу, Орынбор, Омбы, Том, Астрахан, Тәшкент, т.б. қалаларындағы архив қорларындағы қазақ (түрк) тарихына қатысты деректерді шетел тілін білетін мамандар арқылы жинактаса дұрыс болар еді.

3. Болашақ қазақ тарихын қалай жасауға болады?

Қазақ тарихын жазудағы кемшіліктерді толықтыру үшін алыс шетелде жүріп қазақ (түрк) тарихын зерделеп, зерттеп жазып журген ғалымдарды шакырып, қатыстырса тың деректермен, белгісіз құжаттармен толығар еді.

«Ана тілі» газеті
12 наурыз 1998 ж.

Архив бар жерде ақиқат бар

«Қазақ әдебиеті» газетінің арнаулы тілшісі Әмірхан Мендеке таяуда байырғы мұрагатшы, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрагатының жауапты қызметкері Зияда Ижановпен республикамыздағы архив ісінің жай-жапсары жөнінде әңгімелескен еді. Енді осы сұхбатты назарларыңызға ұсынамыз.

– *Зеке, архивті көбіміздің «көрексіз қағаздардың қойнасы» деп түсінетініміз де рас...*

– Ең әуелі «архив» сөзінің басын ашып алайық. О баста бұл сөздің «мұрагат» деген ұғымы терең, ұлттық қадір-қасиетімізге етene таныс айқын баламасы болса да пайдаланбадық. Кезінде «мұрагат» сөзін Қазақстан Орталық мемлекеттік мұрагатының бұрынғы басшылары С.Байжанов пен М.Хасанаевтар айтқанымен, заңдандырып, өндіріске, тілімізге ендіре алмаған.

Кейін Қазақстан Республикасы Сенатының депутаты Ж.Кәрібайұлы «архив» сөзін «мұрагат» сөзіне ауыстыру жөнінде Мемлекеттік терминкомге ұсыныс жасады. Соған сәйкес Терминком 1998 жылы 24 қарашада «архив» сөзін «мұрагат» сөзімен ауыстыруға шешім шығарып бекітті.

Осымен жалғас жатқан тағы бір жай бар. Күні бүгінге дейін Қазақстан мұрагатының құрылғанына екі ғасырдан акса да, оны мойындаған, Қазақстанның мұрагат ісін «В.И.Лениннің 1918 жылғы 1 маусымдағы «Россия Социалистік Федеративтік Кеңес Республикасында архив ісін орталықтандыру және қайта құру туралы» декретінен бастау алады» деушілердің күцкіл сөздері бар.

Шындығында, бұл дұрыс емес. Себебі, қазақ мұрагатының негізін Бекей хан 1794 жылы қалаған. Тіпті, Исадай батырдың жеке мұрагаты да болған. Оларды Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрагатында сакталған құжаттар айқатайды. Сондықтан республикамыздың мұрагатының құрылғанына 205 жыл деп батыл айта аламыз. Және айтуымыз да керек.

1998 жылға дейін еліміздің мұрагаты заңмен рәсімделмегені рас. Кеңестік үкіметтің шарықтап тұрған кезінде мұрагат жөнінде 350-ден астам нұсқаулық, басшылық актілер шығарылғанымен мұрагат ісі жөнінде арнаулы заң қабылданбаған-ды. Қазақстан егеменді мемлекет болғаннан кейін Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев 1998 жылды 22 желтоқсанда «Ұлттық мұрагат коры жөні мұрагаттар туралы» арнайы заң жариялады.

ЦЕНТРАЛЬНОЕ КРАСНОМУ АРХИВУ

Букаевский Архив организовался со време-
ни основания Бишкекской киргизской Орды т.е. с 1794 г.
Как видно из разобранных Архива, что первоначально би-
знес собирался ханами, но со смертью хана Кангира Бугаса
с заседанием временного Совета Бишкекской Киргизской
Орды т.е. с 1840 г. архив перешел в ведение Совета. Но
к 1870 г. архив по-видимому несколько раз пересматривался
комиссией и не нужные дела уничтожались. С 1871 г. Архив
вновь комиссии не разбирался и не уничтожался, судя по
различным изображениям одесского архивного материала собирался
и содержался в порядке. Но, в 1917 г. архивных дел материал
был разбросан много, что требует реформации архива. Переборажи-
валось несколько раз из-за помещения в помещение и расстаски-
вались все же имеет группу бумаг, приблизительно около
1000 листов. Оставшуюся группу архивного материала в октабре
Год 1923 г. Зав. Архивом Бредихин перезвездил помещение про-
филью, а т. П. Рогостенский около 30 листов разобрал по
некоторым экономической, юридической, военной, политическо-
му историко-литературному.

Был безпорядочную массу 20 декабря 1923 г.
днял опять новый Зав. Архивом т. Дацко
Частая переписка Зав. Архивом произошла
вследствии по недостатку обезличенности оглавле-
ния, поэтому предложено в статье дробить титул
о одного Завархивом.

Енді бірнеше күннен кейін мұрағаттар туралы занның қабылданғанына бір жыл толады. Бауыржан Момышұлы «Құдай бар, архив бар» деп тегін айтпаган. Мұрағаттың не екенін осы сөзден-ақ түсіне беруге болады.

Алайда, мұрағатты керексіз қағаздардың қоймасы, өлі дүние деп түсінетін тоғышар шенеуніктер арамында аз емес. Мұндайлардың теріс көзқарастары республикамында мұрағат ісінің өркендеуіне елеулі түрде кесірі тиіп те жүр. Меніңше, мұрағат – сандық та, қойма да емес. Ол – ғылымның барлық саласына қатысты құжаттардың көзі, халқымыздың өшпес мұрасы, еліміздің байлығы, асыл қазынасының бірі.

Қазіргі күні республикамында 24 мемлекеттік мұрағаттар, оларға қарайтын 48 филиал. 178 қалалық, аудандық мұрағаттар бар. Оларда 60 мыңға таяу қор, 14,5 миллионнан астам істер сақталуда. Мұның үстінде республика қөлемінде еліміздің тарихын толықтырудың бірден-бір көзі болып табылатын 8612 ведомостволық мұрағаттар жұмыс жасайды. Оларда басшылық құжаттамадан 1405503 дана, ғылыми-техникалық құжаттамадан 1 миллион 58 мың 752 дана, графикалық техникалық-ғылыми құжаттамадан 1 миллион 132 мың 588 дана, дыбыс-жазба құжаттамаларынан 243 мың 285 дана, жеке тұлғаларға қатысты құжаттардан 1 миллион 711 мың 106 дана сақталып тұр. Міне, көріп тұрсыз ба, 20 миллион 51 мың 234 құжат халқымыздың тарихына, мәдениетіне қатысты мәселенің бәріне де жауап береді.

Қазақстан Республикасының бір ғана Орталық мемлекеттік мұрағатының жеке қорларында республикамындағы мемлекет, қоғам кайраткерлері және халық шаруашылығы мен тарих, әдебиет, өнер салаларына еңбегі сінген 1000-га тарта тұлғалардың 130 мыңға жуық істері шоғырланған. Қазақтың ірі тұлғалары өз мұраларын халықтың, мемлекеттің асыл қазыналарының бірі деп, мұның игілігін жалпы жүртшылық, келешек ұрпақ көрсін деп есептеп, өз құжаттарын, мұраларын мұрағатқа тапсырып отырған.

– «Жеке тұлғалардың құжаттары» дегеніңізден шыгады, Зеке, қазақтың ірі тұлғаларына қатысты құжаттар қай жылдардан бермен қарай сақтала бастаған?

– Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағатта 1733 жылдан бастап күні бүгінге дейінгі құжаттардың дені сақталуда. Атап айтқанда: Ресей ешісі майор Угрюмовтың жонғар ханы Галден Церенге барған сапары жөніндегі жазбалары, Орынбор, Дағатық және Түркістан генерал-губернаторларының анкай өлге арамза ресейлік саясатын енгізуі. 1794-1868 жылдар арасындағы

№10^н Шура.
"Пашинского рода Куракова
отдыхающий
На Батташт, Кукрүкш., Ф. А.
Шакирх и Досситшакшт.

10.	Мысичембет	Мысичембет.
	Нурадай	Казумадасъ.
	Актурунбай	Казымбасъ.
	Доссиван	Амурасунбасъ.
	Доссанбек	Амурасунбасъ.
	Козембекъ	Козасунбасъ.
	Сарынж.	Канбасъ.
	Сиркебай	Канбасъ.
	Деренъ	Канбасъ.
	Камкашибай	Жилембасъ.
50.	Басимбай	Кударасъ.
	Буктакъ	Досситшакш.
	Ирдесъ	Доссаншакш.
	Барынбай	Колитовасъ.
	Жандасъ	Колитовасъ.
	Курманбай	Сапкинъ.
	Орусанъ	Баймурзинъ.

3. Ижановтың атасы – Жантілеу Құлбаракұлының есімі жазылған тізім, 1868 ж. (КРОММ 232 кор, 1 тізімдеме, 3-а іс)

Әбілқайыр, Бекей, Жәңгір, Кенесары, Сырым, Қаратай, Арынғазы, Қайыпқали Есімов, тама Есет Қекіұлы, Есет Қөтібаров, Жоламан Тіленшіұлы, Досан Тәжінев. Исадай Тайманов, Махамбет Өтемісов, т.б. туралы тарихи деректер аз емес. Тіпті. 1897 жылдан бергі уақыттағы халық саны, мал есебі, базардағы нарыктың бағасынан бастап, 1921-1922, 1932-1933 жылдардағы көмүсіз қалғандар, еліміздің бостандығы үшін құрбандыққа шалынғандар, ағаш атқа жіп құйысқан таққан әпербақан саясаттың алуан түрін дәлелдейтін құжаттар да жеткілікті.

– Ұлт құжаттар қай тілде жазылған?

– Қазақ, орыс, ұйғыр, қыргыз, өзбек, татар тілдерінде. Араб тіліндегі қолжазбалар да бар. Ең ерте қолжазба 1793 жылдан басталып, күні бүгінге дейін жалғасып келеді. Олардың ішінде Жәңгір, Кенесары, Елкейхан, Жанқожа батыр, Есет батыр, Шеген бидің қолжазбалары көненің көзі ғана емес, тарихи мәні зор мұра болып сакталуда. Ұлтарға қосымша араб, парсы, қытай, манчжур құжаттары да біршама барышылық.

Сонғы кезде «Қазақ әдебиетінің» мұрагат құжаттарына назар аударуы жүртшылықты сүйсінтиде. Мұрагат койнауында жаткан, бүгінгі ұрпак түтіл аға ұрпактың да талайына белгісіз хаттар мен тарихи деректерді. «асыра сілтеу болмасын, аша түк калмасын» деген әпербақан саясатты ел-жүртқа таныстыру – илгілікті іс.

– Осы жерде сөзіңізің болғайтін. «Қазақ әдебиетінің» бетінде ірі мәдени-әдеби тұлғатарымыздың алі еш жерде жарияланбаган хаттарын, құнделіктерін бере бастағанымыз да рас. Бірақ, кей-біреулер «Мыннап откенді қайта қоңырсытып жатыр!» деп айғай шыгарып жүр...

– Эріне, мұндай сирек құжаттар бірсыныратарымыздың шымбайына батып, китығына тиоі ғажап емес. Қалай дегенмен де ол материалдар біле-білгенге «Ей азamat, киянат жасама, өсек тасыма, жікшілдікке салынба, өткінші саясаттың құлты болма, өмірде өз орынды біл, ауызбірлікте бол, халқынын мүддесі үшін төр төк, олай болмаған күнде сенін ләнилік өмірдегі істеген киянат, кесаптың тек өзіңмен кетпейді, артында қалған ұрпағының, туғантуыс, ағайын-жеккетатынның бетіне шіркеу, сүйегіне танба болады!» деп ақыл айтЫП, тәрбие беріп тұрған жок па!

Оның бірден-бір дәлеліне алыска бармай-ак таяуда «Қазақ әдебиеті» газетіндегі Мұхтар Шахановтын «Елтай Ерназаров кім, немесе Голощекин феномені» деген макаласынан табута болады. Соңда 1928 жыны байларды тәркілеуден і Ерназарға үшінші-серектен М.Шаханов мұрагат деректеріне сүйсініп дәлелдейтін. Бірнеше жын-

даған жазықсыз жандардың қасіретке ұшырағанын нақты көрсеткен. Мұхтардың бұл сөзін мен де тірілтейін. Оған Е.Ерназаровтың Шымкенттегі Қазақстан Өлкелік Орталық атқару комитетінің өкіліне, округтік ГПУ бастықтарына 1928 жылы 17 және 28 қараша күндері жолдаған мына жеделхаттарын дәлелге келтіремін:

«...Тізім бекітілді. Бадам ауданы бойынша есептен түсіп қалған Исақ Сармановты тізімге тіркеніздер. Iрі байларды тауып, комиссияға хабарланыздар» (жеделхат №932/16623, 135 қор, 101 іс).

Екіншісі, Е.Ерназаровтың: «...Созак ауданы бойынша бөлінген санның үстіне қосымша Қоңырқұлжаев Әнетті қосындар» деп тікелей нұсқау бергенін (135 қор, 8 іс) қалай ақтауға болады?

Бұл да жеткіліксіз десеніз. Е.Ерназаров жолдаған тағы бір жеделхаттың түрі мынау: «Сарысу ауданы бойынша 1-топка Отыншин Сыздықты, Кенгезов Ақбергенді, Шақаев Юсупті қосындар! Бұл аудан бойынша бұрын бекітілген норма – 8 адамға жеткізіндер! Жетпейтін үш байдың фамилиясын хабарланыдар. Мыңбаевтың орнына Шынасылов Шайырбекті ауыстырындар!» (135 қор, 8 іс, жеделхат №1667/969).

Бұл хаттарды талдап жату артық болар. Бірақ осы жеделхаттар Е.Ерназаровтың кім екендігін, халқына қалай жәбір көрсеткендігін айқындаса керек. Бұндай жеделхаттар аз емес.

«Айтпаса сөздін атасы өлеңді» деген атапы сөз бар гой. Заман, заң өзгергенмен, мұрагат құжаттары өзгермейді. Ол «кайтты, кетті» дейтін ауызша айтыла салған сөз емес. Мұрагат құжаттары қашан ұтырын тапқан иесіне кездескенше сырын сақтайды, жоғалмайды, көнермейді.

Күні кешеге дейін Дала комиссары Әліби Жангелдинді мадақтап, марапаттап келдік. Саясат үшін кезінде дұрыс болған болар. Бірақ халық үшін, тарих үшін оның жасаған киянаты да жеткілікті. Орталық мемлекеттік мұрагаттағы деректер Әліби Жангелдиннің ұлт үшін емес, қарақан басының камы үшін күрескендігін дәлелдейді. Ол ұлттымыздың баспасөзінің қарашаңырағы «Қазақ» газетін патша жандармынан жаман кудалады, баспаханаасын ойрандады. А.Байтұрсынов, Ә.Бекейханов, М.Дулатовтардың ізіне шам алып түсті. Оларды өмірден ығыстыру үшін топ күрды. Бәрінен де сорақысы «Алашордашыларды. Алаш партиясын талқандағаным үшін орден алдым» деп, өз қолымен жазған Әлібидің хаты мұрагатта сактаулы тұрганын жүртшылық біле бермейді.

Мұндай әлі күнге дейін жарияланбаған құжаттар аз емес. Мәселен. Ресейдің отарлау әрекеттері аз жазылып жүрген жок. Солай болса да мына жағдаят жеріне жеткізілмей жүр.

Оның біріншісі, қазақ жеріне коныс аударушылар тек Ресейдің қарашекпендері деп жазылады. Ал шындығында, қарашекпенділердің атын жамылып Қазақстанға Ресей алпауыттары (фабриканттары) да мол келген. Ол жөнінде 1938 жылғы құғын-сүргіннің құрбаны болған Абдолла Асылбековтің деректері бұлттарғас дәлел.

Екіншіден, орыс отарлаушылары қазақтың жерін, сүйн ғана отарлап қоймаған. Ол отарлаушылық тіпті қазақтың отбасына дейін араласқан. Орыстан әйел алғандардың қызметтік дәрежесін үнемі есіру (бұл күні кешеге дейін келді), қылмысына кешірім жасау және қазақтың дінін, тілін жою жөніндегі талай құйтырқы әрекеттері әлі айтылмай келеді.

Оған қосымша, қазақтың оқыған жастарының генерал-губернаторының рұқсатынсыз үйлене алмауы деген не маскара?

Бұған біреулер сенбеуі де мүмкін. Сенбейтіндер Ыбырай Алтын-сариннің, Ә.Кенесариннің сол кездегі патша генерал-губернаторының рұқсатымен үйленгендігі туралы мұрағаттағы құжатпен танысуына әбден болады...

— Зеке, мұрагаттагы құжаттарды жою, оған қол сұгу, бұлдіру әрекеттері болған ба?

— Болғанда қандай. Кезінде орыс отарлаушылары Қазақстанның жер-сүйн, табиғат байлығын қандай дәрежеде еркінсіп иемденсе, тонаса, республикамыздың мұрағат корларын да дәл солай бұлдірген. Қазақстанның тарихына, әлеумет, экономика, шаруашылық, әдебиетіне, мәдениетіне қатысты құжаттардың дені жиналған Орынбор, Ішкі Ордадағы Бөкей мұрағаттарын ең алдымен большевиктер жыртқан, өртеген. Бұл жөнінде Орынбор мұрағатының өкілі А.П.Михайлов, мұрағатшылар өкілі С.Петров, Л.Курашевскийлер: «...Большевиктер архивті тонады...бұл тонауды 1918-1919 жылдары келген казактар онан әрі жалғастырды...Кейін тонау бұрынғыдан да күшейіп, буда-будасымен отқа жақты», - деп көрсеткен (544 қор, 343 іс).

Орынбор округтік мұрағат бюросы 1913-1917 жылдардагы казак тарихына қатысты 251 пүт 20 қадақ құжаттар мен 2606 кітапты 1923 жылы макулатураға сатқан. Соңда ол қандай құжаттар деп ойлайсыз? Орынбор генерал-губернаторының 1888, 1890, 1893, 1894, 1889-1915 жылға дейінгі 20 жылдық есептері, атақты ғалым А.Е.Алекторовтың 1794-1894 жылдары казак арасынан жинаған шежіресі, «Қазақтардың 1865, 1869 жылдары коныстарынан жер аууы», «Торғай облысы бойынша 1871 жылғы ел саны», «1912-1915 жылдардагы Торғай облысы бойынша шолутар», т.б. күнды деректер. Бұлардың бәрі жойылған.

Мынадай да опасыздықтар болған. Орынбордан Қызылордаға астана көшкенде Қазакстан тарихына қатысты Орынбордағы мұрагаттардан тиісті құжаттарды Қызылордаға жіберу үшін поезға тиеу кезінде Орынбор мұрагатының Рязанов, тағы да басқа қызметкерлері көптеген құжаттарды ұрлап алған. Олардың ішінде «Орынбор генерал-губернаторының қеңессі», «Шекара комиссиясының қорлары» түгелімен және 1836-1840 жылдар арасындағы Орынбор генерал-губернаторының қорында түпнұсқасы сақталған Исадай Таймановтың, Қайыпқали Есімовтің қазак ру басыларын патша үкіметіне карсы күреске шақырган хаттары, Исадайдың жеке мұрагаты болған. Бұл құнды құжаттар күні бүгінге дейін ізін таптырмай келеді. Оның үстінен орыс шовинизмімен ауыратын Орынбор мұрагатшылары Қазақстан тарихына қатысты құжаттарды Қазақстанға жібермеу мақсатымен көптеген істердің сыртындағы тақырыптардың аттарын қасақана өзгертуен немесе ол істерді сөгіп, басқа істерге қосып жаңадан басқа істер дайындаған. Сойтіп, Қазақстаннан барған мұрагатшылардың көзін бояған, ізден адастырған, кейбір құнды құжаттарды тізімнен шығарып тастаған. Бұған қосымша Қазақстанға жіберілетін 20 байлам құжатты (бұлардың ішінде «Бөтен діндегілердің ісі жөніндегі комиссия қоры», «1734-1739 жылдар арасындағы Орынбор экспедицияның қоры», «1744-1782 жылдардағы губерниелік басқарма қоры» және т.б. аса құнды құжаттар бар) поезға тиелген жерінен алып қалған. Міне, бұлардың барлығы да Қазақстанның тарихына аса қажетті, іздесе таптырмайтын құжаттар екеніне дау жок.

Омбы мұрагатшыларының әрекеттері де мұнан кем түскен жок. Олар Қазақстан тарихына қатысты құжаттарды уысынан шығармады. «Мұның бәрі – Ресейдің мұлкі» деуден танбады. Олардың тыққан құжаттары қандай еді? Ол 1822-1833 жылдар арасында Ортауынан Елек бойына дейінгі 5 миллион 600 мың десятина қазактың құнарлы жерлерін Ресей отарлаушыларының тартып алғандығын дәлелдейтін құжаттар еді. Сонымен бірге олар Есет Көтібаров, Қайыпқали Есімов, Исадай Тайманов, Кенесары Қасымов және 1916, 1919 жылғы патша үкіметінің отарлау саясатына карсы көтерілістерге қатысты деректерді «Ресей жазушылары роман жазып жатыр, бұл деректер соларға керек» деген сұлтаумен біздің мұрагатшылармызды құрқол шығарып салды.

Ал, Мәскеу, Санкт-Петербург, Астрахан мұрагат басшылары да сан түрлі сұлтаумен Қазақстанға қатысты құжаттарды тығып қалды. Оның дәлелі қазіргі күні бір фана Астрахан мұрагатында Қазақстанға қатысты 80 мыңдан астам құжаттың жатқаны белгілі болып отыр.

Ал, ташкенттіктер «Ташкент университеттерінің профессорлары мен студенттері пайдаланатын материалдар» деп жуытпады.

Мәскеу, Санкт-Петербург мұрағаттарында Қазақстанға қатысты қанша мұра жатқанын Құдай білсін. Олардың нақты есебі өзірге қолда жоқ. Сондай-ақ, астана Қызылордадан Алматыға көшкенде бір тең және үш жәшік құжаттар Қордай асуында қолды болды.

– *Зеке, жойылған, қасақана жасалған деректердің молдығына коз жетті. Ал енді жеке адамдардың мүдделері үшін үрланған, не болмаса жойылып жіберілген құжаттар бар ма?*

– Бұл сауалға дәл мына кісі үшін «мынадай құжаттар үрланды, жойылды» деп тап басып айту мүмкін емес. Себебі, ондай әрекет жасаған адам мұрағатқа айғақ қалдыrmайтындығы белгілі емес пе?!

– *Жақсы, арнайы мақсатпен жойылған құжаттар кездесе ме?*

– Жоғарыда айтылған, сатылған, үрланған, жоғалған, колды болған құжаттардың барлығы арнайы, белгілі бір мақсатпен істелген әрекеттерге жатады. Солай болса да сауалыңың меселі үшін мына бір-екі жайды айтайын. Оның бірі – 1922 жылғы 18 наурызда Жетісу облыстық төтенше комиссия бастығы өз қарауындағы тұтқындарға облыстық соттың, прокуратураның құжаттарын түгел тарқаттырып, өзіне кажетті құжаттарын алғып, қалғандарын аулаға лақтырыпты. Бұл жөнінде облыстық мұрағаттыңғылыми қызметкері Войцеховский дегеннің хабарламасы сақталған.

Екінші бір дерек – 1928 жылғы ірі байларды тәркілеуге қатысты. Қазақстандағы ірі байларды тәркілеуге байланысты деректердің басым көпшілігі 135-корға жинақталған. Солардың ішінен 1942 жылы 6 тамызда – 7 іс, 1992 жылы – 25 іс, барлығы – 32 іс пайдаланудан шығарылып жойылған. Бұл 32 істе мындаған адамның тағдыры тұр. Бұл адам құқығына, тағдырына жасалған қиянат. Олай дейтініміз, бұл істерде Ақмоладан – 46, Алматыдан – 81, Оралдан – 71, Петропавлдан – 35, Қызылордадан – 55, барлығы – 288 тәркіленген байлардың құнды құжаттары жойылды. Ол істерде тәркіленген байлардың арыз-шагымдары, олардың жан саны, малының, мүлкінің есебі, тағдыры жеңіндегі деректердің бәрі де тігілген. Міне, осындағы әрекеттің салдарынан күні бүгінге дейін Қазақстанда 1928 жылы қанша отбасының тәркіленгендерінде нақты дерек анықталмай келеді. Тәркіленген байлардың саны бір құжаттарда 810, 800 десе, енді біреулерінде 710, 700, тағы бір деректерде 696, 661 болып сан-сакқа жүгірген мәліметтер бар.

Бұл цифrlардың мұндай айнымалы болуының құйтырқысы оз алдына айтылатын ұзақ әңгіменің арқауы. Десек те. жоғарыдағы сан құбылған цифrlардың орта есебі деп 696 байцы алсақ.

олардың әрқайсысының отбасында шамамен 3 шаңырактан, әр шаңыракта 4 жан болды деп есептесек (ол кезде әр отбасында 7-8-ден болғаны өз алдына), сонда 2088 шаңырактан өрбіген ондаған мың жанның тәркілеудің тәлкегіне ұшырағанына көз жетеді.

Үшіншіден, қазіргі колда бар дерекке қарағанда Қазақстан Жазушылар одағының қорынан есептен шығуға жатпайтын ондаған құжаттар есептен шығарылған (1778-кор). Мәселен, 389-беттік Қазақстан жазушыларының IY-съезінің материалдары, 242-беттік материал жинақталған Қазақстан Жазушылар одағының II-пленумының құжаттары қандай себеппен істен шығарылғаны белгісіз (373 және 943).

Осы жерде тағы да мұрагаттағы құжаттарды пайдаланушылардың өзіне қажетті деп санаған құжаттың беттерін жыртып, не қайшымен қызып алыш кету сияқты оспадарсыз әрекеттерін реті келгенде айта кетейін. Бұл – қылмыс. Бұл қылмысқа тосқауыл қою мүмкін емес. Себебі, Қауіпсіздік комитетіндегідей біздерде бетпе-бет отырып құжатпен таныстыруға, көшіруге, пайдалануға немесе құжатты пайдаланушыға бергенде беттерін түгел санап алыш, санап беруге мүмкіндік жоқ.

Ал құжатты пайдалана отырып, оның бетін жыртып алғандар «мен мемлекет мұлқін ұрлап отырмын, халық қазынасына қол сұқтым, менен кейінгі пайдаланушыларға қиянат жасадым» деп ойламайды. Тек өзіме болсыннан басқа ойы болмайды. Осындайдан кейір құжаттар іздеген кезде таптырмай, қиналады.

– *Зеке, Ұлттық қауіпсіздік комитетімен байланыстарыңыз қандай?*

– Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетінің өзінің арнайы мұрагаты бар. Өз құжаттарын олар сонда сақтайды. Ертеде Қауіпсіздік комитеті қылмысты жедел іздестіру, зерттеуде мұрагаттық құжаттарды пайдаланған. Жасыратын несі бар, кезінде Алашорда мүшелерін құғын-сүргінге ұшыратып жазалау кезінде мұрагаттық құжаттарды айғақ ретінде пайдаланғаны рас. Бұл тәсіл Ұлы Отан соғысы кезінде де қолданылды. Ол кезде мұрагаттық құжаттар бойынша Кенес үкіметіне «жау» элементтердің: ақ гвардияшылардың, патша офицерлерінің, алашордашылардың, молда, саудагер, кулактардың, т.б. 27 категория бойынша тізімі, анықтама карточкалары жасалған. Оған бір ғана дәлел – 1942, 1946 жылдары Ақмола, Павлодар облыстары бойынша 23385 адамға «заман талағына сай» осындай анықтама толтырылғаны жөнінде мұрагатта малімет бар (544 кор. 596 іс). Бұл тек скі облыс бойынша осынша адамның мойнына құрық түсті деген соз.

– Зеке, «қазақ ғалымдары және мұрагат мәселесі» дегенге қалай қарайсыз?

– Қазақстанда қаншама ғылыми дәрежесі бар ғалым болса, солардың мұрагат құжаттарын пайдаланбағаны жоқ деп айтуға болады. Мен ғалымдардың мұрагаттан қол үзуін еш уақытта колдамаймын. Өйткені, ғылымның негізі – мұрагатта. Бірақ солай болса да, өкінішке орай, мұрагаттың оқу залынан тек С.Жақыпбеков, М.Қайырғалиев секілді санаулы ғана ғалымдарды көремін... Сондай-ақ, іс беттерінде М.Қозыбаевтың, С.Зимановтың, Т.Омарбековтің, Б.Жақыпбековтің, М.Қайырғалиевтың қолтаңбалары түр...

Бір ескеретін мәселе, мұрагат деректерін тек ғалымдар ғана пайдаланады деу жеткіліксіз. Мұрагат құжаттарын жазушылар, журналистер де кеңінен пайдаланады. Соңғы кезде Қазақстан тарихын зерттеп жүрген шетел азаматтарының оқу залында отыратыны көнілгे қуаныш әкеледі.

– *Мұрагаттың қазіргі жағдайы қалай?*

– Қазір Қазақстан Республикасының мұрагатшылары республика мұрагаттарындағы құжаттардың орталықтандырылған мемлекеттік есебін жүргізуі автоматтандыру, «Республикалық қор каталогы» бағдарламасын іске қосуды бастады. Бұған қоса Омбы мұрагатшыларымен мұрагат алмасу жөнінде келісімшарт жасады. Бұлар айтуға жеңіл болғанымен мұрагатшылардың қажырлы еңбегі мен төккен терінің нәтижесі екендігі сезсіз.

– *Қазір республиканыңда қалталағы қогамдар, қорлар, банктер, бизнесмендер көп екені белгілі. Олардан қандай көмек болды?*

– Бұл мәселеден әзірge «Сорос-Қазақстан» қорын ғана айта аламын. Ең алдымен Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрагаты «Сорос-Қазақстан» корының 50 мың долларлық грантын жеңіп алды. Бұл бір – қуаныш. Екіншіден, осы «Сорос-Қазақстан» корының Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрагатына үлкен көмек көрсетіп отырғанын айтуым керек. Атап айтқанда олар: «Мұрагаттарды автоматтандыру ісі», «Жаңа ақпараттық технология және интернет» деген екі тақырыпта Алматы, Астана қалаларында республика мұрагатшыларының екі рет семинарын еткізуге бір комплекті компьютер және көбейту техникасын бөлді. Оның үстіне семинарға қатысушылардың келу, кету жолдарын төледі. Орналасу шығындарын өз мойнына алды. Осының өзі ғана 17 мың долларға түсті. Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрагатының «Мұрагат құжаттарын сактауды қамтамасыз ету және оны пайдалануға қол жеткізу» жоспарын жүзеге асыру үшін 14 мың долларға 4 компьютер сатып

алып берді. Оған қоса республика мұрағатшыларының шетел мұрағатшыларының іс-тәжірибелерімен танысуы үшін республиканың 10 мұрағатшы қызметкерін Венгрияға жолдамамен жіберіп, үлкен іс тындырды. Қазакта «ұрттап тоймаған, жалап тоймайды» дейтін сөз бар. Қомектің аты қомек, біреу бір теңге берсе де қомек, мын тенге берсе де бір-ақ сөз – қомек. Бірақ тек қомекпен республиканың мұрағат жүйесінің көркеюі екіталай.

Әркениетті елдер өз мұрағаттарын мемлекеттік байлық, мемлекеттік қазына, ұлттық мұра есебінде мемлекеттік қамқорлыққа алған. Сондыктан шетелдік мұрағаттар үкімет қамқорлығында болғандықтан қаржыдан, мұрағаттық технологиядан, материалдық жағдайдан, кадрдан еш уақытта тапшылық көрмейді. 1995 жылы мемлекеттік мұрағат мекемелерінде 2 мыңдай маман істесе, қазір 1226 ғана маман қалды. Бұл бүгінгі биік талапты қанағаттандыру былай тұрсын, олардың қазіргі өмір сүріп тұрған мекемелер мен ұйымдардағы мемлекеттік меншікке жататын құжаттарды қабылдауга да мүмкіндігі болмайды. Сонда еліміздің тарихын толықтырудың негізгі көзін өзіміз қолдан жойған болып отырмыз...

– Зеке, соңғы бір сауал, бүгінгі тарихшыларымыздың, ғалымдарымыздың, зерттеушілеріміздің мұрағатпен жұмыс істеудері қоziліңдерен шыға ма?

– Бұл күрделі сұрақ екен. Біріншіден, мен ғалым емеспін, ғылыми дәрежем де жок. Екіншіден, көптеген ғалымдардың жариялад жатқан материалдарын түгелдей сүзіп, оқып, зерттеп, ой елегінен өткізуге мүмкіндігім де аз. Маған бір нәрсе анық. Ол қазіргі ғалымдардың басым көвшілігі әлі де коммунистік идеядан арылып кете қойған жок. Ол идея жетпіс жылдың ішінде тек еттен өтіп қана қоймаған, сүйекке де дендереп сіңген сияқты.

Олай дейтінім, бізде екі-ақ әдіс бар: не қаралап жазу, не актап жазу. Сонда өзіңнен өзің, «япыр-ау, тарихи тұлғалардың бірде-біреуінің оғаш ісі, кия басқан жері, қалтарыс сәттері жоқ па екен?» деген ойға қаласың. Неге ғалымдар, жазушылар біреуді қаралағысы келсе бірыңғай оларды іске алғысыз етіп жазады? Сонда олардың іске асарлықтай, иненің жасуында болса да халқына деген жақсылық ниеті, ықыласы болмаган ба? Олардың кемшілігі мынада еді, дұрысы мынау, бұрын олар туралы былай жазылған, енді оны былай түсіну қажет деп ак-карасын неге ашып көрсетпейді деп көнілге кірбің аласың. Олардың «қайқысын да, дүңкісін де» қатар қойып жазған жөн емес пе?

Кейде сондай бір сәттердің ак-карасын анып тұра жаза қалсаң, не кейбір ғалымдармен ол туралы пікірлесе қалсаң айтатыны:

«Ой, осындай қын кезеңде жағымсыз жақтарын көрсетудің не керегі бар, жариялаудың қажеті не», немесе «Бұл ру арасына от салады, бізге бүтіншілік, тыныштық керек, басқа ұлттар қазақтар өзара айтысып жатыр деген күлкіге қаламыз», - дейді. Иә болмаса «Ойбай-ау, ол пәлен дәрежедегі ардагер гой, оның беделіне інұксан келеді. Ол шамданса не бетімізді айтамыз», - дейді. Ал кейбіреулері: «Ойбай-ау, оның анау жакта отырган дөкейі бар. Ертең ол ысқырса біздің басымызға қара дауыл соғады», - дейді.

Бәрі де дұрыс делік, бірақ шырылдаған шындықты дәл осы кезде ашпасақ, айтпасақ кім, қашан айтады? Біз қазір көміліп жатқан шындықтың, яки ақиқат бомбасының үстінде тұрмыз. Ол бомба бүгін болмағанымен ертең, болмаса келер сәтті бір күні жарылатыны даусыз ғой. Оларды жасыру үрпақ алдында қымыс емес пе? Сонда осы бүркемелеумен, «жауырды жаба тоқумен» тарихымыз қайтіп түзеледі? Осек тасу, бірді-бірге араздастыру, ру-руга, жершілдікке, жікшілдікке бөлінудің зардабын бұған дейін аз шектік пе? Бұл мерезден жастарды, келешек үрпақты қалай сақтандырамыз? Жұқпалы кеселден қашан арыламыз?

Жасыратыны несі бар, кейбір ғалымдар тарапынан «тарихты жете білмейтін, ғылыми атағы жоқтар ғалымдарға ақыл айта бастады» деген сөздерді де естіп жүрміз. Сонда қалай, бұл «өңкей бұқадан бұзау тумайды» дегендей, ғылыми атағы жоқтардың тарихта не шаруасы бар деген соз бе?

Сондықтан мен не жассақ та, не айтсақ та дұрысын да, бұрысын да (әңгіме бұрынғы тұлғалар туралы) өзгеріссіз, боямасыз, ағын ақтай, қарасын қарадай қатар қойып халық безбеніне салғанымыз жөн деймін. Өйткені халықтан артық ақылшы да, төреші де, әділ казы да жок қой. Олар ақыл таразысына салып қажетін алады, жарамсызын тастанды, дұрыс бағасын береді, мынаусы қайқы, мынаусы дүңкі дейді. Бұл үрпакты әділдікке, ұлтжанды етуге, үліттық салт пен намысты қастерлеуге, әрі жоғарыда айтқан мерездерден жастарды сақтандырудың бірден-бір жолы.

Екіншіден, кеңестік тәрбие алған, коммунистік идеядан сусынын қандырған ғалымдар мен жазушылардың біrsыптырасы кезінде заман ағымына, саясатқа сәйкес Алаштың талай арыстарын, олардың ұстаған жолын, тұтқан бағытын тілі жеткенше жамандады, қара күйе жақты, ойына не оралса соны жазды. Олардың кейбіреулері қазір аман-сау жүр (Құдай көпсінбесе, біз олардың ортамызда аман-сау жүргеніне қуанбасақ, ренжімейміз). Бірақ, дәл осы кезде сол азаматтар «біз заманиң ағымына сәйкес кезінде мынадай мынадай макалаларда, еңбектерде мына кісілер туралы быттай

деп едік, оны амалсыздан жазып едік», - деп, ағынан жарылып неге айтпайды? Сонда о дүниедегі арауқтар алдында оның ары тазармай ма? Үрпак алдында жүреқжарды сөзін айтуға не кеселдік келіп тұр? Әлде олар құлағым естімесе, көзім көрмесе болды деп ойлай ма екен? Бұл бәрбір ерте ме, кеш пе тарих талқысына түсіп, халық таразысына тартылатындығы «екі жердегі екі – төрт» де-гендей айқын ғой. «Ашының дәмін білмей тұщыны сезіну мүмкін еместігін» халқымыз әлдеқашан айтқан. Оны естен шығаруға болmas.

– *Әңгіменізге рахмет, Зеке.*

«Қазақ әдебиеті» газеті
10 желтоқсан 1999 ж.

Архив – халықтың асыл қазынасы

Жасыратыны жок, соңғы уақытқа дейін архив материалдарын жинау, толықтыру және оны пайдалану санаулы ғана адамдардың ісі болып табылды да, оның игілігін көру халықтық сипат алмады. Сондықтан елімізде архившілер қоғамын құру, оның жұмысын жақсарту, архив материалдарын халықтың пайдалануына кең жол ашу жөнінде ұсыныстар түсіп, ол бүкіл халықтық қолдау табуда. Осылан байланысты ауданда тамыз айында архившілер қоғамының алғашкы үйымдастыру конференциялары откізілді. Онда қоғамның басты мақсаты айқындалды. Архившілер қоғамын құру неліктен күн тәртібіне қойылды? Бұл ең алдымен, ел, қоғам, адам тарихы, оның өмірінің жалғасы. Екіншіден, ол келешек үрпақ үшін асыл қазына, мұра.

Осы жағынан алып қарағанда облыс, республика көлеміндегі архив мекемелерін айтпағанда соңғы кезде үйымдастырылған аудандық архивте елеулі жұмыстар аткарылуда. Үйымдастырылғанына көп уақыт болмаса да аудандық архив қызметкерлері совхоздардан, ауылдық, поселкелік советтерден, барлық мекемелер мен үйымдардан көптеген материалдарды мемлекеттік сақтауға қабылдады. Қазірдің өзінде өзінің еңбек стажын анықтау, еңбек кітапшасына толықтырулар мен қосымша өзгерістер енгізу, пенсия материалдарына қажетті документтер іздеушілер аудандық архивтің камқорлығын коруде.

Дегенмен, аудандық архивке материалдарды жинақтап өткізу, дайындау істерінде әлі де елеулі олқылықтар орын алуда. Атап айтқанда, ауданның, елді мекеннің, совхоздардың, ауылдық, поселкелік советтердің тарихы, халқы, шаруашылығы, экономикасы, еңбегімен елге танылғын азаматтардың өнегелі істерін бейнелейтін өмір шежіресі, тарихи ескерткіштер туралы мәліметтер жоқтың қасы. Бұл жинауга, іздестіруге материалдардың жоқтығынан емес, үқыпсызыдыштан туған жағдай. Біздің әдетімізге, салтымызға еңбекен қасиет.

Әйтпесе, Жалағаш өнірі тарихқа, тарихи ескерткіштерге бай. Біргана Жанадария арнасы бойындағы Жанқала-Шәуек, Құмқала, Ханқожа, Қатын қала, Құйік қала, тағы да басқа ескерткіш-қалалардың, Қызылқұм шетіндегі қорғандар мен ескерткіштердің өзі қазіргі үрпактардың өзіне белгісіз, сырын жасырып жатыр.

Сондай-ақ қазіргі күні «Ақарық» совхозының Аламесек деген участкесіндегі үйінді төбе жаткан жерде бір кезде Сыр бойынан Шымбай мен Төрткөлге баратын жолдағы сауда орталығы – «Жаңа базар» атанғанын, онан кейін Аламесек ауданы құрылғанда аудан орталығы болғанын екінің бірі біле бермейді. Сол Аламесекте қазіргі Жалағаш өнірінде осыдан 100 жылға жуық мерзім бұрын алғашқы түземдік мектеп ашылғаны, онда белгілі партия, совет, мемлекет қайраткері I. Қабыловтың білім алғаны да елеусіз жатыр. Жалағаш өнірінде ашылған алғашқы интернат та осы Аламесекте. Онда оқып білім алғандардың қазіргі көзі тірісінің бірі – Б. Тасыбаев екені де белгісіз.

Аудан көлемінде үш жүзге жуық аты машіұр ділмарлар – Нысанбай, Өміrbай, Тынымбаймен қатар Жорықбай, Көпжасар сияқты шайырлар, Ә. Оңалбаев, Т. Үркімбаев, З. Салықбаев сияқты ақындардың, Ә. Жүргенбаев, М. Ақжолов, Б. Желдербаев сияқты жыраулармен елдің елдігін сактау жолында еңбек еткен Бөлебай, Әбет жайлыш да мәліметтер архивте жинақтауды қажет етеді.

Жалағаш өнірі елімізде Совет үкіметі орнауы мен қалыптасуына, өсіу мен өркендеуіне улес қосқан Ж. Тайшиев, Т. Жүргенов, И. Қабылов, К. Үсебаев, Х. Сарбасов, Ермаганбетоваларды өмірге келтірген қасиетті жер. Бірақ бұлардың өмір жолдары, қызметі тек әр мезгілде баспасөз беттерінде жарық көргендерімен бір орталықта – аудандық архивте жинақталмаган. Азамат соғысына қатысқан И. Морозовтың да есімі елеусіз қалуда.



З. Салықбаев



Ж. Тайшиев



I. Қабылов



Т. Жұргенов



К. Үсебаев

Іздеушісін, жинақтаушысын күтіп тұрған мұнан басқа да мәселелер аз емес. Солардың бірі – ауданның тарихы. Жалағаштың өткен өмірі сөз болғанда тек 1939 жылы 16 қазанда өз алдына аудан болды дейді, соған дейінгі өмірі кілең көленкеде қала береді. Жалағаш – еш жақтан ауып келмеген, табанды ел. Оның 1917 жылдан 1939 жылға дейінгі 22 жыл өмірі неліктен көмексіленді? Жалағаш өнірінде Азамат соғысының дүрбелең кезеңі, жана экономикалық саясаттың өтпелі өмірі, ауылды советтендіру, колхоздастыру, 1932 жылғы ашаршылық, кәмпеске, «халық жауы» ұранының етек алуы, жаппай сотталу, бесжылдық екпіні өтпеген сияқты. Жасыратыны жоқ, ел тарихы үшін дәл осы кезең өзінше баяндауды, зерттеуді, материалдарды жинақтап архивке өткізу ді қажет етеді. Алғашқы серіктестік, артель, колхоз, комсомол, партия ячейкаларын, ауылдық советтерді ұйымдастырушылардың кім екені белгісіз.

Аудан тарихына байланысты жазылып жүрген материалдарда «Аудан құрылғанда оның құрамында 9 ауылдық совет, 34 колхоз, 1 МТС, 7 бастауыш мектеп, 10 жетіжылдық, 2 орта мектеп болды» дедінгенмен оларды жеке-жеке талдауға келгенде баяғы «дейді екен де дейді екенге» басамыз. Осыдан да аудан тарихына байланысты жарияланып жүрген естеліктер мен басқа да материалдарда шикі факты, дүдәмал дәлел, екі ұшты, ұшқара ойлар етек алуда. «Дейді екенмен» ел тарихы өркен жаймайтынын ескерген жөн. Ауданның жартығасырлық мерекесіне байланысты материалдарды жинақтауда осы мәселелерге көз жетті.

Бұл бұл ма, ауданның соңғы өмірі де ізі күн санап көмекіленуде. Оған бірнеше факты келтірейін: қазіргі «Аққұм» совхозы бір кезде «Шымбет». «Көк жилем», «Комсомол», «Аққұм» колхоздарының ізінен Қазакстаниң 40 жылдығы атындағы колхоз ұйымдастырылды да онан «Аққұм» совхозына айналды. Ал. «Ақарық»

совхозы бұрынғы «Ақарық», «Жаңа арық», «Көкпая», «Тармакөл», «Жаңадария» колхоздарының ізінен; «Мәдениет» совхозы «Бірлік», «Мәдениет», «Әдебиет», «ХХ жылдық Қазақстан», «Қызыл дикан», «Жамбыл», «Қызыл жүлдүз» колхоздары ізімен; «Коммунизм» совхозы «Елтай», «Жігер», «Ііркөл», «Белсенді» колхоздары есебінен Молотов атындағы колхоз болып ұйымдастырылып, оның кейін оған «Тан», «XXI партсыз» колхоздары қосылып, ірілendіrlген совхоз болды. Кейін «Тан», «Ақсу» совхоздары оның бөлініп, өз алдына отау тігіп шықты. Ауданың Калинин атындағы, «Ақсу», «Жаңаталап» совхоздары да осындай бірнеше шағын колхоздардан ірілendіrlген шаруашылықтар.

Аудан шаруашылықтарының өткені жайлы аудандық не облыстық архивтерде мәлімет берелік құжаттар сақталмаған. Оның басты себебі, бұл шаруашылықтардан мұндай мәліметтер архивке өткізілмеген. Мұндай мәліметтер тарих үшін ғана емес, жеке аудан мұддесі үшін де қажет екендігі ескерілмеген. Олай дейтін себебеміз, қазіргі кезде пенсия, жәрдем тағайындауда құжаттар қолда болмай архив материалдары қол ұшын беруге тиісті. Бірақ кейбір совхоз, колхоз, мекеме басшыларының, кадр жөніндегі инспекторлардың, ауылдық, совет хатшыларының мұндай маңызды мәселеге мән бермеуі салдарынан бірсызыра жасы жеткен адамдар мемлекет қамқорлығын жеткілікті көре алмай келеді. Басқаны айтпағанда Аққыр, 1 Май, Қарапеткен, тағы да басқа ауылдық советтердің алғашқы ұйымдастыру сессияларының протоколының жоқтығын қалай түсінуге болады? Бұл ауылдық советтерге сайланған депутаттардың тізімі, сессия мәжілістерінің қаулыларынан із қалмаған. Ең болмаса депутаттардың есеп карточкасы да сақталмаған. Осыдан да қазіргі күні аудандық архивке «мен ауылдық советке депутат болып едім, депутаттық күәліктерді жоғалтып алдым» деп сұраушылар, документ іздеушілер көп. Дәл осындай жағдай ауданың сауда, тұрмыс қажетін өтеу комбинаты мен құрылыш мекемелерінің, бірсызыра мектептердің құрылған күнінен бері бірде-бір документі сақталмаған.

Ер басына күн туып, етігімен қан кешкен Ұлы Отан соғысына қатысушы жауынгерлердің өмір жолдарынан аудандық архивке материалдың өткізілмеуі оқінішті-ақ. Қазіргі көзі тірі тарихтар өмірден өткен кезде жауынгерлер туралы мәліметті іздең табу қаншалықты қиындыққа душар етері белгісіз. Ал қазіргі барларының өзі де тиісті қажетті документтерін іздең архивке жиі хабарласуға мәжбүр болып жур. Дәлелді документтері жоқтықтан мемлекеттен жәрдем, пенсия ала алмай жүргендері де баршылық. Бұл мәселенің бір жағы,

Ал екінші жағы – ол келешек үрпаққа тәрбие берерлік маңызы мұнан кем емес. Ұлы Отан соғысының отты жылдарынан оралмағандарға аудан орталығында және бірсыныра совхоздарда ескерткіштер орнатылды. Жасыратыны жок, оған мәлімет жинаған кезімде мен тек жеке адамдардың аты-жөнін ғана есепке алдым да, олардың өміrbаянын, қайда, қашан, қандай майданда болғаны, қандай ерлік көрсеткендегі жөнінде материалдарды жинақтауыма мүмкіндігім болмады. Сондықтан келешекте Ұлы Отан соғысына қатысқандардың әр елдімекен, совхоз, ауылдық, поселкелік советтер бойынша аудандық әскери комиссариатпен бірлесіп анықтап, жеке есебін жүргізіп, олардың өміrbаянын, қай майданға қатысқанын жинақтап аудандық архивке өткізсе, нұр үстіне нұр болар еді.

Осыған қосымша Ұлы Отан соғысына қатысқан жауынгерлердің үйіне, туған-туысқанына, еліне жазған хаттары, жеке жауынгерлердің Жоғары Бас қолбасшыдан, не командирінен алған алғыстары, сыйлықтары, орден, медальдары, грамоталары сакталған болса, оны да мемлекеттік архивке өткізсе, еш нәрседен ұтылмайды. Сондай-ақ тылда ерлік еңбегімен көзге түскендердің жоғары органдардан алған сыйлықтары, алғыстары, орден, медалін де аудандық архивке өткізсе, келешек үрпақ үшін жақсы мұра болып қала береді. Мұндай маңызды материалдар қай кезде де құнын жоймайды. Мемлекеттік архивте сакталса ол біздің емес, мыңың игілігіне айналары сөзсіз.

1990 жылға дейін аудандық партия комитетінің саяси ағарту кабинетінің кітапханасында Қызылорда облысынан, оның ішінде Жалагаш ауданы колхоздарынан I-Бүкілодактық халық шаруашылығы көрмесіне қатысушылардың тізімі, олардың еңбек көрсеткіші жазылған әсем бейнеленген альбом-кітап сакталған еді. Жақында сол альбом-кітапқа іздеу салғанымда із-түссіз кеткенін білдім. Меніңше, сол кітап қалайша іздестіріліп, аудандық архивке тапсырылса, ел тарихын толықтырар үлкен қазынаның бірі болары анық.

Ел тарихына аудандық газеттің де қосар үлесі мол. Елдің экономикасын, тарихын, мәдениетін білемін, зерттеймін деген әрбір адамға газет тігінділері – таптырмас байлық. Олай болса, аудандық «Жанадария» газетінің өзіне дейінгі Қарәкеткеи МТС-ның көптиражды «Колхозшы» газетінен бастап, «Күрішшілер», «Коммунизм үшін», «Коммунизм шамшырағы» газеттерінің тігінділерін іздестіріп, архивті толықтырса аз олжа болмайды. Мұндай тігінділерді жинаушы жеке үқыпты азаматтар болуы мүмкін. 1954-55 жылдары марқұм Ә.Дәuletназаровтың үйінде осы газеттердің толық тігіндісін мен көрген едім. Мүмкіндік болса сондай бай мұраның жатқанын білеттің азаматтар архивпен хабарласса деген тілек айтамыз.

«Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні» – біріншіден, архив ел мұрасы, халық қазынасы ету үшін оның жұмысын жақсартуға бір кісідей ат салысуға шақырамыз. Оны бірдің ісі емес, көптің ісі деп түсініп, архивке өткізуге жатады-ау деген материалдарды жинақтап, зерттеп аудандық мемлекеттік архивке тапсыру.

Екіншіден, архивке қамкоршы болу. Ол үшін архившілер қоғамының бастаушы ұйымын барлық мекемелерде, мектеп пен өндірісте, құрылыш, сауда, байланыс, мәдени агаарту орындарында құру және оған мүше тарту. Осы бағытта жұмыс жасауға аудандық архившілер қоғамы осы жылдың тамыз айында құрылғып, оның 25 адамнан басқармасы, 5 адамнан президиумы, 5 адамнан тексеру комиссиясы салынды.

Архивті халық пен мемлекеттің ескерткіші, оның асыл мұрасы дәрежесіне көтеру, толықтыру бұл сайланған адамдардың ғана жұмысы емес, ол бүкілхалықтық іс...

«Жаңадария» газеті
1990 ж.

Іздеу саламызы

Архив – халық қазынасы деп бекер айттымаған. Онда ғасырлар бойы жинақталған құжаттар жер астының қазба байлықтары сиякты қашан үстінен шыкканша әдеби, мәдени, тарихи бай мұраның сырны ешкімге жария етпей, өзінде сактайды. Ал архив қызметкерлері кен іздеуші сиякты тапқан «кенін» қашан ел иглілігіне айналдырганша, жария етпегенше тыныш таппайды.

Мен қызмет бабымен осында бірнеше деректі тауып, онын бізге белгісіз талай сырлары мен қырларын ел өмірі, тарих тағылымы үшін аса қажетті мұралар есебінде іздестіруге оқырман кауым сіздердін назарларынызға ұсынып отырмын.

Оның біріншісі мынау: Алматы қаласындағы Ортатық Ұлттық архивтің «Закаспий облысы Манғышлак уездік басқармасы» деген тақырыппен жинақталған – 40 кор, 1 тізбе, 64 байлам, 1070 істе Императорлық археологиялық комиссиясының 14 шілде 1916 жылды №973 Закаспий облыстық бастығына жақындаған катын-асының кошірмесі.

Онда: «Закаспий облыстық «Шығыс тарихы мен археология» үйірмесінің 23 мамыр 1916 жылғы №189 қатынасымен жолданған мұліктерді Императорлық археологиялық комиссия алғандығын хабарлай отырып, Археологиялық комиссия бұл мұліктерді Жоғары Мәртебелі Императордың көруіне тұратын, лайықты ежелгі дүние-мұлқі деп тапты. Бұл табылған олжаны Ұлы Мәртебелі Императорға көрсеткеннен кейін оны қайда сактауға берілетіндігі анықталады. Императорлық комиссия бұл мұліктердің құнын 600 сом деп шамалайды. Мұліктерді табушы олжасын қаншага бағалайды екен? Комиссияның қойған бағасына ол келіседі мә? Сонымен бірге Императорлық археологиялық комиссия осы мұліктер табылған үнгірді онан ері зерттеуді қажет деп санайды» деп жазылған (аталған қордың 7 б.).

Хаттың текстінде Закаспий облыстық статистика комитетінің хатшысы подполковник (аты-жөні жазылмай қолы қойылған) және Закаспий облысының бастығы генерал-майор Калмаков: «Олжаны табушы 600 сом алуға келіседі мә?» деп қол қойып Маңғышлақ уезінің бастығы подполковник Быковқа жолдаган.

12 қараша 1916 жылы Быков Тұпқараған болысына «Сұғірәлі-Жәдігер ауылдарының қырғызы (қазагы – З.И.) Қостұрлы Досовты маган жібер» деп тапсырма берген. Осы олжаның бағасына келісу Досовтың келісімін алу мәселесі Петербург, Закаспий облысы, Маңғышлақ уезі, Тұпқараған болысы арасында 8 рет хат-қатынас жазылып, ақырында 13 наурыз 1917 жылы «600 сом ақшаны алдым» деп №31 квитанцияға қол қояды (хат танымағандықтан оған А.Бердібеков деген қол қояды) (істің 133 б.).

Бұны ұзақ әңгіме жасап отырган себебіміз, біріншіден, ежелгі дүние деп табылған олжаның тізімі қатынасқа тіркелмеген және ежелгі дүние-мұлқі табылған жердің (үнгірдің) аты жазылмаган.

Екіншіден, тапқан олжаның құнын К.Досов шамалай алмаған да болар. Болмаса, комиссия өз қатынасында «табушы олжасын қаншага бағалайды, комиссия қойған бағага келісе мә?» деп сұрағанына қарағанда табылған заттың құны комиссия қойған бағадан әлде қайда жоғары болуы мүмкін.

Оның үстінен комиссия тапсырған заттың құнын білмейтін «бұратана-қырғызға (қазаққа) осы да жетер» деп кемсітіп 600 сом деп жаза салған болар деп ойлаймыз. Оған айттар дәлел, біріншіден, хаттағы «шамалаймыз» деген сөз. Әрине, 1915-1916 жылдары Маңғышлақ уезінде ел ішіндегі орта бағамен есептегендеге бір жылқының орта бағасы 15-20 сом, бір пүт еттің бағасы 4-5 сом тұратындығын ескерсек бұл ірілі-уакты 30-40 каратының бағасы.

Екіншіден, бұл мүлік тегін зат емес. Өйткені, 1914-1916 және 1917 дүрбелең, аласапыран жылдарда Императордың уақытын бөліп, оның көруіне ұсыныс жасау деген сөз, қалайда ол заттың тарихи да ғылыми да құндылығы, маңызы зор деген ұғымды білдіреді. Сол үшін де ол ежелгі дүние заты еліміздің, республика-мыздың тарихына қосылатын мол қазынаның бірі деп ойлаймыз. Сондықтан біздің білейік дегеніміз – бұл мүліктің тізімі, өзі республиканың тарих, археология, этнография, мұражай мамандарының назарына ілікті ме екен? Егер іліксе, онда ол қайда? Қай жерде сақтаулы тұрғандығын білу. Егерде ол ежелгі дүние-мүлкі Ресейдің тарихи не этнографиялық орталыктарында, мұражайларында тізімі, не өзі сақталса бұл қазынаны өз орнына қайтару мәселесі қолға алынса қандай ганибет іс болар еді дейміз.

Үшіншіден, Қостұрлы Досовтың қазір көзі тірі үрім бұтағы, жұрағаттары болса олар да Археологиялық комиссияга қандай зат өткізілгендігі жөніндегі құжаттардың атадан балаға қалдыратын мұралары есебінде сақталып қалуы мүмкін деп ойлаймыз. Егерде ол құжаттар сақталса кімнің қолында тұрганын анықтау өте маңызды шараның бірі екендігі сөзсіз.

Төртіншіден, «қарға тамырлы казак» бұрынғы Манғышлак уезі Тұпқараған бөлісі Сүгірәлі-Жәдігер ауылының адамдары кезінде Қостұрлы Досовтың ежелгі дүниені қай жерден (ұнгірден), қандай заттар тапқанын білмеуі, естімеуі мүмкін емес. Қазақ арасында сөз жатпайды. Бұл патша ағзамнан 600 сом ақша алған хабар ауылдан ауылға, елден елге тарапып, ұмытуға болмайтын оқиға. Оларды атадан балаға аңыз етіп айтушылар, есінде сақтаушы, көкірегі ояу, құйма құлактар табылып қана еліміздің тарихы үшін аса қажетті мұраны табуға, іздестіруге көмегін тигізеге деген үміттеміз.

Ежелден халық мәдениетінің күрделі саласы – кітап екендігіне дау жоқ. Сондықтан кітап туралы да бір пікір айтып, көпшіліктің назарына салуды жөн көрдік.

«Ішкі орда тұрғындарының қазіргі жағдайы немесе менің ой-пікірім» деген кітап туралы мәліметті Алматыдағы Орталық Ұлттық архивтен кездестірдім. Ол Манғышлак уездік басқармасы туралы жинақталған 40 қор, 96 істің, 10 бетінде тұр. Онда патша үкіметінің сот шешімімен тұтқындалған кітаптар мен кітапшалардың 1 қантар 1913 жылғы алфавиттік көрсеткіші берілген.

Алфавиттік көрсеткіште: «Темірәлиев Жұмағазы – молданың «Ішкі орда тұрғындарының қазіргі жағдайы немесе менің ой-пікірім» деген қыргыз (қазақ – З.И.) тілінде Қазан қаласында 1912 жылы жарық көрген кітабы Полиция департаментінің баспаларды бақылау

органының ұсынысы бойынша, сот шешімімен, қауіпті және пайдаланудан, сатудан шыгарылсын, окуга тыйым салынсын» дедінген. Сонда патша үкіметін тітіркендіретін, оның полициясын, цензурасының жүргегін шайқап, май ішкендей жасайтын қандай құдіреті бар бұл кітаптың? Онда не жазылған? Ішкі орда халқының тағдыры ол кітапта қалай көрсетілген? Кітап авторының ой-пікірі қандай? - деген сансыз сұраулар өз-өзінен туындаиды. Бұл кітап туралы дерек 1917 жылға дейін жарық көрген 400 кітаптың тізбесінде, не «Дала уалаяты» газетінде кітаптың жариялануы, автордың кім екендігі жөнінде жазылмаған. Архив деректерінде Темірәлиев Жұмағазы – молда туралы деректің ізі көрінбейді.

Ең соңғы айтарымыз – мәдениеттің аса күрделі саласы – ән жөнінде. Өйткені қогам өмірінің, адамның тыныс-тіршілігі, халықтың ой-санасы ән-жыр арқылы беріліп жүрек тебірентерлік әсер қалдыратыны, халықтың сүйініш-күйініші, қуаныш-қайғысы, арман-мұддесі әнмен өріліп, құймен жүректі тербеп өмірден өз орнын табатындығына дау жок. Елдікке де ерлікке де шақыратын ән мен қүй.

Сондықтанда болар Орынбор генерал-губернаторы «Энвер-бей» деген өлеңді сатуға, граммофонда ойнатуға тыйым салып, оны халықтың тыңдауына рұқсат етпеген бұйрық шыгарған. Бұл жөнінде Түркістан өлкесінің барлық облыстары, губерниялары мен уез басшыларына 27 шілде 1916 жылы №672 қатынаспен тапсырма берген. Онда былай деп жазылған:

«Түркістан генерал-губернаторының аудандық жасырын сақшы бөлімі татар «Энвер-бей»¹⁵ деген өлеңінің Ригада «Граммофон» қоғамының граммофон пластинкасына жазылған ән текстінің тәржімасын табыс етті. Сонымен бірге осындай берекесіз, тынышсыз, мазасыз уақытта бұл пластинканы сақтауға, сатуға және оны пайдалануға тыйым салу жөнінде ұсыныс қойды.

Казіргі қолда бар мәліметке қарағанда бұл пластинкаға жазылған өлең Түркістан өлкесіне қарайтын асханалар мен шайханаларда бұратана халықтардың қатысқан жерінде ойналатын көрінеді.

¹⁵ «Энвер бей» түрік әні болуы мүмкін. Энвер паша – Түркіяның әскери және саяси қайраткері. Генерал. Соғыс министрі болған. Бас штабты бас-карған. «Жас түрік» партиясы жетекшілерінің бірі. Орта Азиядагы бас-машылық козғалыска катысып, 1922 ж. ұрыста каза тапты. Энвер паша түркі-мұсылман халықтарын бір тұзлы астына біріктіруді көздеді. Түркіштік идеясын қазак даласына етуінен корыккан патша үкіметі тыңшы агенттер үстап, барлық жағдайлары бакыланп отырган – Д.И.

Сондықтан генерал-губернатор аталған пластинканы сатуға, сақтауға және асханалар мен шайханаларда ойнатуға тыйым салуға, пайдаланудан шығаруға бүйрық берді. Тапсырманы сөзсіз орындауға», - деп канцелярия бастығы статтық кеңесші Семенов қол қойған.

(ОУА 40 қор, 1 тізбе, 65 байлам, 1052 іс, 129 б.)

Міне, көріп отырсыздар, бұл да патша үкіметіне қауіпті ән болып табылған. Бірақ қалай дегенмен де бұл халық мұнын, зарын, ауыр халін шерткен, жүрек тебірентерлік ән екендігін жүрек сезеді.

Олай дейтініміз бұл нағыз 25 маусым 1916 жылдың дүрбелең тұсы. Оны генерал да. оның тыңшылары да «берекесіз, тынышсыз, мазасыз» кезең деп тап басып айтып тұр. Генерал-губернатордың, оның жасырын сақшы ұйымының қауіптенуі негізсіз емес. Сол кезде ел арасында Ташкентте, Жетісу бойында, Арқа өнірінде майдан шебінен окоп қазу жұмысына 19-31 жастағыларды алуына абыртушылық туып, кей жерде патша үкіметіне, оның жергілікті әкімдеріне өшіге, жауыға карау, олардың мазасын алу, берекесін кетіру, бой көтеру әрекеттерінің күн санап етек ала бастаған дүрбелең шақ екендігі сөзсіз. Генералдың тыйым салуына қарағанда бұл ән тексті халыкты құреске шакыратын болуы мүмкін. Іздестіру барысында бұл әннен, ән текстінен, пластинкадан қазіргі ұрпақтың хабарсыз екендігіне көз жетті.

«Тоқсан ауыз сөздің, тобыктай түйіні» республикамыздың өз ішінде, алыс-жақын шет елдерде тұратын қандас-бауырластарымыздың сауатты да салауатты карттардың, азаматтардың өз ұрпағына мұра етіп қалдырып, көненің көзі деп сақтаған, сандығының түбіне, кебежесінің іргесіне тығып жүрген жоғарыда аталған кітап пен ән тексті жазылған пластинканың сақталуы мүмкін деп ойлаймыз. Егерде олар табылса бірдің емес, мыңның қуанышы, қазіргі егемендікке қолы жетіп, кабыргасын қатайтып, керегесін көріп, уытын шашып, шанырағын биік көтерген республиканың тарихына, мәдениетіне қосылар мұралардың бірі болатындығы сөзсіз.

Сондықтан, қадірменді ағайындар, аталған кітап пен ән тексті жазылған пластинканы, Императордың назарына іліккен ежелгі дүние-мұлікті іздестіруге ат салысады деп сенеміз.


Ел іші – алтын қазына, біреуде болмаса біреуде сақталуы мүмкін. Рухани қазынамыздың табылуына үлес қосуларыныңға үлкен үміт артамыз.

Колжанба
6 маусым 1995 ж.

Үлкен сызбаға арналған кітап немесе

Бұл кітаптың жарық көргеніне төрт ғасырдан акса да көпшілікке әлі де жете таныс емес. Алғашқы нұсқасын Ресей патшасы Михаил Федоровичке дейінгі орыс мемлекетінің басшысының бірі жасатқан. Ол карта тозып, енгізілген мекен атаулары өшіп, кейбіреулері кейін атауын өзгерктендіктен, патша Михаил Федоровичтің тікелей бұйрығымен (1627 ж.) жаңадан карта жасау қолға алынған. Бұл іспен Федор Лихачев пен Михаил Данилов айналысып, аяқтап шыққан. 1680 жылы патша Федор Алексеевич бұл жасалған картага сол кездегі жағдайға байланысты өзгерістер мен толықтырулар енгізді. Соңғы екі картага сипаттамалар жазылды. Бұл екі карта 1773 жылға дейін жасырын сақталды, жарияланбады.

Бірақ, оның біреуін баспағер Н.Новиков 1773 жылы Санкт-Петербургта «Мәскеу мемлекетінің өзендері, оның салалары, басқада су көздері, қалалар мен мекендер, олардың арақашықтығы сипатталған Ресейдің ежелгі идографиясы» деген атаумен басып шығарды. Новиков бұған 1680 жылы картага жазған сипаттаманы пайдаланды. Өйткені, оған 1627 жылы «Үлкен сыйзбаға арналған кітап немесе Ресей мемлекетінің ежелгі картасы» деген атаумен жарияланған картаның сипаттамасы белгісіз болған болуы керек.



А промежъ "рѣки" Сунгурлука и Оиля "рѣки", пали двѣ рѣки въ землю: рѣка Аспуга, да "рѣка Күүей [Куей].

А тѣ обѣ рѣки вытекли изъ горы, а "горы [горѣ] //прозвище [прозваниc] неописано, а по той горѣ лѣсъ.

А противъ Оиля рѣки, 30 верстъ отъ Яика, гора Индерѣ, [а] подъ тою "Индерѣ" горою озеро, а въ немъ соль, какъ ледъ.

А противъ той горы, на рѣкѣ на Яикѣ, съ лѣваго стороны, лѣсъ.

А отъ той горы, внизъ рѣкою Яикомъ, до "Боксаны [Баксана] протоку 50 верстъ, "а" Боксаны протоку "до моря" 60 верстъ.

Да изъ Яикажъ рѣки, съ лѣваго стороны, выше Сорочика острова 25 верстъ, "потекла протокавъ море[потекъ въ море протокъ] Саванлы [Саванлы]; протоку [его] "изъ Терка" до моря 70 верстъ, а моремъ отъ устья Яика, до устья тое протоки, 25 верстъ.

А отъ устья Яика рѣки, берегомъ морскимъ, на востокъ къ Юргенской землѣ, противъ устья рѣки Кинлрѣ - Сакгызѣ, до конца Хвалимскаго моря, 200 верстъ.

И всего отъ Астарахани Хвалимскимъ моремъ въ доль, до Юргенской земли, 1200 верстъ.

А промежь озера Акбашлы и рѣки "Саукъ [Сукъ] и озера "Апколь [Апколъ], и "по" обѣ стороны рѣки Зеленчика, и рѣки Кендерлика, и рѣки "Сарсу [Сарсы], и песковъ Каракумъ, на тѣхъ мѣстахъ, на 600 верстахъ, кочевые *Казацкіе* орды.

На рѣкѣ же на "Сырѣ [Сарсѣ], отъ Сунака города 90 верстъ, городъ *Лсырванъ*.

А отъ Ясырвана города 100 верстъ, городъ *Тюркустанъ*, отъ Сыра рѣки "отъ берега" 20 верстъ.

А отъ Тюркустана 140 верстъ, на рѣкѣ на Сырѣ, городъ *Арканъ*.

А отъ Арканы 60 верстъ, на полуденной сторонѣ, городъ "Янгурганъ [Янкурганъ], отъ Сыра рѣки 10 верстъ.

А отъ "Янгургана [Янкургана] 70 верстъ городъ *Акнурганъ*.

А отъ Акнургана 110 верстъ, городъ "Сайръмъ [Сапрымъ], отъ рѣки 20 верстъ.

А отъ "Сайръма [Сапрыма] 160 верстъ, съ южной стороны Сыра рѣки, городъ "Ташкуръ [Такшуръ], отъ рѣки Сыра 30 верстъ.

А съ полуденныхъ стороны, противъ "Ташкура [Такшура] города, прилегла къ Сыру рѣкѣ гора [Вдонъ]; вдоль по горѣ 130 верстъ.

1627 жылғы «Үлкен сыйбаға арналған кітап» 1792 жылы Санкт-Петербург Тау-кен училищесінің баспаханасында, кейін 1838 жылы 23 ақпанды Цензорлық комитеттің рұқсат етуі бойынша Д.Языковтың алғы сөзімен қайта басылып шықты.

«Кітапта» Мәскеуден бастап солтүстігінде Двина, Печора, Ақтөңіз, батысында Польша жерімен Дон, Днепр өзендері, онтүстігінде Кавказ тауы, Қаратеніз бен Азов теңіздері, шығысында Обь өзені, Тюмен, шығыс түстігінде Түркістан, Сунак, Сайрам, Жанақорған, Бұқара, Қызылбаска (Персия) дейін. Сырдария мен Әмудария өзендері, Аral теңізінен Қазақстанның батыс аймағындағы жер, су, таулары мен өзен, көлдері қалай орналасқаны, қайдан бастау алып, қайда құятындығы, олардың бір-бірінен арақашықтығы айқын көрсетілген. Мәселен, «...Жайық өзенінің ұзындығы 1050 верст Хвалин (Каспий) теңізіне құяды» деп жазылған. Жайыққа құятын көп салалардың әрқайсысының ұзындығы, Жайыққа кай тұсынан келіп қосылатындығы көрсетілген.

«Кітапқа» Елек, Ойыл, Сағыз, Ырғыз, Темір, Жем, Кайнар өзендері, Индер тауы, Индер көлі, Жайықтың ең кішкене Боксак саласы, Ойыл өзенінің құярлығында Қаракөл, Көктеңізben (Арал) Хвалин теңіздері арасында Қаракұм, Бөрсек құмдары бар деген деректер енгізілген. Оларға атпен жүргенде қанша күнде жететіндігі ескерусіз қалмаған.

69 бетінде: «Ойыл өзені Жайыққа жетпей жерге сініп кетеді. Осы өзеннің құярлық айналасында 8 (50) Қаракөл деген көл бар (по нашему Черные озера)» деп анықтама берілген.

«Жайық өзені» тарауын қыскаша түйіндеғенде Актөбе, Атырау, Батыс Қазақстан облыстарының географиялық жағынан орналасуы түгел қамтылып жазылған. Бұған қараганда Ресейдің көзделген мақсаты – көрші елдерді, әсіресе Қазак даласын отарлаудың жоспарын XVI ғасырдың аяғынан бастаған деуге болады. Бұл карта отарлаушыларға кейін пайдасын берді. Олар иғілігін көрді.

А противъ горы "Тузтеби [Тұзтебі],
илие Супгурлукъ, пытекла рѣка Оиль, и
плаца "Оиль рѣка", по дошедь до рѣки Яика,
въ землю. А на устьѣ той рѣки около 8
[50] озеръ "Караголъ [Қарғолъ], по нашему
Черные озера.

Қолжазаба
«Қызылқоға – құт мекені», 26-30 б.

Тағы да хандар және сұлтандар туралы

Бұл материалды жазуға бізді екі жағдай итермеледі. Біріншісі, Елбасының 1998 жылды «Халық бірлігі және ұлттық тарих жылы» деп жариялауына сәйкес Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архив қорындағы еліміздің тарихына қатысты материалдарды іздестіру үстінде «Сұлтандар мен қожалардың ата-тегі», «Бекей хандығындағы сұлтандардың тізімі» деген істерге кездестік.

Хандар мен сұлтандардың ұрпактары жөнінде бұрын мерзімді баспасөздерде жарияланғандықтан бұған онша назар аудармауга болатын еді. Бірақ, бұл деректермен жете танысқанымызда 1830-1860 жылдар арасында үлкен қындықпен жиналғандығына көз жетті. Сонда Орынбор шекара комиссиясы 30 жыл бойы хандар мен сұлтандардың, қожалардың ата-тегін, ұрпактарының мәліметін қыр ізінен қалмай жинауының сыры не деген сауал өзінен-өзі туды.

Тарихка зер салсак, Ресей отарлаушылары қазақтарды басқару жөнінде талай рет зан, ереже шығарғаны белгілі.

Солардың бірі – 1824 жылғы Орынбор генерал-губернаторы П.К.Эссен ережесі. Осы ереже бойынша Орынбор облысына қарайтын қазақ даласы Батыс (немесе Ішкі орда), Орта және Шығыс бөлікке, кейін 57 дистанцияға бөлінді. Ондағы басты мақсаты – хандық жүйені киратып (әсіресе, Жәңгір қайтыс болып, орнына Әділ хан болғаннан кейін). Қазақ даласына Ресейдің отарлау саясатын түпкілікті енгізу, қазақтардың тәуелсіздігін жою, отарлау саясатына қарсы халық дүмпүлерін өз даласында тез тұншықтыру болды.

Оның тиімді жолы – сұлтандар мен қожаларды ел басқару жұмысына кеңінен тартып, солардың қолымен от көсеуді дұрыс деп тапты. Мұны жүзеге асыру үшін олардың ұрпактарының мәліметін жинап, «женілдік беру үшін» деген желеумен сайқал саясатын бүркеді.

Ең бастысы, бұқара халықты бұғалықтау үшін қажет болды. Бұл саясаттан патша үкіметі ұтылған жок. Исадай-Махамбет, тама Есет, Есет Көтібаров, Жанкожа және Кенесары көтерілістері кезінде бірсыныра сұлтандар мен қожалар патша үкіметінен татқан дәмтүзүн ақтады. Көтерілістерді басуға белсене қатысты.



П.К. Эссен

Орынбор шекара комиссиясы бұл жүргізген саясатының нәтижесіне нақты көзі жеткендіктен сұлтандар мен қожалардың ата-тегі мен ұрпақтары туралы деректерді жинастыруды жалғастыра берді. Алғаш рет 1830 жылы 14 қарашада (№3912 қатынас) Ішкі орда ханы Жәңгір Бекейханұлына өз құзырына қарайтын елдердегі төрелер мен қожалардың ер балаларының, оның әкесінің, атасының, бабасының есімдерін Орынбор шекара комиссиясына тапсыруды міндettеді. Онда: «Қазіргі күні патша үкіметінің қазақтардың әр отбасынан алынатын салықтарынан хан, төре, қожа тұқымдарын ақыратып алу үшін қажет» деген сөздер жазылды.

Бірақ, бұл тапсырма Жәңгір қайтыс болғанша, яғни, 15 жыл бойы толық орындалмады. Деректі құжаттарға қарағанда Жәңгір қайтыс болғаннан кейін Шекара комиссиясы бұл іске шұғыл кіріскең. Орынбор шекара комиссиясы бұл кезде хандық жуйені жойып, қазақтарды басқарудың жаңа ережесін енгізуге асырыс дайындалып жатты. Сол үшін Орынбор шекара комиссиясы Ішкі орда уақытша кенесіне, сол кездегі Орда басшысы Әділ Бекейхановқа, Орда кенесшісі Шөкі Нұралыхановқа, толенгітердің басшысы Бесжан Әбілғазинге, кete руын басқарушы Тоғым сұлтанға, ысық руын басқарушы Тәуке Бекейхановқа, I-Каспий жағалауындағы қазақтарды билеуші Хангерей Хансұлтановқа, тана руын басқарушы Жаһаншах Шынғалиевке, ногай руын басқарушы Аранжан Мүшегалиевке, алаша руын басқарушы Жанбөбек Беккалиевке, II-Каспий жағалауындағы қазақтарды билеуші Қарауылқожага, жаппас руын басқарушы Батыргали Шынсұлтановқа, беріш руын басқарушы Балқы би Құдайбергеновке, байбакты руын басқарушы Сұлтанжан Жанмұсагалиевке, жетіруды басқарушы Ахметгерей (кейде Раҳметгерей деп те жазылады – З.И.) Хансұлтановқа сұлтандар мен қожалардың тізімін тездетіп тапсыруды міндettеді.

Солай болса да бұл әмірдің орындалуы жерде сезбүйдега салынды. Өйткені, зерделі елбасшылары мен ойы жүйрік отбасы иелері Шекара комиссиясының бұл тұлқі тәсіл құлығының түпкі мақсатын түсінді де мәлімет беруді ұзартса берді. Сондықтан, отарлаушылар омыраулап ала алмайтындығын сезгеннен кейін айлаға көшті. Хан, сұлтан, қожалардың әр отбасын күміс есебімен алынатын 1 сом 50 тиын салықтан және сұлтандардың шекарадан өтуі үшін берілетін билетке 2 сом салықтан босатты (ҚРОМА 4 кор, 1 тізімдеме, 2122 іс, 23 б.). Оған қосымша «қамқорлық» жасап, олардың балаларын орыс оқу орындарына кабылдауға «кедергі жасалмайтын» болады. Шындығына келгендеге бұт айла. тәсіл де мардымды нәтиже бермеді.

Оған Орынбор шекара комиссиясына Орынбор қазактарының Орта бөлігінің билеушісі Жүсіп Нұралыхановтың жазған рапорты дәлел. «Құзырымдағы, - деп жазды ол, - барлық сұлтандар мен қожаларды шақырып, өздерінің ата-тегі туралы мәлімет беруді тапсырып едім. Соңан жергілікті қожа Төрежан Арыстановтан басқа ешкім келген жоқ» (ҚРОМА 4 қор, 1 тізімдеме, 2122 іс, 6-8 б.).

Екінші дерек те осы ойымызды қуаттайты. «1845 жылы 25 қыркүйекте, - деп хабарлады Орынбор шекара комиссиясына полковник сұлтан Б.Айшуаков, - №3 дистанция бастығы Хакім Бабасовтан басқалары сұлтандар мен қожалардың ата-тегі туралы тізімді тапсырған жоқ. Сондықтан заң жолымен жауапқа тартыласыңдар деп корқытып, тағы да тапсырма бердім» (жоғарыда аталған қордың, істің 43 б.).

Осындай жағдайлардан кейін Шекара комиссиясы ел басшыларына азуын басты. Қаһар шашты. Қорқыту, үркіту саясатына қамшы басты. 1847 жылы 2 сәуірде Орынбор шекара комиссиясының бөлім бастығы Баталин: «...Бұлардың бірсыптырасы әлі де жүгенделмегендіктен (сөзін көрдіңіз бе? – З.И.) өздерінің ата-тегін жасырып, айтпай келеді. Сондықтан тездетіп оларға қатаң шара көр» деп Ішкі орда уақытша кенесіне өтініш айтты (ҚРОМА 78 қор, 2 тізімдеме, 945 іс, 1 б.). Сөйтіп, патша отарлауышыларынан қысымшылық басталды. Осыдан кейін басшылардың өзі елге шығып, үйме-үй жүріп тізім алуға кірісті. Оны дәлелдейтін деректің бірі: Орта бөліктің билеушісі сұлтан Арыстан Жантөриннің Орынбор шекара комиссиясына жазған мына рапорты: «...Қарауымдағы дистанция басшыларына, - деп жазды ол, - сұлтандар мен қожалардың ата-тегі туралы қатаң тапсырма бергеніме қарамастан жақын шамада олардың оны тапсыру мүмкіндігі болмай тұр. Сондықтан елге шығып, үйме-үй жүріп тізім алуға тұра келіп тұр» (ҚРОМА 4 қор, 1 тізімдеме, 2122 іс, 46 б.).



Оны толықтыратын екінші дерек, Арыстан Жантөриннің орнында қалған Махмұт сұлтанның рапорты. Ол: «Шекара комиссиясының талап еткен сұлтандар мен қожалардың тізімін жинау үшін әскери старшина Арыстан Жантөрин қазір елде іс сапармен жүр. Әмірші сұлтан елден оралысымен оның жасаған тізімі Шекара комиссиясына тез тапсырылады» деп хабарлады (ҚРОМА 4 кор, 1 тізімдеме, 2122 іс, 56 б.).

Міне, сұлтандар мен қожалардың тізімін жинаудың 30 жылға созылуының басты-басты себебіне біздің деректі айғақтарымыз осы.

Мақаланы жазуға итермелеген екінші жағдай қолдағы деректерді бұған дейін жарияланған деректермен салыстырғанда айырмашылықтың болуы себеп болды. Өйткені, оқырмандарға ұсынылып отырған тізімді кезінде ел басшылары «дәйді» екендердің сөзіне сенбей, үйме-үй жүріп нақты тізім жасағандықтан мұны шындыққа жақын деп санадық. Тізімді Батыс бөліктегі (ягни Ішкі орда) сұлтандар мен қожалардың ата тегінің тізімін дөңгелек график ішіне араб харпымен қазақ тілінде жазған. Ал қалған екі бөлік (Орта, Шығыс) орыс тілінде, ара-тұра араб харпымен қазақ тілінде көрсетілген. Сондықтан оларды жинақтап, оқырмандардың түсінуіне лайық-ау деген шамаға келтірдік.

Сөйтіп, бұған дейін баспасөзде жарияланған хандар мен сұлтандардың, қожалардың шежіресіндегі кейбір олқылықтың орнын толтырып, бір ізге түсіуіне бұл деректердің пайдасы тиер деген ой түйдік.

Олай дейтініміз, біріншіден, дөңгелек график етіп араб харпымен дайындаған шежіреде шежірені жинаушының ба, әлде графикті сыйзуышының қатесі ме, Сөкіғали, Текіғали, Токқожа сұлтан, Сары сұлтан, Баймағамбет сұлтан, Өтепқали сұлтан, т.б. кімнен тарайтындығы нақты көрсетілмеген.

Екіншіден, Нұрғали ханның (араб харпінде) жазылған шежіреде Нұрғали хан Ергали хан деп жазылғандықтан біз де солай жаздық. Графикпен жазылған шежіреде – 13, «Ана тілі» ұлт апталығында (25 желтоқсан 1997 жыл, №52) – 25 баласының аты жазылған.

Үшіншіден, басқа хандар мен сұлтандарды айтпағанның өзінде жоғарыда айтқан Нұрғали хан балаларының сан жағынан емес, есімдері жөнінде де айырмасы бар. Мысалы, график шежіредегі Піргали, Елтай, Жұсіп, Өзбекгали, Жалтыр (ол кейде Ялтыр деп те жазылды), Тынәлі, Қосырау есімдері жазба шежіреде атаптайды. Оның есесіне жазба шежіредегі Ерас, Шөкі, Бөлекей (кейде Бөлке деп те жазылды). Арслан, Артығали, Абылай, Шотыр (Шолтыр деп жүргеніміз осы емес не екен?). Санғали (кейде Шағали, Шығай,

Сығай, Шиғали деп әр түрлі жазылады), Бекқожа сұлтандар график шежіреде көрсетілмейді. Ал, «Ана тілінде» бұл екеуінен тыс Құлтай сұлтан, Есентай сұлтан, Құркылтай сұлтан, Қожахмет сұлтан, Қәфи сұлтан, Есмағамбет сұлтан, Шорман сұлтан, Жарас сұлтан, т.б. Нұрғали хан балалары деп жазылған.

Төртіншіден, біз ұсынып отырган шежіреде Жаһанша Шынғали сұлтан мен есаул Бабажан қожа басқарған көшпелі қазақтар арасындағы сұлтандармен қатар Баба сұлтан, Жәнібек сұлтан, Қылышқара сұлтан ұрпақтары туралы деректер де бар.

Оның үстіне осы уақытқа дейін жұртшылықтың көбіне беймәлім ногайлы мен қаракалпактан шыққан (шежіреде осылай жазылған – З.И.) Дінасылов, Абдулла Рысқұлов пен Жолбарыс хан тұқымдарының деректері де назар аударарлық. Олай дейтініміз жалпы жұртшылық түгіл кейбір ғалымдардың өзі олардың кім екенінен хабарсыз. Себебі, И.В.Ерофеева Абдулла хан мен Жолбарыс хандарды ата-тегі белгісіз хандар (И.В.Ерофеева «ХVIII-XIX ғасырдың ортасындағы Қазақстандағы хандар және хандар әuletі», 1997 ж., 76 б.) деп көрсеткен. Бізше, бұл ғалым осы тұжырымдамасымен қазақ хандарының сүйегіне таңба салып тұрған жоқ, ол қазақ халқына, қазақ тарихына таңба салып тұр.

Себебі, о заманмен бұ заманды ата-тегі белгісіз қазақ хан сайланбаған. Тексізді хан сайлайтындағы қазақ бұрын мәңгүрт болмаған. Ата-тегі белгісізді хан сайлау былай тұрсын ата-тегі белгілілердің өзін ақыл таразысына салып (Уәлидің хан сайлауы тарихын еске түсіріп көрініші – З.И.), сарапал хан сайлағанын тарих әлдеқашан дәлелдеген. Хандар мен сұлтандар тарихына бүйтіп күйе жагуға, оларды қорлауға болмайды. Бізді мұншалықты ашындырып, ауыр сөз айтқызып отырганы ғалым Ерофееваның тарихи деректі көрмегені, не көрсе де оған мән бермегені. Ерофееваның 1969 жылы «Ғылым» баспасынан шыққан «ХV-ХVIII ғасырдағы Қазақстан» деген кітапты оқымауы мүмкін емес. Егерде ол кітаптағы М.Бижановтың: «...В Старшем жузе с 1720 по 1739 г. ханствовал старший брат Абулхаира Жолбарыс хан Абдуллаев» деген сөздерін пәтуаға алмаса басқаша жұмсарудың ретін біз таба алмадық. Ойланып көрейікші, ақылға салайықшы. Әблілхайырдың үлкен ағасы Абдулла, оның баласы Жолбарыс болса, олар қалай тексіз, тегі белгісіз хан болады? Ақылға сиымсыз!

Біздің қолымыздағы шежіре бойынша Орынбор шекара комиссиясына Батыс боліктің билеушісі полковник Мұхамедғали Тәүкин (10.IV.1856 ж.). Орта боліктің билеушісі Арыстан Жантөрин (13.II.1847 ж.). Шығыс боліктің билеушісі Ахмет Жантөрин

(2.III.1846 ж.) және руларды басқаруши сұлтандар: Шомбал Ниязов, Батырғали Шыңсұлтанов, Менлігерей Бекейханов, Асфендияр Сүйеуғалин, Жанбөбек Бекқалиев, Махмуд Алғазиев, т.б. әмірші-сұлтандар. 908 адамның есімін нақты анықтап тапсырган. Олардың бәрі де ата тегін, ұрпағын жетік билетін зерделі, құйма құлақ, әмір тәжірибесі бар ақыл иелері.

Оның үстінега дерек үйме-үй жүріп жазылған-
дықтан жансақтық, салақтық жасалуы мүмкін
емес сияқты. Сондықтан хандар мен сұлтандардың, қожалардың
ұрпақтары туралы бұл дерек бұрынғы жансақ пікірлерге тойтарыс
береді, әрі шежірені толықтырады, бір ізге түсуге әсерін тигізеді
деп есептеп, оқырман назарына ұсынып отырмыз.



Ахмет Жантөрин

Орданың шығыс бөлігінде тұратын сұлтандардың тізімі (2 наурыз 1846 ж., №484):

	Сұлтандардың өз аты	Әкесінің аты	Атасының аты	Арғы атасының (бабасы) аты
1	Орданың Шығыс бөлігінің билеушісі Ахмет Жантөрин Оның ер балалары: Сейтхан, Сакыпгерей, Дәүлеткерей.	Жантөре сұлтан	Жаһангир сұлтан, Сарай кенесшісі	Қайып хан
2	Мұхамет Жантөрин (А.Жантөриннің көмекшісі) Оның балалары: Ғұмар, Баймұхамед, Ғұбайдулла.	"	"	"
3	Махмұт Жантөрин	"	"	"
4	Зұлхарнайын Жантөрин	"	"	"
5	Сермұхамед Жантөрин Оның баласы Сұлтан Ғаби	"	"	"
6	Сүлеймен Жаһангиров	Жаһангир сұлтан, Сарай кенесшісі	Қайып хан	Батыр хан

7	Ермұхамед Бабин Оның балалары: а) Досмұхамед оның балалары: Сейтмұхамед, Дінмұхамед, Нұрмұхамед, Мұхамед. ә) Ешмұхамед оның балалары: Аскар-Мұхамед, Аскар-Әли. б) Күнмұхамед оның баласы Бермұхамед в) Ғабди	Баба сұлтан	”	”
8	Құлмұхамед Бабин Оның балалары: Аймұхамед, Белмұхамед, Әбекан.	”	”	”
9	Қаратай Бабин	”	”	”
10	Бекей Бабин Оның ұлы Есенгазы	”	”	”
11	Тогым Аққанов Оның балалары: Бөрі, Тілеуғабыл.	Аққан сұлтан	Қайып хан	Батыр хан
12	Сарбай Аққанов	”	”	”
13	Мұстафа Аққанов	”	”	”
14	Өтеген Аққанов	”	”	”
15	Әлім Асфендияров Оның балалары: Айтөре, Айтенбай, Мәти	Асфендияр сұлтан	”	”
16	Мәли Асфендияров Оның балалары: Күнтөре, Долан, Қашқын	”	”	”

Жалгасы

17	Тұрсын Құдаймендиев Оның балалары: Ертан, Қодарбай, Науым.	Құдайменді сұлтан	Батыр хан	Қайып хан немесе Ер Қайып хан
18	Байшуақ Құдаймендиев Оның балалары: Төреңек, Бөгетай, Темірбек, Солтанбек.	”	”	”
19	Түкі Құдаймендиев Оның балалары: Құлбай, Әбен, Әбілқайыр	”	”	”
20	Болатғазы Құдаймендиев Оның балалары: Тоқтас, Бектас, Жантас.	”	”	”
21	Дінтөре Жұмін Оның балалары: Қанай, Шыңғыс.	Жұма сұлтан	Құдайменді сұлтан	Батыр хан
22	Ошақбай Жұмін Оның балалары: Бөрібай, Жолбарыс, Жанаарслан.	”	”	”
23	Жаналы Жұмін	”	”	”
24	Жаманғұл Жұмін	”	”	”
25	Жаманбай Жаншуаков Оның баласы Сатыбалды	Жаншуақ сұлтан	”	”
26	Жадай Жаншуаков Оның балалары: Нұргазы, Чунгатай.	”	”	”
27	Бөрібас Жаншуаков Оның баласы Қосақ	”	”	”

28	Жанғабай Жаншуақов	„	„	„
29	Агатай Жаншуақов Оның балалары: Сейтхан, Сейілхан.	„	„	„
30	Жанқайыр Жаншуақов	„	„	„
31	Көксал Жаншуақов	„	„	„
32	Құлқай Жәнібеков Оның балалары: Есжан, Досжан, Нұрым, Мықан, Тілеке, Юсуф.	Жәнібек сұлтан	Құдайменді сұлтан	Батыр хан
33	Рұстем Жәнібеков Оның балалары: Амантай, Есентай.	„	„	„
34	Бопан Хантөрин Оның баласы Жанмұхамед	Хантөре сұлтан	Жәнібек сұлтан	Құдайменді сұлтан
35	Сейтен Хантөрин Оның баласы Күнмұхамед	„	„	„
36	Тырнак Хантөрин	„	„	„
37	Исали Қыдырбаев	Қыдырбай сұлтан	Құдайменді сұлтан	Батыр хан
38	Саржан Қыдырбаев	„	„	„
39	Дәржан Қыдырбаев	„	„	„
40	Жәдік Әділгазиев	Әділғазы Сұлтан (ол Сапак)	„	„
41	Жанәділ Айтөрин	Айтөре сұлтан	Жаншуақ сұлтан	Құдайменді сұлтан

Жалгасы

42	Шотай Бақтыгереев Оның балалары: а) Ғабди Оның балалары: Ғұмархан, Батырхан, Махмұд, Солтан Ахад. ә) Әбділфеиз б) Ибрағим в) Хаким Сұлтан	Бақтыгерей сұлтан	Бабақ сұлтан	Есім сұлтан
43	Жанболды Бақтыгереев Оның балалары: Мұса, Жошы.	”	”	”
44	Бегәлі Есімов	Есім сұлтан	Бақтыгерей сұлтан	Бабақ сұлтан
45	Тоқанай Шыңғысов Оның балалары: а) Бекеш Оның балалары: Мәди, Ханқожа, Айқожа. ә) Сереш Оның баласы Әбілз б) Тәуке	Шыңғыс сұлтан	Абылай хан	Үәли сұлтан
46	Сарбай Мұхамедғалиев Оның балалары: а) Уали Оның баласы Пірәлі ә) Шыңғыс Оның баласы Мұсірәлі б) Базар в) Бержан	Мұхамед- ғали сұлтан	Нұралы хан	Әбілқайыр хан
47	Шонғара Мұхамедғалиев Оның баласы Естек	”	”	”

48	Жиенәлі Мұхамедғалиев Оның балалары: а) Бердәлі Оның баласы Абылай ә) Саңқыбай б) Күшік в) Сығай г) Шөнге	”	”	”
49	Баялі Мұхамедғалиев Оның баласы Құдайберген	”	”	”
50	Шынғали Мұхамедғалиев Оның балалары: Миман. Тата.	”	”	”
51	Алтын Мұхамедғалиев	”	”	”
52	Баба-Әлі Мәдиев Оның балалары: Баймұхамед, Рұстем.	Мәді сұлтан	Мұхамед- ғали сұлтан	Нұралы хан
53	Ғұмар Мәдиев	”	”	”
54	Аймұхамед Мәдиев	”	”	”
55	Есмұхамед Мәдиев	”	”	”
56	Шаймұхамед Мадиев	”	”	”
57	Иман Құнәлиев	Құнәлі сұлтан	Мұхамед- ғали сұлтан	”
58	Төрежан Сейдалин Оның балалары: Темір Жұма Шуақ	Сейдалы сұлтан	Нұралы хан	Әбілқайыр хан
59	Айтөре Сейдалин Оның балалары: Өтепқали Саналы Тілеумұхамед	”	”	”

60	Күзер Сейдалин Оның баласы Жангазы	”	”	”
61	Күнтөре Сейдалин Оның баласы Әлмұхамед	”	”	”
62	Кенжәлі Сейдалин	”	”	”
63	Шалтақ Сейдалин	”	”	”
64	Уәли Сейдалин	”	”	”

Орданың шығыс бөлігінің билеушісі Ахмет Жантөрин
(ҚРОМА 4 қор, 1 тізімдеме, 2122 іс, 29-36 п.)

«Қазақ әдебиеті» газеті
28 тамыз, 11 қыркүйек, 20 қараша 1998 ж.

Алдонғар қажы

Алла берген ғұмыр адам баласының қолына көзді ашып-жүмғандай бір-ақ рет түсетін болғандықтан, істеген жақсылығы мен жамандығын, ізгілігі мен зұлымдығын, адалдығы мен арамдығын, әділдігі мен ғайбатын таразылап, тәубаға келу, Құдайдан кешірім сұрау үшін мұсылман мойындағы басты парызының бірі – Меккеге барып, тәубаға келу.

Кеңестік қызыл империяның кезінде қажылық парызын өтөу былай тұрсын, мұсылманмын деп айтуга да екі елі ауызға төрт елі темір құрсау қойылғаны баршаға аян. Кеңестік дәүірдегі мұсылмандар, әсіресе қазактар, жүргімен ғана тәуба келтірмесе, сыртқа шашау пікір шығара алмаганы Құдайға да, адамға да шұбәсіз аян. Осының әсерінен Қазан төңкерісіне дейін Қазакстан Республикасы аймағынан қанша адамның қажы болғанынан нақты деректер әлі жиналмай келеді. Әр облыс, аудан өз өлкесінде Меккеге барып, қажы атанған санаулы адамдардың есімдерін ғана еске түсіруде.

Солардың бірі – әңгімеміздің арқауы Каракұлұлы Алдонғар қажы. Алдонғар қажының кім скенін Ішкі орда – бөкейліктер мен Атырау өніріндегі аға буын қазақтарға таныстыру артық. Оны

кезінде еңбектеген жас пен еңкейген кәріге дейін «Алдекен» демей, «Қажеке» деп, алдынан кесе өтпей сыйлаған, қадірлеп құрметтеген. Тек Беріш руы ғана емес, Бекей мен Атырау жеріндегі Кіші жұз еліне ізеттілігімен, ақыл-парасатымен қадірлі азаматтың бірі саналған. Атадан балаға ұласып, үзілмей жалғасып келе жатқан бәтуәлі сөзге қонақ берсек, ол кісі қажыға бір емес, үш рет барған. Бірақ, ол деректердің бәрі де 70 жыл билеген қызыл саясаттың құрбандағына шалынып, ізі жоғалған, естен шыққан. Алдонғардың өмірі мен адамгершілік қасиеттерін жастарға насиҳаттайтын құйма құлак тірі энциклопедия – зерделі қарттар кеңестік саясаттың айбарынан жасқанып, нақты деректерді өздерімен бірге ала кетті. Тарихи деректерді архивтерден ізін сұыттай іздестіруге Коммунистік партияның саясаты мүмкіндік бермеді.

Сондықтан да ол кісі жөнінде нақты деректен ғөрі «дейді» көп. Сол «дейдінің» бірі 1985 жылы Елтайда 97 жасқа келіп қайтыс болған қызының әңгімесіне қараганда, Алдекен 1871 жылы қайтыс болған. «Әкем Меккеден оралмай, сонда өмірден өткенде мен 17 жаста едім» деп әңгіме етіп отыруши еді», - дейді білетін кісілер. Сол есепке қараганда Алдонғар қажының Меккеге болған үш сапарының дерегі әлі де зерттеуді, іздеуді қажет етеді.

Біздің қолымызда Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінде сакталған 1862 жылғы Қылышкестен Шеркеш – Ыдырыс Тоқтабаев, Тобыш Адай – Берқали Бегаев, Тағашы Есентемір – Досалы Қыстаубаев пен Бегіс Беріш – Алдонғар Қарақұловтың құжаты (куәлік №391). Осы құжаттың екінші бетінде ат-есімін көрсетпей «*Карагулов*», бір жерінде «*Караголов*» деп көте көрсетілген, бірінші бетінде есімі де, әкесінің аты да өшүге айналып, тек арнаулы құралмен оқылғандықтан жөндеп, тұзетуге тұра келді. «Меккеге баруына қарсылық болмады» деп Орынбор және Самар губерналарын басқарушы генерал-губернатор, генерал-лейтенант Ладыгинскийдің 26 мамыр 1863 жылы (№672) Ішкі орданы басқаратын Уақытша кеңеске жазған қатынасы ол кісінің Меккеге барған бір сапарына нақты дәлел деп айта аламыз (ҚРОМА 78 қор, 4 тізімдеме, 302 іс, 76 б.).

Бірақ бұл жерде 1862 және 1863 жыл талас тудырады. Себебі бір парап қағаздың бетін екіге бөліп, екі түрлі сиямен жазған. Жартысына 1862 жылы көрсетілген де, нақты қатынастың өзі 1863 жылы жазылған. Сондықтан біз алғашқы 1862 жылды негізге алдық. Осыдан басқа тілге тиек етер өзірге еш нәрсе жок.

Оның әр түрлі себептері бар. Оны түсіндіру үшін тарихи деректерге жүгіну жөн. Қолда бар деректерге қараганда Ішкі орда

мұсылмандарының Меккеге сапар шегуі 1811 жылдан басталып, 1914 жылмен аяқталады. Осы бір ғасыр ішінде Бөкей ордасына қарайтын 641 адам қажыға баруға мүмкіндік алған. Қажыға бару әсіреле 1885 (74 адам), 1901, 1903 (жыл сайын 101 адамнан), 1914 жылы (267 адам) ерекше көзге түседі. Оның керісінше 1811, 1812, 1862, 1863, 1879, 1883, 1884, 1911, 1912 жылдары сирексіп, ең көп болғанда 20, немесе, 4-5 адам Меккеге сапарына мүмкіндік алған.

Мүмкіндік алған деуіміздің де бірнеше себептері бар. Олай дейтініміз, біріншіден, патша үкіметі қажыға барушыларға терісінгай пікірде болды. Империялық саясат о бастаң-ак қазақтарды шоқындыру, орыстандыру, оны мұсылмандықтан айырып, христиан дініне енгізу саясатын ұсталды. Бұл пікірімізді тарихи деректер толық дәлелдейді. Оған қосымша 1853 жылғы Түркиямен арада болған соғыс Ресейдегі мұсылмандарды түрік, араб елдеріне пікірлес, жақтас деп санауы ерекше әсер етті, әсіреле «Джихад немесе Хазават», яғни «мұсылмандардың дінсіздерге карсы қасиетті соғыс ашу» деген мұсылмандар ұранына қосылып кетеді деп қауіптенді. «Ислам діні – әрбір христиан мемлекетіне жауықкан дін, дұшпандық әрекет жасайтын дін» деп ұғындырыды¹⁶.


Сондықтан да патша шенеуніктері қажылыққа баруға ашық турде қарсылық жасамаганымен, көрер көзге Меккеге барушылардың жолына әр түрлі тосқауыл қоярлық айла-әрекет ойластырып, сайқалдық саясат ұсталды. Бірақ, патша шенеуніктері каншама әрекет жасап, құйтырқы саясат қолданғанымен, қажыға барушылардың сапарын пышақkestі тыя алмады. Оны қажылыққа 1814 жылы 70000, 1854 жылы 50000, 1855 жылы 80000, 1856 жылы 120000, 1857 жылы 140000, 1858 жылы 160000 адамның Меккеге қажыға барғаны дәлелдесе керек.¹⁷ Жоғарыдағыдан саясаттың әсері болуы керек, 1865 жылдан бастап қажыға барушылар саны біршама азайғаны анық. Атап айтқанда, 1865 жылы 90000, 1891 жылы 44900, 1892 жылы 53962, 1893 жылы 86489, 1894 жылы 46280 адам Меккеге барып, Мұхамед Галайссаламға мінәжат етіп қайтқан. Әрине, бұл да аз цифр емес.

¹⁶ «Мекке мен Мәдинеге қажыға бару» V шығарылуы, 1899 ж.: 1893-1894 жылдардағы Жеддідегі Ресей генерал-консулы Левицкий мырзаның отчеттари негізінде және 1877 жылы Қазан қаласында жарық корген «Қажылықтың діни және саяси максаты» деген М.Миропиевтің және «Мұсылмандардың Меккеге баруы туралы» Фенинер мырзаның 1895 жылы материалдары бойынша поручик Яров-Раевскийдің күрастыруымен шықкан жинақ, 29 б.

¹⁷ Жоғарыда аталған жинақтың 2-беті.

Меккеге 40-50 мың адамның бір мезгілде келіп орналасуы оңай шаруа емес. Бұлардың барлығы әр тараптан әр түрлі жолмен арып-ашып жеткендер. Ресей генерал-консулы Левицкийдің отчетында: «...Ресей мұсылмандарының Меккеге Ауғанстан мен Индия арқылы келгендері шамамен 1269, ал Константинополь арқылы келгендері 784, 1892 жылы бірінші жолмен 3043, екінші жолмен 804, 1893 жылы Бомбей арқылы 4328, Суэц арқылы 1808, 1894 жылы бізден барлығы 3349 адам, оның 2931-і Индия арқылы, 418-і Суэц арқылы келді» деп көрсетілген (жинақтың 9 беті).

Олай болса Алдонғар қажы Ресей шенеуніктерінен паспорт ала алмағандықтан, қажылық екі сапарын ауыр да қыын жоғарыда айтылған екі жолдың бірімен өткізген болуы керек деп шамалаймыз. Ен дұрысы, Кавказ арқылы сапар шегуі ыңғайға келеді. Себебі, ол кезде Бөкей ордасы мен Атырау қазактары қарашай, құмық, т.б. Кавказ халықтарымен сауда-саттық, зергерлік бұйымдар жасасып, арасынан қайырымы мол азаматтармен қатынас жасауы да ықтимал. Олай дейтініміз жоғарыда аталған Жеддідегі Ресей консулының есебінде әр жыл сайын қажыға барғандардың қай жерден барғаны, жасы, кәсібі көрсетілген, талданған. Бірақ, ол есепте Ішкі орда қазактары жөнінде дерек жоқ.



Әбубекір Қосуақов (Ішкі орда, Талов жағынан)
қажылықтан қайтканда шекарада соккан белгі.
1885 ж., Одесса.

Екіншіден, Ішкі істер министрлігі тарапынан қуәлік алғандар Батумға не Одессаға барып шетелдік паспорт алып, карантин тіркеуінен өтеді. Кемемен аттанарда да, қайтарында да консулда және Одессада карантиннен өткендігі жөнінде паспорттарына белгі соқтырады. Карантиннен өткен адамның аты-жоні, мерзімі көрсетіліп, жолаушының тұргышыкты жеріндегі уезге, губернияға жазба

турде хабарланады. Өкінішке орай елге келгеннен кейін олар Ішкі орда Уақытша кеңесіне алған паспорттарын тапсыруға міндетті болса да, тапсырмайды. Паспорттың өтеуіне қалдырган ақшаларын да (15 сом) қайтарып алууды қажет етпейді. Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінде тек санаулы ғана бөкейліктердің паспорттары сақталған. Мұнда да Алдоңғар қажының паспорты көзге түседі. Сондықтан да біз жоғарыда айтқан пікірге токтадық. Бір айта кететін жайт қазіргі қажылармен ол кездегі қажылардың сапарының аспан мен жердей айырмасы бар. Сәресісін Алматыда, кешкі ауызашарын Меккеде ішетін, өмірде сәждеге басы тиіп көрмеген, қажылық сапардың жол азабын, тақсіретін тартпаған, қалтасының қалыңдығымен қажы атанып жургендей емес, ол кезде Меккеге бару өмір мен өлімнің тайталас бәйгесіне басын тіккен, дін үшін арын да, малын да жұмсағандар қажы атанған. Бұл ауыр, қыын, ұзақ сапар шығынсыз да өтпеген. Бірақ олар да қажы атанып шаһид өлімі деп табылды.

Мысалы, 1885 жылы Ішкі ордан Меккеге аттанғандардың ішінен Бекі Арыстанұлы, Тәжібай Нұрбайұлы, Тоқбан Есжанұлы, Шынтемір Жантекин, Ысқақ Өстенұлы, 1903 жылы Қошмұхамед Қалқаманұлы, Сақылгерей Құнанұлы, Исали Жұнісұлы, Еркінғали Боранбайұлы еліне оралмады. Олардың бірсыптырасы ауырып, бірсыптырасы жасы жеткендіктен ұзақ жолды көтере алмады. Бірақ оларды халқы қаумалап жерлемеді демесе, қасындағы сапарлас жолдастары ақ жуып арулап, мурдесін жер анасына тапсырды. Олардың қайтыс болар алдында айтқан аманаттарын сапарластары ағайын-туганына, ел-жүртіна жеткізген, өздері куәлік еткен жазба куәліктері губернаторға, Ішкі орда басшыларына тапсырылған.

Оған дәлел – 20 қазан 1885 жылы Ысқақ Өстенұлы қайтыс боларда өзімен сапарлас болған Мұхамед Нұрмұхамедұлына: «Артында қалған дүние-мұлқін екі ұлы Ғабдулла, Ғабдешке, әйелі Зылихаға бөліп беруді тапсырды, жаңындағы ақшасын шаригат заны бойынша сол жерде тараттық», - деп Фазылулла Өтепғалиұлы, Молдамұрат Бақтыбайұлы куәлік еткен. Осындай хал Шынтемір Жантекин басынан да өткен. 25 қыркүйек 1885 жылы Аманғали Мырзалаұлына: «Артында қалған мал-мұлқін әйеліне, 4 ұлы мен 5 қызына бөліп беруді тапсырды». - деп Шұқірәлі Жарқынұлы куәлік жасайды (ҚРОМА 142-143 б., 147-148 б.). Мұндай дерек Алдоңғар қажы жөнінде кездеспеді.

Ал енді Алдоңғарды Одесса бағытымен баруы мүмкіп деудін бір ғана үміті бар. Себебі паспорт беретін шенеуніктер шетелге шығатын адамдардың аты-жөнін көрсетпестен, тек «мына номерлі

паспорттарды иелеріне тапсырындар» деп сүйкей салған. Мысалы, 1911 жылы 3 тамызда №171-176, 1814 жылы 8 тамызда №411-423 «паспорттарды иесіне тапсырындар» деп Ішкі орда басшыларына жолдаған. Оған табан тірей алмадық.

Қалай десек те. Алдонғар қажының Меккеге үш рет барғанына күмән жоқ. Ел-жұртты оның Меккеге барғанын көздерімен көріп, куәлік еткен. Инабатты, қадірлі азамат деп санаған. Сол үшін де Алдонғар қажының ұрпақтары Қабижан мен Төлегенді қажының тұқымы деп құрметтеп сыйлайды. Алдарынан кесе өтпейді. Қажыға жүрттың тілегі, қажылық шарапаты тиғен болуы керек, артында оты өшпей, өркені жайылған ұлагатты ұрпақтары қалды. Қажының қара шаңырағының иесі Ахметов Төлеген мал шаруашылығының майталманы, білікті маманы. Кезінде Индер ауданының Амангелді атындағы кеңшарын республикаға танытып, есімі Қазақ КСР Алтын кітабына жазылған шебер ұйымдастыруши, басши. Қажының келіні Хасаева Халила Қазақ КСР-і Жоғарғы Кеңесі Жарлығымен Мақтау грамотасымен марапатталған білімді, озат мұғалім. Екеуі де берекелі шаңырақ пен өркен жайған отбасының иесі.



T. Ахметов

X. Хасаева

«Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні»: қазақта Меккеге барып қажы атанғандар аз емес. Соның ішінде екі рет барғандар сирек, он саусағынан артылып жығылмайды. Ал үш рет барған екеу болса, соның біреуі – Алдонғар қажы (жаның жаиннатта болсын, Әмин! – З.И.), біреу болса, онда дәл өзі. Тілегі қабыл болған болар, Меккеге соңғы қажылық сапарында шаһид болыпты. Қажының ұрпағы Төлеген Ахметов: «Мениң атамының қабірі Меккеде», - деп отырады. Олай болса үш рет қажы атанған Алдонғар есімі қастерлеуге де, құрметтеуге де лайық. Ел-жұртты, ел басшылары ескерусіз қалдырmas деп ойлаймыз.

«Нарын таңы» газеті
8 тамыз 1998 ж.

Хас шебер Хасай

«Өнерліге – өлім жоқ» екенін нағыз ұғындырған жан, шебер тігінші Есмағанбетұлы Хасай еді.

Ол кісінің ерекше бір қасиеті – тіккен киіміне ешқашан ақы сұрамайтын. Мынаның тігу құны мұнша деп те айтпайтын. Иесі берсе алып, бермесе айтқан алғысына, рахметіне риза болған. Бір қызығы – үйіне бас киімсіз адам келсе, өзінің бас киімін кигізіп жіберетін, жалаңбас қалатын сәттері де аз болмайтын.

Не қасиетінің барын білмейміз. ол кісі тіккен киім жыртылып, тозбаса, ешқашан тігісінен сөгілмейтін. Оған дәлел – Чапаев селосында тұратын Жасмағанбетов Сүлейменнің сол кісі тігіп берген тері плащын қазіргі күнге дейін киіп жүргенін екінің бірі таңданып әңгімелейді. Келіндері «Шебер қайнаға» десе, інілері, ер азаматтар «Хасекең тірі әулие гой» деп отыратын.

Иманды болғыр атамыз 1916 жылғы 25 маусымдағы патша жарлығына сәйкес майданның қара жұмысъына алынып (1916 жылы қыркүйекте комиссиядан еткен) Минскіге, онан кейін Царицынга дейін шегініп келгенін, қандай әскер басшыларын кездестіргенін ұзак әңгімелеп отыратын.

Болымсыздан өнер шыға ма? Бойға біткен қасиет тігіншілік пен етікшілік өнерінің аркасында онда да зор абырайға ие болған. Қара жұмыста жұрген өз замандастарының жыртылған, тозған киімдерін жамап, тігіп беріп шарапатын тигізген. Тек оларға емес, майданнан азып-тозып шегінген орыс офицерлеріне де шинель, тері тон, тері колғап тігіп беріп, оларға да өз өнерін көрсетіпти.

Ол ел жұртына 1916 жылдан бастап табаны құректей 60 жыл тігін машинкасымен тапжылмай қызмет етті. 1941 жылдан бастап Новобогат аудандық тұрмыс қажетін өтеу комбинатына шакырылып, тігін цехына мастер болып тағайындалды. Комбинатта тек жергілікті халықтың мұқтажын өтеуден басқа «Бәрі де майдан үшін!» ұранына сәйкес майдан жауынгерлеріне тері тон, колғап, фуфайка, шалбар, құлақшын, киім-кешек тігіп, айлық, тоқсандық жоспарларын артығымен орындал, зор абырайға ие болды. Күндізгі жұмыс каншалық ауыр болса да үйге келгеннен кейін тұнгі сағат 2-3-ке дейін «кісінікі» дегендеге «анау-мынау ісім бар» дегей. жүрттың мұқтажын өтеп, киімін тігетін. Шаршадым, шалдықтым, бейнет көрдім дегендегей қабак шыту, көніліне кірбін ұялату болмайтын.



Х. Есмағанбетұлы

Ердің аты еңбекпен шықты, Сол еңбегінің арқасында КСРО Жоғарғы Кеңесінің жарлығымен «1941-1945 жылдары Ұлы Отан соғысындағы үздік еңбегі үшін» медалімен наградталып, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің қаулысымен «Жеңіл өнеркәсібі ісінің үздігі» атағына ие болды. Кәсіптік сала бойынша аудандық, облыстық, республикалық кеңестер мен тұрмыс қажетін өтеге басқармасының мактау грамоталарымен бірнеше рет марапатталды.

Бұл – халқы, елі үшін бар құшін, бүкіл ғұмырын, ақыл-парасатын сарқа пайдаланғандығының дәлелі.

Бізше, өзі өмір сүрген, еңбек еткен Новобогат селосы ортасында ең болмаса бір көшениң аты ол кісіге бұйыратындей-ақ еңбек сіңірді. Новобогатты «Хасай ауылы» деп атаса, осы артық кетті-ау деп айттар пенде аз болатындығына имандай сенеміз. Бұл атам туралы естелікті жазу және ол туралы ел азаматтарына құлақ қағыс жасау перзенттік парызыым, аруагын сыйлау екендігін ел басқарған азаматтар өздері біледі. Олар бұл тілегімізді қолдан, жузеге асырып, шын мәніндегі «шебердің қолы – ортақ», «өнеріне – өлім жоқ» болды деп үғынар едік.

«Нарын таңы» газеті

12 қыркүйек 1998 ж.



Хасай
Есманабеттұлы



Жұбайы
Мария Извелеукызы



Ұлы
Серікбай

По инсюлю вратой *Лекарство от язвы* показано при лечении болезней, требующих усиления действия в укреплении организма.

Қыздары:



Зәбен мен Збира



Малика мен Халила

Красное озеро

Интересна и богата природа нашего края, несмотря на внешнюю обделенность. Стоит только повнимательнее взглянуть на ее достоинства и откроется многое. Даже в ставшем привычным и казалось бы ничем особым не выделяющемся. К этой мысли подводит и изучение исторических, архивных материалов, оставленных нам в наследство специалистами и учеными, энтузиастами своего дела, краеведами.

Невдалеке от Баутино есть соленое озеро, которое дилетанту и приезжему может показаться лишь мертвым и никчемным. Ни дерева рядом не посадишь, ни огород влагой из этого водоема не польешь. Но не торопитесь с выводами. В природе все устроено мудро: там, где вроде бы пусто, оказывается, как раз густо.

Вот что писал в начале века, а точнее в 1909 году о Красном озере мировой судья Мангышлакского уезда, он же уездной нотариус, полковник в отставке, человек увлеченный в деле краеведения Александр Иванович Затеплинский, привлекая внимание правительства и общественности к этому водоему (чтобы сохранить историческую достоверность записок А.Затеплинского, имеющих немалое значение и для современников, публикуем их в первозданном виде, с сохранением былой орфографии):

«...Вода озера представляет по составу весьма редкое явление, вследствие содержания, кроме обычных солей, очень ценную с медицинской точки зрения бертолетовую соль. Анализом определен следующий состав: на 100 частей воды находится хлористого натрия 18,26; бертолетовой соли 53, хлористого магния 2,85, сернокислого магния 1,39, сернокислого кальция 4,72, углекислого кальция 1,78... С наступлением весны в озере развивается значительное количество особых бактерий, дающих воде карминно-красный оттенок, почему озеро и получило свое название «Красное». Весьма эффективен вид озера в летний жаркий полдень, когда сильная зыбь всколыхнет его поверхность, в такое время вода получает интенсивную окраску кровяного цвета, невольно привлекая взор необыкновенным зрелищем... «Озеро крови». К особенностям этого озера надо так же отнести резко-фиалковый запах его воды.

Целебные свойства Красного озера давно известны местным жителям, а в последнее время оно стало привлекать больных из Астрахани и даже Баку. Опыты лечения обнаружили ценные свойства воды при саруфулезе (золотушное худосочие), ревматизме, хроническом артрите, туберкулезе костей, женских болезнях.

По мнению врачей озеро окажется весьма полезным при лечении болезней, требующих усиления обмена веществ и укрепления организма. Мне лично пришлось убедиться в быстром и прекрасном действии воды на больного, страдавшего хроническим артритом простудного присхождения, после непродолжительного втирания воды в пораженные суставы больной почувствовал значительное понижение болезненности суставов, подвижность их восстановилась.

Очень прискорбно, что до сих пор не было произведено научно обставленных и систематизированных опытов лечения водой Красного озера, почему о существовании его неизвестно не только в России, но даже среди больных Закаспийской области¹⁸. Все это надо отнести к недостатку инициативы и к халатности русского человека.

Форт-Александровский существует более сорока лет и приобрел пока известность как место ссылки знаменитого поэта Малороссии Тараса Шевченко. Надо надеяться, что в будущем он будет иметь значение как лечебный курорт. В самом деле, условия в Форте весьма благоприятны в бальнеологическом отношении, обладая здоровым климатом, он имеет прекрасное купанье в открытом море, дешевый степной кумыс весьма хорошего качества (бутылка кумыса стоит 10 копеек). Наконец Красное озеро и грязи содержат йод и бром (возле самого Форта).

К сожалению, года два тому назад мирное существование Красного озера было нарушено каким-то предпринимателем, который занялся расхищением его целебного богатства, извлекая соль в значительном количестве для замораживания рыбы. Конечно, если дать развиваться подобной эксплуатации, то от Красного озера останется через несколько лет лужа негодной воды. Ничем не объясним этот вандализм. Наживаются гроши, а уничтожаются целебные богатства других поколений. Следует обратить на это внимание пока не поздно».

Как актуально для сегодняшнего дня звучат последние строки записок А.Затеплинского, сколько вреда наносится природе из-за бездумного использования ее богатств, которые она создавала и берегла на все времена, но к сожалению, для кого-то при освоении ресурсов полуострова это не имело особого значения.

¹⁸ Наверняка можно сказать и о нынешней Мангистауской, хотя в Форт-Шевченко есть грязелечебница – З.И.

Сиюминутные задачи и выгоды сводили на нет создававшееся на протяжении тысячелетий. А пора бы научиться жить в согласии с природой и ее законами.

(Орыс тіліне аударған В.Николаев)
«Местное время» газеті, 8 қазан 1996 ж.

Меценат – Захар Дубский

Қайырымдылық, қамқорлық, жомарттық жасау ұлтына, дініне, не жинаған дүние-мұлкіне, қазына байлығына байланысты емес. Қайырымдылық, қамқорлық көрсету – адамгершілік, сүйекке сіңген туа біткен қасиет. Ол қызу қанның, ұлken жүректің әмірі. Міне, осындаидеген адамға деген қамқорлығы, қайырымы мен ізеттілігі мол шапағатшыл жүректі адамның бірі – Захар Кузьмич Дубский. Ол заманында Маңғыстау уезіне ғана емес, берісі Астрахан, Закаспий өңіріне, әрісі бүкіл Ресейге танымал, құрметті азамат атанған. Біздің бұл айтқан ойымызды Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивте сақталған құжаттар толық дәлелдейді.

Денсаулық орындарының мұқтажы тек бүгінгі күннің ғана еншісіне тимеген. Қай дәуірді, қай заманды, қоғамды алып қарасақ та халықтың денсаулығын сақтау орындары мұқтаждықтан шыға алмаған. З.К.Дубский қолынан келген қемегін көрсетуді басты мақсат еткен. Сөйтіп, ол 1904 жылы 27 сәуірде өзінің иелігіндегі қабыргасы мен іргетасы тастан қаланған, төбесін қаңылтырмен түнікелеген көлемі 29 шаршы сажын үйін дәріхана және фельдшер отыратын бөлме етіп тегін берді. Бұл үй екі қабатты, оның бірінші қабатында қабылдау бөлме және асхана, аурулар жататын 7 бөлме және коридоры, екінші қабатында 2 бөлмесі, кіреберістегі ауызүй мен баспалдақтан тұрады (КРОМА 40 қор).

Дәл сол жылы Кендірлідегі өз ватагасынан¹⁹ балықшыларға медициналық пункт аштырып, оған үй берді.

З.К.Дубский тұрған Николаевск станицасында да емдеу орны болмады. Захар Маңғыстау уезінің, Закаспий облысының бастықтарына Николаевск поселкесі орталығынан 10 төсектік (койка) аурухана құрылымын өз қаржысымен салуға рұқсат сұрап, өтініш жазды. Өтінішінде алғаш рет ашылатын ауруханага қажетті төсекорын, дәрі-дәрмек, медициналық құрал-жабдықтарды да өз каржы-

¹⁹ Ватага – балық аулау, тұз ондіру әртегі.

сына алуға міндетті болатындығын көрсегіті. Әрине, бұл өтініш Закаспий облыстық бастығы тарапынан қолдау тапты. Қоғам кешіклей Николаевск орталығынан 285 сажын жер бөлініп, 60 сажындық аурухана құрылышы салынды. З.К.Дубский бұл ауруханага 4,5 мың сом ақша жұмсады.

Сол кездегі Форт-Александровскіде қой-ешкі 3-4 сомнан, жылқы 15-20 сомнан, түйе 20-30 сомнан екенін ескерсек, бұл шамамен 1000-даған қой-ешкі, 250-дей түйе, 300 жылқы деген сөз.

З.К.Дубский салған бұл ғимараттың игілігін бүкіл ел, әсіресе, емделуге, не дәріханадан дәрі алуға қаржысы жок, кедей мұқтаждар көрді. З.К.Дубский салдырган осы 10 төсектік аурухананын 1911-1913 жылдар арасында әрқайсысы 216 сом тұратын төрт төсегінде жарлы-жақыбайлар жатып емделетін.

Бұл төсектердің біреуі генерал-адъютант Александр Николаевич Куропаткиннің, біреуі Кузьма Гаврилович Дубскийдің, енді біреуі Мария Дубскаяның (әйелі), енді біреуі Германия соғысында каза тапқан ұлы Александр Захарович Дубский есімдерімен аталатын осы төсектерде жатып, емделушілер ұлтына қарай бөлінбеген. Тек олардың мұқтаждығы ескерілген. Емделушілердің ішінде еврей де, армян да, қазақ та, грек те, түрікмендер де, орыстар да бар. Оған дәлел 1910 жылдың мамыр айындағы аурухана дәрігерінің есебінде Тәтім Үмітбаев 10 күн, Көнген Қожбанов 22 күн, Қызылғұл Тоқбақов 22 күн, Көлбай Шектібаев 24 күн емделген. Маусым-қараша айлары арасында 32 адам 408 керуєт-күн емделіп, денсаулықтарын жақсартқан (Аталған қордың 928 ісі).

З.К.Дубскийдің халықтың денсаулығын жақсартуды көтеру ісіне жасаған қомақты да өнегелі істері аз емес. Бірде ол қабыргасы мен іргетасы тастан қаланған, төбесін қаңылтырмен түнікелеген 5 бөлме үйді асханасымен аурухана дәрігеріне тегін берсе, 1913 жылы 16 наурызда ауруханага 7 жәшік төсек-орынды тегін берді.

З.К.Дубскийдің мұндай қайырым, шапағатынан жоғарыда айтқан тегін емделушілерден басқа ауруханада жатып басқа ем алушылар да қағажу қалған жок.

Жоғарыда айтқанымыздай З.К.Дубский байлығы асып, қазынасы тасқандықтан, мұндай игілікті істі іstemеген. Ол жүрек әмірімен, адамгершілігімен атқарған. Дүние-мұлік, қазына, байлық кімде жоқ, кімде болмаған. Бірақ олардың көвшілігі дәл осы Захардай болмаған. Манғыстау уезінде байлықты белшесімен кешіп, балық, итбалық өнеркәсібі мен сауда-саттықпен айналысып, тыннан сом тудырған, жылдық орта табысы З.К. Дубскийден 1,5-2 есе артық алпауыттар аз болған жок. Олардың ішінде қазақ та, орыс та,

әзербайжан да, түрік те, грек те, түрікмен де бар. Мысалы, ағайынды Богдан, Егор, Иван Аслановтардың, Аббасқұлы Ибрагимовтың, Артем Назарович Сыгрозовтың, Барак Тәжіназаровтың, Абдулла Бабаевтың жылдық табыстары 25-65 мың сом аралығында болса, балық, итбалық өнеркәсібінің алпауыттары С.В.Климов, М.М.Абаков, С.А.Афанасьев, Ф.Е.Шараев, М.М.Страховтардың табыстары бұлардан он есе жоғары болса да елгө қасық су тамызбаған. Олардың бірде-біреуінің елге З.К.Дубский секілді қайрыры тимеген.

З.К.Дубскийді бүкіл Маңғыстау уезінің сол кездегі халқы, әсіресе, қазақтар қатты құрметтеген, сыйлаған. Оған дәлел – мектеп құрылышын салу, әйелдер босанатын үй әзірлеу, майданға кеткендер мен кара жұмысқа алынғандардың отбасына жәрдем көрсету, майдан жұмысынан қазақтарды алып қалу, 1910-1912 жылдар арасында Маңғыстау уезінде болған жұт апатына аштыққа ұшырағандарды құтқару. Оның бұл адамгершілік қасиеттері екінің бірінің қолынан келе бермейтін мәрттілік.

«Маңғыстау» газеті
30 шілде 1996 ж.

Кенсайдағы келеңсіздіктер

Тарихқа көз жіберсек Қожахмет Яссайи зиратына жеткізіп жерлеу үшін ел басқарған хан да, батыр да, би мен шешен де, хазірет те туған-туыстарына, ел-жұрттына өсінет жасаған. Жыл мерзімінің, ауа райының жағдайына қарамай жеткізу, мүмкін болмаған жағдайда аманат етіп сақтап, қалайда о дүниелік жанның тілегін орындау артында тірі қалғандардың мойындағы парызы, етейтін қарызы болған. Бұл біздің қанымызға, атадан балаға, ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан салттың айнымас, бұлжымас заңының бірі. Себебі «...біздерді мұсылман қүйінде өлтір, жақсыларға қоса көр!», - деп Аллаға басы жұмыр мұсылман пенде жалынады (Қалифа Алтай. «Құран әліппесі және иманның шарттары», 35 б.).

Өйткені, «қырықтың бірі – қыдыр», ең болмаса о дүниеде таза орында, жақсы жерде, ел қадірлеген, құрметтеген жандармен қатар жатсам дейтін тірілердің арманы.

Өлмейтін пенде жок. «Өзекті жанға бір өлім» бар екені рас. О дүниеде сол «қырықтың бірі – қыдырдың» шарапаты тиер деп үміттенеді, соған сенеді. Діни сенімнің негізі – осы. Сондықтан

да әулие, әнбиелер жатқан жерге, Қожахмет Яссайи сияқты киелі орынға жерленеді, сонан о дүниелік тұрақты мекенді қалайды.

Ал, Алматы тұрғындарының екісінің бірі – о дүниелік жайым «Кеңсай» зиратынан бұйырса еken деп тілейтін анық. Сол үшін де аталмыш зират қасиетті де киелі орын. Бұл қасиетті зиратта еліміздің ардақтылары Д.А.Қонаев, Б.Момышұлы, Ф.Мұсірепов, тағы басқа да қырық жарым мындан аяулы азаматтарымыздың жамбасы тиген. Алайда, осында қасиетті орынды аяқ асты еткен кейбір қара ниет, мейірімсіз, жақсылықка, адамгершілікке жаңы қас, ұятарды сезінбейтін, Құдайдан гөрі құлқынның құлы болған пендлердің іс-әрекетін де айтпaska болмайды. Бұл өз көзімізben көріп, ренжіген шындық.

«Кеңсайдың» о жақ, бұл жағына шығып арапап, көз салсан ойға оралатын бір жай – шығыс жағы мен батысында үлкен айырма бар.

Шығыс беттегі жолдар асфальттанған, машина тоқтайтын аялдама, айналып оралып бұрылатын алаң, егілген саялы, сәнді ағаш көз тартады.

Ал батыс (бөлігінде) бетінде жауынды-шашынды, ылғалды құндері, мұздақ мезгілінде машинаның жүруіне киындық келтіретін, балшықты, әрі ені тар қара жол. Бұл бетте ағаш жоктың қасында, бұрынғы ағаштар қурап, қирап қалған. Жаңадан егілген ағаш, гүл сирек. Жолдың екі беті лас. Зират айналасындағы қоршау бұзылып, адам, мал өтетін тесіктер пайда болған. Бір таңғаларлығы зираттың батыс түстігінде кейбіреулер қоршаудан зиратқа еніп көкеніс еге бастаған. Кез келген жерде шашылып жатқан коқыс, мерзімі өткен гүл дестелер, қаңылтыр, тері-терсек қалдықтары. Бірсыныра бейіттердің шарбақтарын сындырып, кейбіреулерін төңкөріп тастагандары да кездеседі.

Ең сорақысы батыс беттегі бейіттер үсті айналадағы тұрғындар иттерінің ойнағына, малының жайылымына, балаларының ойын алаңына айналған. Бұған нақты дәлел керек пе? Ол мынау: зираттың батысында бейіттің айналасын бетонмен қоршаған Мусин Сауықұлының үлкен кесенесі мен қазактың белгілі ақыны Әбдіраш Жәмішевтің бейіттерін барып көрініздер. Мусиннің бейіті үстін сиыр толарсақтап кешсе, ал Әбдіраш бейітін есігіне ілген шынжыры болса да (шамасы шынжырды алып, сиырды соған айдалап кіргізген болуы керек, әйтпесе шынжырды сиыр аттап өтерлік емес) сиыр кіріп таптаған.

Кай дінде де, қай халықта да өлікті, бейітті, зиратты қорғау, құрметтегу иғілікті салт. Жогарыдағы келенсіз көріністі көргенде Орталық мемлекеттік архивтегі 1906 жылғы бір құжат ойға оралады.

Ол – Маңғыстау уезі бастығы, подполковник Бялоновичтің сол жылдың 8 маусымдағы қаулысы. Онда Форт-Александровскідегі орыс зиратына тұсаулы мініс аттарының жайылып барғанына мал иелері: Жалмаганбек Шалниязов, Шобдарбай Бекниязов, Жиенбек Төлепов, Құлшар Байгазиев, Есмағанбет Кірбасовтарға әркайсынына 5 сомнан айып салған (ҚРОМА 40 қор, I тізбе, 35 байлам, 738 іс, 83 б.).

Осындай тағы бір дерек осы зиратқа барған Шал Өтебаевтың атын жоғарыда айтылған Бялоновичтің шығарған бұйрығы негізінде атып өлтірген, өзін ұрып, соққыға жыққан.

Әрине, орыс офицері, Маңғыстау уезінің бастығы Бялонович жылқыларды иелері зиратқа әдейі апарып жаймаганын біледі. Оған санасы да, ақыл-ойы да жетеді. Бірақ, орыс ұлтының мolasын бұратаналардың малынан аяқ асты болуына намыстанған, екіншіден, орыс зиратын қадірлеген, құрметтеген, қорғағандығы, сол үшін батыл шара жасап, катаң бұйрық шығарған.

Ал, біз айдың күні аманында, егеменді ел болдық деп бөркімізді аспанға лактырып, алқайлап жүріп асыл азаматтардың жатқан жерін ит ойнаққа айналдырып, үстіне мал жаюға жол бердік. Бауыржан сияқты бір туған марқасқа тұлғаның аруағынан қорықпай ескерткішін тонаған қаракшылардың жүгенсіздігін де құлағымызben естідік. Бұл аздай-ақ бейіт үстіне қойылған мәрмәр тасты сұғанактардың өз құлқы үшін ұрлағандықтары да жария болды.

Соның бәріне шыдап, «төзімділік» көрсетіп келеміз. Бұл төзімділік пе, әлде надандық па?

Жоғарыда айтылған мал жайып жүрген балалы әйелден:

- Қай жерде тұрасың? - деп сұраганымызда,
- Барнауыл көшесінде, - деп жуап берді.
- Бұл зират, мал жайылымы емес, неге жаясың малынды, - десек, әлгі орыс әйелі:
- Онда тұрган не бар, мен моланы бастырмаймын, қарап тұрамын, - деп жауап берді шімірікпестен.

Ал, ол жерде ит ойнақ жасап жүрген балалардан:

- Қайдан келдің? Не істеп жүрсін? - деп сұрасақ,
- «Қызыл партизаннан» келдік, осы жерде ойнаймыз, - деп ыржандайды.

Сонда аруактардың үстінде мал жайғызып, ит ойнақ жасататын біз кімнің қорымыз? Мұндай жүгенсіздікке бақылау жасап, тыйым салатын тиесті орын жок па? Сондай адамгершілігі, ар-намыс жок сұмжүректерді тәубасына келтіретін ие кайда? Зан қайда? Рас, қалалық әкімнің көшеде рұқсат етілмеген жерге итін серуендетуге

тыйым салған шешімі бар екені белгілі. Ол құлтарлық іс. Бірақ, қауылда «Кенсай» зираты деген бір ауыз сөз кірістіргенде еш нәрседен ұтылмаған болар едік. «Ештен де кеш жақсы» деген үмітіміз бар.

«Тоқсан ауыз сездің тобықтай түйіні» – аруактардың жатқан жерін қастерлеп, қадірлей білейік. Ол үшін «Кенсайды» ит ойнақ, мал жайылымы болудан зират басына орнатылған ескерткіштер мен мұсіндерді ұры-қарыдан аман сақтаудың барлық шарасын жасайтын қуатты да нақты шешім қабылдануы керек. Ол – бүгінгі қыын-қыстау кезеңде тірілерге сүйіспеншілік, аруактарға тыныштық, мәңгілік өмір үшін қажет. Осыған байланысты бір-екі ойда жүрген ұсынысты да айта кеткенді жөн деп санаймын.

Біріншіден, «Кенсай» зираты басқармасы жанында мұсылман дінінен сауатты молдалар тобы ұйымдастырылса. Олай дейтін себебіміз қайтыс болған марқұмды жерлеу кезінде қабір басына келіп Құран окуға молданы жеткізу қыын. Оған алдын ала тапсырыс беру, машина жалдау, т.б. шыргалаңдары да жеткілікті. Бұған екінің бірінің мүмкіндігі бола бермейді.

Оның үстіне зиратқа кіре берісте күн сайын Тәжікстаннан босып келген «өзің қайыршы болсан, кімге пір боласың» дегендей қайыр-садақа жинайтын қанғыбас «молдаларға» кез келген қазактың туған-туысқандары мен ата-анасының аруағына Құран оқытуына тыйым салынады. Келімсек қайыршы молдалар кірер жолда отырып атып, өз білгенінше Құран сүрелерінен Алласын Тәжікстаннан, Ақбарын Алматыдан шығарып жатады. Олардың тойынғандығы сонша, ақшадан басқаны алғысы жок. Әсіресе сенбі, жексенбі құндері «Кенсай» зиратына барушылар өте көп. Олардың барлығы да жанағы қайыр-садақа сұраған молдаларды ақшамен жарылқап жатады.

Олай болса, бұл табыс көзі. Ал осы табыс көзі осы уақытқа дейін алым-салық жинаушы инспектордың, не аудандық, не қалалық қаржы болімінің, не мешіт имандарының көзінен тыс қалып келеді. Егер зират басынан молдалар тобы ұйымдастырылса не болмаса қалалық, аудандық мешіттердің молдалардан, имандардан кезекшлиер тобын ұйымдастырса да зиратқа барғандардың мәйіті басына барып, Құран оқытуына толық мүмкіндік туар еді. Соған лайық тапсыратын қайыр-садақасында зират басында ұйымдастырылған кассаға тапсырса бұл қаржы зират мұқтажын өтеуге, жолдарды асфальттау, айнала коршаудың бүлінген жерлерін жөндеуге елеулі үлес болар еді деп ойлаймыз. Ал, қазір мұндай қаржы келімсек, босқындардың жанқалтасына түсude. Ол үшін салық та толемейді.

Екіншіден, зират басында жерлеу рәсімдеріне қажетті заттармен қатар гүл дестелерін сатуды ұйымдастыру керек. Мұндай цех орталықта бар, дегенмен өзінде болса, зират басқармасына да, қазалы жандардың туысқандары үшін де игілікті іс болатындығы сөзсіз. Себебі орталықтан тасу, тиуеу, түсіру оңайға түспейді. Ал, зираттың өз басында ұйымдастырылса экономикалық жағынан екі жаққа да тиімді.

Ушіншіден, зират басында жыл маусымына қарай қаланы көркейту, көгалдандыру жөніндегі игілікті істі неге зиратта да ұйымдастырмасқа? Қаланың басқа тұрғындарын есептемегенде осы зиратқа орналаскан қырық жарым мындаиді адамның туган-туысқаны, жақын-жекөжаты, баласы, аға-інісі дегендегі арнаулы күн белгілеп хабарландырса, одан бас тартатын пенде болмас. Ондай күнге арнаулы қоқыс шығаратын машиналардан басқа, гүл тұқымдарын сату (тапсырыс бойынша) қандай ғанибет іс болар еді.

Ең бағыттысы зираттың батыс, шығыс, терістік және онтүстік бағыттарына су жеткізу мәселесі ойластырылса көгалдандыру жөніндегі көп мәселе шешілетін сөзсіз. Ал, кіре берістегі жалғыз су құбырынан су тасу жаяулар үшін тірідегі тозақтың бірі. Су арқалап, төбеге өрмелуе карттар түгіл қайратты жігіттерге де оңайға соқпайды.

Тағы бір жүрекке қолайсыз әсер қалдыратын көрініс: кіре берістегі Ғабит Мұсірепов ескерткішінің жайы. Әрине, ескерткіштің қойылу, орналасу, жасалу жайына біздің теріс пікіріміз жоқ. Тек жолға жақын болғандыктан әрі-бері су шашатын машина құшті қысыммен жол жиектеріне су шашқанда көрікті мұсін (алдына тосқауыл болмағандықтан) балшық-балшық, сatal-сatal болып шыға келетіні ынғайсыз екен. Зират басшылары осы мәселенің тиімді жолын ойластырса, Ғабекен аруағы риза болар еді-ау деген ойға қалдық.

Сонғы сөз, қалалық, аудандық халыққа білім беру бөлімдері «Кенсай» зиратын қорғау, күту жөнінде окушыларға ұғындыру, түсіндіру шараларын түпкілікті, жүйелі жүргізуі ойластырса, сонда балалардың бейіт үстін ойын алаңына, ит ойнаққа айналдырмай, ескерткіштермен суреттерді қираптайды, гүлдерді жұлмай, ағаштарды сындырмаударына себеп болар еді. Әрине, бұл бір күннің, бір шешімнің ісі емес. Бүкілжалақытық іс. Біздің «Кенсай» жөніндегі жанайқайымыз осы. Жұртшылық, қолында билігі бар лауазымды азаматтар не айттар екен?

«Алматы ақшамы» газеті
12 тамыз 1996 ж.

Ғасыр дері

Арақтың зиянды әрекеттері туралы өткен ғасырда да, осы ғасырда да аз айтылып, аз жазылған жоқ. Ұрпақ басына төнген қияметті құнді бұрын сезген зиялыш азаматтар толғана жазған. Әсіреле «Қазақ әдебиеті», «Ана тілі» газеттерінің бұл салада көтерген жанашырлық материалдары жеткілікті.

Соның сүбелісі – 1994 жылғы 28 сәуірдегі бір топ интеллигенция өкілдерінің «Ұл-қызы азбасын, тұқым тозбасын» деген бүкіл қазақ халқына арнаған хаты саналы азаматтарға, келер ұрпағы үшін жаны ашыр жандарға терең ой салды. Дегенмен, жоғарыдағы зиялыш азаматтардың жанайқайы, көтерген құнды мәселесі жекелеген азаматтардың тарапынан қолдау тауып, пікір айтуынан әрі аспады. Қоғамдық ұйымдар, мекемелер, оку орындары, үкімет тарапынан қолдау таппады. Кезекті газет материалының бірі есебінде қалды.

Бізше, осы хат республикадағы барлық мекемелерде, ауылда, өндіріс, құрылымдарында, шаруашылықтарда, оку орындауда кең түрде талқыланып, жұрт назарын аударапты шешімдер алғынғанда пайдасынан басқа зияны болмас еді. Амал не, иғі бастама «баяғы жартас, бір жартас» болды да қалды, нәтиже құрдымға кетті. Сондықтан, бұл мәселе жөнінде қалам тартамын деген ойдан аулақ едім. Бірақ ойда жоқта Алматы қаласындағы Орталық архивтегі құжаттарды қарап отырганда Түркістан генерал-губернаторының 1909 жылғы бір қаулысына кез болдым. Ол – 1892 жылғы зандар жинағының II-томының 236, 421-бабтарына сүйеніп шығарылған құжат. Шын мәніне қарағанда патша ағзамының генералы (бұратана халықтың ұрпағы көркейсін, өссін деп бұл қаулыны шығармаған болса да) орыс ұлты ұрпағының келешегін ойлап, оған ерекше мән бергені көрініп тұр. Онда спиртті ішімдік сатуға және тәрбиеге жат әдебиеттер мен суреттерді, карточкелерді, плакаттарды сатуға тығым салынған.

Түсінікті болу үшін осы құжатты қаз-қалпында бергенді жөн көрдім:

1. Жезөкшелер үйлерін, ішімдік сататын қонақ үйлерін, ресторандар мен сыра, шарап коймаларын, буфеттер мен биллиард ойындарын өткізетін орындарын ұстаушыларға және сондай-ақ қоғамдық масқаратты ұйымдастырушылардың басшыларына аталаған орындарға оку орындарының оқушыларын және жалпы жасы жетпегендерді жіберуге тығым салынсын;
2. Түркістан олкесіндегі Орта Азия және Ташкент теміржолы бойындағы станицялар мен поезд буфеттерінің басшыларына

- төменгі және орта оку орындарының оқушыларына, жалпы жасы жетпегендеге спиртті ішімдік сатуға тыйым салынын;
3. Лекция, спектакль, концерт, кинематография және басқа да көңіл көтерерлік орындарға оку орындары басшыларының жазба түрде берген рұқсаты болмаған жағдайда оқушыларды, жасы жетпеген жастарды жіберуге тыйым салынын;
 4. Оқу орындары басшыларының оқушылардың қоғамдық жиналысқа, концертке, спектакльге, лекцияның аяқталуына дейін қатысуына жазба түрде рұқсаты болса да жастарға буфеттерден спиртті ішімдік босатуға тыйым салу жауапкершілігінің клуб, қоғамдық жиналыстарды ұйымдастыруши әкімшілік басшыларынан алынбайды.

Ескерту: Каникул кездерінде оқушыларға арналған жиналыстар мен кештерге оқу орындары басшыларының жазбаша рұқсаты болмаса да оқушылар мен жасөспірімдер қатыстырыла береді. Бірақ олардың кешкі сағат 11-ге дейін ғана болуын қадағалау кешті ұйымдастыруши әкімшіліктерге жүктелсін.

5. Арнайы, әдепсіз, жезөкшелік қасиеттерді дәріптейтін әдебиеттер мен суреттерді, карточкелерді, ашық хаттарды сатуға тыйым салынын.

Бұл міндettі қаулыны орындағандар кінәлары жазалау мен жауапқа тартудың басқа статьяларында көрсетілген шараларға жатпайтын болса, біріктіруші сот шешімімен жазалау шаралары жөніндегі Уставтың 29-бабы бойынша жазаға тартылады.

Түркістан генерал-губернаторы,
генерал-адъютант Мищенко
(КРОМА 40 қор, 1 тізбе, 837 іс, 43 байлам, 19 б.)

Екінші құжат Түркістан генерал-губернаторының 12.YII.1913 жылғы №9803 Закаспий облысының бастығына лото ойынын өткізу ережесін бекіткен қатынасы мен тапсырмасы. Ол ереже 17 пункттен тұрады.

Оның ішінен:

2. Лото ойыны басқарма мүшесінің біреуінің немесе кезекті старшинаның, ол болмаған жағдайда кезекші полицейдің қатысуымен өткізілсін. Солардың бақылауында болсын;
3. Лото ойыны өтетін орынға жасөспірімдер, оқушылар, төменгі шенделі әскерлердің қатысуына тыйым салынын, - деген нұсқау ерекше назар аударады.

Себебі жогарыдағы сияқты бұл құжатта да ұрпақ тәрбиесіне тікелей жауапкершілік басшылардан талап етіліп тұр.

М.В.Д.

Циркулярко.

Департаментъ Полиції.

Губернаторамъ, Градоначальникамъ и Варшавскому

Оберъ-Полиціймейстеру.

По 2 Мкопроизводству.

28 Февраля 1907 г.

№ 1439.

Циркуляромъ Департамента Полиції оть 10 Ноября
минувшаго года за № 7969, предложено было Вашему
Превосходительству принять самые решительные мѣры
къ прекращенію торговли, какъ на улицахъ, такъ и
въ магазинахъ, открытия письмами, фотографическими
снимками и другими произведениями беззравственны-
го содержанія.

Между тѣмъ нынѣ Министръ Народнаго Просвѣщенія
сообщаетъ, что за послѣднее время къ нему стали
поступать заявленія и жалобы отъ родителей учащих-
ся, отдельныхъ педагоговъ, родительскихъ комитетовъ
и даже отъ самихъ учащихся на необыкновенное
распространеніе порнографическихъ изданий, безза-
стѣнчиво выставляемыхъ въ витринахъ магазиновъ,
торгующихъ картинами, учебными пособіями и пись-
менными принадлежностями.

Вслѣдствіе изложенного Департаментъ Полиції,
по приказанию Г. Товарища Министра Внутреннихъ Дѣлъ,
вновь просить Ваше Превосходительство принять всѣ
мѣры къ прекращенію торговли упомянутыми выше про-
изведеніями беззравственного содержанія и къ при-
влеченію виновныхъ въ томъ къ установленной въ за-
конѣ ответственности.

Подпись: За Директора З у е зъ .

Сондықтан бұл құжаттарды оқыған сәтте-ақ көп назарына ұсынуға ой кетті. Бірақ ойланған келе бастағы ойдан бас тартуға тура келді. Оның басты бір себебі бұл материалды оқығандар: «Арактың дәмін татпаған адам сияқты жазыпты ғой, періште болмаған шыгарсың», - деп айтуы сөзсіз-ақ деген ой келіп, ұзақ толғандырыды. Дегенмен, ойымды көпкө жеткізуді ақыры макұл көрдім де осы шешімге келдім. Жасыратыны жок, аға үрпактың арактың дәмін татпағаны, онан үлесін алмағаны кемде-кем. Арақ ішпей, періште болдым, етегіне намаз оқығаның бірімін деп те айтпаймын. Көппен бірге адасқанның бірімін. Бұл – көпті жамандау, оған тіл тигізу емес, не көрсем де көппен бірге болдым деген ұғым. Сондықтан арақ жөнінде ақыл айтудан, көсемдік көрсетуден аулақпын.

Расында арақ ішу 1941-1945 жылдардан кейін етек алды. Ауылдық жердің өзінде дүкендерге түскен арактар пышақ үстінен отбасыларына бөлінді. Кімнің үйіне неше бөтелке арак барды, кімдер ішті, енді қаншасы қалды деген есеп алынды. Мектепке мұғалімнің арақ ішіп баруы әдетке айналды. Тексерушілер мен келген өкілдер ішімдіктің түр-түріне шомылып, қаздай қалқып, үйректей жүзді. Жайылған ақ дастарханың, оның бетінен құс сүтінен басқа қойған тағам түрлері, қазы-карта, сойылған марқа көзге ілінбейтін. Арақ ісінді қара, қара ісінді ақ жасайтын қуатты күшке айналды. Ата-бабаларымыз «жынды су» дегенмен ол «құнды су» болды. Біз соның қуәсі болдық. Оған халық ағарту саласында өткен ширек ғасырлық өмірде көз жетті.

Арактың құдіретті күшке айналғаны сонша, қызмет бабындағы мәселе былай тұрсын, ол болмаса бір бау пішен, бір бұрау отын, бір пұт астығың отбасына жетпейтін болды. Қонақ шақырсаң нешеуінің енбектеп, құда шақырсаң қаншасының қалжырап, арактың қанжығасында кеткенін айту мақтаншылық дәрежеге жетті. «Құдагидан қалғанша Құдайдың алғаны жақсы» деп «мен» деп төсін ұратын жігіттер сұлап жатты. Арақ ішуге сылтау көп. Носки сатып алсан да әйелің ұл тапқандай куанып, жабыла жуу етек алды.

Шайтанның бұл зәрі – не дарынды жүтпады? Талай ақын да, композитор да, жестандай әнші де, ғалым да арактың құрбандығына шалынды.

Бірде мынадай дөрекілік бастан өтті. Жұбайымызбен Орал қаласына баруға тура келді. Барған үй – өзінше мәдениетті, қаладағы институттарда оқытушы болып енбек ететін интеллигентия өкілдері. Біз барған үйдегі конактар арак ішіп, карта ойнап отыр екен. Бізге де оздерімен мойынқос болуды ұсынды. Бұл ұсыныстан бас тартқанда, отыргандардың көзқарасынан «арақ ішпей, карта ойнамасаң

несіне келдіндер?» деген салқындықты анғарғанда не істерімізді білмей, абдырап қалдық.

Соңғы кезде қыз-келіншектер арақ ішуден жігіттерді жолға тастанап, арақ пен конъяктің түр-түрлерін еркін менгере бастады. Шампан мен шарапты шөл басатын сусын ретінде бағалады. Статистикалық мәлімет бойынша соңғы кезде ерлерге қарағанда әйелдердің арақ ішүі 2-3 есеге немесе 18-20%-ке өскен. Әр нәрсенің әділдігін айту керек, кезінде М.С.Горбачев маскүнемдікпен күресу жөнінде қаулы қабылдап, жер-жерде арақ пен шарапты өндіретін заводтарды қысқартып, жузім шаруашылықтарын жойып, өзінше төңкеріс жасамақшы болды. Салауаттылық қоғамдары құрылып, маскүнемдікке қарсы күрес ашты. Алайда, арақ ішуге тоқтау да, тежеу де болмады. Қайта «дұға алған күні отырып койыпты» дегендегі «Атаң өлсе сойылар, атам өлсе қойылар, енді мұндай арақ қайдан табылар» деп есі кетіп ерегесіп, тойып ішті.

Сөйтіп, салауаттылық қоғамы құрылғаннан кейін ішкіштер саны бұрынғыдан да көбейіп. Өркен жая түсті. 1990 жылдары ойын-той, мереке, құда шакыру, қыз ұзату үшін жұмсалатын арақты бөлу ісіне тікелей ауданның, шаруашылықтың басындары араласатын болды. Солардың жасырын берген ішірткі рұқсат қағаздары болмаса екінің бірінің қолына арақ тимеді.

Біз осы материалды оқыған азаматтар мен қыз-келіншектер арақ ішуден пышақ кескендей тыйылады деуден аулақпыз. Тыйым салуға біздің құқығымыз жоқ. Ондай билік те берілмеген. Бірақ бүгінгі танда еліміз есін жинап, ұлттық сана-сезім, әдет-ғұрып, дәстүрге бетбұрыс жасап жатқанда бұл мәселеге тағы да назар аударуды жөн санадық. Әсіреле, отбасының казығы, баланың анасы, адал жар дегенге әйелдердің лайық ізеті мен қасиеті болса еken деген үміт артамыз. Олай болмаганда ерлермен жарыса ішіп, «ерек басынмен арақ ішпейсің, әйел мен де былай ғып ішемін» деп стаканды қылқылдата жұтып, дастарқан үстіне лақтырып тастантын дарақы қыз бала мен әйелде қандай аналық кадір-қасиет қалсын?

Республикамыздағы тастанды жетім және мүгедек балалар – тек осындағы орынды, орынсыз жерде жыртқатап, ет қызумен жас жігіттерге қосылып жарыса ішкен бикештердің көрсеткіші. Сәбет-казы Ақатай республикамызда 20000 қыз-келіншектің, 40000 жігіттің маскүнемдердің тізімінде тұрганын («Ана тілі», 23 маусым 1994 ж.), жылына 4500-5000 тастанды бөбектің өмірге келетіндігін ашына жазды. Республикадағы 69 жетімханада 56 мың әкесіз баланың өмір кешуін де осы газеттегі дерек қуаттайды. Арақты ғасыр деріті дейтініміздің екінші себебі осы.

Дерптің тағы бір көзіне назар салайық. Бұрынғы жылдарға қарағанда қылмыстық әрекеттің өскендігіне 1994 жылғы мәліметтің өзіне зер салсақ көп нәрсеге көз жетеді. Атап айтқанда, өткен жылы республика бойынша 201796 қылмысты әрекет тіркеуге алынған. Қазақстан Ішкі істер министрлігінің мәліметі бойынша 1994 жылы 11199 қылмысты істерге жасөспірмдер қатысқан. Машинаны ұрлап айдап әкетушілердің әрбір үшіншісі, тонау және қорқыту әрекеттерінің әрбір төртіншісі, жеке үйлерді тонау ісінің әрбір бесіншісі жасөспірмдердің үлесіне тиеді.

Статистикалық мәліметке қарағанда өткен жылдың алғашқы жеті айында анықталған 60,5 мың қылмыстық әрекеттің 35% еш жерде жұмыс жасамайтын, не оқымайтындардың, 13%-тен астамы әйелдердің үлесіне тиеді. Күн сайын қасақана адам өлтіру немесе әдейі адам өлтіруге әрекет жасау әрекеті – 7, қасақана жарақат салу – 12, зорлау және соған әрекет жасау – 5, тонау және қарақшылық әрекеттер – 38 және қорқыту (рәкет) – 4 фактысы жузеге асырылған («Кешкі Алматы», 1994-1995 ж.).

Жалпы республика бойынша жасалған қылмысты әрекеттердің 6,9 мыңына қатысқандардың 6000-ы кәмелетке жасы жетпегендер. Олардың ішінде мыңнан астамы 14-15 жастағы сары ауыз балапандар. Тек өткен жылдың алғашқы жеті айында 5,1 мың жасөспірм жауапқа тартылды. Фасыр дерті дейтініміздің тағы бір дәлелі ол жақтан онған тәрбие, үлгі-өнеге алып келе қоюы екі талай. Сонда жыл сайын осындағы балалар өз орнын өмірден дұрыс таба алмай, салынды болып шетқақпай болса олардың түрмеден келгенде от жағып, отан болып, отбасын құрап кете салуы да күмәнді. Олай дейтініміз ішімдіктің салдарынан жасалған қылмыс бүкіл қылмыстық әрекеттің 26% құрайды. Ол жаққа барғанда бұған қоспаса арақтан алда-жалда ажырап келуіне негіз аз.

Араққа арын сатқан мұнданың жастар обал-сауапты, ар-ожданы, адамгершілікті сезінбейді. Қазақ «қасқыр да қас қылмайды жолда-сына» десе, шайтанның зәрін мейірі қанғанша сіміргендер өзінің туған әке-шешесін, аға-інісін өлтіруге, өзінің туған қызын зорлауға, ар-намысын төтүге, қорлауға шімірікпестен баруда. Ұят та болса олардың бірсыыпрасын тілге тиек етейік. Өткен жылы Жамбыл облысының «Майтөбе» кеншарында өз әкесін баласы соғып өлтірсе («Советы Казахстана», 13.09.1994 ж.), Павлодар облысы Екібастұз қаласында окуын тастанап кеткен екі жас арак ішіп, өз құрбысының үстіне бензин құйып, өртеп жіберген. Тајауда астананың Алатау ауданында 16 жасар немересі өз әкесін өлтіріп, жіліктеген. Ал энергетика институтының студенті пышакиен қорқытып 11 мың

долларды тартып алу үстінде ұсталғанын газет бетінен оқыдық («Кешкі Алматы», 27.02.1995 ж., 25.01.1995 ж.).

Әй, арақ кімге не көрсетпедің, не істемедің? Кімді мұсәпірлікке салмадың? Сен істеткен мұндай қылмыстар мен масқаралықтың қайсы бірін айтып тауысарсың?

1994 жылы Алматы қаласының әкімі болып тұғанда Заманбек Нұркаділов мырза ұлттық сана-сезімізді корлайтын суреттер мен әдебиеттерді, плакаттарды таратуға, сатуға және арақ пен шарапты сатуды тәртіпке келтіруге батыл қадам жасап, арнаулы қаулы алды. Азаматтық көрсетті. Бұл қаулыны қуаттамаған, «тусаң-ту, ә, бәре-келді» деп құптамаған, алғысын айтпаған жан шамалы.

Бірақ осы қаулының өмірі қысқа болды. Әділдігін айту керек, шешімі қағаз жүзінде қалды. Қогамдық ұйымдар мен ұжымдардан, басшылардан қолдау таппады. Тіпті, істін соракы жағдайға барғандығы сондай аты шулы «Караван» газеті осы қаулының текстін бір жалаңаш бикештің бөкесіне жапсырып, жариялады. Бірақ сонда да «Караван» газетінің осы қиқарлық әрекетіне бірде бір зан орны, не әкпарат құралдары, немесе, зиялды, лауазымды үкімет орындары тойтарыс бермеді. Ұлт жандымыз деп дауыратын азаматтар да үнсіз қалды. Не сиқырының бары белгісіз «Караванға» қарап ешкім еш нәрсе айтпады. Қалалық газет «Кешкі Алматы» өзі жариялаган шешімнің тағдырын қорғамады. Қалалық әкімшіліктің де өз шешімін қорғауга батылдығы жетпеді.

Мұны ашына айтпасқа шара жоқ. Өйткені Алматы қаласының көшелеріндегі жарнамалар, дүңгіршіктердің, автобустар мен басқа да транспорт құралдарының төрінде жалаңаш бейнелер, әдепсіз көріністер талғамсыз болса да орын алуда. Ал киноэкрандар мен телевизорларда шетелдік көргенсіз бейнелер, көріністер көбейіп барады. Бізше бұл ұлттық тәрбиеге жасалған киянат қана емес, қастандық. Шетелдік жезекшелерді, ішімдікті насиҳаттау – ұлттық тәрбиені әлсірету, ата-ана өнегесін таптау, ұлттық дәстүрді корлау.

Мұндай әрекеттерге тосқауыл қоймау біздің кеңпейілдігіміз бе, кендейіміз бе? Әлде кемдігіміз бе?

Арақ ішуді, әдепсіз бейнелерді, жезекшелік жүріс-тұрысты, жалаңаш, жалпы ашық-тесік журуді, ұрлық пен қорлықты, ата-анасын корлауды, зорлауды, адам өлтіруді насиҳаттаудың ең негізгі көзі – жеке телевизорлар. Қазіргі телевизорлар шетелдік арзан қолды фильмдер – адам тонау, ату-асу, өлтіру әрекеттерін, оны жүзеге асырулдың жолдарын, құтылу тәсілдерін күндіз-түні бірдей көрсетеді. Оның үстінен отбасы болып бірге көре алмайтын, ұлттық салт, әдеп-тұрмысызға жат көріністер беріледі. Мұны, әсіреле,

жастар есі кетіп үйіктамастан көреді. Теледидардың осындай толғаусыз, талғамсыз көрсетуінің зияндылығын Ақселеу Сейдімбек «90 сағат бойы санамызды бомбылайтын, ұр да жық, жүгенсіз өнімдердің етек алуына, ұлттың мәдени-рухани тағдырын қайдағы бір қарабастың коммерциясын күйттеген жекеменшік телеарналардың додасына беріп қойғанымыз қалай?» деп ашына жазды. Жоғары басшыларға шағына отырып, ел тілегін жеткізді.

Қысқасы, келешек ұрпактың тағдырына жоғары орындар әлі де бетбұрыс жасамай, бар айқай-дода, айтыс-тартыс тек экономика айналасынан аспай отыр. Бұл – қауіпті жол.

Фасыр дерті болып тұрған теріс тәрбие беретін телеарналарға, плакаттар мен жарнамаларға, әдебиеттерге тыйым салатын заң керек. Телекөріністер, жарнамалар, әдебиеттер саласына талғаммен қарамасақ еліміздің ұлттық салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, азаматы, бір сөзбен айтқанда, ұлтымыз сауықпайды. Дені сау, қаны таза, адамгершілігі жоғары, ұлтжанды ұрпак өспейді, қалыптаспайды. Барлық телеарналар, әдебиеттер мен жарнамалар мемлекеттік бақылауға алынбай шет елден келген әдепсіз баспа, телеөнімдер ұлтымызды көктетпейді.

Қазір кез келген дүнгіршектердегі әр қорабы 160-250 теңге тұратын (ең арзаны) «Bond», «Kent», тагы басқа алуан түрлі әсем де сәнді безендірілген темекілерге көз сүрінеді. Ал, олардың сапасы қалай дейсіз ғой. Ол ойлантады. Себебі оның бетінде «Tax exempt for outside USA» деген сөз жазылса қауіпті. Оның еркін аудармасын түсіндіргенде «Құрама Штаттар территориясында сатуға тыйым салынады» деген сөз болып шығады («Кешкі Алматы», 06.01.1995 ж.). Неге? Оның басты себебі бұл темекілерде адам ағзасына зиянды заттардың кеп болуына байланысты мұхиттың ар жағындағы миллионерлер өз ұрпағының денсаулығын сактауды қөздеген.

Жалпы, дамыған шет елдерде өнімді үш категориямен шығарады. Оның біріншісі, яғни сапасы жоғарысын, тазасын өз мемлекетінің ішінде сатуға, екіншісін, алғашқыдан гөрі сапасы төменін басқа дамыған елдерге экспортқа, сапасы төмен үшіншісін, дамуға бет алған елдерге сатуға шығарады.

Сонғы үшінші категорияға сыртқа шығаратын өнімдердің 80% тамак өнімдері, сусындар мен темекі 70%, 90% дәрі-дәрмектік өнімдер. Солтустік Америка, Батыс Европа елдерінен Шығыс Европа мен Тәуелсіз одактастар еліне (бұрынғы КСРО-ға) таратылады. Олардың сапасы корап сыртындағы белгілерден айырылады. Мысалы, E103-105, E121, E123, E125, E126, E130, E131, E142, E152, E210, E211, E231-237, E240, E330, E477 белгілері бар қораптағы

өнімдер адам ағзасына қатерлі ісіктер тарататын, Е221-226, Е320-322, Е338-341, Е407, Е450, Е461-466 іш күрылыштарының ауруын қоздыратын, Е171-173, Е320-322 бүйрек, бауыр ауруларын тудыратын теріс қасиеттері бар өнімдер сакталған коралтар екенін «Караван» газеті ашық жазды (24 желтоқсан 1993 ж.). Шындығына келгенде мұндай белгілері бар өнімдердің маңайынан шетелдіктер жүрмейді, жоламайды.

Ал, шетелдік бизнесмендер біздің елімізге мұндай өнімдерін біз көктесін деп контейнермен, аспанмен де, жермен де, сумен де, тасып жатпағаны белгілі. Республикамыздан шыққан бизнесмендерді келешек ұрпақтың тағдыры түгіл, бүгінгі өзімен бірге жүргендердің денсаулығы да толғантпайды. Шет елдегі жоғарыдай белгілері соғылған өнімдердің арзандығына қызығып, отандасының қалтасын қағу үшін олардың ағзасына арылтпастай ауру таратып жүргеніне, алыпсатар саудагерлердің қылмысты әрекетіне ғасырдың жаңа дерті деп қарамасқа шара жок.

Адам табиғатынан теріс әрекетке, қолайсыз іске қызыққыш, еліктегіш. Жаманшылық, зұлымдық қасиеттер де арамшөп сияқты бап таңдамай-ақ тез өніл, еседі. Сол сияқты арақ пен темекіден туындал тұрған дерпті көре-біле тұра күмартамыз. Сондыктан да болар қазіргі оқушылар, студенттер, әсіресе қыздар Алматыдан шығатын «Қазақстан», «Беломор-канал», «Медеуге» пысқырып та қарамайды. Зияндылығына қарамастан балаң үйректі ортақ терекке мінгестіріп, мейірі қанғанша сіміре сорып, көкала тұтінді жұтып тұрады. Нанбасаның Ұлттық кітапханаға бас сұғынцызшы! Оларға мұның не дейтін бір жан, не хабарлама, жарнама, ескертпе жоқ. Ескертпе дегеннен шығады, астанадағы жоғары оқу орындарынан тек Теміржол транспорты институтынан басқа жерде «Институт кабыргасында темекі тартуға болмайды» деген ескертпені кездестіре алмайсыз.

Десек те «Қызға қырық үйден тыю» деп халқымыз бекер айтпаған гой. Олардың оқитын қластарында, аудиториясында, жатақхана бөлмелерінде, асханаларында арақ пен темекінің зияндылығын насиҳаттайтын жарнамалар, плакаттар, суреттер, ескертпелер ілуілі тұрса, жетісіне ең болмаса бір рет осы тақырыпта лекция, әнгімелер өткізіліп жатса, теріс әрекеттер өріс алмаған болар еді.

Біз, жасыратыны жоқ, теріс тәрбие беруден өзбек, түрікмен, чечен, әзербайжан, тағы басқа ұлттардан «көш ілгері» жүрдік. Асыра сілтеудің асқынгандығы сондай арақ ішү, карта ойнау былай тұрсын, шаш қоймағандығымыз үшін де талай басшылардан сөз естідік. Осы сияқты бақай есептен теріс тәрбие қалыптасты, ұлттық

нәрден айырылдық, ең арғысы үлттық киімнен де жүрдай болдық. Ол тек мұражай мүлкі болды. Шындығын айтқанда әлі ескі сарынмен «құріш арқасында су ішетін күрмек» болып, үрпақ тәрбиесінде де жеткілікті мән бермедік. Олай дейтін себебім, жоғарыда айтылған халықтар қонақ келгенде не зиялы қауым бас қосқанда айтылатын әңгіме, құрылатын кеңес, ішілетін ас түріне қарай балаларын қатыстырады. Ал, қыз балалар тіпті араласпайды десе де болады.

Бізге келсек бәрі де керісінше. Қайта арақ ішетін жерде олар бірге араласып, той үстінде, шақырыста, отырыста айтылатын орынсыз әңгіме, әзіл-калжың, осладарсыз сөздер мен ішулерді қөздерімен көріп отырады. Біз балаға дастархан үстінде қолымыздан арақ беріп, ауыздандырмаймыз. Бірақ бала табиғатынан сезімтал, ұғымпаз, ес-кергіш. Миның таза, тұнық кезінде естігенін, көргенін сол күйінде көшіреді.

Қазак – қашан да кең, ақ жарқын, көңілі ашық. Қонақ шақыру, қыдыру, құда-жекжат, қыз ұзату тойлары, туған құндерін атап өту салтанаттары жиі өтіп жатады. Сылтау көп. Ас көп те кәде көп. Осының бәрі арақсыз өтпейді. Дастанхан үстінде әрбір тост көтерілгенде бай болу, бақытқа жету, денсаулықтың мықты болуы, зор абырой, атакқа ие болуы неше түрлі мәнерлі сөздермен, әр түрлі мақал-мәтедермен тоғысып айтылады. Міне, осы сөздерді дастархан басындағы бала естіп, біліп, жадына түйіп, әр кимыл сәтті бағып, бақылап отырады.

Міне, біз осы жағдайдың зиянды жерін ескере бермейміз. Арақ ішсе бақытты, абыройлы, денсаулығы мықты болатын болса, ол аракты бала неге ішпеске? Дәмін неге татпасқа? Осы үшін баланы кінәлай аламыз ба? Бала көргенін, естігенін қайталайды ғой. Көргенін іstemесе көргенсіз деп тағы сөгеміз. Эке-шешесі мен үйге келген қонактардан көргенін істеп, неге ол шапқыламасқа?

Аға үрпак бала тәрбиелеуде дастархан басын тәрбие көзіне айналдыра алмады. Бұл дерптің мәдениетті түрі болды.

Бірде мынадай жағдай болды. Аупарткомдегі бір аяулы қызметтес жолдасымыз науқастанып, Алматы қаласындағы ауруханада ұзак жатып емделіп, өкпесінің 65% белігін алдырып келді. Дағдылы әдет бойынша операциядан аман-сau оралғанына қуанып, көңілін сұрап, бүкіл аппарат қызметкерлері бардық. Сол кеште дәстүрлі шәй үстінде арақ ішу басталды да, қызметтес бір келіншек қалай болғанда да отыргандарға арақ ішкізуді максат етіп «кім де кім осы аракты ішпесе алға қойған максаты мен тілегі орындалмасын» деп сарнап коя бергенде операциядан жаңа келген жолдасымыз өкпесінің үштен екісінің жоктығына қарамастан тілек айтқандардың

тосына ниетін білдіру үшін алдына құйып қойған рюмкасын қағып салғанда ұяттан кіретін тесік табылмады. Әрине, одан әрі дастархан басындағы отырыстың қандай сәні болсын? Мұндай сорақылықты тәрбиемен біріктіре аламысыз?

Арап ішуді кінелау тек қағаз жүзінде болды да іс жүзінде кешеге дейін бес уақыт намаздай орындалды. Сондықтан да «арақ» деген сөздің өзі құрметтелді. әр әрпіне айдар тағылды. «А»-айқайлап, «Р»-рахаттанып, «А»-ауылга, «Қ»-қайтамыз деп мадакталды.

Сондықтан да бір кезде мұғалімдердің де арақ ішіп, карта ойнауын басшылар кезекті бір қателік, кемшіліктің бірі. «ондай ондай хан қызында да болады» деп жуып, шаятын келенсіз көріністерге де жол берілді. Ауданның бір орта мектебінде түнімен арақ ішіп, карта ойнаған «А» деген мұғалім 45 минутке шыдамай, сабак үстінде ұйықтап қалып, тұс көрген болуы керек «Менің қолым ұш түз!», - деп ұшып тұрғанда балалар күлген. Ұйқысынан оянган мұғалім окушыларға «Неге күлесіндер!», - деп жекіріп, жер-жебіріне жеткен.

Бұл бұл ма, бірге оқыған, кезінде коллектив басқарған, өзінше зерделі азаматтың деп жүрген жігіттің алты баласының анасы, өзінің Құдай қосқан қосағы, сүйген жарын жерлеп келгеніне бір-бір жарым сағат өтісімен қазага жиналғандарды аракпен сугарып, арактан бас тартқандарды «Менің қайғыма ортактаспадыңдар» деп үйінен шығып кетуге мәжбүр еткені күні бүтінге дейін көз алдында. Бұл ісінің тек мұсылманшылықтан безу емес, адамгершілік ардан аттау екенін сабазың сезінбей-ақ кетті. Оспадарсыз ісіне кешірім де сұрамады.

1993 жылы Орал облысының бір ауылында каза болған жанның үйінде мәйітті құзеткендер арақ ішіп, карта ойнап, қайтыс болған жанды иесіз, бақылаусыз тастағандықтан мәйіттің бет-пердесін мысық жеп кеткенін («Ана тілі», 4 ақпан 1993 ж.) естігенде жағасын ұстап, тебіренбеген, құзетшілерге лагнет айтпаған адам кемде-кем шығар! Мұны ғасыр дерті демеске шара бар ма?

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні – арақ ішу, маскунемдікке қарсы, халқымыздың салт-сана, әдет-ғұрып дәстүріне жат жарнама, әдебиеттер мен телехабарларға, әдепсіз көріністерге қарсы күресетін тегеурінді де қуатты зан керек.

Ертең жағдай, экономика жөнделген соң қалыпқа келтіремін деудің келер үрпақ үшін қаншалықты зиян екенін ескерер күн туды. Бұл үшін келер үрпақ казіргі аға үрпакқа алғысын айтпай, қарғысын жаудырмасына кім кепілдік береді? Сондықтан да әр от басынан бастап бүкіл халықтық ұмтылыс, аттаныс жасайтын

ұлы жорық керек. Олай болмаса, келешекте арак қонағына төрін бермейтін аңшының итіндей әр қазактың төрін жайлайтынына имандай сеніңіз. Патша ағзамның генерал-губернаторы қабылдаған жоғарыдағыдан құжаттарды бүгін қабылдамасақ ертең кеш қалатынымызды республика басшылары ойланса дейміз.

«Қазақстан мұғалімі» газеті
4 саяр 1995 ж.

Әр нәрсені өз атымен атайық

Мұғалім атына айтылып жатқан сый-құрмет қандай! Ол – қоғамдағы биік, беделді тұлға. Болашақ жөніндегі үмітін еліміз едәуір дәрежеде мұғалімнің таланттымен, творчествосымен, жан-киярлық еңбегімен байланыстырып отыр.

Бірақ осы құрмет бәріміздің атымызға айтылған ба? Мұндай жоғары атаққа лайық еместер қайтпек? Қандай жолмен болсын, қандай шешім қабылдансын, қабілетсіз мұғалімдерден мектепті тазартатын кез жеткені сөзсіз.

Осыған орай мұғалімді аттестаттаудың қазіргі ережесін өзгертіп, оны мектептің өзінде емес, облыстық оқу бөлімі мен мұғалімдер білімін жетілдіру институты жаңынан өткізуі ұсынамын. Неге? Себебі, бір мектепте, әсіресе, селолық жерде әріптестері аттестаттаудан өтетін мұғалімнің кемшилігін жасырады, кейбіреуіне сын айтуға батылы жетпейді. Аттестаттаудың ауруы – көнілжықпастық.

Екінші ұсынысым, қазіргі кезде ұзартылған күн тобын ұйымдастырудагы формализмнің салдарынан мектептің қыруар қаржысы жұмсалуда. Өйткені, жоспарды жергілікті жерде емес, жоғарыдан жасау практикасы ағарту саласында әлі жойылған жоқ.

Ұзартылған күн тобын ұйымдастыруға жағдай жоқ екені айдан анық болса да, әйтеуір, жоспар орындау мақсатымен ашуга тыйым салынса екен. Сонымен катар мұндай топтар туралы ережені қайта карауға тұра келеді. Мысалы, оған қамтылған балалар үшін тамак ұйымдастыру толық шешілмеген. Алты жастан мектепке қабылданғандар, мұқтаж балалар, айлық табысы аз семьялардың, еңбек және соғыс мүгедектері мен пенсиянерлердің балалары ережеге сәйкес ақы төлеуге 10-15 процент женилдікті пайдаланулатын керек.

Бірақ қаржы олардың бәріне жете бермейді. Ауылдық жерлердегі бес-алты балалы ата-аналардың көбі ұзартылған күн тобына акша төлеуге келісім бермейді. Оның үстіне село тұрғындарының тұрмыс-тіршілігіне байланысты бау-бақша, отын-су, мал ұстая жұмыстары балалар қолғабысынсыз болмайтыны белгілі. Ондай семьяға ұзартылған күн тобы тиімсіз.

Бұл топтарда балаларды тегін тамактандыру мәселесі де шешілмеген. Қаржы бола тұра ешбір шаруашылық, мекеме басшысы өзіне жауапкершілік ала алмайды. Мысалы, 1986 жылы «Тан» совхозының директоры Т.Ізтелеуов ұзартылған күн тобына қатысатын 300 баланы тегін тамактандыру инициативасын көтеріп, ауданда иғі бастама жасады. Ақырында тексеруші, бакылаушы органдар бұл қамқорлықты заңсыздық деп шешіп, директор қолайсыз жағдайда қалған.

Ұсынысым: мектепке байланысты алда қабылданатын бір документте «ұзартылған күн тобын жергілікті жердің ерекшелігіне сәйкес ұйымдастыру, тамакқа жұмсалатын қаржының мөлшерін белгілеу, тегін және жартылай тегін тамактану жеңілдіктерін нақтылау жергілікті советтерге міндеттелсің», - деген пункт енгізілсе жән болар еді.

Еңбек тәрбиесі мен мамандықка баулу жөнінде бір пікір. Кәсіптік бағдар ісінде мектеп пен орта кәсіптік-техникалық училище бірін-бірі қайталауда. Екеуі де тракторист пен шоферлік мамандықты оқытады. Айырмашылығы: мектеп – куәлік, училище – жүргізуі правонын береді. Орта мектептен куәлік алғандар енді училище жанындағы курста ай сайын мемлекеттін тағы да 105 сомнан стипендия алып, бір оқығанын қайтадан оқып «право» алып шығады. Бұл мемлекет үшін қаржыдан да, жұмыс қолынан да, уакыттан да қыруар шығын екенін ескеретін уақыт жетті. Сондыктan селолық училищедегі мамандық түрлерін мектептегіден өзгеше профильге көшіру керек, немесе, ол мамандықты онсыз да сағат саны жетпей жатқан мектептен алып, тек училищеге қабырғасында оқытқан жөн.

Қазіргі жариялышың қағдайында тек ой толғап кана қоймай, әр нәрсені өз атымен айтқан дұрыс қой. Мұндай кемшіліктерді ағарту ісіндегі тоқырау кезеңінің орнығып қалған кейбір көріністері дер едім.

«Социалистік Қазақстан» газеті
27 наурыз 1988 ж.

Қайран Ғибатолла!

Дәл осы сөзді Ғибатолланы білетіндердің бәрі де айтады. Сонда жүрттың бәрін тамсандырып осы сөзді айтқызатын Ғибатолланың не құдіреті бар еді?

Ондай құдірет, ондай сиқырлы керемет оның он саусағынан тамған өнер шеберлігінен гөрі тындарман қауымның сай-сүйегін шымырлатып, жан жүйесін тербетіп, жүрек қылын шертіп кос шектен төккен мөлдір сезімдері болса керек. Бұған онымен аз уақыт болса да бірге қызметтес болып, ойын-құлқіміз, мінез-құлқымыз, сырымыз жарасып, сыйласқандарының бірі болып көзім жеткен.



Ф. Мәсәлімов

Қызылорда педагогикалық институтын 1950 жылы бітіріп, Қазак КСР Оқу министрлігінің жолдамасымен Гурьев облысына Мұнарбаев Сейдуәли екеуіміз келдік. Ол Новобогат аудандық «Тұшықұдық» мектебіне мен Амангелді атындағы орта мектепке жұмысқа орналастым. Амангелді атындағы орта мектепті Бекбергенов Махмуд (директор), Қайыров Жұмағали (оқу ісінің менгерушісі) екеуі басқарады екен. Үлкен колектив ішінде аға буын кадрлардан Жәнгіров Филимғали, Щербаков деген мұғалімдер болды да, қалғандары менен 4-5 жас үлкен, немесе шамалас жастар енбек етті. Сол жылы Ақтөбе мұғалімдер институтын бітіріп Хасаева Зира, Мұхитова Үміт те осы мектепке орналсты. Мектеп коллективінің ыстық ықыласы, аялы алақаны мені бөтенсіретпеді, қайта сол ауылдың бір азаматындей көріп қамқорлық жасады. Солардың ішінде жастарының үлкендігіне қарамай Бекбергенов Махмуд, Қайыров Жұмағали, Ғұбашев Эбіл, Мәсәлімов Ғибатолла өздерімен тен дәрежеде қатынас жасады. Күндіз әңгімеміз, кешкі ойын-құлқіміз, ас-суымыз бір болып жұбымыз жазылмады.

Ғибатолла шын мәніндегі тума талант иесі еді. Кешкі отырыстың сәні еді. Сондықтан да ұзақ таңдарды көз ілмestен өткізіп лайсан, жауын-шашиңды, не боранды күндері Новобогат базарының батыс бетіндегі Ғибекен үйіне жұбымызды жазбай, мезгіл-мекенге қарамай шұбап баратын сәттер аз болмайтын. Сонда Ғибекеннің жары Ажардың қабақ шыттай қарсы алып, жылы шырай танытып, ас-суын даярлап, байек болып жүретіндері күні бүгінге дейін көз алдында тұрады.

Ең алдымен Ғибатолланың мснің есімде сақталған портреті мынау: ат жақты, сұнғак бойлы, бетіндегі шешек дағы, қыр мұрыны

өзіне жарасып тұратын. Қатты ашууланғанда (әрине ондай жағдай сирек кездесетін) көзі алашабырттанып, бетіндегі шешек дақтары бүршік атып, он қолын оқыс сермейтін дағдысы болатын. Ондай кезде «he» деп таңдайын бір қағып, көзін тез-тез жыптылқатып, қасын керіп, бір жөткірініп. басын бір қырындастыңырап алып ұшқыр да шебер сөздерді түйдектете төгетін. Өзінен үлкенмен де, жасы кішімен де, қызметіне, лауазымына қарамай қаралайым қалыпта сөйлесетін. Оның мінезінде, не ісінде көлгірсу, жалпақ шешей болу, алалаушылық сезілмейтін. Жасы үлкенге іні, жасы кішіге аға боларлық қасиеті болды. Оның сұзы баса ма, әлде айбары бар ма, әйтеуір ол сабак беретін класта баланың дыбысы шықпайтын, шыбынның ұшқан ызыңы білінетін, алдынан бір бала кесе отпейтін.

Алғашқы жылы мен екі онынды класқа класс жетекшісі, әрі мектеп оқушы комсомол үйімінде хатшысы, мектеп жанындағы интернаттың менгерушісі болып жұмыс істедім. Мектептегі, интернаттағы тәрбие жұмысының басым көпшілігі менің үлесіме тиді де, Ғибатоллаға кластан, мектептен тыс тәрбие жұмыстарын үйімдестерді жүктелді. Соған байланысты Ғибатолланың сабактан тыс уақыты үйірме жұмыстарын үйімдестердіруға, қабырға газеттерін шығаруға кететін. Мектеп қабырға газеттеріне салынатын суреттер Ғибатолланың қолынан шығатын да, оның текстін жазу менің үлесіме тиетін. Сондай бір салған сурет «Мынау тұрган Билан фой!» еді. Осы сурет және оған жазылған сөз сол кездегі мектеп оқушыларының аузында ұзак уақыт сакталып жүрді десек артық айтқандық емес. Шындығында, Билан сабакты тым-тәуір окитын, қабілетті бала еді. Тек бір бет, қиқарлау мінезі болатын. Естуімше, сол қиқарлық мінездің тақсіретін әлі де тартып жүрген сияқты.

Бұл біздің өзара түсіністігімізді нығайта түсті, пікірлес, сырлас болдық. Осындағы шынайы сырластықтың белгісі ретінде маған елге кетерімде өз қолымен домбыра жасап беріп еді. Өкінішке орай ол домбыраны мен сақтай алмадым. Елге көшіп келгеннен кейін немере ағай Нұргали сұрап алып еді, ол кісіден біреу қалап алып кетіпті. Қазіргі күні кімнің алғанын ешкім білмейді. Сөйтіп, Ғибатолланың өз қолымен жасап берген домбырасынан көз жазып қалдым. Ғибатолланың он саусағынан өнері тамған шеберлігін мадақтаумен қатар, оның маған деген ыстық ықыласының белгісі ретінде айтып отырмын.

Ғибатолла тек шебер, өнер иесі ғана емес, үйімдестерді шығаруға қабілсті мол, колективтің қадірлісі еді. Оны мен сол кездегі Амангелді атындағы орта мектепте болған бір оқиғамен нақты дәлелдеп айта аламын.

1952 жылы тамыздың 30 күні әдептегідей интернатқа бала кабылдау рәсімін өткіздік. Балалардың кешкі тамағын беріп үйімізге тарадық. Интернаттың бас аспазшысы балаларды тамактандырып болғаннан кейін ыдыс-аяқты жинап, жиыстырып, жуып-шауды көмекшіге тапсырып кетіп қалған. Ол тапсырманы орындалап, қаранғыда есікті құлыптау үшін шырпы жаққан кезде оның ұшқыны коридорда қақпаксыз тұрган үлкен 2 бөшке мазутқа түсіп, өрт лап ете түскен. Бұл хабар үйде отырған маған жетті. Бүкіл қыстак тұргыны, аудан мен мекеме басшылары бәрі жиналды. Өрттің маңынан адам жүруге мүмкіндік болмады. Өрт сөндіретін машина мен командадан қайран жок. Өгіз арбамен өзеннен, жеке үйлерден шелектеп тасыған суға өрт айылын жимады. Асхана, қоймалар, ондағы есік-терезе, шкафттар, ыдыс-аяқ түгел өртке кетті.

Аудан басшылары: «Бұл қолайсыз жағдай болды, жаңа оку жылы басталмай қалуы мүмкін» деген қынжылыс білдірді.

Ғибатолла екеуіміз сол түні үйкесіз өткіздік. Интернат асханасын қалпына келтіріп, жаңа оку жылын қалайда мерзімінде бастауымыз керек деп, істейтін жұмыстың жоспарын жасадық, өзара жұмыс бөлістік. Сол күрделі жұмыста Ғибатолла әрі шебер құрылыш бригадирі, әрі саяси басшы-ұйымдастырушы болып ерекше қабілетін көрсетті. Мектептің окушы ер балалары мен ер мұғалімдерін: тас қалаушы, лай жасаушы, ағаш шебері, сылақшы; қызы балалары мен әйел мұғалімдерін: әктеуші, сырлаушы, бояушы; звено, бригада жасақтап, оларды өзара жарыстырып, әр сағат сайын сатирадық бүллетен шығарып, небір қызықты, құлқілі бейнелерді салып, жүрттың шаршau шалдығын сездірmedі. Орталық аланға орнатқан радио торабында өзі де анда-санда құй тартып, ашық аспан астын концерт пен той думанға айналдырыды.

Ғибатолланың сондай шебер ұйымдастырушылығының арқасында З бөлме интернат асханасын өртелген құл-қокыстан тазартып, іші-сыртын ақтап, төбесін жауып, есік-терезесін қондырып 31 тамыз күні сол қираган асхананы қалпына келтіріп, балалардың кешкі асын бергендігімізді аудан басшылары естігенде аңыздағы істей көрді. Орайы келгендіктен айтайын, сол өртте бүлінген асхана үйін қалпына келтіру үшін қажетті құрылыш материалдар мен есік-терезесін еш мұдіргісіз қамтамасыз еткен ауылдың жол бөлімінің бастығы Айтбаев Қарәкес пен коммуналдық шаруашылық бөлімінің бастығы Ш.Шахаевтың қамқоршылықтары ерлікке тен болғандығын еске алу парызым деп санаймын.

Ғибатолланың музика саласындағы қыры да елеулі әнгіменің арқауы. Халқымыздың майталман музика зерттеушісі, академик

Ахмет Жұбановтан бастап талай таңдаулы музыканттар мен журналистер қалам тартты. Бұл жерде оның байқауларда жүлде алғанын тәптіштеп айтып жату артық. Дегенмен «жақсылығын айт иманы тассын» деп дана халқымыз бекер айтпаған болар.

Ғибатолланың өзінше белгілі кейбір касиеттерін елге таныстыруды жөн деп санаймын. Кейбір өнер адамдарында кездесетін тәқаппарлық, меммендік, қеудемсөқ, мактаншақтық, қызғаныштық, іштарлық дегендер мен білетін Ғибатоллада кездеспейтін «Ғибатолла бір күй шертіп жіберші» деген сөзді естісімен екі айттырмай домбыраны қолына ұстап, өні өзгеріп, тыңдаушыны баурал, терең сырға бөлейтін сиқырлы құбылысы – қозғалысы болатын. Басқа домбырашы-күйшілерден оның бір ерекшелігі осы құбылыс – қозғалыстарында болуы керек. Ол ең алдымен тартатын күйінің атын атап, оның шығу тарихын әсем де қысқа әңгімелеп барып тартатын. Сонда қолына домбыра ұстамаган, музыка сауаты жоқ адамның өзі де күйдің мән-мағынасына түсініп, әуеніне еліктеп жан жүйесімен күйге беріліп, сезінетін, ұғынатын. Күй тартушы мен бірге тыңдаушының сезімінде сәт сайын құбылып, өзгеріп отыратын. Бұл екінің бірінен қолынан келмейтін, ерекше дарындылықтың бір көрінісі еді. Әсіресе, Ғибатолла күй тартып, Шәмшиден ән шырқаған кештер менің жүрегімде өшпес із қалдырган сүйкімді сәттер. Сондай сәттер аз болған жоқ.

Соның бірі 1953 жылдың қантар айы. Ол кештің қалай өткен-дігіне қазіргі атакты домбырашы, Дина күйлерін насиҳаттаушы, бүкіл республикамызға ғана емес, алыс шет елдерге де аты әйгілі, Дина Нұрпейісова атындағы оркестрдің ұйымдастыруышы, дирижері Рысбай Габдиев былай еске алады:

«1953 жылы қыстың бір күнінде Шойдағы (қазіргі Махамбет ауданында) балалар үйінің директоры Бекбергенов Махмуд: «Бала (мен ол кезде жетінші класта оқитынмын және соның алдында ғана домбыра тартудан аудан оқушылар арасында I-орын алғанмын) Новобогатқа сені керемет өнерпаз домбырашы ағаларыңа алып барамын. Мен сондағы Амангелді атындағы орта мектепте директор болғанмын. Менен кейін менің орныма қызылордалық Ижанов Зияда деген жігіт болды. Хозяйка да сол ауылдың қызы. Қазір біз сол үйге барамыз», - деді.

Бардық. Біздің келуімізге байланысты үйге 15 жігіт жиналды. Мынау – Ғибатолла, мынау – Шәмшиден, т.б. деп 15 жігіттің аты-жөнімен, өнерлерімен таныстырып жатыр. Бұл кеште музыкалық аспаптың бірінен кейін бірі кезек ойналып, кейде бірнеше музыкалық аспап қосылып ойнап, нағыз өнер мерекесі болды.

Мені өнерге алғаш рет сол үйден бастау алғандай өзіме сезім ұялап, өнерге мейірім қанып, сусындал едім».

Оның үстіне тағы бірде Рысбай телефонмен хабарласқанда: «Ой, ол бір естен кетпес, балалық шакта жүрекке жазылған музикалық өнер кешінің кайталанбас, өшпес іздері ғой», - деп еді.

Шындығында, Ғибатолла балғын жас Рысбай сияқты тума талант жастарға әсер етерліктей. жас жүргегіне ұмытылmas, өмірлік із қалдыраплықтай арқалы домбырашы еді. Ол көңілденіп, жаны рахаттанып, арка-жарқа болып, домбыра тартқан сәттерінде бір орында отыра алмайтын. Жылжи-жылжи отырған орнынан әлде қайда ұзап кеткендігін өзі де сезбей қалатын. Ондай сәттерде күй сазына елтіп отырған тыңдаушыларда оның қозғалысын, орнынан жылжуын елемейтін, ескермейтін, ескертпейтін, тіпті оны айтып еске салудың өзін айып, кінә деп сезінетін.

Қыскасы, музика құдіретін, адам баласы ауызben айтып жеткізе алмайтын музиканың зергерлік бейнесін, өмірден өшпес, жарқын бояуын Ғибатолладай сезініп, тыңдаушысын баурап алдып, оларға музика тілін жан дүниесімен ұғындырып беретін өнерпаз сирек. Сондыктан да жүрттың бәрі де «Қайран Ғибатолла!», - дейді. Бізде «Қайран Ғибатолла», - дейміз. Тек өмірі қысқа болды-ау. Қайран Ғибеке! Амал нे? «Жазмыштан озмыш жоқ». Қазақ сұлулыққа таңданса «мұсіндей екен» дейді ғой. Сенің мұсінің – қалған өмірін – өз атындағы мектепте оқып, білім алған үрпақпен мәңгі-бақи жалғасып, өмірден өшпейтін тұлға болуын көңілге медеу.

Қолжазаба
15 ақпан 1998 ж.

Ақ тілек

Еліміздің тәуелсіздігіне «Бала би» журналы қазақ балаларына үлкен тарту болды. Балаларға арналған өзге журналдарға қарағанда атына мазмұны мен мәні де, тілі де, көркемдігі де, әріп-өрнектері де балаларға тартымды шыққан. Мұқабасымен қоса есептегенде 16 беттік журнал оннан астам айдармен әдемі беріліпті. Бір сөзben айтқанда редакция алқасы келешек бала билерге ой саларлық тұшымды еңбек шығарған. Елеулі еңбек еткен, еселі тер төккен.

Бұл иғілікті істің келешекте тамыры теренделеп, өркені өсіп, жалырагы мол жайылып, балаларға шапағатының тиоюіне ізгі ниет, ақ тілек білдіреміз.

Әрине, біткен істі бұдан да жақсарту жөніндегі өз өтініштерінізге орай пікірді ұсынуды да жөн көрдік. Әңгімені басынан бастасақ, біріншіден, келешекте журнал бояуының түсін таңдауга баса назар аударған жөн. Олай дейтініміз журналдың мұқаба беті қызыл түспен берілген еken. Педагогикалық ереже бойынша қызыл түс онша қолайлы емес. Себебі қызыл түс әдетте жас балалардың көзін карықтырады, көру қабілетін төмендetedі. Сондықтан оның орнына көк байрағымыздың түсін бергенде ұтымды шыққан болар еді.

Екіншіден, журналдың атаяуы «Бала би» болғаннан кейін журналдың екінші бетіндегі тас мұсіндердің бейнесін сәл өзгертип, қазақтың ұш биін бала биге ақ батасын беріп тұрган кейпіне келтіргенде ақылға қонымды, жүрекке жылы қабылданар еді. Неге? Біріншіден, бұл билер журналдың алғашкы санына ақ батасын, ақ ниетін беріп тұр деп ұғынады жүртшылық. Екіншіден, бірінші бетте берілген ұш баланы келешек бала билер бейнесі деп ұғып, олардың буындары бекіп, қатарының молауына ынта-ықылас білдіріп ақ батасын беріп, сәт сапар тілеп тұр деген ұғым туар еді. Сонда осы екі ұғымды біз айтқан суреттің жүртқа берері сөзсіз еді деп түсінеміз.

Тағы бір айтайық дегеніміз бұл журнал асыл сөздің зергері, ақылдың мөлдір бұлғагы, ойдың көрігі, тілдің кайы қылышы болғанын қалар едік. Ол үшін жаңа талант, жас билер ең алдымен өзінің адам екенін, келешек кісі екенін, өз ортасын, айналасын жете танып, білуі қажет. Өйткені өзін танымай, өзгені білмейді, сезбейді, сезінбейді, ойы өрбімейді. Біздің бұндағы айтпағымыз журналда жарияланатын сөздер, ойлар, пікірлер жалқыдан көпке, белгіліден белгісізге, қарапайым көзге шалынған, елестеген сезімнен терен ойға, логикаға бағытталып, баланы еріксіз еліктіріп отырса дейміз. Сондықтан да бала құн сайын өзі көріп, біліп жүрген ортасына қатысты сөздерді жас құнінен бойына сініріп, оның мәйегін, астарын, қалтарыстарын, құпияларын, бүгімен шігін жете айыратындаидарежеде менгергенде ғана келешек мақсатына даңғыл жол аша алады. Осы бағытта ең алдымен бала өзін тануы керек. Біздің өзін тануы деп тұрганымыз «адам» сөзі екендігі түсінікті болар.

Мәселен, «адам», «кісі» сөздерінің ұғымы жақын. Бірақ түсінік екі басқа. Қазіргі сары ауыз балапандар түгіл орта жастағылардың өзі де осы екі сөзді жете айыра бермейді. Өйткені бізде «адам», «адамзат» деген сөздерді орысша оқып, ұғынғаннан кейін «кісі» сөзіне мән бермедік. «Адам» сөзінің «кісі» сөзінен әлде қайда катылдау, керісінше «кісі» сөзі құрмет, дәреже, ізеттілік екенін ескерmedік.

Міне, осындай түсініктен кейін бір ғана «адам» атауымен тұрған жанның басынан аяғына дейінгі тұла бойында, әдетіне қатысты мын жарымдай атау ескерілмеді, қолданудан қалды. Мәселен бір ғана «бас» деген сөзді алып қарайықшы: қазан бас, бақа бас, шүйке бас, сопақ бас, шой бас, жалтыр бас, қасқа бас, шөже бас, қисық бас, қыңыр бас, тықыр бас, дұдар бас, тақыр бас, т.б. шұбатылып кете береді. Осы секілді көп атауларды шашқа, көзге, қасқа, кірпікке, мұрынға, бетке, ауызға, ерінге, кеудеге, аяқ-қолға да келтіруге болады.

«Бала бидің» оқырмандары, келешек бала билер өзіне етene жақын сөздерді ерте сініріп, тіл байлығын молайтып өссе, өскеннен кейін ол сөздерге калауынша ұғым, түсінік, ой, түр беріп сөзді мәнерлеуге, айшықтауга машықтанады. Міне, осындай сөздер төркініне, мәніне назар аударылмағандықтан құні бүгінге дейін телерадиохабарларында «аяу райы құбылмалы болып тұр» деудің орнына «құн құбылмалы болады» (Құдай құннің құбылмалы болуынан сактасын) деген сөздерді жи естіміз.

Журналдың 10-11 беттерінде киіз үй туралы түсінік берілген екен. Өте дұрыс. Бірақ бұл үйдің көрінісі елде өскен бала болмаса қала балалары үшін жеткілікті ұғым бермейтіні көніл қобалжытады. Сол үшін баланың киіз үй жөніндегі ұғымын молайту үшін шаңырақтан бастап, кереге, ши, есік, туырлық, үзік, тұндік, сағанақ, баушу, т.б. атаулары үй нобайында көрсетілсе баланың өзі-ақ мынаны былай атайды екен, мынаның атауы мынау екен деп ешкімнің көмегіз-ақ ұғына алар еді. Әйтпесе, қазіргі балалар түгіл орта буындағы жастардың өзі туырлық пен үзіктің, таңғыш пен құрдың, бау мен шоқтың, немесе, кепіл ағаштың, адап бақан, адау бақаның айырмасын, не екенін айыра білмейді.

Сондықтан да жарияланатын материалдар баланың ой жүйесін дамытуға, оның айналасына, қоршаған ортасына қатысты болуы шарт деуіміздің бір себебі де осы. Мәселен, бала өзі күнде көріп журген торғай, құс, мал түрлері, табигат көріністеріне сәйкес болса, бала оны күнде көріп, көзі қанығып жүргендіктен «бұ қалай?» деген косымша сұрапты туғызбайды. Олардан алған әсерін, түсінігін, ой түйінін бейнелуге ұмтылады. Белгіліден белгісізге жетелеудің төте жолы осылар деп білеміз.

Реті келген соң айта кетейік, баланың тіл, ой байлығын молайту, зеректігімен зердесін ұштау үшін жаңылтпаш, жұмбак, тақпак, мысал, ертегі, аңыз-әңгіме, құлдіргілердің ерекшесі мәні бар скендерін дәлелдеп жату артық. Бірақ, кобінесе, жұрт құлагы үйренген, шиыр болғандардан гөрі қыска да, нұска, оқуға, жаттауга, айтуға

қолайлы, ыңғайлы, жеңілдеріне баса назар аудару жөн секілді. Әсіресе көнермес, ескірмес өнегесі мол Аяз би, Жиренше, Асан қайғы, Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би, т.б. билердің сөздерінен нәр бергенде қалаймыз. Осыған қарама-қарсы, «қырық өтірікке», өтірік өлеңдерге, өтірік айтыстарға жол бермеу қажет дер едік. Әйткені тазшаның өтірігі, «қырық өтіріктер» кезінде байлар мен хандарды ақымақ етіп көрсету үшін қолданған саясаттың туындысы. Оның үстіне, өтірік айтудан, бірімізді-біріміз алдаң, арбаудан мүйізіміз қарагайдай болатын болса, әлде қашан-ау оған жететін мезгіл болды. Амал не, өтіріктің зардабын халқымыз тартудай-ақ тартып келеді. Бірақ «өтірік өлең» тіл байлығын, ой тереңдігін арттырады деп телехабарларында арнайы жарыс ұйымдастырып, марапаттаушылар аз емес. Сондықтан «Бала бидің» бұл дерттен аулак болуын қалар едік. Оның есесіне ердің құнын екі ауыз сезбен түйіндеген қырги сөздер, дәп басқан асыл ойларға кең жол ашса дер едік.

«Бала бидің» келешекте дана би дәрежесіне көтерілетін бала-лардың зерек ойы, үшқыр талантты, кестелі сөзі болуымен қатар олардың хас шебер болуын да көздеген жөн. Бұл жөнінде ең алдымен бұрынғы хұсни жазу (кезінде қөркем жазу деп аталған) журнал беттерінде үлгілері берілсе, немесе, сол хұсни жазу әрітеп-рімен кейбір шағын материалдарды жариялада отырса, балалардың оған қызығушылығы артады, оны келешекте өздері-ақ жетілдіріп алары сезсіз.

Екіншіден, журнал бетінде жарияланатын аппликация, не өздері қыып, сыйып, ойып, бояп жасайтын суреттерді балалардың пайдалануына ыңғайлы етіп, қосымша бет ретінде жарияланса журналдың қалған беттерін окушылардың бұлдірмей сактауына, күтіп ұстауына, журнал беттерінің орынсыз қылмауына, журналды сатып алған балалардан басқа да балалардың бұл журналдың иглілігін көруіне мүмкіндігі мол болар еді. Олай дейтініміз журналды барлық қазақ балаларының алуына мүмкіндігі шамалы. Сондықтан журналдың көпке ортақ құрал болуын ойластырган жөн.

Тағы бір ойға оралған мәселе – балалардың творчествосын дамыту. Бұл салада редакция алқасы үнемі дайын ертегі, әңгіме, жаңылтпаш, жұмбак, тақпактарды жариялаудан гері: «Адам айласынан түлкі айласы көп пе?», «Аңдыған жау ма, алысқан жау ма?», «Ой тереңдігінің өлшемі не?», «Өтіріктің құйрығы неге бір-ақ тұтам?», «Тура биде неге туган жоқ?» деген сықылды тақырыптардан окушыларға арнайы тапсырма беріп отырса, жүзден жүйрікті таңдау, олардың ой өрісін байқау болары хақ. Сонда талай таланттың қайнар көзі ашылары сезсіз...

Жоғарыдағы айтқандарымыз журналды сынау үшін емес, оның келешекте жақсаруына білдірген ақ тілегіміз деп ұғынуды жән санаймыз. «Бала би» өмірлі болсын! Бала биден дана билер өсіп өркенін жайсын!

Қолжазба
4 қаңтар 2002 ж.

Балалардың тілегі

Оқырмандарға ұсынылып отырған «Балалардың тілегі» XX ғасырдағы қазақтың алдыңғы қатарлы ағартушыларының бірі – Таһир Жомартбаевтың 1912 жылы Семейде жарық көрген «Балаларға жеміс» кітабынан алынды.

Таһир Бокайұлы Жомартбаев²⁰ 1884 жылы бұрынғы Шыңғыстау ауданының Мұқыр селосында өмірге келген. Алғашқы білімді отбасында алған, кейін Семейде казак мектебінде оқыған. Білімін толықтыру үшін Уфадағы мұғалімдер даярлайтын татар медресесіне түсіп, оны 1911 жылы бітірді.



Т. Жомартбаев

Ұзақ жыл мұғалімдік қызмет атқарды. Таһир қазақ жастарына білім мен тәрбие беруде елеулі үлес қосқан өнегелі ұстаз, жазушы, ақын. Оның жұртқа белгілі «Қызы көрелік» романы мен «Балаларға жеміс» деген екі кітабы кезінде жұртшылықтан жақсы баға алған. «Балаларға жеміс» кітабы 1912 жылы араб әрпімен жарық көрген. Оған «Мектеп ішінде», «Мектепке шақыру», «Балаларға насиҳат», «Жалқау бала», «Балаларға өнеге», «Балалардың тілегі», «Жетім баланың мұны», «Рахымды кемпір», «Үлкен әке һәм немере», «Рахымды жолдас», «Иждағатлы баланың атага айтқан сөзі», т.б. сиякты тақырыптарынан көрініп тұрғандай бала тәрбиесіне, ата-анаға арналған шағын өлеңдер енгізілген.

Ия, Алласы насірет
Дін исламға бер құт

²⁰ 1912 жыны «Балаларға жеміс» кітабында Таһир деп жазылған. Ал зерттеушілер Тайыр деп жазып жүр. Біз озді шыгарған кітапты негізге алдық – З.И.

Көңілімді Алла рушын²¹ қыл!
Әмірінде кіл зат.
Бәрше мүмін мұсылман,
Пайғамбарға салауат.
Ия, Құдай ғылым бер!
Қылма мені арам тер.
Бұрынғы өткен машайық
Әулиелер қолдай гөр!
Ғылымға көніл талпынды
Жас ғұмыр оттай жалынды.
Алдыңды Алла өзің аш!
Ұмыттырмай артымды.
Ата-анамды жарылқа,
Аман сақта халқымды.
Ішіме жарық нұр беріп
Наданнан айыр парқымды.
Михмет бер жастарға жасарға,
Көңілге салма салқынды.
Көңілімді ашқын ой салып
Қарайып көзі бек талып. –
Халқыма Алла бақыт бер,
Дұшпаныңа қыл ғалып.
Салдырып берген мектеп жай
Тәрбие қылып осындей
Ағатлы* байларға
Береке бер бір Құдай!
Қыс күні жылы үй болмаса
Оқырма едік біз мұндай.
Қатын-еркек, кәрі-жас
Тұысқан, туған, қарындас.
Жарылқа деп бәршесін
Сажда қылдым қойып бас.
Дархамыңа* жайдым қол
Қайырма бос, рахымың мол.
Тағиғлы бізге ғұмыр бер!
Баста өзіңе тура жол.
Біз шәкірттер дұғасын
Оңға баста, қылма сол.

Колжазба, 14 тамыз 2001 ж.

²¹ Мәтінде осылай жазылған – З.Н.

Жалмауыз кемпір мен хан қызы

Еске түспес ерте заманда бір хан болыпты. Ол ханның бір әйелі, бір сұлу қызы бар екен. Қызының есімі Тойдым екен.

Бір күні хан ерігіп отырып «Осы қызымның есімін тапқан адамға жасауымен тегін беремін, ал таба алмағандардың басын аламын», - деп жар салыпты. Хан қызына үйленемін деп батырлар да, жайсан жігіттер де, байдың мырзалары да келіпті. Бірақ олардың бір де біреуі хан қызының есімін дәл тауып айта алмай бастарынан айрылыпты.

Сонан ай өтіпті, жылжып жыл өтіпті. Ақырында хан ол жерден қоныс аударып бір тау етегіне барып қоныпты. Хан ауылы жайғасып болған кезде хан ордасына бір жұпның киінген қарт келіпті:

- Хан ием, қызыңыздың есімін дәл тауып айтсам маған бересіз бе? - депті.

Хан:

- Егерде дәл тауып айтсаң, уәдем уәде, қызымды жасауымен беремін, ал таба алмасаң, өз обалың өзіне, онда басынды аламын, - депті.

Сонда қарт ойланбастан:

- Хан ием, қызыңыздың есімі Тойдым, - деп жауап беріпті.

Хан:

- Айтқаның дұрыс, қызымды үш күннен кейін жасауымен аласын, - деп уәделі мерзімін белгілейді.

Уәделі күні шал хан қызын алатын күйеу болып келіпті. Хан қызын жасауымен ұзатып салады. Қыз бұрын болашақ күйеуін көрмеген. Жолда келе жатып күйеуім қандай екен, нендей қасиеті бар жан екен деп көз қырын салып қараса аузында бір тісі жоқ, сакалы беліне түскен мыжырайған кемпір бет, қаусаған шалды көрген қызы:

- Әкем ерігіп есімімді тапқан адамға қызымды тегін беремін деп қаншама адамның басын алды, олардың өмірін жойды, жазықсыз жандардың өркенін қиды, уәдемді орындаймын деп ақырында олмелі шалға берді, бүкіл жастық өмірім қорлықпен отстін болды, гүлім солды, - деп зарлайды.

Бұл зарлаган дауысты естіген көшпен бірге келе жатқан тұлпар қызға:

- Сен несіне жылайсың? Жылама, ендігі іс өзіңде байланысты. Ол сен айтқандай қаусаған шал емес, құбылып келе жатқан жалмауыз кемпір. Сен астындағы атыңың ер-тоқымын маган ауыстырып сал да, әкеннің қылышын беліңде байла және көште келе жатқан қара бураны жетегіне алып, қасыннан қалдырма, қалған істі кезінде көрерсің, - деді.

Тұлпардың айтқанын хан қызы бірден үғынды да, орындағы. Көш ілгері жылжый берді.

Бірнеше күннен кейін алдынан тігулі тұрған бір ақ боз үй, бір қараша үй көрінді. Бұл жалмауыз кемпірдің алдандырып хан қызының көзін жою үшін тіккен үйі еді.

Хан қызының әрекетін күні бұрын біліп отырган жалмауыз кемпір ақ боз үйден айдаһар болып шықты да: «Мен сені жұтамын», - деп қызға ұмтылды. Сол кезде қыз жетегіндегі қара бура аузынан көбігін бұркырата шашып, шабынып айдаһарды жұтты да жіберді. Құдай бұл пәледен құтқарған шығар деп тұрғанда қараша үйден жеті басты алып жылан шығып қызды құйрығымен орап алып жұтуға жеті басынан бірдей от лапылдатып шашып, ысылдап жылжыды. Мұны көріп тұрған қара бура лапылдаған жеті отты көбігімен өшірді. Қыз қылышпен жыланның екі басын бірден турап жерге түсірді. Бір басты қара бура қырқып жұтты. Тағы бір басты тұлпар таптады. Жыланның қалған бастары шабуылын бұрынғыдан да қатты өршітіп, қызды буындыруға ұмтылды. Тұлпарға жармасқан жыланның бір басын қыз қылышпен қағып түсірген сәтте, қара бура бір басты тағы жұтып үлгірді.

Алып жыланның соңғы басы қалған сәтте тұлпар қызға: «Көзінді жұм, мен сені құлақ естімес, көз көрмес жерге алып ұшамын. Енді жалғыз басты жылан болған жалмауыз кемпір ол жақтан сені таба алмайды», - деді де көзді ашып, жұмғанша тұлпар самұрық болып көккө көтерілді.

Бірнеше теңіздер мен таулы өлкелердің үстінен, бұлттың ар жағына өтіп, елсіз, кең жазық жерге түсірді.

Айдаһар, жеті басты жылан болып мың құбылған жалмауыз кемпірдің зұлымдылығынан құтылған қыз айдалада шөптен күркे соғып, тұлпарымен ан қуып алып күн көріп жүрді. Сондай ан аулап жүрген сәттерінде бір жігітке кездесті. Ол да аңшы екен. Екеуі тіл табысады. Жігіт өз еліне хан қызын әкеліп, отыз күн ойын, қырық күн тойын жасап үйленеді. Хан қызы «ай десе – аузы, күн десе – көзі бар» ұл туыпты.

Сөйтіп, хан қызы еріккенде ермек еткен әкесінің мазағынан, жалмауыз кемпірдің зұлымдылығынан құтылып бақытты өмір сүріп, мұратына жетіпті.

«Бала би» журналы
№5, 2006 ж.

Саудагердің қызы мен Үкікөз молда

Ертеде, сонау пайғамбар заманында кең сахарада бір хан тұрыпты. Ол үнемі нөкерлерімен серуендереп, саят жасап, қызық дәурен сүріпті. Күндердің бір күнінде неше түрлі қырандары бар қосынымен бір тау етегіне келіп саят құрып жүргенде тау бауырындағы бұлақта ақ шалмалы, сәлдесі бар молда кездесіпті.

Хан:

- Бұл жерде неғып жүрген жансың, қайдан келесің, не кәсіп етесің, - деп сұрапты.

Молда:

- Мен жолаушымын, алыс жерден келемін. Кәсібім мұсылман дінін уағыздау, елге иман нұрын шашу басты міндетім, молдамын, - дейді.

Хан:

- Олай болса, сен анау жүрген жігіттер тобына қосыл. Ертең елге ораламын. Сен біздің шаһарға молда бол, - депті.

Сонымен: «Құп тақсыр», - деп ол хан қосынымен шаһарға келіп, діни уағыз айтып, шаһардың молдасы болыпты. Ұсқынына қарай шаһар халқы оны «Үкікөз» молда атап кетіпті,abyroy даңқы асып, ел құрметтіне боленіпті.

Сол шаһардагы атақты бір саудагердің көрген жанның жүрегін балқытар көркем қызы болыпты. Саудагер науқасқа шалдығып, бір күні бакильтық өмірге аттаныпты. Оны шаһар халқы ақ жуып, арулап жер анасына тапсырыпты. Мұсылман рәсімі бойынша атаулы күндерін өткізе беріпті. Сондай күндердің бірінде саудагердің қызы терезеден көшеге қарап тұрса Үкікөз кетіп барады екен.

Қыз далага жүгіре шығып:

- Молда ата, бүгін әкемнің атаулы қүндерінің бірі еді. Үйге кіріп дүғанызды оқып, тамақ ішіп кетсеңіз, - деп қыла өтініш жасайды.

Молда:

- Жарайды балам, бірақ мен жалғыз өмеспін, дұғана қатысатын адамның көп болғаны жақсы, сауабы мол болады. Мен қырық кісімен кешке келермін. Соған жетерлік ас әзірлеп қоярсың, - деп жөнімен кете берді.

Айтылған мерзімде келе жатып молда қасында еріп келе жатқан топ басшысына: «Сен менен көз жазба, әр қымылымға назар салып, бақылап отырғайсың, иегімді қакқан сәтте саудагердің қызын тауып ал да, бір жерге қама, соナン кейін бұрынғыдан ана жігіттер саудагердің үйіндегі барлық мұлікті, казынаны тасуға кіріссін», - деп тапсырма береді.

Молда саудагердің үйіне келіп бақылық болған жанға дұғасын оқып, батасын жасап, даярлаған асын ішіп, әңгіме-дүкенін қыздырыды да бір кезде елеусіздеу етіп иегін көтерген болды. Әмірді күтіп отырған топ қас-қагым сәтте жүгіріске түсіп, молданың айтқанындай қызды елеусіз кепеге қамады да саудагердің қазынасын қырық жігіт тонап алып, қараңғыға сұнгіді де кетті.

Ертеңіне саудагердің қызы ханға барып:

- Хан ием, түнде бізді жау шауып, әкемізден қалған бар қазынамыз бен мұліктерімізді алып кетті, - деп еніреп, болған жағдайды баяндайды.

Хан:

- Жау кім, оны танисың ба?

Қыз:

- Жауды танимын. Ол сіздің Үкікөз молданың, қасында қырық жігіті бар.

Хан:

- Сен ағуа²² болма. Ол хак жолындағы, Алла Тагаланың сүйген құлты – абыз. Айтып тұрғаның ажуа²³ сөз. Біреумен шатастырып тұрған боларсың. Үкікөз жау болуы, ел тонауы мүмкін емес, ол тақуа адам.

Қыз:

- Хан ием, сөзімнің шындығына басымды иіп, тағзым етіп, пітіне²⁴ жан еместігімді білдіремін, жанымды актығыма пида қылуға бармын, әкемнің мұраға қалдырған қазынасын тонаған Үкікөз екені шүбәсіз.

²² Ағуа – араб сөзі – азғын, аланғасар деген ұғым.

²³ Ажуа – араб сөзі – мысқыл, келеке деген ұғым.

²⁴ Пітіне – араб сөзі – қара ниет, бұлікті деген ұғым.

Хан уәзіріне қарал:

- Мына мәжнүн²⁵ Үкікөзге жала жауып тұр. Сондықтан оның көзін жой, өлтір. - деді.

Уәзір:

- Таксыр, бұл бишарапың қанын мойныңызға жүктегенше оны шаһараңыздан қуып жіберсеніз дұрыс болмас па екен?

Хан:

- Бұл ойың да дұрыс болар. Қызды шешесі мен екеуін шаһардан аластап шығарып, елсіз далаға апарып тастаңдар, өз бетінше өлсін. Халқыма сабак болсын, өтірік айтып пірәдарға тіл тигізген пәни дүниеде жазасыз қалмасын халқым білсін, мына қыздың тұрған үйін жермен жексен етіп қиратындар, - деп бұйырды.

Хан бұйрығы бойынша саудагердің үйі қиратылды. Қазына, мүлкі тоналып, қиратылған үйден қыз бер шешесін хан нөкерлері шөл далаға апарып тастады. Қыз бер шешесі күн журді, түн журді. Азып-тозды. Өлер халге жетті. Екеуі де: «Құдай-ау не жазығымыз бар еді, не пигылымыздан жақпадық, өмірде көрмегенімізді көрдік, табанымыз ойылды. Адам баласына қылдай қиянатымыз жок еді, бұз күйге қалай душар болдық», - деп зарлап жылап-жылап келіп су жағасында бір бәйтеректің түбіне демалуға жатты.

Екеуінің зарын естіген бәйтерек басындағы екі торғайдың бірі:

- Мына бишарапар неге жылайды? – деп екіншісінен сұрайды.

Екінші торғай:

- Бұларды хан жазалап, шаһарынан қуып жіберіпті, неге қайғырып жыламасын, - деді.

Сонда бірінші торғай:

- Олай болса, бұлар қалай күн көреді, аштан өлмей ме?

Екінші торғай:

- Өздері жатқан осы бәйтеректің астында жеті патшаның қазынасына тең асыл тас жатыр. Соны алса екеуі де өлімнен құтылады, бұрынғы қалпына қайта келеді.

Бірінші торғай:

- Оны қалай алады?

Екінші торғай:

- Шешесі жақын жердегі елдің біріне барып бір күрек, бір шапашот²⁶ сұрап алып келіп өздері жатқан жерді кісі бойындағы етіп қазса, астынан бір асыл тас шығады. Сол асыл тасты

²⁵ Мәжнүн – араб созі – жылды, нақурыс деген ұғым.

²⁶ Шапашот – кей жерде мұнны шот немесе балта шот деп те атайды.

шапашот шүйдесімен ұрып сындырса сонда жеті қазынаның кілті ашылады. Соナン кейін таяу жердегі шаһардың біріне барып әбзелімен ат арба және ат сатып алып тапқан қазынаның бір бөлігін арбасына тиеп өзін қып жіберген ханға жолаушылап жүрген саудагер болып барып: «Біз алыстан келе жатқан жолаушымыз, күдайы қонақпыш, шаһарыныңға тұнеуге рұқсат етіңіз», - десе, хан ойланбастаң: «Қоныңдар», - деп рұқсат етуі мүмкін. Егер хан бұларға күмәндандай рұқсат берे қалса, онда түнеп шыққаннан кейін ертеңіне тағы: «Тақсыр хан сіздің шаһарының сауда жасауға қолайлы екен. Біз осы шаһарға үй салып, сауда істеуді ойладық. Сондыктан бізге үй салуға рұқсат етсөніз», - десе, хан: «Е, бұларың иғлікті іс екен, үй сала беріндер», - деп келісімін берер. Сөйтіп, ел қатарына қосылар, - дейді.

Торғайлардың өзара әңгімесін тыңдаған қыз эбден шаршап ұйықтап жатқан шешесін куанышпен түр-түрдың астына алып тез-тез ояты да, торғайлардың әңгімесін баяндайды. «Жақын елден бір күрек пен шапашот сұрап әкелініз», - деп шешесін жұмсал жіберді. Қыздың шешесі жақын жердегі ауылға барып, күрек пен шапашот сұрап алып келді. Соナン екеуі іске кірісі. Өздері жатқан бәйтепректің түбін кісі бойындағы етіп қазған шамада асыл тас шықты. Екеуі куанып, шапашот шүйдесімен асыл тасты ұрып сындырған сәтте торғайдың айтқанындағы жеті патшалықтың қазынасына тең алтын мен гауhar тастар төгілді. Куаныштарында шек болмады. Жақын жердегі бір шаһарға барып ат, әбзелімен арба сатып алды. Өздері де әсем киімдер сатып алып, саудагер ер болып киінді.

Елден ел, шаһардан шаһар асып, бірнеше ай жүріп, өздерінің туып өсken жеріндегі баяғы ханға келді.

Хан жігітке:

- Қайдан келесін? Кімсін? - деді.

Жігіт:

- Алыс шаһардан келемін. Саудагердің баласымын, сауда жасауға шыққан едім. Баар жерім қашық, көлігім болдыруға айналды. Кеңшілік етсөніз осы шаһарыныңға үй салып, сауда жасайын.

Хан:

- Е, олай болса үйлерінді түрғызып, саудаларынды жасай беріндер.

Жігіт:

- Тақсыр, шаһарыныңды ортасында бос тұрған бір алаңқай орын бар екен. біз сол жерге тұрғызысақ саудаға да, халық-

тың келуіне де ыңғайлы екен, - деп баяғы өздерінің тұрған байырғы үйінің орынын сұрады.

Хан:

- Жоқ, шырағым, бұл бір қайырсыз орын, ол жерге өздеріндегі адамдардың игілікті орын салуына болмайды, бұрын бұл жерде тұрған үйдің иесі ібілістік іспен айналысқандықтан үйін қиаратып, өзін шаһарымнан қуып жібергенмін.

Жігіт:

- Тақсыр, біз неде болса осы жерге ынсан²⁷ етейік. Осы орынға ынтызар болып тұрмыз. Мүмкін бізге ырыс әкелер, бізге мархамат етініз, - деп қылды.

Хан:

- Мейілдерін, ықыластарың ауып, саламын десендер үйді салындар, бірақ ертеңгі күні шерменде болып журмендер, - деп ескергі.

Сонымен күн артынан күн, ай артынан ай, жыл артынан жылжып жыл өте берді. Бәйтерек түбінен алған қазынага сәулетті үй тұрғызып, жігіт болған қызы саудасын жасай берді.

Бір күні үйінің терезесінен көшеге қарап тұрса, баяғы Үкікөз кетіп барады екен. Қызы жігіт болып киініп тездетіп көшеге жүргіріп шықты да, Үкікөзді қуып жетіп: «Молда-еке, мынау тұрған менің үйім, мен бұш шаһарлық емеспін. Сізді атақты дуалы ауыз адам деп естімін. Қонақ болып, сауда хараетіміздің он болуына батаңызды беріңіз», - деп құлдық ұрды.

Үкікөз:

- Е, қарағым, барайын, бірақ мен жеке бармаймын, қасымда шамасы алпыстың адам болар, асыңды соган жетерліктең етіп әзірлерсің, - деді де, бағытымен кете берді.

Жігіт:

- Жарайды, пірәдар, тапсырмаңыз айтқаныңыздай болып орындалады, - деп уәдесін берді.

Жігіт үйіне келіп күтуші жігіттерінің бастығына: «Алпыс кісіге жетерлік әр түрлі дәмді тамак әзірле, тек мен барабан соққанда осы үйдің қырық есігін бірден бекітіп таста», - деп тапсырады.

Сол күні айтқан уәделі мезгілде Үкікөз саудагер жігіттің үйіне келді. Үкікөз көңілденіп, көздің жауын алатын әсем бөлмеде отырып әр түрлі дайындалған тамакты ішіп-жеп, салтанатты сөздер сөйлеп, жігітке бақыт тілеп, батасын берді де: «Шырағым бұдан артық көп отыруға болмайды. Қазір не көп, дүшпан көп, кетуге рұқсат ет», -

²⁷ Ынсан – араб сөзі – канагат деңеген ұғым.

деді. Сонда жігіт: «Сәл кідіре тұрыңыз, сізге арнаған аздаған сый-күрметім бар, соны әкелуге тапсырма беріп келейін», - деді де сыртқа шығып барабанды қағып-қағып жіберді. Қырық есіктің әр кайсысына қойылған күтушілер тапсырма бойынша есіктерді бірден бекітіп, қарауылдан тұрды.

Үкікөз нөкерлерімен үйде әрі отырды, бері отырды, жігітten хабар болмады. Қой, енді да лаға шыға берейік деп есікке келсе есік ашылмайды, құлыпталып қалғанын білді. Үйдің басқа жағынан сыртқа шығатын есіктерге барса олардың бекітілгеніне көздері жетті. Сөйтіп, Үкікөз саудагер үйінде қамалды да қалды. Ертеңіне жігіт хан ордасының есігін қағып, кіруге рұқсат сұрады.

Хан:

- Бұ қім екен, мезгілсіз жүрген, біліп кел, - деп уәзірін жұмсады.

Уәзір:

- Тақсыр, бұл шаһарыңызға келіп сауда жасап жүрген жігіт, сіздің өзіңізге ғана фаш²⁸ етерлік сөзім бар, соған пұрсат²⁹ етсін деп келіп тұр, - деді.

Хан:

- Олай болса кірсін, мәнісін білейік, - дегеннен кейін уәзір жігітті ханға әкелді.

Жігіт:

- Уа, хан ием, шаһарыңызға пайда келтірмесем, зияным тиғен емес еді. Марқұм әкем де солай өмірден өткен. Солай болса да қарауыңыздағы пірәдар Үкікөз менің үйімді шапты. Сіз оны кезінде ақтап, үйімізді қираттыруға, анамызбен екеуімізді қанғыртуға себепші болдыңыз. Біздің Құдайға да, адамға да һеш жазығымыз жоқ еді. «Ақтың отын ақымақ өшірмейді» деген аталы сөз ақиқат екен. Оған бүгінгі таңда көзім жетті. Оның тонаған заттарын таптым. Сол қазынамен шаһарыңызда үй салып, сауда жасадым, - деп сөзін жалғастыра бергенде,

Хан:

- Сен Үкікөздің қазынасын қалай таптың, Үкікөзді әрекеті үстінде ұстадың ба, әлде бұрынғы өсегінді тағы да қайталап тұрсың ба? Оны немен дәлелдейсің? – деді.

Қызы:

- Хан ием, бұл айтқанымда мыскалдың³⁰ қарасындей да жалғандық жоқ, шындық, - деп баяғы ханның өзі шаһардан қуып

²⁸ Фаш – парсы сөзі – жасырын сырды ашып айтамын деген ұғым.

²⁹ Пұрсат – араб сөзі – мұмкіндік, рұқсат бер деген ұғым.

³⁰ Мыскал – араб сөзі – 4,25 гр. тең өлшем.

жіберген қыз екенін шешесімен екеуінің елсіз далада қаңғып жүріп екі торғайдың әнгімесінен бастап бастарынан өткен хал-жағдайды түгел баяндап берді.

Қызы:

- Хан ием, қасықтай қанымды қыныңз. Үкікөз қасындағы алпыс нөкерімен қазір менің үйімде тұтқында отыр, оның бұған дейін жеті хандықтың қазынасындағы байлықты, жазықсыз жандарды тонағанын, өлтіргенін ол сіздің алдыңызда мойындауға тиісті. Оны мойындарат айғақ менде жеткілікті. Мойындарамаған жағдайда менің басым сіздің қылышыныздың астында тұратындығына имандай сеніңіз.

Сонан кейін хан:

- Қасыңа батырлар мен нөкерлерді алып Үкікөзді осында тез жеткіз, - деп уәзіріне бұйрық берді.

Уәзір саудагердің үйінде қамауда тұрган Үкікөз бен оның қарауындағы алпыс адамды хан алдына айдалап әкелді.

Хан:

- Сейле, пірәдар Үкікөзім, мына алдында тұрган міскінді³¹ танисың ба? Оның үйін тонағаның рас па? Шынынды әшке-реле. Жалғаншыға жаназа шықпайтынын біл. Ана алпыс жендеттерінің де басы кесілетінін ұмытпа.

Хан алдында кешегі жігіттің бұқ сәтте баяғы үйін тонаған қызы екенін көргеннен кейін Үкікөздің бұлтаруға шамасы келмеді:

- Хан таксыр, бұғінгі күнге дейін зайды³² өмір кешіппін. Мені қара басты. Дүние қоңыздық тубіме жеткенін қазір сезіп тұрмын. Алдыңыздығы жігіт емес қыз екенін енді білдім. Айтқандарының бәрі рас, қасық қанымды қыныңз, - деп зарлады.

Хан:

- Сен бұрын бұл шаһарға келгенше қайда болдың, қандай кәсіппен айналыстың?

Үкікөз:

- Таксыр, мен сіздің шаһарыныңға келгенше жеті ханның жерінде болдым. Олардың сеніміне ие болу үшін молдалықты кәсіп еттім. «Ашсам алақанымда, жұмсам жұдырығымда» жүретін жұз сойыл соғар жігітім болды. Соларды кісі өлтіруге, қазына тонауға жұмсап мол қазынаға ие болдым. Бірақ қанағатта шек болмады. Дүние-мұлік, қазына молайған сайын

³¹ Міскін – араб сөзі – мұсінышерлі, мұсәпір деген ұғым.

³² Зайды – араб сөзі – құр, бос, бекер деген ұғым.

тойымсыздық, ашкөздік өрістей берді. Күн сайын көзіме қазынам аз көрінетін дағды пайда болды. АナンЫ өлтірсөн мол байлыққа кенелесің деген сезім миыма мықтап орнықты, - деген сэтте,

Хан:

- Тоқтат мылжың сезінді қаныпезер, фәлакәт³³. Күнәкарға құн жоқ, жамағат мұнан ғибрат алсын. Мына фәлакәттің басын шап та, көзін ойып, өз қанын көзі толғанша құйындар, байлыққа сонда кенелер. Ал Алла атын жамылып, харам жолмен оның жинаған қазына, мұлкі иелеріне қайтарылсын, жазықсыз жандарды бақылыш өмірге аттандырған Үкікөздің қарауын-дағы жұз каззабы³⁴ да өлім жазасына кесілсін, бүкіл шаһар халқын бұл жендеттерден құтқарған саудагердің мына қызына тағылған айып ғафу етілсін, - деп хан үкім шығарды.

Хан бұйрығы орындалды. Үкікөздің басы шабылып, көзіне өз қаны құйылды. Оның баскесер жұз жендеті де дарға тартылды. Ел уайым-қайғысыз бейбіт өмір сүретін болыпты. Халық санасында «көзіне қан толсын» деген қарғыс сөз осы оқиғадан қалыпты деген аңыз сақталған.

«Бала би» журналы
№6-10, 2006 ж.

Оразбай³⁵

Ерте, ерте, ертеде, ешкі жұні берте де, өз заманында атагы елге жайылған бір байдың отыз ұлы болыпты. Оның ең кішісінің есімі Оразбай екен. Дәүлетіне мейманасы тасыған бай отыз ұлына отыз жермен құда болғанымша, өзім секілді отыз қызы бар бір адаммен құда боламын деп, отыз ұлын қасына алып ел араламақшы болыпты. Бірақ Оразбай бұл сапарға шығудан бас тартып: «Әке, мен бұл сапарға бармай осында қалып шаруаңызға қарайын, бір-ақ етінішім бар, құдалықтан қайтарда жолдағы таудың бөктеріне қонбаңыз. Ол тауда айдаһар бар. Сізге залалы тиер», - дейді.

³³ Фәлакәт – араб сөзі – бәле салушы, апат әкелуші деген ұғым.

³⁴ Каззаб – араб сөзі – сұм, отірікші, баскесер деген ұғым.

³⁵ Колжазбада «Бір кісінің 30 ұлы хакында» деген тақырыптен жазылған. 30 ұл туралы ешнәрсе айтылмагандықтан Оразбай деп өзгертилген.

Сонымен бай жиырма тоғыз ұлын, нөкерлерін қасына алып отыз қызы бар адамды іздейді. Бірнеше ай, күн жүріп, іздеген құдасын табады, онымен құда болады. Көнілі тасып еліне құдасты берген тарту-таралғысын артынып-тартынып елге бет алады.

Көнілі көл дария шалқыған бай Оразбайдың өтінішін есінен шығарады. Қосын тігіп түнейді. Таңертең тұрса алтын, күміс, асыл бұйымдарын артқан түйесі жоқ болыпты. Байдың көнілі су сепкендей басылды. Тасыған көнілін үрей алды. Атқа қонып іздеуге шығады. Оразбайдың ескертпесі ойына түседі. Соナン әрі іздел, бері іздел, күні бойы іздел, кештетіп тауға жақындал барса түйесінің шегіп жатқанын көреді. Түйесін бұйдастынан іліп алмақшы болған кезде, түйе тасасында жатқан айдаһар аузынан от шашады. Байдың зәресін алып, құтын қашырады.

Айдаһар сасқан байды құйрығымен бір орап алады да:

- Не іздел жүрсің? Сені ажап айдан келді ме? Менің мекеніме неге бас төрелік жасап кірдің? Иманынды айтқызбай жұтамын, - дейді.

Бай:

- М...м...мен, түйемді, жетегім...е-е..а-а-алайын деп келіп е...е...едім, - әр сөздің берекесін қашырып, қалтырап зорға дегенде ойын айтты.

Сонда айдаһар:

- Ол түйе кеше сенікі болса, бүгін менікі. Оны тегін береді еken деп ойлама, - деп байдың қеудесін құйрығымен тағы бір орап сығымдады.

Сонда бай:

- Ойбай жаным шықты, не қалайсыз? Мал керек пе, жан керек пе? Мал керек десеніз үйір-үйір жылқым бар, келе-келе түйе бар, өріс толған қойым бар, бәрін айдан әкеп алдыңа саламын.

Айдаһар:

- Маған жылқың да, түйен де, қойың да керек емес, оны өрісте жүргенде қажетіме қарай сенен сұрамай-ақ жұта саламын. Жақында маса мен сонаның қызықты әңгімесін тыңдадым. Олар: «Дүние-жүзіндегі андар мен құстардың, жан-жануарлардың қандарын сорып, дәмін таттық. Бірақ олардың ешқайсысы да адам қанына тәтті емес», - деп мені тамсанты. Сол әңгімені естігеннен бері мен де адам қанының дәмін татуға құмартып жүрмін. Құндіз-түні миымнан кетпейді. Сона мен масаның айтқандары рас болса, үйленген тойымда адам етін қанына бектіріп тойымға жиналғандарды таң қалдырысам, ерекше шаттандырысам, соナン кейінгі өмірімде өрістегі өріп

жүрген малдарды қоя тұрып, күн сайын тұстігіме бір, кештігіме бір адамның қанын сорып, етіне тойып жатсам деген ойым бар еді. Ал сенің қаның не оңып тұр дейсің?

Бай:

- Мені қарт десен құда түсіп қыз айттырып келе жатқан жиырма тоғыз ұлым бар. Қалағаныңды ал. - деді.

Айдаһар:

- Сенімен саудаласып тұруға жайым жоқ. Оларды тауысқанша қаншама алтын уақыттым босқа кететінін сезесің бе? - деп байды құйрығымен тағы бір орап қысып қойды.

Бай:

- Өмірімде бір-ак рет қуанып, жиырма тоғыз ұлымға жиырма тоғыз қызды бір үйден тауып, құда түсіп келемін. Оларды жиырма тоғыз үй етіп қызығын көремін бе деп едім, енді оны да көре алмайтын болдым-ау. Шыбын жан не еткен тәтті едін, сен үшін жиырма тоғыз ұлымды да құрбандығыңа қидым, - деп еніреді.

Айдаһар байдын өкпе тұсынан тағы бір орап сыйымдалады да:

- Жоқ, маган жиырма тоғыз ұлың керек емес, жаныңды олжа еткін келсе сол жиырма тоғызыңа тұратын Оразбайды бересін, болмаса көретінің мынау, - деп онан сайын қыса тұсті.

Байдың жаны көзіне көрінді, буыны кетіп әлсіреді, борша-боршасы шықты.

Сонда бай:

- Көзімнің ағы мен қарасы, жиырма тоғызымың панаңы шыбын жаным үшін Оразбайды бердім саған, - дегендеге, айдаһар байды босатып:
- Оразбайды қалай, қашан әкеleiп беретінінді айт та түйенді алып жөнінді тап, - деді.

Оразбай үйде жатып әкесінің өзін айдаһарға жаны үшін беріп келе жатқанын білді де қос атпен жолға шықты. Әкесімен жолық-қысы келмедин. Айдаһар жатқан жерге төте тартты.

Келе жетегіндегі ту биесін айдаһардың аузына тосқауыл жасап көлденең тосты да қылышымен айдаһардың басын шабуга ұмтылды. Бірақ асығыста айдаһардың құйрығы қалай шапшаң орап алғанын Оразбай сезбей қалды.

Сонда айдаһар:

- Сені әкең маган берген. Сенің жаның енді менің қолымда, бұдүниеде тірі жүремін деген үмітің болса, менің айтқанымды орындаісың. Тоңмойыңдық көрсетсөң, өз обалың өзіне, осы тұрган қалпыңда тіршілікпен қош айттысасың, - деді.

Оразбай:

- Өкем мені үйлендірмек ойымен құда түскен қалындығымның кім, қандай жан екенін де көргенім жоқ. Ең болмаса оны көруге мархабат ет, - дейді.

Айдаһар:

- Мениң тапсырмамды орында, сонан кейін өмірді кіммен, қалай өткізесін өз еркінде, олай болмаса айтқаным айтқан, екі сез жоқ. Тапсырмам – айшылық алыс жолда бір ханның сұлу қызы бар, соны әкеп бересің. Сонда тілегін орындалады, - деп ойын түйді де Оразбайды тағы бір орап алып, қеудесін қыса түсті.

Оразбай бұл жағдайда айдаһардан құтылуудың жолы жоқ екенін білді. лажсыз көнді. Айдаһар тілегін орындауға жолға шықты. «Мени жаны үшін өлімге қиды», - деп әкесіне ренжіді. Асу-асу белдерден өтті. Құс қанаты талатын шөлдерді артқа таставады. Арыды, ашықты. Әбден қажып, кездескен бұлак жағасына ат шалдырып отырып, маужырап үйқы құшағына енді. Керемет түс көрді. Түсінде Қызыры ата: «Ей балам, тарықпа, Алла көз жасынды көреді. Тілегің қабыл болады, «ақтың отын ақымаш өшірмес» болар, үмітінді үзбе», - дейді. Оразбай қуанышы қойнына симай атқа қонып, бағытымен жолға шықты.

Сәске түс кезінде көктен самғап самұрық құлдилаپ келіп:

- Мен саған жолдас боламын, мен саған жолдас боламын, - деп санқылладады.

Оразбай оны тұғырға кондырып ілгері жүре берді. Жолда келе жатса үлкен тауды бір алаканынан екінші алаканына қақпақыл етіп ойнатып тұрган бір адамға кез келеді.

- Уа, азамат, сен кімсің? Истер жұмыс таппадың ба? Мына тауды бір алаканыңнан екінші алаканыңа салып ойнағаннан не ләzzат табасың? Мынауың еріккеннің ісі ғой, - дейді.

Сонда ол:

- Мениң жұрт «Таяттар» деп атайды. Күшімді көріп тұрган жоксың ба? Мұндай алапат құшке жұмыс шақ келе ме. - дейді.

Оразбай:

- Е, олай болса маған серік бол, мен алыс сапарға тапсырмамен кетіп барамын, босқа шығындастын күшінді, сол жакта көрсетерсің, - дейді.

Tayasар:

- Макұл, - деп келісім береді.

Сейтіп келе жатканда Оразбайларға бір көлдің суын ұрттап, екінші көлге ауыстырып құйып тұрган адам жолығады. Оның есімі Көлдірттар екен.

Оразбай оның бұл қасиетін ұнатып, өзіне мұның да бір пайдасы тиер деген оймен серік болуға көндіреді.

Бірнеше күн жүріп келе жатқанда кең саһарада жайылып жүрген киіктеді жалғыз аяғымен қуып жүріп ұстап, еміп тұрған желаяққа тап болады.

Оразбай:

- Не істеп жүрсің? Бір аяғынды неге қайырып байладап қойдың?
Неге киіктің бауырында отырсың? - дейді.

Сонда ол:

- Мені жүрт «Киікемер» деп атайды. Тіршілігім осы, киік еміп күн көремін. Ал бір аяғымды қайырып байладап қоймасам, киіктен озып кетіп, ұстай алмай қаламын, еме алмаймын, - дейді.

Оразбай бұл да керек болатын адам-ау деп, өзінің кайда, неге бара жатқанын түсіндіріп, оны да өзімен бірге бұл сапарға бірге аттануына тілек білдіреді. Киікемер де Оразбайдың тілегін қабыл алады.

Сонымен Оразбай қолында самұрығы бар, саяшы болып бірнеше күн жол жүріп баяғы айдаһар айтқан ханның шаһарына келіп, ханның үйіне ат басын тірдейді. Ханға ұшаруасын, қызын алуға келгендейгін баяндайды.

Хан өз дәрежесіндей емес салт атты, сабау қамшылы адамға қызын беруге арланады, намыстанады.

Бірақ оларға сырын ашпай, қалайда көздерін жоюдың шарасын ойластырады.

- Тілегіңізді ойланып шешейік. Қош келдіңіздер, бүгін жайғасып жата беріңіздер, - деп жақсылап қонақ етіп арнайы үйде күтүге кіріседі.

Хан уәзірлері мен нәкерлерін шақырып, ақылдасады. Ақыры Оразбайлар отырған үйді өртеуге шешім жасайды да, түнде бұлар жатқан үйге от қойып кетеді. Қастандықпен қойылған өртті Көл-ұрттардың бір ұртында сакталған сумен-ақ Оразбайлар өшіреді де тып-тыныш, еш нәрсе сезбегендей жата береді.

Ертеңіне хан бас уәзіріне:

- Сен барып келші, маған күйеу болатын неме қуырдақ болған шығар, - дейді.

Бас уәзір Оразбайға барып келіп ханға:

- Қуырдақ болмапты. Дін аман. Қайта көнілдері шат, жайғасып тамақтарын ішіп отыр, - деп хабарлайды.

Хан састы. Оразбайдың осал адам емесін білді. Қызын Оразбайға бермейудің басқа айласын ойластырды да оған:

- Мен осы елдің ханымын. Қызымды жетім баладай етіп саған жетектетіп жібере алмаймын. Ел-жүрттың есінде қалатындағы той жасап беруім керек. Сол тойда жарыс, күрес, тағы басқа сайыстар өтеді. Сонда женіске жетсең қызымды халық алдында беремін. Уәдем уәде, - дейді.

Сонан белгіленген күні той басталды. Хан жаяу жарысқа өз құзырындағы жүйрік мыстан кемпірді шығарды. Оразбай мыстан кемпірмен жарысуға Киікемерді жіберді. Киікемер мыстан кемпірден оқ бойы озып келді.

Хан түйе палуанын алаңға шығарды да: «Белдесуге жарайтындарың келіндер!», - деп жариялады. Сол кезде Оразбай Тауатарға иек қақты. Ол түйе палуанды белінен ұстап алып екі алақанына кезек-кезек салып асықша ойнатып, доп қып аспанға лақтырып жіберіп, қайта қағып алып, құтын қашырды. Ханның палуаны жеңілгенін мойындағы, «Жанымды аман қалдыр», - деп жалынды.

Мұнан кейін жамбы ату басталатындығы хабарланды. Хан құзырындағы елден шыққандардың бірде-бірі күміс теңгені садақпен атып түсіре алмады. Кезек Оразбайға келді. Ол өз атымен шауып келе жатып садағымен тартып жіберген көк жебесі көз ұшына зорға ілігіп тұрған күміс теңгені ұшырып түсірді. Хан оны бір көзі ағып түскендей сезінді.

Сайыстың барлық түрінен хан жеңіліс тапса да уәдесінен тайды. Қызын Оразбайға бермеске бекінді. Ханның арам ойын Оразбай толық ұғынды да самұрыққа айтты: «Сен ханның қызын ханға көрсетпей сыртқа шыққанда аспанға алып ұш, артыңнан мен де жетемін». Самұрық Оразбайдың айтқанында хан қызын серуенге шыққан сәтте аспанға көтеріп алып ұшты да кетті. Хан қызы үштікүйді жок болды. Оны бүкіл ел іздеумен сарсылып аласаптыранға түскен сәтте Оразбай жолдастарымен еліне қайтты. Оған ерген Тауатар мен Көлжұттар, Киікемер әркайсысы өз жеріне жетіп қалып койды. Оразбай еліне келіп самұрықты хан қызы етіп киіндірді де айдаһарға барды. Айдаһар қуанып: «А, келдің бе, әкелдің бе», - деп ұмтылған сәтте самұрық айдаһарды бүріп алып аспанға көтерілді де кетті. Самұрық сол кеткеннен мол кетті.

Ел айдаһардан құтылды. Тау бөктерінде ел мамыра жай өмір сүре бастады. Оразбай хан қызына үйленіп, еліне ұлан-ғайыр той жасады. Ата-анасымен, туысқандарымен табысты.

Қызыр ата айтқандай «Ақтың отын ақымак өшіре алмады». Бүкіл ел мындаған жылдар бойы бақытты өмір өткізді.

Қолжазба
16 маусым 2006 ж.

ҚОСЫМШАЛАР

Нәзипаның өлімі немесе шайтан мен Құлғара сопы

I

Құлғара Танабайдың³⁶ қариясы
Кісі еді өсіп-өнген мал мен басы.
Ежелден елдің салты сол еді гой
Бай болса болатұғын дәулет масы.
Азұлы адам еді айбыны зор
Сестінен сескенетін айналасы.
Алпыста сопы болды тахуа-таза,
Қылмады бес намаз ешбір қаза.
Өзгеден оздырам деп сопылығын
Ұдайы һеш күн өткермей тұтты ораза.
Қай жерде көре қалса молда, қожа
Жүгірді көрісуге қолды соза.
Естіген шариғатын есте сактап
Іс қылмақ ақыреттік жұрттан оза.
Бір күні жолыққанда молда Оспан
Құдасы Құлғараның Құдай қосқан.
Шайтанды мұқатудың жолын айтты
Бұл сырын жасырсын ба жақын, достан.
«Құлғара! - деді, - бір сөз айтам саған
Кей пенде Құдай сүйген көрер шайтан.
Сұлу қыз суретінде азғырады
Тәтті ұйқы, саһар кезі атарда таң.
Бұрандап жақын келіп наз қылады,
Есіртіп есінді алып мәз қылады.
Қалайда бір күнәні бастыруға,
Ол сені түрлі жолмен азғырады.
Егерде көрсөң қорқып саспау керек,
Шап беріп білегінен ұсташау керек.
Алқымын аямастан езіп, мыжғып,
Тепкілеп «Тенге бер» деп қыстау керек.
Белгілі, қанша ұрганмен өлмейді ол
Колдан жазым шықпасын қатты сақ бол.
Қылғынтып жұтқыншагын дем алдырмай

³⁶ Танабай – ел руының аты

Қинасаң тенге-жұзік береді жел.
Бұдан кейін еш сені шайтан-дұшпан
Қалады азғыруға жарамастан.
Сен түгіл кейінгі ұрпақ әuletінің,
Дейді екен бұл жалғанда ізін баспан».
Бұл сөзді қөкіргіне құйып алып
Құлғара жүрді ішінен ұмытпастан.

II

Қыс қыстауы – Телікөл Құлғараның
Нудың бойы, қау ажырық, қамыс қалың.
Боранда малға ықтын, жері жылы
Шығатын малы күйлі шаруаның.
Сарала тұздық – жері үйық, шөбі шүйгін.
Балық көз, торғай оты, түье қарын,
Бұйырғын, саған, боз қонақ, ала бота,
Күйреуік, көпек... болама санап бәрін.
Қыс тебінімен тоздырып – тұяқ шиыр
Қашырып ауыл маңы шалқуларын.
Март туса ертесінбей ел көшеді
Жатсын деп жайылым от жазға салым.
Көшерде екі жерге отты жағып,
Өткізіп ортасынан айдал малын.
«Алас, алас, бәледен қалас!» - деуші еді
Қалдырмай бұрынғы істеп ырымдарын.

III

Бір жылы Құлғарада күйлі, дейлі,
Көнінен көшіп шығып жер шенейді.
Ел көшкен, малдар ішкен, иттер ішкен
Көніліне көп қақ сұы қош келмейді.
Тазарақ табам ба деп тұнық бір қақ
Шапқылап олай-бұлай су іздейді.
Қақ таппай күн кешейіп түнге айналып,
Адам қажып, мал шаршап жүргізбейді.
Құлғара енді қонбақ тапса бір қақ
Әйтеуір су да болса, арам мейлі.
Мұндауда тахуа-сопы белгілі ғой
Өрескіл өзгеден ле құлқы-пейілі.
Қаранды түн, адасты, қаңғып лакты
Сонымен ойға-қырға желді-шапты.

Ауганда тұн ортасы өліп, талып
Тауыпты бір көлшімек лай қақты.
Қарны ашқан бала-шаға, қажыған мал
Зорға жетіп келді де шөге жатты.

IY

Бұл қақта екі ауыл ел – Бадана
Бұрын келіп қонған ед бұлар жаңа.
Нашар ата баласы болушы еді
Қойдан қоңыр, жуас, момын ғана.
Екі ауыл бірін-бірі шақырысты
Сол күні бір қатыны туып бала.
Тұнімен шуылдасып өлең айтып,
Жастар ойын қылыпты шілдехана.
(Сол күні тұн қараңғы, күшті еді жел,
Білмепті қонғанына үстіне ел.
Құлғара да сезбепті елдің барын
Бұйығып ит үрмestен, маңырамай төл.)
Бір кезде жақындасты таң атуға
Шырылда торғай сайрапты оятуға.
Күзеткен шілдехана ойын бітіп,
Қам қылды келгендерді таратуға.
Қайтарда беретұғын теңге-тебен,
Сақина, жұзік, тананы ретімен.
Бұрыннан ел ішінде әдет бар ғой
Әркімнің келгенінше құдіретінен.
Нәзипа сол ойында артық сұлу
Көркіне көз тоймаган суретінен.
Сұлуға бір жұзікті әкеп берді
Қосымша шәй орамал құрметімен.
Нәзипа жұзікті алып қайтты аулына
Кешқұрым өзі келген сол бетімен.

Y

Нәзипа ауылына қайтты жалғыз
Таң сызып қалыпты деп сиреп жұлдыз.
Тұнде қонған ауылға келіп кірді
Қайдан білсін көрмеген кеше күндіз.
Құлғара дәрет алып жүрген еді.
Көреді жакын келген бір сұлу қыз.
Шолпысы сылдыр қағып сыландаған,

Үстінде шәйі кейлек, бөркі құндыз.
Айтқаны молда Оспанның келді ғой деп
Құлғара тұра қалып нақ жүзбе-жұз
Шап беріп білегінен ұстай алды.
Нәзипа шошып қалды, жүрегі мұз.
Нәзипа сол кездерде он бес жасар
Майысқан тал шыбықтай, нәзік-нашар.
Бір сұлу, ел еркесі туған ерек
Ерініп екі аяғын әрең басар.
Қолына Құлғараның түсіп қалды
Әл барма қару қылып қарсыласар.
Білекке бес бұрым шашын орап алып
Құлғара теуіп жатыр салып асыр.
Қылғынтып, жұтқыншағын буындырып,
Жығып алып жектектеп теуіп, ұрып,
Өзі ентігіп, алқынып, есі шығып,
Дем алып арасында тұрып-тұрып.
Біресе шықшытты езіп мығымдайды,
Есіркеп, аяп жүрек мығымдайды,
Анда-санда дыбысы талып шығып,
Жалынып «Экежан», - деп қыз жылайды.
«Ей, шайтан атекене жүзікті бер тезірек,
Ойбайың мен байбайың неге керек.
Мени ұйықтатып, намазды қаза қылып,
Келдің ғой азғыруға мені ертелең»,
Дейді де аямстан тепкілейді,
Алқымын бар күшімен езіңкіреп.
Талмаусырап қыз айтты: «Жарықтығым,
Күнәм қайсы? Ешкімге жоқ жазығым.
Теңге, жүзік десеніз мә, алыңыз!
Болмасын сорлы басым текке шығын.
Әкетай бұл не сұмдық, өлдім ғой мен
Мұндай күйге мен ұшырап қалдым неден?
Бұл қай жер? Қайда келдім? Қайда жүрмін?
Айналып аспан мен жер дөңгеленген.
Ойбай-ай! Өліп барам, көзім тұнып»
Деді де сәл қылғынып, бір ұмтылып,
Айтуға шама келмей басқа сезді
Өліктей шалқасынан жатты сұлық.
Қыз жатты қимылдамай есін танып,
Құлғара тұр ақырып айқай салып:

«Тұрындар!» - деп оятып ауылдарын
Мекем қысып қолына жүзікті алып.
Құдай сүйген бір пенде болғандай-ақ
Қоқып, қоразданып, қодиланып.
«Шайтанды ұстап, жүзігін алдым», - дейді.
«Тез келіндер, қолымда жүзік анық».
Ауыл жаны жиылды апыр-топыр
Шашы жұлынған жааралы «шайтан» отыр.
Бисмилла деп біреуі, лахуалла деп
Әркім өз білгенінше дұға оқыр.
Жан-жаққа сасқалақтап салса көзін
Екі ауыл екі жақта көрініп тұр.
Қосбол деген інісі Құлғараның
«Байқандар, - дейді, - азырақ
сабырлық қыл

Деуші еді Бадана отыр осы қақта
Болмасын соның қызы осы құрғыр».
Қыз сонда өлімсіреп жауап қатты
Көрген соң төңірегінде адамзатты.
Сөйлеуге келмей мұрша тағы талып,
Жығылды бейне өлік, сұлап жатты.
Анырайып аң-таң болып жұрт тұрганда
Сарғайып сәүле беріп таң да атты.
Мұрыны қак, бас жарылған, беті жара
Жыртылған киімдері пара-пара.
Түрінде бір жері жоқ адам қарар
Сұлық жатыр өлейінде қыз бишара.

YI

Жұрт білді шайтан деген адам шықты
Кім көріпті дүниеде бұл қызықты.
Сасқалақтап Құлекен «Жүріндер!», - деп
Көтеріп қызды апарып үйге тықты.
«Көрдім, білдім демендер бір де бірің»,
Деп аулына ақырып бұйрық қыпты.
Ешкімде қарсы айтуға бата алмайды
Құлекен дәулетті адам, өзі мықты.
Әйтсе де аулын жиды, ақылдасты
«Қыз өлсе қайтеміз», - деп корқып, састы.
Бірі оны, бірі мұны айтып келіп
Қызды тығып, күртуға макұлдасты.

Ырысбек Қайбарұлы болыс кезі
Туысы Құлғараның ірі басты.
Жететін екі қонып жерде еді
Бір адам шапты оған, асу асты.
Боларма қыз өлтірген ел еру деген
Әр түрлі далбасалап қам қарапты.
Жақыпбек барған адам еді агайын
Жігіт ед барып келге тұрған дайын.
Ат сабылтып, тұн қатып, түсі қашып,
Келді де баяндады қыздың жайын.
Ырысбек құлақ салып тыңдалап отыр
Бүк-шігін, бірде-бірін шет қалдырмай.
Бар сөзді бастан аяқ тыңдалап болып
«Қорықпа, - депті, - Баданадан жеме уайым.
Жалғыз-ақ қызды құртып көм аулаққа
Аузына мекем болсын ауыл-аймақ.
Тұбінде жан иманға сөз байланса,
Жан берер көрмедік деп Шалабайым.
Шалабай, Танабаймен екі арыс ел
Жалған жан беріп ек қой біз талайын».
Осылай кеңес берді Ырыс-екен
Адам ед қарны жуан, өңеші кең.
«Бадана нашар ата баласы ғой»,
Деп ойлап, - «Сәті болса өзіне жем».
«Жан берем де артынан айып алам,
Дедім ғой қызды жоғалт, аулаққа көм
Тек өлім сезіліп, білінбесін
Аузына ауыл-аймақ болып мекем».
Ырысбек бұлайша деп ойланғанмен
Көрген көз көп жасырып бола ма екен.
Жақыпбек қайта айналып келгенінше
Қалған елде іс түрі болды бөтен.

VII

Құлғараның жігіті – жалшылары,
Түйеші, қойшы, жылқышы – малшылары,
Қынжылып, қызды аяп, жандары ашып,
Көздерінен жастары тамшылады.
Құбірлесті, сырласты, сыйырласты,
Бармак басты, көз қысты, жымындасты.
Ымына бір-бірінің түсінгендей

Әлде неге «мақұл» деп сөз байласты.
Түйеші бір атанға мініл жайдың
Өргізді түйелерін өріске айдалап.
Тым онша жиыстырып қайырмайды,
Түйені шашау шыққан одагайлап.
Ауылдан өте беріп бір қатынға
Оқиға болған істі айтты жайлап:
«Мен айтты дей көрмендер, қызың жатыр
Өлімші жүк артында соры қайнап»,
Деді де өз жөніне малшы кетті,
Жүгіре басып аулына қатын жетті.
Көрді де Нәзипаның үйде жоғын
Білгенін, естігенін баян етті.
Жұматай қыз әкесі асып-сасып,
Аң-таң болып ақылдан қалды адасып.
Ұмысындық қыз шешесі «Не сүмдүк?» деп
Үйден шыға жөнелді, жүгіре басып.
Әні-міні дегенше ауыл жаны
Құлақтанып жиылдып қалды бәрі.
Білелік, барып-көріп рас па, жоқ па
Жүріндер деп жөнелді жасы-кәрі.
Ың-ғыз адам барлығы қатын-ерек,
Ішінде жігіттер бар телі, тентек.
Рас болса сойқан соғыс салу үшін
Кейбірі қолдарына алған келтек.
Аулына Құлғараның келіп бәрі
Аптығып сұрап жатыр қыз хабарын.
Құлғара: «Көрмедин те, білмедік», - деп
Сұрланып жауап берді тартып қанын.
Ұмысындық үйге кірді шыдай алмай,
«Нәзипа бармысын?», - деп салып ойбай.
Ұмтылды кірген жерден жүккө қарай
Білгендей басқа жаққа көзін салмай.
Жатыр ед жүк артында қыз тығулы,
Өлі-тірі белгісіз, тұнышығулы.
Ыңыранған жүк артынан шықты дыбыс
Мұн қылған бір демалысты, тыншығуды.
Құлақ салса дыбысы Нәзипаның
Ыңырысып «Сен бе? - деген, - апа жаным».
Басқа сөзді айтуда алі келмей
Білдірген жатқан күйін, дерті қалың.

Ұмсыңдық келе сала жұкті аударды,
Лақтырып кебеже мен сандықтарын.
Көреді жүк артында Нәзипаны
Сау жер жоқ бар денеге қан жүккәнин.
Құшактай құлады да салды ойбай
Білген соң бір пәлеге шалдыққанын.
Сол кезде келіп кірді сырттағылар
Айқай-шуды қөтерді тағы бұлар.
Біреуі ұрып сындырды бір қазанды
Тай асар, алты жерден құлағы бар.
Жігіттер жұлқынғанмен тәбелеске
Шалдары нашарлығын алып еске
Қой, қойлап жібермеді жігіттерін
Түбінде іс келер деп бір кенеске.
Құлғара деді: «Агайын көңілім таза,
Білмеген жазым іске бар ма жаза?
Қыз екен деп білмедім, шайтан дедім,
Істеген бір ісім ед ниет қаза.
Ел едік арада жоқ өкпе пана
Бұл іске дұшар қылды ақ тағала.
Тек әрі жамандыққа айта алмаспын,
Жәрдемші болсын Құдай өзі пана.
Іздесіп бір тәуіпті таптырындар,
Емдетіп ықыласпен бақтырындар,
Аққара бас қошқарды мен берейін,
Бауыздап өкпесімен қақтырындар!»
Деді де ауылнина айқай салды.
Шақырып інілерін жинап алды.
Керегеден тең шешіп, іштен төсек салып,
Қөтеріп қызды аулына алып барды.

YIII

Баданалар кеткен соң ауыл-халқы
Жиналып қатын-қалаш, жасы-қарты.
«Білдірген Баданаға кім?» - дегенде
Ауады түйекешке сөздің арты.
Басына түйешінің таяқ жауды
Басын жарды, білмеді оны аяуды.
Қамшы тиіп бір көзі ағып түсіп.
Күрек тісі тағы сынды, естен ауды.
Осылайша ұлтайды істің түрі

Құрып кетсін әлсіздің көрген күні.
Бадана да, малшы да кемшілікпен
Қала берді байғұстар көріп мұны.
Нашар ата баласы Бадана кем,
Қай күннен күшті тапқа болушы ед жем.
Бата алмай сөз қылуға жата берді
Күштімен болмаған соң терезе тең.
Әйтеуір қыздың жаны қеудесінде
Жазар деп бақсы-балгер шын қылса ем.
Төсекте Нәзипаны баға берді
Айналдырып бір қошқар, үмітпенен.
Арада айлар өтті талай-талай
Қызы түзеліп кетпеді бұрынғыдай.
Сокқы жеген денеде дерт ұлғайып,
Сүзіліп жүрді тірі алты-жеті ай.
Сол дерттің зардабынан ақыры өлді
Қанша бағып қакса да оңала алмай.
Ағайын-туыс жерлеуге Нәзипаны
«Ой, бауырым!», - деп жыласып келді бәрі.
Қүңіренісіп, гулесіп, іште сұмдық
Бел бүгілді, жыласты жасы-кәрі.
Жасын төгіп көзінің, жайып шашын,
Сондағы Ұмысындықтың шаққан зары:

*³⁷

-----*

Аямай бердің ақырет,
Айналайын Құдайым.
Басыма түсті қасірет,
Ішім толған уайым.
Жиылып келген әлеумет
Жаны ашыған ағайын.
Іштегі қайғы, зарымды
Сіздерге айтып шағайын.
Нәзипамнан айрылдым
Іздеп қайдан табайын.
Барып кімге даттайын
Қаңырап тұрган үй мынау
Құлазып қалды маңайым.
Куанышым, базарым

³⁷ *Мәтінде осылай

Жоқ болды, мәңгі батты айым.
Жетпей қыршын қылдың
Балауса, балғын аққайын.
Тұр екен ажал дап-дайын.

-----*

-----*

Сәлем деп кетті бәріңе
Қалдырмай жасың, кәріне.
Қолымен тұртіп көрсетті
Жараны түскен тәніне
Айтуға тілі келмеді,
Жақын келіп мәніне.

-----*

-----*

Мұны естіп Баданалар жылап-сықтап,
Кетті естен Танабайдан қорықпак, бұқпак.
Елеуресіп, ерленіп, екіленіп
Аттаныска бел бұды сертті мықтап.
Өлікке тие берсін батасын қып,
Жұрт шықты антын ішіп, қуын ұрттап.

IX

Баданалар бас қосты сұрауға құн.
Көндік деп қай бір тұрлі болса шығын.
Шуылдастып боз қасқасын шалып жатыр
Бата қып, бәрін істеп ырым-сырым.
Шал шалдан салық салып, жігіт жинап,
Қалдырмай ат айғырдың бірде-бірін.
Барынта, мал қууға аттандырды
Жігіттің сайлап, тандап ірілерін.
Мал қуды отыз жігіт түнде тиіп,
Ел торып, күндіз көріп байқап жерін.
Алдырып 90 жылқы аман-есен
Әр ауыл алып кетті үлестерін.
Осылайша жауықты ел арасы,
Сақ сақа ия* құзette кәрі-жасы.
Тәтті үйқыдан, күлкіден маза кетіп
Күндіз-тұн ат үстінде боз баласы.
Адам көрсе «Аттандал!» тұра шауып
Елді елтертіп, ентігіп қызу жасы.
Шаңдауыл салып, жер шолып, елді торып

Бойға тарау болмады ішкен асы.
Алайда екі араға жүріп адам,
Көрмекке дауды қарап адал-арам.
Қарындас, қалыс, бітімші ара ағайын
Жөнінде бас қостыру жол қараған.
Құнықер құнды екі жақ беріп басын
Сөзін сейлер сырт елден би қалаған.

X

Ақтас болды үй тігер межелі жер
Екі жақ ентігіп жүр боп қара тер.
Үй тігіп, малды сойып, жүртты жыып,
Айрықша Танабай жоқ, катты әбігер.
Бетке ұстап құда, жекжат, ілік-жілік,
Билерді таңдал жатыр екі жақ ел.
Тайпың-түйпің текешік көбейіпті
Ет жейтін ел қызырып атқа мінер.
Шыңғысбай би болды Баданадан
Алғыр, жүйрік адам ед, бір айлакер.
Танабай алып келді Ырысбекін
Адам ед қара балта, қисар, безер.
Екеу-екеу көбейді, күбір-сыбыр
Билерге жолығып жүр білуғе сыр.
Екі күн сөз басталмай ырың-жырың
Осылайша өткізді құндерді құр.
Үшінші күн екі жақ қосты басын
Сарапқа салу үшін сөз таласын.
Айттысып ерсен-қарсаң екшеп сөзді
Билерге сынға берді өтірік-расын.
Тыңдал болып екі би шықты шетке
Шайға қанық, қымызбен тойған етке.
Ыңқылдал қарындарын сипап қойып
Ырғасып, бірін-бірі тартып епке.
Ырысбек сөз сөйлейді: «Құлагың сал!
Жол болса айтқан сөзім қош көріп ал!
Ежелден бұрын-сонды шықпаушы ме ед
Төбеге би шыққанда, төскейге мал.
Әуелі малды қайтар сөзден бұрын
Артынан қыздың құны бола жатар».
Шыңғысбай сөз сөйледі борай-борай
«Ырысбек, - деді. - сөзің келмес колай,

Айдарлы аруы өліп Бадананың
Ашумен сойылып кетті малдар талай.
Мал көзін бермей бітім бермес болсан
Бұл салған кергіш сөзің тимес оңай.
Колға алып құнның сөзін бітірелік,
Құрыған малдар болса жетер орай.
Мұндай дау ел ішінде талай болған
Жолдары бәрінің де болған солай».
Арада анау-мынау көп сөз болды
Айтыс-тартыс, әр түрлі онды-солды.
Ырысбек құр күжілге зор бергенмен
Шыңғысбай сөз сөйледі айтып жолды.
Көрсетті елде болған ескі дауды
Із қуып келе жатқан бұрын-сонды.
Ырысбек сөзден мұқап ақырында
Сөзіне Шыңғысбайдың билік қонды.

XI

Сөз көп қой айта берсек бәрін теріп,
Қысқасы Нәзипа өлді бейнет көріп.
Кесімі екі бидің мынау болды:
Қырық жылқы, белі жуан бесті керік,
Елу кой мен он түйе, бәрі жұз бас
Тындырмак Баданаға алып беріп.
Мәлім ғой құнның малын жұрт олжалайды
Басында құныкердің болмайды ерік.
Тигені Жұматайға жеті қара
Тұра ма о да өзінде мықты-берік?
Қарасақ іс бағдарын біз тексеріп
Осылардың бәріне Оспан серік.
Қыз өлді, сынды бір тіс, шықты бір көз
Оспадарсыз молда Оспан сөзіне еріп.
Айтқандай қан жууға қазан кетті
Сынған тіс пен шыққан көз сөйленбепті
Жан тартып жарлы сөзін кім сөйлесін
«Өз бейіліңнен тауыпсың, сазан», - депті.

Мұстафа Оразаев, 1912 ж.

*Арат әрпінен конірден З. Ижанов
Көлжазба, 27.11.1999 ж.*

Қисса
Сейд Жағыпар
Әулие Сұлтан Сейд

Әуеніңнен айналайын әуелі Алла
Сан қиял тұғыры бұл бәрше жанға.
Салауат пайғамбарға хақ сәнә*³⁸
Досты* іс Алла разы шаһариарға.
Сахаба отыз үш мың оған серік
Дөрт* мазһап он екі имам кетті-ау келіп.
Ұрығы ер Ғалидың Сейд баттал
Язарға* Ақат факыр* болар жүйрік.
Гарібің мұны язған* Ақат атты
Баубекте Үлімжі атам мұақы затлы.
Өр Керей қазақтағы болсамдағы
Затынан пайғамбардың яздым* хатты.
Пайғамбар Мәдинеде мекен еткен
Жәбірәйіл күнде-күнде келіп кеткен.
Падшасы екі жиһан нұр Мұхамед
Өттегін бұ дүниядан уақыты жеткен.
Мешітке хақ пайғамбар бір күн барды,
Ертерек намаз бамдат оқып алды.
– Біреуің бір әнгіме айтындар, - деп
Сахабага хақ пайғамбар жарлық салды.
Естіді бұ жарлықты жанның бәрі
Жиылғаның отырган жас пен кәрі.
Бір жігіт ұзын бойлы тұра келді,
Сұрасаң Ғабдалоғаб дейді-ау оны.
– Ай тақсыр, рұқсат болса, - дейді бізге,
Айтайын бір шаһарды енді сізге.
Неш жерді Рум жұртындей көре алмадым
Жұрсемде неше барып жапан түзге.
Ай тақсыр, жапан кезіп жүрдім, - дейді.
Мәнісін көп шаһардың білдім, - дейді.
Рум жұртындей жақсы жер көре алмадым,
Мен оны көп тамаша қылдым, - дейді.
Тамаша ағашы көп, су мен бұлақ.
Шаһары бәрі жақын, емес жырап.

³⁸ * Мәтінде қалай жазылса сол калыңыда атынды – З.И.

Миуалы бағы-бақша һәр бір жері
Өзінде кәпір жұрты қылған тұрақ.
Ғарип дост* адамдары, һауасы хұп*
Жалғыз-ақ кәпір жұрты болар бірақ.
Қылады адамдары күнде сауық
Кәпірлер мекен еткен шаһар жайып.
Мақтады сонша қызын Габдалоһаб
Көнілі пайғамбардың кетті ауып.
Сол сағат Жәбірейіл жетіп келді¹
Нәбиге сүйеншілеп сәлем берді.
– Сен Румге мейіл* қылдың нұр Мұхамед
Бір Алла сәлем айтты, - дейді-ау енді.
Алланың бұз бұйрығы жоқ мұнда саған
Дүниядан ғұмырың бітіп болар тәмәм.
Сенің қызың Фатима ұрығынан
Шығады әулатыңнан бір ер адам.
Екі жұз жылдан кейін туар, - дейді.
Кәпірді жер жүзінен қуар, - дейді.
Сол балаңның Жағыпар болар аты
Малатия шаһардан шығар, - дейді.
Рум шаһарын мұсылман қылар, - дейді.
Қай жердегі кәпірді қырап, - дейді.
Бір Алла үмметіңе берді сенің
Ай тақсыр, сіз болмаңыз құмар, - дейді.
Найбатлы* арыстандай ер болады,
Қызметі, палуандығы тең болады.
Баба Ғұмар Ғайсардан артық болар
Жалғыз жүріп кететін жел болады.
Таурат, Забур, Құранды алады жат
Інжіл оқып кәпірді қылады мат.
Һәуезіне* ұшқан құс жиылады
Ондей зирек болмайды һеш адамзат.
Сол жігіт Рум шаһарын алар, - дейді.
Көнілің енді қылсын қарап, - дейді.
Бұтхананың бәрін де харап етіп
Мешітпенен медресе салар, - дейді.
Бұз дәурен бәріңізден кетер, - дейді.
Сахаба төрт шаһариар өтер, - дейді.
Қалмайды һеш бір адам оған шейін
Жалғыз-ақ Габдалоһаб жетер, - дейді.
Сәлем айт сол балаңа енді, - дейді.

Бұ қөзге хақ пайғамбар қуаныш етті
Бұ қөзді сахабаларға айттып еді
Мешітке қуанғаннан симай кетті.
Хақ пайғамбар Үоңабты шақырып алды
Басын сипап, аузына бәрін салды.
Сол жерде тарих жазып берді хатты
Ғабдалоңаб бекітіп тығып алды.
Ол жігітке аманат бер, - деп айтты.
Жолдасы болып қасына ер, - деп айтты.
Төрт шаһариар, сахабалар айтты сәлем
Сол заманға жетесің сен, - деп айтты.
Ғабдалоңаб бата алып алды хатты
Көмекейге пайғамбар бәрін сапты.
Аз күн тұрып дүниеде хақ пайғамбар
Алладан әмір келіп опат тапты.
Әбубекір патшалық енді құрды
Екі жылда опат боп сапар қылды.
Артынан халифа бол таққа отырып
Он екі жыл патша бол Ғұмар тұрды.
Болған соң Ғұмар шаһид мінді Ғұсман
Он үш жыл халифалық тақтын құшқан.
Ғұсманнан соң Арыслан таққа отырып,
Кәпірмен қарсыласты һәр бір тұстан.
Төрт жыл жүріп Арыслан дүние салды
Тақтыны байлығымен Иазид алды.
Хасенменен Ҳұсейін шаһид болды
Имамзин Алмабдин ұғлы қалды.
Ҳұсейіннен ұл қалды жалғыз бала
Кәпірлер үстем болды, бар ма шара?
Хатабте* Арысланды кетті ұмытып
Жаранлар* бұ қылықпен қара сәнә.
Имамзин Алмабдин де дүние салды
Зайдалла Нуар дейтұғын ұғлы қалды.
Зайдалла Нуар тағы да өткенінде
Ҳұсейін Ақбар дейтұғын бала қалды.
Ақбардан бала қалды Яхия атты
Аз жыл тұрып Яхия һәм опат тапты.
Яхияның артында ұрық болып
Мұхамед Ардшер дейтін қапты.
Мұхамед Ардшер тағы да отті
Бұл орталда бір катар заман кетті.

Ардшердің артында бір ұл қалды
Оның атын сұрасаңыз Заид депті.
Заидтен Фали деген бір ұл туды
Мәдинеде мекен қып Фали тұрды.
Атасы Заид етіп кеткеннен соң
Дұшмандар Мәдинеден мұны қуды.
Малатия шаһарын келіп тапты
Ол күнде патшасы бар Зияд атты.
Осы бек шаһариардың ұрығы екен
Тараган арғы атасы Ғұмар затты.
Хош көріп Зияд оған орын берді
Төрт жыл тұрып ол жігіт тағы да өлді.
Рабиғ атты ұғылы молла болды
Шаһарының імамлығын оған берді.
Отыз жыл імам болып дүние салды
Артында Фали дейтін ұғлы қалды.
Ол жігіттің артында екі ұл қалды
Ажал жетіп дүниеден о да барды.
Бұжігіттен қалыпты екі бала
Екеуін асыл қылды Хақ Тағала.
Үлкенінің Хасен деп қойды атын
Хұсейін деп кішісін қойды есімін.
Хасен бала бес ұлығ молла болды
Алыпты хатаб оқыған імам жолды.
Інісі ол Хұсейін батыр туып,
Фаламға аты шығып әуез толды.
Сер ғаскер тұра болды жорық басы
Кәпірдің құтылмайтын болды қасы.
Кәпірге кез келгенде ойран салды
Жиһанда жаннан асты тамашасы.
Ерлігі Хұсейіннің жаннан асты
Румга неше барып араласты.
Жеті шаһар, он екі халифаны алды
Рум патшасы Қайсармен жағаласты.
Кәпірге ер Хұсейін корқу салды
Кәпірден жеті қайта хараж алды.
Шаһар бегі ол Зияд опат тапты
Орнында Нұғман атты ұғлы қалды.
Нұғманның Ғұмар атты ұғлы туды
Хұсейін күнде кезер жер мен суды.
Бір күні ер Хұсейін ағға шығып

Тірідей ұстайын деп киік қуды.
Ойлады тек ұстап алайын деп.
Мойнына зыңжыры* арқан салайын деп.
Патшаның баласына тарту қылып,
Өлтірмей ұстап алып барайын деп.
Жеткізбей Ҳұсейінге қашты киік
Жоғалды бір үнгірге барып кіріп.
Аузына мағсардың* атын байлап
Палуан мағсаріге келді жүріп.
Адамзат бармайтұғын осы жайда
Бір сары ат ер тоқымды болды пайда.
Осы аттың төңірегі толған сайман
Ҳұсейін ұстайын деп қылды хайла*.
Бұл атты ұстайын деп жақын барды,
Үнгірге қамап тұрып жолын алды.
Үшбу ат неше қамап ұстаппады,
Палуан ұстай алмай қайран қалды.
Ғайылтан үшбу атқа әуез келді
– Ай асқар, сенің иең туар енді.
Енді қашпа, туады Жағыпар батыр
Саған мініп көп соғыс қылар, - дейді.
Мұны естіп Асқар сонда тұра қалды
Ҳұсейін жан-жагына көзін салды.
Палуан ат қасына жетіп барып
Асқар дипозаданы* қолына алды.
Бір найза қадалып тұр қара жерге,
Жан бармас сақталыпты тұйық күркे.
Хазірет Әмір Хамзаның жау жарагы
Жазылған бұл нәсіп деп Жағыпар ерге.
Хазірет адам шашы бар екі бөлек
Бір үлкен күрзісі бар тағы керек.
Исқақтың шынжыры бар Дауд Зары*
Жазылған һәр біреуі бөлек-бөлек.
Ҳұсейін қуанады мұны көріп
Алады бірін қоймай жиып теріп.
Ойлайды: – Жағыпар кім? - деп келе жатып
Ұйықтады бір араға жетіп келіп.
Тұсінде аксақалды біреу келді
Келді де Ҳұсейінге аян берді.
– Ай палуан, Жағыпар сепің балаң
Рум шаһарын мұсылман қылар, - дейді.

Хұсейін оянған соң қылды шүкір
Басында ойлап еді талай пікір.
Қуанып атты алып үйге келді
Сабахшам хамдсәнә* айтар зікір.
Көп заман мұныменен болып кетті
Шаһардың патшасы Нұғман өтті.
Патша боп ұғлы Fұмар таққа мінді
Беклерге* қадархалі* құрмет етті.
Келді де Хұсейінге хабар салды
Тауәбіл Ромы деген құлды бар-ды.
– Ай палуан, бір ұғлың туды, – дейді.
Тауәбіл айттыдағы кетіп қалды.
Сұрады Әмір Fұмар: – Палуан, - деп
Не жауап айтты сізге Тауәбіл кеп?
Хұсейін жауап берді: – Ай патша ием,
Біз құлынның бір ұғлы туған-ды, - деп.
Әмір Fұмар қолына кітап алды
Астарлап ғылымына көзін салды.
– Бұл балаң зерек болар һәм палуан,
Патша толғана қайран қалды.
Баланың Жағыпар деп атын қойды
Үш күндей қуанышымен қылды тойды.
Үш жасқа соныменен бала жетті
Түзеді күннен күнгө нәзік бойды.
Қолынан тастамайды алған адам
Үш жасқа бала жетті есен-аман.
Көргендер алты жаста деп ойлайды
Жас бала сондай сұлу болды тәмәм.
Кәпірге ер Хұсейін корқу салған
Рум жұрты халифага береді алман.
Хұсейіннен кәпірлер бек қорқады
Қайсарадан жыл-жыл сайын тарту алған.
Палуан күнде-күнде аң аулайды
Кез келсе сахарарада жау жаулайды.
Кез келіп ер Хұсейін араласса
Болса да қанша кәпір сау қалмайды.
Аң аулап бір күн жалғыз шықты аңға
Көрді де бір күйті қалды таңға.
Безеген гауһар тасымен үсті басын
Ұмытылды салайын деп батыр шалтма.
Күған соң Хұсейіннен киік қашты

Бара-бара бір үлкен белден асты.
Жағыпартға тірі апарып ойнатайын
Атына жетемін деп қамшы басты.
Ол шаһардың жанында қырық мың ғаскер
Ғаскерге қашқан бойы киік барды.
Жаранлар Мағмұри* екен шаһар аты
Қараған Рум шаһары арғы заты.
Маһариаил Қайсардың қайны екен.
Мұның да патша болған салтанатты.
Маһариаил Қайсардың батыры екен.
Шерік* жиып шет жерде жатыр екен.
Маһариаил, Маһаран, Шамсып деген
Үшеуі бір ағайын кәпір екен.
Сонықі асыранды қуған киік
Киігін кәпір көріп кетті қүйіп.
– Басын кесіп әпкел, - деп айгай салды
Қандай адам куса да бұған тиіп.
Аттанып жаранлары шауып келді
Тұрғанын Хұсейіннің көзі көрді.
– Киігін патшаның неге қудың?
Ай байғұс, тез өлесің, - дейді-ау енді.
Хұсейін кәпірге айтты ашуланып:
– Патшана айт, ит кәпірлер жылдам барып.
Менім* атым Хұсейін қырармын тез
Ол киікті мен алам, келсін алыш.
Маһариаил кәпірге хабар барды
Есіткен соң бетінде қан қалмады.
«Аттан!» деп ғаскеріне жар шақыртып,
Жияды бір кісіге тәмәм жанды.
Батырды қырық мың ғаскер ортаға алды
Ғазының жау-жарагы үйде қалды.
Тұқдіп* кеп ақырып кіріп еді
Ағызды салған жерден қызыл қанды.
Кәпірге шоқпар ұрып, қылыш шапты,
Қырылып талай кәпір қаза тапты.
Кәпірді жалғыз өзі шөптей шауып
Қызыл қан сахараада судай акты.
Маһариаил кәпірге шоқпар салды.
Бір салғанда омалмастан* құлап қалды.
Тақсырдың тұла бойы жара болып
Хайласыз құтқаруға газиз жанды.

Кәпірді кешке шейін қырды қатты
Кәпірлер кешке таман мендетті.
Ерді қаза қоя ма ағаларым
Тор жайып шынжыр арқан ұстап алты.
Алладан тағдыр бітіп қаза жетті.
Кәпірлер тақсыр ерді шаһид етті.
Кәпірлер неше жаһад қылсадағы
Үстаптай топтан шығып аты кетті.
Жаранлар Малатияда отыр екен
Үшбу ат қызыл қан боп жетіп келді.
Халайық фариадайлап афган* салды
– Аһ дүние, кім өлтірді есіл ерді?
Иамши атты бір жігіт білген еді
– Мағмурееде өлді, - деп хабар берді.
Ол заманда Тауамақ халифа аты
Халифа көңіл білдіріп зар еңіреді.
Жеті күн Малатия қара киді
Халифа үш күн жылап қатты күйді.
Халифа көңіл айттып жазды хатты
Тон беріп ғазиларға қылды сыйды.
Ғазилар қуаныш етті хатты көріп,
Сөзіне халифаның көңілі еріп.
Болсын деп Габдалсалам ғаскер басы
Қойдылар Хұсейіннің жолын беріп.
Жағыпар осы күнде жас, - деп айтты
Ғаскерге бола алмайды бас, - деп айтты.
Жамағат бұрынғыдан сақтанаңыз
Қылмасын Қайсар кәпір қас, - деп айтты.

Жағыпар үш жасында қалды жетім
Атасы ер жеткізбей болды шетін.
Сағида Хұсейіннің қатыны еді
Зар еңіреп жасымен жуды екі бетін
Сағида жылай-жылай жаман болды.
Бір қатар бұл ортада заман болды.
Бұ Жағыпар ғылым оқып жасқа жетті
Он үш жыл мұныменен тәмәм болды.
Бұ Жағыпар сонда жетті он үш жасқа
Бекзатым қадқамест* шекті басқа.
Таурат, Забур, торт кітап алды жатқа

Симайды сипат қылсам қалам хатқа.
Шаһардың хатиблығын оған берді
Болмалты ондай молла адам затта.
Мешітке жұма күні халық барды
Бұ Жағыпар мұнараға шығып алды.
Хатибы оқып хұп әуезбен уағза айтты
Халайық фариадайлап афған салды
Күніндей қияметтің ғұғы* толды
Көрсетті халайыққа тұзік жолды.
Үйренді найза, қылыш, мылтық, садақ
Ойынға ғаламдағы ұста болды.
Үйренді атқа өнер астын-үстін
Хайланы жанға керек һәр бір істің.
Болыпты жиырма кез толған бойы,
Жаһанда бола бермес ондай һешкім.
Сахараға Сейд Жағыпар бір күн барды
Қасына жаранларын ертіп алды.
Насихат бір азғана айтып еді
Отырған жамиғаттар қайран қалды.
Жаранлар тағы бір ат қазір* қылды
Бұ Жағыпар ойын ойнап атқа мінді.
Әрі-бері жеке өзі ойнап еді
Көрсетті неше өнер жұз мың түрлі.
Халайық баракалла дейді бәрі
Отырған тамашаға жас пен кәрі.
– Атаңың жолын Жағыпар неге алмайсың?
Сен барда Ғабдалсалам неге дәрі?
Жүресің аш-жалаңаш сен бишара
Болыпсың бек һөнермен* бара-бара.
Атаңың Ғабдалсалам жолын жойды
Бүйткенше сенің өзің сұрап қара.
Бала айтты: – Сұрамаймын осы күнде
Жетеді айтқаныммен датым кімге?
Бір өнер халайыққа көрсетемін
Сонан соң атам жолын қояр білсе.
Халық айтты: – Өнерің осы емес пе?
Атаң жолын алғаның хош емес пе?
Дәл өзіндей өнерлі бұ жерде жоқ
Сұрауға өз көңілің бос емес пе?
Жаранлар һәр бір сөзді көп айтады
Білмесе көп жамагат неге айтады.

– Асылзат бұжургенің келіспейді
Атанның мансабын ал, - деп айтады.
Көп айтып жамагаттар қозғау салды
Халық қайтып, бұЖағыпар үйге барды.
Ана сүйсе баласы жылап отыр
Анасы: – Не болды? - деп қайран қалды.
Жағыпар айтты: – Мемербан ғаріп анам
Ер болған ғаскер басы менің бабам.
Аш-жалаңаш күн көріп мен жүремін
Атамның жолын жойды Ғабдалсалам.
Анасы есіткен соң қылады зар
– Ай балам, енді көрген күніміз тар.
Қайсаңдан хараж алған сенің бабан
Тыныш түнде жата алмайтын кәпірлер хар*.
Баласы айтты: – Жылама анам, - дейді.
Ертең Әмір Ғұмарға барам, - дейді.
Отырган халайыққа жайын айтып
Атамның жолын қоймай алам, - дейді.
Анасы айтты: – Ай балам, айтып өнбес
Ңеш адам сенің сөзің қабыл қөрмес.
Құшті атанаң баласы Ғабдалсалам
Өсте де атанаң жолын қайтып бермес.
БұЖағыпар төсегіне жатады енді.
Бір қайғы көңіліне батады енді.
Мешітке азан бірлән жиылады
Намаз оқып, таң әбден атады енді.
Ұлығ-кішік жамагат қазір* еді.
Жағыпар айтты: – Ай патша әмір, - дейді.
Сізден рұқсат боларма еken тақсыр бізге?
Біз құлың бір сөз айтсақ алдында енді.
– Сөйле - деп рұқсат берді Әмір Ғұмар
Бұж сөзге Сейд Жағыпар болды құмар
– Жамагат қабыл көрсө бұж сөзімді
Атамның жолын алсам көңілім тынар.
Бұж сөзім жамагатлар* көрсөніз жөн
Ұлығ боп Ғабдалсалам алыпты шын.
Атамның мансабын бер, ай жаранлар,
Ңөнерге* ңеш бірінен болмаймын кем.
Мен өзім аш-жалаңаш күн көремін.
Алмасам атам жолын мін көремін.
Жүремін аш-жалаңаш күндіз-түні

Бабамның жолын алмай кімге еремін?
– Шын айтасың, - дейділар* көп жамағат
Құм болды жігерлері бек қабахат.
Отырған халайықтар һәр біреуі
Сөйлемді түс-түсынан көп ғазамат*.
Бала айтады: – Алармын атам жолын
Мәдәт айлап жол болса Хақ Тағалам.
Ғабдалсалам айтады: – Жарар сөзің
Ер болып талап қылған міні кезің.
Ер болып сенің бабаң алған жолды
Бабандай һөнер көрсет сенің өзің.
Өлтірген Маһариайл сенің бабаң
Әкең қанын алуға келсе шамаң.
Бабаңың кегін алып, кәпірді өлтір
Өз қолымнан берейін сонда саган.
Бабаңың қаны сіңбей қара жерге
Ненді алған, бекершік мансап қуған.
Мен білсем сенің теңің сабак оқып
Отырсаң жарасады көшелерге.
Кешеде сабак оку сенің теңің
Келмейді атқа мінер һеш бір ебің.
Істі айтып жараспайтын неғыласың
Отырсаң өз жайыңа болар жөнің.
Халайық сөз сөйлемді екі тараф
Біреуі оған, біреуі бұған қарап.
– Көз жасын тыя алмай жүрген жетім
Несін алған - деседі мұндай талап.
Халайық бұл сөзімен тарап кетті
Ол Жағыпар анасына баян етті.
Анасы қайттырады: – Ай жан балам,
Болмас істі айтбай-ақ қойсаң нетті.
Тауәбіл тағы да айтты: – Айттың неге?
Баласы күшті атаның сөз бере ме?
Анасы мен Тауәбіл ренжісе де
Сейд Жағыпар айтпады һеш біріне.
Жағыпар айтты: – Тауәбіл, Лалам,* - дейді.
Маһариайл жайын айт маған, - дейді.
Халықтың сөзіне шыдай алман
Кәпірге неқылса да барам, - дейді.
Лаласы айтты: – Ол кәнір түсі жаман
Қолынан жан құтылмас есен-аман.

Кәпірге барамын деп ойына алма
Келмейді барғанменен сенің шамаң.
Ол кәпір ұзын бойлы түсі қара
Жеңбекке һешбір адам таплас шара.
Інісі Қайсар ханның қатынының
Қайсадының палуаны осы ғана.
Өлтірген көп мұсылман жаман кәпір,
Салады барған жанға заман ақыр.
Шырағым, мұндай істі ойына алма,
Келмейді оған шамаң сен бір пақыр.
Тауәбіл бұз сөзді айтып барып жатты
Ұйқының шаһар халқы дәмін татты.
Болғанда тұн ортасы Жағыпар бала
Шығарды ақырдағы тұрған атты.
Сары атқа бабасының ерін салды
Найза, күрзі, қылышты байлап алды.
– Ай жан балам, қай жерге баrasың? - деп
Анасы зар еніреп жылап қалды.
Анасына мойынды бұрмайды енді.
Көп кешігіп тағы да тұрмайды енді.
– Дұғаннан тастама ғаріп анам,
Біз ғаріпке жар болсын Құдай, - дейді.
Аттанып Сеид Жағыпар жүріп кетті
Таң ата бір мешітке келіп жетті.
Таһарат түзіп, бамданы* оқып алып
Аттанып Рум тарапқа қойды бетті.
Мешітке муазин кеп оқыды азан
Әмір Ғұмар бастығы келді тәмәм.
Бұз Жағыпар не себептен келмеді деп
Сұрата анасына жіберді адам.
Анасы жөнін айтты келген жанға
Келген адам ол қайтып барды енді.
Намазды тез оқытып әмір Ғұмар
– Қара! - деп әмір қылды мұсылманға.
– Тап! - дейді жамағатқа шапшаң қарап,
Кәпірдің жайын білмей қылды талап.
Ұрығы ер Галидың үзілмесін
Кәпірге барғаннан соң болар ғарап.
Екі жұз атты кісі қарадылар*
Тау тастың берін тінтіп арадылар*
Таба алмай қайғырысып келді қайтып.

Анасы күні-түні заригылар*.
Анасы күні-түні қалды жылай
Ерлерге жәрдем берсін патша Құдай.
Сеидтен Ақат фақыр сөз сейлейді
Шаһарда қайғырысып тұрсын бұлар.

Бұ Жағыпар намаз өтеп жүріп кетті
Кешке жақын бір бөлек тамға жетті.
Ақ мәрмәрдан жабылған кірпіштері
Сеид хазірет бінасин* тамаша етті.
Бір ғабд* осы тамнан шыға келді
Жақындап Сеид оған сәлем берді.
– Хұсейіннің ұғлы Сеид Жағыпар
Есен-аман келдің бе, балам! - деді.
Сеид Жағыпар сол жерде қалды таңға
Сұрамай аты-жөнін танығанға.
– Мені нешік сұрамай білдің? - деді.
Раһб* жауап берді тағы да енді.
– Тұсіме кірді балам сенің атан,
Сөзімде менің айтқан жоқ-ты қатам.
Ол менің ұғлым Жағыпар келеді деп
Қонақ қылып бер деген неше батаң.
Хұсейінмен бұл достас таныс екен.
Маканы һәр бір елден алыс екен.
Өзі сопы пір жаһангер Самас деген
Жасырынып дінін күткен дәруш екен.
Мұны естіп Сеид Жағыпар қайран қалды
Құрметтеп маканына алып барды.
Құранды Хұсейін жазған екен
Бабасы жазған хатты қолына алды.
Құран оқып тафсірін етті бала
Бір Алла зиһан* берген сондай дана.
Самас пір есіткен соң қалды қайран
– Сақтасын сені балам Хақ Тағала.
Самас пір Рум жұртының барын айтты.
Маһариайл кәпірдің жайын айтты.
Насихат таң атқанша айтып-айтып
Жөнелтті дүға қылып асыл затты.
Жас бала қатты жүріп кетеді енді.
Бір Аллаға тәуекел етеді енді.

Құдайға мінәжат қып жүре-жүре
Жалғыз жүрген бір ерге жетеді енді.
Кез болды бір батырға алтын киген
Қару-жарақ сайманды атына үйген.
Іздеген дұшмандары кез келеді
Қабыл ғып тілегенін Құдай иген.
Кәпір айтты: – Ай бала, кімсің? - дейді.
Қай жақтан жап-жас бала жүрсің? - дейді.
Сеид айтты: – Келемін Шын шаһардан
Менің атым – Қанатос біл сен, - дейді.
Ойынға жас та болсам болым күмар
Естідім Рум жұртында ойыншы бар.
Мен жүрмін үйренем деп ойын қуып,
Көнгілім Рум жұртына барсам тынар.
Кәпір айтты: – Ай бала, көнілің тәуір
Атағым желдей ескен мен бір дауыл.
Шамсып деген палуан мен боламын
Маһариаил туысқан маған бауыр.
Көп өнер үйретемін маған ерсен,
Көп болар батырлығым айта берсем.
Жағыпар айтты: – Сынайын өнерінді
Меніменен кішкене ойнап көрсек.
– Ендеше көрсетейін саған, - дейді.
Көрген соң құт боларсың маған, - дейді.
Мен ойнасам жаңынды қорғап қара
Ашулансам қалмайсың аман, - дейді.
Сол кәпір көрсеткелі шоқпар салды
Шоқпарын Сеид Жағыпар ұстай алды.
Шынғыртып тартып тұрып алып еді
Кәпірдің кол терісі салта қалды.
Бұ ерге күрзі салды Жағыпар батыр
Құлады жеті құлаш жерге кәпір.
Атып түсіп мініп ап қаңжар қойды
Кәпірге енді туды заман ақыр.
– Ҳұсейіннің баласы мен, - деп айтты.
Тез мұсылман бола көр сен, - деп айтты.
Тілімді алып мұсылман сен болмасаң
Қор болып бәлем кәпір өл, - деп айтты.
Көрініз Жағыпар батыр тамаша ісін
Кәпірдің тез бітірді ғұмыр жасын.
– Бәлем кәпір атамның қаны міне.

Мұсылман болмаган соң кесті басын.
Кәпірдің жаһаннамға кетті жаны
Көмеді Жағыпарғазы жерге оны.
Намысын салған жерден алды батыр
Кәпірге атасының кеткен қаны.
Аттанды Жағыпар бала көңілі өсіп
Сахарадан неше-неше келді кешіп.
Аң аулап бір күн, бір түн тамаша етіп
Бір төбеге кеп шықты желдей есіп.
Қараңыз жас баланың ерлігіне
Кеп шықты Мағмурияның* белдеріне.
Сейд Жағыпар келеді Құдай бастап,
Бабасы шаһид болған жерлеріне.
Бір халғ* бір шаһарды көрді тұрып
Қарайды неткен жер деп мойын бұрып.
Бір адамнан сұрады Жағыпар батыр
Шаһардан тысқарада келер жүріп.
Кәпір айтты: – Мағмурия үшбү шаһар
Қырық мың кісі жылып қылар сапар.
Хұсейіннің шаһарын қырамын деп
Маһариаил бармақ бол қылды қаһар.
Бұл жатқан қырық мың шерік кәпір екен.
Маһариаил құші кеп батыр екен.
Сол жерге неше мың ғаскер жиып
Барғалы Малатияға жатыр екен.
Келеді Сейд Жағыпар бау шарбакқа
Тұқдиіп*, сыйынып Жаппар Хаққа.
Неше түрлі бағ шарбақ, құшті сарай,
Құрулы бала шықты алтын таққа.
Құрулы тақыт үсті алтын шатыр
Көлінде балықтары ойнап жатыр.
Ішінде сөйлесетін тірі жан жоқ
Үййектады таққа жатып Жағыпар батыр.
Маһариаил бұл жерде тұрады екен.
Тамаша етіп ойынды құрады екен.
Маһариаил сол уақыт тағы келді
Күнде сондай тамаша қылады екен.
Көп бимен Маһариаил келеді енді.
Баланы ұйықтап жатқан көреді енді.
Жолаушы гаріп болған бала гой. - деп,
Жайын кісі бұл жерге келер ме еді?

Сонда бала оянып ұшып тұрды
Бұларға қол кусырып тағзым қылды.
Сесекеніп бала сасып қалғаннан соң
Маһариайл бастығы таққа келді.
Таққа шығып баладан сұрады сөз
– Жасырмай сөзің маған білдірші тез.
Келесің қай тараптан жаным бала
Адамга, мендей жақсы жолықтың кез.
Бала айтты: – Шын шаһардан келдім мұнда
Менім* атым Сержайыл тақсыр танысқанда.
Шығып ем ойын өнер үйренгелі
Һөнер көп деп естүмен бұл Румде.
Маһариайл есіткен соң қарқ-карқ құлді
– Ай бала, желкең сенің қылады.
Маған құл бол, көп өнер үйретейін
Өнерлі палуан жоқ өзім сынды.
Соны айтып көп кәпірлер арақ ішті
Кәпірдің жас балаға мейірі тұсті.
Өздері әбден тойып болғаннан соң
Шақырып Жағыпарға ұсынды.
Жағыпар айтты: – Антым бар бұ өмірде
Сақал шықпай ішпейтін үйімізде.
Сүйтсе дағы аяқшы мен болайын
Кеселерді беріңіз қолыңызды*.
– Жарап, - деп ол кәпірлер берді каса
Жағыпар берді көп құйып баса-баса.
Мас болып Жағыпарға ғашық болып
Маһариайл жөнелді іздең таса.
Тасаға Жағыпарды алып кетті
Кәпірді ажал куып тентіретті.
Жан жағына қарады Жағыпар батыр
Кісі жоқ таса жерге барып жетті.
Бетін сүйіп мойнына қолын салды
Бұ Жағыпар жан-жағына қарап алды.
Бабам қанын алатын шақ болды деп
Кәпірді жұмырығымен салып қалды.
Сонда кәпір құлады жерге барып,
Құлатты жұмырықпен жалғыз салып.
Кәпірдің тамагына қанжар койды
Сақалына жабысып мініп атып.
Ол кәпір есін жиып козін ашты

Тыпырлап не етесің деп жағаласты.
– Мен Хұсейін ұғлымын мұсылман бол
Әйтпесе, кесем кәпір мына басты.
Ол кәпір күпір сөзге бастады енді.
Бұ Жағыпар жаннан қорқып саспады енді.
Атам қаны міне деп кесті басын
Құр денесін тулатып тастады енді.
Онан кейін билерге қайтып барды
Маһариаил іздер деп хабар салды.
Екі биді шақырып ертіп барып
Таса жерге түскен соң басын алды.
Онан кейін шақырды тағы бірін
Қараңыз бек тамаша қылған түрін.
Орнында жалғыз-ақ құл тірі қалған
Сезген жоқ hesh бір адам мына сырын.
Сонымен өлтірді он төрт биін
Кәпірлер жас баладан көрді қыын.
Екі-екіден шақырып басын кесіп
Айтады қалған құлға жайы, күйін.
Афалахұн деген бір құл тірі қалды
Шақырып мұны тағы алып барды.
Тез мұсылман бола ғой дегеннен соң
Ол Афалахұн мұсылман болып қалды.
Афалахұн пәк мұсылман енді болды
Иманның көңіліне нұры толды.
Он бес бас, жау-жарақ, атын алып
Екеуі ыңғайлады жүрер жолды.
Даярлап кеш болғанша алды жөндеп
– Құдайа біз гаріпке мәдәд бер, - деп.
Тұн ортасы болғанда жүре берді
Тастамай он бес бастың бәрін тенден.
Түгендеп бет түзеп жүре берді
Шамсыптың басын көмген жерге келді.
Ол басты жандарына тағы байлап
Малатияға қараты жөнелді енді.
Күні-түні демалмастан жүріп кетті
Үш күнде Малатияға барып жетті.
Қойды да Афалахұнды бау шарбакқа
Үйіне таңға жақын жетіп кепті.
Анасы күнде жылап есі кеткен
Баласы есен-аман барып жеткен.

Жалғыз ұғлын көрген соң өбіп, құшып,
Тауәйлмен екеуі шүкір еткен.
Куанды Тауәйлмен анасы енді.
Аман келіп қуаныш-данасы енді.
Екісі* бек қуанып қылды шүкір
Құданың* нағылса да панасы енді.
Жаранлар есіткен соң бәрі келді
Сеид Жағыпар дидарын есен көрді.
Әмір Ғұмар алдынан қарсы шықты
Сеид Жағыпар Ғұмарға сәлем берді.
Шат болды көп жамағат есен көріп,
Көнілі көргендердің кетеді еріп.
– Атаның қанын алдың ба? - дейді патша
Сен Рұмға есен-аман барып келіп.
Жағыпар айтты: – Ай патша, бардым, - дейді.
Кәпірлерге мұскіны* салдым, - дейді.
Маһариайл інісі Шамсып бірлән,
Он бес бектің бастарын алдым, - дейді.
Бабамның кәпірлерден алдым қанын
Дозакқа ұшыраттым кәпір жаңын.
Он бес басымен бір құлын алып келдім
Көзіңізben көрсін деп Ғұмар ханым.
Мұны естіп қарқ-қарқ құлді Ғабдалсалам
Ол күлген соң күлділер* барша тәмәм.
– Мұнша өтірік айтқаның неге керек
Өзінді Маһариайл қоймас аман.
Сен түгіл сенің бабаң онан өлген
Бара алмас маңайына түсін көрген.
Басың аман келгенге шүкірлік қыл
Ұялмай мұнша өтірік айтып келген.
Жағыпар сонда: – Тұра тұр сен, - деп айтты.
Өтірік айтқан болмайды ер, - деп айтты.
Он алты бас, бір кісі ат тонымен,
Тауәйлге: – Бері алып кел, - деп айтты.
Тауәйл алып келді жетіп барып,
Ортаға тәмәм басты қойды салып.
Бәршасы дұға қылып, бек шатланды*
Шамсып пен Маһариайл басын таңып.
Үні өшті Ғабдалсалам қаны құрып
Сөйлөрге жарамады жұні сынып.
Асты олар дарбазаға тәмәм басты

Куанды көп газилар көңілі тынып.
Куанып халифага жазды хатты
«Құдайым мұсылманға берсін бақты.
Кәпірден кегінізді алып келді
Баласы Ҳүсейіннің Жағыпар атты».
Халифа көп қуанып шүкір қылды
Дұшманын мұқатқан соң Қайсар сынды.
Қайтадан нама жазды жаранларға
Сый қылды бәршесіне һәр бір түрлі.
Куанды халифаның хатын көріп
Шад болды көп ғазилер көңілі еріп.
– Мықты болып тұрындар, - деген екен
Жүрмесін қасты қылып Қайсар келіп.
Жазады Ақат кенес һәр бір жерден
Кәпірлер қаза тапты Жағыпар ерден.
Ғаскері Маһариаил не болады
Азырақ сөз бастайын кәпірлерден.

Таң атқан соң жиылып келеді енді.
Маһариаил өлгенін көреді енді.
Басы жоқ, құр денесін табысады,
Бір-біріне хабарды береді енді.
Таппады билерінің тәмәм басын
Фариадайлап төктілер көзін жасын.
Кім қылғанын білмestен қайран қалды
Қызыл қан қайғы қылды ішкен асын.
Хат жазып білдірді олар Қайсар ханға
Қайсар хан зар еніреп қалды таңға.
Басындағы тәжін ап жерге ұрып,
Тауықтай жұмарланып батты қанға.
Ол Қайсар есі кетіп болды наза
Аяулы Маһариаил тапты қаза.
Үстіне тәмәм кәпір қара киіп,
Қырық қундей Рум шаһары қылышты аза.
Кәпірлер жансыз бақылап елші салды
Ақырда Жағыпардан хабар алды.
Баласы Ҳүсейіннің қылышты деп
Қайсарға осылайша хабар барды.
– Бір бала Ҳүсейіннен қалған, - дейді.
Сол алып тәмәм басты барған, - дейді.

Он төртке жасы жаңа жеткен екен
Болады әкесінен әрмен, - дейді.
Тегінде бүйте берсе қанға тоймас
Иә, патша, осы құннен ғамынды* ойлас.
Әлтірер амалын тап ер жеткізбей
Тіпті де өскеннен соң жанды қоймас.
Ол Қайсар есі кетті мына сөзге
Қызыл қан жас толтырды екі көзге.
– Соғысып ғаскер жиып өлтірелік
Ақыл жоқ ойлағанда мұнан өзге.
Қайсардың төрт ұғлы бар, бәрі келді.
Бәрі де нағашыға налиды енді.
Шамғұн, Самас, Константин балалары
Төртінші ең кенжесі Равиғ еді.
Равиғ айтты: – Ғаскер бер барайын, - деп
Қыйынлық* шаһарына салайын, - деп
Болғанда о да бала, мен де бала
Нағашымның кегін мен алайын, - деп.
Ол Қайсар мына сөзін қабыл көрді
Қырық мың ғаскер касына щерік берді.
Бірианус, Кирианус екі палуан
Серік қып баласына қосыпты ерді.
– Баламменен батырлар ерің, - дейді.
Тірі алып сол баланы келің, - дейді.
Өз көзіммен бітеудей сойдырып ап
Сабан тығып кояйын терін,* - дейді.
Аттанып қырық мың кәпір кетті, - дейді.
Жұртына Малатияның жетті, - дейді.
Ғұмарға елші салып жазды хатты
«Ана балаң көп жаза етті», - депті.
Әмір Ғұмар алдына елші барды
Хатты оқып бәршалары қайран қалды.
Ғабдалсалам көтерді енді басын
– Ояттың сүм жетім жатқан жанды.
Айдаһардың құйрығын басқан өзің
Мынаған жауап берер келді кезің.
Жағыпар хатты жыртып фәре қылды
Тыңдамай Ғабдалсалам айтқан сөзін.
Хат жазды кәпірлерге Жағыпар батыр
«Мен салдым кәпір саған заман ақыр.
Тағы жеке барапмын бұз соғысқа

Қолыңнан келсе аяма мені кәпір». Габдалсалам айтады: – Ай сүм бала, Кәпірге бара алмассың жеке-дара. Улкендер өзің біл деп жалынбасаң Түспейді ھеш бір адам саған ара. Жағыпар айтты: – Сөйлеме енді маған Бар еді таба қылған сөзің жаман. Сыйынып бір Аллаға мен барамын Қиналма менің үшін жалғыз адам. Жағыпар бұл сөзімен үйге кетті Сайманың қару-жарақ түзік етті. Тұн ортасы болғанда атқа мініп, Дарбаза есігіне келіп жетті. Күзеткен дарбазаны кісі барып – Кетпе, - деп, - ай Жағыпар, жалынады. Аштырып зорлығымен дарбазаны Кәпірге тұн ішінде тұра салды. Таң ата бір мешітке келіп жетті Сол жерде аттан түсіп таһарат етті. Сол жерде намаз бамдат оқып алып ... **³⁹ оқып аттана жүріп кетті. Муазин таң атқан соң оқыды азан Мешітке жиылдылар жамиғ* адам. Күзеткен дарбазаны Ибраһим Кеткенің Жағыпардың қылды баян. Әмір Ғұмар топқа айтты: – Кетті бала, Кәпірге не қылады жеке-дара. Остіл жүріп кәпірден өлсे жаман Жамағат тез жиналып барып қара. Габдалсалам тағы айтты: – Жағыпар қашты, Кәпірден жаны қорқып жаман састы. Шақырып бір бүлікті арамызда Құтқарды өзі қашып, жеке басты. Тауәбіл жауап берді: – Қашқан емес, Білмейсің таба сөзден басқа кеңес. Оның ата-бабасы, арғы тегі Дұшманнан өзі жүріп сасқан емес. Не керек Габдалсалам таба сөзің

³⁹ ** Сөз оқылмайды – Д.И.

Соғысқа бармастай-ақ мына кезің.
Жолын жеп Хұсейіннің күн көресін
Жарамай дәнемеге бекер өзің.
Тауәбіл бұл сөзімен кетті жүріп,
Қарамай һеш адамға мойын бұрып.
– Не болса да сонымен бір көрем, - деп
Жөнелді Жағыпар жаққа ғам* қылып.
Бұл топта бір кісі бар Жағдағазы
Бір тараф Жағыпармен намыс назы.
Сұлеймен, Ахмет, Мұса һәм Мұхамед
Бір жүрген балалары – қайсар жары.
Орнынан бұлардағы тұра келді¹
Садақтанып, аттарын мінеді енді.
– Жағыпармен біз бірге өлеміз, - деп
Бесеуі атқа мініп жүре берді.
Бәрінен Жағыпар батыр бұрын кеткен
Самасқа орта жолда барып жеткен.
– Қарағым Жағыпар балам хош келді, - деп
Самас пір тағам беріп құрмет еткен.
Көзіне сол арада көрінді шаң
Жиылған кәпірлерден бір қатар жан.
– Дүгада болыңыз, - деп атқа мінді,
Самас пір ерлігіне қалады таң.
Аттанып бір төбеге Жағыпар барды
Кәпірге тамаша қып көзін салды.
Қырық мындаидай ауыр әскер келе жатыр
Бұ Жағыпар мұны көріп қайран қалды.
Кәпірге берген хаты жеткен екен.
Ашуланып әнің* ғақылы кеткен екен.
Қайсар ұғлы Рабиғ енді қаһарланып,
Аттанып, міне келіп жеткен екен.
Кәпірлер сонда көрді жалғыз ерді
– Қай несің, кімсің? - деп біреу келді.
Кәпірге жөнін айтып берді жауап,
– Маһариайл, он төрт би менен өлді
Хұсейін ұғлымын мен, - деп айтты.
Тез мұсылман бола көрсін, - деп айтты.
Тілімді алып мұсылман болмасаңдар
Қыынлық* іс сен кәпір көр, - деп айтты.
Ол кәпір мына сөзге ашуланды
– Таныс Рұм срі мен, - деп қаһарланды.

Басың кесіп Қайсарға апарайын
Сол жерде тақсыр ерге қылыш салды.
Қылышын Жағыпар батыр алады енді.
Кәпірді қолтығынан шабады енді.
Бір қолы басыменен көкке шықты
Самас пір таң тамаша қалады енді.
Самас пір мада* қылады, тәмда* құрып,
Кәпірден зарлық шықты фариад қылып.
Жамһәр деген белгілі кәпір екен
Жағыпарға жетіп келді бамһар* ұрып.
Жағыпар тағы кәпірді ұрады енді.
Қаза жетіл ит кәпір құлады енді.
Кирианус дейтүғын ұлken палуан
Бұ Рабиғ оған әмір қылады енді.
Майданға келді кәпір Құдай атқан
Шоқпары иінінде бес жұз батман.
Жағыпарды шоқпарменен келді де ұрды
Кәпірден тақсыр ерді Құдай қаққан.
Бұ кәпір оны көріп ашуланды
Шоқпарын ұрайын деп жұлып алды.
Шоқпарын мықтап ұстап алды тартып
Малғұнның қол терісі сапта қалды.
Айланды енді кәпір қолын орап
Өлімге мына кәпір келді жуық.
— Ия Алла, ия Мұхамед Мұстафи, - деп
Кәпірді құрзіменен кетті ұрып.
Құлады сонда кәпір жерді қауып,
Құрзіден ошал* ұрган қаза тауып.
Бірианус палуан інісі енді
Тақсырға ашуланып келді шауып.
Келді де тақсыр ерге шоқпар салды
Шоқпардан Сеид Жағыпар есен қалды.
Кәпірді ат үстінен Жағыпарғазы
Көтеріп бір алмадай жұлып алды.
Жіберді аспанға атып жұлып алып
Көргендер есі кетті қайран қалып.
Қайтып жерге түсерде ол кәпірді
Қылышымен фәреледі жалғыз шалып.
Екі бөлек боп түсті майдан жерге
Кәпірлер қайран болды Жағыпар ерге.
Тауәбіл жаңында бірлән алты кісі

Оларда қайран болды батыр шеріге.
Майданға келе алмады һеш бір кәпір
Ат қойды кәпірлерге жеке батыр.
Кәпірге тиғен жері дал-дал болып,
Көдедей өртке күйген бара жатыр.
Алтауы тамаша етті қарап тұрып,
Бәршесі тақсыр ерге тахсин қылып.
Қылышын суырып ала бұл алтауы
Кәпірге араласып кетті кіріп.
Файраты Жағылар ердің тез келеді
Бір заһар кәпірлерге кез келеді.
Соғысып бұл батырлар тұра тұрсын
Әмір Ғұмар патшадан сөз келеді.

Пайғамбарым көп хакім құрған екен.
Үмметке насиҳатын қылған екен.
Пайғамбардан бата алған Габдалоғаб
Сол күнде Малатияда тұрған екен.
Соғысқа бұл батырлар кетіп қалды
Габдалоғаб Ғұмарға жетіп барды.
— Мұсылмандық патшалық өсте ме, — деп
Әмір Ғұмар патшаға қозғау салды.
Мен өзім пайғамбардың көрдім нұрын
Әстіп кісі ұстарма діннің жолын?
Оларды өсек қылып үйде отырып,
Ай тақсыр, мынау іске бола ма орын?
Әмір Ғұмар бұз сөзді қабыл алды
Шаһарға жар шақыртып, хабар салды.
Жиылды бір сағатта бес мың кісі
Бәрі де атқа мініп даярланды.
Әуелі Һасімұғлы Фали шықты
Соғысқа өз заңынша болған мықты.
Қасына бір мың кісі ғаскер алып
Бұ дағы мың кісінің басын тұтты.
Сол күнде Габдалоғаб болыпты шал
Шал да болса соғыста қылады дал.
Жөнелді кәпірлерге қолды бастап,
Қасында бір мың кісі ғаскері бар.
Артынан жөнелгенді Габдалсалам
Мың кісі жолдас қылды бұған* тәмәм.

Аттанды бұдан кейін Әмір Ғұмар
Екі мың ез қасында жолдас адам.
Әуелі Ғали Һасім барып жетті
Жағыпардың ерлігіне тамаша етті.
Көрген сон тақсыр ерін тұрсын неге
Тоқтамай кәпірлерге кіріп кетті.
Артынан Ғабдалоғаб тағы кірді
Кәпірге тұс-тұсынан қылыш ұрды.
Мың кісімен кеп жетті Ғабдалсалам
Кәпірмен о да тұрмай соғыс қылды.
Артынан тағы жетті Әмір Ғұмар
Бәршесі соғысуға болды құмар.
Мұсылман бес мың кісі қырық мың кәпір
Ат қойып арапасты ұмар-жұмар.
Жағыпар батыр кәпірге шапты қылыш.
Кітаптан үшбу сөзім емес бұрыс.
Бір шетінен кіреді, бірге шығып,
Ңеш адам қыла алмайды оған тұрыс.

Жағыпар сонда ақырды
Аруақ, пірін шақырды.
Шөптей шауып кәпірдің
Қанын судай сапырды.
Ақырып күрзі салады
Күшін қолға алады.
Күрзі тиген кәпірлер
Күл-күл болып қалады.
Ақырып қаһар салыпты
Кәпірден кегін алыпты.
Бұл не деген дауыс деп
Мұсылман, кәпір екі жұрт
Таң тамаша қалыпты.
Адамдар естен жаңылды,
Өкпелері қабынды.
Тәубесінен кәпірлер
Есі кетіп жаңылды.
Бір шетінен кіреді,
Бір шетінен шығады.
Есік қылып ғаскері
Шөп шапқандай жығады.
Ақырып күрзі салғанда
Жерге апарып тығады.

Найза тағы салады
Кәпірлер құлап қалады.
Қырық мың ауыр ғаскерді
Ақырып тобын жарады.
Қуаңнан жанған өрт дейін
Қырылып кәпір барады.
Қайсарұғлы Рабиғ
Есі кетіп қарады.
Тақсырға атты зенбірек,
Сақтаған соң Құдайым
Атқан оғы не керек.
Канд* салып батырға
Мылтық, садақ атады.
Атқан оғы кәр қылмай
Қырылып кәпір жатады.
Неше кәпір дал-дал боп
Өлімнің дәмін татады.
Мінген аты Сеидтің
Қызыл қанға батады.
Кәпір қаны сел болды
Сахарарада ағып көл болды.
Қырғын тауып кәпірлер
Фижаншының* жолындей
Көбі құлап, жер болды.
Бұлайша Сеид Жағыпар қырғын салды
Кәпірлер есі кетіп қайран қалды.
Кәпірдің Жағыпарғазы туын жығып
Қасына Рабигтың жетіп барды.
Атынан Рабигты алды жұлып,
Талдырды Қайсар үғлын жерге ұрып.
Афалахұн мен Тауәбіл жетіп келіп
Байлады ол екеуі мәкам қылып.
Кәпірлер қырғын тауып енді қашты,
Бәрінен Сеид Жағыпар ғайраты асты.
Артынан мұсылмандар қырып қуды
Кәпірлер құтыла алмай жаман састы.
Орнына мұсылмандар қайтып келді
Құдайға шүкір қылып отырды енді.
Отырып кәпірлердің шатырына
Алдына алып келді Рабиғ ерді.
Сеид айтты: – Ай жігіт, мұсылман бол

Пендеңе тәнірі берген бұл түзік жол.
Болмасаң сен мұсылман тілімді алып,
Алармын басың кесіп айтқаным сол.
Рабиғ иман айтып кірді дінге
Шаһадат қәлимесін алды тілге.
Бес мың кісі байлауға түскен екен
Рабиғпен мұсылман болды бірге.
Жұздерін иман айтып қойды жерге
Бәршесі тағзым қылды Жағыпар ерге.
Сый қылып шатыр-мұлқін берді өзіне
Қосылды мұсылман боп мынау елге.
Үлесті көп ғазилар қанша малды
Шаһид боп екі жүзі өліп қалды.
Іштілар* шәкар-шарбат сұхбатайлап*,
Самас пір ер тамуынан* о да барды.
Самасқа көрісті олар қарсы барып,
Бәршесі отырдылар* араға алып.
Самастың діндарлығын айтты Жағыпар
Танданды жамагатлар қайран қалып.
Жағдағазы мұсылман тұра келді
Уахид, Һасім дегендер тағы да ерді.
Қол қойды Жағыпарға олар келіп
– Енді біздің басшымыз Жағыпар, - дейді.
Қосылды ықыласымен олар келіп,
Жағыпар да құрмет етті оны көріп.
Отырды қуанышпен енді бұлар
Оларға хал-халінше хылафат* беріп.
Ғабдалоғаб орнынан енді тұрды
Жаранларының алдында дұға қылды.
– Жаранлар, мына сезім тында, - дейді.
Откіздім ғұмыр шегіп неше жылдай.
Мұхамед Мұстафаның жүзін көрдім
Тақсырдың неше заман қасына ердім.
Бұл макам бұл орынға келмек қайда
Тақсырдың дұғасымен мұнда келдім.
Жәбірайыл пайғамбарға бір күн келді
Тақсырға сүйінші хабар берді.
Жағыпар атты бір бала мұнда туып
Рум шаһарын мұсылман қылар, - дейді.
Сол белгісін мен көрдім бұл баладан
Мұнан басқа таба алмадым бұл арадан.

Екі жұз жылдан кейін туар, - деген
Малатия шаһары бұл қаладан.
Көп шаһарды мұсылман қылар, - деген.
Кәпірді жүндей сабап қырар, - деген.
Соның үшін мен күттім бұш шаһардан
Малатия ішінде туар, - деген.
Шығарды пайғамбардың жазған хатын
Салауатымен оқыды есім, затын.
Бәршесі тәкпір айтып тіке тұрды
Расулының бергеннен соң аманатын.
Ғазилар үшбу хатқа болды құмар
Оқыды жазған хатты Өмір Ғұмар.
Пайғамбар Арысланға жаздырыпты
Бәршесі есіткен соң көңілі тынар.
Масик ғұнбар* қаншасы дүние толды
Көңілдері нұр толып қайран болды.
Хақ пайғамбар сәлем ғып жазған екен
Үмматларым тұтсын деп түзік жолды.
Әуелінде Алла деп жазған бұрын
Екінші үр Мұхамед шашқан нұрын.
Сахаба отыз үш мың, төрт шаһариар
Жазыпты туады деп тарих жылын.
Үмматларым бәрінде депті сәлем
Зуалжалал* тәбәрік Хақтан қалам.
Жағыпар атты бір балам туар менім*
Менен соң екі жұз жыл болса тәмәм.
Сол бала қызыл жұзді, бойы ұзын
Қараса бір мың барсағ* жүзін.
Бұш шаһарға жарық бол жол ашады
Сахараның кіргізер депті тақ түзігін.
Үмматларым Жағыпарға ерсін, - депті.
Не деген ұққіміне көнсін, - депті.
Сол балаға Ғабдалоғаб жетер, - депті.
Ағзыым иарын* аманат берсін, - депті.
Ол балаға разымын өзім, - депті.
Бәрінде сәлем айткан сөзім, - депті.
Бұжігітке тапсырдым сәлем айтып
Дүниеден баратұғын кезім, - депті.
Ғабдалоғаб сол жерде тіке тұрды
– Аузыңды аш! - деп балаға әмір қылды.
Расулінің ағза сұзы мұбарак иар*

Ағзұнеб* Жағыпардың барып кірді.
Расулінің Сеид Жағыпар етті иарын*
Қорытты көп ғазилар, етті сөзларын.*
Он екі фэн ғылыммен Жағыпар батыр
Біліпті жетпіс екі тілдің бәрін.
Мұсылмандар шат болды оны көріп
Жағыпарды мадақтады бәрі келіп.
Бәршесі ғашық болды үшбу хатқа,
Дост* болды Жағыпарға көңілі еріп.
Сеид Жағыпар сол жерде наманы алды
Бекітіп өз бойына тығып салды.
Батырлар көңілі өскен желдей есіп
Малатия шаһарға қайтып барды.
Жаранлар халифага жазды хатты
Мадақтап Жағыпар сынды асыл затты.
Жеті жүк алтын артып халифага
Екі жүз жіберіпті түскен атты.
Жағдағазы, Рабиғ бұған барды
Халифа есіткен соң бек шатланды.
Той қылып Шам жұртында мұсылмандар
Атырапқа қуанышымен хабар салды.
Жеті күн халифада бұлар жатты
Сегізінші күн халифа жазды хатты.
Атасының мансабын берсін, - дейді.
Батырға Сеид Жағыпар арақты.
Фаскер басы қылсын деп Жағыпар ерді
Жағыпарға Арысланның туын берді.
Мұхамед Хафиенің* қылышымен
Хұсейіннің сәллесін береді енді.
Андоха* күрзісін берді тағы
Бұрынғы батырлардың жау жарагы.
Жіберді мұның бәрін Жағыпар ерге
Қараңыз тақсыр ердің біткен бағы.
Сый қылып һәр біріне киім берді
Бастығы Әмір Ғұмар һәр бір ерді.
Қолхат беріп қайтарды екеуіне
Жол журіп Малатияға бұлар келді.
Тарқатты халифаның берген сыйын,
Көңіліне Ғабдалсалам түсті түйін.
Фаскер басы болды сиді Сеид Жағыпар
Халайық тамаша стті ұлы жиын.

Куанды көп ғазилар шадлық қонып,
Көнілі кәпірлердің қалды солып.
Сеид Жағыпар ер болып тұған жері
Осы екен шыкқан жері батыр болып.
Мұсылман шадлығымен тұра тұрсын
Көп кенес ақылдастып құра тұрсын.
Ана жақтан – Қайсардан кенес айлап
Жаранлар қандырайын құлақ құрышын.
Білгенше ғаріп Ақат кенес еткен
Кәпірге қисса жазып есі кеткен.

Бағанағы қырылып қашқан кәлір
Қайсарға зар еніреп барып жеткен.
Жаралы қалғандары жетті барып,
– Балаңды мұсылман ғып қойды алып.
Есі кетіп жығылды енді Қайсар
Жеті күндей жылады ойбай салып.
Зар жылап есі кетіп болды жаман
Татпады жеті күндей лықм^{*} тағам.
– Ай таксыр, жылай бермей тақса мін, - деп
Жиылып уәзірлер келді тәмәм.
Олар айтты: – Көп жылап бітпейді ісің
Келеді не қылсанда сенің күшің.
Ғаскер жиып соғысып біз қыралық
Ай патшам, жылама әнің^{*} үшін.
Мұны естіп кәпір Қайсар мінді таққа
Елшімен хат жүргізді һәр тарапқа.
Ахмар таран дейтүгін батыры бар
Ер екен қамал бұзған һәр бір салта.
Ушбу Ахмар батырды алып келді
Қосыпты бір өзіне жүз мың ерді.
Батырлығын бір көрсет Ахмар балам
Насрат^{*} қылышын оған берді.
Және Шамғұн аттанды үлкен ұтлы
Екі жүз мынмен шығарды тагы мұны.
Аттанды ортанышы ұтлы және Самас
Екі жүз мың ғаскермен канша құты.
Бес жүз мың ғаскер болды міне кәпір
Фарайдұн, Сержайым мен Махаруан батыр
Ахмар, Шамғұн, Самас бастығ болып:

Малатия жұртына бара жатыр.
Кәпірлер Малатияға жақын келді
Келеді қайыстырып қара жерді.
Мәжи деген елшісі мұсылманның
Келді де Малатияға хабар берді.
Жар салды шаһарына Әмір Ғұмар
Ғазилар соғыспаққа болар құмар.
Ақ туын пайғамбардың көтерісіп
Шаһардан он екі мың шықты бұлар.
Он екі мың аттанып қырға шықты
Соғысқа жанын қиған бәрі мықты.
Тағы да үш мың кісі жаяу келді
Жой фарақип канарин* олар тұтты.
Жағыпар атқа мініп бұрын кетті
Кәпірді көріп тұрып тамаша етті.
Кәпірге ат салғалы тұрғанында
Кешікпей Әмір Ғұмар ғаскері жетті.
Әмір Ғұмар тоқтатты Жағыпар ерді
— Бұрынғыдай көрменіз мынау елді.
Құн кеш болды ғаскерді түсірелік
Қонаңын лайықтап жақсы жерді.
Мұсылман бір ақылды қылайық, - деп.
Құдайға мәдәд бер деп жылалық,* - деп.
Ғабдалоғаб пір айтты: — Ор қазалық
Ор ішінде өзіміз тұралық, - деп.
Ғабдалоғаб айтқанын мақұл көрді
Тау түбіне жаранлар ғаскер келді.
Төңірегін ор қазып есік қылып
Бекініп ор ішінде тұрады енді.
Шамғұнда Балқас деген палуан бар-ды
Шақырып ол Балқасты қасына алды.
Қасына қырық кісіні бірге қосып
Хат жазып жаранларға елші салды.
Хатында «Әмір Ғұмар білсін, - депті.
Қайсаңдың әмірімен жүрсін, - депті.
Баласын Хұсейіннің ұстап берсін
Халифасы кішілік қылсын, - депті.
Жеті жылдық хараж берсін маган
Жаным ашып айтамын мұны саған.
Әйтпесе, киімілді отқа жағып
Салармын бастарыңа ақыр заман».

Әмір Ғұмар оқыды хатын алып
Жаранлар тыңдал отыр құлақ салып.
Қырық кісіге ен салды Сеид Жағылар
Сөзіне кәпірлердің ашуланып.
– Шамғұнға айт бұ ғөзімді кәпір жәллап
Қылармын бүйте берсе елін харрап.
Қайсарынды дарға асып өлтірем, - деп
Кәпірдің құлақ, мұрнын алды тонап.
Шамғұнға ойбай салып жетіп барды,
Кәпірлер есі кетіп қайран қалды.
Таң атқанша ұйықтамай шықты кәпір
Шамғұн, Самас «Аттандал!» жарлық салды.
Таң атып кәпір қолы атқа мінді
Көкпенбек бәршелері темір киды.
Сырнай, қарнай, барабан ойын салып,
Сап түзеп майдан жерге барып тұрды.
Құдықтан мұсылмандар шығып алды,
Сап түзеп майдан жерге тұра қалды.
Майданға Жағдағазы барып кіріп
– Кәпірлер, кел бері, - деп қаһарланды.
Бір кәпір қаһарланып бұған шықты
Жағдағазы палуан қолы мықты.
Кәпірді бір салғанда ұрып жығып,
Атымен құлдей жаншып жерге тықты.
Бір кәпір оны көріп шықты шауып,
Ұрмак боп қаһарланып, көнілі ауып.
Кәпірді Жағдағазы ұрып еді
Жөнелді сонда кәпір қаза тауып.
Бір-бірлеп бұған кәпір келе берді
Келгені кешікпестен өле берді.
Сүйте-сүйте жиырма кәпір болды
Келгені қаза тауып өледі енді.
Ілияс деген бір кәпір келді жетіп,
Атына қамшы басты екпіндептіп.
Кешке шейін соғысты Жағдағазы
Ол кәпір қылыш ұрды қаһар етіп.
Атының белі үзіліп Жағда батыр
Құлады сонда батыр жерге жетіп.
Аты өліп Жағдағазы жаяу қалды
Баласы ер Сүлейман жетіп барды.
Жағдағазы ат мініп кайтып кетті

Сүлейман ол кәпірге қылыш салды.
Қылышы бір қарытай кетті жарып,
Ол кәпір топқа кірді қашып барып.
Мұсылмандар қуанды оны көріп,
Бір кәпір тағы шапты ашуланып.
Фарайдұн Ғажми деген кәпір екен.
Ішінде кәпірлердің батыр екен.
Келді де Сүлейманды салып қалды.
Қалқаны Сүлейманның басында екен
Жығылды тұтқан қалқан сынып қалып.
Шабады екі інісі айғай салып,
Азғана ол кәпірмен соғыс қылыш
Ағасын есен-аман шықты алып.
Фали деген бір жігіт оған барды
Фалиға үшбу кәпір қылыш салды.
Кәпірдің ұратұғын келді кезек
Күрзіден Фали батыр есен қалды.
Кәпірге үшбу Фали қылыш ұрды
Кәпірді екі бөліп пәре қылды.
Кезегімен кәпірлер келе берді
Өлтіріп келгендерін Фали түрді.
Өлтірді үшбу Фали жеті кәпір
Бір-бірлеп келгендері өліп жатыр.
Қайсадың дәл өзінің палуаны
Майданға енді кірді Ахмар батыр.
Ахмар ашуланып қалды салып
Жығылды күрзімен Фали талып.
Майданда Ахмармен соғыс қылды
Артынан Ғабдалсалам жетіп барып.
Азғана Ахмармен соғыс қылды
Ашуланып күрзімен Ахмар ұрды.
Ғабдалсалам қалқаны талқан болып
Омақатып атынан бұл жығылды.
Құлдары Ғабдалсалам барады енді.
Майданнан есен-аман алады енді.
Ахмар ол майданда ер бол шықты
Барғандар мыжырық* болып қалады енді.
Қырық кісі бір-бір бастан оған барды
Кейі жара, кей бірі өліп қалды.
Майданға һешбір адам бара алмады
Ахмар оның таралына ойран салды.

Кеш болып сол уақытта қайтып кетті
Шамғұнга өз ғаскері барып жетті.
Алдынан көп кәпірлер қарсы шығып,
Шашу шашып, құрметтеп шадлық етті.
Ахмар айтты: – Таң ертең барамын, - деп.
Мұсылманға қыынлық саламын, - деп.
Өтірікші кәрі шал мен ол Жағыпарды
Екеуін бірдей ұстап аламын, - деп.
Ішті олар мақтанысып арақ-шарап
Қайғырып мұсылмандар отыр қарап.
Зікір тасбіғ* көп айтып таң атқан соң
Соғысқа екі ғаскер қылды талап.
Ғабдалоһаб майданға жетіп барды
Ғабдалоһаб мен-мен деп айгай салды.
Мен өзім пайғамбардың жүзін көрдім
Ағызам кәпір келсе қызыл қанды.
Ахмар мына сөзге келді жетіп,
Келе наиза жүгіртті қаһар етіп.
Ұрысты наизаласып кезек-кезек
Жамағат қайран болды есі қетіп.
Бұ Ахмар қүші басым, қолы қатты
Соғысы бұл қожаға жаман батты.
Бір-біріне он екі кезек берді
Ахмар ашуланып салып қалды.
Жығылды Ғабдалоһаб барып жерге
Кез келді өзінен зор жаман керге.*
Шыдамай мұны көріп Әмір Ғұмар
Жүгіртіп жетіп барды Ахмар ерге.
Әмір Ғұмар шыдамай жетіп келді
Таң көрді Ахмардағы Ғұмар ерді.
– Сен кімсің? - деп сұрады Ахмар батыр.
– Сұрасаң Ғұмар патша менмін, - деді.
Ғаскердің басшысымын деп һайбатланды.*
Мұны естіп Ахмардағы ғайратланды.*
Ол екеуі соғысып тұрған шақта
Ғабдалсалам Жағыпарға жетіп барды.
– Ай сұм қадам,* сұм болып тудың, - дейді.
Адамға бітпес бұлік қылдың, - дейді.
Көп кісі сол малғұннан өліп қалды
Галамды харрап қылып қырдың, - дейді.
Әмір Ғұмар шығарма мұнан олмей.

Барғандар өліп жатыр қайтып келмей.
Таба сөз Ғабдалсалам айтсадағы
Отырды Сеид Жағыпар жауап бермей.
Әмір Ғұмар Ахмарға күрзі салды
Күрзіден Ахмар батыр есен қалды.
Ахмар ұргач* қалқаны сынып кетіп
Патшаның аты жығылып естен танды.
Жығылды Әмір Ғұмар жерді қауып,
Ұмтылды Сеид Жағыпар тұра шауып.
Кәпірге ашуланып бір ақырды
Кәпірлер қайран болды есі ауып.
Қараса мінген аты ұшқан кепті*
Найбатынан* Ахмардың есі кетті.
Таң қалды екі ғаскер екі жақтан
Ахмарға көз жүмғанша барып жетті.
Келгенін Сеид Жағыпар Ахмар көрген
Қараса бір жас бала мына келген.
— Ай жас бала, жоқ па еді басқа кісі
Сен байғусты жіберіп рулы елден.
Сол жерде Сеид Жағыпар сөйлемді сөз
Іздеген душар болып жолықты кез.
— Маһариаил биінді мен өлтірдім
Ай кәпір, дәмен болса қымылда тез.
Ахмар мына сөзге ашуланды
Ондай болса міне деп наиза салды.
Сеид хазірет бұған да ашуланып,
Найзасын қамшымен салып қалды.
Найзасы быт-шыт болып сынып кетті
Ахмар бұған дағы ашу етті.
Қолына күшін жиып һайбатланып*
Күрзісін көтеріп ап тағы жетті.
Күрзімен тақсыр ерді ұрды бастан
Батырды өлтірмек боп жерге жастап.
Кәпірдің күрзісіне Жағыпар батыр
Бұйракин* қарсы тұтты жалаңаштап.
Бұйрактан* күрзі тиіп шықты тайып
Мағжаза* пайғамбардан, Ҳақтан бабық.*
Мұсылман кәпірменен екі ғаскер
Болдылар* есі кетіп таңғажайып.
Муминлар тәкпір айтты мұны көріп
Шақырды Ғабдалоңаб жақын келіп.

– Баракалла палуан зада, - дейді.
Бәршасы мадактады қуат беріп.
Тауәбіл айтты: – Ай балам, жігер күшім
Жарайды баракалла қуат күшін.
Шірісін дұшманың тілі, - дейді.
Сөйлесе жаман сөзді сенің үшін.
Кәпірлер көзін салды қарап тұрып
Батырға түк қылмады Ахмар ұрып.
Шамғұн, Самас көрген соң есі кетті
Қаны қашып қорықты олар дымы құрып.
Ол Ахмар бұған тағы қаһарланды
Тағы да ұрайын деп онтайланды.
Күрзісін салғанында бекем тұтып
Қолынан Сеид тартып жұлып алды.
Жіберді аспанға атып жұлып алды
Ұстады түсерінде қайтып барып.
– Ай Ахмар, өз басыңа берік бол, - деп
Сыртынан қалқаның қетті салып.
Қолында пәре болды тұтқан қалқан
Жоғалып аузы, мұрны болды талқан.
Жағыпаргазы енді ұрмай тұра қалды
Фаскерден көкке шықты қылған ағлан.
Аты өліп, аузы қан бол қалады енді.
Бір атқа тағы мініп алады енді.
Кеш болып осы күні екі батыр
Қайтысып ғаскеріне барады енді.
Орнына екі ғаскер қайтып қонды
Көніліне муминлардың шадлық толды.
Бұл бала неткен жан деп есі кетіп
Кәпірлер жүргегі ұшып көнілі солды.
Ахмар ол Шамғұнға қайтып барды
Ерлігін жасырмай-ақ айтып барды.
Япырмай бұ не деген бала екен деп
Бек қатты Ахмар батыр ғажайыпланды.
Мұсылмандар отырды ақшам оқып
Көніліне бір Алланың атын тоқып.
Ромына* тон киді Сеид түнде
Кәпірден тоқтамайды көнілі қорқып.
Кәпірге жаһат қылды атқа мініп
Жолықты Тауәбілге жолда жүріп.
– Кәтірге, ай Жагыпар, барма, - дейді.

Өзінді ұстап алар кәпір біліп.
– Аузыңа жаман сөзді алма, - дейді.
Біздерді көніліңізден салма.* - дейді.
Алланың не болса да жазуы бар
Біз құлға жәрдем берсін Алла, - дейді.
Бұз сөзбен Сеид Жағыпар жүре берді
Не болса да Хақтан деп біледі енді.
Бір жерге мінген атын жасырды да
Кәпірге жансыз барып кіреді енді.
Жаранлар таң қаларсың батырына
Самастың барып кірді шатырына.
Сеидті ол Ахмар отыр мақтап
Жасырынып Сеид тұрды жанында.
– Япымай неткен бала бұз күн тұрған
Күрзімен қалқанымды бір-ак ұрған.
Ер екен деп мақтайды ол баланы
Өнері адамзаттан артық туған.
Шамғұн, Самас Ахмады құрмет етті
Көп отырып ол Ахмар шығып кетті.
Қайтарып қасындағы жанның бәрін
Сахарада бір шарбаққа барып жетті.
Көрінбей Сеид хазірет барады еріп
Бау шарбаққа кеп түсті Ахмар келіп.
Ол Ахмар бау шарбакты аралады,
Отырды Сеид Жағыпар бәрін көріп.
Неше түрлі тамаша бау шарбакта
Беті айдай бір қыз отыр алтын тақта.
Қыз тұрып мойның құшып құрмет етті
Шарбаққа Ахмар кіріп барған шақта.
Қыз айтты: – Мұнша неге кешіктің көп,
Ахмар айтты: – Шамғұнмен бірге едім деп.
Құшактасып қызбен ойын ойнап
Отырды бір жас қозы етлерін* жеп.
Қызға айтты ол Жағыпарды Ахмар тағы
Ерлердің тәнірі берген артық бағы.
Ол баланың ғашығына ішем - дейді
Толтырып һәр қадақты* ішкен шағы.
Сөзіне Сеид тұрып құлақ салды
Болар деп бұз мұсылман көніліне алды.
Сеид Жағыпар акырын барды жетіп
Ахмар сонда: – Кімсін? - деп саесиң калды.

Жағыпар айтты: – Мен жүрген ермін, - дейді.
Мұсылман бол деп саған келдім, - дейді.
Кімің үшін қадақты* іштің? - дейді.
Фашық болған сол бала мәннін, - дейді.
Ахмар айтты: – Сен мұнда қайдан келдін?
Менің мұнда екенім қайдан көрдін?
· Жағыпар айтты: – Эзір боп мен тұрамын
Атымды айттып әңгімелер қандай жерде.
Болармын атымды айтса сонда даяр
Һәр жерде даяр тұрармын бір гаяр.*
Дұшман болмай дост* бол мұсылман боп,
Болмайды бұз сөзімде сыйыр аял.*
Ахмар атты: – Ай Жағыпар, сөзім тыңла*
Хош келдің олай болса сенде мұнда.
Жығылған дінімізге күреселік
Уағдаға мынау айтқан хилаф қылма.
Әгәрде мені жықсан өзің, - дейді.
Болмайды ھеш қарсылық сөзім, - дейді.
Әгәрда өзің жығылсаң Жағыпар бала
Сендағы өз дініңнен бездің, - дейді.
Жағыпар: – Жарайды, - деп қабыл көрді
Хас таман* киіп Ахмар келді.
Тұн ішінде алысып екі айдаһар
Айырды қазған ордай қара жерді.
· Ахмар әуелінде қуат етті
Үш сілтеп қозғалта алмай есі кетті.
Жұмырықпен ұрмаққа онтайланды,
Жағыпарға ашуланар кезек жетті.
Ақырды ашуланып Жағыпар батыр
Ерлігі Сеид Жағыпар толып жатыр.
Ақырган нағыресінің* һайбатынан
Қыз бірлән ол Ахмардан кетіпті ақыл.
Көтеріп бір тымақтай жерге салды.
Лашындаі кеудесіне шығып алды.
Жағыпар есін жиып, көзін ашты.
Сеидтың қуатына қайран қалды.
Сеид айтты: – Ай Ахмар, енді қалай?
Иманлыға* пейіш ұжмак сегіз сарай.
Уағдаңа хилаф қылсаң енді батыр
Жаныңды құтқаруың екі талай.
Ахмар үшбу сөзді қабыл корді

Үстінен Сеид Жағыпар тұра келді.
Қыз екеуі мұсылман болады енді
Иманды Сеид хазірет айтып берді.
Екеуі қол ұстасып шықты таққа
Отырды шүкір қылып Жаппар Ҳакқа.
Арак-шарал харам деп ислам дінде
Білгізді әдел өркен асыл затқа.
Жеді олар өзге тағам бір аз енді
Бұрынғы дұшмандығы ойдан кетті.
Ахмар айтты: – Жағыпар қабыл көрсөң
Бір бөлек ат қояйын саған, - депті.
– Жарап, - деп макұл көрді Сеид Жағыпар
Кәпірге қылған ісі заһар қатал.
Ахмар айтты: – Ай палуан, мұнан кейін
Атыңыз болсын сенін Сеид баттал.
Сеид айтты: – Бұл атың жарап, - дейді.
Күні біткен дүниадан барап, - дейді.
– Сенің атың мен қойдым Ахмад таран
Дүниеде бұл атымыз қалар, - дейді.
Ақат фақыр оқиғы жазған хатын
Ыбырайхан жұртқа тұзген* салтанатын.
Сеид баттал атасып шыққан жыры
Ахмад таран қойыпты ұшбу атын.
Шат болды екеуі де қабыл көріп,
Тамаша Сеид көрді мұнда келіп.
Майдан жерде қасына барайын деп
Жөнелді Ахмад таран уағда беріп.
– Амалдап майдан жерде ұрысалық,
Ұрысып әрі-бері тұрысалық.
Жеңілген боп мұсылман мен болайын,
Кәпірді сонан кейін қырысалық.
Екеуі екі жаққа барады енді.
Таң атып намаз оқып алады енді.
Екі ғаскер сап түзеп екі жақтан
Халайықтар* көзлерін салады енді.
Сеид баттал барады майдан жерге
Шакырды: – Кел бері, - деп Ахмад ерге.
Майданға Ахмад таран келді жетіп
Кетіпті уағда сөзі бекер желге.
Ахмад айтты: – Мен түнде болыптын мас,
Есіріп арак-шарал ішумен ас.

Тұндеңі уағданың керегі жоқ, - деп
Шынымен тақсыр ерге ойлады қас.
Ахмад таран қаһарланды наиза салып
Найзаны қамшымен қалды салып.
Жіберді жалғыз теуіп кеудесіне
Аяғын үзенгіден суырып алып.
Атынан Ахмад сонда кетті құлап,
Кәпірлер есі кетіп тұрды жылап.
Фалік үн* Алла деп мұсылмандар
Тұрдылар* шүкірлік қып мәдәд сұрап.
Түсірді Ахмад ерді аттан жығып,
Үстіне атып түсіп алды шығып.
Сол жерде тамағына қанжар қойды,
Жеткен соң қеудесіне аттай мініп.
Ахмад енді тұрады иман тілеп,
Сеидке әзір айлап қылды тілек.
Айгайлап кәпірлерге иман айтты
Ағарды бұрынғыдан енді жүрек.
Женіліп иман айтты шыныменен
Шын көңіл, ықыласы, дініменен.
Сеидтен рұқсат алып атқа мінді
Мен де енді соғысам деп мұныменен.
Фаскерге Сеид баттал қайтып барды,
Ол Ахмад майдан жерде тұрып қалды.
– Кәпірлер мықты болсаң кел бері, - деп.
Бәрінді қырармын, - деп айгай салды.
Мұсылман менің өзім болдым, - дейді.
Көңіліме иман нұры толды, - дейді.
Қойылды Ахмад таран менім* атым
Жаңа таптым тұп-түзік жолды, - дейді.
Шамғұн, Самас қарады қайран қалып
Фариад* қылып жылайды ойбай салып.
– Ахмарды ана Жағынап жадылады*
Біреуің шапшаң барып келші алып.
Саһлас деген бір уәзір келді жетіп,
– Ай Ахмад, жолдан аздың елді нетіп.
Кел бері, сені апарып ем қылалық
Ұйыдың жәдігерге есің кетіп.
Ахмад айтты: – Ай кәпір, мұсылман бол,
Мен таптым иман айтты шын тұп-түзік жол.
Әйтпесе кесіледі сенің басың

Бәріңе, ай қәпірлер айтқаным сол.
Ол қәпір мына сөзге ашуланды
Ахмад да қаһарланып жетіп барды.
Саһластың жұлып алып атты басын
Кәпірдің заһар қылды ішкен асын.
Бетінде қәпірлердің қан қалмады
Көл қылды фариадайлап* көзін жасын.
Матаран деген бір қәпір тағы келді,
— Ай Ахмад, жаным, саған нағылды енді?
Оны да аман қоймай Ахмад батыр
Бір салып қылышымен екі бөлді.
Кәпірлер келе берді бірден-бірі
Қайтпады келген қәпір тіпті тірі.
Сүйте-сүйте өлтірді қырық қәпірді
Батырдың қаһарланып келді жыны.
Таң болды көп халайық Ахмад ерге
Баһадүр қайраты аскан абзал шерге.
Сейдке Ахмад батыр қайтып келді
Ңеш адам келмеген соң майдан жерге.
Алдына юзін* қойды тағым қылып,
Өзім соғысам деп қәпірге ұрып.
Сейд баттал рұқсатын берген екен
Кәпірге қылыш салып кетті кіріп.
Ат салды Фабдалоғаб оны көріп
Соғысты көргеннен соң кетті тұнып.
Сейд баттал ат салды онан кейін
Талай-талай қәпірлер қалды-ау өліп.
Кетістің екі ғаскер араласып
Қырылды талай қәпір қаза басып.
Қызыл қан жер жүзінде сел бол ағып
Бөгелді мұсылмандар жаман сасып.
Мінәжат Сейд қылды Жаппар Хаққа
Мұсылмандар бөгеліп тұрған шакта.
— Бұ соғысқа мен себеп болып едім
Құдая мұсылманды өзің сакта.
Акқан қан көл бол тұрды жер бетінде
Ңеш адам тоқтамады ер бетіне.
Ашуланып жүгіртті Сейд баттал
Кәпірлер тоқтамады келбетіне.
Ақырын бір шетінен кірелі скен.
Есік қып кірген жерін тіледі скен.

Есік қылып шығады бір шетіне
Кәпірге ойран салып жүреді еken.
Жел шығып сол уақытта боран болды
Батталғазы қиратты онды-солды.
Құданың* құдіретіне қараңыздар
Көзіне кәпірлердің топырақ толды.
Кәпірлер әлек болып есі шықты
Ол Сеид қырып жүріп жерге тықты.
Көп кәпірді сапырды бір-біріне
Кәпірдің Сеид хазірет туын жықты.
Кәпірлер енді қашты туы жығылып,
Соғысқа тұра алмады дымы құрып.
Соғыстың қызығына түскеннен соң
Кәпірді үш күнге шейін қырды қуып.
Жиылып үш күннен соң келді бәрі
Шад болып мұсылмандар бәршелері.
Жау жарак, ат тон бірлән, шатыр, сайман
Ғаламның жүзін тұтты кенішләрі.*
Жетпіс мың кәпірлерден өлген еken
Бәрі барып тозақты көрген еken.
Мұсылмандар қуғанда қырып, жойып
Жеті мұнды байлап ап келген еken.
Бәрі сонда мұсылман болып қалды
Көңіліне иман нұры толып қалды.
Тапсырды Рабигқа оның бәрін
Бастарына көп дәulet қонып қалды.
Кітаптан көрген сөзім еміс-еміс
Жаранлар бұ сөзімде жоқ ты сокұс.*
Ие болған мұсылман адамдарға
Ат, киім, қару, сайман берді тегіс.
Куаныш көп ғазилар көреді енді.
Ғазилар Малатияға келеді енді.
Самас, Шамғұн кәпірдің шатырларын
Ахмад таран батырга береді енді.
Қалғанын ғазиларға берді бөліп
Аттанған Малатиядан тәмәм шерік.
Алмады бір тыынды Сеид баттал
Жіберді халифаға малдан беріп.
Жағдағазы ол малды алып кетті
Халифаға көп мағмен барып жетті.
Куаныш атырапқа етші салып,

Халифа тойлар қылып шадлық етті.
Хат алып Жағда қайтты сауыт киіп,
Сый қылған батырларға үйіп-үйіп.
Ғұмар, Батталғазылар сауыт киді.
Намасы халифаның қолына тиіп
Ғазилар хатты көріп шадлық етті.

Арада соныменен бір қыс өтті.
Бір күні Әмір Ғұмар, Сеид баттал,
Жаранлар бір күн шығып тамаша етті.
Бір судың жағасына шатыр құрды
Жаранлар тамаша етіп онда тұрды.
Суға түсіп шығайын деді дағы
Өзгеден бір тасаға Сеид жүрді.
Бір жерде суға түсті Сеид келіп
Бір Алла сүйген құлға болар серік.
Қайта шығып киімін киген шақта
Тамаша етті бір жақсы сарай көріп.
Сеид хазірет астына мінеді атын
Сарайға тамаша етіп келді жақын.
Терезеден көрінді сонда бір қыз
Тілмен айтып болмайды нұр сипатын.
Сеид хазірет қарады көзін ашып
Нұрына қайран болды көнілі тасып.
Жаһанда онан сұлу тумағандай
Бір көріп Сеид баттал болды ғашық.
Ол қыз да бұжігітке көзін салды,
Көрген жерден ғашық боп іші жанды.
Екеуі жан діл* бірлән болды ғашық
Үшбу қыз диуана боп естен таңды.
Сеидтің ер Хұсейін бабасы еді.
Хұсейіннің Хасен атты агасы еді.
Сарайдағы осы қыз Зинап атты
Ол Хасеннің фарзанды* баласы еді.
Осы қыз диуана боп есі кетті
Ғашық от ғазиздардың жанына өтті.
Осы қыз талиасынан* сұрап еді.
Батталды ол талиасы* мағлұм етті.
Ғашық боп амал жоктай Зинап қалды
Батталғазы Гұмарға қайтып барды.

– Ар жақтағы сол сарай кімдікі? - деп
Әмір Ғұмар патшаға сұрау салды.
Ғұмар айтты: – Ол Хасен сарайы, - деп.
Өзінмен жақын тұған ағайын, - деп.
Зинап атты бір сұлу қызы бар, - деп.
Адамның ғашық болған талайы, - деп.
Ғашығы Сеид баттал болды қатты
Жанына ғашық оты жаман батты.
Соныменен арада қырық күн өтті
Бір тұні Әмір Ғұмар ұйықтап жатты.
Түсінде хақ пайғамбар: – Ғұмар, - дейді.
Сеид баттал Зинапке құмар, - дейді.
Мен Зинапті Battalға бұрып қойдым.
Неках қылса көнілі тынар, - дейді.
– Сөзімді ая Ғұмар тыңла*, - дейді.
Хасенді шақырып ал мұнда, - дейді.
Неках оқып қосынлар* ол екеуін
Бұ сөзіме һеш хилаф қылма, - дейді.
Ұйқыдан Ғұмар патша тұра келді
Хасенді шақырып алып хабар берді.
Хасен де бек шатланып: – Жарайды, - деп,
Пайғамбарым әмірін қабыл көрді.
Той қылды халайықтар* жүртты жиып,
Жеті күндей той қылды ұлы биік.
Сеид батталғазы мен Зинап бану
Қостылар* ол екеуін неках қылып.
Мұратқа Battal сұltан енді жетті
Жетімдік жасындағы ойдан кетті.
Қағазға қисса жазған гаріп Ақат
Жаңалап өлең бірлән тасниф етті.
Өлеңге жазылған жоқ мұнан бұрын
Кітаптан қарап жаздым асыл сырын.
Сұltаннан мәдәд тілеп қылдым тасниф
Жасымды жиырма-ақ, жылан жылым.
Жаздырган талап етіп Ыбырайым хан
Киссасын Сеид баттал көремін таң
Ядгар* бастырылса қалар, - дейді.
Дүниадан бір күн кетсе бұғазиз жан
Баласы Сапарғали Ыбырайханым
Салғанат байлығымен асқан сәнің.
Иншалла үмітім бар басылар деп

Есен-аман болса егәр ғазиз жаның.
Белгілі кисса жаздым атың үшін,
Һәр кімге таныс болдым хатым үшін.
Ногай көрмей жүргенім жоқ сізден басқа
Тапсырдым сұнқар текті затың үшін.
Мақанлы* мұсылманға Мекке тәуаф
Жарасар алдыңызға жақсы жауап.
Ядгар* пайғамбардан сөздің басы
Бастырсаң Құдай үшін болар уәп*.
Мың үш жүз он үшінде жазған хатым
Хат жазған қалам алып Ақат атым.
Талап қылыш бастырсаң Ыбырайханым
Иншалла уәп* болар асыл затым.
Тапсырған Ақат пақыр сізге аманат
Дүға қыл палуанға көп ғазамат*.
Жарылқа, - деп ғаріпті есіңе алыш
Оқыңыз пайғамбарға көп салауат.

Тәмәм еттім

А.Қарымсақов

*Араб харпінен көширген З.Ижанов
Қолжазба
21.10.2000 ж.*

Ақат Алтай ғазалы

Бисмилла кеңес сөз басы
Қызыл тілім сайрашы.
Құлақ салсын жаранлар
Аз әңгіме қозғашы.
Қозғаған да нені айтар
Құдайдан мәдәд деп айтар.
Зар заманда ғарібің
Әңгімені көп айтар.
Ай, зар заман, зар заман,
Зарлан откен тар заман.

Осы күнде адам жоқ
Ақылдыны барлаған.
Ақылдыны барласам
Ңеш адам жоқ алманған*.
Ғаріп Ақат сен түгіл
Мұхамед те қалмаған.
Бауыры сұық қара жер
Көрінгенді жалмаған.
Жалмамай да не етеді
Адам ғафыл кетеді.
Дүние қуып жан шіркін
Тентіреп жүріп өтеді.
Баяны жоқ дүниенің
Кім түбіне жетеді.
Опасы жоқ жалғаның
Септігі жоқ қалғаның.
Тіріде қамың жемесең
Өлгеннен соң өкінсең
Пайдасы жоқ арманың.
Арманда болма өлген соң.
Кеудеден жаңың берген соң.
Мұндай еркін күн қайда
Қара жерге көмген соң.
Өлген адам жер болар
Жерің тек көр болар.
Әуре сарсаң жора кім
Ойлай берсем шер болар.
Діні бік ғайратты
Жүректі туған ер болар.
Ер екенін кім білер
Ауызда сөзі шын болар.
Ұағдасы жоқ жігіттің
Өз басына мін болар.
Шежіре деген кім болар
Сөйлегенде дүр болар.
Дүр дегенім жаранлар
Шаршы топтың ішінде
Сүрінбеген тіл болар.
Тілге де серік ғакылың*
Жаңылмай айтқан мақалың.
Жамандыққа жан қияр

Бауырлас, тұған жақының.
Жақын кім деп ойласаң
Өзіне серік тұғаның.
Бір анадан бүтінді
Аят сүмен жұғаның.
Ілінерсің ілгекке
Көп жамандық құғаның.
Құр қалмассың ақырда
Тұзікке мойын бұрғаның.
Тұзік деген сол болар
Намазға ерте тұрганың.
Қырық парызды тәрк қылмай
Хақтың әмірін қылғаның.
Бәрін қой да бірін айт.
Өліні қой да, тіріні айт.
Тілегім деп бейішті айт.
Бермесін жаман кей істі айт.
Алтын тақыт үстінде
Алуан-шекер жұмысты айт.
Өлімнен аман тұрганды айт.
Өрнегін бөлек құрганды айт.
Аш-арыққа аға боп,
Жанына қоңсы жиғанды айт.
Харамға кеңіл салмастан,
Нәфсіні басып тыйғанды айт.
Ақ, қараңы аңғарған,
Шаригатқа сиғанды айт.
Не десем де ақырда
Аман қылса Құдайым
Жан жолдасың иманды айт.
Жан жолдасың иманың
Харамнан нәфсі тыйғаның.
Сеп болмайды иманға
Дүниедегі жиғаның.
Сақтамаса Құдайым
Залымның ісі қызын-ды.
Қабыл көрсө ғалымдар
Көрген соң қорқып сыйынды.
Тура қара болсанда
Заманыңа жараса
Есеп болады түйінді.

Иінің жыртық болған соң
Кетірер күй мен сиынды.
Өзінен қайыр кеткенде
Кім есітеді мұнды.
Байдың ойы – дау, базар,
Ертеден кешке жиынды.
Малын кетсе қолынан
Жан танымас үйінді.
Замана мұндай болған соң
Шатадан қойдың биінді.
Қартайып алған жас қатын
Біле алмайды күйінді.
Залиф* дерсің жаранлар
Жаманға қылған сыйынды.
Қадір кетсе басынан
Ойламаған кім табар
Жүректегі түйінді.
Мына заман кезінде
Көрген күнің тар еді.
Жанның бәрі дүниекор
Нәфсі шіркін қарайды.
Жеке басың тоймайды
Малдансаң да* талайды.
Тақуалардың орны бар
Сегіз ұжмақ сарайды.
Кәпір орны – дозақ-ты
Жылан, шаян талайды.
Дін күтпеген залымдар
О да дозақ жанайды.
Күнелі болған ғалымдар
Оның жайы қалай-ды.
Алладан мәдәд болмаса
Адамнан құт, күш кетті.
Санаменен сарғайып,
Ер жігіттен түс кетті.
Ғаділ туған ерлердің
Қолдарынан іс кетті.
Пірлерден мәдәд болмаса
Мұсылманнан хал кетті.
Шаруага пайда байдан жоқ
Елден закет, заң кетті.

Фаріп Ақат ойласа
Жапан толған ақ бөкен
Жайлы жерден ол кетті.
Ер жігітер мінетін
Тұлпар аттан жал кетті.
Менменсінген билерден
Билік пен заң кетті.
Күнкөршілік болмаса
Көп еліңнен мал кетті.
Әдеп, өркен қайда бар
Адамзаттан ар кетті.
Опа жаққан сұлудан
Ойы бұзылып, көрік кетті.
Кәпірге болып кіріптар
Мұсылманнан ерік кетті.
Жерің тұйық болған соң
Амалдайтын еп кетті.
Алатұғын тендік жоқ
Барынды қәпір жеп кетті.
Сүттен тәтті ағайын
Сыйлық пенен сеп кетті.
Бұрынғы күнде ағайын
Мінеді екен ат майын.
Енді жанда ұят жоқ
Ата бөлек жат-дайын.
Бір елтірі сұрасаң
«Не бересің маган?» - деп
Саудаласар сарт дайын.
Қырда шұршіт, ойда орыс,
Мен өтірік айтпайын.
Қорлығымен енген қу заман
Қай күнінді мақтайын.
Кедей қайтіп оңалсын
Бай кісі өлі жұн сатты.
Кедей алып қояр деп
Қабына тығып қымтапты.
Сонымен тұрмай тағы да
Анау менен сараң деп
Біріне-бірі сын тақты
Мұсылман ісі бұл емес.
Өз жостына көндіріп

Кәпір өстіп жұмсатты.
Бұрынғыдай зан қайда?
Ғаділ туган хан қайда?
Жамандыққа қарамай
«Күдай» деген жан қайда?
Байың закет бермейді
Адалдаған мал қайда?
Берекелі жай қайда?
Тандамай қонар сай қайда?
Тандап сойған бағланда
Ренжімей кесер май қайда?
Ала болды агайын
Ат мінбектен тай қайда?
Жан қиналып келгенде
Қатының киіз салмайды.
Кер* қайырға жұмсасаң
Балаң тілді алмайды.
Қасиеті азайып,
Шашы ағарған үлкенді
Қадір-құрмет қылмайды.
Дінін күткен дәруіштер
Ғаріп жанды қинаған.
Бармағын шайнар ұрганда
Жалғанда нәфсін тыймаған.
Адал сүт емген зайып жоқ
Алған ерін сыйлаған.
Атаны күткен бала жоқ
Әмір сөзін тыңдаған.
Бәрінізге ұқсын деп,
Шаригат әмірін тұтсын деп,
Ғаріп Ақат жырлаған.
«Сіздер» деген келін жоқ
Сыйлап күткен атасын.
Ренжіген соң үлкендер
Ңеш бермейді батасын.
Мұндай қылыш болған соң
Сол пиғылдан татасың.
Ендігі көрген қызығың
Бір жаныңың тірлігі.
Береке колы дегениң
Агайының бірлігі.

Зар заманның заңы осы
Бір Алланың бұйрығы.
Фаян болар Аллаға
Залымның қылған ұрлығы.
Ауыз айтқан сөзіңің
неш болмайды шындығы.
Мына жүрген адамнан
Жақсы ниет таусылды.
Ит құлақ жаға тон киіп
Өнірін теріс қаусырды.
Алла иар* деген әзелден
Ақ сүйек ұғлы асыл-ды.
Қара сүйек шатадан
Уйез мәнді би қойып,
Оған енді жігіттер
Еңкейіп құллық бас ұрды.
Сол билікке шақырды
Мынау қара масылды.
Ғалымның қылған зинасы,
Залымның қылған құнәсі,
Ойлағанда жаранлар
Жақсыны басып жасырды.
Зар заманның тұсында
Бай кедейді көрмейді.
Атасы бір фақырға
Пайдасыз сауын бермейді.
Жақынды, туған жақсының
Ағайын қадірін көрмейді.
Азаматтар, жігіттер,
Айғыр айтып сойсан да
Әзелгі заман келмейді.
Жаманнның көнілі өр болды
Кедей біткен кер болды.
Санасты бар жақсының
Жүрегі толып шер болды.
Қайыр, закет, заң кетті
Дәuletі асқан байлардан.
Конатұғын жай кетті
Арқада қүнгей сайлардан.
Кедейдегі адасты
Байдан мінер тайлардан.

Неше түрлі жаманат,
Замана ақыр ғаламат,
Мынадай болған жайлардан.
Жақсыны басты жаранлар,
Кінә қуды жамандар.
Халі мұшкіл деп айтар
Қайыры жоқ сарапдар.
Бес намазын жігіттер
Оны да күтіп қылмайды
Оған да мойын бұрмайды.
Көңіл бөліп намазға
Ертерек күтіп тұрмайды.
Жақсылыққа адамзат
Жүргімен ниет бұрмайды.
Би, қазы болып кейбірі
Соларды Құдай ұрмайды.
Шаригат орнын ұқпайды,
Харамнан шошып шықпайды.
Отыз күнді ораза
Шөлдеймін деп тұтпайды.
Көңілі қара болған соң
Жамандығын ұмытпайды.
Иманды көбі білмейді
Тұзік жолмен жүрмейді.
Мен ойласам жаранлар
Мына қылық тұрғанда
Хақтық дінге кірмейді.
Байлар қажыға бармайды.
Шаригат әмірін алмайды.
Опасы жоқ дүниеде
Парызын өтеп қалмайды.
Қатының болса некесіз
Күнде зина етесіз.
Закетсіз мал арам жеп
Өле-өлгенше кетесіз.
Қылған ісің бұл болса
Не мұратқа жетесіз?
Өзіңе керек өлгенде
Бай да болсаң бір басың.
Жеке – күнә гаріп жан
Кедей де болсаң бір басың.

Мағлұм шығар өзіне
Жалғанда тіпті тұрмасың.
Он екі құйрық, қырық шалғы
Қияда сұнқар таранды.
Кім мұсылман, кім кәпір
Бір Аллаға ғаянды*.
Мына сұмырай жалғанда
Кім көреді баянды?
Қайырсыздың көп малы
Жылан менен шаянды.
Руза, намаз дегенің
Жаңыңа серік – саянды.
Пірлерден кетіп керемет,
Патшадан кетіп ғаділет,
Байдан кетіп сахауат*,
Замана ақыр таянды.
Басыңа тиді жаранлар
Бұл күнәнің сұмдығы.
Арқаның ақ қойы
Төрт түлік малдың кіндігі.
Әуре сарсаң заманың
Қатынында билігі.
«Билігі не?» - деп сұрасаң
Кімдік мата күндігі.
Үш су ен-ақ шылауыш**
Қыырдақтай кең күлкі.
Жаңынан жанды жүргізбес
Дүниеде болмас теңдігі.
Жағаласып өкшесін*
Қарыстан артық дыр айтып*.
Беті, басын моншақташ
Тәніне маржан көбейтіп,
Бойын сылап жүргенде
Боз бала кетер сүйретіп.
Һәр адаммен күлісер,
Кез келгенмен жүрісер,
Жамандығы асқан соң
Һәркім сырын білісер.
Онымен тұрмай тағы да
Ақсынады байына.
«Өзімдій адап зайып жоқ»

Таза жүрген жайына.
Көпіргенде көк айыл
Симайды таудың сыйына.
«Тілеуім сен – күйеуім
Менен тіпті айрылма».
Тіліне сенер алғаны
Мұндай болғанда ағалар.
Күнәдан пәнде таяр ма
Ауыл үймен ұрысар.
Күнде сімен жұлысар.
Абысынмен ел болмас.
Қылған ісі жөн болмас.
Дәл өзінің көңіліне
Һеш бір адам тең болмас.
Күйеуі айтса: «Бұ сөзін
Айтпатұғын жаман», - деп.
Байымен тұра ұрысады
«Не деп айттың маган», - деп.
Үндемесе ас бермес
«Сақтап едім саған», - деп.
Кешке шейін атысар
Ол күн бөлек жатысар.
Ертең тағы тұрады
Тағы да ұрыс қылады.
Шыдай алмай байлары
Тұра сала ұрады.
Ұрғаннан соң «Өлә», - деп
Тұра сала қашады.
Бишара жігіт «Өлә», - деп
Тағы да жаман сасады.
«Енді саған тимен», - деп
Жалынып тағы басады.
Шайтаны оның семіріп,
Көңілі қатты желігіп,
Тағы да күйлеп асады.
Сүйте-сүйте кеш болар,
Кешке шейін өш болар,
Бишара жігіт нағылсын
Еңбегі көшіп еш болар.
Жатар мезгіл болғанда
Отын ерте сондіріп.

«Енді саған тимен», - деп
Барын айтып сендіріп,
Асқан долы болған соң
Айтқанына көндіріп.
Күйеуі жазып төсегін,
Тартқан болар қолынан.
Арқаға қағып, іскеп
Құшактайды мойнынан.
Оған қылар шара жоқ,
Шықса да біреу қойнынан.
Таң атқан соң жатады.
Күйеуі тұрар орнынан
Жаман еркек жантандап*,
Алдырапар сырын бұрыннан.
Таң атқан соң тұрады
Бетін шала жуады.
«Ағайының сондай», - деп
Тағы әңгіме құрады.
«Ағайының, күйеуім,
Дұшмандық саған қылады.
Менен басқа дұшман», - деп
Ыңырсып * кеп тұрады.
Күйеуі оған сенеді
Айтқанын мақұл көреді.
Төңірекке жан қоймай
Ауыл-үйді бөледі.
Анық арсыз болған соң
Ақырда барып женеді.
Жақсы болса алғаның
Ерінің әмірін бұрмайды.
Аманатың болған соң
Қиянат тағы қылмайды.
Күйеуінен әдел қып
Күн шығарып тұрмайды.
Еткениңе кең болса
Тілі тиіп ...йді**.
Бұлар байға айтпайды
Шайтан кеуlep тұртпейді.
Ондай катын һәр кімге
Мен ойласам агалар
Тілесе де бітпейді.

Балаң жаман болғанда
Үй арасын аңдиды.
Ақылыңды алмастан
Өз алдына қаңғиды.
Іс бүйірсаң шалқақтап
Бас асау малдай қарғиды.
Ұлы, қызың тіл алмас,
Жақсылығың бола алмас.
Бала атадан ұялмас
Ата байғұс қия алмас.
Аға тілін іні алмас
Тату болып жүре алмас.
Дараз* мәнді ағайын
Аттың майын міне алмас.
Қадір білмес жаманды
Жан екен деп сыйлама.
Бір сынаған жаманды
Екі қайтып қинама.
Ақырында ғазап* бар
Момынның сөзін ұрлама.
Қайыры жоқ сараңға
Ғақылы* жоқ наданға
Қайта-қайта жырлама.
Мен ойласам жаранлар
Бұ сөзіме қараңдар.
Тәнірім жазған дозаққа
Нағылатын шараң бар?
Бес намазды оқыңыз,
Көнілге иман тоқыңыз,
Рузаны һәм тұтыңыз,
Дініңді таза күтіңіз,
Малдан закет беріңіз,
Шаригат іске көніңіз,
Байлар Мекке барыңыз,
Насихатым алышыңыз,
Опасы жоқ дүниеде
Парыз өтеп қалыңыз.
Ұғылыңың кескен сұннетін,
Қызыңың неках **,
Моллага оқыт жаңылмай.
Өлгеннен соң қалады

Осы күнің табылмай.
Шаригат ісін сұраңыз
Білетұғын молладан
Білмеймін деп аңғармай.
«Бисмилла» деген әуелден
Мұсылманның панаы.
Жерге пана дегениң
Алтайдың құнгей саласы.
Кеңес еткен жел сөзді
Керейдің Ақат баласы.
Мекенді жерім өр Алтай
Бұрылтоғай Өлеңкер*
Салбұрты Сауыр даласы.
Ертістің басы Қара Дің
Тамаша қылып қарадым.
Қайырты, Құсты, Қаранұр
Жайлау қылып жинадым.
Қысылып кетіп аз Керей
Алтайға кіріп тарадым.
Қобданың жері тас еді.
Кеноттың жақын қасы еді.
Бұрылтоғай өзеннің
Бұлғын Шіңгіл басы еді.
Алтай тауы бел еken.
Өлеңкер* бойы көл еken.
Қобда беті Делуін
Ұлан, Госун*, Тұлбе* көл
Бәрі де Қобда жері eken.
Онаң әрі көп кәпір
Еженке* тарап ел eken.
Қорымты мен Бала Ертіс,
Жаманаты мен Қара Ертіс.
Алтайдан тәмен тараган
Аяғы мекен Даala Ертіс.
Ала айғырмен Арасан
Бәрінде айтып санасам
Фаріп Ақат сайраған.
Саянда өскен балапан
Сұбіті, Құрті даласы
Бұлагына тарасам
Коқтогай тұрғын мекенім.

Қарасенгір, Арғытай.
Өр жағына қарасам
Тұманды Ертіс қаранды
Алтайға Керей құралды
Бұйыршын Қара Ертісте
Азгана Керей ұранды.
Жайлауы – Жолты Азубай
Тындаңыздар назымды-ай.
Ақсала мен Үшшілік*
Олар да қалмас жазылмай.
Әрмекті* бел еді.
Алтайдың асу жері еді.
Арғы беті Қобдалық
Дайын* деген көл еді.
Қобда сұы аяғы
Ондағы елдің жайлауын
Жыланды Қ.....н** дер еді.
Мөңке, Қойлық жайлауы
Мағзұм хазірет тұрағы.
Сүмза айрықтың аралы,
Қабаның жеті бұлағы.
Онан әрі Ақжайлау
Арырақ барған жырағы.
Қабаның басы жетеу деп
Біз гаріпің жылады
Һәр тараптан құлағы.
Ашылы* Құрті дала екен.
Бұйыршын ағаш тал екен.
Шымыр*, Шекмен*, Сапсоке*
Қожырты* Шұнқыр*, Калотан*
Деген жері бар екен.
Ертісте өзен аяғы
Халыққа мағлұм баяғы
Алқабек пен Білезік
Еженке тарап жер екен.
Онан әрі барғанда
Ақ патшаның елі екен.
Бұрылтоғай аяғы
Өлеңкер * көне көл екен.
Сауыр Құбық* дегенің
Қонысы тауір жер екен.

Онан әрі барғанда
Жайыр* жері қараған
Тарбагатай дер екен.
Қобы деген құм екен.
Панасты жоқ сүм екен.
Онан әрі көз салсам
Боғдо тауы тұр екен.
Бауры Шонжы Манасты
Үрімжі қатар жанасты.
Турфан, Құмыл, Улы* Кшин*
Бәрі Еженкеге* қаасты.
Арманты* Құтыш* жоғарғы
Куарып шәбі жоғалды.
Қарама бұл қу тақыр
Қысқы маға обалды.
Сарытоғай қыстау даламыз
Жылында көшіп барамыз.
Жапсар, Төлек, Қарбулақ
Қора, Күрші, Шауқарды
Қазаға тағы саламыз.
Айта берсек бітер ме
Көкіректегі санамыз.
Көгедай, Ажы, Қожамжар
Бұрын да елге панамыз.
Олар келіп кеткен-ді.
Опасыздан өткен-ді.
Женісхан Жәнгір орнында
Керейге хакім еткен-ді.
Жұртбай ғаділ болған-ды.
Төрт би деген қозғанды*
Көкен, Туфан, Құльбек,
Бір еді оның Бисембі
Шын аруақ қонғанды.
Жуанған мұақы би ол еді.
Мұрындық би боп жүр еді.
Шежіре туған мәмилер
Төрт орынның бірі еді.
Тарақай менен Жылқышы
Байбосын. Майты дүр еді.
Өміртай, Оспан. Байғазының
Төрт үрігымен жүр еді.

Ендігі бидің көбінің
Іші толған кір еді.
Майырбек жатыр Жайүрде*.
Тыныш жатпайды айында*.
Меркіт Жаке Сауырда
Мекен етіп занынша*.
Жатыр екен жайында*.
Өстіл Керей тарадың
Бір кәпірге қарадың.
Әңгіме қылып агалар
Алдыңа келіп жинадым.
Мұсылманның әл кетті
Мына кәпір алғалы.
Тұйыққа келіп қамалдың
Мекен етіп қалғалы.
Өсіп кәпір көбейді
Жерге дуан салғалы.
Хаттап алды басынды
Есебінді алғалы.
Басынды хаттап, малынды
Патшалыққа салғалы.
Оған қылар шара жоқ
Бұхарға жетіп өлмедік
Деген болар арманы.
Арман емей немене
Өткен дәурен келе ме?
Сақтасын жеке қайғыдан
Бұл уайым агалар.
Көппен көрген сұлама
Талапты туган жігіттер
Мұндайды ести ала ма.
Ойлаганмен не келер
Патша Құдай дем берер.
Зар еніреген гаріп бас
Бұжаннан не көрер.
Күні бітсе заманым
Бір күн етіп жөнелер.
Бұл дүниенің мысалы
Ұшып жүрген құспен тен.
Ғұмыр корген мысалын
Үйкүнда көрген түспен тен.

Атадан мирас ақылың,
Көңілге дұрыс макұлың,
Ләзім болған іспен тең.
Жаманнан көрген қорлығың,
Жуаннан көрген зорлығың,
Мен ойласам жаранлар
Кәпірден көрген күшпен тең.
Ғазал сөйлеп жыр еткен,
Есіткенді мұн еткен
Fapіп Ақат ағалар.
Қадірін білер досты жоқ
Қапастағы құспен тең.
Тұысқаның көп болса,
Бірлігі оның бек болса,
Жамандық ісі кез келсе
Біріне-бірі сеп болса,
Оның өзі, жаранлар
Бүтін тұрған босамай
Отыз екі тіспен тең.
Айдынды жақсы аймен тең.
Жомарт жігіт баймен тең.
Шежіре жігіт дүрмен тең.
Иманды көніл нұрмен тең.
Тұзік жолдан адассаң
Жамандық іске жанассаң
Ол ғұмырын ағалар
Адасып жүрген қүмен тең.
Нәсілі жөн..к** адамдар,
Іс бітірмес жамандар,
Жұз де болса бірмен тең.
Жақсыны жалғыз деменіз,
Хақын оның жемеңіз,
Жеке басы жақсының,
Бір де болса мыңмен тең.
Өнер алды қызыл тіл,
Мынау істі жақсы біл,
Опасы жоқ дүниенің
Қызығы бар, қызыл гүл.
Гүл секілді көнілім
Оңгіме жазған шын гүлім.
Бере көрме жасаган

Жігіттіктің өлімін.
Өлім берме жасымда
Не күнә жоқ басымда.
Күнәмді Тәнірім кешірсін,
Дәлтерімнен өшірсін.
Не күнәдан қайтпаған*
Фаріп басым тегінде
Faқылың жоқ есерсін.
Мұхамед нәби пайғамбар
Оларға үммет көп жандар
Біздер түгіл қалған жоқ
Оған серік шаһариар,
Он екі имам, төрт мазһап,
Имам Шафих Мәлік Ахмад,
Имам Ағзам мұслимин*
Артықша дейді мадхалаб*
Тағым алған олардан.
Табиғин бірлән разуанлар*
Көрмесем де естідім.
Откен екен көп жандар
Опа таптай кетіпті
Неше әулие имамдар.
Онан бері тараған
Неше ғаділ төрелер,
Ата менен енелер.
Мен ойласам пенденің
Ғұмыры өтіп жөнелер.
Бәрі де шіріп күл болған
Абзал алтын денелер.
Жан өлімге жеткенде,
Есімен ғаһыл кеткенде,
Пенде шіркін не көрер.
Бар қызығың жаранлар
Аз күн ғұмыр көргенің.
Қаза жетсе бір күні
Газиз жанды бергенің.
Опасы жоқ дүниеде
Ойлағанда жаранлар
Құлшылық үшін келгенің.
Желдей отер күніміз
Неге сокнас дійіміз.

Қой көнілім, тәубе қыл
Бес ауыз сөз айттым деп
Асылық қылма тіліміз.
Ақ қағазға көзім сап
Білгенімше жаздым хат.
Бастырар деп үміт еттім
Ыбырайхандай асыл зат.
Мұны жаздым бір күні
Үш жүз он үш бү жылы.
Атым Ақат Өр Керей
Қарымсақ байдың ұғылы.
Қалам болды қауырсын.
Ыбырайханның бұлбұлы
Атын Ақат демесең
Өз заңынша гаріпің
Өр Керейдің дүлдүлі.
Екі қисса мен жазып
Баспашиға арнадым.
Бастырар деп Ыбырайхан
Иншалла фарладым*.
Қаламымды жүгіртіп
Орақ-сорақ қарамадым.
Асығыс болып заманым
Көп бәйітті сала алмадым.
Құдай үшін басылса
Мағлұм қылып жарладым.
Қолға алдым қаламды
Үлгі қылдым заманды.
Файып* етпе жаранлар
Жиырма алты жасымда
Міне сөзім тәмәмды.

Жазылды Румияның 1894 жылында 7 ағуста тәмәм еттім.

А. Қарымсақов

Араб әрпінен көшірген З.Ижанов

Колжазба

27.05.2000 ж.

Мазмұны

Құнарлы топыракқа түскен дән	3
Ақ патша заманындағы қазақша	
іс қағаздарының бастауы	10
Алтынсарин – білікті зангер	19
Ыбырайдың кесімі	24
Өсиет	26
«Шоқынды», «крест такты», «әйкәпір» деп	33
Алтынсарин өмірінің кей сәттері.....	35
Абайдың қолтанбасы	39
Тағы да Абайдың қолтаңбасы туралы.....	39
Махаббатсыз – дүние бос емес, дос	46
Мұрағатта 100 жыл жатқан мұра	49
«Шын қазақ ұлы» – Орынтай Құрымбайұлы кім?	54
«Нәзипаның өлімі».....	57
Атадан қалған асыл ой.....	62
Қазақ басылымын қолдау туралы құжат	69
Жанайқай	71
«Ауыл тілі» газеті.....	72
«Маңғышлақ» журналын кім біледі?	74
Отыз бестің тағдырын кім біледі?	75
«Жаңа әдебиет» журналы.....	78
Тіл жұмған ауыз ішінде	79
Әліпби туралы мұрағат құжаттары не дейді?.....	81
Қаулылар не дейді?	89
Өлеңмен өрілген тарих	95
Құнды кітап кемшіліктен арылуы керек.....	112
Жазушы Мұхтар Әуезов ағартушы Ыбырай Алтынсаринді	
өсектен қалай қорғады?	117
Ахмет Баржақсының бағы ашыла ма?	123
«Исатай батыр» драмасын кім жазған?.....	130
«Исатай батыр» драмасының авторы.....	135
«Алматы» деп аталуы орынды әрі ережеге сәйкес	140
Петропавл атауы неліктен өзгермей қалды?	142
Отыз үйден құрылған аудан	146
Ескерусіз қалмаса екен	151
Мирзоян дөмбіра сыйлаған Нагима кім?	155

Қайдасындар, көсемнің тебіренбес жүргегін елжіреткен	164
өнерпаздар?.....	
Бір сурет, екі тағдыр	166
«Осы сурет өмірдегі Біржанга қатты ұқсайды...»	168
Ескерусіз қалған «Қазақстанға енбегі сіңген әртіс»	170
Ой өрнектері	175
«Ана тілі» газетінің үш сұрағына жауап.....	177
Архив бар жерде ақиқат бар.....	179
Архив – халықтың асыл қазынасы	192
Іздеу саламызы.....	197
Үлкен сызбага ариалған кітап немесе Ресей мемлекетінің	
ежелгі картасы	202
Тағы да хандар және сұлтандар туралы	206
Алдонғар қажы	217
Хас шебер Хасай	223
Красное озеро	226
Меценат – Захар Дубский	228
Кенсайдағы келенсіздіктер.....	230
Ғасыр дерті	235
Әр нәрсени өз атымен атаяйқ.....	246
Қайран Гибатолла!	248
Ақ тілек	252
Балалардың тілегі.....	256
Жалмауыз кемпір мен хан қызы	258
Саудагердің қызы мен Үкікөз молда.....	260
Оразбай ³⁵	267
 Қосымшалар	273
Нәзипаның өлімі немесе шайтан мен Құлғара сопы.....	274
Қисса Сейд Жағыпар Әулие Сұлтан Сейд.....	286
Ақат Алтай ғазалы	330

ИЖАНОВ ЗИЯДА

АСЫЛ ҚАЗЫНА

Құрастырушы: *Ижанова Дина*

Редакторы *Әміргалиева К.О.*

Компьютерде беттеген: *Ижанова Д.З.*

Мүқаба дизайнері *Бұлтырекова А.Т.*

Басуга 29.09.2015 ж. қол койылды. Формат 60×84¹/₁₆.

Баспа табагы 22. Шартты баспа табагы 20.5.

Есептік баспа табагы 16,7. Тапсырыс №3/59-15

Оффсеттік басылым. Тарапалмы 200 дана.

«Экономика» баспасы» ЖШС
050063, Алматы қаласы. Сайын көшесі, 81-үй.

|ISBN 978-601-225-835-6



9 78601 2258350

ҚЫСҚА ЖАЗБАЛАР ҮШІН

